ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР, СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «XVII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ, СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ «XVII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

ТОМ 2

ПАВЛОДАР
2017

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:
Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:
Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:
Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.Қ., Эрназаров Т.Я., Свидерский А.К., Каюмова М.С., Хан А.А., Шаймерден А.А.,

Жауапты хатшылар:
Абдалимова Ж.С., Айткенов З.Ш., Аманова Г.К., Вьюкова О.С., Ербол И., Жукенов М.К., Жуманбаева Р.О., Кажикенова Г.М., Калиева А.Б., Калимуллина К.Ж., Каниболоцкая Ю.М., Коспаков А.М., Мамытова С.Н., Марданова З.Ж., Молдабаева С.К., Мурат Г., Рахимов Е.К., Самсенова Г.С., Сартова Р.Б., Тогжигитова М., Токжигитова А.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017.

ISBN 978-601-238-701-8
Т. 2 «Оқушылар». – 2017. – 521 б.
ISBN 978-601-238-699-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-701-8 (Т. 2)
ISBN 978-601-238-699-8 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, с.ғ.д., А. Өрсариевтің алғы сөзі

Қымбатты қонақтар мен конференцияға қатысушылар!

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жыл сайын игі дәстүрден жаңылмай, «XVII Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы аясында жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының басын қосып келеді.

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мұраты: қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, аманат ету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің құдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он жетінші мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың із басарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашаңырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашанда дарынды да білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға асық.

Уважаемые участники конференции!

Поздравляю вас с открытием международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVII Сатпаевские чтения»!

Примечательно, что традиционно конференция проходит в стенах нашего вуза в канун дня науки.

Имя Каныша Имантаевича Сатпаева, великого казахского ученого, из года в год дает особый импульс для становления и развития наших молодых ученых, студентов, школьников. Это очень важно для нашего университета, ведь именно здесь сосредоточена региональная научная и творческая мысль нашего региона.

Ученый всегда ставил на главенствующее место, помимо, несомненно, науки, – нравственность, образование, культуру. Это те столпы, на которых основывается сейчас стратегия деятельности нашего государства. И наш университет самим фактом проведения подобных научных конференций показывает, что дело Сатпаева живет: все мы – организаторы, участники – вносим посильный вклад во многие аспекты, обозначенные в научной деятельности нашего земляка.

Самым упорным и целеустремленным из вас завтра предстоит стать продолжателями великого дела великого академика Каныша Сатпаева – дела, направленного на благо всего человечества.

Для многих этот день запомнится первой победой, а для кого-то – станет первой попыткой, «пробой пера», в будущей череде научных побед и открытий. Но одно то, что вы находитесь сейчас в этом торжественном зале, уже говорит о вас как о победителях!

Я твердо убежден в том, что в будущем вы пойдете по пути науки и просвещения.

Это тяжелый, но благородный путь, на котором я от всего сердца желаю вам удачи и настойчивости!

С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры, с.ғ.д. А. Өрсариев

2 Секция. Қазақ филологиясы
2 Секция. Казахская филология

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИЫР МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

АБДУМАЛИКОВ Ф. М.
9 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.
ШАРИПОВА Г. Б.
мұғалім, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.

Қазіргі тіл білімінде этномәдени тіл бірліктерін белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастыра отырып, оларды түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол өзінің кумулятивтік (сақтап – жеткізушілік) қасиетінің арқасында адам қолымен жасалған материалдық және рухани мәдениетті бола-шақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Осы тұрғыдан алғанда, ата-бабаларымыздың материалдық және рухани мәдениетінің айқын көрінісі, ретінде әйел қолөнерінің туындылары практика-лық та, эстетикалық та қызметті қатар атқарған.

Қолөнерінің қазақ мәдениетін қалыптастырудағы қызметі мен оның әлеуметтік-гендерлік табиғатын анықтау («еркектерге тән іс», «әйелдерге тән іс» деп бөлінетінін және соған қатысты атаулардың құрамын анықтау), сол арқылы қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен ролін айқындау бүгінгі күндері арнайы зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып отыр.

Ұлттық мәдениетімізді зерттеп-білуге зор мән беріліп отырған бүгінгі күнде мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға өз үлесін қоса алатындығы да жұмыстың өзектілігін айқындайтындығы күмән тудырмаса керек.

Мақаланың басты мақсаты – материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын бейнелейтін әйел қолөнеріне байланысты атаулардың, оларға қатысты ұғым-түсініктердің этнолингвистикалық табиғатын, олардың тілдік жүйедегі орнын, әйел қолөнерінің болмыс-бітімін ономасиологиялық жүйе негізінде анықтау. Бұл мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

– әйел қолөнеріне қатысы атауларды халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, түрлі сөздіктер мен түрлі саладағы зерттеу еңбектерінен жинақтау, жүйелеу;

– қазақ тіл біліміндегі жалпы қолөнер лексикасының зерттелу тарихы мен қазіргі бағыт-бағдарына шолу жасау;

– ұсынылатын тұжырымдар, зерттеу әдістері, теориялық және практикалық маңызы сипатталып, пайдаланылған тілдік дереккөздер, жұмыстың жариялануы туралы мәлімет беріледі.

Әйел қолөнерінде қолданылатын құрал-сайман және бұйым атаулары. Қазақ әйелдері тігу, тоқу, жүн дайындау, сырмақ сыру, киіз басу, т.б. жұмыстарды атқару үшін алдын ала сол іске қажетті құрал-жабдықтарын әзірлеп алады. Оларды атқаратын қызметіне, пайдаланатын ретіне қарай топтап көрсетуге болады.

Жүн сабауға тулақ және сабау қолданылған. Тулақ деп жылқы, сиыр, серке терілерінен жасалатын, жүн сабағанда оның астына төсейтін төсенішті айтады. Шебер әйелдер қолданған сабаудың екі түрі болған: тулақ сабау және шабақ сабау. Сабаудың тулақ сабау аталатын түрін жүннің іртігін тез жазуға пайдаланады, сондықтан ол сомдау әрі қарымды келеді. Ал жүнді шабақтауға арналған сабауды шабақ сабау деп атайды. Жалпы, сабаудың міндеті – сабалатын жүнді жерге төселген шидің үстіне көпіртіп тегіс жаю.

Жіп иіру құралы ұршық деп аталады. Ертеректе әрбір қазақ отбасында міндетті түрде бір-екі ұршықтан болған. Ұршық үш бөлшектен тұрады: ұршық басы, ұршық сабы, мұрындық. Ұршық басы – қатты ағаштан, ағаш безінен, түйенің ортан жілігінің айдар басынан, тастан қашап, кейде оған қорғасын құйып, ортасын жуандығы саусақтай ағашқа кигізуге болатын етіп тесіп жасаған, бөлшек. Ұршықтың әсем түрлерін қазақ әйелдері зергерлерге жасатып алған. Өткен тұрмыста ұршықтың күміс ұршық, қас тасы ұршығы, тас ұршық, құйма ұршық сияқты түрлері мен атаулары болған. Мұндай қымбат бағалы ұршықтар анасынан қызына, келініне мұра ретінде ауысып отырған.

Иірілген жіптерден кілем, алаша, қоржын, қап, т.б. тоқитын тоқу жабдығын өрмек деп атайды. Халық арасында қолданылатын өрмектің екі түрі бар. Оның біріншісін аспалы немесе термелі өрмек дейді. Ондай өрмекте кілем сияқты тұтас, енді заттар тоқылады. Өрмектің екінші түрі жай өрмек деп аталады. Жай өрмек арқылы шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты енсіз бұйымдар тоқылады . Тілімізде сақталған өрмек бөлшектерінің мынадай атаулары бар: қазық (өрмек өрісінің қазықтары, қазық ағаш), арқау шөлмегі жүгіртпе (екі басының кішірек ашасы бар, ұзындығы 20-30 сантиметрдей түзу таяқша), күзу шыбығы (қабатталған шиден, түзу тобылғыдан, сымнан жасалған шыбық

(күзу – өрмектің үстіңгі жіптерін тізіп шалып қоятын ширақ пісірілген, ыспаланған жіп), адарғы (өрмектің астыңғы жібі мен үстіңгі жібін бөліп тұратын, жіптерді аударып түсіріп отыратын тақтай, аспап), арқалық (ұзындығы бір метрдей болатын, диаметрі үш сантиметр шамасындағы өрмек тоқуда қолданылатын таяқ), есептаяқ (адарғының алдында тұратын, бой жіптерді санап, байлап қоятын таяқ, ол ел ішінде серу ағаш, серу жіп, кергіш сабау деп түрлі-түрлі атала береді), қылыш (жүзі қылыш сияқты жұқартып жонылған, ортасы дөңестеу келген, өрмектің арқауын соғып, тығыздап отыру үшін қолданылатын, ені 12-15 сантиметрдей көлемдегі ағаш құрал), көтерме мосы (үш ағаштың басын біріктіріп жасаған өрмек бөлшегі), белағаш (керілген жіп желісін күзу арқылы байланыстырып тұратын көлденең ағаш), т.б.

Әйел қолөнеріне байланысты бұйым атаулары. Әйел қолынан тері, жүн, мата сияқты материалдардан жасалатын тұрмыстық яки сәндік бұйым түрлері сан алуан.

Теріден жасалатын бұйым атаулары: тулақ, кебежекап, тізекап, т.б.

Күнделікті тіршілікте жиі қолданылған тұрмыстық бұйымдардың бірі – тулақ. Тулақ деп кей жерде көбінесе тайдың терісін шикідей керіп кептірген төсенішті айтады. Сондықтан оны тайтері деп те атай береді. Терінің майын алған соң, оны тегіс жерге, тақтайға керіп, шегелеп тастайды. Көлеңкеде кептіріп алған соң оның үстіне бөстек, көрпе, жержастық аталатын бұйымдарды салып, төсеніш ретінде пайдаланады.

Тулаққа байланысты қалыптасқан дәстүр бойынша ертеректе күйеу жігіт қайын жұртына алғаш келгенде, оны босағаға тулақ төсеп отырғызады екен. Күйеу жігіттің қайынатасының төріне шығып отыруына қақысы болмаған, яғни, бұл күйеу жігітке қойылатын тыйымның бірі. Ел іші болған соң түрлі оқиғалар болып тұрады. Сондай оқиғалардың біріне қатысты «...атаңның төрі тұрмақ көріне кірерсің» деген сөз қалған. Осыған байланысты ел ішінде сақталған мынадай бір аңыз әңгіме бар. Ертеде бір жас жігіт қайынатасының үйіне келгенде, жеңгелері күйеудің астына тулақ төсеп отырғызып қойыпты. Сол үйдің үлкен қабаған иті бар екен, бөтен адамды көріп қалып, арс етіп үріп қалғанда, күйеу жігіт шошып кетіп, төрден бірақ шығыпты. Жеңгелері бетін шымшып: «Масқара-ай, күйеу жігіт атамның төріне шығып кетті ғой», – дегенде, ол есік жақтағы төбетті қолымен нұсқап: «Апандай бәлекет арс етіп ұмтылса, атаңның төрі тұрмақ, көріне кірерсің», – деген екен.

Теріден жасалған бұйым түрлері көп болған, соған орай қалыптасқан атаулар да мол: тайжақы, тон, ішік, тізеқап, шалбар, желетке, кеудеше, жеңсе, алшалғы, тымақ, құлақшын, бөрік, алдаспан бауы, айыл, ноқта, жүген, адырна, бау, баулық, белдік, божы, желдік, желкелік, тебінгі, т.б.

Тоқыма бұйым атаулары. Тоқымашылық о бастан-ақ әйелдерге тән кәсіп, өнер түрі болып қалыптасқан. Ол алғаш әйелдердің өсімдіктер мен жүннен тұрпайы киім тоқуынан басталған.

Күні бүгінге дейін тұрмыста алаша, құр, шекпен, кілем тәрізді тоқыма бұйымның көптеген үлгілері кездеседі.

Мақтадан тоқылған маталар бөз, боз, тор, шыт деп аталған. Мал жүнінен де иіріп, жүн маталар тоқылған. Ал жібек маталар Қытай мен Самарқаннан, Ферғанадан тарады.

Алаша деп әртүрлі жіптен өрмек арқылы арқау салып жолақтап тоқылған, көбінесе жерге төсейтін тақыр кілем, төсеніш түрін айтады. Оның түрлері: әрекет жүн алаша – жүннен тоқылған алаша, кілем шалша – ою-өрнек салып тоқылған алаша, қарала – алашаның жергілікті атауы, терме алаша терулі алаша – әшекейлеп, өрнек салып тоқыған алаша, мақта алаша – мақта жібінен тоқылған алаша, т.б.

Киіз үй бөлшектерін байлап бекіту үшін және сәндік мақсатпен өрмекпен тоқылған енсіз, ұзын тоқымаларды құр деп айтады. Оның бір түрі – басқұр – уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып тартатын әрі сән беріп тұратын, өрнекті, жалпақтау құр. Дөдеге құр – дөдегенің сыртынан оралатын құр түрі, құрбау – киіз есіктің екі иін бауы, аяққұр – туырлықтың етегін бастырып тартатын құр, тең құр – тең бууға арналған құр, т.б. Бұлардан өзге құрдан жасалған заттар құр белбеу, құр дорба, құр басжіп, құр аяққап, құр қоржын, құр алаша, т.б. деп аталады.

Шекпен тоқу әр аймақта да кездесіп отырған. Шекпеннің қазақ арасындағы атаулары: түйе жүн шекпен, биязы шекпен, таңдай шекпен, қой жүні шекпен, шидем шекпен, су шекпен, бояулы шекпен, шым шекпен, түбіт шекпен, ала шекпен, ақ шекпен, әр шекпен, қара шекпен, т.б.

Ерте заманнан бері қазақ тұрмысында мықтап орын алған, бүгінгі күнде де маңызын жоймаған, өте тығыз тоқылатын, өте төзімді, ұзақ уақыт сақталатын бағалы үй бұйымдарының бірі – кілем деп аталатыны белгілі. Ертеде кілемді жерге төсеумен бірге туырлық пен үзіктің орнына да жапқан, әрі сән үшін, әрі жылылық үшін керегенің ішінен де тұтылған. Халық арасындағы «Үй жасауы – кілем» деген сөздің өзі-ақ оның қазақ тұрмысында қаншалықты орын алғанын көрсетеді. Кілемді алтын, күміс бұйымдармен бірге байлықтың, баршылықтың белгісі деп санаған. Кілем қыз жасауының елеулі құрамына кірген; сыйлы қонақтарға арнап кілем төсеу, кілем төсеп қарсы алу, көшіп-қонғанда салтанаттыққа түйеге кілем жабу сияқты дәстүрлермен бірге оны құн төлеуге, сый-сияпат жасауға да пайдаланған. Кілем тоқу – қай халықта да ерекше орын алған кәсіп. Қазақ тұрмысында өрмек тоқумен айналысатын қыз-келіншектер, әйелдер арасынан кілем тоқуды кәсіп еткен шеберлер шыққан. Оларды кілемші деп арнайы бөліп атайды.

Қазақ арасына кілем тоқудың кең тарағанын және әр жерде әртүрлі мәнермен тоқылатынын төмендегі атаулардан байқауға болады. Масаты кілем, тақыр кілем, арабы кілем, алаша кілем, түс кілем, хан кілемі, шешенгүл кілем, шатыргүл кілем, самаурынгүл кілем, т.б.

Қазақ жерінің әртүрлі өңірінде түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке, қамыс тектес ши деп аталатын өсімдіктен тоқылған бұйым да ши деп айтылады. Ши тоқу өнері қазақтарға, қырғыздарға, түрікмендерге, қарақалпақтарға, т.б. халықтарға көне заманнан бері белгілі болған. Шиді жүнмен орап, оны өрнектеп тоқып, керегенің сыртына тұтуға, үй ішіндегі аяқ-табақ, ошақ басын қоршап, көлегейлеп қоюға, киіз үйдің есігіне ұстауға, құрт жайып кептіруге, киіз басу жұмыстарына, киізді ылғалдан сақтау үшін жерге төсеуге, тары сүзу үшін шыпта жасауға пайдаланған. Шидің түрлеріне байланысты мынадай атаулар кездеседі: ақ ши – қабығынан аршылған ақ шидің жүн оралмай, ою-өрнексіз тоқылған түрі, шым ши шидің түрлі түсті жүн орау арқылы өрнектеп тоқылған түрі (жергілікті тілде шымырау ши), орама ши ораулы ши – өнебойына тұтастай емес, әр жерінен аралатып жүн оралған ши, шидек – құрт жаятын кішкене ши, терме ши – шым ши, өреше – киіз үйдегі ас-су тұратын жерді қоршап қойған ши, дүзтеру ши – қошқар мүйіз өрнегімен жүн орап тоқылған ши, т.б.жіп.

Тілдік жүйедегі әйел қолөнеріне байланысты атауларды олардың қолөнеріне байланысты атаулардың таңбалануы ақиқат өмірмен байланысты ономасиологиялық зерттеуді қажет етсе, ол атаулардың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Сондықтан әйел қолөнеріне байланысты ашуда этнолингвистикалық зерттеу мен ономасиологиялық талдауды ұштастыра жүргізудің маңызы ерекше болмақ.

Әйел қолөнеріне байланысты атаулар қазақ әйелдерінің саналы шығармашылық еңбегінің, эстетикалық талғамының деңгейін және табиғатты игеру тәжірибесінің, рухани танымының жетістігін көрсетеді.

Әйел қолөнеріне қатысты бұйымдардың құрылымы мен олардың бөлшектерінің қарастырылуы қазақ әйелінің қазақ тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік ролін айқындап, оларды ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде санауға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – 18-22 бб.

2 Өмірзақов Т. Мал түгіне қалыптасқан этнографизмдер // Қазақ тілі тарих лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым. – 1988.

3 Медеубеков К.У., Сарбасов Т.И. Қой шаруашылығы өнімдерін өңді. – Алматы – 1980.

4 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан. – 1969.

5 Сқаққызы Ә. Сырмақ өнері. Алматы: Алматы кітап. – 2007. – 232 б.

6 Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы: Қазақстан. – 1997. – 96 б.

7 Әйел қолөнерінде қолданылатын материал атаулары.

8 ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2008.– №3(169). – 77-81 бб.

М. ӘЛІМБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

АБИШЕВА А.
10 «А» сынып оқушысы, «№ 17 ЖОБСОБМі» ММ, Павлодар қ.
НИЯЗБЕКОВА Г. М.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «№ 17 ЖОБСОБМі» ММ, Павлодар қ.

Сіздердің назарларыңызға «М. Әлімбаевтың шығармашылығы» тақырыбындағы ғылыми жобамызды ұсынып отырмыз.

Қазақ әдебиетінде ақын, жазушы, зерттеушілер туралы жазылған еңбектер өте көп. Дегенмен, сол мол әдебиет ішінде қазақ әдебиетінің белгілі ақыны, зерттеуші, аудармашы М. Әлімбаев шығармашылығы туралы зерттеулер жоқтың қасы. Пікір-лебіз білдірген жекелеген санаулы мақалалар, зерттеу еңбектеріндегі ізденістер болмаса, ауыз толтырып айтарлық еңбек жоқ деуге болады. Мысалы: проф. М. Серғалиев, З. Қабдолов, Өтепберген Ақыпбекұлы т.б санаулы пікірлері мен ізденістері бар.

М. Әлімбаевтың әдебиетте алатын өз орны бар талант иесі. Ол тек бір жанрда ғана емес, әдебиеттің әр жанрында қалам тербеген ақын, ізденуші. ұлттың ұлттығы үшін жазған еңбегінің әдебиеттен өз бағасын алуы орынды. Осы тұрғыдан келгенде, «М. Әлімбаев шығармашылығы» тақырыбы бүгінгі күн мәселесінде тұрған көкейкесті тақырып деп айта аламыз.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – қазақтың айтулы ақыны әрі жан-жақты талант иесі, Павлодар өңірінің тумасы, зор тұлға М. Әлімбаев шығармашылығын әдебиет сүйер қауымға жан-жақты таныту. Осы мақсатқа жету жолында мынадай міндеттер көзделді:

М. Әлімбаев шығармашылығына қысқаша шолу жасау;

Оның шығармаларын, ізденістерін жан-жақты қарастыру:

– өлеңдерін, балаларға арналған туындыларын, әдеби зерттеулерін, эссе-естеліктерін, мақал-мәтел, қанатты сөздерін.

– ақын өлеңдерінің тақырып аясы мен ақындық шеберлігін саралау;

– М.Әлімбаев естеліктерінің маңызы мен әдебиетте алатын орнын бағамдау;

– Қанатты сөздеріндегі дәстүр және жаңашылдық мәселесіне назар аудару.

Қазақтың талантты ақыны, эссеист, халық мақал-мәтелдерін жинаушы әрі шығарушы, аудармашы М. Әлімбаев туралы жазылған мақала, жекелеген ізденістер болмаса, арнайы жазылған еңбек жоқтың қасы. Осы тұрғыдан келгенде ақын М. Әлімбаев шығармашылығын тұтастай алып зерттеу, шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне сай қарастыру, оның туындыларындағы автордың шеберлігін, көзқарасын таныту және сол арқылы қазақ әдебиетінде алатын орнын анықтау – жұмыстың басты жаңалығы болып табылады.

Бірінші бөлім М. Әлімбаевтің поэзиясына арналған. Ақын өлеңдерінің тақырыбы әр алуан. Түрлі тақырыпта еркін, көсіле жырлайтын ақын табиғат тақырыбынан да алшақ кетпейді. Көркем жердің бірі – Көкшетау болса, ақын оның керемет табиғатын өлеңге қосады. Оның Көкше табиғатына арнаған бір топ өлеңдерінің әрқайсысы – бір-бір өрнек.

Ақын әдемі деген сөзді айтпайды, оны таңдану арқылы, лирикалық «кейіпкердің» сезімі арқылы танытады. Ұлттық өрнекке құрылған «Дуалға жайып қойған алашадай» тармағымен оқырман алашаның қандай түрлі-түсті екенін елестете отырып, орманның да сондай көрінісін елестетеді. Бұл – ақын шеберлігі.

Ақын М. Әлімбаев кейде жырау, билерше де толғап кетеді. «Дүниеде не ғаріп?» деп сауал қоя отырып, оған өзі жауап береді:

Дүниеде не ғаріп?
Жұт жайлаған жер – ғаріп,
Жат жайлаған ел – ғаріп,
Дерт жайлаған ер – ғаріп,
Ақ шел басқан көз – ғаріп,
Дарымаған сөз – ғаріп.

Автор ғаріп, яғни жетімді нақты атап, Бұхар жырауша толғанады. Оның ойынша, көзді шел басса, айтылған сөз иесін таппаса, елді бөтен билесе, жерді жұт жайласа – жетімдік сол.

Ақын тек табиғат, махаббат, көңіл-күй т.б лирикаларымен шектелмейді. Ол тарихқа терең барлай отырып, мұсылмандық жолды оқырмандарына тантуды көздейді. Мысалы: «Ұлылардың ұлағаты» өлеңінде Әз Жәнібектің бес уақыт намазын қаза жібермегендігін, Бұхар жырау да намазға жығылғандығын айта келіп, риторикалық сауалдар арқылы оқырманына ой салады: Зынданға молданы хан жаптырды ма?

Қажыны, қазіретті аттырды ма?

Жендетке жайнамазды таптатты ма?

Мешіттің айын отқа жақтырды ма?

Автор шеберлігі сол – ол оқырманды тарихқа үңілте отырып, толғандырады. Тарихты оқырманның бірі білсе, бірі біле бермейді. Сол себепті оқырман ойында сөзі, бойында ұлағаты қалары сөзсіз.

Қалай десек те, қанша жазса да, М. Әлімбаев ақын ретінде халқы мойындаған, қазақтың үлкен, танымал да талантты ақыны. Ол – сан қырлы талант иесі. Оның қаламынан туған әр жанрдағы туындыларын оқырман жылы қабылдап отырады.

Ақын М. Әлімбаевтың өлеңдерімен қатар жұмбақ-өлеңдері де мол. Шағын да ұйқасқа құрылған, құлаққа жағымды, тілге жеңіл, орамды болып келетін жұмбақ-өлеңдер қай бүлдіршіннің болса да назарын аудармай қоймайды. Мысалы:

1) Түр-түсі шұбар.
Тіс түбінде у бар,
Жүрген жері лаң
Бұ не? – (жылан)

М. Әлімбаев шығармаларының ішінде балаларға арналған бір топ өтірік өлеңдері бар. Бұлар да – бүлдіршіндердің ойын ұштап, тілін дамытуға ерекше ықпал ететін шығармашылық түрі. Бұл өтірік өлеңдер арқылы да автордың шеберлігі танылады. Мысалы:

Үш тышқан,
Түс-тұстан аңдады:
Піл байғұс зәресі қалмады.
Теректің өрмелеп басына,
Түсе алмай, ұзақ күн зарлады...

М. Әлімбаевтың балаларға арнаған базарлығының бірі – жаңылтпаштар. Жаңылтпаштардың бала тілін ұштай түсетіні белгілі. Мұндағы мақсат – жаңылдыру емес, жаттықтыру. Мысалы:

Шеше! Неше кесе сынды кеше.

Ақын балаларға арнап өлеңнін көптеген түрлерін жазған. Халық ойынының ізімен «Ұшты-ұшты» деген ойынды ұйқасқа құрып, өлеңге қосқан. Сол тәріздес оқырманның ойлау дағдысын жетілдіру, іздендіру мақсатында «Адасқан әріптер» деген ойын-өлеңін жазған. Бұлардан басқа да автордың жас бүлдіршіндерге арнап жазған метаграммалары қаншама.

«М. Әлімбаев – әдебиет зерттеушісі» деп аталатын тараушада ақынның әдеби зерттеулеріне назар аударлық. М. Әлімбаев ізденістерінің бірі – Мағжантану болып табылады. Осы жолда ол өзінің Мағжан поэзиясы туралы ойларын ортаға салып, терең зерттейді. Оның 1925 ж. Астраханьда жазылған «Еділде» деген өлеңін талдайды. Сол тәрізді зерттеуші Мағжанның «Батыр Баян», «Қорқыт ата», «Қойлыбайдың қобызы» да жарыста туған туындылар екендігін, сонымен қатар классик ақынның өз әдеби мектебі бар екенін де ашық айтады. Ол Мағжан әсерін ақын Қ. Аманжолов творчествосынан көреді. Зерттеуші Мағжан поэзиясына әсер еткен татар әдебиеті екенін де атап көрсетеді: «Мағжанның «Тірілдім» өлеңіндегі «Ол жылады, мен де бірге жыладым, // Өкси-өкси: «Сүй ғана!»-деп сұрадым» қолданысын татар тілі болмысынан ауысқан тіркес дейді, себебі қазақ «Сүй ғана!» демес еді деген ойын айтады. Мағжанның тілімізге өзге тілдерден сөз-атаулар енгізуге келгенде де тартынбайтындығын мысал арқылы көрсетеді».

М. Әлімбаев зерттеулері негізінен қазақтың ақын-жазушыларының шығармашылықтарына арналған. Ақын аса зор мән берген тұлға әрі ақын – Қ. Бекхожин шығармашылығы. Автор сонымен қатар Қ. Бекхожиннің тіл жанашыры екенін баса көрсетеді. Оның тіл тазалығына аса мән беріп, бейнелілігін безендіруге құштар

екендігін атап көрсетеді. Оның өзіндік сөз қолданыстарын мысалдар арқылы танытады. Қ. Бекхожиннің аударма саласындағы бағалы да кесек еңбегі – шығыстың ұлы ақыны Низамидің «Жеті ару» атты көлемді поэмасын қазақ тіліне толық күйінде аударып шыққанын зор еңбек, өнеге, ғибрат деп бағалайды.

Зерттеуші М. Әлімбаев қазақтың ірі ақындарының бірі Ж. Молдағалиев ақындығына қатысты «Жұбанның жыр жиһаны» атты зерттеу жазған. Автор Ж. Молдағалиевтің ақындық өсу жолын сипаттап, өлеңдерінің тақырып аясы мен көркемдігіне, тіл бейнелілігіне тоқталады. Оның жырларында қанатты сөздердің мол кездесетінін айтып, бірнеше мысал келтіреді.

Қазақ әдебиетінде асқақ орны бар ақындардың бірі – О. Сүлейменов туралы да М. Әлімбаев өз ойларын білдіріп, ізденістерге барған. Оны тек ақын ғана емес, публицист, кинодраматург, зерттеуші-ғалым, қоғам қайраткері, жиырма шақты кітаптардың авторы деп бағалайды. Оның «Арғымақтар» және «Адамға табын, жер, енді» атты жинақтарының жазылу және жариялану тарихымен таныстыра отырып, оның өлең-жырларынан Қазтуған мен Шалкиіздің жыраулық екпіні, Асан қайғы мен Қаздауысты Қазыбектің ділмарлық сарыны, Махамбеттің адуын тегеурінділігі мен Абайдың кемеңгер ақылмандылығының лебі есетінін көрсетеді.

«Азия» еңбегінің қанша қиындықты басынан өткізіп барып, 200 мың дана болып қайта басылуы – рухани өмірдегі елеулі оқиға деп баға береді.

«М. Әлімбаевтың көңіл күнделігінен» деген тараушада автордың қазақ әдебиетінде кешеңдеп дамып келе жатқан естелік жазу дәстүрінің өрісіне өзіндік үлес қосып келе жатқанын танытуға тырыстық. Бұл туралы автордың өзі: «Естелік жазу дегеніміз елдің басынан өткендерді, ердің басынан кешкендерді бүгінгінің ой-парасатымен желпіп, ояту. Естелік – өткеннің елуге татырлық өнегелерін бүгінгілерге де, ертеңгілерге де тартулап, тағылым ұсыну... Естелік жанрына мен жазушы ретінде қалыптасып, моральдық құқыққа ие болған тұсымда ғана араластым білем. Оның естеліктері жай ауыздан шыққан, еске түсе салғанды тізбектей жаза салған нәрселер емес. Автордың әр жазғаны оқырманды ойлантып, толғантып отырады. Бұның тарихи, әдеби, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор.

Ақын М. Әлімбаевтың әлеуметтік маңызды әдебиет тізіміне енгізілген, 2002 ж. жарық көрген кітабы – «Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның». Бұл кітаптағы естеліктерден біраз құнды

материалдар алуға болады. Мұнда қазақтың біртуар перзенттері М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтпаев, І. Омаров т.б. әдебиет, ғылым, өнер қайраткерлері туралы естеліктері енген. М. Әуезовке арналған естелігінің өзі «Туа тұлпар мінген немесе қазақты ғаламға танытқан» деп аталады. Автор М. Әуезовпен қанша рет кездескенін, сол кездесу барысындағы байқағаны мен көргенін, алған әсерлерін ортаға салады. М. Әуезовтің ұлылығын қазақ қауымы түгіл, Мәскеудегі, көршілес елдегі зиялы қауымның мойындағанын естелік ретінде оқырманына ұсынады.

Келесі бір «Біртуар» деп атаған естелігін ақын Әлкей Марғұланға арнаған. Оның ғылымның әр саласында қалдырған істерін жоғары бағалай отырып, Ә. Марғұланның Шоқанды танытуын М. Әуезовтің Абайды танытуымен қатар қояды.

М. Әлімбаев қазақтың талай ұлы, ғалым, талантты адамдарына қатысты естеліктер жазған. Соның бір көрінісі – өнер адамы, кемел талант иесі, композитор Шәмші Қалдаяқов туралы «Жеті жетелік» деп аталатын естелік. Мұнда да автор құнды мәліметтер береді. Шәмші талантына М. Әуезовтің өзгеден бұрын назар аударғанын, «Өскен өркен» романындағы Ш. Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым» вальсіне байланысты эпизод қосқандығын, бір кездесуде Шәмші вальсінің мәнін арнайы ашып көрсеткенін атап өтеді.

Осы сияқты қазақ поэзиясының мұзбалақ ақыны М. Мақатаев туралы естеліктерде де ақын көзқарасы, ойы ғана емес, Мұқағали туралы мәлімет алуға да болады. Автор Мұқағалимен танысқан сәтінен бастап, араларындағы қарым-қатынас, көзқарас жайын танытады. Естелікте айтқандай, Мұқағалидің М. Әлімбаевқа «аға» демей, «старик» деуінің өзі жылы қарым-қатынасты байқатса, өлеңге келгенде М. Әлімбаевтың Мұқағалиға ақыл-кеңес беруі де ақынды дұрыс жолға сілтегендей әсер қалдырады. М. Әлімбаев естеліктері шағын, бос сөзден аулақ, айтайын деген ойын бір мысалмен-ақ танытып, жеткізіп отырады.

Үшінші «М. Әлімбаевтың қанатты сөздері, мақал-мәтелдері» деп аталатын тараушада М. Әлімбаевтың ақындық, жазушылық шеберлігінен туындаған шығармаларынан басқа жылдар бойы өмір тәжірибесінде ой-елегінен өткізіп, түйіндеген төл мәтелдері бар. Өзі ғана шығармай, халық жадындағы мақал-мәтелдерді де жылдар бойы жинаған ақын мақал-мәтел туралы: «Мақал-мәтел – халықтың моральдық кодексі, тәрбие қағидасы, атаның артындағы ізбасарына қалдырған өнегелі өсиеті. «Адамға өткен дәуір бәрі – сабақ». Ақын М. Әлімбаев тәрбиеге аса қатты көңіл бөлген. Ол қазақ

халық педагогикасының адамгершіл тәрбиеге үндесер, ескірмес қағидаларын ата-аналардың тәлім-тәрбиеде кәдеге жаратуын қалаған.Мысалы:

Ізет көрсетсең, іркілме. [1, 191 б.]

Біліктілік бесіктен басталады [1,192 б.].

Надан – нақұрыстан жаман [1, 194 б.].

М. Әлімбаев тудырған қанатты сөз, мақал-мәтел халық мақал-мәтелімен біте қайнасып, ұқсас болып келіп жататын тұстары көп. Тіпті олардың жігін де ажырату мүмкін емес сияқты көрінеді.

Жалпы, М. Әлімбаевтың үш жарым мыңнан астам қанатты сөздері бар. Ақын қаншама жылдар бойы ыждаһаттылықпен, ұқыптылықпен сүттің бетіндегі қаймағы тәрізді сөздің асыл маржанын жинаған. Оның тақырыптары да түрліше. Тәрбие мәселесіндегі мақал-мәтелдері қанша адамның ойын ұштап, дұрыс бағытқа жетелері сөзсіз.

Көрнекті қазақ ақыны М. Әлімбаев есімі әдебиет сүйер қауымға жақсы таныс. Ол әр түрлі жанрда түрлі көркем туындылар туғызғандықтан халық оны тек ақын ретінде танымайды. Алдымен М.Әлімбаевтың талантты ақын екені даусыз. Бұл жұмыста біз оның ақындығын танытуға бірінші тарауды арнадық. Әрине, бұған бір тарау тұрмақ, бір кітапты да арнауға болар еді, дегенмен жұмыстың көлемі көтермейтін болған соң санаулы туындыларын талдаумен ғана шектелдік. Оның тек лирикалық өлеңдерін емес, балаларға арналған туындыларын да Бірінші тарауда мүмкіндігнше кең қамтуға тырыстық.

Қорыта айтқанда, М. Әлімбаев кім десек, алдымен ол – ақын, мақал-мәтел шығарушы, жинаушы, эссе-естелік жазушы, эпик, әндерге сөз жазушы ақын, аудармашы, әдебиет зерттеушісі.

Сөз соңында айтарымыз:

Тұлғалы ақын – туған елдің мандаты:

Ел атынан сөйлеуге оның бар хақы!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Әлімбаев.Көңіл күні. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы. – 1971. – 195 б.

2 М. Әлімбаев. Шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Санат. – 1997. – 704 б.

3 М. Әлімбай. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Қазығұрт. – 2003. – 400 б.

4 М. Әлімбаев. Толқыннан толқын туады. – Алматы: Қазақ университеті. – 1992. 244 б.

5 М. Әлімбаев. Көзін көрдік жақсы менен жайсаңның. – Алматы: Қазақстан.– 2002. –216 б.

6 М. Әлімбаев.Көңіл күнделігі. Эсселер. – Алматы: Жалын. – 1996. – 286 б.

7 М. Әлімбаев. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан. – 1994. – 144 б.

8 М. Әлімбаев. Өмір. Өнер. Өнерпаз. – Алматы: Өнер. – 1990. – 459 б.

9 М. Әлімбаев. Ақ серек те көк серек. – Алматы: Жалын. – 1977. – 192 б.

10 Ақыпбекұлы Өтепберген. Мәйекті сөз, дәйекті сөз. // Егемен Қазақстан. 2006. – 24 қазан.

ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

АБИШЕВА К.
5 сынып оқушысы, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.
АБДУЛЛАЕВА Қ. М.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

Жұмбақ – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде кездеседі. Бұл жанрға Аристотель «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора» деп анықтама берген. Жұмбақ әдебиеттің ежелгі үлгілерінде кездесетіндіктен оны ғылымда «фольклорлық жанр», «халықтық поэзияның шағын түрі» деп атайды. Жұмбақтың о бастағы түп тамыры арғы, көне дәуір болғанымен, ол бергі замандарда да тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де өз қасиетін жойған жоқ. Қай кезді алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық ортасында бағалы болған.

Жұмбақтың басқа фольклорлық жанрлардан ерекшелігі – олар бір оқиғаны, шытырман жағдайды баяндап жатпайды. Басқа шағын жанрлар сияқты жұмбақта белгілі бір жүйемен дамып, шешілетін оқиға болмаса да, сюжеттік элементтер, оқиғаның ұшқыны, үзік-үзік эпизодтар, көрініс береді. «Жұмбақ еркін көсіліп жайылуды сүймейді, көп сөздікке бой ұрмай, ықшам, жинақы пішіледі. Жұмбақ бір затты не құбылысты нысана ете отырып, оны астарлап, бүкпелеп бейнелеуді, осы түспал бейнені тыңдаушыға табуды жүктейді» [1, 35 б.].

Сюжетті жанрларда, негізінен, кейіпкердің атын атап, мінезін айқындауға, қимыл-әрекет үстінде оның болмысын, ерекше қасиеттерін ашуды, даралауды мақсат ететіні белгілі. Ал жұмбақта олай емес, бір адамды, не жануарды ауызға алғанымен оның мінез-құлқын айқындауды, тағдырын баяндауды мойнына алмайды, тек оның қимыл-әрекетін, қасиетін, өзгеше белгісін елестететін штрих, детальді ғана дөп басады. Шағын деталь, кішкентай штрих тұспалдаған затты, не құбылысты бір қырынан суреттеп, көшірме бейнесін жасауға септігін тигізеді.

Жұмбақтың композициялық құрылымы, әдетте, екі бөлікті болып келеді. Оны қазақ дәстүрінде «жұмбақтың байлауы» және «жұмбақтың шешуі» деп атайды. Жұмбақтың екі бөлігі бір-бірімен тығыз байланысты. Кейде бір жұмбақтың екі одан да көп шешімі болуы мүмкін. Оны төмендегі мәтіндерден көруге болады:

Жатса – қояндай,
Тұрса – түйедей (Шымылдық).
Тұрса – түйедей,
Жатса – қояндай (Ер-тоқым) [1, 32 б.].

Мұндай болу себебі – жұмбақта тиек етілетін қасиет бірнеше заттың бойында болуы мүмкін. Ғалымдар бір жұмбақты адамдар тәжірибесі мен түсінігіне байланысты түрлі шешетінін, бұл шешімнің өзінше дұрыс болатынын айта келіп, бұл құбылысты көп мағыналы логика, өйткені бір ақиқаттың көп мағынасы болады деп пайымдайды [1, 32 б.].

Ғалым Ш. Керім халық ішіндегі жұмбақтардың келесі бір үлкен тобына әдейі екі шешімді жұмбақтарды жатқызады. «Екі ұшты шешімнің бірі – адам ауызға алып айтуы ұят, ерсі сөз болса, екіншісі – әдебиеттегідей болуы шарт» [1, 33 б.]. Біздің ойымызша, жұмбақтың мұндай түрі адамды ойландыру, адастыру, сарсаңға салу ниетімен айтылса керек. Мәселен, мына бір жұмбақтарға назар аударайық:

Күндіз салбырап тұрады,
Түнде тесік іздейді (Есіктің ілгешегі)
немесе,
Жалпағы жатыр,
Жіңішкесі жұмыс істеп жатыр (Оқтау мен тақтай) [1, 33 б.].

Әдетте, мұндай жұмбақтарды топ ортасында естігенде ең алдымен ерсі қимыл, адамның ұят саналатын жыныс мүшелері ойға келеді. Оның шешімін тапқанмен, айтуға көпшіліктен қысылады. Жұмбақ жасырушыға да керегі осы, себебі ол қарсыласын жеңуді

мақсат етеді. Қарсыласы шешімін айтудан бас тартса, оның басқа шешімі бар екенін хабарлайды. Мұндай жұмбақты естігенде ойынға қатысушылар бірден күледі, ал күлкі адамның көңілін көтереді. Демек, жұмбақтар адамдар арасында көңіл көтеру қызметін де атқарады.

«Жұмбақ өзге фольклорға қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты деректі сөз. Сол деректілікті сүйетіндіктен жұмбақ әр заттың жағдай, бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Сонда халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді. Мысалы, ауылдағы шаруаның қолына ұстайтын аспап-құралының ішінде жұмбақ етілмейтіні жоқ. Және неше саққа мінгізіп, неше алуан етіп жұмбақтайды... Адамның өзін жұмбақ еткенде де құр «адам» деп, кесек тұлғасын бірақ алып, айтып қоймайды. Оның бар денесін, бар мүше-мүсінін түгел санап, жеке-жеке жұмбақ етеді» [2, 141 б.]. Демек, жұмбақ топтап, жалпылап айтпайды. Жалқылап, саралап, тармақ-тармағына бөліп айтады.

Жұмбақ өзінің сөз қылған затын әр алуан түрде суреттейді. Мысалы, бірде көзге көрінген көрінісіне қарап сипаттаса, кейде сол нәрсенің құлаққа естілетін дыбысына қарай бейнелейді, кейде парлап айту, немесе қызметіне қарай сипаттау т.б. байқалады. Мұны төмендегіше бөліп көрсетуге болады:

1) Затты көзге көрінген көрінісіне қарап сипаттау:
Қараша тауым қаралы болды,
Бір жауса кетпейтұғын зәрлі болды – дегенде, бұл түске қарап сипатталған.

2) Затты құлаққа естілетін дыбысына қарай бейнелеу:
Әуеден күбі түсті,
Күбінің түбі түсті – дегені – күннің күркіреуін дыбыс белгісі арқылы сипаттап тұр.

3) Заты жақын нәрселерді парлап айту:
Біреудің бір ұлы бар және қызы,
Біледі ол екеуін дүние жүзі.
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,
Жүргенде білінбейді басқан ізі – деп, мұнда Күн мен Айды бейнелеп тұр.

4) Заттың неден істеліп, неден пайда болғанын айту:
Өз елімде шөп едім,
Желкілдеген боз едім.
Қолға түстім қиылдым,
Он жерімнен буылдым (Ши).

Түйіндесек, жұмбақтар «бірден нәрсені анықтай айтады, екінші – қайдан шыққанын, нәсілін айтады, үшінші – оның атқаратын міндетін айтады, болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, парлап бір-біріне жасайтын қарым-қатынасы арқылы суреттейді» [2, 144 б.].

Жұмбақта негізінен, мағыналары жақын ұғымдар салыстырылып айтылады. Қатар тұрған ұғымдардың бірі жасырылады да, ол екіншісіне баланады. Мәселен, иттің бөрібасар, салпаңқұлақ, майлы аяқ, құттөбет т.б. толып жатқан атаулары бар.

Үй артында шоңқайма,
Буы шығып тұрмай ма?
Салпаң құлақ келед деп,
Қорқа-қорқа тұрмай ма?

Көшпелі өмір салтымен күнелткен қазақ халқы ырыстың бірі деп итті санаған, оларға малын күзеттірген. Алғашқыда иттің атын ит деді ме, әлде сырт пішініне қарап салпаң құлақ деді ме, ол әрі қарай анықтауды қажет ететін дүние. Сонда жасырылған образдардың астарын тауып, яғни ғалым М. Әуезов айтқан, кілтін табу үшін, осы баламаның мағынасын анықтау керек. Сонда жұмбақ – жеке ұғымдардың синонимдерін таба білуге, яғни тілге жүйрік болуға даярлайтын халықтық әдіс. Нәрсенің сыртқы формасы жасырылады да, ішкі мәнін табуға әрекет жасалады.

Жұмбақтарда құбылыстың негізінен жанды-жансыздығы, адам не хайуан екендігі, кеңістіктегі орны мен мекені, ауыр не жеңіл қасиеттері нұсқалады. Алайда жұмбақтар өзі тұспалдаған заттың барлық қасиетін толық қамтып, тұтас кескіндей алмайды. Жасырушы байламның бес саусағындай білетін сан қасиеттермен ерекшеліктерінің ішінен өзі қажет, маңызды, мәнді дегенін таңдап алады. Осы тұста байлам мен образдың сәйкестігі, бірін-бірі ауыстыра алатындай үйлесімділігі, логикалық қисындығы, көркемдік сипаты ескеріледі. Жұмбақтар – таным құралы, бір құбылысты түрлендіре құбылту арқылы әр қырынан тануға болады.

Жұмбақта заттың түр-түсі, көлемі, қасиеті ауызға алынумен қатар, оның атқаратын қызметі немесе қимыл әрекеті тілге тиек етеледі. Мысалы, самаурын хақында жиырма бес жұмбақ бар. Осы жұмбақтардың үшеуінде түсінің сары екендігі, он төртінде су, тоғызында от айтылып, шешілуінің белгілері айқындала түседі. Самаурын туралы жұмбақтардағы: «Халықты айналдыра жинап алып, ол ердің бергеніне жұрт қанады», «Бір адамды қинайды, Көп адамды сыйлайды», «Үлкен – кіші жиналса, отырады қасында», «Ішіндегі қазынасы сол сары алтын, Жақсылар бөліп алды бәрі болып», «Өзіне көп адамды асық қылған», «Хан да жақсы көріп отырады қасында» деген жолдар оның адамдар арасындағы қызметін паш етеді. Төрт жұмбақта аяғының төртеу екені ап-айқын айтылады. Бұл жұмбақтар жай айтыла салмай нақышпен, жан беріле суреттеледі. Самаурын адамға ұқсатылып, ер адам, келіншек, ақ сәлделі қожалар кейпіне енеді, оған бөрік, тақия, қамзол кигізеді, екі иініне екі үкі тағады, самаурын сары айғыр, алтын сандық не жәндікке де ұқсатылады.

Жұмбақтар көшпелі тарихты, жағдаяттарды суреттеуді мақсат етпейді, оқиғаларды да баяндамайды, тек адам айналасындағы зат-құбылыстарды тілге тиек етеді, олардан образдарға нақыш болардай өрнектер табады. Олардың қоршаған орта құбылыстарының әрбір жеке бөліктеріне назар аудартатынын байқаймыз.

Жұмбақ әр халықтың тұрмыс-салтын, өмір кезеңдерін бедерлеген әдеби мұра. Қазақ жұмбақтары да қазақ халқының әдет-ғұрып, салтында айырықша орын алады. «Кейде бүкіл бір ертек жұмбақтан туады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде елдің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынау машық болған» [2, 145 б.].

Жұмбақтың өзіне тән ерекшелігі: біріншіден, тапқырлыққа, ой өткірлігіне назар аударылады; екіншіден, мазмұнында деректілік, нақтылық басым келеді.

Қазақ жұмбақтары көбінесе өлең түрінде айтылады. Тақпаққа тән ерекшеліктер ұлғая, ұштаса түсе, көркем суреттеу арқылы өлеңдерде теңеулер, метафоралар, каламбур тәрізді сөйлемшелер ерекше орын алған. Жұмбақталған обьекті өзіне сәйкес басқа нәрсемен теңеліп, салыстыру арқылы қалыптасқан бейне болып шығады. Жұмбақ өлеңде жұмбақтаған адам өлеңмен айтса, жауап та өлең түрінде (шешімі) берілетін болған. Жұмбақ ұйқасқа құрылады, дыбыстық қайталаулар, ырғақ т.б. өлең өріміне тән тәсілдердің барлығы жұмсалады.

Қазақ әдебиетінде жұмбақтап сөйлеу әдеті бар. Бұл – ойды жасырып, шешімін табуға ыңғайлап, астарлап, тұспалдап сөйлеудің түрі. Жұмбақтау обьектілері: жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек-кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам мен оның өмірі, өнер-білім, техника, прогресс т.б. Жұмбақтауда дыбыс қайталаушылық пен тыңдаушының көңілін бөлуге көп мән беріледі. Жұмбақталып айтылған нәрселер қосарланып, өзіне сәйкес заттармен теңеліп келеді. Негізгі ойды ұшқыр сөз арқылы береді:

«Қараша тауым қаралы болды, бір жуса кетпейтұғын зәрлі болды» (Шаштың ағаруы).

«Айдалада ақ отау-аузы-мұрыны жоқ отау» (Жұмыртқа).

«От басында құмған, екі көзін жұмған» (Мысық).

Жұмбақ айтыс та ауыз әдебиетіндегі қомақты орны бар өнердің бірі. Ол – қазақ ауыз әдебиетіндегі ең қиын айтыс түріне жатады. Себебі жұмбақ айтысқа тапқырлық, білім, қырағылық, шешендік қажет. Ол бертін келе авторы белгілі айтыстарда да қолданылған. Яғни бұл әдебиетіміздегі дәстүрлік сабақтастықты көрсетеді. Оған мысал ретінде Әсет пен Ырысжанның, Нұржан мен Сапарғалидың т.б. жұмбақ айтыстарын атауға болады. Бұл айтыстардың негізгі тұстары өнердің ең қиын түрі – жұмбақ айтысқа құрылуында.

Жұмбақ айтыста тек ақындық қуатпен алысқа бару мүмкін емес. Суырыпсалмалық та, тапқырлық та ауадай қажет. Ең бастысы – қанатты қиял, ұшқыр ой, нәзік түйсік т.б. Өлең өрімдерінің қас шеберлері ғана осындай тәуекелге бара алады. Айтыс барысында адамның он екі мүшесін суреттеуге, жыл мезгілін, жаратылыс құбылыстарын т.б. ашуға күш салады.

Жұмбақ қоғамда тәрбиелік салмақ арқалаған жанр, оның үстіне қоршаған ортаны, заттарды, көркем тілмен бейнелеп, адамдардың әсемдік талғамын оятады. Онда қарапайым заттардың өзі асқақ поэтикалық толғаныспен бейнеленеді.

Жұмбақтың негізгі жанрлық ерекшелігі – ол белгілі бір затты, нәрсені, құбылысты, табиғи құбылысты, адам болмысын, ой-өрісі мен мінез құлқын, психологиялық өзгешеліктерін, әлеуметтік, қоғамдық күрес-тартыс шиеленістерін ойланып, шешімін табуға ыңғайланып, басқа нәрсенің қасиет-сипатын, әрекет қимылы арқылы тұспалдап айту тәсілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Керім Ш. Қазақ жұмбағы. – Алматы: Арыс. – 2007.

2 Әуезов М. 20-томдық шығармалар жинағы. 17-том. Алматы: Жазушы. – 1985.

3 Қазақ жұмбақтары. – Алматы:Ана тілі. – 2006.

«КӨШБАСШЫ» ҰҒЫМЫНЫҢ ТАРИХИ-КОНЦЕПТУАЛДЫҚ СИПАТЫ

АЙТМУХАМБЕТОВА А.
оқушы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
ТҰРҒАНБЕК А.
оқушы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
КОПЕЕВ А. Ж.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі таңда «көшбасшы» ұғымы қай қоғамда болсын өте ауқымды қолданыста жүрген терминдердің бірі. Бұл ұғым өмірдің әр саласына етене араласып, мағыналық тұлғасы жағынан ұдайы өзгеріс үстінде екенін байқатып отыр. Бүгінгі күні көп адамдар «көшбасшы» сөзінің шығу тарихына аса мән бере бермейді. Әсіресе, оның концептуалдық сипатын ашу біз үшін өте маңызды. Мәселен, «соғыс» ұғымының АҚШ елінде стратегиялық тұрғыдан қарастыруға негізделсе, ал Сингапур елінде бейбітшілік концептісі тұрғысынан бағамдау басшылыққа алынған. Осы тұрғыдан келгенде қазақи ұғымдағы, қазақ тіл білімі саласындағы «көшбасшы» ұғымының концептуалдық сипаты қандай мағыналарға, реңктерге сай екендігі туралы мәселе туындайды. Ал оның бүгінгі күндегі «толық» концептуалдық сипатын беру үшін тарихи тұрғыдан қарастырудың маңыздылығы зор. Ұғымның шығу төркінін зерделей отырып, осы құбылыстың тарихи-эволюциялық үдерісін қарастыру заманауи-ұлттық көшбасшының феноменін анықтап беруге ықпалын тигізетін болады.

«Көшбасшы», «көшбасшылық» ұғымын қарастыру үшін бұл терминді -жан-жақты қарастыруымыз керек. Алдымен осы сөздердің шығу этимологиясына қарастырып алсақ. Біз бұл ұғымдардың 3 тілде (қазақ, ағылшын, орыс) пайда болу ерекшеліктерін зерделедік. Біздің байқағанымыз әр түрлі халықтардағы «көшбасшы» ұғымы ұлттық кәсіп пен шаруашылыққа байланысты туындаған.

Қазақ халқы өте ерте заманнан бері көшіп-қонып жүргені мәлім. Жаз жайлауға, қыс қыстауға орын ауыстырып, көшпелі сипатта өмір сүрген. Қазақ әдеби тілі сөздігінде: «көш – үй ішін, дүние мүлкін күш көлігіне тиеп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені» деген анықтама берілген [1].

Қазақ қоғамында ел ағалары көшті қай жерге апаратыны, қалай көшіретінін белгілеп отырғаны мәлім. Олар шөбі шүйгін, табиғаты

жайлы, жері шұрайлы жерлерді таңдап отырған. Осыған байланысты халық арасында көшті бастап жүретін адамдарды «көшбасы» деп атай бастаған. Көшбасы – көшті бастаушы адам, керуенбасы деген мағынаны білдіреді [1].

Біз «көшбасшы» сөзі «көшбасы» сөзінен кейін пайда болған деп топшылап отырмыз. Осыған бір жәйт негіз болып отыр. 1980 жж. шыққан Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «көшбасшы» деген сөзді кездестіре алмадық [2]. Осыған қарағанда бұл кейінгі жылдары ғылыми айналымға кірді деген болжам жасалды. Соңғы жылы жарық көрген Қазақ энциклопедиясында «көшбасшы» деген сөзге мынандай түсініктеме берілген: «Көшбасшы – көшті бастаушы әрі басқарушы. Қазақстанның Орт. және Бат. (орфографиясы сақталды – А. А., А. Т.) өңірлерінде көшпелі және жартылай көшпелі мал ш-на сай қазақ қауымы жиі-жиі қоныс қоныс аударып, көшіп-қонып өмір сүрген. Көшті жөн-жосықты білетін, жер жағдайымен жете таныс К. басқарған. Кейде ұзақ көш жолдарымен көшуге тура келіп, көптеген елді мекендерді басып өтетіндіктен К. болып ел мен жер тарихымен, жергілікті ру-тайпалардың әдет-ғұрыптарымен жақсы таныс, көпті көрген, көне көз адам тағайындалған. К. көштің бағдарын, уақытын, тәртібін ғана қадағалап қоймай, ру аралық қақтығыстарды болдырмайтын мәмілегер, бітімгер, саясаткер адам ретінде көш қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. 20 ғ.-дағы ірі саяси оқиғаларға байланысты К-лықтың мән-мағынасы өзгерді» [3].

«Көшбасшы» ұғымына қатысты зерттеу жұмыстары орыс тіл білімі саласында біршама тыңғылықты атқарылған. Бұл тілде «көшбасшы» ұғымын беру үшін «лидер» деген сөз пайдаланылады. Осы сөздің этимологиясы былай деп анықталған: «Ли́дер. Заимствование из английского, где leader – образовано от to lead – «вести». По такому же смысловому принципу образовано и слово вождь – от глагола вести: буквально «ведущий» [4; 5].

Енді бір еңбектерде бұл ұғымды «батпақпен» байланыстыра қарастырғанын анықтадық. Т. Ф. Ефремованың сөздігінде батпақты жерде жол көрсетуші деп көрсетеді: «1. человек, который ведёт за собой кого-нибудь (обычно многих), указывает путь. Местный житель — вожак по болотным тропам» [6, 27 б.].

Ресей мемлекетінің көп аумағын батпақты жер алып жатыр. Жердің ылғалдылығы өте жоғары болғандықтан, көп адамдар үшін қиындық тудырып жатады. Жердің ерекшелігіне сай балшықты жердің қыр-сырын білген адам жол бастап жүргенге ұқсайды. Осыған байланысты жол көрсетуші адамдарды «лидер» деп түсінсе

керек. Осылайша орыс тілінде де бұл ұғым кеңейіп, ағылшын тіліндегі «leader» сөзімен сіңіскен.

Ал ағылшын тіліндегі «көшбасшы» (leader), «көшбасшылық» (leadership) ұғымының қалыптасуы да саяси-шаруашылық қызметке байланысты екені белгілі болды. Ұлы Жібек жолын алмастырған теңіз жолдары ағылшындықтардың өмірінде үлкен мәнге ие еді. Олар өздерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайларын теңіз жолдары арқылы көтеріп отырған. Сондықтан бұл ел ішінде белең алған кәсіп түрі болды. Осылайша жол көрсеткен адамды «leader» деп атаған. Осыдан «leadership» деген ұғым қалыптасып, ғылыми айналымға енген. Бұл сөздің пайда болу кезеңін 19-ғасырмен байланыстырылады. Ағылшындардың этимологиялық сөздігінде былай деп берілген: «Leadership (n.) 1821, «position of a leader, command», from leader + -ship. Sense extended by late 19 c. to «characteristics necessary to be a leader, capacity to lead» [7]. Енді бір деректерде: «Слова лидер («leader») и лидерство(«leadership») образованы от англосаксонско-го корня «lead» (в переводе на русский – «дорога, путь»), который происходит от глагола“leaden”, что значит«пу-тешествовать», «идти». Будучи мореплавателями, англо-саксы использовали это название и для обозначения кур-са судна («ship») в море. Таким образом, лидерами назывались люди(или судна), которые показывали путь» [8, 23 б.].

Келтірілген мысалдарға сүйене отырып, біз көшбасшы сөзінің қандай да бір ұлттық сипатқа тән шаруашылық не қажеттілікке байланысты туындағанын байқаймыз. Кейін осы сөздердің мағынасы кеңейіп, саяси деңгейдегі тұлғаның қасиетін көрсететін сипатқа ие болған.

«Көшбасшы» сөзінің концептуалдық сипатын тану үшін оның тарихи негізде қарастырудың маңызы зор.Ол үшін әр кезеңде өмір сүрген көрнекті тұлғалар таңдап алынып, олардың көшбасшылық қасиеттері ашылды. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – Қобыланды батыр жыры қарастырылып, Қобыланды бойындағы көшбасшылық қасиет талданды. Қобыланды өз заманында батыр болған, өз елінің бостандығы үшін күрескен. Бір өзі жауға аттанып, елінің амандығы үшін басын қатерге тіккен қаһарман. Осы жерде туындайтын мәселе – Қобыланды батырды «көшбасшы» деп тануға қандай толық негіз бар. Себебі бізге белгілі болғандай, ғылымда «көшбасшы» және «қолбасшы», «көсем» деген ұғымдарды салыстыра қарау орын алған. Осыған байланысты «вождизм» (ұғымды нақты беру үшін аудармасыз беруді шештік – А. А., А. Т) термині қалыптасқан.

«Қолбасшы», «көсем» – топ ішіндегі аса беделдісі, өзінің соңынан ерте алу, сендіру қабілетіне ие тұлға ретінде түсіндіріледі [9]. Екі ұғымның арасындағы айырмашылықты Д. В. Ольшанский былай түсіндіреді: «Вождь не допускает самостоятельных размышлений последователей – они могут вести к сомнениям в его власти» [10]. Ал біз жырға, ондағы оқиғаларға сенсек, Қобыланды жары Құртқа мен Қараманның ақылына, адалдығына сүйеніп отырған. Оның үстіне артына ерген халық оның билігіне, әділдігіне ешқандай күмән тудырмағанын байқаймыз. Өзінің айналасына Құртқа, Аламан секілді қара халық өкілдерін топтастырып, даңғыл жол көрсетті. Осы әрекеттеріне қарай отырып, «көшбасшы» ұғымының «күш» концепциясы төңірегінде өрбитіндігін анықтадық.

Кесте 1 – Тарихи тұлғалардың көшбасшылық сипаты

Көшбасшы тұлғалар	**Мәртебесі**	**Микроконцепция**	**Макроконцепция**
Қобыланды батыр	Батыр	Күш	Тәуелсіздік, бірлік
Абылай хан	Хан	Билік	
Ә. Бөкейханов	Төраға	Рухани көсем, руханият	
Н.Ә. Назарбаев	Президент	Жаһандану, әріптестік	

Қазақ мемлекетінің құрылу тарихында аса үлкен рөл ойнаған кесек тұлғаның бірі – Абылай хан. Оның көшбасшылық қасиеттері өз заманына қарай басқа сипатта ширықты. Алдымен оның әлеуметтік мәртебесі – хан екенін ескере отырып, «көшбасшы» концепциясы басқарушылық негізге сүйенгенін көреміз. Ол өз заманында Қытай мен Ресей империясы арасында тең ымырашылдыққа қол жеткізген білгір саясаткер ретінде көріне алды. Үш жүздің басын бір туға біріктіріп, билікті өз қолына алу басты мақсаты болды [10]. Осы тұрғыдан Абылай ханның көшбасшылығы «билік» концепциясы тұрғысынан орын алады.

Абылай ханның өмір сүрген дәуірі Қазақ хандығының Ресей империясы құрамына толық енбеген тұсы еді. Ал ендігі бір кезеңдегі тұлға Ә. Бөкейханның тағдыры өте шиеліністі болды. Оның заманындағы саяси жағдай мүлдем өзгеше сипатта орын алды. Оның Алаш Орда автономиясын құрып, қазақ зиялыларының басын бір арнаға тоғыстыруға талпыныс жасады. «Бостандық, теңдік, туысқандық XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің

бәрі біздің шариғаттан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Тостой философиясынан табылады., көзі ашық талапты ер іздесе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады.

Бірін-бірі жеген, бірін-бірі алдаған, бірін-бірі аңдыған, бірінен-бірі кек алған – хайуан тұрмыс салты. Қағушы, соғушы, күзетші – хайуандық жолда адасқан адам баласына ғана керек.

Біздің адасқан надан жұртқа мұрындық болып, көз болып, бостандық, теңдік, туысқандық жолын ұғындыру зор борыш... Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп тарқы жолында артта қалады. Бақыт, махабаттан тысқары болады.

Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!» – деп жазды Ә. Бөкейханов. Осы іс-әрекеттеріне қарап, оны «рухани көсем», «руханият» концепциясы тұрғысынан бағамдалды.

Қазақ халқының Тәуелсіздігінің даңғыл жолын бастаған, ұлт көшбасшысы мәртебесіне ие болған тұлға – Н. Назарбаев. Оның бүгіндегі көшбасшылық қасиеттері Қазақстан не ТМД елдеріне ғана емес, бүкіл жаһан жұртшылығы алдында мәлім. Ядролық қарудан бас тартып, әлемдегі бейбітшіліктің сақталуына ықпалын тигізудегі еңбег орасан зор [10]. Ғаламдық қақтығыстарды реттеуге де белсене ат салысып, батыс пен шығыс арасында бітімгер ретінде танылған. Оның негізгі саясаты әлемдік контекстте дамыды. Осыған орай Елбасының көшбасшылығын «жаһандану», «әріптестік» сипатында қарастырдық.

Жоғарыда айтылған тұлғалар бойындағы қасиеттер, яғни Қобыландыны – «күш», Абылай ханды – «билік», Ә. Бөкейхановты – «руханият», Н. Назарбаевты – «жаһандану», «әріптестік» сипаттағы ұғымдарды микроконцепті шеңберінде қарастырсақ, ал олардың ғасырлар бойғы халықтың бірлігін сақтауы, тәуелсіздікке ұмтылуы – макроконцептік идеяға біріктіріліп, ортақ концептуалдық тізбектің негізін құрды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст.: Қ. Күдеринова, О. Жұбаева, М. Жолшаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы. – 2007.

2 Қазақ тілінің түсінідрме сөздігі. 5-том. К-Қ (кесік – қанаттас). – Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. – 1980.

3 «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. – 2003. – 720 бет.

4 Этимологический онлайн-словарь русского языка Крылова Г.А. – https://krylov.lexicography.online

5 С. Ожегов, Н. Шведова. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений / Российская академия наук. Институт русского языка им. В.В. Виноградова. 4-е изд., дополненное. – М.: ООО «А ТЕМП». – 2010. – 874 с.

6 Ефремова Т. Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык. – 2000 г.

7 Online Etymology Dictionary. http://www.etymonline.com/

8 О. В. Евтихов. Сущностные характеристики лидерства как социально-психологического феномена. // Психопедагогика в правоохранительных органах. – 2011. – № 1(44).

9 Ольшанский Д.В. Основы политической психологии. – Екатеринбург: Деловая книга. – 2001. – 496 с.

10 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра». – 2010. – 768 б., суретті, карталы.

ЖЕРГІЛІКТІ АҚЫН САМАТ МӘНЕНҰЛЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БАСТАУ БҰЛАҚТАРЫ МЕН ӘДЕБИ КӨРКЕМДІК ЖОЛЫ

АҚТАС А.
10 сынып оқушысы, № 2 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауданы
КӨШЕРБАЕВА М. С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 2 Ертіс ЖОББМ, Ертіс ауданы

Поэзия-неткен гажап күш едің,
Сен хан ием, сенің құлың мен едім.
Қуансам да, қайғырсам да қашанда
Бір өзіңді демеу етіп келемін!

Қазақ халқы – ақын халық.Ақындар поэзиясының ерекшелігі көлемінің сырт бейнесі емес, ішкі мазмұны, жырдағы ойдың тереңдігі мен көкейкестілігінде жатыр. Табиғатынан суреткерлік қасиеті басым болғандықтан, жүрек дүрсілін, жалғыздық мұңын, көңілдің қайғысы мен қуанышын, табиғаттың көктем мен күзіндей, бірде мұңая, бірде шаттана жырлайды, айшықты сезім кейіпкер тағдырымен, ақынның өз тағдырымен тікелей астанып жатады. Олар ой маржанын, бүкіл дүние әлемінен, ал поэзияның сан түсті бояуларын халықтық жырдан іздейді. Осындай ақын

ағаларымыздың шығармаларының ерекшілігін көрсетіп, болашақта саралап бір жинаққа топтау негізін көрсетуден шыққан тақырып. Поэзия – рухани әкеміз, әдебиеттің тұңғыш бел және қызу қанды асқақ жанды, от жүректі лауаны. Поэзия – сәбидің күнәсіз ажары, жарқын жанары, күміс күлкісі, жанды қуанышы. Ертіс ауданы – ежелден өлең мен өнер мекені. Киелі өнердің көшін талай-талай талантты толқын жалғастырып, желісін үзбей бүгінге жеткізді. Қасиетті өлең-жырды ардақтап, оны өмірлік серігіне айналдырған ақындар арамызда аз емес. Солардың бірқатарының өлең-өнерді кеш бастаса да ізденіс арналары жарқын, көзқарастары айқын, көркемдік келісімі нұрлы,шуақты болып келеді. Мен қазіргі замандағы біздің өңіріміздегі ерекше жан, ақынымыз Самат Мәненұлының өлеңдерін ықыласпен оқып шықтым.

Менің осы зерттеу жұмысын қолға алғаным – қойнауына қасиет пен құт дарып, шаңырағына өлең түнеген өлке – Ертіс елінің өнерін өрістетіп, оған өзіндік қолтаңбасын қалдырумен келе жатқан өзіміздің жерлесіміз, талантымен талайларды тәнті етіп, әлемнің мөлдірлігі мен кіршіксіз тазалығын өлең-жырларына арқау еткен ақын аталарымыздың бірі де бірегейі – Самат Мәненұлының шығармашылық қарымы маған қатты ұнады. Оның туындыларын көп жылдардан бері баспасөзден оқып, ерекше сүйсініс білдіріп қоятынмын. Бүгінгі таңда көркем шығарма оқитын оқушылар аз. Көркем шығармадан нәр алмаған ұрпақтың рухани дүниесінің дамып жетілуі, көркем мінезді тұлға болып қалыптасуы, қазақ тілінің мол қазынасынан сусындап өсуі мүмкін емес. Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін, ең алдымен рухани азығымызды реттеу қажет. Осы себепті де ақын шығармашылығымен терең танысып, өзім сүйіп оқығандықтан өз қатарларымның да рухани байлық сыйлайтын ақын жырларымен сусындағанын қаладым. Оның поэзиясы – қазіргі уақыт талабына сай нағыз өрнекті поэзия. Поэзия деген не? Ақын кім? Мәселеге осы тұрғыдан келіп, азды-көпті, шама-шарықты ізденістен туған көңіл таразысына салсам, поэзия – ЖҰМБАҚ әрі ҚҰПИЯ екен. Оның алдыңғысы ШЕШІЛІП, соңғысы АШЫЛСА, онда поэзияның қадір-қасиеті кеткені. Яғни, ол ежелден, айта берді, дүние жаралып, адамдар қарым-қатынасы басталғаннан келе жатқан, ешкім түбіне жетпеген, киелі де қастерлі ұғым. Құдайдың құдіретімен басына бақ та, сор да боп қонған поэзияны тудырушы ақын кім? Ақындар өлең тудырып, оны өмірге келтірушілер мен жасап құрастырушылар. Ақын – ақиқат жаршысы. Мен ақын туралы мағлұматтарды жинай отырып,поэзия

қойнауына саяхат жасап, шығармашылық еңбектерін қазіргі және келешек ұрпаққа аманат етуді өзіме парыз санадым. Мен өзімнің бұл қадамымды ақын атаның «іздеушісі» болуға басқан алғашқы қадамым болар деп санаймын.

Жергілікті ақын Самат Мәненовтың шығармашылығын зерттеу, өресі биік құнды дүниелерін, тәрбиесі мен тағылымы мол шығармаларын келешек ұрпаққа үлгі ету.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– С. Маненұлының өмірін, шығармаларын жан-жақты зерттеу;

– Құдіретті сөз өнерінің барша қасиеті бойынан табылатын тума талант екендігі туралы түсінік беру;

– Талант иесінің туындыларының дүниеге келуі ұлт өнері үшін, оның келешегі, бүгінгі тарихы мен болашағы үшін ерекше құндылық екендігін таныту;

– Ақынның ауданымыздың мәдениеті мен өнеріне қосқан үлгісін жұртшылыққа таныту.

– С. Маненовтың елге сіңірген еңбектеріне баға беріп, ұсыныстар жасау.

Зерттеу жұмысында қолданған әдіс-тәсілдерім:

Тақырып бойынша материалдар жинақтау;

Әңгімелесу;

Сұхбаттасу;

Талдау;

Қорытындылау.

Зерттеу жұмысының жаңалығы: Жергілікті ақын Самат Мәненовтың шығармашылығының зерттелуі, талант иесінің туындыларының қырлары мен сырларының насихатталуы, ұрпақ патриоттарын тәрбиелеуге ықпалын тигізуі.

Ақын өмірін анықтағанда мынадай ойға келдім: ата-бабаларымның жолын қуып, халқыма, еліме еңбек сіңірген адам боламын.

Зерттеу болжамы: Өз елінің, өңірінің, ақын шығармаларын білетін, халқын құрметтейтін, олардың келешекте жазған өлеңдерін үлгі ететін, өнер мен мәдениетін сүйетін оқырмандар қалыптасады.

Бұл жұмысымда Самат Мәненұлының өміріндегі елеулі кезеңдері, шығармашылығындағы жарқын белестері сөз етіледі. Көздеген мақсатым осы ғылыми жұмысым барысында толығымен айқындалды десем артық болмас. Өмірін зерттеу мен үшін әрі қызық, әрі үйретері мол болды. Осыларды танып білу арқылы өзім де осы ақынымызды баршаға танып, үлгі тұтар азамат болғанын дәлелдесем

деймін.Өмірінің қиын кезеңдері болса да мойынсынбағаны, өнер жолын қуып өшпесіз қалдырған ақын өмірі сыр мен жұмбаққа толы. Қарапайым отбасынан шыққа да өнерімен, өлеңдерімен жүрек тебірентер жырларымен ел қалаулысы, ардақтысы болды. Еліңнің ертеңі үшін еңбек еткен, салты мен дәстүріне берілген, ана тілінін қадірін, қасиетін қолдауда белсенділік танытып жүрген тіл жанашыр адам. Бала көңіл, ақынжанды Самат Мәненұлы досына адал, замандастарына сыйлы, адамға сенгіш, қазақтың біртуар азаматы. Сырттай қарағанда өте қарапайым адамның бойында қаншама қасиет барын екінің бірі білмейді. Самат Мәненұлы 1950 жылдың 20 қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы Күрішім ауданы Мөнекей ауылында өмірге келді. Әкесі колхозда есепші, шешесі үй шаруасындағы адам болатын. Отбасында сегіз баланың ішінде бесіншісі. Туған ауылы Зайсан көлінің жағасында орналасқан. Ол кісінің айтуы бойынша: «1956-1959 жылдары Ертіс өзені бойында су электр станциясы салынғанда,көлдің аумағы үлкейіп ауыл су астында калды. Содан тұрғындар ескі ауылдан шамамен 6-7 шақырым жерге көшіріліп,ауылдың аты қорымға байланысты Аманат атанады. Балапан балалық шағым осында өтеді. Сонымен 1961 жылы осы жерде бастауыш мектепті бітірдім. Сол жылдың жазында әкем өмірден озады. Оқуымды осы ауданның Ақсуат ауылында жалғастырып, оны 1967 жылы тәмәмдадым. Менде басқа балалар сияқты Интернаттың қара суы мен қара нанын жеп өскен баланың бірімін».

Ол бала кезінен бері журналист болуды арман еткен.Содан жас дарынның алғашқы «Мектебім» атты өлеңі 1964 жылы аудандық «Коммунистік еңбек» газетінде жарық көреді. Кейіннен облыстық «Коммунизм туы» газеттерінде басылып тұрады. Содан жас ақын мектеп бітірген соң,арман қуып арайлы Алматы қаласына келеді. Мұндағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсу үшін бағын сынап көреді. Бірақ одан жолы болмайды,шығарма жазудан «жақсы», қазақ әдебиеті мен тарих пәндерін «өте жақсы» тапсырып шыққанымен, неміс тілі пәнінен «үштік» алып үйіне сол күйі қайтып кетеді. Содан ауылға барып балықшы кәсібімен айналысады. Оны тіпті ауыл ұстаздары мектепке шақырғанымен, оның мұғалім болғысы келмейді. Себебі ол алдына қойған мақсатына жету үшін келесі жылы жақсы дайындалып, қайта КазМУ-ға тапсырмақ ойы бар еді. Алайда сол кездегі бастауыш мектепте білім берген мұғалімдері Зияда Науқанбаева мен Қабылғазы ұстаздары: «Самат сен мектепте жақсы оқыдың,қарайып қалмай тұрғанда оқу бітіріп ал, ет пен терінің

ортасында жүргенің болса,кез келген уақытта жаза жатарсың» – деп ақыл айтады. Содан ол ұстаздарының айтқан ұлағатты сөздерің тындап, 1968 жылы Алматы қаласына қайта келіп Қазақтың ауыл шаруашылық институына оқуға түседі. 1973 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шығады. Сөйтіп, туған еліңде 1-2 жыл қызмет істеп, 1976 жылы Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылына қоныс аударады. Содан бері Самат Мәненұлы осы ауылда тұрады.Совхоз шеберханасында екі жыл бақылаушы механик,көктемгі егіс, орақ науқандарында жөндеуші шебер болып істейді. 1979-1999 жылдар аралығында осы ауылда «Қазақ КСР 10 жыл» атындағы совхозда бас инженер, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарады. Бұл кездері аласапыран уақыт болғандықтан ақынның өлең жазуға уақыт болмай, шығармашылыққа өзің сирек арнайды. Бірақ бұл мүлде көз жазып кетті деген сөз емес, кейде ойға келгеннің қағаз бетіне түсіріп отырған. Өлеңдері де бұрынғы «Қызыл ту», кейінгі «Сарыарқа самалында» 1977 жылдан бастап жарық көріп келеді. Ал өзіміздің аудандық «Ертіс нұры» газеті шыға бастағаннан бер, яғни 1991 жылдан бастап штаттан тыс тілшісі, ал 2009 жылдан меншікті тілшісі болып жұмыс атқарады. 2013 жылдан зейнеткер. Жастау кезінде көңілге кіреукелеп мұң кіргенде:

«Мейлі жыр жарық көрмесін,
Жоқ шығар алаулы таңдары.
Ойлардан жанымның бөлмесін,
Тазартып тұрса тек болғаны.
Келешек күндерге жалғанып,
Өткенді еске алып толғанып,
Қашанда үйір ғой тауға бұлт,
Өзіңмен жүрейін алданып» – деп жазған еді, жас еңкейе келе бұл пікірінің қате екенін түсінді. Қойнауына қасиет пен құт дарып, шаңырағына өлең түнеген өлке – Ертіс елінің өнерін өрістетіп, оған өзіндік қолтаңбасын қалдырумен келе жатқан ақын өлең өлкесіне сонау 70-жылдардың ортасында қанат қақты. Өмір тәжірибесі мол, талант табиғаты айқын, дүниетанымы кең, жан әлемі,жүрегі әсемдікті сүйіп, содан рухани нәр алып, өлең-өнерді қасиет, кие тұтады. Өмірді өнермен өрнектеді, еңбек көрігін өлең-жырмен қыздырды. Өлең-өнер өмір мұратына айналды.

«Өлеңге әркімнің – ақ бар таласы» – демекші журналист, әдебиетші, ақын болуды армандаған жас жігіт поэзияны жанымен шын қалап келген жастардың бірі еді. Самат атаның ақындық таланты балалық шақтарында танылып үлгерген еді.

«Арманы мол адам – озған адам, алға қарай жылжи береді. Арманы жоқ адам – азған адам, кейін тартып жүнжи береді. Адам жанын түсінудің өзі де арман сияқты. Кейде бір жанды көресің, жүзіне қарасаң,айтылмаған сырым бар, тапшы деп тұрғандай болады. Бірақ сол жанға жақын келіп сөйлеспек болсаң,арада белгісіз бір күш кедергі бола береді. Ол кедергені өз басымның ынжықтығы ма дейсің, әлде тұнжыраған тұнық ойдың иесінің киесі ме дейсің. Осындай жандардан жиырыла-жиырыла ширыққан, кесіп түсер отты сөздер шығады. Лапылдаған жалындар туады. Сенің де кей сәттерің осындай жанға ұқсайды. Менің оны ақындық деп айтуым асығыстық болар. Дегенмен өмірге сыншылдықпен, нәзік сыршылдықпен қарайтын қасиетім бар.

Алып – ұшпа көңіл шіркін құйындатқан,
Шайқашы шабытымды тұнып тұрған»,

– деп өзі айтқандай көмекейі бүлкілдеп,жырлары туып отырды. Жанына серік етіп, жүрек жарды өлеңдерін қызмет жасап жүрген кезінен жаза бастады. Тіл тазалығы, сезім шынайылығы, азаматтық үн қату,адами құндылықтарды қастерлеу – Самат Мәненұлының өлеңдерінің негізгі тіні. Ақын қаламынан туған өлең жолдары өз оқырмандарын өрелі ойы мен ұшқыр қиялға, сырлы сезімге бөлейді. Ел мен жер тарихына үңіліп, оның кемел келешегі туралы ой толғайды. Ақынның жалпы жыр сандығында 400-ден аса өлеңі жинақталған, 200-дей өлеңі жергілікті газеттерге жарияланған. Алғашқы өлеңдер жинағы 2015 жылы «Жыл мезгілдері» тақырыбында кітап болып шықты. Келесі жыр жинақтары «Атамекен», «Қазаннан желтоқсанға дейін» 2016 жылы жинақталып басылып шықты. Алғашқы жинағына 1967 жылдан бүгінгі күндер аралығында жазылған тек табиғат туралы өлеңдері кіріп отыр. Жазғандары баршылық, дегенмен бәрін бірден шығаруға мүмкіндік жоқ, жалғасын таба жатар деген үмітте. Жасын, өнерін сыйлап, алғашқы жинақты шығаруға бел буып қиналған шағымда қол ұшын беріп, демеушілік көрсеткен Ертіс ауданына белгілі кәсіпкер, ел, жұртына абыройлы азамат, аудандық маслихаттың депутаты, қазақтың тілін, өнерін салт, дәстүрін тұмар еткен қазақ жанды, қазақы мінезді Ерлан Жәкенұлы Кенжетаевқа алғысы шексіз. Шағын алғашқы жыр кітаптарынөмір сыйлаған ардақты әкесі Абдұлмәнен Қайырбайұлына, әзиз анасы Күләндә Бөгісқызына арнайды. Жуырда ғана басылып шыққан «Қазаннан желтоқсанға дейін» атты жыр жинағын Тәуелсіздігіміздің 25 жылдына арнап отыр. Бұл жинақта елін қорғау жолында ерлік көрсеткен ер-

азаматтарына арнаған өлең – жырлары мен Ертіс ауданының 90 жылдығына арналған «Қазаннан желтоқсанға дейін» атты поэмасы еніп отыр. Ақынның ізденіс іздері, көзқарас эволюциясы, қолтаңба мәнері-өнерге, өлеңге ғашық жүрек лүпілін айқын аңғартады. Мен ақын өлеңдерін оқи отырып, тақырыптық жағынан, мазмұн-құрылымдық қырынан былайша топтама жасадым:

1 Туған жер тақырыбындағы өлеңдері:

«Мен туған жер», «Туған ауыл», «Ертістің ауылдары», «Қарақұдық», «Қараөткел», «Ынтымақ», «Ақын ата ауылы», «Ауылымның ауасы», «Қазақ елі», «Ертісім,еркем», «Ауылыма келгенде», «Ата жұрттың азабы», т.б.

2 Табиғат, жыл мезгілдері туралы өлеңдері: «Түн», «Шақырады көктем», «Қош келдің, әз Наурыз», «Бозторғай шырылдайды», «Ауыл кеші», «Қазандағы қар», «Аязды кеш», «Жаздың күнін сағынамын жайраңдаған», жалпы саны 66 өлеңі бар.

3 Отбасы бақыты, махаббат тақырыбындағы өлеңдері: «Ғажап дәстүр», «Сұлулық», «Аңсау», «Сүйіктім», «Қош махаббат», «Алғашқы махаббат», «Ертіс жағасында», «Махаббат астанасы», «Мұң мен қуаныш», «Түнгі бақта», т.б.

4 Мектеп, ұстаз туралы өлеңдері: «Алтын ұя мектебім», «Құрбы қыздар», «Сағыныш», «Сыныптастар», «Жастық», «Оралмас сәт», «Қоштасу», т.б.

5 Өшпестей ізі қалған қазақтың ақиық дарын иелеріне де жыр жолдарын арнаған арнау өлеңдері: «Ақындар, қайран ақындар», «Абай», «Айналдым аруағынан», «Ақын ата», «Қайран, Мукең», «Қош ұстаз», «Достарға», «Қараөткелдің қыраны», «Таймас баба», «Жарқын жүзді Жарқынай».

6 Аудармалары: «Сенім», «Шарықта!», «Қоштасу», «Армысың мектеп», «Тіршілік», «Шарықта», «Дұға», «Махаббат құдіреті», «66 сонет», т.б.

Бұл тақырыптарды ақын көңіл көрігінде әбден қыздырған. Сенімі мен сезімін жалғаған. Өлең өнерін-ақыл парасатқа, сүйіспеншілікке бөлеген. Осылайша,табиғи талант-шынайылыққа, сезімге жол ашқан. Ол тарихымызға терең үніліп, елінің қиын-қыстау күндерін, ауыр жолдарын өз өлең жолына енгізумен қатар,осы заманымызды, өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшілік-қайшылықтарын да сынайды. Сол арқылы адамдықты,әділетті істі жақтайды. Самат Мәненұлы – патриот ақын. Оның туып өскен жеріне, еліне, халқына шығарған өлеңдері осы ойымызды толықтыра түседі. Осылайша «Жиған жыр жақұттарым – байлығым»

деп санаған, Ертіс өңірінің даңқты мектебінен қуаттанып, жырларын бойға сіңірген ақынды әдеби орта өзінің ғажап әлемінің бір бөлшегіне айналдырды. Ақын шығармаларында арнау өлеңдер кең орын алған. Ол қаламдас ақындарға, үзеңгілес, дос-құрбы адамдарға және ел құрметіне бөленген азаматтарға жүрекжарды сөзін, өзінің ішкі толғаныстарын арнау өлеңдері арқылы көркемдеп жеткізеді. Ашық та тура айтатын ақын мінезі осындайда атой сала даралана түседі. Жақын жандарға деген ілтипат ірілік пен көрініс табады.

Олардың мінезін, адалдығын сипаттайды, кейіпкерлердің психологиялық қалыптасқан қарым-қатынасын меңзейді. Ол өзгелерге қалдырған әсерді бейнелейді.

Ақынның ән-өлеңдерінің де бар екенін білдім. Оның алғашқы «Арнау» атты ән өлеңін жергілікті жыршы-термеші Бекболат Мухамединов облыста аудандар арасындағы мәдени шарада орындаса, ақынның «Ақын болу қарызым, Адам болу парызым» атты шығармашылық кешінде «Тәуелсіз Қазақстан», «Ертісім,еркем» ән-өлеңдері облысқа танымал «Замандас» тобының орындауында сәтті көрініс тапты. Бұдан басқа ән өлеңдерінің тақырыптары: «Қайдасың сен», «Махаббат астанасы», «Ертістің аққулары екенін зерттеп жинақтадым. Самат атамыздың өлеңдерін зерделей отырып менің білгенім ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін ақын өз шығармаларына үнемі арқау ете білген.Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдері жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түседі. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын, Қазақтың келістірер қай баласы» деген ұлы Абайдың биік талғамына қарай өсіп, кешегі мұзбалақ ақын Мұқағали таланты алдында бас иген, қазақтың Қадірі, Тұманбайы атанған ақиық ақындардың тағылымын алған Ертістің кешегі қарадомалақ баласы Самат Мәненұлы бүгінде ардагер атанып, ел құрмет тұтар тұлғаға айналды. Алпыстан асқан асқаралы жасқа мол табыспен, тұлпар шабыспен келіп отыр.

Зейнетке шықса да әлі жырдан алыстаған жоқ. Қоғамға өз үлесін қосқан, көзге түскен қаламгер ақын. Ана тіліміздің дамуына, өркендеп түпкілікті орнығуына да ат салысты. Ақын, журналист ретінде Ертіс өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жазуға сүбелі үлес қосты. Сонымен қатар жас ұрпаққа ауданымыздың тарихын танытудағы ақын атаның шығармаларының маңызы зор деп ойлаймын. «Ұлт өзін танып білу үшін өзінің ақындарын дүниеге әкеледі» – дейді бұрынғының данышпандары. Әдебиетті, әсіресе, өзің туып-өскен өңірдің әдебиетін, өнерін,

тарихын тану біз айтып жүрген ұлтжандылықтың, елжандылықтың, отансүйгіштіктің басты шарттарының бірі деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С. Мәненұлы «Жыл мезгілдері». – Павлодар 2015 жыл.

2 С. Мәненұлы «Атамекен». – Павлодар 2016 жыл.

3 С. Мәненұлы «Қазаннан қарашаға дейін». – Павлодар 2016 жыл.

4 Әйгілі аудан Ертісім.

5 С. Мәненұлының қожазбалары.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ МАРЖАН ЖЫРЛАРЫНЫҢ ҚҰДІРЕТІ

АЛГУЖИНОВА А.
7 сынып оқушысы, Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.
РАХМЕТОВА Л. Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Кенжекөл ЖОББМ, Павлодар қ.

Профессор Шериаздан Елеукеновтің: «Әдебиет идеясы өмірден туындайды. Идеяны жеткізетін тіл. Ол суреткердің дүниетанымына сәйкес құйылады, саяси, философиялық, эстетикалық тұрғысына қарай өріледі. Тілі ғана пайдалы, басқасының мәні жоқ деуге келмейді. Әдебиеттің бір ғана таптың меншіктеуіне көне бермейтіні көркем идеяның тек саяси көзқарастан туындамайтындығында болса керек» [1, 5 б.] – деген ойы поэзия әлемінде айрықша із қалдырған өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат еткен Мағжан Жұмабаев шығармаларын талдауға мұрындық болғандай.

«Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ардақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржандай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баураған, ал өзі болса, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мұлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті» [2, 135 б.].

Сөз құдіретінің сырын ашып, өз өлеңдерінде көркемдегіш құралдарды орынды да, ұтымды пайдаланып, сөз саптау шеберлігін танытқан ақын «Әрбір ірі жазушының шеберлігінің өзгешелігі көбіне-көп оның шығармасынан көрінеді». «Көркемдік дегеніміз әрбір сөздің орынды қолданылуының ғана емес, өте қажеттілікпен, зәрулікпен қолданудың белгісі және сөз дегенің мүмкін болғанша аз жұмсалуы керек» [1, 65 б.], – деген небір ғалымдардың ойын дәлелдегендей.

Мағжанның шығармаларындағы айқындауыш бейнелі сөздерге көз жүгіртсек суреткердің идеясынан туып, сөз арқылы берілген не бір ойдың көрінісін аңғарасыз. Сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап үйлесімге келтіруінің өзі бірнеше түрлі тәсілдер арқылы берілгендігінің куәгері боласыз. Әсіресе көркем шығармада қолданылатын көркемдегіш құралдың бірі, заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын бейнелі сөз–эпитетті пайдаланудағы шеберлігі оқырман көңілін еріксіз баурап әкетеді. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау мүмкін емес екендігін төмендегі жолдар арқылы мойындатады.

Сібірдегі қаратүнек кезінде жазылған «Бостандық» атты өлеңі арқылы осынау дәуірдегі қатыгез ақиқат сырын ашына суреттеген ақын:

Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды.
Келді ұшып бостандық
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Кәусар жібек сөзі бар,

Әдемі, алмас ақ қанат [3, 75 б.], –деп көрсетіп, алайда «Жұмақтан қуылған адамзат» шамалы рахат, қызықтың өзін артық санайтындығын аңғартса. Халықтың асыға күткен таңын, бостандығын:«Ғарыш нұрлы жүзді», «Кәусар жібек сөзді», «Әдемі, алмас ақ қанат» бостандық деп бірнеше тізбектелген эпитеттер арқылы ойын нақтылай түскендігін байқатады.

Ал, енді бірде:
Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар
Көктен келген қонаққа
Тілін, қолын тигізді.
«Сасық сайтан» дегізді
Жауыздық тағы өрледі
Ізгі елшісі жұмақтың
Қасиетті қонақтың

Ақ қанаты кірледі [3, 76 б.], – деген ақын жер бетіндегі күйкі, арамза пенделерді «қыбырлаған қоңыздар» мен «қорсылдаған доңыздарға» балап, олардың өңбейтін жаман пиғылды іс-әрекетіне

«жұмақтың» «ізгі елшісі» – бостандық кінәлі ме? – деген сауалдарды қоя отырып, азаттық ұғымы терең аллегориялық әрі философиялық мағынаға көшеді. Оқырман назарын бостандық «жұмақтың өзі емес, «ізгі де болса елшісі» ғана екеніне аудартады. Екі аяқтылардың арасындағы имансыздардан қорлық сөз естіп, «ақ қанаты кірлеген», «ізгі періште» – бостандық қайта ұшуға даяр тұрғандығын ашып көрсетеді.

«Елім» деп еңіреп, әділеттік жолда жалынды жырын жалау еткені үшін тарихтың «ақтаңдақ» бетінен орын алған сөз шеберінің өрелі ойының терең иірімдерінен тамаша суретті сөздер өріледі. «Түркістан», «Ескі Түркістан», «Орал», «Көкшетау» атты өлеңдері арқылы сүйікті оқырмандарын елін, жерін сүюге баулиды. Туған ұлтын, халқын сүюі түбі бір туысқан жұртты туысқан тартумен сабақтас құбылыс болғанын «Тұранның бір бауырында», «Қырғыз, қазаққа», «Еділде», «Алатау» атты жырларынан аңғартады.

Оның ақ нөсердей төгілген жыр жолдарында өзіндік өмір өлшемдері, түйінді, тұғырлы таным дүниесі кестелі өрнекпен нақтыланып, даралық сипатқа ие болып тұрады.

«Көкшетау» өлеңінде:

Аспанменен тіресken
Тәңіріменен тілдескен
Көкшетауым біп-биік
Қою қара көк бұлт
Жайнап, ойнап, құлпырып

Көкшетауды тұр сүйіп [3, 159 б.], – делінген жолдардың бүлікке шақырған, ел бірлігіне қас көңіл емес, шығыс, қазақ тарихына тән биік белестерді еске алу, бұқараны рухани азаттыққа үндеу рухымен төркіндес ниетінен туғандығын айтса. «Аспанменен тіресken Көкшетау», «Тәңіріменен тілдескен Көкшетау», «Қою қара көк бұлт» деген айқындаулар өлең өрісін кеңейтуде ерекше қызмет атқарып тұрғандығын көрсетеді. Өз мысалдарында бұрыннан айтылып келе жатқан эпитеттерді қайталамай өзінше ізденіп, жаңаша мазмұнда айқындаудың әр түрін жырларында шеберлікпен орынды қолданғандығын, олар арқылы адамның көркем образын жасағандығын байқатады. Ақынның қиыннан қиыстырып қолданып отырған айқындаулары өзі жырға қосып отырған объектіні, өмір құбылыстарын бейнелі оймен бере білу жағынан басқа суреткерлерден ерекшеленеді.

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби тілге үстеме мағына беріп, шығармашылық

мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеуді өз шығармасында талғампаздықпен пайдалана білген ақын «Еділде» атты өлеңінде:

Бүктеліп жатқан бел,
Сүтке тойған марқадай
Бұйра қою қарағай,
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір малтадай,
Арнада өзен қылықты

Қылмыңдаған қалқатай [3, 235 б.], – деп келтіріп, халық тілінде қалыптасқан, кейде балаларға қаратылып, кейде «тойған қозыдай томпиып отырсың ғой» деп үлкен адамдарға да қаратып айтылатын «Сүтке тойған қозыдай» деген теңеуді қолданудағы шеберлігін танытса, қазақтың ұлттық тағамының бірі құрт болса, сол құрттың езілмейтін малта түрі су ағысымен екшелген жұмырланған тасқа баланатындығын аңғартады. Табиғаттың манаурап жатқан бейнесін суреттеу үшін қолданған «марқадай» теңеуі өзінің тапқырлығының жемісі екендігін көрсетеді. Ал, өзеннің арнасынан асып, бұлықсып ағуын, жігіт алдында әртүрлі ерке қылықтар көрсеткен қыздың мінезіне балап, оқырманына өзеннің ағысын қыздың «қылмыңдаған» әрекетімен ойша салыстыру мүмкіншілігін береді.

«…Жазушы заттың не құбылыстың ерекше белгілерін атап көрсетпей – ақ оны басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы шығармасының мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдардың бірі – теңеу» [4, 227 б.], – дегендегі академик Зейнолла Қабдоловтың сөзін еріксіз еске түсіреді.

«Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы – сөз» [5, 2 б.], – деп заманымыздың белгілі ақыны Олжас Сүлейменов айтқанындай, жастарды тәрбиелеуде сөздің құдіретті күшін пайдаланудың маңызы зор екендігін сезінген ақын өнегелі, өрелі асыл сөздерін кейінгі ұрпаққа сыйлайды.

Егемен еліміздің ертеңгі қызметін атқарар лайықты тұлға – ол жастар екенін ескеріп, «Мен жастарға сенемін» өлеңінде елдің қалыптасуына жастардан үлкен үміт күтіп, аманат сенім артатындығын ағартады.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға

Мен жастарға сенемін [3, 35 б.], – деген Мағжан жастардың ерік-жігерін, күш-қайратын «аң патшасы арыстанға», «қайратты жолбарысқа», «ақиық қыран құсқа» балайды. Өзінің шығармасында қолданыс тапқан теңеулердің сан түрлі болып келетіндегін

«Алатау» өлеңіндегі:

Көп жылдар желдей заулап есті ме екен,
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!
Қияның қыранындай қайсар елдің
Басынан күңгірт көшті ме екен?
Шыңдары арысымен араласқан,
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан
Күңіреніп қоңыраулы қара нардай

Қап-қара қорғасындай бұлты басқан [3, 209 б.], – деген жолдарда кездесетін дай-жұрнағы арқылы жасалған «желдей», «қияның қыранындай», «қап-қара қорғасындай», «қара нардай» эпитетті теңеулер арқылы көрсетеді. Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі теңеуді ақын өз шығармаларында шеберлікпен қолданып заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей ақ, басқа заттармен, құбылыстармен салыстыра бейнелегендігін байқатады.

Академик З. Ахметовтың «Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипатын, белгісін, түсін, дыбыс үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып, бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі», – дегендегі ойын нақтылайды.

Ақынның қай шығармасын алсақ та, сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін сөз мәнін өңдендіріп, ажарландырып, мазмұнын тереңдететін жалпы тілдік категория, сөзді астарлай қолдана білуінің шеберлігін танимыз.

Мәселен: Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,
Жан сусынын көз жасымнан қандырған
Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым- ды,

Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған [3, 198 б.], – дейтін шумақпен басталып, аяқталатын «Берниязға» атты өлеңінде бұрын өзіне қатысты қолданылатын метафора жаңаша түлеп, асыл махаббат жолында құрбан болатын жалын жастың елден оқшау бітімін даралауға қызмет ететіндігін. «Ақын – бала», «ақын – бөбек» деп балаға, бөбекке балайтындығын көрсетсе.

«Өткен күн» атты өлеңіндегі:

Өткенді ойлап қайғырма,
Әр кәмалға бір зауал.
Ежелден болмақ емес пе?
Ескіше тұрып егеспе,
Заман – түлкі, тазы бол,

Базарма дүкен құр енді [3, 39 б.], – деген жолдар арқылы ауыстыруды ұтымды пайдалана білгендігін аңғартады. Заманды түлкімен жай ғана салыстырып қоймай, заман қу болса және де заманның ағымы тез болса, сен одан да тез бол, – деген ақылын айтады. «Заманың түлкі болса, Тазы болып шал», – деген қазақ мақалын еске салады.

Ғалым Қажым Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде айтылған: «Метафора тіл табиғатында терең тамыр жайған сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін жалпы тілдік категория, сөзді астарлай қолдану» дегендегі пікірін мойындатады.

Мағжан Жұмабаев өз шығармашылығында қайталаудың небір түрлерін жан-жақты, әрі өте әсемдікпен пайдаланылған.

«Пайғамбар» өлеңінде:

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр.
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып,
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.
Қап-қара түн. Уақыт ауыр күтеді,
Ой артынан ойлар келіп күтеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,

Күншығыстан бір пайғамбар күтеді [3, 14 б.] – дегендегі ол дыбыс үндестігіне негізделген туындыдағы әдепкі қайталаулар арқылы өлеңнің әсемдігін, әсерлілігімен қатар, өлеңнің композициялық құрылысын ерекшелеп, оқырман көңілін баулыса.

«От» өлеңіндегі:

Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім – қысық, көзім де – от.

Өзіме-өзім табынам,
Жерде жалғыз тәңірі – от,
Оттан басқа тәңірі жоқ [3, 12 б.]. – деп кезекті қайталаулар арқылы сөз екпінін әрбір ой ағымының аяқ жағындағы «от» деген сөзге түсіріп, оттың жалыны – ақын жүрегіндегі шабыттың екпіні екендігін түсіндіреді.

«Әйел» өлеңінде:
Жерде жалғыз зарығып,
Жұмағын көкте сағынып.
Жылады баспай өксігін,
Жасты көріп жаратқан [3, 133 б.]. – деп қазақтың халық поэзиясындағы аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыс бірлестігін ұтымды пайдаланғандығын танытады.

«Ой» өлеңінде:
Ой деген у – ауызға алсаң қандырар,
Ой деген у – жанды есінен тандырар,
Ой деген у – ішсең мас боласың,
Ой деген у – ішесің де соласың [3, 183 б.] – деген жолдардан аллитерация мен ассонанс тәсілін пайдалану арқылы өлеңнің мазмұны мен мәнін келтіріп тұрғандығын, керемет дыбыс әуезділігін жасағандығын көрсетеді.

Ал, «Жел» атты өлеңінде:
Жел – тым тентек бір бала,
Жан сүйгені – сар дала.
Дамыл алмай жүгірер,
Ерні өтірік қыбырлап,
Сыр айтқан боп сыбырлап,
Кейде өгіз боп өкірер.
Желге ешнәрсе тең келмес,
Тау да жолын бөгемес,
Сақ-сақ күліп секірер.
Жүйрік желім кім сотқар,
Біреу бетін жапса егер,

Әдейі бетке түкірер [3, 148 б.] – деп, кейіптеу тәсілі арқылы жансыз «жел» бейнесін жанды, тірі адамға айналдырып, бірде ерке балаша «дамыл алмай жүгіртіп», «ернін өтірік қыбырлатып», «сыр айтқан болып сыбырлатып», бірде «сақ-сақ күлдіріп», «жорғалай басып жүгіртіп»қояды. Яғни, ақын беймаза желді құдды тірі кісідей құбылтып, оған қызық-қызық қылықтар жасату арқылы, өзі суреттеп отырған шындыққа тағы бір тың шырай береді, шынайы сыр дарытады.

Қорыта келгенде, Мағжан Жұмабаев – қазақ поэзиясында жарқын жырларымен от шашып, өшпес із қалдырған тұлға,сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өз ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Көркем сөзбен көрікті өлеңдерді әдебиетіміздің әлеміне сыйлаған ерекше жан.

XX ғасыр алып тұлғаларының шығармашылық тағдырын зерттеуші, академик Рымғали Нұрғалидың сөзімен айтсақ: «Мағжан поэзиясы мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу- маржаны махаббат, сүйіспеншілік, ғашықтық стихиясының сан алуан тылсым, жұмбақ күйлерін шерткен, терең ақындық шабыттан толқып туған, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген, ішкі мазмұны мен түр кестесі жымдаса ұласқан, ықшам, жинақы, жұп-жұмыр жауһар дүние» [5, 93 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Боранбаева Ж. Қ. Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі,. Астана, 2004
2 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан,. Алматы, 1998
3 Жұмабаев М. Батыр Баян,. Астана: «Елорда», 1998
4 Қабдолов З. Сөз өнері Алматы, 1976
5 Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, А., 1995
6 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры,. Астана: «Күлтегін», 2002

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ «БӨРІ» СИМВОЛИКАСЫ

АЛИНА М.
7 сынып оқушысы, Майқоңыр ЖОББМ, Ертіс ауданы
БАЯГАНОВА Г. А.
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, Майқоңыр ЖОББМ, Ертіс ауданы

Қазақ мифологиясы – Ежелгі мифтердің ертегілер мен аңыздардан айырмашылығы, мифтердің мазмұнында ертедегі халықтардың жаратылыстық-ғылыми және тарихи таным-түсініктері көбірек ұшырасады. Бұған мысал ретінде жердің жаратылуы жайлы немесе барлық тіршілік атаулының «әлемдік жұмыртқадан» шығуы жайындағы көне үнділік мифті, болмаса жер жүзін топан су басуы туралы мифті келтіруге болады. Алғашқы мифтер өте бағзы замандарда пайда болған, содан әрбір жаңа мыңжылдық сайын қарапайымнан күрделіге қарай сатылап даму

дәуірлерін өткерген. Мифтер – адамдардың дүниетанымының көрінісі. Солар арқылы жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы жөніндегі мыңдаған жылдар бұрынғы түсінік, көзқарастар бізге жетіп отыр. Ертедегі адамның санасы мифологиялық сипатта болған. Қазақтар жақсылық істерді басқаратындарын аруақ, періште, перизат т.б. десе, жамандық істерді басқаратындарын пері, шайтан, жын, албасты, жезтырнақ т.б. деп атайды.Қазақ халқының ұғым-түсінігінде Қыдыр сәттілік пен бақ беруші, көбіне иман жүзді қарт түрінде бейнеленіп, өзін көзімен көру сәті түскендерге бақыт сыйлаушы ретінде суреттеледі. Яғни, күнделікті кездесетін адамдардың арасында Қыдыр-ата болуы мүмкін: ол әр түрлі кейіпте көбіне кедей адам секілді жүреді. Одан сый алу үшін кез келген адамға, оның әлеуметтік мансап-мәртебесі мен байлығына, киіміне, түр-әлпетіне қарамай, қонақжайлық көрсету керек,өйткені ол Қыдыр болып шығуы мүмкін. «Қырықтың бірі Қыдыр« сөзінің астарынан осындай түсініктен туындаған моральдық факторды көруге болады. Қыдыр ата бүкіл халықтың қамқоры, оларға жақсылық жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші, бақыт, береке, өмір сыйлаушы қасиет иесі, кемеңгер, әулие, көріпкел, жарылқаушы қарт. Ол Ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындайдан шыққан. Ал, жындардың, албастылардың, шайтандар мен басқа да мифологиялық мақұлықтардың пайда болу туралы мынадай әңгімелер айтылады. Адам ата мен Хауа ананың арасында адамның кімнен жаратылғандығы жөнінде талас туады: Хауа ана «менен» десе, Адам ата «жоқ, менен» дейді. Қайсысының сөзі рас болып шығатынына көздерін жеткізу үшін екеуі ұрықтарын бөлек-бөлек жинайды. Адам ата ұрығын құмыраға сақтайды, Хауа ана мақтаға орап қояды. Белгілі бір уақыт өткен соң қараса, құмыра ішінде адам пайда болған екен, мақтаның ішінде де бірдеңе жыбырлайды. Бірақ ол адам емес, дию, жын, пері болып шығады. Албасты, жын-шайтанның әйелге үйір келетіні де осыдан дейді.

Далалы жерлердің өзендерінде, қамысты сай-салаларында, иірімді тұмаларда сұлу арулар – су перілері өмір сүреді. Қазақтар оларды Күлдіргіш деп атайды. Күлдіргіштер су түбінде жасырынады. Сол себептен қамыс пен құрақ өскен жайылма айдын қауіпсіз, тыныш болып көрінеді. Ағаштардың жуан діндерін аймалаған су ақырын ағып жатады. Қайраңды саланың мөлдір суында серке балықтардың шорши жүзгені жоғарыдан байқалып тұрады. Осындай аялы да саялы жерлерде қауіп бар деп ешкім ойламайды. Тұңғиықта,

сарғыш қоңыр өзен балдырында Күлдіргіш жасырынатынын біле бермейді. Перілер жалаңаш келіп, шомылып жүрген жас жігіттерді қызықтырып, арбайды, еліктіріп, қастарына шақырады. Жігіт жақындай бергенде жармаса кетіп, ұзын қолдарымен мойындарынан орай қысып, өлгенше қытықтап, су түбіне, балдырлы түнекке тартып әкетеді.

Жезтырнақ – имек жез мұрынды, үлкен жез тырнақты, сұлу жас әйел кейпіндегі жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ ғаламат зор қара күш иесі, ащы даусы жер жаңғырықтырады. Өзінің айқайымен ол құстар мен ұсақ хайуанаттарды өлтіре береді. Кейбір мифтік ертегілерде жолы болғыш аңшылар жезтырнақтарды айламен жеңеді. Сондай аңыздардың бірінде іңір қараңғысында бір жас келіншектің алаулатып от жағып отырған аңшының қасына келгені баяндалады. Аңшы оны дәмге шақырады. Ол үнемі, тіпті тамақ жеп отырғанда да мұрнын жеңімен көлегейлей бергеніне қарап әйелдің пері екенін аңғарады. Әйел кеткеннен кейін аңшы оттың қасына бөрене тастап, оны өз киімімен жабады да, мылтығын оқтап, ағаш басына шығады. Түнде жезтырнақ қайтып келіп, бөренені тарпа бас салады, тырнағы ағашқа бойлай кіріп кетеді. Сол кезде аңшы әзәзілді дәл көздеп атып өлтіреді.

Ит мұрыны өтпес ормандарда, көнерген тау соқпақтарында, адам аяғы сирек басатын ми батпақтар арасында жауыз орман перісі – Көнаяқ тіршілік етеді. Аяқтарының орнында қайыс белбеу болады. Өздері адам ұшырасқанша тырп етпей күтіп жатады екен. Меңіреу жыныс орман ішінде адам келе жатса, кенет алдынан шыға келіп, таңырқаған жолаушыны атымен атап, жайма-шуақ сөйлесіп, жол көрсетуге уәде береді. Сөйтіп, сенімге кіріп алған Көнаяқ қалжыраған жолаушыға қарғып мініп, оны қайысымен байлап-матап, әбден әлі құрып, өлесі болып құлағанынша қуалап мініп жүреді.

От – Ұмай Тәңір-Ананың адамға сыйлаған жылуы мен ризығын бейнелейтін құдірет деп,ежелгі түркілер санаған. От-Ана құдайы Ұмай Тәңір-Ананың табанынан жаралған. Оның әкесі – құрыш, шешесі – шақпақ тас. От-Ана адамның үйінде, ошағында өмір сүреді. Адамдардың жаратылып, өмірге келуі От-Ананың желеп-жебеуімен болады. Қазақтардың отбасында жаңа түскен жас келін алғаш табалдырықтан аттағанда, күйеу жігіттің анасы немесе басқа бір егде әйел алақанын отқа жылытып, сонымен қалыңдықтың бетінен сипайды. Табиғат пен тіршілік – адам қиялының қайнар көзі. Мифтерде халықтың шынайы тұрмыс-тіршілігі де, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар да көрініс тапқан.

Түбі бір түркі тілдес халықтардың ауызекі әдебиетінде түбірі, мағынасы бір сөздер көптеп кездеседі. Біреуі өзінің мәнін жоғалтып пайдаланудан шықса, енді бірі уақыт өте бейімделіп, тұрмыстірлікте қолданып келе жатыр. Сол сөздердің ішінде «Көк бөрі» сөзі мені қызықтырды. Бір қарағанда жай ғана бөрі, тарлан қасқырдың түсін білдіретін сөз тізбек сияқты болып көрінгенмен, түбірінде кең мағына жатқанын түсіндіріп көрейін.

Барлығын көрсету. Мен «Көк бөрі» сөзінің мағынасын зерттеу барысында «көк» сөзіне тоқтала кетуді жөн көрдім. Мына төмендегідей мағыналарды сөздіктен таптым:

а) түпсіз тұңғиық аспан әлемі, әуе.

Құс алған көкке қарар (халық даналығы)

ә) Көк аспан – көк жүзі, аспан күмбезі

б) Көк күмбезі – аспан әлемі

в) Киіз үйдің керегесінен т.б. көктейтін түйенің терісінен істелген таспа, қайыс.

Қарап тұрдым керегенің көгінен (С. Сейтқазин).

г) Заттың көгілдір аспан тәрізді түсі. Бала көкке құмар болады.

ғ) көк бөрі – азулы, адуынды деген мағынаны білдіреді.

М. Жармұхамедовтың «оғыз нама» дастанында «көк» сөзі айрықша жиі қолданылып бір-бірінен алшақ үш түрлі мәнге ие болып тұр:

А) Заттың сын – сипатын білдіретін кәдімгі «эпитет» түрінде («өң – шырыйы көк еді», «көк жарық түсті», «жарық айнадан көгілдірек», «көзі көктен көгірек», «көк бөрі», «көкжал арлан»).

Б) Белгілі бір заттың не кісінің тікелей аты («көк шатырымыз болсын», «оқты көкке атыңдар», «Көк – Оғыздың ұлының аты»).

В) Жаратушы, әмірі күшті Алла («көк тәңірі», «көктен көк жарық түсті», «қыз күлсе, көк тәңірі» мағынасында «тәңірі күлер еді, жыласа көк тәңірі жылар еді», «көк тәңірге мен өтемін»).

Мен бұл «көк бөрі» сөзін талдау барысында алдыма қойған көптеген мақсаттарым болды. Мысалы ең негізгілерін атап айтатын болсам;

– Байрағымыз неге көк?

– Түріктер өзінің шығу тегін неге көк бөріден таратады?

– «Көк бөрі» туралы көптеген аңыздар шындыққа ұласа ма?

– С. К. Игібаевтің «Түркі қағанатының құрылуы және оның күйреуі» атты тарихи еңбегіндегі айғақтары нені дәлелдеді?

«Оғыз қаған» жырындағы жол бастаған Көкжал бөрінің көк бөріге қатысы бар ма?

Тұрсынханұлының кітабы неге «Көк бөрілердің көз жасы» деп аталды?

Тудың көгілдір бір түстілігі бұлтсыз ашық аспан күмбезін еске түсіреді. Зеңгір көк ашық аспан барлық халық үшін әрқашан бейбітшіліктің, аманшылық пен тыныштықтың белгісі болған.

Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Көк бөріге қатысты әңгімелер ежелгі үйсін, түркі және монғол аңыздарында кездеседі. Көк бөрі туралы аңыздардың қытай тіліндегі жылнамаларында сақталып қалған деректерде былай суреттеледі;

Бір халық жаугершілік заманда қырылған екен. Бетпақ дала ішінде аяқ – қолы шабылып жараланған он жасар бала ғана тірі қалғандығы айтылады. Ол балаға бір қаншық қасқыр жолығып, емізіп, қанын тоқтатып, жарасын жалап жазып алады.

Бала есейгенше сол қасқырмен бірге тұрған деседі. Кейін жаулар бала жігітті тауып алып, өлтіргенше буаз қасқыр Гауачан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырыныпты. Қаншық қасқыр осы үңгірде 10 бала босанады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналыпты – мыс. Он ұлының ең күштісінің Ашшина есімі олардың жалпы атына айналыпты, кейін халық үңгірге сыймайтын болған кезде Ашшинаның ұрпағы Асянь – Шад деген елбасы халықты үңгірден шығарып, олар түрік деген атпен Алтайды қоныс еткен. Мен оқып танысқан «Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан мынандай деректен екінші сұрағыма жауап алғандаймын. Енді «көк бөрі» аңыздарының шындығы қайсы десеңіз, б.з. V ғасырының бес жүз үйлі бөрі тайпасы Сарыжазық дейтін өз мекенінен көшіп, Алтайдың оңтүстігіне барып қоныстанады. Бұл заманымыздың 439 жылы болатын. Елді бастап барған бектің аты – Түркіт екен. «Түркіт» – «дулыға» деген сөз – күшті, ержүрек мағынасында айтылады. Түріктер сол заманда – ақ темір қорыта білген. Темірден қару – жарақ, қажетті бұйымдар жасаған. «Көк бөрі» аңызы осындай тарихи оқиғалардың елесі болуы мүмкін. Түрік тайпалары ежелден өз туына бөрінің бейнесін тоқып салатын, соғысқа шыққанда атының басына бөрінің бас терісін қаптап салатын болған. Қасқырдың төтемдік рөлінің түркі халықтарының танымындағы орны ерекше.

Сурет 1

Көк бөрі. Түркі халықтарының символы. Ерте заманда аталарымыз көкжал қасқырды пір тұтқан. Себебі ол қандай қиыншылыққа да төзімді, өзінің жауларынан да, табиғаттың дүлей күшінен де қорғана алатын күшті, қолға үйретуге көнбейтін, туған жерінен басы ауған жаққа кетпейтін және өз ұяластарын сыртқы жауға бермейтін, қызыл кітапқа енбеген, саны көбеймесе азаймаған ержүрек, ақылды да айлакер аң. Аталарымыз көк бөрінің осы қасиеттерін өз ұрпағының болмысында болуын қалап, балаларына үлгі тұтқан. Сол себепті ол бүгін де халқымызға символ бола алады.

Көк бөрі – түркі халықтарына кең тараған тотем, мифтік бейне. Көк бөрі бейнесін ашпас бұрын алдымен «тотемизм» деген терминнің анықтамасын бере кеткіміз келеді. «Тотемизм» Солтүстік Америка үндістерінің «otatemon» деген сөзінен шыққан, «оның тегі» деген мағынаны білдіреді. Ол – алғашқы қауымдық құрылыстың әлеуметтік-идеологиялық болмысынан, адамдардың өзара қарым-қатынасы мен діни нанымынан, шаруашылық түрлерінен мәлімет беретін өте күрделі жүйе.Түркі халқында шығу тегін қаншық қасқырдан тарататын бірнеше аңыз бар. Мәселен, бір аңызда: Түріктердің ата-бабалары Све Сібе еліне қарайды. Ғұндардың солтүстігінде өмір сүреді. Олардың ру ақсақалы – Апаңбу деген кісі. Ол ағайынды он жеті екен. Солардың ішіндегі Ижі-Нишыду дегені бөріден туыпты… десе, екінші аңызда: «Түркілердің арғы ата-бабалары Ашина Сихай (батыс) көлінің құбылысына өз тайпасын қондырып, ел болған екен дейді. Күтпеген жерден ашиналықтарға көршілес бөгде тайпа шабуыл жасап, қырып салыпты-мыс. Ойран-топан болған жұртқа он жастағы баланың аяқ-қолын кесіп, тірі тастап кетіпті. Қаншық қасқыр оны тауып алып асырайды. Ер жеткен соң әлгі бала қаншық қасқырға үйленіпті-мыс. Осы кезде ата жауы баланың тірі екенін біліп, тауып алып, өлтіріпті. Осы ұлдан жүкті болған қаншық қасқыр Гоаданның (Тұрфан) терiскейіндегі тау қойнауына барып тығылады. Осындағы үңгірді паналап жатып, он ұл тауыпты-мыс. Олар өсіп, ер жеткен соң, сол өлкенің қыздарына үйленеді. Сөйтіп, олар бір рулы ел болады. Ашина қабілетімен, ақыл-парасатымен дараланып, ру басшысы болған екен. Ол ата тегін мәңгі есте қалдыру үшін, орда ауласының алдына, қасқырдың басын бейнелеген байрақ іліп қоятын болған. Кейін де ру молайып, үлкен ел болыпты. Ашинаның ісін жалғастырушы Асян-шад қасқыр ұрпағын Гоадан аңғарынан ертіп шығып, Алтай тауына әкеп орналастырады. Олар осы Алтай тауында «түрік» деп атанған. Түрік қағандарының ордасында көкбөрінің басы сызылған ту асылады. Олар өздерінің келіп шығу тегін есінде сақтап, осылай істеген, –

делінеді.Көк бөріні тотем тұту қырғыз, қарақалпақ, өзбек халқының ғұрыптық фольклорында да жан-жақты көрініс алады. Қазақ халқының танымында көк бөрі көк Тәңірінің нұры, жеңімпаздық символы, ерліктің тұлғасы болып табылады. Түркі халықтарының бір мифінде Тәңірі адамдарға қатты ашуланып, олардан теріс айналады делінеді. Бір кездері құт басқан ұлан-ғайыр өлке әп-сәтте құлазыған жұртқа айналып, ду күлкі мен шаттықтың орнына құзғындардың сұңқылы ғана естіледі. Міне, осы иесіз жұртқа құдайдың құдіретімен қаншық қасқыр келіп, ауыр жараланған ер баланы қан сасыған сайдан тауып алып, тісімен аса мұқият тістеп, алыстан мұнартқан таулар арасына кетеді. Сол таулардағы үңгірде баланы емдеп, асыраған қасқыр бала ержеткенде онымен некелесіп, ерен күшті он ұлды дүниеге әкеледі. Он ұлдың бірі Ашина ұлы әмірші болады. Ол қоныс еткен жеріне анасының құрметіне арнап, қасқырдың бейнесі алтын жіппен әдіптеліп, көмкерілген туын тігеді екен, – деп сипатталады.Бұл мифтің де негізгі арқауы жануарлар мен адамдардың шығу тегі туралы тотемдік түсінікте жатыр. Бұл жерде қасқыр бейнесі архетип, яғни мифтік символ ретінде алынып отыр. Басқа мифтермен салыстырғанда бұл мифте ата-бабаларымыздың діни көзқарасы айқын аңғарылады. Басқа мифтерде қасқыр мен адамның некелесу себебі түсіндірілмесе, бұл мифте адамдар түгелдей күнәға батқандықтан да жаны пәк ұланға жар болуға тек күнәдан ада рухани бейне – қаншық қасқыр лайық келеді. Тотемдік мифтердің көбінде адамның неліктен белгілі бір аңнан пайда болғаны егжей-тегжейлі түсіндірілмейді, ал жоғарыдағы мифте қасқыр тотемі биіктеп, Тәңірінің ең сүйікті бейнесі ретінде биікке шығады. Бөрі культі ел арасында әлі күнге дейін кездесіп, батырлар туралы аңыз әңгімелерде ол батырдың нагуалы, яғни жебеуші рухы ретінде көрініс алады.Түркі халықтарының фольклорында қасқыр бейнесі түрлі жанрларда: ғұрыптық поэзияда, эпостық жырларда, паремеологияда, халықтық прозада кездеседі. Осы жанрлардың барлығында қасқыр негізінен үш түрлі түспен, атап айтсақ, көк бөрі, ақ қасқыр және қара қасқыр болып бейнеленеді. Қасқыр бейнесінің бұлайша өзгеріп отыруының символикалық мәні зор. Мұсылман қауымы үшін жасыл – Алланың рақымы жауған қасиетті түс болса, түркі халықтары үшін көк түс – Тәңірінің шапағатты белгісі болып табылады. Көк түсті түркілердің аса қадірлегенін айта келіп, Ә. Ақышев «түркілер өз ішінде көк, қызыл және сары түріктер болып бөлінген. Көк түрік олардың тектілігін білдіреді» деген ойды айтады.«Қара» – көк сөзіне қайшы түс болып табылады. «Көк бөрі», «көкжал қасқыр» деп адамға дос, қамқоршы бейнені суреттесе, «қара қасқыр» арқылы қаскөй, зұлым

күшті бейнелейді. Мысалы, «Сырттандар» атты ертегіде «Түсінде бір қара қасқыр жейін деп баланың аяғына ауызын сала бергенде, бала шошып оянады» – деп балаға жерік болған қасқырды қара, ал баланы құтқарушы иттің сырттанын «үлкендігі тайыншадай, алқымы даладай, екі құлағы тебінгідей, екі көзі қып-қызыл, екі езуі салбыраған ұзын тұмсық, жүндестеу келген қара ауыз көк ит екен», – деп суреттейді. Ертегіде қасқырдың қаскөйлігін көрсету үшін қара, иттің қасиетін ашу үшін көк түспен бейнелеп тұр.

Қорыта айтқанда, қазақ фольклорындағы көк бөрі бейнесі мынадай негізге қызмет атқарады:

Жас сәбилерді асырайды;

Қиын-қыстау кезеңде көмекке келіп, тығырықтан шығар жолды көрсетеді;

Тұтастай халықтың ілкі ата-бабасы болып табылады;

Жеке адамның нагуалы – жебеуші пірі болып табылады.

Ал, жалпы қасқыр бейнесінің символикалық мәніне тоқталатын болсақ, ол екі сатыда беріледі: біріншіден, тотемдік сатыда ерлік пен қайсарлықтың, күштілік пен еркіндіктің символы ретінде алынады; ал екіншіден, көркем сатыда қорқаулық пен ашкөздіктің, сар Күнде көтерілген Алтын бөрі бас ту мен Бөрі (Көк бөрі) деп шақырған ұран олардың ұрпақтарымен тарих көші соқпағында кешегі XIX ғасырға дейін тозбай, өшпей бірге келді.

«Бөрі басы» – ұраным,
Бөрілі менің байрағым!
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым
Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып жүргенде

Бөлініп қалған жан емен, – деп келетін Сүйінбай ақын жыры осының куәсі. Бұл жыр жалғыз Сүйінбай ақынның сөзі емес, тарихтың сөзі. Қазақ халқы қазіргі күнге дейін ержүрек, батыл жігіттерді «Көк бөріге» теңеп көркем шығармаларда бөріні батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы төртінші кітап. – Алматы. – 2004.

2 Тойшанұлы А. Түрік мифологиясы: Монография. – Алматы. – 2009 ж.

3 Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан аңыздары. Қазақстан балалар энциклопедиясы. –Алматы. – 2007 ж.

4 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы. – 1999 ж.

5 Б. Аяған. Сөз мәйегі. – Алматы. – 2007 ж.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР –ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

АЛТАЕВА А. А.
оқушы, «№ 47 ЖОББМ» КММ, Семей қ.
АМИРСАНА Г. Б.
оқушы, «№ 47 ЖОББМ» КММ, Семей қ.
КУРМАНБАЕВА Ж. К.
мұғалім, «№ 47 ЖОББМ» КММ, Семей қ.
МАҚСҰТОВА А. М.
мұғалім, «№ 47 ЖОББМ» КММ, Семей қ.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт -дәстүрлерді аялап, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев бекіткен «Мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеттері ретінде «...қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеу бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі болып келетінін» атап көрсетті.

Жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының мақал- мәтелдерінің алатын орны ерекше. Өйткені оларда халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірбиесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан. Алайда халқымыздың осы асыл мұрасын тәрбие көзі ретінде пайдалана білсек ұтпасақ ұтылмаймыз. Ізгі тәрбие- тағылым құралы болып табылатын ата-бабамыздан келе жатқан мақал мәтелдер ұрпақ тәрбиесіне керек-ақ.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: тәуелсіз еліміздің дамуы үшін мәдени рухани жетістіктерді келешек ұрпаққа қалдырудың үлесі зор. Ол үшін бүгінгі өскелең ұрпақтың саналы да, тәрбиелі болып өсуіне көңіл бөлуіміз қажет. Осы мақсатта жүргізілген сауалнамаға 340 респондент қамтылды. Нәтижесінде мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні зор, қолдануға қажет деп респондеттеріміздің

80-85 %-ы жауап берді. Бұдан біз жастарды тәрбиелеудегі қазақ мақал-мәтелдерінің алатын орны мен тәрбиелік рөлін анықтадық.

Ұрпақ тәрбиесі - ұлттың тағдыры. Өз ұрпағының тәрбиесін өз жолына қоя алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жастарды тәрбиелеудегі қазақ халқының мақал-мәтелдерінің алатын орны мен мән-мағынасын, тәрбиелік рөлін анықтау.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:

1 Әлеуметтік сауалнама арқылы мақал- мәтелдердің тәрбиелік рөлін анықтау;

2 Сауалнама нәтижелерін пайдалана отырып, мақал-мәтелдердің тәрбиелік рөлінің маңызын ашу, баға беру;

3 Көпшілікті таныстыру негізінде зерттеу нәтижелерін беру.

Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы білім беру мен рухани саласын дамыту, ел ішіндегі мәдени мұраның сақталуы мен тиімді пайдалануын қамтамасыз ету бағдарламаның басты мақсаты болып саналады. Қазақ халқының мәдени мұрасы ғасырлардан ғасырларға жеткен дәстүрді сақтау мен одан әрі дамытуға бағытталған кешенді шаралармен тарих пен мәдениеттің жаңа беттерін ашумен сипатталады. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қаулыға 2004 жылы 13 қаңтарда ҚР Президенті қол қойғаннан бері қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі басты тақырыптардың бірі – осы мәдени мұраға қайта оралу, оны бұқараға жеткізу мен әлемге таныту болып саналады. «Мәдени мұра» бағдарламасын жандантып осынау өмірге әкеліп жан берген – мемлекет. Елбасының тәуелсіздік алған уақыттан бергі көкейінде жүрген жаңашыл идеяларының қатарында «Мәдени мұраның» нақты орын алуы Тәуелсіз еліміздің бірлігі мен тұтастығын, саяси жүйенің тұрақтылығын, идеологияның жұтамауын, рухани мұраттарға сенімнің нығаюынан туған деуге болады. Жаһандану дәуірінің ұлы жолында жақсысын бойға сіңіріп, жаманынан аулақ болуды Елбасы өзінің «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты жазған еңбегінде атап өткен болатын [1, 9 б.].

Мақал-мәтел – әрі қысқа, әрі нұсқа айтылған сөз мәйегі, ой маржаны. Мақал-мәтел бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың алғашқы үлгілері есте қалмаған ықылым заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан. Бұл жолда әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған. Мақалдар мен мәтелдерде айтылмайтын, сөз болмайтын өмір саласы жоқ десе де болады.

Мақал-мәтелдерден халықтың ой-санасы, дүниеге көзқарасы, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, мазмұн тереңдігімен, түр жағынан ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан салалы құбылыстарына баға беріліп, ой түйінделіп, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі негізінде пікір айтылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мектеп оқушылары бойындаадамгершілік қасиет және тұрмыс негіздерін қалыптастыру, танымдық шығармашылық қабілетін айқындау туралы айтылған. «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі» деп Әл-Фараби айтқандай, оқушыларға рухани тәрбие берудің орны ерекше.

Халық терең ойды аядай қалыпқа сыйғызып, шебер беруге тырысқан. Сөйтіп, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жинақтап, қорытып береді. Онда халық тарихы, әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі кең көрініс тапқан.

Мақал менен мәтелдерде халқымыз жақсылық пен жауыздықты, адамдық пен арамдықты, еңбеккерлік пен еріншектікті, жомарттық пен сараңдықты салыстыра сөз етеді. Адамгершілік жолына нұсқан, мін келтіретін жамандық пен жауыздық қылықтардың барлығын батыл сынап, жиренте әшкерелеп, бүкіл жұртшылыққа адамгершілікке тән мінез, қылықтардың барлығын ұсынады.

Қазақ халқының ұлттық өнерін ұрпақ бойына сіңіріп, жастарымыздың білікті азамат болып қалыптасуына «Мәдени мұра» бағдарламасының берер пайдасы мол деп білеміз. «Қазақ халқының мақал-мәтелдері – ұлттың рухани құндылығы» атты осы жобамызда, қазақ халқының бай мұрасы – халық мақал-мәтелдері мен оның тәрбиелік мәні жайлы сөз қозғамақпыз. Осы жобамызда біз қарастырып отырған «Мәдени мұрамыздың» бір тармағы, яғни біздің сөз еткелі отырған әңгімеміз, қазақ фольклорының алтын көмбесі қазақ мақал-мәтелдері мен оның құндылығы. Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы . Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады [2, 12 б.].

Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал- мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А. Байтұрсынұлы «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес

айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп көрсеткен болатын [3, 33 б.]. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлихановтың «Таңдамалы шығармалар» еңбегіндегі біршама мақал-мәтелдер әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдаған, көп оқып білімін байытқан өскелең ұрпақ қана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз мақал-мәтелдерден өнеге алмақ. Халқымыз: «Есік алдында төбең болса, ерттеп мінген аттай болар, Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хаттай болар», демекші «атадан-бүгінгі балаға» – даналық сөзі болып жеткен мақал-мәтелдердің орны қазақ әдебиеті тарихында әрине биік деп білеміз. Белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мұрат Әуезов: «Мәдени мұра» бағдарламасын аяқтадық деп айтудың өзі мен үшін ауыр сөз. Өйткені, біз осы жылдарда оған үйреніп, әлі де онымен бірге жасай беретіндей болып табысып қалған едік. Мұның өзі біздің қоғамдық санамызды жаңа, сапалы деңгейге көтергенін айту парыз. Осыны біз аяқталу демей, бірінші кезең деп атап, енді екінші кезеңге аяқ бастық деп жарияласақ жақсы болар еді. Бірінші кезеңді біз мәдени мұраларымызбен іргелі түрде танысу, ал екінші кезеңді оны халық игілігі үшін пайдалану деп атағанымыз жөн болар еді», – деп санайды [4, 138 б.]

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым – қатынасында пайдаланады.

Біздің: «осы мақал – мәтелдерді адамзат өз өміріне пайдалана ма екен, олардан қандай тәлім – тәрбие алады, оның өзіндік ерекшеліктері қандай?» – деген сұрақ көкейімізде тұрды. Сол себепті осы сұрақтың жауабын ғылыми жобаны зерттей отырып қол жеткізуге бел будық.

«Қазақтың мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәні» атты зерттеу жұмысының әлеуметтік мониторингісі.

Оқушылар қауымының қатысуымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесі ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алатыны анықталды. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған әлеуметтік сауалнама материалдары осыған дәлел.

1-кестеде респонденттердің жастарды тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің мәні бары көрсетілген.

1 кесте – Респонденттердің жастарды тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің мәнін көрсететін рейтингісі (%)

сыныптар / Жауаптары	абс.	%	8	%	9	%	10	%	11	%
а) бар	267	78,5	98	78,4	110	88,0	31	59,6	28	73,7
ә) жоқ	20	5,9	3	2,4	4	3,2	9	17,3	4	10,5
б) мүмкін	23	6,8	6	12,8	4	3,2	-	-	3	7,9
в) ескі түсінік, рөлі жоқ	19	5,6	3	2,4	4	3,2	9	17,3	3	7,9
г) білмеймін	11	3,2	5	4,0	4	2,4	3	5,8	-	-

Диаграмма 1



Рейтинг көрсеткіші бойынша респонденттердің 78,5 %-ы жастарды тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің рөлі бар деп жауап берді. Бұдан біз қазақтың ұлттық асыл қазынасының ұмыт қалмай тәрбиелік маңызы бар екенін білдік.

Нәтижесінде, респонденттер қауымы ұлтымыздың осы мақал-мәтелдерінің тәлім-тәрбиелік мәніне терең үңіліп қараса ұлттың рухани болмысын сақтап қалары анық (1-сурет).

2-кестеде ұлтымыздың асыл қазынасын ұрпақ тәрбиесіне пайдалансақ дұрыс па?

2 кесте – Ұлтымыздың асыл қазынасын ұрпақ тәрбиесіне пайдалану көрсеткіші (%)

сыныптар % / жауаптары	абс.	%	8	%	9	%	10	%	11	%
а) дұрыс деп ойлаймын	283	83,2	108	86.4	99	79.2	48	92.3	28	73.7
ә) білмеймін	25	7.3	6	4.8	10	8.0	4	7.7	5	13.1
б) пайдасы шамалы	19	5.6	6	4.8	8	6.4	-	-	5	13.2
в) керек емес	9	2.6	5	4.0	4	3.2	-	-	-	-
г) пайдасы жоқ	4	1.3	-	-	4	3.2	-	-	-	-

Рейтинг көрсеткіші бойынша респонденттердің 83.2 %-ы жастарды тәрбиелеуде мақал-мәтелдердің мәні бар деп жауап берді. Бұдан біз қазақтың ұлттық асыл қазынасының ұмыт қалмай тәрбиелік маңызы бар екенін білдік.

Диаграмма 2



3-кестеде ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру қайдан басталады деген сауалға респонденттердің жауабы.

3 кесте – Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіру рейтингісі (%)

сыныптар % / жауаптары	абс.	%	8	%	9	%	10	%	11	%
а) мектептен	31	9.1	15	12.0	8	6.4	8	15.4	-	-
ә) отбасынан	297	87.3	100	80.0	115	92.0	44	84.6	38	100
б) достарынан	7	2.1	5	4.0	2	1.6	-	-	-	-
в) туыстарынан	5	1.5	5	4.0	-	-	-	-	-	-

Қорытындылай келе айтатынымыз, зерттеу барысында көптеген мәселелерді анықтадық.

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі. Ол – ғасырлар бойы халқымыздың ұқыптап сақтап келген тәжірибесінің жиынтығы, ой-пікірінің түйіні, аңсаған асыл арманының арнасы, өмір тіршілігінің айнасы, көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан тозбайтын, тот баспайтын, өмірлік өшпес мұра [3, 116 б.].

Мақал-мәтелдер көркемдік бейнелі сөз айшықтарымен әсерлі. Олардың айтуға оралымдылығы, тілге үйіріле кететіндігі, ойдың өткірлігі, ұшқырлығы, тереңдігі мақал-мәтелдердің сапаларын анықтайды. Мақал-мәтелдер адамды сөз қадірін білуге, жақсы мен жаманды, қас пен досты айыра білуге, айналадағыларға мейірбан, кеңпейіл болуға, сезімтал болуға, халық шығармашылығының інжу-маржанын бағалай білуге баулиды.

Мен – оқушымын, өмір тәжірибем аз. Өзім сияқты балалардың, достарымның бойында мәдениет, адами қасиеттер қалыптастыру мақсатында айтылатын әрі әсерлі, әрі ойда сақталып қалатындай мәнді мақал-мәтелдер, ақыл-насихат, өнеге-өсиет төл әдебиетімізден көптеп табылатынына көзім жетті. Біз қоғамның қамын ойлайтын азамат болып өсуіміз керек. Осындай игі істе біздің таптырмас көмекшіміз халық даналығы болып табылады. Себебі халық даналығы – сарқылмайтын теңіз, ал халқымыз – дана ұстаз. Демек, өткен замандарда жасаған серілер мен ақылмандарымыз бізге қалдырған ой-парасат мирасы даңғыл жол сияқты екен! Біз бұрынғылардың ақыл-кеңесіне құлақ тоссақ, адаспай - абыржымай, жаңылмай, жаза баспай, арман-тілегімізге неғұрлым тезірек жетуімізге жол табылады. Халқымыздың сөз мәйегі мақал-мәтелдер бізді ізгілікке, имандылыққа, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, елжандылыққа, отаншылдыққа тәрбиелейді. «Мақал – сөздің атасы» дегендей, өмірде мақал-мәтелдің қажеттілігін түсіне отырып, санамыздың өсуіне ықпал ететін ұлттық мұраның сақталуы біздің қолымызда. Халық педагогикасының қағидалары қатарына қосылатын туған халқымыздың кез келген мақал-мәтелімен сусындап өссек, жемісіміз молығады, толығады. «Дұрыс қанаттанған түзу ұшады» деген халқымыз тәрбиенің түпкі мақсатын, жемісін меңзеп отыр. «Үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпайды» деп келеді халқымыздың бір даналығы. Олар адам баласының қарым-қатынас, әдет-ғұрып, салт-сана тәлім-тәрбиесі, бір сөзбен айтқанда, тұтас адамгершілік қағидалардың дастаны тәрізді. Оларды сусындап оқысақ, өмірде ұшырасатын оқиғалардың бәріне де лайықты жауап табамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. Алматы. – 1976. – 9 б.

2 Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы. – 1976. – 12 б.

3 Малайсарин С. Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, Ана тілі. – 2004. – 33 б.

4 Қалиев С. Халық педагогикасы хақында бірер сөз. Алматы. – 2000. – 138 б.

5 Ұзақбаева С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. Алматы. –1988. – 116 б.

6 Алтаев Ж. Ежелгі рухани таным және қазақ философиясы. Алматы. – 1999. – 247 б.

7 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы – 1994. – 128 б.

ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕ ҚОЗҒАЛАТЫН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАР

АМАНГЕЛДІ Б., БЕККЫЗЫ З., ШАКАРМАН А. Қ.
9 «Ә» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым тұл
Шәкәрім Құдайбердіұлы

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Шәкәрім Құдайбердіұлы келер ұрпағына мол мұра қалдырып кеткен. Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы шілдеденің 11 жұлдызында Шыңғыс тауының бөктерінде қазіргі Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген. Шәкәрімнің туып-өскен әулетінде де қазіргі біраз жұрт қанық. Қанық болғанда Құнанбайды, Абайды оның ұрпақтарын білу арқылы таныс. Құнанбайдың бір әйелінен – Құдайберді, екінші әйелінен Абай туған. Шәкәрім – Құдайбердінің кенже ұлы, анасы Дәметкен. Яғни Шәкәрім – Абайдың жақын інісі. Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдан 13 жас кіші. Абайдың ақын балалары Ақылбай мен Мағауиядан

үлкен.Олар бала кездерінен бірге тәрбиеленген. Әсіресе Абай тәлім-тәрбиесін қатар меңгерген. Болашақ ақындардың балалық бесігі, ұшқан ұясы – Абай мектебі. Сонымен қатар ол ауыл мектебінде оқып, білім алады. Жеті жасында әкесі қайтыс болғанымен, жетімдік көрмей, емін – еркін өседі. Құнанбай шаңырағының болашақ бір иесі есепті бетқақпай көрмей өседі. Оның үстіне, Шәкәрім жас шағынан пысық, ұғымтал, алғыр болған. Сондықтан оған Абай ерекше көңіл қойып, өз жанына жақын ұстайды. Ойшыл ақын оңаша толғанып, өлең жазып, өмірдегі, айналасындағы болып жатқан әр қилы құбылыстар мен өзгерістерді бағдарлап, саралау үшін 1909-1910 жылдары Шыңғыстау өңіріндегі Шақпақ деген жерден тыныш табады. Ақын осы кезде өзінің көптеген шығармаларын жазады. Сауатын ашып, жазу өнерін игеру, кітап оқу мүмкіншілігі жетілген кезде, кемеңгер Абай оны терең білім алуға бағыттап отырады. Өз тарапынан Шәкәрім де білім салаларының ілкі басқыштарына тез жетіліп, ерекше үлгеріп, ынтасын көрсетеді. Бойына туа біткен таланты да ерте танытады. Есіткенін ескергіштік, айтқанды тез ұғып алғыштық, ерекше ынта-жігерлілік байқалмай, есті адамдардың назарына ілінбей қалмайды. Әсіресе оқығанын тез жаттап алады. Абай ағасының шығармаларын оқып, жадында ұстағыштығы ерекше назар аудартқан. Шәкәрімнің өмір жолын, шығармашылығын зерттеуші Қайым Мұқаметхановтың жазуы бойынша, Шәкәрім 7 жасында-ақ ақындығынан белгі берген. Алғашқы өлеңін әкесінің өліміне байланысты шығарған. Өлеңге әуестігі ерте оянғаны ақынның өз сөздерінен де байқалады. Әуелі домбыра, гармонға қосып дағдыланған. Қол шеберлігімен, түр ою, сурет салу өнерлерімен де ерте айналысыпты. Шәкәрімнің ақын болып айналасына танылуы 15-20 жас шамасы. Ал өздігінен ізденіп ғылымға берілуі де, өнерге ден қойып, жазушылыққа бел бууы одан кейінгі кезең еншісі. Содан әрі қарай ел аралап, ірі қалаларда болып, кітапханаларда отырып, өткен-кеткен тарихқа үнілу, тіл үйрену, ақылдың, азаматтық кемелдену баспалдақтары биіктей берген.

20-30 жастар шамасында жазған өлеңдерінің көпшілігін Абайға тікелей еліктеп шығарады. Жастық, махаббат тақырыптарына жазған шығармалары Абай өлеңдеріне әсіресе көбірек ұқсайды. Рас ара – тұра гауһар, лағыл, пейіш, хор қызы, ай, жұлдыз сияқты халықтық теңдеулерді қолданады. Бірақ ғашық жарға деген жүрек сырын, ақ – адал ниетін, бойын билеген шын сезімдерін ұстазынша жырлайды. Шәкәрім өмірінің біраз жайы өз шығармаларында, әсіресе, «Мұтылғанның өмірі» деген поэмада жазылған. Жасынан

– ақ өлең жазуға машықтанған Шәкәрімнің алғашқы кезде жазған өлеңдерінің тақырыбы – жастық, махаббат, ауыл жастары өмірінің жақсысын насихаттап, нашарын сықақтап өлеңдер жазады. Шәкәрімнің алғашқы кітабы – 1912 жылы Семейде «Япдам» деп аталатын баспасынан шыққан «Қазақ айнасы» деп аталатын өлеңдер жинағы. Ақынның өлеңдерінен айтайын деген ойын тура айтатын Абай әңгімесін мирас еткені байқалады... Сондықтан өзі талай елдерді аралаған, қажы атанған ақын, «Тәңір-Құдай» деген сөздерді тура қолданады, кейбір баспадан шыққанда ондай сөздерді алып тастап, баспа өз ойларынан сөздер қосқан.

Шәкәрімнің жан-жақты қаламгер болып қалыптасуына қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Шығыс пен Батыстың әдебиеті, сонымен бірге замандасы әрі ағасы ұлы Абайдың құдіретті де қуатты поэзиясы тікелей әсер етті. Шәкәрім қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған реалистік дәстүрді жалғастырушылардың бірі болды. Сол дәуірдің қоғамдық – саяси және әлеуметтік қайшылықтарын көре білуде, халықының қамын жеп, жастарға жол көрсетуде ол ұлы Абайдың талантты шәкірті болды.

Шәкәрім өмір сүрген дәуір қазақ халқы үшін күрделі кезең болатын. XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның қоғамдық – саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінде маңызды оқиғаларға толы болды. Мыңдаған орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы, қазақ даласын басқаруда енген өзгеріс көшпелі елдің өміріне жаңа экономикалық қатынастар әкелді. Тарихи – әлеуметтік жағдай қазақтың әдеби, мәдени өміріне де әсерін тигізбей қалған жоқ.Шәкәрім шығармашылығы осы кезеңге тұспа-тұс келді. Халқының мұңын жырлап, адам бойындағы игі қасиеттерді қастерлеп, өлеңдерінің өзегі ету – Шәкәрім лирикасының басты мұраты еді. Ақын айналасындағы жайттарды тек жырлап қана қойған жоқ, ол барлық нәрсеге терең бойлап, жамандығынан жирене біліп,жақсылыққа ұмтыла білді.

Шәкәрім – суреткер жазушы, атақты ақын. Бай да маңызды мұра қалдырған, өзіндік творчестволық жолы айрап жатқан сирек кездесер таланттың бірі.

Шәкәрім – осы тарихи кезеңнің талантты перзенті. Бұл жағынан ол халқымыздың зиялы қайреткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Омар Қарашев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұқамеджан Сералин тағы басқаларымен тағдырлас күрескер болды. Туған халқының мәдениеті, азат ел болып, еркін еңбек етіп, бейбіт өмір

сүруін армандады. Сол үшін жан сала күресті, сол мақсаттан жазушылық арнасын тапты. Шәкәрім терең ойға құрылған, күмістей жарқын жырлар жазуды мақсат тұтқан. Өлең сөздері мыс араласпаған таза күмістей, тереңнен толған, жүрек сырын шертерліктей болуын, ұйқасы жатық болуын көздейді. Кейде ол Абай шығарған өлең өлшемдерін, шумақ түрін, ұйқастарын қолданып жырлайды. Қырық жасқа дейін Шәкәрім ел жұмысымен айналысып дала, қара жайларын өз көзімен көріп, ондағы әр түрлі тартыстар, қайшылықтар сырына үңіледі. Бөтен жұрт өмірін, мәдениетін білуге, ғылым жетістіктерін тануға талап қылады. Білім мен мәдениет, өнер салаларының жетістіктеріне назар аударады. Қазақ қоғамындағы үстемдер өктемдігіне, надандық кесепаттарына, қулық – сұмдықтарға қарсы шығады. Әділдік, адамгершілік, мәдениет, оқу – білім ұрандарын жырлайды. Айтып, уағыздап қана қоймай шамасы келгенінше, өзінің ізгі ойларын іске асырып та жүреді, Халықты жақсылыққа үндеп, ар – ұят сақтауға, жоқ – жітікке қарасып, қайырымдылық жасауға тырысады. Жиырма бес жасында болыстыққа сайланған тұсын еске әділ басшылық, ізгі әкім үлгісін көрсетем бе деп қиялдаған кездері де болды. Бірақ ол ойларын іске асыра алмайды. Керісінше, өзінің ырқымен жұмыс жүргізу мүмкін емес екеніне көз жеткізеді.Болыс болған кісі жоғары ұлықтар әмірін орындап отыруға тиісті болады. Ал бұл оны азаматтық еркінен айырып, әкімдер құлына айналдырады. Өзі қаласын – қаламасын, басқа болыстар сияқты, жемтікке қонған күшігіндей бұл да алым алып, салық салуға мәжбүр.

Басқа елдерде саяхат шегу ілімге, білімге зәру, өнерге сусап барған ойшыл дарынға үлкен әсер етеді. Ол аздап орысша, түрікше, арабша, парсыша білгені болмаса, батыс тілдерін білмейтін еді. Әйтсе де, зерек ақын әуелі тілмаш арқылы,кейін аударма сөздіктер арқылы өз бетімен оқығандарын түсінетін дәрежеге жетеді. Ол көзбен көріп, құлақпен естігендерін, оқып білгендерін көңіліне мықтап тоқиды.

Өнер – білім жолына белін бекем буады. Қайда білгір ғалым, өнер өрнектері бар десе, соның жөнін тануға асығады. Өмір, өнер, қоғам, жан, тән туралы жаңаша байыптай бастайды. Өз халқының болашағын ойлап, өткен-кеткеніне көз жібереді. Тарихына үңіледі. Шығыс, орыс, Батыс классик әдебиетін шұқшия зерттей оқиды. Абай мұраларына қайта үңіліп, оның тереңіне бойлап, асыл сырына қанығa түседі. Оқыған шығармаларының халқына үлгі болар дегендерін қазақ тіліне аударады.

Халық поэзиясы жасаған қаһармандық бейнелер мен лирикалық сюжеттер ақынның көңіліне қонып, жүрегіне берік ұялайды. Нәтижесінде: «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр» лирико-эпикалық дастандарын жазады. Дастандардың оқиғалары сол заман әдет – салтына негізделіп, сенімді баяндалады. Кейіпкерлерінің ішкі сезіміне құрылған оқиға өрісі жинақы да әсерлі шығады.

Абай сияқты Шәкәрім де: Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Тургенов, Толстой, Некрасов, Салтыков – Щедрин т.б. алыптарды оқып, көзі ашылып, көкжиегі кеңіген. Ол ар – ұждан, жақсылық, әділдік, кісілік жолын нұқсайтын шығармалар жазды. «Насихат», «Тойымсыз нәсіп», «Өлген көңіл – нысапсыз өмір», «Талап пен ақыл» және т.б. өлеңдері («Қазақ айнасы» жинағы) мен «Бояулы суыр», «Қанішер мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене» сияқты мысалдары сондай туындыларға жатады. Оларда әр кез адалдық, шындық жолы жеңіл, жұғымсыздық, әділетсіздік әшкере болып, мазаққа айналады.

«Алмас қылыш жатпайды қын түбінде» демекші қара күш қанша құлыптап ұстаса да, қара құлыпты қақ жарып, өнер нұры жарқ етті.

Иә, өнерді қапаста ұстауға, немесе мүлде жойып жіберуге болмайды деген осы. Шын көркем туынды мәңгі өмір сүреді. Ол өзінің иесіне – халқына қайта оралады екен. Кезінде жасампаз жақсы жырларымен елге әйгілі болған жазықсыз ақын ақталады. Атақты ақынымыз Шәкәрімнің асқақ үні ұзақ жылдар бойы өзін аңсап күткен қазақ даласын қайта жағыртты. Жақсылықтың жаршысы, ақыл – парасаттың кемел иесі, адамгершіл ақынның жарқын жырлары халқының игілігіне қайтарылады. Шәкәрім оқу, өнер – білімді уағыздай отырып, оған да сын көзбен қарау керектігін айтады. Шын ғылым, нағыз ғалым болады, соны тап та, содан айрылма, ал дүниені бұзатын жалған ғалымнан, залым оқымыстыдан аулақ бол деп кеңес береді.

Шәкәрім лирик ақын ретінде адамгершілік, өнер – білім, болашақ өмір, жастық пен махаббат туралы жазған өлеңдерімен әдебиет әлемінде өшпестей із қалдырды. Ақын қалдырған асыл қазынаның тақырыптық ауқымын, жанрлық кеңдігін көркемдік ерекшеліктері мен өзіндік тілдік шеберлігін ғалымдарымыз жан – жақты зерттеп, дәйекті тұжырымдап, бүгінгі рухани азығына айналдырып отыр. Жас ұрпақты рухани – адамгершілікке тәрбиелеуде бұрынғы ата – бабаларымыздың асыл мұраларын, өсиетті сөздерін, ғибраттарын алдымызға жайып саламыз. Өйткені адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған бабаларымыздың тәлім

– тәжірибесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз. Рухани – адамгершілік байлығымыз. Абай, Шәкәрім аталарымыздың шығармаларының тұнығы осы рухани тәрбие. Ғасырлар бойы Абай тәлімі адамзатты адастырмай алдына жарық салар шырағданы болды. Абай ізін жалғастырушы адамдық жолын айнытпай танытқан Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың бойтұмары болмақ. Шәкәрім өлеңдерінің тақырып ауқымы өте кең. Соның ішінде ойып орын алар тақырып – рухани адамгершілік мәселесіне қатысты ойлары. Ол адамгергершілік ар-ұяттты жоғары қояды. Оның өлең жолдарынан кісіліктің келбетін танытар асыл қаситтерімен сусындауға тұту, бауырыңа тарту бұл да адамгершіліктің жоғары түрі. Осы Шәкәрім өлеңдерінде қалай көрініс тапқан? Бұл тұрғыда Шәкәрім атамыз: «Ойлансаң, барша адамзат – туған бауыр»- дейді. Ол өлеңдерінде қазағым, ұлтым, Алашым деп өз жұртын бүйрегіне бұрса, барша адамзатты бауыр тұтады. « Ақын кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек анық бақ» деп білді. Оның өзі де «Жолама қулар маңайға» өлеңінде өз өмірінің бүкіл мәнісі еңбекте жатқанын айтады. Ал, «Адамдық борышың» өлеңінде бұл идеяны тиянақтай түседі.

Шәкәрім шығармашылығын оқығанда Абайдың терең ойлы маржан сөздерін еріксіз түсіреді. Ол – заңдылық. Абай атамыздың «Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласына өз баласына өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі» деген афоризм боп қалыптасып кеткені. Осы өзгеге жақсылық жасау, мейірімді болу идеясы Шәкәрім поэзиясынан қалайша орын алады? Бұл ой, әсіресе, ақын өлеңінде айқын білінеді. Ол су, от, жел секілді ұғымдардың екі жағын, екі түрлі қасиетін салыстырмалы түрде жырлайды да, соның айналаңа пайдасы болар жағын қала дегенді айтады.

«Сусаған сусыны бол су сықылды сүп-сүйық
Бірақ ондай болма салқын ел көңілін қалдырып.
От сықылды жылы болсын сөзіңіз бен жүзіңіз.
Бірақ ондай махаббатсыз болма өртеп жандырып.
Жел сықылды желпі жұрттың шаршағанын талғанын
Жықпа үйін, болма құйын, қылма жаман аманын
Жер сықылды пайдалы бол, пайдаласын ел сенен
Тасты жердей болма қатты, тілме жұрттың табанын»,

– деп насихат айтады.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегінде ынсап, әділет, мейірім үшеуі қосылып, ұждан, ар, ақыл сөздері жиі кездеседі.

«Ақыл білім осындай ар жақтарлық
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық
Үзіп – жұлып ұятсыз атанбай – ақ,
Ақылмен жол табалық ел бастарлық, немесе
...Ғылымсыз болса ақыл тұл
...Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр.
...Дұрыс деме құр сөйлеп
Ақылға санат, сабыр қыл, десе ар туралы
Ақ жолдан айнымас
Ар сақта, оны біл,
немесе
Арың сатпа, теріңді сат, адалды ізде»

Ғибадат пен адалдық ар үшін жи, – деп адамды нұрландыратын ақылы, не нәрсені де ақылға жеңдірсең адаспассың, бірақ ғылымсыз ақыл кем десе, ар-ұжданның ақ жолдан айнытпас серігін болатынына сенім білдіреді. «Ақылды болсаң арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта» деп ар- ожданды қастерлеп, оны адамгершіліктің туы санайды.

Шәкәрім лирикасын қуаттандырып, нұрландырып тұрған көркемдегіш құралдардың түлері көптеп кездеседі.

Шәкәрім лирикасында бейнелеу құралдарының бірі-теңеу мол қолданылған.

Сондай –ақ теңеудің «сықылды» сөзінің көмегемен жасалған түрі бар.

«Сусаганның сусыны бол.
Су сықылды сұп – сұйық
...От сықылды жылы болсын
Жүзіңіз бен сөзіңіз...»

Ақын поэзиясының көркемдік қуатының бір жағы эпитетті шебер қолдануында.

Шәкәрім эпитетті қолдану арқылы ұғымға,нәрсеге бейнелілік нақтылық сипат беріп тұр.

Шәкәрім жырларын оқып отырғанда қазақтың мақал – мәтелдері, нақыл сөздері, тұрақты тіркестер, өлең сөздерімен ұйқасын тауып,өленді нәрлендіре түседі. Мысалы, «есің барда еліңді тап», «Өлімнен ұят күшті», «Сабырлық түбі сары алтын», «Ит иесін қаппайды», «Ақ ісіңе адам жақ», «Жетім бала иесіз, өзі кесер кіндігін», «Шел басыпты көзімді», «Иіс білер мұрын жоқ», т.б.

«Адам үшін-еңбегім
Өмірден барлық тергенім

Қалағаның қарап ал,
Мұрам сол, жастар, бергенім», – деп Шәкәрімнің өзі айтқандай, ақын ұрпағына рухани азық боларлық мол мұра қалдырды. Оның қарымды қаламынан көптеген өлеңдер, дастандар, мысалдар, нақыл сөз, әңгіме, проза, қара сөздер, аудармалар туды.

Ақын өленделіндегі оның сөз қолданысын, өлең құрылысын ашып, айқындап көрсетуде де, жыр жолдарының сындарлығын ажарландырып, оны сан қырландыра түседі. Ақынның өленделі-зерттеп талдауды, талдай беруді сағынып тұрған әр сипатынын аша беруге тоймайтын бай материал.

Егер әр халықты оның ақынынан танитын болса, ақынды танытатын поэзиясы екені айқын. Ал өлең болса, барлық поэзияның жаны, қимыл-қозғалысы дер едік. Ол-ғайыптан пайда болғандай, сөз сүлейінің сырлы ағыны, жүректі жандырып, жан-жүйеңді тербеп, көңілдегі табиғат рухының бейнелі елесі. Міне, осы сипаттың бәрін өмірдегі шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде, өз дәуірінің асыл ұлы, төңкерісшіл, әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі Шәкәрім атамыз.

Шәкәрім өленделінің негізгі объектісі – адам.Ол адамды жақсылыққа жетелеп, жақсы қасиеттерді қалыптастыруға ұмтылды. Адам мінез – құлқындағы салақтық, еріншектік, бойкүйездікті сынады. Бұл тұста оның «Сәнқойлар», «Қылжақпас», «Еріншек» деген өленделін жазды.

Шәкәрім адамның өмірін үш кезеңге бөледі, Өмірдің басы – бала, ортасы – жастық, содан соң – қарттық шақ. Осының ішінде ең қуатты шақты ғылымға арнауды насихаттайды.

«Ең керекті дегенің ортаншы өмір
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.
Қапы өткізбес сол кездің бір сағатын
Өкініші қалмайды кетсе ағаттық
Күні – түні дей көрме ғылым ізде
Қалсын десең артыңда адам атың» – дейді «Адам немене?» өленінде Шәкәрім былайша ой сабақтайды. Білімі кемелденген,ғылымы зымырап алға кеткен Еуропа жұртын азғындық билеп,әділетсіздік өршіп айуандықтан ұзай алмай тұрғандығын көлденең тартады алдыға

«Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес», – деп түйеді.

Өмір және ақындық тәжірибесі толыққан кезде Шәкәрімнің ерекше тоқталатын тақырыптарының бастысы – адам тағдыры,адам

өмірінің мәні. Бұл тақырып «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «Адам немене?» деген өлеңдерінде көрініс тапқан.

«Адамшылық»өлеңінде:

«...Мейірім – жақсы,зұлымдық жаман дейсің,
Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп?
Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам –
Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек», – деп түйін жасайды

Ақынның «Ғайсадай жан беретін таңның желі», «Дүние мен өмір»өлеңдерінде дүниенің өзіндік ерекшеліктері,адам дүниетанымының өзіндік даралығы көрінеді.

«Ғайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып,тірілт мені!
Ақылым кәрілікке жабырқама,
Талпынып тағы да ақтар дүниені», – дейді ол. Бұл өлеңінде өзінің өмірге деген пікірін, көзқарасын айналадағы ортамен, табиғатпен байланыстыра отырып суреттейді. Таңғы желге қайғысын жоғалтуды, ақылына кәрілікке жабырқамауды, қайратына әр нәрсеге қарсы тұруды,тіліне барша жанға пайдалыны айтуды тапсыра отырып,ақын заманға үн қатады.

«Не үкімет, немесе қауымды алдап,
Арсыздықпен не болар алған шені?!» – деп аяқтай келіп,қоғамға да, адамға да қажетті сауалды жолдай келіп, заманындағы қулық сұмдық, бетперделік көріністерді жария етіп, оны шешудің жолы – адамгершілік пен әділеттілікте деп меңзейді.

Күнделікті өмірде кездесіп қалатын мейірімсіздіктен, қатыгездіктен, дөрекіліктен құтқаратын киелі кітап Абай, Шәкәрім жырлары болмақ.

Аталарымыздың асыл сөздерін аяқ асты етпей, ардақтай біліп, өмір ұстанымы етсек толыққанды азамат боларымызға еш күмән жоқ. Олай болса,қайтсек адам болмақпыз? Бұл сұраққа Шәкәрімнің төмендегі өлең жолдарымен жауап беруге болады:

«Жаман әдет тастауға ұнасалық!
Мына мінез қалай деп сынасалық!
Тұп-тура бетімізге айтысалық!
Ашуланбай,ақылмен шыдасалық!»

Демек, келешек жас ұрпақ идеялы да берік, еңбек сүйгіш те ақжарқын, күрескер де батыл, абзал жанды имандылық, адамгершілігі мол мұрагер етіп, тәлім-тәрбие беру ісінде ақын өлеңдерінің құдіреттілігі құрал ретінде қолданыла береді.

Иә, қорыта келгенде ақын өлеңдерінің басым көпшілігі рухани адамгершілік қағидаларға толы десек артық айтпаған болар едім Шәкәрім мұрасы жан-жақты зерделеуді тілейтін асылдарымыздың санатында

Адамгершіліктің ақ туын жоғары ұстаған Шәкәрім атамыздың тәлім – тәрбиесінің, ұстаған қағидаларының жас ұрпаққа берері мол. Сонау атадан келе жатқан ұлттық құндылығымыз рухани – адамгершілік байлығымыз.

Міне, осы сипаттың бәрін өмірдегі шынайы бейнесі, жан дүниесі, кеудесі шалқақ, асқақ пенде,мейірімді,әділ,адамгершіл ігі мол жас ұрпақтың бойында қалыптасқанын тілеген Шәкәрім өлеңдерінің тұнығы-рухани тәрбие.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілі мен әдебиеті №5. 2005 жыл
2 Қазақ әдебиеті «Мектеп» 10-сынып. 2006 жыл
3 Қазақ әдебиеті 10-сынып. 2008 жыл
4 Қирабаев С. «Шәкәрім мен Сұлтанмахмұт» 2009 жыл
5 Қазақ тілі мен әдебиеті №8. 2010 жыл
6 Сәтбаева Ш.Қ. «Шәкәрім Құдайбердиев» Алматы. 1990 жыл
7 Әбдіғазиев Б «Асыл арна» Алматы 1992 жыл

АБАЙ – ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АСҚАР БИІГІ

АМРЕНОВА А., МУСАТАЕВА А.
9 «А» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе,
Адалдықты көздесең,
Жаттап тоқы көңілге.
С. Торайғыров

Абай (Ибраһим) Құнанбаев Құнанбайұлы (1845-1904) – ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілініңнегізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ

халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» – тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Патша өкіметі XIX ғасырдың ортасындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен. Шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді.

Осындай текті ортадан шыққан Құнанбай мен Ұлжаннан туған төрт ұлдың бірі Абай жастайынан ақ ерекше қабілетімен, ақылдылығымен көзге түседі. Балаға сыншы әкесі осы баласынан қатты үміт етеді. Әкесі оның зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді.Медреседе төрт жыл оқығаннан кейін, оқудан шығарып алып, қасында ұстап, ел басқару ісіне баули бастайды. Әкесінің төңірегінде ел жақсыларымен араласып, өз халқының рухани мәдениет жүйелерімен жете танысады. Өзі билер үлгісінде шешен сөйлеуге төселеді. Ұтымды сөзімен, әділ билігімен елге танылып, аты шығады. Көп ұзамай, жетпісінші жылдардың бас кезінде Қоңыр Көкше дейтін елге болыс болады. Билікке араласып, біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін ол халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сәуле түсіруге күш салып бағады. Бірақ онысынан пәлендей көңіл тоятындай нәтиже шығара алмайды. Сондықтан халқына пайдалы деп тапқан істерін көркем сөзбен, әсіресе, өлеңмен насихаттамақ болады. Абай бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми тағы басқаларды оқыса, екінші жағынан А. С. Пушкин, А. И. Герцен, М. Е. Салтыков-Щедрин, Н. А. Некрасов, М. Ю., Л. Н. Толстой, И. А. Крылов, Ф. М. Достоевский, И. С. Тургенев, Н. Г. Чернышевский мұраларын оқып, терең таныс болған, Батыс әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқты ақындарды оқып, Дрепер, Спиноза, Спенсер, Льюис, Дарвин сынды ғалымдардың еңбектерін зерттейді.

Абай ұлдары Ақылбай (сол жақта) және Тұрағұлмен (оң жақта) бірге

Абай 10 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған.

Ақынның арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай, деген 4 ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Сол Айпара балаларына:

«Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас торғайым...»

Ана айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, «Ісің адал болса Өскенбайға бар,арам болса Ералыға бар» деген мәтел сөз қалған.Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады.

Абай-қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ой мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгер. Абай қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді. Ол өзінің алдындағы қазақ әдебиетінде кеткен қателік, кемшіліктерді қайталамады. Көп ізденіп, тыным таппай, еңбек етті. Шығыстың, батыстың, орыс мәдениетін үлгіге алып, сол арқылы өз өлең-туындылыларының сапасын жоғарлатты, ұлттық түрді сақтап отырып, әдебиетімізді шын өнер дәрежесіне жеткізе білді. Абай атамыз халықты әділеттікке, адалдыққа, мейірімділік, кеңпейілдік, даналыққа, ғылымға жетелеп, көптеген поэма, өлең, әңгіме жазып шығарған. Бүкіл еңбек жолы халыққа арналған.

Ол өз заманындағы адамдардың жаздықтарын, қара ниеттерін, бұрыс әрекеттерін әшкереледі. Халықты тек білім алуға, оқуға,ғылымға шақырды. Оның қазақ әдебиетінде алар орны ерекше.

Абай адамзаттық гуманистік көзқарасты негізге алып, адам бойындағы қасиеттерді жан-жақты ашып, ойлануға,ізгілікке жетелейтін «Ескіндір» поэмасын жазған:

«Бұл – адам көз сүйегі», – деді ханға.
Тоя ма адама көзі мың-мың санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзге құм құйылганда.
Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні

Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен» – деп, Абай жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық екенін дәлелді суреттей отырып, ақыл, әділетті, даналықты оған қарсы қойған. Ондағы жауыз Ескендірдің жазықсыз жандардың қанын судай шашқан қаніршерлігін, көрші елдерге жасаған шабуылын, халқын талап, өлтіргенін ашық көрсетті. Яғни, сол кездегі халық жағдайын жасырмай, келешекке ондағы әрекеттердің дұрыс-бұрыстығын айыра біліп, жамандыққа жол бермеу керектігін дәлелдеді. Өзі бүкіл өмірін ғылымға арнағандықтан халықты, жастарды ғылым-білімге үндеді. Ғылымның пайдасын, кез келген адам өміріндегі маңызын, зор мәнін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде дәлелдеп, айқындады:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?»

Яғни, өмірдің мәні ғылымда деп, еңбек етіп, ғұмырын ізденіспен өткізуді көздеді. Себебі, адамдар ойнап, күліп, өмірдің тән рахатына бөленіп,бір сәттік қуанышқа беріліп, теріс жолға түседі. Өмірді текке өткізіп, бір мақсат-армансыз күн кешеді. Өмірдің нағыз сән-мәнін түсінбей, ақыры қартайғанда өкініп, уақытын босқа құмарлыққа тоймай өткізгенін түсінеді. Ал Абай атамыз осы жолға түспеу үшін жастардың арман-мақсатсыз, білімсіз күндерін өткізулерін қаламай, осыған қарсы тұрып, көп еңбек арнаған. Сонымен қатар Абай өмір бойы адам-қоғамды сынап бағалаумен айналысты. Яғни, халықтың барлық жаман-жақсы әрекеттерін көріп, үлгіге алған кездер де болды. Адам бойындағы ең нашар қасиеттерді, ең ғажап қасиеттерді айқын көрсетті. Неден қашу, неге құмар болу керектігін «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде көрсеткен:

«Интернатта оқып жүр
Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуға
Тырысар, келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы?
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Иждиһатсыз, михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?»

Абай айтқан жақсы, жаман қаситтердің бәрінің күні бүгінге дейін тәрбиелік мәні зор. Кез келген адам баласы үшін қай заманда

да өтірік, еріншек болмау, тапқан табысты орынсыз шашпай, талаптану, талпыну, байлығың асса, жетім-жесір, кемтарларға көмектесу өмір заңы қала береді. Қазақтың бас ақыны «Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап…
Терей ой, терең ғылым іздемейді
Өтірік пен өсекті жүндей сабап, – деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған.

Сөйтіп, көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың кара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесіңде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай:

«...құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді,» – деп қайыра түсінік беріп отыр... Абайдай ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзде» көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіңдіру еді. Міне,

Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абай – қазақ әдебиетіндегі маңызы зор кемеңгер тұлға. Оның аты ешқашан өшпес те, ұмытылмас. Себебі, ол – қазақ әдебиетінің негізін қалаған еңбекшілердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең-сөздің патшасы.-Алматы:Дәуір,2006.-566 б.

2 Абай Құнанбаев.Екі томдық шығармалары.-Алматы,1986 ж

3 http://referatikz.ru/load/aza_sha_referattar/aza_debieti/abaj_nanbaev_referat_aza_sha/10-1-0-1936

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ШЫНАЙЫ ТАЛАНТ ИЕСІ

АУБАКИРОВА А. Қ.
9 «Б» сынып оқушысы, № 25 ЖОМ, Павлодар қ.

Ұлы жазушылар мен ақындардың қатарына Шыңғыс Айтматов жатады. Оның шығармалары жүректі тебірентеді.Өмірдің ақиқаты мен ащы шындықтарын жазған және кез-келген адам мойындата алатын мысалдары жеткілікті. Жалпы «Илиада» мен «Одиссея», «Махабхарата» мен «Манастан» деген адами оқулықтарынан Айтматовтың екінші демі ашылды деп пайымдауға болады. Әңгіме, асыра дәріптеу мен әсірелей әрледен,тарихи баяндаудан бірте-бірте арыла бастаған сөз өнері, екінші бір ерекше әлем –адам зердесінің ішкі иірімдері мен ой толқындарынан бастау алатын таным табиғатына қарай бет бұра бастаған. Осыған байланысты ерлік пен өрліктің, зұлымдық пен махаббаттың, наным мен сенімнің түйіндерін залалсыз шешіп, оның әр түрлі шешімдерін зерттеп зерделей бастаған. Шығармалары шет елдерге де кеңінен танылды. Айтматов қаламынан туған әрбір шығарма адамзаттық көкейкесті мәселелерді қозғауымен, сыршылдығымен, шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Айтматов туындылары түгелдей дерлік қазақ тілінде жарық көрді. «Шынарым менің, шырайлым менің», «Алғашқы ұстаз», «Ақ кеме» повестерінде Айтматов замандастарымыздың түрлі мінез болмысын, жастардың шынайы махаббатын, адам бойындағы мейірім мен қатыгездіктің табиғатын толғана суреттейді. «Ана – Жер ана» повесінде қырғыз халқының Отан соғысы жылдарындағы басынан кешкен қасіретін,

қайғысын, сол ауыртпалықты көтере білген рухы биік Толғанай бейнесін шыншыл да, асқан шеберлікпен сомдаған. Өмірдің сан қатпар сыры мен қырына үңілген, соның болмысын ашып көрсетуге бой ұрған зерделі зерттеу, пайымдауы мен тың, тосын көркемдік кестесімен қызықтырады. Оқырман назарын адамгершілік мінез құлықтың толғақты мәселелеріне аударады. Шыңғыс Айтматовтың бүкіл өмірі қазақ халқымен байланысты. Шыңғыс Айтматовтың алыстарды шарлаған атағы мен даңқына шын пейілімен қуана қол соққан қазақ қауымының, ұлы суреткерге деген ықылас-пейілінің уақыт пен заманның барлық сынынан сүрінбей өтіп келе жатуының да бір жұмбағы осы ұлттық-адами тереңдіктерде жатса керек. Айтматовтың шығармалары жайында шолып шықсақ. Мысалға: «Найман ана» әңгімесі Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романынан үзінді болып табылады.Бұл жерде жалпы мәңгүрттік жайында айтылған: Ертеде қалмақ пен қырғыз шапқынщылығы тұсында,екі жақ бір-бірінен құл етіп ұстау үшін тұтқын алып отырған. Ол тұтқын мал соңында салпақтап жүргенімен күндердің күні болғанда ебін тауып, қашып кетер деп,оларды мәңгүрт етіп тастайтын болған. Ол ел үшін алдымен тұтқынның шашын тақырлап алып, жас сойылған түйенің мойнағын не сиырдың терісін басына қаптайды. Тұтқын сонда екі бірдей азапқа түседі екен. Алдымен, жас тері ыстықтан жиырылып, басын бүріп, сүйегін сындырып жібере жаздаса, екіншіден, өскен шаш кептелген теріні тесе алмай, кері қайырылып, құйқасын ине сұққандай етіп бұрғылап, есте сақтау қабілетін мүлде жойып жібереді. Бір жұма, он күннен кейін не өліп қалады, не мәңгүртке айналады. «Ананың көңілі – балада», «баланың көңілі – далада» демекші, өз баласын іздеуге шығып, жуандардың қолына түсіп мәңгүрт болған ұлын құтқаруға барын салған Найман ананың көрмегені қалмайды... бірақ, бір өкініштісі, ананың өз баласының қолынан қаза табуы, мұнды әрі қайғылы.Осылайша Айтматов өмірдің ащы шындығын жазған.

Қазіргі топан өлең мен топан прозаның мол заманында Шыңғыс шығармасын оқысаң – шөл қандырмайтын жылымшы суды іше-іше ішің кепкен кезде қайнар бұлақтың мөлдір суына бас қойғандай мейірің қанады. Бұл жазушының атына сан тілдерде мадақ сөз аз айтылған әлі де айтыла бермек. Бірақ кейде сол әсіре мадақ, таңдай қаққан тамсаныстар қайталанбас сом таланттың тереңін ұғып, шын асылын тануға онша көп пайдасын тигізе де қоймайды. Өйткені бүкіл совет әдебиетіне өзінше бір құбылыс болып келген Шыңғыс Айтматов сияқты шынайы таланттар ойлана сөйлеуді, қинала зерттеуді қажет етеді. Мен де Шыңғыс қаламынан туған дүниені қапы жібермейтін

оқушылардың бірімін. Осы өткір де құрыштай шымыр, шағын болса да салмағы романнан ауыр шығарманы оқығанда үлкен ойға қалдым. «Бетпе-беттегі» суреттелген оқиға мен өмір көріністері де көбімізге таныс, суреттеу тәсілінде де пәлендей алып-жұлып бара жатқан ерекшелік жоқ. Ал, сөйте тұра осы шығарманың әсіресе сол кездегі қалың әдебиеттен оқшау бөлініп, таңырқатқан себебі неде? Сөз жоқ, бұл сол кездегі конфликтсіздік теориясы мен өмірді сырлап көрсететін жалған бояма тәсілдердің молшылығынан қуаң тартқан әдебиетіміздегі жаңа леп, батыл сөз болды. «Бетпе-бет» совет әдебиетіне қаламы қалтырамайтын, өмір шындығына берік, батыр жазушы – азамат жазушы келгенін аңғартты. «Жігітке пайда бермес жалған ерлік» демекші әдебиетке де жалаң батырлықтың пайдасы шамалы. Әдебиеттегі батырлық терең шындықпен тамырлас. «Бетпе-бетте» терең өмір шындығы жатыр. Шығарманың басты кейіпкері Сейде бар табиғатымен, жаратылыс болмысымен нағыз халықтық образ. Оның бойында халықтық ана сүтімен келе жатқан адамгершілік адалдығы, махаббатқа беріктігі де мол, сонымен бірге арғы заманнан әлі арылып болмаған ой-өрісінің тарлығы, мешеулігі де баршылық. Оның ой-өрісінің жеткен жері – от басының, үй-ішінің қамы, құдай қосқан қосағы жақсы көрген жарының қамы. Өз басының жанға жамандығы жоқ, еш пендеге жақсылықтан басқа тілемейді. Бұл әрине, әр жақсы адамның басында болатын табиғи тілек. Ал осы от басы мен ел мұраты қайшы келгенде... Жазушының шеберлігінің де, талант құдіретінің де шырқап көрінгені осы ара. От басы, жақсы көрген жақынының ар жағында халық, ел, Отан мүддесі бары... Бұл ұғымға жету Сейдеге аса қымбатқа түседі. Ол оған бұрынғы абзал тұтқан асылының күйреуі, жан шошырлық психологиялық күйзеліс арқылы жетеді. Шынында да Отанға деген опасыздықты әріден-тереңнен қопарып, халықтың түбегейлі қасиетімен тамырластырып, жеріне жеткізе әшкерелеген екінші бір осындай шығарманы атау оңай емес. Оңды-солды қолданылып жүрген «терең идеялы» деген асыл сөз арзандап кетпеу үшін, дәл осындай шығармаларға ғана айтылса керек. Шыңғыс Айтматовтың кейінгі жазылған талай жарқын да өткір, тамаша шығармаларының негізгі қасиеттері тарының қауызындай сол «Бетпе-бетке» сиып тұрған тәрізді. Абзалы Шыңғыс шығармаларында лиризмнен гөрі шиеленіскен драматизм, керек десеңіз трагизм басым. Оның повестерінің аумай экранға не сахнаға түсе қалатыны да осыған айқын дәлел. Ейінге еш нәрсесін іркіп қалмай, әр туындысын ең соңғы жазып жатқан дүниесіндей сарқыла, таусыла жазу шынайы талантқа тән қасиет. Айтматовтың қай дүниесін алсаң да ар жағында айтылмаған

еш нәрсе қалмаған сияқты. Әрбір өмір құбылысын, драмалық қайшылықты түбіне дейін үңгіп, әбден ширатып, ширықтырып береді. Сонымен бірге жазушының жіті көзі, Абайша айтқанда көңіл көзі қарапайым өмір құбылысының ар жағындағы, өзге адам аңғармайтын терең сырын қапы жібермейді. «Ақ кеме» повесіндегі жағдайды көрмей жүрген жазушылар жоқ-ақ шығар. Бір үйлі жан мен өзіне тәуелді шөкімдей төңірегін билеп-төстеп жүрген адамдар аз ба. Ондайлардың әр ауылдан біреуі емес, бірнешеуі табылатын болар. Ал қоғамдық үлкен зиянын жеріне жеткізе әшкерелеген, әсіресе Айтматовша әшкерелеген жазушылар, көп болмас. Бірақ биік шығарма өзінің биіктігін істеді. Айтматов қазір әлемге аян жазушы. Оның еңбектерін қай халық та қуана қарсы алады. Кейінгі ұрпақта оқып үйренетініне мен сенімдімін!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шыңғыс Айтматов «Ақ кеме»

2 З. Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1993, 29-б

4 Ғаламтор желісі:

1 https://www.zharar.com/tags/%D0%A8%D1%8B%D2%A3%D2%93%D1%8B%D1%81+%D0%90%D0%B9%D1%82%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B2+%D3%A9%D0%BC%D1%96%D1%80%D0%B1%D0%B0%D1%8F%D0%BD%D1%8B+%D1%80%D0%B5%D1%84%D0%B5%D1%80%D0%B0%D1%82/

2 http://juldyz.kz/2017/02/17/shynhghys-ajtmatov-1928-2008/

АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК КОНЦЕПТІСІ

АУТАЛИПОВА Д. Қ.
8 сынып оқушысы, «Ертіс ауданының Қараағаш ЖОББМ» ММ, Ертіс ауданы, Қараағаш ауылы
АУШЕНОВА С. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Ертіс ауданының Қараағаш ЖОББМ» ММ, Ертіс ауданы, Қараағаш ауылы

Мақаланың мақсаты: Абай поэзиясындағы адамдық концептісін тану және өскелең ұрпақ бойындағы адамгершілік, ізгілік негіздерін қалыптастыру жолдарын анықтау.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін алдымызға бірнеше міндеттерді белгіледік:

– Ақын шығармаларын оқу және талдау;

– Абайтанушы ғалымдардың еңбектерімен танысу;

– Ақын шығармашылығындағы «бес асыл іс» және «бес дұшпан» категорияларын анықтау. Аталған ұғымдардың жеке тұлғаны қалыптастырудағы рухани-адамгершілік маңызын таныту.

Өзектілігі: ұлт ұстазына айналған Абай Құнанбаев шығармашылығындағы «бес асыл іс» категориясының өзектілігін негіздеу. Абай тағылымының адамның өзін-өзі тануына бастайтын кемелдігін көрсету.

Зерттеу жұмысының әдістері:

– Талдау

– Жинақтау

– Сауалнама жүргізу

– Байқау

– Пайымдау

– Қорытындылау

Қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу шарт. Абайды тану – қазақтың өзін-өзі тануының, басы да, соңы да! Абайды тану – Абай айтқан сындардан толық қорытынды шығару деп білеміз. Айдай анық нәрсе, Абай ақын ғана емес, ол өлеңдері арқылы өз халқының төрдегі басын есікке сүйреп келген, басты міндерін батыл көрсетіп берген тұңғыш дана сыншымыз да! Өкінішке орай, Абайдың сол әлеуметтік-философиялық өткір сындарын сындарлы сынды қабылдау мәдениетіміздің төмендігі салдарынан әлі күнге толық қабылдап – толыққанды қорытынды шығара алмай жүргенімізді жасырғанмен бәрібір ол кемшіліктен арыла алмаймыз ғой.

...Біріңді қазақ бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Малыңды жауға
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас...

Әлем әдебиетінде Абай секілді алыптарды танутудың сан түрлі жолы бар. Орыс әдебиеті Пушкинді әлі күнге зерттеп, зерделеп біте алмай жатыр. Бір қуанарлығы біз данышпан Абайдың да сондай қырларына дендеп ене бастадық. Мысалы, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын ақ орда десек, әлгі жазылып жатқан, жазылатын еңбектер оның көркіне көрік қосатын ақшаңқан отаулар ретінде кең қанат жая береді.

Абай атамыз 10 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған.Ақынның арғы

тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Бұлардың әрқайсысы кейін бір - бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай, деген 4 ұл туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болған. Сол Айпара балаларына:

«Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә да оңбас торғайым...» [1].

Ана айтқанындай, шынында, бұлардың ішінде Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болғандықтан, «Ісің адал болса Өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар» деген мәтел сөз қалған. Өскенбайдың әйелі Зереден Құнанбай туады. Құнанбай 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі Күңкеден – Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Абайдің «Атадан алтау, анадан төртеу едім дейтіні осыдан. Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын - ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл – қалжыңға шебер, жөн – жобага жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. Абай әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады, Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Қожа Хафиз, Фзули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына бауыр басады. Медресенің үшінші жылында Абай Семей қаласындағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, орысша сауатын аша бастайды. Бірақ бұл оқуын әрі жалғастыра алмай, небәрі 3 жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады [2, 5 б.].

Абайдың басқа балалардан алымдылығын аңғарған Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертіп, әкімшілдік – билік жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел ісіне араласады. Абай әке қасында болған жылдарда атқамінер би – болыстардың қулық – сұмдықтарын, қазақ даласына ыдырай бастаған феодрулық қатынастардың кереғар қайшылықтары кіріптар еткен әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриапхалдық, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып зандарының залалдарынын айқын түсінді.

1875 жылы Қоңыркөкше елінде өткен сайлауда жеңіп шығып, 1878 жылға дейін болыс болады. Қазақ халқының дәстүрлі ел билеу жосындарын, әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін Абай ел ішіндегі әр алуан әкімшілік-құқықтық реформаларға белсене араласады. Егде тартқан шағында әкімқара биліктен, атқамінерліктен іргесін аулақ салып, шығармашылықпен ғана шұғылданады [3, 38 б.].

Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи – рәушән», екіншісі – «Физули, Шәмси». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870-80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі – өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі – ғақлия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі – өзге тілдерден, әсіресе орысшадан аударған өлеңдері [4, 56 б.]. Бір қатар өлеңдері татулық пен тұрақтылық, қоғам мен адам өміріндегі поэзияның орны және қызметі жайында, табиғат, махаббат лирикасына арналады. Абай атамыздың өлеңдері түрлі тақырыпта жазылғанын байқаймыз. Осыдан бізді қызықтырған тақырып Абай танымындағы адамгершілік концептісі.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Бес асыл іс көнсеңіз. «Жақсы бол» деп әркім айтады, «жаман бол» деп ешкім айтпайды. Жаман сонда да бола береді. Адал дән егумен шығады, арам шөп өзі шығады. Жамандық арам шөп сияқты, жұлмаса өседі, егіннің өнімін кеседі. Сондықтан егін мен арам шөп, жақсылық пен жамандық өмір бойы отаса алмай келеді» – депті жазушымыз Ғабиден Мұстафин [5, 53 б.]. Сондай-ақ Абай айтқан бес асыл істің адам бойынан табылуы дұшпаныңмен күресуді, жақсы адам болу үшін көп еңбек етуді, түйсінуді қажет етеді.

Абайдың қай шығармасын алсақ та, тек күнделікті қолданыстағы сөздермен емес, өзіндік астары бар терең оймен бейнеленеді. Эпитет, метафора, теңеу, аллитерация, ассонанс – Абай шығармаларының айқын көрінісі. Осы арқылы ол өз пікірін бейнелеп жеткізе білді.

Абай өлеңінде бес дұшпанды неге саралап айтады? Неліктен «білсеңіз» деп жазған? Менің ойымша, тек Абай заманында емес, қазіргі кездің өзінде талайлар Абай жазған «бес дұшпанды» дос санап, бойларына сіңірген.

Тұлға. Ал «жеке тұлға» түсінігін алатын болсақ, ол тек қана әлеуметтік сапа мен қасиеттерді игерген тұлғаны танумен байланысты.

«Жеке тұлға» дегеніміз адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіреді.

«Талаптың мініп тұлпарын» деген халық арасында жүрген даналық сөздегі талап – тұлпар дегеніміз не? «Еңбек етсең, емерсің» деген халық мақалындағы «еңбек» неге шақырады? «Жеті ойланып, бір кес» мақалының басты мәні – терең әрі түпкілікті ойлау. Сонымен қатар...

«Бар ма екен жай жүрген жай қанағатпен,

Құдайдың өз бергенін жеп көрмес деп?» – дегендегі қанағат дегенді қалай түсінеміз?

Ойды әр қырынан өрбітудің шебері, Абай өз шығармаларының түпкілікті ойын тікелей айта бермейді. Әр ойын астарлап, саралап жеткізе біледі. Айтпақ ойын тек бір мақсатта емес, әр қырынан өрбітіп жазады. Абайдың ешбір өлеңі тек бір адами қасиетке емес, сан мыңдаған адамның ішкі дүниесін түйіс тірейтіндей қисынмен өрбітіліп жазылған.

Абай тек қана ақын емес, жазушы да, философ та, сазгер де. Оның әр шығармасы жаңаша сипат табады. Ол табиғат жайлы, махаббат жайлы лирикалық өлеңдерді қалай тамсана жазып, романтик ақын ретінде танылса, қара сөздерімен өмірінен түйген

ойларын жетелеп адамдықтың ережесін қара сөздерінде баяндап, философ ретінде де танылды. Оның өнерпаздық тұлғасы әр шығармасында өзіндік жаңаша сипат табады.

Абайдың қай шығармасын алсаң да, өмірдің шынайы әлеуметтік тұрмысын өзіндік жан дүниесімен ұштастыра жаңа ұғым, жаңа түсінік қалыптастыра білді. Абайдың әр өлеңін оқыған сайын жаңа әлемге тап боласың, өмірдің сан қырына кезігесің, шындықты сезінесің. Еңбек, ғылым, білім, адамгершілік, әділдік, талап жөніндегі пікірлер – Абайдың ағартушылық, демократтық, сыншылдық, тіпті, қай салаға да болмасын, жан-жақты көзқарасын аша түседі.

«Қазақтың бас ақыны» – бұл қазақ әдебиеті тарихында Абайға берілген ең алғашқы маңызды баға. Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында Абайдың шығармашылығын аса жоғары бағалап, «онан асқан бұрын-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазды. Абай – біз үшін өмірдің кілті секілді, Абаймен бірге ашсаң, жаңа дүниеге тап боласың. Абай – жеке тұлға болып қалыптасуға жетелейтін дара тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 www. kazahadebieti.kz

2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы. – № 11. – 2004 ж.

3 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Сана». – 1994 ж.

4 Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. IX-XIX ғасырлар. Ғұлама тағылымы»: Оқу – әдістемелік құрал. Көкшетау: «Келешек 2030». – 2011 ж.

5 Умарова Г., Шарабасов С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Астана: «Фолиант». – 2011 ж.

6 www. egemen.kz

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

БАЙЗАКОВА А.
10 «А» сынып оқушысы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасындағы адамның өзін-өзі жетілдіру мәселесін зерттей отырып, ұлттық руханиятқа қосқан сындарлы ой-пікірлерінің бүгінгі таңдағы маңыздылығын таныту.

Ақынның шығармаларын зерделей отырып, руханилық ілімінің тұлғаның дамуында алатын орнын пайымдау, ақын философиясын тануға талпыныс жасау.

Егер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасындағы руханилық ілімін тарихи және ғылыми сабақтастықта қарай отырып, қосқан сындарлы ой-пікірлеріне жан-жақты талдау жасай алсақ, онда ақынның философиясын терең пайымдап, бүгінгі таңдағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты ағартушылық (педагогикалық) ой-пікірлерін жүйелеуге мүмкіндік аламыз.

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы адамның өзін-өзі жетілдіруі мәселесіне көзқарасын анықтау;

2 Ақынның ағартушылық бағыттағы ой-пікірлерін жүйелеу;

Философтардың (Кант, Ж. Баласағұн, А. Иүгінеки, Абай, Шәкәрім, т.б.), тарихшылардың, педагогтардың еңбектері, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылық еңбектері мен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған әдебиет зерттеушілерінің еңбектері.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектеріне талдау,жинақтау, әдеби-теориялық тұрғыдан талдау жасау. Жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-тарихи тұрғыда талдау жасау, алдағы уақытта ағартушының ұрпақтарымен әңгімелесу, ауызша, жазбаша сұхбат алу.

1 Адамның жан-жақты дамуы жайлы философиялық көзқарастар

Кант: «Адам дегеніміз не?» деген сұрақ философияның негізгі мәселесі де, адамның өзі «дүниедегі ең басты нәрсе».

Абай: Адамды табиғаттың бір бөлігі деп санап,оның имандылық қасиеттерін өмір жағдайлары, дәуір қалыптастырады деп есептеді.

Адам сенімін арттыратын нәрсе – білім, қажырлы еңбек, табиғат құпиясын ашу деп білді

Абай білімді қабылдау дәрежесін үш деңгейге бөледі:

1 Ақпарат-хабарды қабылдау;

2 Алған білімді сана-сезіммен түйсініп-сезініп, көңілге қондыру. Бұлар «адам» сатысындағылар. Бірақ алған білімдерін өмірде толық қолдана алмайды;

3 Олар алған білімін өздерінің өмір көрінісіне айналдырып, оны толық пайдаланады. Бұлар «толық адам» сатысындағы рухани адамдар.

Жүсіп Баласағұни және Ахмет Иүгінеки: Адамның адамгершілік қасиеттері туа біткен емес, өмірде қалыптасады, тәрбие жағдайларына, үйретілген әрекет қимылдарына тәуелді болады, ізгі қасиеттер адамның өзіне, оның мінез-құлқы мен біліміне байланысты

Шәкәрім: Адамның өмірін үш кезеңге бөледі. Өмірдің басы – бала, ортасы – жастық, содан соң қарттық шақ. Осының ішінде ең қуатты жастық шақты ғылымға арнауды насихаттайды.

Аталған философтармен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасындағы рухани үндестік:

1 Дүниетаным,адамгершілік мұрат бірлігі;

2 Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді,заман тынысын нақты сезіну;

3 Ой толғап отырған жайлардың ортақтығы;

4 Поэтикалық табиғатының үндестігі.

2 Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлері: Адамның тұлғалық дамуы оқу мен тәрбиеге тәуелді екенін, баланың қабілеттерінің дамуы ерте басталатынын айтып, «Белгілі ат болары құлын жастан» – деп, ақын адамның рухани жетілуіндегі балалық шақта берілген тәлім-тәрбиенің орнын, бірақ оның қоршаған ортамен тығыз байланыстылығын айтады.

Ғалым адамның не нәрсенің себебін білуге талпыныс жасап, тереңіне үңіліп әрекет істеріне, байыптылығына, ойланып шешім қабылдайтын парасаттылығына аса маңыз беріп, шалағайлық – білімсіздік екенін баса айтады.

3 Ақынның ой-пікіріндегі сүйіспеншілік сезімінің тәрбиедегі маңызы мәселесі: Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы тұлғаның рухани адамгершілігін қалыптастыруда сүйіспеншілік сезімін басшылыққа алу керектігін айтады:

«Махаббат – сәулесі зор, құдай нұры,
Көрген жан сол сәулені қалмасқұры».

Тұлғаның рухани адамгершілігін қалыпастыруда Мәшһүр Жүсіп басты қағида ретінде сүйіспеншілік принципін басшылыққа алу керек деп білді

4 Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері: үздіксіз әрекеттенуді,

еңбектенуді насихат етеді. Еңбек етуді арлылық, тілемсектікті арсыздық белгісі ретінде алып, Мәшһүр Жүсіп:

Қадірлі болам десең қарындасқа.
Дауа жоқ бас айналар мұнан басқа.
Сүйкімді бүкіл жұртқа болам десең,
Ешкімнен дүние сұрап аузынды ашпа.

5 Ақын шығармаларындағы адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі: әрекетшілдік, өнер үйрену және имандылық жөнінде:

1 Ақын ілгері басу, даму,жетілу мәселесін насихат етеді.

2 Орынсыз, жөн-жосықсыз әуесқойлық ,уақыттың бос өтуін ақын ашына жырлайды. Мәшһүр Жүсіп:

Базарға келіп едің ат терлетіп,
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,
Жұрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп,

Ораза,намаз,мұсылмандық парыз жайында Мәшһүр Жүсіп «қырық парыз баяны» деген шығармасында былай дейді:

Қырық парыздан мен айтайын Исламды.
Бес иманды үйрен, оқы намазды ертелі – кеш.
Ораза тұт, қажы қылғыл, бергіл зекет
Ынсапқа малың толса, қалдырма еш (һеш).

6 Сөз өнерін игеру маңыздылығы туралы: Ақын өнердің ішінде сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Ол адамзат баласының бір-бірімен табыспайтын, жақындаспайтын кезі болмайды,олар бір-бірінің ішкі жан сырын сөйлесу арқылы түсінеді, ұғысады дей келіп:

Кем емес – кейбір сөзім жанған шоқтан,
Әркімге ауыр тиер атқан оқтан.
Ұшқан құс, жүгірген аң-жануарлар,
Атанды бәрі хайуан-тілі жоқтан.

«Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзінде» өлеңінде:

Әңгіме есітсеңіз мына бізден,
Адамға пәле-тілден, бейнет-көзден
Адамның адамшылық артықтығы
Көрінер, түсіп көзге, сөйлер сөзден.
Болмайды сөз болғанмен, бәрі тегіс,

Келтірер иесіне кей сөз сөгіс.
Бас қосқан мереекде жақсы-жаман,
Шешендер-мәуелі ағаш, сөз-бір жеміс.

Мәшһүр Жүсіп өзінің қай шығармасында болмасын, қоғамның ілгерілеуіне, жеке адамның жетілуіне кедергі болып отырған ел арасындағы, адам бойындағы жағымсыз кертартпа мінездерді сынға алып, адамгершілікті, әділеттілікті насихаттап, ғылым-білімге шақырады.

1 Баласағұн-Абай-Мәшһүр Жүсіп әлемі ілім, таным дүниесінің сабақтастығынан туған рухани үндестіктің мынадай сипаттарын даралап көрсетуге болады: біріншіден, дүниетаным, адамгершілік мұрат бірлігі; екіншіден, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, заман тынысын нақты сезіну; үшіншіден, ой толғап отырған жайлардың ортақтығы; төртіншіден, поэтикалық табиғатының үндестігі (ойшылдық, суреткерлік қисын, афоризм, нақыл);

2 Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлерін саралай келе түйіндегеніміз: өзін-өзі танып білген адам басқалармен, өзін қоршаған табиғатпен ынтымақта үйлесімді өмір сүре алатыны; адам үнемі өзінің ішкі дүниесіне үңіліп жан дүниесінің жасырын жатқан қасиеттері мен дарынын ашу арқылы жетілетіндігі, үздіксіз білім алу адам дамуының қажетті алғышарты ретінде пайымдалды.

3 Ақын шығармаларында белсенді іс-әрекеттің иесі болу – Жеке тұлға үшін ең басты қажеттілік екені; рухани білімалу барысында жүрек тазарып, көкірек көзі ашылып, оны

Имандылыққа жеткізетіндігі, адам салауатты өмірге жақындау арқылы тән мен жан саулығын реттей алатынын және жалпы адамзат үшін игілікті істерге бара алатыны жайлы қорытындылары жасалды.

4 Ақынның ой-пікіріндегі сүйіспеншілік сезімінің тәрбиедегі маңызы мәселесі бойынша адамның өзін-өзі жақсы көруі мен басқа адамдарды, бүкіл әлемді жақсы көруіне шейінгі сезімнің дамуы үйлесімге, өзара түсінісушілікке және қоғамдағы адамдардың бірін бірі бөтенсінуін жеңуге әкелетіні және адамзат бірлігін ойлайтын гуманистік ой-пікірлерінің маңыздылығы сараланды

5 Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері ағартушы тұлғаны жан жақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды мәселе ретінде қажеттілікті, нені болсын тұтыну мәдениетін игеру керектігін насихат ете отырып, нысапшылдық, қанағатшылдық мәселелеріне баса мән бергенін пайымдадық.

6 Ақынның сөз өнері жайлы ой-пікірлерін түйіндей отырып, жеке адам өміріндегі маңыздылығы, адамның адам болып

тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған рөлі; сөздің адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-тұқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі,әсемдік қазынасы екенін мән берілген. Сөзді тегін дүние көріп, оңды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайтыны жайлы ақынның реалистік сыншылдықпен ашып көрсеткеніне көз жеткіздік.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын қазіргі таңдағы ғылыми және адами көзқарастар тұрғысынан қарастыру. Оны бүкіл адамзаттық гуманизм қағидалары мен имандылық, адамгершілік идеялармен үндестігін тығыз байланыстылықта саралау. Жеке адам, тұлға қалыптастырудағы М. Ж. Көпейұлының мұрасының алатын мән-маңызын ғылыми тұрғыда пайымдау.

Менің ұсынысым

1 Мектептерде Республика көлемінде «Мәшһүртану» таңдау курстарын енгізу.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларын мектеп бағдарламасына кеңінен енгізу (10-сыныпта ғана берілген). Оқушылардың жас ерекшелік теріне орай, 5, 6, 7, 8, 9 - сыныптарда да қамтылу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақышев З. Мәшһүр Жүсіп. Жүсіпбек/Дауа, 1991 ж., қазан, 5 бет.

2 Ақын-жыраулар-Алматы, 1979 ж. – 83 бет

3 Көпеев М.Ж. Таңдамалы, Алматы, 1990 ж. 2- том – 61 бет

4 Қазақ әдебиеті: Энциклопедия- Алматы, 1999 ж., - 750 бет

5 Көпеев М.Ж. Мәшһүрдің 46 жасында сөйлеген сөзі.// Таңдамалы:Алматы,1990ж.-1-том-72б.

6 Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 272

7 Омаров Д. Абайтану курсы. - А.: Рауан, 1998.- 192 б.

8 Оразалин К. Абайдан соң. - Алматы: Ана тілі, 1995.- 584 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫҢ ЖӘНДІКТЕРДІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АУА РАЙЫН БОЛЖАУЫ

БАТРАЧИНА А.
ученик 9 «А» класса, СОШ № 18, г. Павлодар
ЖАКУПОВА Г. М.
учитель казахского языка и литературы, СОШ № 18, г. Павлодар
ИМАНГАЛИЕВА Б. К.
учитель казахского языка и литературы, СОШ № 18, г. Павлодар

Қазақтарда жануарлар қылықтарына бақылау негізіндегі көптеген болжамдар бар. Олар алдымен шаруашылығындағы үй жануарлары: жылқы, қой, ешкі, сиыр, түйе.

Қазақ халқы жылқы малын сергек мал дейді. Олардың қылығы арқылы ауа райының алдын-алып болжайды. Жылқылар топтасып, жүйткіп, кісініп ойнақтаса, шапқыласа, кешікпей күн суытып, ызғар соғып,боранды жауын қарлы борасын болады деп біледі. Жылқылардың жүні үрпиіп, жайылуға зауқы жоқ болса , онда біраздан кейін күн суытып ауа райы бұзылады. Ат әлсін-әлсін пысқырса, жазда жел күшейіп жауын жауардың, ал қыста қар жауып, қарлы борасын болады. Жылқы ыққа жайылса, жел, жауын, қарлы борасындар, ызғар суық жел болады. Айғыр үйіріп, мойынын жерге сала, жиса ауа райы кешікпей бұзылады. Жылқы малы қыста, көктемде жайылғанда, қай жаққа қарап жайыла берсе, жайлы жылы күндер болады, ал желге қарсы жайылса, жайсыз күндер болатының белгісі. Бие кенет суалса, кешікпей жауын жауатын болады. Соғымға сойылған жылқының бауыр жүні ұзын болса, алдағы қыста қар көп жауады. Жылқының жүні бүршіп үрписе, жазда жауын жауып, қыста күн суытады. Қыста оқыранып, ернін жыбырлатса, кешікпей күн жылынып, қар суын ішеді [1].

Қазақтар қойдың қылығы арқылы ауа райын алдын ала болжайды. Қой тынышсызданып, көнді тартып, қызып мазасызданса қар жауып, борасын соғып қарлы борасын болатындығының сынайы. Таңертен ерте қойдың жағдайын байқағанда олар желге қарсы күйсеп жатса, ауа райы жақсы болатынының белгісі. Қой көп түшкіріп, пысқырса, аспанға бұлт жиылып, тұмандатып, жауын жауатының ишарасы болады. Қой жүнін сілкіп, сілкінсе жауын жауғанын қойып, күн ашылыды [2]. Қойдың жүні дымқылданып, суланса, жас болса, жауын жауардың белгісі. Қыстың басында қой қорадан өзі шығып жатса сол жылғы қыс жайдарлы жақсы болады. Қой күйездеп жиыла бастаса, кешікпей күн шиліңгір ыстық болады. Қыста, көктемде қой кез-келген

жаққа қарап жайыла берсе, келер күндер жайлы болатының белгісі, ал желге қарсы жайылса, күн суытудың ишарасы. Қыста сойылатын қойлардың бауыр жүні ұзын өскен болса, алдағы жылы қыста қар көп болады. Егер қойлар өрістен қайтқанда ауызына бір-бір тал шөп тістеп қайтса, сол жылы жұт келеді деп көреді халық [3]. Қойлар тісін қайраса, кешікпей күн борандатады, ал қой тұяғымен кеудесін, төсін қасыса қыста қар қалың жауатының ишарасы болмақ. Өріске өрер қой қорадан еркін шықса, өрістен қайтып келгенде олар қораға еркін кіретін болса, жыл жақсы болуының сынайы болмақ деп көреді қойшылар. Қой өрісте тоқтай тұрақсыздана жүгірсе немесе қорадағы көңді тұяғымен қазып тебіндесе, кешікпей боран, мүмкін күштідауыл тұрады. Қыстың басында қорадағы қойлар жиектеп шашырай жатса, қыс жайлы жұмсақ болады. Қозы, лақ секендеп, ойнақтаса, жауын жауады. Егер қойлар сілкініп, маңырап шуылдаса, жауын басылып, күннің көзі шығады.

Дала жануарлары.

Қазақ халқы орташа жыртқыш аңдардың қылық мінездерімен ауа райын болжап келген. Оларға қасқыр, түлкі, қасқыр сияқтылар жатады.Егер қасқыр көбейіп кетсе, сол жылғы қыс жайлы, жұтсыз болады. Алайда қазақ халқы малдың жауы қасқырың көбеюін жақтырмай, оның өзін бір жұт деп көреді. Ал түлкі көбейсе, қыста қар көп жауады дейді. Түлкі ауыл маңына таяса, жұт болудың сынайы делінеді [4]. Сол сияқты түлкі, қарсақтар жазық жерге, далаға ауып кетсе, қыс жайлы жылболатының белгісі.

Ата-бабаларымыздың тіршілігінде қоянның алар өзіндік орны бар. Оның етін қазақтар адал деп жейді. Ашаршылық жылдары қоян еті талай тайпаға тамақ болғанын тарихи деректер дәлелдейді. Қоянның қылығы, мінезі мен қазақ жұрты ауа тайын

алды-ала болжап келген. Қоянды сойғанда буйрек майы бітеу семіз болса,алдағы қыс қарлы, қатал болады деп есептейді. қоян мекенді жерінен кенет ауып кетсе, солмаңда жұт атады. Қояндар бұта, шиға көп бұғып, тасаланғыш келсе, жауын-шашынды, желді, бұрқасынды уақыт болады.Көктемде қояндардың жүні кеш, жай түлесе, сол жылы ауа райы салқын болудың белгісі [5].

Ұсақ кемірушілер.

Егер тышқандар шөбін биік жинаса, қар жауатының белгісі, шөптің үстіне тас жауып, қасында күзетіп отырса, онда күшті жел соғатының белгісі. Ал шөпті аз жинаса, жайдарлы, жылы қыс болудың нышаны. Көртышқанның «үйген құмы» көп, биік болса, сол жазда найзағай ойнаса, жауын көп болатының белгісі болмақ. Саршұнақ шөпті ерте жинаса, ерте інін бекітсе, қыс ерте түседі. Ал шөбін жай жинап, жай інінде жатса, онда қыс жайлы болады. Саршұнақ тұманды, бұлтты, бұлыңғыр күндері шықылықтағыш келге, кешікпей ауа райы жақсарып, күн ашылады. Көктемде саршұнақ інінен ерте шықса, жаз жақсы болады. Ала тышқан шиқылдаса, кешікпей жауын жауады. Таңертегісінен үнемі шиқылдаса, ауа райы тез бұзылады. Егер тиіндер ұясынан алыс ағаштардан ағаштарға, бұталардан бұтаға секіріп жүрсе, күн тынық, жылы аспан ашық болуының белгісі.

Құстар арқылы.

Қазақтар қарға, шау қарға, құзғын мінез-құлықтарымен ауа райын алдын ала болжап біледі. Қара қарға ұясынан ұзап ұшса, күн ашық жылы болады.

Егер көгершіндер емін еркін жеке дара немесе бір екіден жұптасып жүрсе, гүр-гүр дыбыс шығарып жайбарақаттанса жылы күн болудың белгісі. Көк кептер ықтасып жерлерге, қора үй маңайындағы ық жерлерге күте қарап бүрсиіп жүнін үртініп отырса, анда-санда сілкінсе, кешікпей күн ызғарлануының нышаны болмақ [5].

Қарлығаштардың қылқы мінез-құлқы арқылы ауа райы алдын ала болжауға болады. Қарлығаштар көкке биіктей ұшса, су бетіне таяу ұшып құйқылжыса кешікпей жауын жауады. Қарлығаштар жерді жанай жақын ұшса, су бетіне таяу ұшып тұрақты болады. Қарлығаштар топтасып мекенді жерінен уақытта ауып кетсе кешікпей болатын боран желдеп аулаққа кеткендігі болады. Қарлығаш ұшуын сиретсе, ауа раый бұзылады.

Жәндіктер арқылы.

Қазақ халқы құмырсқа, қоңыздар, құрттардың қылық-мінездерімен де ауа райының өзгерістерін алдын ала болжап келген. Күзде құмырсқалар илеу үйіндісін өте биіктетсе, сол жылы қыс қатайып, қар көп жауады. Құмырсқалар жемін, илеуін, тез асығыс жинап үйіндісіне қарай сүйреп таси бастаса, ауа райы бұзылып, жел соғатының сынайы болмақ. Құрттар ағаштқардың қабығы астына тығыла бастаса жел соғады немесе жауын жаудың белгісі болмақ. Қара қоңыздар жедел құмды қазып, бойларын тасалай бастаса, кешікпей жел соғып немесе жауын жауардың белгісі болмақ.

Қара қоңыздың, басқадай қоңыздардың үстіне құм жабысып жүрсе, ауа райы қолайлы болады [5].

Табиғат құбылыстарының қайталанып келіп отыруын мұқият бақылау қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор

тіршілік тұрмыстық маңызы болды. Халқымыз жыл мезгілдері мен әр жыл мезгіліндегі табиғат құбылыстарын көбінесе аспан денелерімен жан-жануарлар әрекетіне қарап болжаған. Олар аспан әлеміндегі негізгі планеталарды жақсы айыра білген. Қазақтар түнгі аспан шырақтарына қойған аттарын да өздерінің шаруашылық өмірінен алғанын. Халқымыз табиғаттың сан алуан құбылыстары мен жабаый жан-жануарлар арасындағы табиғи байланыстың құпия сырларын бақылай отырып, өзіндік тұжырым, қорытындылар жасағаның, әлі оларға ерекше мән бергенін көреміз.

Өзін табиғатпен тұтастықта, табиғаттың бір бөлшегімін деп тану, халқымыздың табиғат құбылыстары дүниетанымымен ұласып, атадан балаға балаға ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра ретінде өз жалғасын табуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахмеджанова А. Ауа райының құбылуы. Алматы, Қазақстан – 1987 ж.

2 Кәмәләшұлы Б. Ауа райының қазақи дәстүрлі болжамдары // Сарыарқа самалы 2004, 8 шілде.

3 Кәмәләшұлы А. Ауа райының қазақи дәстүрлі болжамдары // Сарыарқа самалы 2004, 5 тамыз.

4 Қамбаров Қ. Қазақтың ұлттық күнтізбесі // Парасат. – 1998, 6

5 Омаров Т. Күн және табиғи құбылыстар. Алматы. – 1978

МҰХТАР ШАХАНОВ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ МӘНІ

БЕКТЕМІРҚЫЗЫ Д.
9 сынып оқушысы, Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілінің бірі, ақын М. Шахановтың шығармашылығы әр уақытта да жыр сүйер қауымның назарында болып, жоғары бағаланып келеді. М. Шахановтың поэзиясының табиғатын тану – көркем сөз зергерлері Ғ. Мүсірепов, Т. Айбергенов, Т. Әбдіков өрбіткен пікірлерден бастау алады. Осы тұжырымдарды әдебиетші-ғалымдар Ш. Айтматов, Е. Евтушенко т.б. жалғастырды. Ақынның өз тұстастарынан және кейінгі буын өкілдерінен Ә. Нарымбетов, Б. Кәрібаева, Г. Ибраева, Ә. Кекілбаев, Л. Сандыбай, С. Елікбайдың және басқалардың пікір-пайымдары мен талдау-тұжырымдарының мәні зор. Әсіресе

ақындық қолтаңбасы ешкімге ұқсамайтын М. Шахановтың әдеби мұрасының негізін құрайтын поэмаларын зерттеу арқылы қазіргі қазақ поэзиясының ерекшелігін, ақынның бүгінгі қазақ әдебиетіндегі алар орнын айқындарымыз ақиқат.

М. Шаханов шығармашылығының бір саласы – поэмаларына талдау жасай отырып қазақ поэмасын дамытудағы жаңашылдығын, өзіндік қолтаңбасын көрсету мақаланың негізгі мақсаты болмақ.

Мұхтар Шахановтың шығармашылығы жайлы аз жазылып жүрген жоқ. Әсіресе оның ақындық тұлғасын танытатын поэзиясына қатысты баспасөз беттеріндегі әдеби- сын мақалардан бастап, қазіргі қазақ поэзиясының өзекті мәселелерін тұжырымдаған күрделі зерттеулерге дейін ақын шығармалары зерттеу нысанынан тыс қалған емес. М. Шаханов поэзиясының өзі әр тарапты: лириканың тақырыптық түрлері, балладалар, арнау өлеңдер, поэмалар сияқты тарамдалып кете береді. Соның ішінде зерттеу нысанына ақынның поэмалары алынып, ол туралы айтылған зертеушілердің пікірлеріне сүйене отырып, оны тақырыптық-мазмұндық жағынан саралап, қазақтың сюжетті поэмаларын дамытудағы ақынның өзіне тән ерекшелігі айқындалды.

М. Шахановтың өзіндік стилі бар ақын болғандықтан қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Қаламгердің поэмаларына талдау жасай отырып 60-80 жылдардағы қазақ поэзиясының көркемдік сапасын айқындаймыз. Ақын поэмалрының тәрбиелік мәні өте зор сондықтан оның әдеби мұрасын мектеп оқушылары білуі тиіс. Өйткені ақын поэмаларының тақырыбы өмірдің өзекті мәселелерін қозғайтын туындылар.

М. Шаханов – асқан талантымен, айбынды ақындығымен, асқақ азаматтығымен ерекшеленген көрнекті ақын, ол қазақ поэзиясында, қала берді әлем поэзиясындағы ірі тұлғаға айналды. Ақын қандай тақырыпқа бармасын, өзінің нысаналы идеялық, моральдық, өнегелілік мақамынан жаңылмайды. Тіпті, ең нәзік саналатын махаббат, табиғат тақырыбына барғанда, ол тәрбиелік, тәлімдік маңызы бар пікір түйеді.

Ақын поэзиясына алтын арқау болған тақырыптардың бірі –ізгі махаббат, шынайы сүйіспеншілік.

Мықты болсаң, жарқыным, ізіңді сал елсізге,

Ізсіз жандар өнерде толып жатыр сенсіз де, – деп өзі жырлағандай, махаббатты жырлаудың өзгеге ұқсамас тәсілін ақын елсізден, «әлі ешкім бастамаған жолдан» іздеді. Сол жолды тапты да. Сүйіспеншілікті жырлауда өзге ақындар сияқты көңіл

күй пернелерін дәл басып, сезімді селт еткізер дәстүрлі нәзік лириканы емес, тереңнен тамыр алып, философиялық ойға құрылып, тарихпен сабақтас сырлы лириканы дүниеге әкелді. Ақынның ғашықтықты жырлауда жасаған философиялық тың байламдарды оның шығармашылық даралығын танытса, осы тақырыптағы «Махаббатты қорғау», «Сенім патшалығы», «Сейхундария», «Танакөз» поэмалары мен «Жанерке», «Ғашықтық ғаламаты», «Шың басындағы оқиға» балладалары, «Ұйқысыз өткен түн», «Алғашқы махаббатқа хат» өлеңдері ақын поэзиясының жаңашыл сипатын аша түсті.

Ақын «Сейхундария» поэмасында махаббаттың не екенін өзіне сөйлету арқылы ашады:

Ғасырлардан ғасырларға жол алған,
Ұшып келген арман атты аралдан
Мен тірліктің ақ құсы едім, аппақ ардан жаралған
Даңқым алыс таралған.

Әйтсе де махаббаттың ылғи көктем сыйламайтын, кез келгеннің басына қона бермейтін қасиетін:

Көктем гүлін қадасам да шашыма,
Ылғи көктем ерткенім жоқ қасыма.
Қонған жоқпын анау–мынау биікке,
Қонған жоқпын кез келгеннің басына, – деп өрнектейді.

Махаббатта тек бақыт, шаттық қана емес, қайғы мен қиянат та қатар жүретінін:

...Қанатымда самалы бар бақыттың
саусағымда жүзігі бар қайғының, – деп береді.

Ақын махаббатты өзгеше тұжырымдармен де береді:

Махаббат – ол қос жүректің әні ғой...[1, 18 б.].
Махаббат ол – жан мен тәннің тізе қосқан ерлігі [1, 104 б.].
Иә, махаббат – қайсар құзды жарып өтер тасты жол... [1, 106 б.].

Ұлы Абайдың «Махаббатсыз дүние бос» деген ойын Мұхтар Шаханов:

Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір,
Ал қалғаны жай күндер [1, 9 б].
Махаббатсыз өткен күннің бәрі ізсіз
Суға жазған таңбай [1, 189 б.].

Ұлылардың «Әлемді ұстап тұрған – махаббат» деген ойын ақын:

Ғашық болу келсе кімнің қолынан
Әлем соған сенеді,
Құлай сүю ерлікпен тең себебі.

Бірақ сүю бақыты
Кез келгенге тартылмайтын сыбаға, – деп қорқытады [1,11 б.].

Ақын махаббат тақырыбын жырлауда өткен тарихты да қозғайды, қазіргі замандағы қилы оқиғалардан мысалдар келтіреді. Мәселен, «Махаббатты қорғау» поэмасында «Саматтың жары Айжанармен жекпе-жек» бөлімінде табысу мен кездесу, талпыну мен түйісу, сағыну мен сүйісу сезімдерінің барлығы да махаббатқа апармайтынын, адамның бақыты өз қолында екенін айтып өтсе, «Ғайша» бөлімінде тағдырдың төлкегіне ұшыраған, өз махаббатын ақырына дейін күте алмаған Ғайшаның махаббаты сөз болады, «Түркістан аңызы» бөлімінде махаббаттағы ерлікті ту етеді.

Өз заманының қиындығын көре, сезе, тіпті әрі – беріден соң оның ұнамсыз көріністерін адуынды да ашулы өлеңдерге өзек еткенін 2003 жылғы «Эверестке шығу», 2007 жылғы «Дара талғам қасіреті» жинақтарынан оқып, өз дәуіріне азамат көзімен қарап, оның теріс, дұрыс иірімдерін қаһарлы сөзбен – жөнге салуға ұмтылған ақынды көреміз.

«Әрбір көркем шығарма идеялылығымен, көркемдігімен құнды. Кез келген шығармада автордың бастан-аяқ нысан етіп ұстайтын негізгі идеялық пікір –түйінді мазмұны болатыны белгілі. Шығарманың барлық көркемдік компоненттері сол идеялық түйінді ашуға, көріктендіруге, сомдауға, оқырманға жеткізуге қызмет атқаратыны анық» [2, 170 б.].

Ақын Мұхтар Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы» да осындай тарихи тақырыпқа жазылған шағын поэма. Ол шағын болса да, шымыр. Бас-аяғы жинақы, ешбір басы артық сөзі жоқ, жұп-жұмыр бұл туындыны поэзияда жарқ етіп көрінген жаңалық десе де болғандай. Өйткені, оның композициялық бітімінің өзі – назар аударарлықтай, соны. Поэмада екі бөлім бар. «Махамбеттің соңғы монологы» деп аталатын бірінші бөлімде бас кейіпкерді сөйлете отырып, автор сол кейіпкер сөзі арқылы-ақ оның көркемдік тұлғасын жете танытады. Ал, «Әке үкімі» атты екінші бөлімде бірінші бөлімді заңды түрде толықтырып, бас кейіпкер тұлғасын биіктете түседі. Автор кейіпкер сөзі арқылы оның бейнесін танытудың бар мүмкіндігін сарқа пайдалана отырып, өзінің үлкен дарын күшін жарқыратып жайып салады. Махамбет сияқты үлкен ақынның аузына сөз салып, оны өз шығармасында сөйлету қай суреткерге болмасын, оңай емес. Поэмадағы Махамбет аузынан шығатын сөздер шетінен сап алтындай асыл, талай ұрпаққа өшпес, тағылым-тәрбие берерліктей өнегелі де шешен. Мәселен:

Батырлығы жоқ адамнан
Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.
...Ақындықтың басты шарты –
Басты алса да шындықты айту емес пе?
...Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын
Оның тартар азабы да соншама, – [3, 116 б.].

Сияқты поэмадағы Махамбет сөздері нақыл, мәтел боларлық терең мағыналы сөздер. Поэмадағы екінші бір кейіпкер – халық өкілі – адал азаматтың сөздері де бас кейіпкер Махамбет сөздерінен кем түспейді.

М. Шаханов «Нарынқұм трагедиясында» асыл ер, абзал ақын Махамбетке деген бүкіл халық махаббатының күшін, құдіретін, ұнамсыз кейіпкер әкесінің күрделі өмірі, іс-қимылы арқылы да сенімді түрде шебер бейнелеп берген. Өткен ғасырдағы халық өмірінің тарихи кезеңін оның тарихи ұлы перзентінің сом әдеби тұлғасы арқылы айқын суреттеп берген «Нарынқұм трагедиясы» поэмасы әрі жаңашыл туынды, әрі эпикалық поэзияның еңсесін көтере түскен көркемдік ірі жетістік.

Шаханов шығармаларындағы әсіресе, поэмаларындағы келелі мәселелердің бірі – махаббат, махаббатқа адалдық. Ақынның эпикалық құлашын көрсетер «Махаббатты қорғау» поэмасы біртұтас оқиғалы өлеңдер циклын құрайды. Мәселен, «Кіріспе, яки ғашықтар жазған хаттардан», «Саматтың жұбайы Айжанармен жекпе-жек», «Ғайша және Түркістан аңызы». Ақын поэмаларындағы сюжеттер фольклорлық санадан бастау алады. Мәселен, Қожа Ахмет Яссауи ескерткіші турасындағы әпсананы ақын қазіргі танымда өңдеген. Махаббаттағы сатқындық, тұрақсыздық – осы поэманың негізгі арнасы. Махаббат үшін ымырасыз күреске түсіп жүрген лирикалық қаһарманның өзі. Поэманың сюжеті де қарапайым. Мәселен, той үстіндегі Айжанардай әйелмен махаббат турасындағы қақтығыс осы поэманың негізгі желісі.

Жастық тақырыбы Мұхтар поэмаларының негізгі өзегі. Ақынның «12-3=?» поэмасын кейбіреулер арифметикалық амал деп қабылдауы да мүмкін. Бірақ осы бір қарапайым амалдан адамның жастық өмірін ешқашан да назардан шеттетуге болмайтындығын паш етеді. Мұндағы негізгі лейтмотив – қазақ фольклорындағы баршаға белгілі ертегі мысал етіп алынған. Ақын поэманың қортындысын «Тым кеш келген игілікті ойлардың, қайғысынан артық азап бар ма екен?!» деп оқушының өзіне сауал тастау арқылы аяқтайды. Мұндағы басты мақсат – идеяны оқушының өзі түйіндеуіне мүмкіндік туғызу [4, 116 б.].

Мұхтар Шаханов поэмаларының шоқытығы биігі, тұғырлысы – «Танакөз». Бұл поэма мәңгілік тақырып болып саналатын махаббат мәселесіне арналады. 10 бөлімнен тұратын бұл поэмадағы Танакөзге тағдыр ауыр таңдау жасатады. Алып ұшқан албырт сезімді от тілді, орақ ауызды ақынды таңдап керек пе әлде мүгедектік арбаға мәңгіге таңылған Мұратты таңдауы керек пе? Оқиғаның шиеленісі де осынау сауалмен ширыға түседі. Танакөздің парасаттылығы, адамгершілік келбеті поэмада барынша нанымды суреттелген.

М. Шаханов поэзияға алғаш келген кезінен бастап ел тағдырын жырлаудан жалыққан жоқ. «Сейхундария», «Күре тамыр іздеу», «Сенім патшалығы» секілді философиялық поэмаларында ақиқат пен жалған, сенім мен күдік, махаббат пен қызғаныш, адалдық пен арамдық, ізгілік пен қиянат, ерлік пен сатқындық секілді рухани өмір өлшемдерімен болмыс заңдарына бойлай отырып, бар жақсылықтың басы – туған анаға, туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталатынын дәлелдейді.

Жалпы, М. Шахановтың шығармаларына тән басты қасиет – ақынның өзі мен кейіпкері арасындағы ара салмақты тең ұстауы, өлең арнаған адамның тасасында қалып қоймай, автордың асқақ рухының биік дәрежеде сақталуы, өлең кейіпкері мен автордың өзара рухани жақындығы, авторлық идеяның шынайы көріністерінің шығармада шашау шықпай ақырына дейін сақталуы.

М. Шаханов – әлі ашылған сырынан ашылмаған сыры көп, құпиясы тереңдегі ақын. Ел тағдыры – ақын шығармашылығының өмір өзегі. Халықтың өздері айтып жеткізе алмаған шындықты ақын М. Шахановтың жете, жетістіре жырға қосуын суреткер шеберлігінің және бір қыры екенін баса айту керек. Ақын поэмаларында басты идея мен өзекті тақырыпқа айналған адамзат психологиясы суреткер мұратына айналып, көркем бейнеге айналған адамзат баласының көкейкесті проблемесын ақын өз туындыларында жан-жақты ашып көрсетті. Мұхтар Шаханов туындыларында қазақ топырағында дүниеге келіп, аты есте қалған тарихи тұлғалардың өмір-өнерінен мол дерек ұшырасып отырады.

Мұхтар Шаханов шығармашылығы – қазақ поэзиясындағы азаматтық тақырыптың өсіп-өркендегендігінің, биік сапалық деңгейге көтерілгендігінің айқын дәлелі болып табылады. Мұхтар Шаханов поэмалары толысу, кемелдену сатысынан өте келе, тақырып әуені күрделі философиялық түрге айналды.

Мұхтар Шахановтың ақындық стилі оның поэзиясының өмірмен өктем араласуынан, шындықпен бетпе-бет келіп

тілдесуінен, ойындағысын жасырмай, бүкпесіз еркін айтуынан туады. Оқырман жүрегінен орын алып өзіндік стилімен төл табиғатымызға тән мінез-құлық – сыршылдық, мұңшылдық, нәзіктік пен қайсарлық, асқақтық ажарын ашып таныту – ақын поэмаларының басты бағдары. Сонысымен де ол – халық жүрегінен мәңгі орын тепкен асыл поэзия.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шаханов М. Эверестке шығу – Алматы: Атамұра, 2003ж. - 269 бет.

2 Шаханов М. Дара талғам қасіреті -Алматы: Раритет, 2007ж. - 260 бет.

3 Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі А., 1989ж. -346 бет.

4 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығ., - Алматы. Жазушы, 1983ж.- Т. 2. - 456 бет.

5 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі./Құрастырған З.Ахметов, Т.Шаңбай/. Семей- Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006ж.-398 бет.

6 Елікбай С. Қазақ поэзиясының өрнектері (60-90 ж.ж.) 2002ж., 137 б.

7 Шаханов М. Танакөз - А.: Рауан, 1996ж.-158 бет.

8 Мұхтар Шаханов: Космополиттік болашақ немесе американша «қазақстандық ұлт»// Жас қазақ үні. -2007ж..-2 қараша. -4 б.

9 Мұхтар Шаханов. «Әдебиет ұлы болмаса, ұлт та ұлы болмайды»//Жас қазақ үні. -2002ж.-3 мамыр. -2 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА ӘСЕР ЕТУІ

БЕРГЕНЕВА А. А.
9 «Ә» сынып оқушысы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ТЕМІРЖАНОВА М. Ә.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі кездегі елімізді толғандыратын мәселелердің бірі жастарды адамгершілікке, әдептілікке, адалдыққа, имандылыққа баулу. Бұл мәселе менің мақаламның тақырыбына негіз болды.

Ел жұрттың болашағын ойлап, халықты ауыр тұрмыстан, азаптан құтылудың жолын меңзеп, оқу – білімге шақырған. Адамның

сол кездегі жаман қасиеттірінің бәрін санап, атап көрсетіп, содан арылуға, жақсылықты өн бойына жинауға, яғни тәрбиеге көп көңіл бөлген. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашу сияқты, рулық тартыс, бітпейтін дау-жанжал елдің сиқын бұзөатынын, еш мақсатсыз бос жүрген халықты көріп, қатты қынжылған. Ел ішіне іріткі салатын, өтірікпен мал жиып, байыған би – болыстарды өлеңмен шенеген.

Қазақ даласында қазіргі психология ғылымы тұрғысынан, бірінші болып Абай «адам» деген ұғымға анықтама берген. Адам – ұғымы – педагогика мен психология ғылымында негізгі пәндік ұғым. Абай түсінігіндегі «адам – ақылдылық пен еңбек сүйіспеншіліктің әділдік пен білімділіктің, махаббат пен адалдықтың, адамгершіліктің жиынтығы» [1].

Тек осы қасиеттерді бойына сіңірген кісі ғана – нағыз Адам деп ойлаймын. Орыстың ұлы педагог ғалымы К. Д. Ушинский де өзінің басты еңбегін адамға арнаған. «Адам тәрбие пәні қақында» осы тұрғыдан Абайадың ойлары, пікірлері орыс ғалымдарымен үндес келеді.

Абайдың адамгершілік идеалы, мұраты, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген формула, тұжырым. Адам болу – кісіліктің кісісі, шын мәнінде азамат болу, қара бастың қамы, тіпті, бүкіл адамзаттың қамын ойлайтын, «өзін-өзі зор тұтып», «надандарды менсінбейтін», дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адам болу. Абай қазақ жастарын желөкпе, әр нәрсеге көрсеқызар болмай, өнерді үйренуге, табиғатты тануға, ғылыми көзқарасқа негізделген тиянақты білім алуға үндеді [2].

Ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы, қазақтың реалистік жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы – Абай, өзінің ерекше стилімен, жан-жақтылығымен жас кезінен бастап оның арасындағы даналардың көзіне ерекше түсті. Оның себебі, мен тандаған тақырыбыма ұқсас болып тұр: Абай кішкентайыннан бастап Төл, Батыс, Шығыс және орыс классиктерді оқуды жақсы көрген. Бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми тағы басқаларды оқыса, екінші жағынан А.С. Пушкин, А.И. Герцен, М.Е. Салтыков-Щедрин, Н.А. Некрасов, М.Ю., Л.Н. Толстой, И.А. Крылов, Ф.М. Достоевский, И.С. Тургенев, Н.Г. Чернышевскиймұраларын оқып, терең таныс болған, Батыс әдебиетінен Гете, Джордж Байрон сияқты ақындарды оқып, Дрепер, Спиноза, Спенсер, Льюис, Дарвин сынды ғалымдардың еңбектерін зерттейді [3]. Анасы Ұлжан да шешен болған, сөз қадірін білетін

ортада өскен кісі. Оның ағасы (әкесі Тұрланның інісі) Тонтайдың өлерінде кожа-молдаларға карап: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – дегені халық аузында мәтел болып кеткен.Шабыт алып, жоғары белестерге жетуге дайын болды: «Абай стилін» немесе «Абай тілін» поэзия әлеміне шығарды. Өзіне қойған мақсатына жетті деп айтуға болады.

Абай тілінің негізі қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болғандықтан, оның лексика-фразеолия қазынасы тегі жағынан, ең алдымен, қазақтың төл сөздерінен, одан соң шағын мөлшерде араб-парсы және орыс сөздері қабатынан құралады. Өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық күй-жағдайына орай қазақ лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды Абай тілі айқын көрсетеді. Мысалы, кейбір атаулар ескіріп, қолданыстан шыға бастаса, Абай ондай сөздерді көбінесе көнені суреттеу үшін немесе образ үшін пайдаланады [4].

Абай қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге шақырды. Өзінің кейбір замандастарының бойындағы жаманшылық мінездерді — жалқаулықты, еңбексіздікті, көрсеқызарлықты, алтыбақан алауыздықты, надандықты жеріне жеткізе әшкереледі. Кедейшіліктен құтылудың бір тәсілі егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібін және сауда-саттық жасауды үйрену екенін айтты. Ол былай деп жазды:

«Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде» [2].

Ал қазіргі жастардың мақсаты қандай деп, ойлайсыздар? Ол – өздерінді танымал етіп, айбындылыққа жету болып табылады. Республикамыздың президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Нзарбаев былай деп айтқан: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашан ұлттық ұранымыз болуы тиіс». Осы дана сөздер бекер айтпаған. Абайды таныту арқылы біз, біріншіден, өз-өздерімізді танимыз, біздің күшімізде не бар екенін біліп аламыз. Екіншіден, бізді қоршаған әлемді және оның рухани мен психологиялық құрылысын анықтай аламыз. Әлемдегі барлық мәселелер біздің қолымызда.

Жастарға әсер ету қазіргі кезде бір үлкен мәселеге айналды. Адам психологиясы бойынша, адамдарды үлкен істерге апаратын нәрсе – күшті, мәңгі өлмес сөз. Абай атамыз айтқандай: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». ХХ ғасырғы халқын тәрбиелесе, ХХІ ғасырдың халқын да Абай тарих парағынан өшпес нақыл сөздермен өзі тәрбие алады. Әдетте адамдар барлығын сырттай бағалауға құмар келеді. Қарапайым мысал

келтірсек, ашық топтарда адам саны көп болған сайын, оған жаңадан жазыламын деген адамдардың да саны арта түседі. Яғни адамның жеке пікірі қоғамға тікелей тәуелді. Абай, керісінше, адамдарды даралыққа, өзіндік қасиеті бар тұлға болуға өзінің қасиетті өлеңдер мен қара сөздер арқылы насихаттайды:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», – деп ақылды тереңдетіп, шалқыта түсетін, адамның жігерін, қайратын өсіріп, жөніне жұмсауға жол көрсететін, оны тасыта түсетін, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа баулитын, адам бойындағы осы үш қасиеттің басын қосып, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді. Абай ғылымның әлеуметтік рөлін терең талдап, қайрат, ақыл және жүрек үшеуін айтыстыра келеді де ғылымға жүгіндіреді. Ғылым жүректің әділеттілік, ұят, рақымшылық, мейірбандық қасиеттерінің артықшылығын қолдайды. Бұдан, Абайдың топшылауынша, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, әділеттің орнауы адамдардың ұятына, рақымшылдығына, мейірбандығына, әділдігіне байланысты. Ғылымды оны бақталастық үшін емес, ақиқатты білмек үшін үйрену керек екенін баса айтады. Өйткені, бақастық адамды бұзады, «жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі, бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін», – деп қорытады Абай. Ақын бірқатар шығармаларында еңбекке немқұрайлы қараушылықтың, жалқаулықтың, еріншектіктің қоғамды жұтатып, тоқыраушылыққа ұшыратып отырғанын, соның нәтижесінде әлеуметтік жүдеуліктің орын алып отырғанын сынайды, еңбек етуге шақырады. «Еңбек жоқ, қаракет жоқ, қазақ кедей, Тамақ аңдып қайтеді тентіремей...» – деп еңбексіздік пен қаракетсіздікті ашына шенейді. Өз тұсында қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен мал тапсам деген әлеум. топтың қалыптасқанын сипаттай келе, ақын: «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас, Сұм нәпсің үйір болса тез тыйылмас... Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар...» – деп еңбексіз тапқан олжаның құтсыздығын ескертеді. Абай адал еңбекпен мал тап, еріншек болма деп үйретеді [5].

Сонымен қатар, жастарға әсер ететін нақыл сөздеріне мынандай мысалдар көрнекті үлгі бола алады:

«Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын.»
«Бес нәрсеге асық бол...
Талап еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнесеңіз.»

Уақыт өзгерді: біздің қолдарымызда күнде болып тұратын заманауи технологиялалар бізге әлемдік деңгейдегі білімді алуға мүмкіншілік береді. Оны дұрыс пайдалануларымыз керек. Жақсы-жаманды ажыратуымыз керек. Абайды тану міндеттіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 http://bilimdiler.kz/gilim/11857-abay-kara-sozderindegi-ar-uyat-zhane-adamgershilik-maselesi.html

2 https://infourok.ru/ord-abay-dana-abay-dara-azata-ilimi-zhoba-bet-1157447.html

3 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007.

4 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9_%D2%9A%D2%B1%D0%BD%D0%B0%D0%BD%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D2%B1%D0%BB%D1%8B

5 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%D2%A3_%D2%93%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D0%BC_%D0%BC%D0%B5%D0%BD_%D0%B5%D2%A3%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D0%BA%D0%B5_%D0%BA%D3%A9%D0%B7%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8B

АҚЫЛЫ – АСЫЛ, АТЫ – АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АҚЫН – ДУЛАТ

БИАРСТАНОВА А., АМАНБАЕВА А.
6 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Дулат Бабатайұлының тікелей өзінің өмірбаянын немесе өмірінің белгілі бір кезеңін сипаттайтын туындылары аз. Әйтсе де жыраудың мінезі, ой-өрісі мен ақындық мұраты жайында шығармаларына сүйеніп, сенімді тұжырымдар жасауға болады.

Дулат «Айтқыз басымды айтқыздың» өлеңінде:

Менің атым – Байғыз қарт,
Көзге түсер сиқым жоқ,
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.
Көзге қораш бойым бар,
Теңізден терен ойым бар,
Шынардан биік санам бар,
Атан өгіз ағызған
Ақылдан алпыс салам бар.
Қорған құрыш сөзім бар,
Бұлттан өтіп, мұнарды
Болжайтұғын көзім бар...
Қайратымнан атым зор
Белгілі атым өлемге.
Қорашсынсаң денемді,
Кеудем – ақыл сарайы,
Кірем десең, кел, міне, – дейді.

Бұл – ақынның автопортреті. Мұндағы «көзге түсер сиқы жоқ», ел тағдырын ойлап, сирек күліл, аз ұйықтайтын, атағы алыстарды шарлаған кемеңгер, ақылы дария, сөзі алтыннан ауыр Байғыз қарт – ақынның өзі.

Шынында да, ол өз заманының «байғыз қарты» атанған дана, «Көнелерден сұрасам, сөзін жинап, құрасам», – деп өзі айтқандай, ел тарихы, өмір сырынан жинаған білім, білігі де ұшан-теңіз кісі болған, ақындық атағы да қатты шыққан. Бұған жыраудың басқа өлең, толғауларынан да дәлел боларлық мысалдар табылады.

Өксігіңді ойласам,
Ұйқы беріп, қайғы алам,
Ел құлағы саңырау,
Кімге айтамын сөзімді?
Дулат сынды сорлыда
Ұйқы, тыныштық бола ма?

Әр тақырыптағы өлеңдерінен алынған бұл үзінділерден де «Байғыз қарт» – Дулаттың ерекше сипаттары көрініп тұрған жоқ па?!

Ол өзінің толғау-жырларында көптеген келелі мәселелерді көтеріп, өз заманының шындығын көрсеткен. Ақын жырлары 1880 жылы Қазан қаласында «Өсиетнама» деген атпен кітап болып басылып шығып, жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-

әлеуметтік өмірің шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Ол – Патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңін, одан туған зобаланды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген. Отарлау саясатының қазақ елін талан-таражға салу әрекетіне қарсы шыққан, халықты күреске шақырған күрескер ақын.

Дулат өте шыншыл, турашыл, айтарын кімнен болса да тайсалмай бетке айтатын батыл ақын болған.

Дулат Бабатайұлы – туған елінің тарихи бір кезеңін жырлап өткен қайталанбас ақын. Ол патшалық Россияның қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңін, одан туған зобаландарды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген ел басы адамдарының бірі.

Отарлау саясаты іске асуына байланысты қазақ елі бұрынғы дәстүрлі басшылықтан (хандық биліктен), ата-баба жайлаған жер – судан, ұлттық меншіктерден айрылып, салт-сана бұзылып, үйреншікті ғадет-ғұрып, наным-сенім өзгеріп жатқаны ауыр қасірет ретінде танылады. Қоғамның заңды өзгеруі жолынан тыс, күшпен, зорлықпен еніп жатқан жаңа қарым-қатынас, сауда-саттық, ақшалы алаяқтар әрекеттері қазақ шаруаларына қаншалықты ұнамаса, ақынға да соншалық жат құбылыс ретінде көрінеді. Сондықтан да, Дулат – өзі жасаған заманға, отаршылар зорлығына, ол қауымға қызмет еткен әкімдерге, аға сұлтандық билікке түбегейлі қарсы шыққан, халқының тәуелсіздігін көксеген әрі күрескер, әрі реалист ақын.

Дулат Балқаш пен Аякөз маңын жайлаған Найман-Сыбан елінен шыққан. Бізге жеткен өлеңдерінде кездесетін кейбір деректерге қарағанда, Дулат ескіше оқыған, сауатты ақын болған. Ол өз өлеңдерін кейініректе қолжазба кітап етіп тізіп жүрген.

Дулат-қазақтың көп жеріне мәлім ақын. Ол өзі туған өлкеде тұрып қоймай, Шығыс, оңтүстік Қазақстан жерлерін және Арқаны түгел аралаған. Ертедегі ақындар үлгісінде тәрбиеленіп өскен. Әуелі ақын айтыс, әзіл-оспақ ретіндегі өлеңдер шығарып айтып жүрген. Бірақ кейін ол ел арасы, ауыл іші, жергілікті тақырыпты жырлаудан гөрі саяси әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді жырлауға ойысқан.

Дулат ақын өз заманының айнасы ғана емес, сол заман тудырған халық зарының түп себебін танытқан ойшыл. Елінің ұлттық дәстүрі мен ұлттық келбеті, халқының ішкі жан-дүниесінің отаршылдар табанының астына тапталуы оның жанына батады. «Еспенбет» дастаның басты тақырыбы- туған жеріне оралып, еліне қамқор бола білген батырдың ерлігі.

Бұл дастанда халықтың көзін ашу, заманмен аяқты тең басуды, ақиқат үшін күрескер болған Еспенбет батыр тұлғасындағы жақсылық, ізгілікті, айқын суреттеген.

Дулаттың өмірі туралы деректер және оның өлеңдері Кеңес дәуірінде жиналып, зерттеле бастады. Мәселен, ақынның кейбір өлеңдері мен өмірбаяны туралы деректі біз ең алғаш орта мектептің сегізінші класына арналған С. Мұқанов пен К. Бекхожиннің 1939 жылғы хрестоматиясынан ұшыратамыз. Онан кейін профессор Қ. Жұмалиев өзінің 1940-1941 жылдары мектеп оқушыларына арнап жазған қазақ әдебиеті оқулығында Дулаттың өмірі мен кейбір шығармаларын талдап, ақын туралы өз қорытындысын жасады.

Біраз жылдар зерттеушілердің Дулатты нағыз кертартпа әдебиет өкілі санап келгені мәлім. Өз заманына орай ақын көзқарасына тән тарихи шындық сырын таныттық. Қазіргі уақытта ақын туралы ғылыми жаңа түсініктер орнығып келеді.

Дулат өлеңдерінің қазіргі мөлшері оның басқа замандастарының өлеңдерімен салыстырғанда әлдеқайда мол. Олардың ішінде ұзақ арнау өлеңдер, нақыл-өсиет ретінде айтылатын дидактикалық терме, ертек-аңыз сюжетінде жазылған толғау және бірнеше мысал сөздер бар. Шығармаларының идеялық мазмұны да әр алуан. Олар негізінен қазақ қоғамындағы белгілі кезеңнің тарихи шындығын қамтиды.

Дулат «Бірінші сөз» деп аталатын өлеңінде туған өлкесінің сұлу табиғатын ардақтап, өзін соны қорғаған қызғышқы теңейді.

Дулат өзінің «Бесінші сөз» немесе «Ата қоныс Арқада» деп аталатын өлеңінде Арқаны жайлаған қазақтардың бір кездегі тарихын баян етеді. Ол қазақ халқының жоңғарларға қарсы ерлік күрес жүргізу арқылы.елдігін сақтап келгенін, туған жерін қалмақтардан қорғай білгенін айтып, сол кездегі ерлікті, дербестікті мадақтайды.

Ақын шығармаларынан орын алатын маңызды мәселенің бірі – оқу, өнер – білім. Дулат та басқа ақындар сияқты надандыққа, әдепсіздікке қарсы шығып, қазақ қоғамындағы адамгершілікке жат қылықтардың өріс алу себебі – осы надандық індетінің салдары деп түсінген. Сондықтан оқып білім алған адамдардың қоғам өмірінен алатын орындары өзгеше деп бағалаған. Адам бойындағы даналық пен жақсылық-бәрі тәрбиенің, оқудың нәтижесі. Елді оқыған, тәрбиелі6 білімді адам басқарса, зұлымдық пен озбырлық дегендерге жол берілмес еді, – деп түйген. Жалпы адамның «жақсы», «жаман» болып бөлінуі де сол парасаттылығында; Ойлы, ұстамды, білімді,

өнерлі болуы, ақылының өсуі-бәрі оның ізденіп тапқанына, содан соң бойына дарытқанына байланысты демекші.

Дулат өлеңдері ойлы, нәрлі, образды. Нысанасына дәл тиерлік өткір. Ақынның шығармаларын оқығанда көз алдыңнан қазақ қауымының сан алуан жағымсыз тобы тізбектеліп өтіп жатады. Кердең-кербез құркеуде ұлықтары, малын жанына балап, жалаң-жадағай жылмаңдаған, сүмеңдеген сараңдары, ойлағаны-сұмдық, істегені-кулық, алаяқ би-болыстары, дөң-дөкір, ұры-қары, қу-сұмдары өздеріне ғана тән мінездірімен ерекшеленеді. Ұлық алдында ұяңсып, жуасып, қылықтана қалатын, ал ұлық кетсе, елген қасқырша шабатын Сүлеймен болыстың екіжүзді мінезін дәл басып, шебер бейнелейді.

Ақындық сөздің рухани күшіне мән бере білген Дулаттың өз өлеңіне қояр мақсаттары да айқын. Ол сусағандарға сусын боп, таңдайын жібітер сөзді, шаршағанды тынықтырар, күш-қуат берер жырды шығаруға талаптанған. Өлеңнің мақсаты ел-жұрттың жүрегіне жылы тиіп, олардың көңіліне дем, қайғысына ем болу, – деп ұғады. Яғни, өлеңді еріккеннің ермегі емес, рухани керегі деп біледі.

Асылы, Дулат шығармаларының басым бөлігі-дидактика. Әсіресе, ақынның «Өсиет нама» жинағына енген шығармалары осындай.

Дулат өлеңдерінің мазмұны, тілі халық ауыз әдебиетімен ғана үндесіп жатпайды. Соған қоса Абай, Ыбырай, Махамбет, Шортанбай, Мұрат сияқты кейінгі ақындарға жалғасып, пікірлесіп жатады.

Дулаттың «Он бес деген жас қайда» деген жыры адам өмірі жайлы айтылатын, Бұқар, Шал, Шортанбай, Сүйінбай толғауларымен үндесетін тақырыптас өлең.

Дулат шығармалары қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына өз үлесін қосты. Ол поэзиямыздың мазмұнын байытты, оның көркемдік түрі жағынан да жетіле түсуіне көмектесті. Сын-сықақты жиі қолданып, өлеңдердің бұл саласының дамуына да өз үлесін тигізді. Әдебиетіміздің реалистік бағытын нығайтты, образдылық, көркемдік бояуын күшейтті.

Менің ойымша, тарихсыз халық болмайды. Тарих өз бетімен жасалмайды, тарихты қазағым деп күніреніп өткен, қаламын найза, тілін қылыш қылып күресіп өткен Дулат сияқты тума таланттар жасайды.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлы мұрасын танып білу, ақын жырлары оқу арқылы ұрпақ санасына ұ

лтжандылық, патриоттық сезімдерін оята отырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

Дулат ақын ұлт-азаттығын, тәуелсіздікті жырлаған. Өзі өлседе, артына өшпес мұра қалдырған ақын шығармашылығы ұрпаққа үлгі-өнеге.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бабатайұлы Д. Шығармалары : Өлеңдер, дастандар, мысал-өлеңдер зерттеулер, пікірлер – Алматы: «Ана тілі» баспасы, ЖШС, 2016.-296 б.

2 Ай заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды): 2 томдық (Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев).-Алматы, Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы-РРБ. 1991 Т2-496 б.

3 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы /Бас ред. Ә.Нысанбаев.-Алматы: 2001.-720 б.

4 Бабадан қалған асыл сөз: Қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың Отан, патриотизм туралы нақыл-өсиеттері, даналық ойлары мен қанатты сөздері /Құраст. А. Акишева.-Алматы: Раритет, 2015.-200 б.

5 Бес ғасыр жырлайды. 2-томдық. – А., 1989.

6 Омаров Б. Зар заман поэзиясы. – А., 2000.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ – КӨРНЕКТІ ҚАЗАҚ ДЕМОКРАТ-АҚЫНЫ

БОКЕНОВ Д. Р., ХАСЕН А. А.
9 «Ә» сынып оқушысы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Сұлтанмахмұт Торайғыров (28.10.1893, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы – 21.5.1920, Павлодар облысыБаянауыл ауданы) – ақын, ағартушы.

Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері

болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) қаталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

Абайдан кейінгі қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен көрнекті ақындарының бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ол 1893 жылдың 28 қазанында Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Оның әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) атанған кедей, момын шаруа адамы болған. Шоқпытта екі баласы болған: Байқоңыр, Сұлтанмахмұт. Сұлтанмахмұттың екі жасында шешесі өліп, жетімдікті көріп өседі. Әкесі әйелі өлген соң балаларын алып, өзінің туған жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшеді. Ақынның балалық шағы Баянауылда өтеді. Алғашқыда ол Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларында оқиды. 1908 жылы Сұлтанмахмұт Баянауылдағы Әбдірахман деген молданың медресесіне түсіп, одан 2-3 жыл сабақ алады. Молданың ұрып – соғуына шыдай алмай, ол оқуды тастап кетеді. Молданың қаталдығын, надандығын сықақ етіп өлең шығарады.

Ол 1911 жылы бір қыс бойы Нұрғали Бекбауов деген мұғалімнен оқиды. Нұрғали жаңаша оқыған, көзі ашық, сауатты мұғалім болған. Оның көмегімен Сұлтанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шыққан әдеби кітаптарды, газет – журналдарды оқуға дағдыланады. Өзінің білімінің саяздығын сезген Сұлтанмахмұт 1912 жылы Троицк қаласына барып, Ахун Рахманқұли деген татардың медресесінде оқуға түседі. Бірақ тұрмыс жағдайының ауырлығынан мұнда ұзақ оқи алмайды. Қаржының тапшылығынан көп қиыншылық көріп, ауруға шалдығады. Жаз шыға Троицк маңындағы бір ауылға бала оқытуға кетеді. Ондағы ойы бала оқыта жүріп, денсаулығын түзеп, қаржы жинап, қайта оқуға келу болады. Ол бала оқытудан бос уақытында, өз бетімен оқумен шұғылданады, өлеңдер жазады. Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақтың ұлы ақыны Абайға да мінездеме беріп, оны қазақ әдебиетінің өкілдерінің бәрінен ерекше, дара тұлға деп бағалайды. Ол аз өмірінің ішінде (небәрі 27 жас жасаған) әлденеше лирикалық өлең, ондаған мақала, екі роман, 5-6 поэма жаңа сатыға көтерген, Абайдан кейінгі ірі суреткер, реалист ақын болып табылады.

1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 ж. Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Торайғыров енді медреседе оқуды қойып,

орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, 1912-13 жылдар аралығында «Оқып жүрген жастарға», «Тәліптерге» («Шәкірттерге»), «Ендігі беталыс», «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Мағынасыз мешіт», «Жарлау», «Досыма хат», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Түсімде», «Жазғы қайғы», «Қымыз», «Кешегі түс пен бүгінгі іс», т.б. өлеңдерін, «Зарландым» атты ұзақ очеркін жазды. Осы тұста «Қамар сұлу» романын жазуды бастады.

1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан Торайғыров «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, «Өлең һәм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды. Журналда аз ғана уақыт қызмет еткен ақын 1914 ж. жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін «Шоң серіктігі» деген ұйым ашпақ болғанымен, ісі жүзеге аспады. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Торайғыров діттеген оқуына түсе алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды. Осындай көңіл-күй әсерімен

«Ләнет бұлты шатырлап», «Алтыаяқ» сияқты өлеңдер жазған. «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін, «Кім жазықты?» атты өлеңмен жазылған романын дүниеге әкелді (1915). Шығыс Қазақстанда жалданып бала оқытқан ол 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Катонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді. 1916-17 жылдардың қысында Томскіде орысша оқиды. Өмірден көп қағажу көріп қажыған ақын арманына жетіп көңілі көтеріледі. «Шәкірт ойы» өлеңінде «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды», «Мұздаған елдің жүрегін жылытуды» армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классикалық үлгілерімен, саяси кітаптармен танысты.

1917 жылғы ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, «Алаш ұранын» жариялады. Бірақ ауруы асқынып кеткендіктен оқуды да, жұмысты да тастап,

1918 ж. сәуірде еліне біржола оралады. Онда Колчак үстемдігінен кейін қайта жанданған совдеп жұмысына араласып, ел шаруаларының дау-шарларын әділ шешуге қатынасты. Осы тұста саяси-философиялық әдебиетті (Г. Ц. Плеханов, Н. Г. Чернышевский, т.б.) көп оқып, «Шал мен қызға», «А, дүние», «Жас жүрек», «Сарыарқаның жаңбыры», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс», т.б. өлеңдерін жазды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 https://kk.wikipedia.org/wiki/Сұлтанмахмұт_Торайғыров#.D0.A8.D1.8B.D2.93.D0.B0.D1.80.D0.BC.D0.B0.D1.88.D1.8B.D0.BB.D1.8B.D2.93.D1.8B.D0.BD.D1.8B.D2.A3_.D0.B5.D1.80.D0.B5.D0.BA.D1.88.D0.B5.D0.BB.D1.96.D0.B3.D1.96

2 https://www.zharar.com/kz/referat/7301-sultanmahmut.html

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ САРЫН

БОЛАТ Д. Е.
7 сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.
ШАЛБАЙ Т. А.
7 сынып оқушысы, №18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.
БАКБАЕВА З. С.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.

Көрнекті ақын, шежіреші, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өткен екі ғасырдың жүгін бірдей көтерген ақыл-ой, өнер саласындағы алыптардың, ел тарихындағы дара саңлақтардың бірі болып табылады.

Бала күнінен табиғи зеректігі мен алғырлығы, Құран сөздерін, жыр-дастандарды, даланың ауызекі тарихын жатқа соғуы сирек кездесетін дарын екенін танытады. Құдай берген ерекше қасиет бала Жүсіптің бағын асырып, атағын алысқа мәшһүр етеді. Шорманның Мұсасы, Әкімбек сияқты белгілі адамдар алғыр жастың талантын түлетіп ұшыруға қол ұшын созады, азамат ретінде қайырымдылық көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ақындық қасиетін де Тәңір сыйлаған өнер деп түсінеді.

Ойланып қаламыңды қолға аласың,
Сүңгіп жүзіп кетуге толғанасың.
Естіген кейінгіге мирас болып,
Саусағым ақ қағазға жорғаласын
Мәшһүр Жүсіп Көпеев [1, 135 б.].

немесе – Жабысты он бесімде өлең маған,
Түстеніп, өленші ата қона алмаған (сонда).

Заманынан озық, ғұлама ойшыл сөз өнерінің жазылмаған ережедей мән-мағынасы мен зілмауыр азабын және сол дәуірдің менталитетіне сай өлең сөздің, әрі ғибрат, әрі шежіре, әрі пәлсафа ретіндегі қызметін әбден жетік түсінеді. Қазақ үшін «ғалымның хаты» – өлең. 29 жасында, 1886 жылы Бұқараға барып оқиды. Араб, парсы, Орта Азия әдебиетімен танысады.

1896 жылы Ташкент қаласына барып, тағы біраз оқып қайтады. Білім – ол уақытта әсіресе қадірлі саналғанымен Мәшһүр Жүсіптің бала оқыту, айналасын әлем жаңалықтарынан, халық әдебиеті мен мәдениетінің қайнарынан сусындату, билік айту, шешендік өнері және көріпкел әулиелік болмысы жан-жақты дарын иесінің беделін аспанға көтерді.

Ш. Қ. Сәтбаева бір шоғыр қазақ ақындарымен бірге М. Ж. Көпейұлын шығыстың классикалық әдебиетінен нәр алып «нәзира» дәстүрін қалыптастырған тұлғалардың қатарына жатқызады. Сондықтан Мәшһүр шығармаларындағы оқылмандық пен астарлы ойлау, тұспалдап сөйлеу, кесек ой айту үрдісі осынау іргелі көркемдік-эстетикалық әсерін толық байқауға болады.

«Жарты нан хикаясында» ұлттық үлгіден гөрі «Мың бір түндегі» Сүлеймен патшаның жазасына ұшыраған дию мен балықшы әңгімесін еске түсіретін сәттер мол. «Сиқырлы тас» [2, 27-31 б.] ертегісінде бай баласының қанағатсыздығы, сандықтан шығатын жыланның шексіз жақсылығы суреттеледі. Ал мұнда керісінше сандықтан босаған жылан өсе келе айдаһарға айналады, өзіне рахым жасаушының өмірін қатерге салады. Бұл жағынан ол «Айдаһар қатын» ертегісімен үндеседі.

Қолыңа алдың ойлап нені? – дейді,
Осынша әуре қылып мені, – дейді.
Ауызға ашылған соң қорек керек,
Жұтамын енді амалсыз сені! – дейді [2, 165 б.].

Құмарадан құтылатын дию бірде жауыздық танытқанмен, келесі жолы қателігін ұғып, уәдесін бұзбайтын. Әрине, диюдың да, айдаһардың да кішкене сандыққа сыйып жатуы, олардың тілге келіп, сөз таластыруы, әсіресе бірден іске көшпей, дау қуалап, тәжікелесуі – өзі де шартты шындық аясындағы әдеттегі көзбен қарағанда расынан өтірігі көп көріністер. Мәселен сұм тажал көмектесуге бет қойған отыз адамға тиіспейді, әлгілер 5 амалсыз жөніне кетеді. Бұлардан кейінгі бес адам тіпті қайран қыла алмасы түсінікті. Осы екі ортада жарты адам пайда болады. Ол қандай кейіпте екенін қиялмен болжайсың.

Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,
Сөзіне мұның айтқан құлақ салған:
Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,
Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған! [2, 166 б.].

Жарты адамның айлалы лебізі аждаһаны ашуға міндіріп айтқанын дәлелдеу үшін бұрынғы мекені – сандық ішіне қайта түседі. Балықшы да диюды солай жерге отырғызған. Ендігі тұста мінез бен символ кеңістік шарттылығы жағдайында шаң береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы осы оқиғаның бәрін екінші деңгейдегі концептуалды емеурінге айналдыра отырып, әрекет-таңбалар легінен философиялық мән түйеді. Бұл көркемдік міндетті автор аясымен егіздес күйдегі жарты адам – жарты нан атқарады. Пәленің үлкені – ауыздан байқаусыз шыққан сөз екен. Айдаһар – сол. Алыстағы отыз кісі де, жақындағы бес досың, туысың да лаулаған өртке араша түсе алмауы мүмкін.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен боламын,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! [2, 167 б.].

Ақынға тән көркемдік ой қанатының топшысы мығым. Бір-екі ауыз нақылмен айтыла салатын ұждандық қағида өлең жолдары, әрекет, шешім, пәлсапа-ғақлиялық идея құдіреті, поэтикалық образ, характерлердің шартты қиял әлеміндегі нанымдылығы нәтижесінде өте зор имандылық тұжырымдаманы өрнектейді. «...Қолына қаламды мұсылман болып алып, көзін де сол мұсылман қалпында жұмған» (У. Қалижанұлы). М. Жүсіп Көпейұлы адамға адамның бауырластық, ортақтастық, мүдделестік сезімдерінің бүтіндігін бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар ақын жеке тұлға үшін қажет сапалар құрамында жан-жақты толымды, тұтас мінез үлгісінің сілемін кестелей біледі. Аңқаулық көрсеқызарлық, пайдакүнемдік – ақылсыздыққа баланса, ұстамдылық, мінезге байлық, жомарттық исламдық инсаниятта хас бағалы қасиеттер саналады. Ақын-философ барлық жанның қатесіз өмір сүре алмайтынын біледі. Сонда да ағаттықтан сақтандырып, зұлымдықпен күресудің қиындығын, ол үшін жүрек, қайрат, парасат, кісілік сапалардың, Абай айтқан толық адам сипаттарының керектігін Мәшһүр Жүсіп

терең астарлы символикалық нұсқа – белгілердің көмегімен шебер мүсіндейді. «Жарты адам хикаясы» – әдеби, философиялық, эстетикалық тұрғыдан қазақ әдебиетіндегі құнды жәдігер.

Шығыстық, фольклорлық, діни-ағартушылық сарын, терең қабатты тұспалдар жүйесі М.-Ж. Көпейұлының өзге мысалдарынан да мол байқалады. Мысалы, «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысында» бір адам, бір хайуанның тілдесуінен екі әлемдегі ортақ жағдаяттар, қуаныш пен реніш, күш пен әлсіздік, зорлық пен қорлық неғұрлым шынайы көңіл өрнегінен өтеді. Аққу бола алмаған тырнаны менсінбей тұрып, мойындап, әнтек қылығынан тосылу ұзын мойын баяндайтын әңгімеге қатысты. Екінші кезектегі фабула сілемі бой көтереді. Тоты құс туралы сөз өз өнеріне дандайсып, еркінсу, артық сенімділік әрі соның салдарынан торға түскенде біршама шырғалаң сюжеттік оралым барысында монтаждық композиция түрінде ашылады.

Халайық аманы бар, жаманы бар,
Көп малдың жүйрігі бар, шабаны бар.
Біреу жылап, біреулер күлген заман,
Жан бола ма таймайтын табаны бар? [2, 171 б.] – дейтін Мәшһүр Жүсіп жауабында болашақ оқиға болмысын ишаралаумен бірге мәңгілік ақиқат формуласының поэтикалық шешімін ұсыну бар. Ол үшін өмір-өткінші, бірқалыпты емес, адам – уақыттың, жағдайдың құлы, жұмыр басты пенделердің барлық жағынан теңесуі мүмкін емес. Тырнаның хикаясынан да күнде сайрап жүрген тоты құстың азат күйінен кенет айырылуы-тіршілік сүрлеуінің ойлы-қырлы, әр алуан бұралаң-бұлтарысын тұспалдай кестелеуі екенін ұғамыз. Әйтсе де ерке де сұлу тоты батылдығы мен тапқырлығының арқасында тұтқыннан құтылып шығады.

Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,
Сізбен емес, баламен ерегістің.
Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,
Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.
Көрінген өрт боп маған сор екен сол,
Бір тосу хақтан даяр тұр екен сол.
Сау жер болып көрінген титтей ара,
Балалар құрып қойған тор екен сол.
Ілініп қыл мен жіпке қалды аяғым,
Ұмыт боп ойдан шығып сол баяғым.
Далақтап ұшып жүрген бір уыс жүн,
Сендей – жүзік, Мұсадай – жоқ таяғым [2, 173 б.].

Алдында өзін сақтандырған Сүлеймен патшаға қайыратын жауабында Сүлеймен пайғамбардың жүзігі, Мұса пайғамбардың сиқырлы таяғы туралы Құран хикаяларынан келтірілген реминисценциялар тоты құс уәжіне күш қосса, қаламгердің діни-философиялық танымы үшін адасқан жанның, айыбын білсе, күнәсін кешу, ол ретте жеке өміріндегі тәжірибе сабағын ұмытпау тәубесін есте ұстау хақындағы адамгершілік ілімнің роліне екпін түсіру тәрізді логикалық әрі поэтикалық тәсілі – елеулі жүк көтереді. Парасат иесі – қасиетті жүзігі жоғалғанын жадына алған су патшасы Сүлеймен пайғамбар.Ақын өмірдегі барша іс-хикмет жақсылық, жамандық Алланың қалауымен болатынын, сондықтан мұндай тосын оқиға, шырғалаңдар адам баласына ой мен әрекет кеңістігін ашатын сынақ алаңы екенін діни-философиялық айқын тұғырнамаға айналдырады.

«Сәйгелді, сона, бөгелек туралы»,«Шайтанның саудасы» мысалдарында Мәшһүр Жүсіп қазақ жұртының көбелектей сайраншыл, ұшарын жел, қонарын сай білетін жеңіл мінездеріне,Ғайса пайғамбардан қаймықпайтын шайтандай пысықтардың берекесіз тірлігіне назаланып, өз сөзінің жерде қалғанына шамырқанады.

Көтерме өтірікпен менен алған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған!? [2, 173 б.] – дейтін сөздерімен талай заманалар асып келе жатқан, шындықтың күйген беті сияқты келеңсіз заңдылықтардың өміршеңдігін аңдату әділеттілікпен оны толық жеңеріне күмәнданса да, жігері мұқалмай күресетін Мәшһүр дауысының қайрат-қажыры мен ертеңгі күнге сенім қайыспас қайсар рух қайнарына кепілдік береді.

Қорыта келгенде ақын туған елін мұсылмандық жол, адамзаттық білім нәрі арқылы болашақтың өріне сүйреуге ұмтылды. Мәшһүр Жүсіп есімі – адамдық пен ұждан, ар-иман, ұлттық намыстың,зиялылық пен білім, зерденің,өмір нұрын армансыз сезінудің, тәркі дүние сырын терең түсініп, екі әлемнің пәлсапалық, парадигмаларын толық қабылдау, жалғанның жасанды қылықтарына өкінбеудің асыл үлгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Әдһам диуана және Ибраһим // Абай. – 1995. – 55 б.

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Аспан, Жер және Адам жаратылысы туралы // Қазақ тарихы. – 1995. – №2. – 58 б.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Сахарада –лала, бақтарда –Райхан// Зерде. – 1993. – №7. – 18 б.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Таңдамалы. Т.1. – Алматы: Ғылым. – 1990. – 132 б.

5 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Таңдамалы. Т.2. – Алматы: Ғылым. – 1992. – 224 б.

6 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Жоқтау-бәиіт// Сарыарқа самалы. – 1997, 12 тамыз. – 4 б.

7 Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім. – 1998. – 756 б.

ТАЛҚАН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТІЛ ТАНЫМЫ

ДЕККЕР И.
оқушы, № 3 гимназия-мектебі, Павлодар қ.
ҚАБАСОВА М. М.
мұғалім, № 3 гимназия-мектебі, Павлодар қ.

Қазақ өте қонақжай халық. Қонақтың алдына барлық тәтті тағамды қойған. Бұл дәстүр ұрпақтан – ұрпаққа жалғасуда. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. «Ас – адамның арқауы», «Ас атасы – нан», «Жаман ауруға – жақсы ас» деп халық тегін айтпаған. Ас, тамақ дайындауды қазақ әйелдерге жүктеген. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындауымен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс-тәсілдері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді, басқа тамақтарды да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан байырғы халықтық әдістері мен амалдарын әсіресе ауылдық жерлерде күні бүгінге дейін жеткізді және оны әлі де қолданып келеді.

Қазақ халқы ұлттық тағамға өте бай. Қазақтың дәстүрлі дастарханында бидай, тарыдан дайындалатын көптеген кәделі тағамдар бар. Олар: талқан, майтары-майсөк және жент. Талқан – сіңімді әрі дәмді. Ең бірінші сыртқы қауашағынан тазаланған бидайды, жүгеріні немесе ақталған тарыны қызартып қуыру керек. Кейде дәнге аздап су себелеп дымқылдандырып қуырады.

Егер бидайды қуырмай өткізсең ұн болады. Ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – қол диірменге тарту, дайын болған дәнді қол диірменге салып тартады, екіншісі – келіге түю. Екі тәсілмен дайындағанда талқанның майдаланбай қалып қоятын түйіршіктері болады, оны «талқанның сағы» дейді. Талқанның сағын бөліп алу үшін жайпақ табаққа салып екшейді. Сонда сағы талқанның бетіне бөлініп шығады да, ұнтағы астында қалады. Бетіндегі сақты алып тастай отырып, талқанның ұнтағын бөліп алады. Талқан аса дәмді әрі құнарлы тамақ. Талқанды сүтке, сарымайға, сорпаға, қаймаққа араластырып жеуге болады. Аспаздық өңдеуді қажет етпейтін өнім. Бұл тәтті дәмді, өзіндік иісі бар сары сұр түсті ұнтақ. Талқан алу үшін жоғары сапалы бидайды, тарыны, жүгеріні қауызынан ажыратады, ұнтақтайды, да жібек електен өткізеді. Талқанды тауарлық сортқа бөлмейді.

Тары, бидай талқандарынан дайындаған быламықты «қара көже», ал тары, бидай жармағынан үстіне талқан себелеп асқан ботқаны «атала ботқа» деп атаған. Талқанды бұрын киіз басуға, кілем, алаша, ши тоқуға, үй көтерісуге көмекке келген адамдарға еттен бұрын жеңіл, жеңсік ас ретінде сорпаға шылап берген. Тарының қара талқанының өзі кезінде тарыққандарға қарын тойғызар талғажау болған. Оны қант, май қосып араластырып алса, ұзақ жолға шыққанда таптырмайтын тағам. Шайға салуға да болады. Талқан салған шай қою болады әрі тез суиды. Оны жентке қосады. Талқаннан әзірленетін тамақты «сарталқан» немесе «майталқан» деп атайды. Майталқан дайындағанда талқанды қойдың құйрық майына немесе жылқының майына араластырып, баяу жанған отқа қойып бөктіреді. Оны кебегі көп тазартылмаған бидай ұнынан да әзірлеуге болады. Ол үшін аздап май жағылған қазанға шақтап талқан салып ақырындап қуырады. Қуырылып қызыл-күрең тартқан ыстық талқанға қой майын және қант қосады. Талқан тек құнарлы тағам ғана емес, емдік қасиеті мол азық. Ғалымдардың айтуынша, күніне 200 грамм талқан жеген кісі қан аздығы ауруынан құлан-таза айығады екен. Ертеде ата-бабаларымыз талқанды сусамыр дертін емдеуге пайдаланған. Талқанды сәбиден бастап қарт кісілерге дейін сүйсініп жеген. Талқан күш-қуат берумен қатар, қартаю үдерісін баяулатады дейді дәрігерлер. Талқан екі жылға дейін бұзылмайды. Бидай, тары, жүгерінің талқандары өте пайдалы, өйткені дәндер күйсін, қуырылсын, бәрібір, олардың құрамындағы адам денсаулығына пайдалы заттардың 80 пайызы сақталады. Мәселен, таңғы сәресіде 50 грамм талқан жейтін болса, ол кешкі ауыз ашарға

дейінгі аралықта керекті энергияны қамтамасыз ете алады. Сондай-ақ ол ұзақ уақыт қорытылады. Яғни, сіздің қарныңыздың тез ашпауына әсерін тигізеді. Халқымыз тарыны – «жауынгер дақыл» деп атайды. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деп бекер айтпаған. Тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасы мол. Құрамында темір мен С дәрумені көп болғандықтан тарыдан жасалған тағамдарды жиі жейтін болсаңыз, қан айналымыңыз жақсарады, нәтижесінде қан қысымыңызды реттейді. Сонымен қатар, тары ағзаға қажетті фтор, магний, марганец секілді элементтердің орнын толықтырады. Тарыға май, қант және мейіз, кепкен өрік қосатын болса, пайдасы да күшейе түседі. Тары дақылын қазақы технологиямен даярлаған кезде оның құрамындағы ақ уыз, крахмал, май, қант сияқты құрамдарының арасалмағы біршама өзгеріске ұшырап, оның дәмділігі мен хош иісі артады. Тары адамның бұлшық етін нығайтып, әл-қуатын арттырады. Ерте заманнан тарының емдік қасиетін білген емшілер бауырға ем деп білген. Қазіргі медицинада тары адам денесінен антибиотиктердің қалдықтарын жойып, оны шығаратынын дәлелдеп отыр.

Талқан дәмін татып көрген сыныптастарыма тағамды дайындау қызықтырды. Мен сияқты жасөспірімдерге талқаннан жасалған тәтті тағамдар ұнайтынын анықтадым. Сондықтан талқанның құрамы мен жасау әдістеріне қарай «Қаймақ қосылған талқан», «Сүт қосылған талқан», «Жеміс-жидек қосылған талқан», «Сусындар» деп бірнеше түрге бөлдім. Сыныптастарым «Жеміс-жидек қосылған талқан» талқанды сүйсініп жеді. «Сүт қосылған талқан» соншалықты ұнай қоймағандарын айтты. Сүт қосылған талқан дәл кезінде жегенде қантты қосып жеуге болатынын 2-3 сағат өткеннен кейін ұн дәмі татитындығын да атап өтті.

Талқан дәмін татып көрген сыныптастарыма тағамды дайындау қызықтырды.Сыныптастарыма талқанды қалай дайындалатындығын, диірменмен тартқанымды баяндап бердім. Оларға өте қызық болды. Өздерінің де диірменмен тартқылыры, жасағылары келетіндіктерін айтты. Тары және бидай талқанынан жасалған тағамдар өте ұнады. Жүгеріден жасалған талқанның көбіне ұнамағанының бір себебі дайындау тәсілін толықтай игермегендігімнен бе деп ойлаймын. Өйткені жүгері талқаны туралы тек ғаламтордан ғана оқып білдім, тәжірибеде мен сұрастырған адамдар біздің өңірде ешкім дайындамайды екен. Дегенмен, әліде жасап жүрмін, әр жасаған сайын анам екеуіміз өзгерістерді көріп жүрміз.

Талқан халық тарихымен жасасып келе жатқан ұлттық тағам екені белгілі және талқанды үнемі қолдануда үлкен мән – мағына бар екеніне көз жеткіздім. Әп-сәтте дайын бола салатын, тойымды да сіңімді тағамның шетелдік тез дайындалатын кеспелерінен артық ас екені анық.

Әзірлеген тағамдарымды мұғалімдеріме де ауыз тигіздім. Мұғалімдерімнің де пікірлерін, ұсыныстарын да қабыл алдым. Мұғалімдер мен ата-аналардан да ерекше дәмі тіл үйіретін тағам туралы сауалнамалар алынды. Сауалнама 15 мұғалім, 15 ата-ана қатысты (Сауалнама).

2 Үлкен адамдар арасында

Кесте 1 – Сауалнама

№	Сұрақтар
1.	Талқанды жеп көрдіңіз бе? А) иә В) жоқ
2.	Талқан неден жасалатынын білесіз бе? А) білемін В) білмеймін
3.	Талқанды дайындай аласыз ба? А) иә В) жоқ
4.	Талқан жасап үйренгіңіз келе ме? А) иә В) жоқ
5.	Талқанды ас мәзіріңізде жиі қолданасыз ба? А) жиі В) кейде С) қолданбаймын
6.	Адам ағзасына пайдасы бар ма? А) бар В) жоқ С) білмеймін

Диаграмма 1



Сауалнама нәтижесі.

Сауалнамаға қатысқан адамдар әр ұлт өкілдері болғандықтан бірінші сұраққа мұғалімдерге қарағанда ата-аналар тарапынан «жоқ» деген жауаптар басымырақ болды, ал мұғалімдердің жауабының жоғары болуы мектебімізде жыл сайын «Наурыз мейрамы» кеңінен өткізіліп қазақ ұлттық тағамдары дастарқанға қойылғандықтан деп ойлаймын. Үшінші сұрақ бойынша талқанды үнемі өз дастарқандарында көретіндер саны көп болды, дегенмен түрлі себептерге байланысты (қызметтеріне байланысты) төрт адам «жоқ» деп жауап берді. Біздің қоғамымызда жақсы бастаулар қолға алынып жатқандықтан (көбінесе жабдықтарда) аз да болса, кейбір отбасында талқанды ас мәзірінде қолданылатындығы анықталды.Алтыншы сұрақ бойынша мұғалімдердің де, ата-аналардың жауаптары әртүрлі болды. Талқан майға кеуленетіндіктен бауырға кері әсер тигізетіндіктерін де жеткізді. Бірақ та біз өз көзқарасымызды толықтай жеткізіп, талқан тек қана майға ғана еместігін айтып, анам екеуіміз даярлаған сусындарымызды көрсеттік.

Достарым мен сыныптастарыма өзіме ұнайтын талқанның түрлерін үнемі пайдалануды ұсындым:

1 Құрамына бал қосылған талқан;

2 Құрамына қант қосылған талқан;

3 Құрамына әр түрлі жеміс-жидек тосаптары қосылған талқан;

4 Құрамына какао қосылған талқан.

5 Сүтке, шайға, қарбыз шырынына, суға қосылған сусындар.

Қазақ ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін білу және оларды күнделікті тұтыну біздің ағзамыз үшін қажет. Күнделікті тұтыну үшін оның басты сипаттарын білуіміз керек. Біз бұны қазақ тілінде дайындай отырып, қазақы танымдарды білдік, ұлттық лексикадағы бірнеше бірліктерді жаттадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кенжеахметұлы С. Қазақтың дарқан дастарқаны, Алматы кітап. – 2007. – 289 б.

2 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы – Алматы: Ғылым. – 2005. – 26 б.

3 Анфимова Н. А. Татарская Л. Л. Аспазшылық. Просвещение. – 2002 ж.

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

ЕЛЕМЕСОВА А. Д.
9 сынып оқушысы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.
КУШЕРБАЕВА Г. П.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Зерттеу жұмысымның мақсаты – интернетте қазақ тілінің қолданылу аясын анықтау, мемлекеттік тілдің интернетте кеңінен пайдаланылуына жол ашатын факторларды және бүгінгі күні іс жүзінде кездесіп отырған кедергілерді айқындау, мәселені оңтайлы шешу жолдарын іздестіру.

Менің зерттеп отырған тақырыбымның өзектілігі – ғаламторда қазақ тілінде жазылған сапалы материалдың аздығы, терминология мәселесінің біржақты шешілмеуі, IT саласы мамандарының терминдерді аударуға қатыстырылмауы тектес мәселелердің күрмеуі шешілмеуінде [1]. Зерттеу жұмысы барысында аталған мәселені жан-жақты талдауға тырысып, шешімін іздестіреміз.

Тіл – бабамыздан қалған, көзіміздің қарашығындай қорғалуы тиіс асыл мұра. Тілді дамыту – әр мемлекеттің ең басты қағидасы, оны дамыту – әр азаматтың қасиетті борышы. Бойымызға анамыздың ақ сүтімен дарыған, құлағымызға анамыздың әлдиімен, бабалар тарихы өз әженің ертегілерімен санамызға сіңген қасиетті қазақ тілінің өрісін кеңейтіп, дамуының жаңа заманауи кезеңіне қолайлы жағдай туғызу – мемлекеттің де, жұдырықтай жүрегі қазақ деп соғар әр азаматтың перзенттік борышы.

Бүгінгі күні қоғамымызда барлық жаңалықты ғаламтордан біліп, уақытының көпшілігін әлеуметтік желілерде өткізетін азаматтар саны күн санап артуда [2]. Ал осы ғаламтор және әлеуметтік желілерде қазақ тілінің ахуалы қандай? Азаматтардың қазақ тілін еркін қолдануына жағдай жасалған ба?

Ағымдағы ахуалға тоқталып өтсек. Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде қазақ тіліндегі сайттардың саны жалпы еліміздегі сайттардың 12 пайызын құрап отыр. Жыл сайын қазақ тіліндегі жаңа ресурстар пайда болуда. БАҚ-тың электрондық нұсқалары дамуда, әртүрлі семинарлар, конференциялар, тренингтер, байқаулар өткізіледі. Мемлекеттік және ұлттық компаниялардың қос тілді немесе үш тілді сайттары бар. Дегенмен, бұл теңізге құйған тамшы секілді. Интернеттегі қазақ тілінің бүгінгі жағдайы қанағаттанарлықтай. Дегенмен оның әлі де қарыштап алға дамуына қолайлы жағдай туғыза аламыз.

Ал бүгінгі күні қазақ тілінің қолданылуына кедергі болып отырған қандай мәселелер?

Ең алдымен, интернет сайтты жасаушы мамандардың басым көпшілігінің мемлекеттік тілді білмеуі [1]. Тиісінше мемлекеттік тілді білмегендіктен, сайтты қазақ тілінде жүргізуде қиыншылықтар туындайтыны жасырын емес. Кәсіби маман қызметіне жүгінетіндері аз. Себебі ол қосымша шығынды қажет етеді. Сол себепті олар өз бетінше аудармамен айналысып, нәтижесінде сауатсыз аударылған материалдар, сілтемелер пайда болады.

Екіншіден, интернет желісі, компьютерлік бағдарламалар, жалпы IT саласы терминдерін қазақ тіліне аудару ақсап тұр. Мағынасын дәл жеткізбейтін аудармалар көптеп кездеседі. Оның негізгі себебі осы сала мамандарының аударма ісіне жұмылдырылмауында. Сондықтан алдағы уақытта осы олқылық орны толтырылып, тіл мамандары мен IT саласы мамандары бірлесе отырып, терминология мәселесін біріздендіруі керек деп ойлаймын.

Үшіншіден, сапалы материалдардың тапшылығы. Бүгінде интернет желісін қазақ тілін толық меңгергендер пайдаланады. Олардың қатары күн санап артуда. Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде мемлекеттік тіл мәртебесі өсіп,қазақ тілінде білім алған жаңа буын қалыптасты. Енді олар білімін толықтырып, ақпарат алатын қазақ тіліндегі материалдардың жетіспеушілігіне кезікті.

Төртіншіден, қазақша ресурстарды дамытатын мамандар болғанымен, өзара үйлесімділік, ынтымақтастық жоқ. Әркім өз білгенінше қызмет етуде.

Бесіншіден, мемлекеттік тілдегі сайттар қызметін қолдау қымбаттылығы.

Алтыншыдан, мемлекет тарапынан интернетте қазақ тілін дамытуға қолдаудың жетіспеушілігі.

Міне, осы мәселелер түбегейлі шешімін тапса, қазақ тілінің интернет желісінде кеңінен қолданылуына жол ашылар еді.

Осы мәселені оңтайлы шешу жолдары бар ма? Болса, қандай?

Менің ойымша, мемлекеттік тілдегі контенттерді танымал етудің жаңа жолдарын іздестіру қажет.

Бірінші мәселеге қатысты айтып өтсек, IT саласы мамандарына арналған кәсіби қазақ тілі курстарының сапалы оқытылуы, тілдік дағдыларының қалыптасуына айрықша назар аударып, қадағалау [1].

Екіншіден, IT саласы терминдерін бір жүйеге келтіру, арнайы анықтамалықтар, сөздіктер, электронды сөздіктер құрастыру;

Үшіншіден, интернет желісінде таратылатын қазақ тіліндегі материалдарды сараптамадан өткізіп, жариялау. Сайттардың орыс және қазақ тіліндегі нұсқаларындағы материалдардың толыққандылығына көңіл бөлу.

Төртіншіден, қазақша ресурстарды дамытатын мамандар басын біріктіру, арнайы ассоциация құру, өзара ынтымақтаса қызмет етулеріне қолайлы жағдай туғызу.

Бесіншіден, мемлекеттік тілде сайттара қолдау қымбат болғандықтан, көптеген компаниялар мен ұйымдар өз ресми сайттарын тек орыс тілінде жүргізеді. Сол себепті қазақ тілін қолдауға бөлінетін қаржының қомақты бөлігін осы сайттарды қазақ тілінде жүргізуге бөлу, сайт иелерін аудармашылар көмегіне емес, кәсіби журналистер қызметін пайдалана отырып, толыққанды ақпарат беретін материалдар жариялауға ынталандыру. Осы мақсатты іске асыру үшін түрлі ұлттық байқаулар ұйымдастыру.

Алтыншыдан, интернет желісінде мемлекеттік тілді кеңнен қолданып, сапалы қазақ тілінде сайт жұмысын жолға қойған компанияға түрлі жеңілдіктер жасау.

Әрине, біз ұсынған шешімдер мәселені түбегейлі шешпегенімен, аталған өзектілігі айрықша мемлекеттік тіл мәселесіне жаңа көзқараспен қарауға жол ашады деп ойлаймыз. Бұл мәселені түбегейлі шешуге қоғам мен мемлекет, әр азамат өз сүбелі үлесін қосуы керек деп есептеймін.

Осы мәселеге қатысты 2017 жылғы 7 наурызда мектебіміздің студенттері арасында сауалнама жүргізген болатынбыз. Сауалнама жүргізу барысында студенттерге төмендегідей сұрақтар қойылды:

Сіз интернеттен қазақ тілінде ақпаратты жиі оқисыз ба?

Қазақ тіліндегі интернет-ресурстардан өзіңізге қажетті материалды таба аласыз ба?

Қазақ тіліндегі ақпарат толық әрі сапалы ма?

Сауалнамаға 33 студент қатысты. Сауалнама нәтижесіне келсек,

«Сіз интернеттен қазақ тілінде ақпаратты жиі оқисыз ба?» – деген сұраққа қатысқан 23 студенттің тек 7-і ғана «Иә» деп жауап берді, бұл 21,21 % ғана. Ал «жоқ» деген жауапты 26 оқушы, яғни 78,79 % белгілеген. Бұл әлі де болса, интернет желісін пайдаланушылардың қазақ тілін қолдануға ықылас танытпайтынын көрсетіп отыр.

Әрине, бұл қоғамымыздың барлық азаматының пікірін білдірмейді. Бұл орыс тілді буынның қазақ тіліне басымдық бермей отырғандығын көрсетеді.



«Қазақ тіліндегі интернет-ресурстардан өзіңізге қажетті материалды таба аласыз ба?» – деген сауалға респонденттердің 9-ы, яғни 27,27 %-ы «иә» деп жауап берсе, 3-і «жоқ» деген жауапты көрсеткен, бұл 9,09 %.

Ал *кейбір кезде* деген жауап нұсқасын сұралғандардың 21-і, яғни 63,64 %-ы белгілеген. Бұл берілген жауаптардан қазақ тіліндегі интернет-ресурс материалдарын қазақ тілін толық меңгерген студенттердің ғана пайдаланатынын, ал тілді тиісті деңгейде меңгермеген, сөз мағынасына түсінбейтін студенттер мүлде қолданбайтынын, сонымен бірге қазақ тіліндегі ақпарат кеңістігінің интернет желісінде орыс тіліндегі ақпарат алаңына қарағанда әлдеқайда артта қалғанын байқатады. Сол себепті қазақ тілін меңгерсе де, ақпарат тапшылығынан орыс тілді контент көмегіне жүгінуі де ықтимал;



«Қазақ тіліндегі ақпарат толық әрі сапалы ма?» – деген сұраққа 5 студент «иә» деп жауап берген. Бұл 15,63 %. Ал «жоқ» деген жауапты 3 оқушы белгілеген, яғни 9,38 %. «Сирек» деген жауап нұсқасын 18 оқушы таңдаған, яғни 56,25 %. «Жиі» деген жауап нұсқасын 6 оқушы белгілеген, 18,75 %. Бұдан жоғарыда атап өткен мәселемен мектеп оқушыларының іс жүзінде кездескенін байқауға болады. Яғни интернет ресурстарда берілетін қазақ

тіліндегі материал сапасы көп жағдайда сын көтермейді. Қазақ тілін тиісті деңгейде меңгермеген мамандармен жасалған орыс тіліндегі мәтіннің қазақша аудармасының сапасыз болатыны анық. Оан тек бір-ақ тұлға – оқырман, интернет ресурсты пайдаланушы жапа шегеді. Қазақ тілінде сапалы әрі толыққанды ақпарат ала алмаған пайдаланушы сол ресурстың орыс тіліндегі нұсқасымен жұмыстануға мәжбүр болатыны да жасырын емес.

Қорыта келсек, жүргізілген сауалнама қорытындысы интернет желісінде қазақша сайттарды пайдаланушылар қатары мардымсыз екенін көрсетті. Оның себебі ретінде интернет ресурстардағы қазақ тіліндегі материалдың тапшылығы мен сапасыздығын көрсетті. Әрине, жүргізілген сауалнама қорытындысына сүйене отырып, барлық зияткерлік мектептердегі ахуал деп тұжырымдауға да болмайды. Өйткені оларда жағдай өзгеше болуы ықтимал.

Өзектілігі аса жоғары мәселенің шешімін іздестіріп, табу – кезек күттірмейтін мәселе. Сол себепті жасөспірімдер мен оқушылардың қазақ тілінде сапалы әрі толық ақпарат алуы үшін интернет-ресурстар жұмысын жүйелеу, біріздендіру жөніндегі жұмыстар қолға алынып, оған бүкіл қоғам және мемлекет ат салысуы керек деп есептеймін. Өйткені қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сол себепті оның күрмеуі шешіліп, аяғына тұсау болған барлық мәселе шешімін тауып, өрістеп, құлашын кеңге жаяр уақыт келді. Өйткені 25 жылда қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілінде оқып, білім алып жатқан жаңа ұрпақ қалыптасты. Олардың өз тілінде сапалы ақпарат алып, білімін толықтыруына қажетті материалдар алуына ешқандай кедергі болмауы керек деген пікірді ұстанамын.

Ал интернет-ресурстарға келер болсақ, бұл ресурстар материал жинау, жазу жұмыстарына қазақ тілін еркін меңгерген кәсіби мамандар филологтар мен журналистер қауымын тартуы тиіс деп ойлаймын. Сонда ғана материалдар аударма деңгейінен тұтас бір ғылыми көпшілік қауым оқыр жаңа деңгейге көшеріне сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Астана ақшамы», (2016, September 08). ҒАЛАМТОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ. Retrieved from http://www.astana-akshamy.kz/ghalamtordaghy-qazaq-tili/

2 Ғаламтордағы қазақ тілі мәселесін де «50-50» қағидатымен құрықтай аламыз ба? (n.d.). Retrieved from http://old.abai.kz/content/galamtordagy-kazak-tili-meselesin-de-50-50-kagidatymen-kyryktai-alamyz-ba

3 Ғаламторда қазақ тілін қалай дамытамыз? (n.d.). Retrieved from http://anatili.kazgazeta.kz/?p=7070

4 Алматы қаласы. Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы - View Contents. (n.d.). Retrieved from http://www.anatili-almaty.kz/index.php/contents/view/346

М. ЖҰМАБАЕВ, БЕРНИЯЗ КҮЛЕЕВ ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ СИМВОЛИЗМ

ЕРБОЛАТҚЫЗЫ Б.
оқушы, Қарақұдық ЖББОМ, Павлодар облысы
ШАЙМЕРДЕНОВА Ә.
Қарақұдық ЖББОМ, Павлодар облысы

Әдебиет тарихынан символды әдіс-тәсіл шеңберінен шығарып, оны тұтас дүниетанымға айналдырып, әдебиетпен өнерде, философияда белгілі бір ағым, мектеп, жасаған әдебиет, өнер, философия өкілдері белгілі.

Символ – поэтикалық образ жасауда ақындар пайдаланған тәжірибеден өткен өнімді тәсіл. Символ – поэтикалық суреттеу құралы. Қазақ әдебиетінде М. Жұмабаев, С. Дөнентаев, Б. Күлеев, т.б. ақындар символды көркемдеу амалы ретінде қолданады. Көркем әдебиетте кейде автордың еркімен, кейде еріксіз тұрмыстық константаның (тұрақталған тақырып) тақырыптық өрісі маңызды орын алады. Яғни бұл әлемдік және табиғи бастаулардан, универсалийден тұратын өмір құбылыстарының онтологиялық (өмір, ажал, жарық пен түнек, от пен су) және адам тіршілігінің антинологиялық, рухани бастауларын қозғайтын онтропологиялық негіздері болып табылады. (Жатсыну мен кірігу, тәккапарлық пен бас иіу, жасампаздық пен күйреткіштік, күнаһарлық пен тақуалық). Қазақ лирикасында бұл негіздер Мағжан мен Бернияз поэзияларында жарқырай көрінді. Көркем әдебиеттің негізін құрайтын бұл мәңгілік тақырыптар мен қатар мәдени-тарихи және экзистенциалдық көңіл-күйді қозғайтын жеке авторлық таным аспектілерін атауға болады. Аталмыш ақындарда әсіресе жеке авторлық таным ретінде көрінетін экзистенциалды көңіл күйді білдіретін жырлар ерекше көрініс табады. Сонымен бірге Мағжан жырларында мәдени тарихи құбылыстардың да айырықша өрнек табатындығын баса айтуға болады. Қазақ әдебиетіне өлеңінің сыршылдығы мен сыры мол, суреткерлігі мен ойшылдығы қабаттасып келіп жататын

поэзиясымен соны жаңалық әкелген, әдебиетімізге өлмес мұра қалдырған ақындарымыздың бірі – Мағжан. Ж. Аймауытов: «Қазақ әдебиетінде Мағжанның киргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмінің (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өленді күйге (музыка) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тіпті ұстартты» [1, 26], – деп бағалағанындай Мағжан қазақ әдебиетіне орыстың символизм мен сентаментализм ағымдарының нұсқаларын әкелді. Аудармалары арқылы ғана жаңалық енгізген жоқ. Сонымен қатар өлендері арқылы, бейнелілік, әуезділік, образдылық, өлеңінің құрылысы т.б. арқылы қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерді. Абайдан кейінгі қазақ поэзиясына соны әдіс-тәсіл енгізген, сыршыл өлең әкелген Мағжан Жұмабаев болды.

Мағжан поэзиясының көркі мен сұлулығы, сыршылдығы мен жыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы талай рет оқырманын тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатына иелендіріп, бәрін өзіне тәнті еткен. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен. Жүсіпбек Аймауытов пікірлері Мағжанның сыршыл өленderінің құпиясын ашып берді. Талантты ақынды Ж. Аймауытов Пушкинге теңеген. Мағжанның ақындығын нақ танып, дұрыс та әділ бағалаған.

М. Әуезов Мағжан туралы: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қордалы ауылында туып Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп сезінген боламын. Мағжан культурасы зор ақын. Сыртқы кестесінен келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ, түбінде әдебиет таратушылар газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет үшін деген таңба айқын болмай нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәрімізді күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [2], – деген ой айтады. Мағжанның шығармашылық өмір жолы бүгінгі таңда әдебиетші ғалымдарымыздың зерттеу тақырыбының нысаны болды. Ақынның еңбегі, өмір жолы жайлы зерттеу еңбектер бар. Қазақ поэзиясына өзінің символдық поэзия

өнеріне тән шығармасын әкеліп, қайталанбас ерекшелігімен, сырлы дүниесімен Мағжан ақын халық жүрегінен орын алды.

Мағжан шығармаларына ғалымдарымыз бүгінде әділ бағасын беруде. Мысалы, ғалым Б. Ыбырайым: «М. Жұмабаев творчествосы – отаршылық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, психологиялық- көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан эстетикалық құбылыс, көркемдік жаңалық. Ол поэзиямыздың эстетикалық әлемін тың бояулармен, күрделі сезімдік әлеммен байытып, жаңа биікке көтерді» [3, 6]. Анығында Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы лирикалық қаһарманда қазақ өлеңдеріндегі кейіпкерлерге ұқсамайды. Сезім-толғаныстарын, жан сырын, сезім арпалыстарын шынайы түрде жайып салады.

Б. Ыбырайым Мағжанның поэзияға әкелген жаңалығы «бейнелеу мүмкіндіктерін молайтатын, көркемдік әлемді байыта түсетін эстетикалық конструкцияны көркемдік концепцияны жеткізуге шебер пайдалануы» [3, 7], – деп атап көрсетеді.

Оның «Мені де өлім әлдиле», «Жел», «Ой», «Күзді күні», «Алдамшы өмір», «Альбомына», «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «З-ға», «Бүгінгі күн өмір, өлім менікі» т.б. өлеңдері ақынның түңілу сарынында жазған шығармалары. «Қазақ өлеңі тарихының XX көгінде Мағжан поэзиясы Шолпан жұлдыздай оқшау тұр... Мағжан – қазақ өлеңіне абайдан кейін дүбірлі өзгеріс әкелген ірі реформатор ақын. Мағжан өлеңге романтикалық өң береді. Адам мен табиғатты қатар алып араларынан өзгеше байланыс іздейді...» [4, 73-74 б].

«Қысқы жолда», «Жазғы жолда» өлеңдерінде ақын жаздың жайдарлы, жадыраңқы суретінен де, қыстың қытымыр, қатыгез түрінен де жаны жай таппайды. Табиғат құбылысын суреттеу арқылы ақын ел тағдырын салыстыра бейнелі сурет жасайды.

Ызғарлы жел долданып,
Екі иіннен дем алып,
Ішін тартып осқырып,
Кейде қатты ысқырып,
Аңдай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі.
Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,

Асып-сасып сыбырлап,
Жерді жапқан кебінді,
Сүйіп ақырын құшақтап,
«Әпсүн» оқып үреді.

Табиғаттың қаталдығын кейіптеу арқылы бере отырып, қорғансыздыққа ұшыраған, күйзелу үстіндегі халықтың тағдырын бейнелейді. Поэзияда жалпы айтқанда әдебиетте адам болмысына қатысты от пен су, жарық пен түнек, өмір мен ажал мәселелері мәңгілік тақырып болып табылады. Арғы тамыры ғарыштық болмыспен астасқан адам рухының тәжірибесі бұл мәселелерді өз болмысының көркемдік көкжиегінде терең игерген. Жан-жақтысипатын, оның иірім-қайырымдарын нәзік тұспалдаған.

Осы бір онтологиялық сипатты Мағжанның мына бір жырынан көруге болады.

«Есіл жазым өтті!» – деп,
«Бәйшешегім кетті!» – деп,
«Санадан жүз сарғайып,
Қасіретті мол жас зайып
Қараңғы ұзын түндерде
Үстіне қара жамылып,
Күрсініп жер жылайды.
Бұзылып түсі аспан көк,
Ашуы ауыр үһілеп,
Бүркеніп сұр бұлттар,
Жүрегі жара алыс жар
Қайғы басып қиналып,
Жерге қарап жарына
Көзінің жасын бұлайды...»

Ғарыштық субстанциялар ретінде табиғат құбылыстары мен жыл мезгілдері жел, боран, дауыл, бұлт, тұман, жаз, қыс, күз алынады. Әлемдік антиномиялар адам ғұмырының қайшылықтарымен қатар алынады. Жарық пен түнек, өмір мен ажал бірінің орнын бірі алмастырып жатады. Ертеден келе жатқан сарқылмас сыры мен құпиясы мол мәңгілік табиғи құбылыстар.Табиғи құбылыстар қиналып, қайғы басым, ауыр күрсініп жылайды. Адамға тән қимыл-әрекеттерді дерексіз ұғымдарға телиді. Сол арқылы ақын қоғамдағы қайшылықтарды, теңсіздік пен әділетсіздікті, халықтың ауыр тұрмыс тіршілігін бейнелейді.Тағы бір өлең жолдарына назар аударсақ,

«Құласа күшті қара ағаш,
Қыс өтіп тағы жетсе жаз,

Жас балапан – қайыңдар,
Оларда не уайым бар,
Өткендерді еске алып,
Бұралып жас сұлудай,
Қосылып ән салар»

Ақын шығармаларынан көрінетін әрбір жаңаны іздеу үрдісі жанда қайшы сезім күйлерін тудырып, ішкі конфликтіні шешуде ақынның бар күш жігерін сарқып тауысардай күйге жеткізеді. Ал ішкі тартысты жеңетін бірден бір күш – мұң. Мұң – ақын үшін жанды тыншықтырып, қайтадана күш қуат беріп, сергітетін құрал. Ыза араласқан өлеңдерінде көбіне мұңмен күресу секілді көрінетін сезім көлеңкелері бар. Мұң мұндай сәттерде ақын жаны үшін әрекетсіздікті көрсетеді де, ыза, керісінше, жан күйін шиыршық аттырып, еріксіз әрекетке итермелейді. Ақынның ішкі дүниесінде қайшылық бітпегендіктен, ызаның мұңнан үстем тұратын сәттері көп. Ақын өлеңдерінде ішкі тартыс бейнесі көрінеді. Мағжан өлеңдеріндегі түпсіз дария, қара түн, түн баласы, сап-сары бел, күн, от, дала, толқын, көк, қара көк дария, тұңғиық, өлім, қайғы, мен қан, тұрмыс тылсым, сөнген шоқты үрлеген бала, от басында мөлт-мөлт еткен беймәлім жан т.б. тілдік бірліктер ритм арқылы бейнеге айналған. Мағжан шығармаларының бейнешілдігінің мәнін жан күйлерін білдіретін атаулар (торығу, жалығу, тылсым рахаты, ызалы мұң т.б.) айқындайды.

Мағжанның *«Қысқы жолда», «Жазғы жолда»* өлеңдеріндегі образдарға назар салайық, қалың тұман, толқын, қар боран, долы жел, суық кебін, адасу, «әпсүн»,оқып бетке үрген әлдене, жапандағы жалғыз қара, сар дала, өлік, тылсым, тұншығу, сары шаш пері, жібектей жетпіс оралған тылсым, көл – бәрі өлі, есін жия алмай аңсап өлу, жасын төгіп өлу, бел, жол, т.б. Бұның бәрі адамды сырттан қоршаған дүние емес, ішкі түкпірден жасалып, тереңнен түзіліп, тылсымнан құралып келе жатқан адам жаны. Бұл ақынның ішкі жан сезімі, ішкі дүниесі.

...Жас балапан жүрегім
Десе де табам керегін
Көріп теңіз тереңін
Қайғыға батты тұнжырап.
Алтын үміт үзілді,
Тәтті қиял бұзылды,
Көкке тіктім көзімді,
Жұлдыздардан жол сұрап.

Көгінде бір – қара көк
Тұңғиық теңіз түбі жоқ.
Ойнап тұрған көзі көп,
Не деп жауап береді?
Көк – бір дария қара көк,
Жұлдыздардан әлі жауап жоқ,
Іште жалын, жүрек жоқ,
Дария жаным өледі.

Өлеңде ақын беймәлім дүниені іздейді, тылсымды іздейді. Жас балапан жүрек, алтын үміт, тәтті қиял үзіліп қайғыға батады. *«Дария жаным өледі»*,- дейді ақын. Қайғысының қалың екендігі терең теңіз, тұңғиық теңіз деген эпитетті тіркестер арқылы беріледі. Беймәлім дүние, белгісіз құпия, жасырын ішкі сыр, жұмбақ жан, түпсіз әлем т.б. ұғымдарды қолдану арқылы ақын ішкі сырын бейнелейді. Осымен үндес өлеңдері *«Жұмбақ», «Өмір», «Жұлдыздарға», «Жиіленді қара орман», «Мені де, өлім, әлдиле»* т.б.

Сап-сары бел,
Еседі жел, еседі.
Еседі жел,
Көшеді ел,
Көшеді.
Дала – жұмбақ
Бала жұмбақ
Шешусіз.
Сап-сары бел,
Еседі жел, еседі.
Дала бұйық, бала тұйық –
Екі үнсіз.
Дала – жұмбақ
Бала – жұмбақ
Кім шешті.

Мағжанның *«Жұмбақ»* типтес өлеңдерінен аңғарылатын сыр: шетсіз-шексіз жапан далада беймәлім тәтті үрей туғызады. Жапан дала, жаһан жер ішінде жалғыз қалған адам алақандағы ойыншық қана. Оны тылсым шыр көбелек айналдырады. Жаның тыпыршып, ішкі дүниеңде тиянақсыздық туады. Құла түзде, жаһанда дәл аяғыңның астынан беймәлім, үрейлі біреудің ауыр тынысын сезесің. Алып дене қозғалып көшуге дайындалғандай. Өлім исі келе бастайды. Мұндайда адам жанын құрдымға жібермей, орнынан түсіретін пайым мен парасат қана.

Қараңғылық қоюланып келеді
Қараңғылық қоюланып келеді,
Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді.
Күлімсіреп жанымдағы жас бала
Қызық көріп сөнген шоқты үреді.
Шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшты да,
Біразырақ шоқ қызара түсті де,
Дереу сөніп, тезірек күлге айналды,
Астындағы ыстық күлді құшты да.
Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,
Сөнген шоқты үріп бала күледі.
Ой басты ма? Әлде көзім талды ма,
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Ішкі дүниеден беймәлім үн келгенде, шоқ та, оны үрген бала да, от басында отырған жан да құпияға айналып, өз кейпін өзгерте бастайды. Беймәлім белгісіз ұғым пайда болады. Осының барлығы – қасірет деген ұғымның ішкі белгілері. Сонымен бірге өлең арқылы ақын өнерінің биіктігі көрінеді. Қасіретке қарсы дәрмені, қайғының барлығы, адамның ішкі күйзелісі – көзіне жастың келуі арқылы аңғарылады. Ақынның шеберлігі, ақынның құдіреттілігі ешқандай қайғы, қасірет, қиыншылық, ауыртпашылық деген сөздерді қолданбай ақ бейне арқылы жеткізуі. Мағжанның мистикалық бейне сөздері – сыртқы дүниені тануға бағытталған белгілер емес, ішкі дүниенің тылсым сырларын іздеуден, жан дүниенің тереңінен үңілуден туған бейнелер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ж.Аймауытов Шығармалары. 5 Т - Алматы, 1989

2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. -Алматы, 1962.

3 Ыбырайым Б. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ лирикасы. Павлодар, 2007.

4 Сейітов С. Сөз зергерлері.-Алматы, Жалын, 1966, 254 б.

КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДАҒЫ «АСАНДАР КӨТЕРІЛІСІНІҢ» ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ӘБДІҚАМИ Қ.
8 сынып оқушысы, Ғ. Мұратбаев атындағы № 91 орта мектеп, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы
ЖӘЛІМБЕТОВА И.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ғ. Мұратбаев атындағы № 91 орта мектеп, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Шарпыған қасіреттің орны толмай,
Жоқтайды өткендерін халық толғай.
Босамай босағасы Елдігімнің,
Келешек күндеріміз жарық болғай!

Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Біздің ең басты құндылығымыз-ол Отанымыз, тәуелсіз Қазақстан!» деп өзінің Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы жолдауларында үнемі айтудан танған емес. Оның басты себебі, бүгінгі тәуілсіздікке оңай қол жеткізбегендігіміз деп ойлаймын. Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық кезеңі артта қалып барады. Тарихымызды жазуға да еркіндік туды. Тәуелсіздігіміз ұлттық санамыздың оянуына түрткі болды. Тәуелсіздік, ол – сан ғасырлар бойғы ата-бабаларымыздың осы жолдағы қанды шайқастарының, шындық жолында шыңғырған айтыстарының нәтижесі. Танымал ғалым, академик М. Қ. Қозыбаевтың тілімен айтсақ: «Тәуелсіздік жолы – ұзақ жол, ғасырлық жол, ол-ата-бабаларымыздың жолы, ерлік жолы» . Қазақ тарихындағы ұлтымыздың тәуелсіз болу жолындағы күресі – өзіндік мәнімен, ерекшелігімен, еркімен танылатын, мойындалатын өмір шындығы. Кеңестік отарлық саясат кезінде бұрмалаушылыққа тап болған еліміздің бұралаң тағдырына шолу жасасақ, көз алдымызға ең бірінші 30-жылдар зобалаңы оралады. Қазақ даласында Кеңес өкіметінің күшен жүргізген «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұранының нәтижелері халықтың ашық наразылығын тудырмай қоймады.

Осындай себептен туындаған бұрынғы Қызылорда округіндегі «Ақмырза ахун бастаған наразылық», «Қарақұм қозғалысы», «Қазалы немесе Асандар көтерілісі» деген шартты аттармен белгілі т.б. билікке наразылықтар-қазақтардың ұзақ жылдар бойы жүргізген ұлт-азаттық қозғалыстарының бір кезеңі.

Асан көтерілісі – Қазалы ауданы қазақтарының 1930 жылы тамыз – қыркүйек айларындағы Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру

саясатына, алым-салық, азық-түлік, мал жинау науқандарына қарсы көтерілісі. Асан көтерілісі – 1930 жылы көктемде ишан Ақмырза Тосов және т.б. бастауымен 7-9 ауылдар шаруаларының Қызылқұмдағы көтерілісінің заңды жалғасы. Бұл көтеріліске қатысушылардың басым бөлігі Кіші жүздің Әлім тайпасынан тарайтын Асан руынан шыққан. Сол себепті көтеріліс Асан көтерілісі деп аталған.

Сурет 1

Халықтың билікке ашық қарсылығының себептерінің негізгі көріністеріне 1926 жылы Өлкелік партия өкіметінің 2-пленумында Голощекин мәлімдемесінен кейін ауылда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу еді. Бұл шара бірнеше кезеңнен – байлардың мал-мүлкін тәркілеу, жер аудару, тап ретінде жою арқылы жаппай ұжымдастыруға жеткізуден тұрады. Көтеріліске қатысушылардың әлеуметтік құрамы әр түрлі: бай, кедей, діндар т.с.с. болды. Қазалы аймағында тәркілеу науқаны 1928 жылы қыркүйек айының бас кезінде-ақ жүргізіле бастады. Алғашқы тәркіленетін байлардың және олардың малының саны Қазалы ауданында шамамен 7 адам және 2920 бас мал болған. Бұл сол кездегі сегіз ауданның ішінде адам мен мал санының ең көбі еді. «Бұл аймақта байларды тәркілейді» деген хабардан кейін тәркілеуден құтылу үшін жергілікті байлар малдарын айдап, өз ауылдарынан 1000 шақырымға құм арасына көшіп кеткен. Осыдан кейін малдарын туысқандарына үлестіріп беру, көрші республикаларға көшіп кету байқалған. Мысалы, Қазалы ауданындағы «Қарақұм» маңының байлары жедел қарқынмен Бұхара, Хиуа, Самарқанға көшіп кетеді. Ал бастапқы белгіленген 7 адамның орнына 10-нан аса адам бірінші тізіммен тәркіленіп, Адай өңіріне жер аударылған.

Келесі кезең – қайта-қайта салық салу әлі, жұттан есін толық жия қоймаған халыққа өте ауыр тиді. Өкімет басшылары ұсақ

меншікті қожалықтарға келесі салық түрлерін белгіледі: жеке салық, өзіндік салық, бір жолғы салық. Сонымен қатар егістік жерлер мен мал басын міндетті сақтандыру төлемдері, әртүрлі заемдар, төлемдер ұжымдық шаруашылық құрудың күштеу құралдарына айналды. Көшіп кеткен байлар қожалықтарының салығын елде қалған орташалар мен кедейлерге бөліп салды.

Ауданның өкілдері ауылдарға келіп: «ұжымға кірмегендерге артық салық салынады, мүлкі тәркіленеді», – деп үрей таратумен болады. Қазалы ауданының 20 ауылында өкіл шаруаларға Қызылқұмға жайлауға шығуға тыйым салып, арнайы бригада жіберіп, 92 мал шаруашылығын Сыр бойына көшіріп, егін егуге күштеген. Салынған салық мөлшерін орындамаған адамдардың төбесіне мұздай су құю, «тәркіленесің» деп қорқыту, т.б. жазалар қолданылды. Астық салығымен бірге шикізат салықтары кезінде зорлап күштеу қысты күні қой қырқуға мәжбүр етсе, кейбір ауылдарда жылқылардың жалдары мен құрықтарын қырықтырған. Екінші бір ауылдарда бір қойдан бір пұт (16 килограмнан астам) жүн салық салынған кездер де болған. Ауылда шикізат жинау үш рет жүргізіліп, ақыр соңында жүн салығын орындау үшін жұрт үйлеріндегі көрпелерін сөгуге, киіздерін қайта түтуге дейін барды. Аудандық атқару комитетінің төрағасы «өзім білемінге» салынып, бір ауылдың барлық малдарын тартып алған. 1930 жылдың қыс-көктем айларында тұқым, астық салықтары шектен шықты. Жоғарыдан түскен қаулыларды мүлтіксіз орындап үйренген жергілікті «шолақ белсенділер» жұмысты «жандандыру» мақсатында түрлі әдістер ойлап тапты. Орта шаруашылығы бар адамдарды қыстығүні шешіндіріп, салқын ұраларға қамауда ұстады. Астықты, малды жасырдың деп қыл бұрау салу да болды. Ет, астық салықтарын орындау үшін малдарды сойып сатушылар «Малды қаскүнемдікпен сойып тастауға қарсы күрес шаралары туралы» (1930 қаңтар) қаулы арқылы қуғын-сүргінге ұшырады. Бұндай қылмыскерлерді табу үшін бір жыл бұрын қанша малы болғанын, қазір қанша екендігін сұрап алу жеткілікті еді. Мал басы кем шыққан жағдайда анық-қанығына көз жеткізбестен қатаң жауапқа тартылды. Шаруаларды ұжымдарға біріктірудің еркіндік қағидасының сақталмауы, ұжым меншігіне күнкөріс малдарымен қатар тауыққа дейін тартылуы әрбір отбасының аштыққа ұрынуына әкелді. Тамыздың соңғы күндерінің бірінде ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) қызметкерлері астық салығын төлеуден бас тартқан 22-ауылдың бас көтерер азаматтары Д. Асанов, Ж. Тілеубаев,

А. Қалдыбаев және Б. Тілеулиевті тұтқынға алған. Оларды ауыл адамдары ертеңінде күшпен босатқан. 22-ауыл көтерілісшілеріне 19, 20, 21, 23, 24, 25-ауылдардың және көршілес Арал ауданының кейбір ауылдарының тұрғындары қосылып, толқуға қатысқан адамдар қатары 1000-ға жуықтаған. Көтерілісшілердің басшысы болып 22-ауыл тұрғыны Иман Мақсым Орымбетов (ОГПУ деректерінде – Сырымбетов) сайланған. 1930 жылы 4 қыркүйекте екі жақтың алғашқы қақтығысы Тақтакөпір елді мекенінде Алматы қаласынан көмекке келген Қазақ ұлттық кавалериялық дивизионы әскерлерімен болады. Алайда 40 адамнан айырылып, оның ішінде Мақсым да бар, 14 адамы жараланған көтерілісшілер тобы бытырай кейін шегінеді. Шаруалар ауыр жағдайларына байланысты ұрысқа түскенімен, ұзақ тіресуге шамалары келмей, жан-жаққа, тіптен елден тыс жерлерге де көшуге мәжбүр болады. Жүргізілген жазалау шараларының барысында көтеріліске қатынасқан 98 адам тұтқындалып, 31 адамға іздеу салынды. Аталған отряд Біріккен мемлекеттік саяси басқарма отрядтарымен қосыла Сарысу, Талас, Созақ, Қарақұм, Ырғыз, кейіннен Адай, тағы басқа көтерілістерді жазалауға белсене қатысқан.

Қозғалыс тарағаннан кейін төтенше органдар оларды аяусыз жазалауға кіріседі. 1931 жылдың басында көтерілісті ұйымдастырушы ретінде ОГПУ үштігінің шешімімен 9 адам Еділғараев Қ., Иімбетов Ә., Қарағұлов Ә., Қонысов Ж., Құрекеев П., Мәмбетев Н., Нұрымбетов А., Өмірбеков М., Таңатаров А., ату жазасына кесілді, 28 кісі 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концлагерге айдалып, 16 адам жер аударылды.

Асан көтерілісіне қатынасқандардың көпшілігі жазадан қашып Қарақалпақстанға, Өзбекстанға, т.б. жерлерге ауа көшіп кетті. 1989 жылы 27 қарашада Асан көтерілісіне қатысып, жазықсыз жапа шеккендердің ісі қайта қаралып, Қызылорда облысы прокурорының шешімімен толық ақталды. Көтеріліс жайлы Жетіскен Мәкенәлиевтің құрастыруымен «Асан көтерілісі» атты деректі еңбек жарық көрген.

Ауданымызда 2011 жылы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында «Қазалы-Асандар» көтерілісі құрбандарын еске алу құрметіне 23-24 қыркүйек аралығында ауқымды рухани-танымдық шара өткізіліп, Сырдария өзенінің Әлсейіт өткелі тұсына азаттық көтерілісі құрбандарының құрметіне ескерткіш-мүсін орнатылды. Іс-шара барысында «Тәуелсіздік-ата-баба арманы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіліп, «Қазалы-Асандар» көтерілісін

жан-жақты зерттеп, зерделеп жүрген ғалым, зерттеушілер т.ғ.к., докторы, Қорқыт ата университетінің профессоры Б. Қожамберлиев, Қорқыт ата университетінің профессоры, т.ғ.к., доцен Н. Байқадамов, Қорқыт ата университетінің профессоры М. Матаев тақырып өзектілігіне тоқталып, көтеріліске қатысты тың мәліметтерді ортаға салды. Әлемдік өркениетте Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейін аралықта мемлекет құрудың үлгісін көрсеткен, Ұлы Дала атты елімізді жаудан қорғаған бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға ұласып келе жатқан қаһармандық қасиеті ерлерін тағы да азаттық жолына бастады. Оның басты себебі-ата-баба салтында патриоттық рухты қалыптастыру, оны жоғары ұстау дәстүрі мықты болды. Сонау Едіге, Алпамыс, Қобыланды, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Кенесары, Жанқожа, Бұқарбай, т.б. мыңдаған батыр бабалар рухы әрқашанда ел басына күн түскенде қайта жаңғырып отыратыны анық. Сондықтан да «Ешкім іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп Батыр Бауыржан Момышұлы тегін айтпаса керек. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі жолында жанпида болғандардың өршіл рухы мен асқақ мұраттары халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. «Асандар көтерілісі» осындай өршіл рухымен тарихта қалса, Асан ұрпақтарының ата ерлігін өз туындыларына арқау етіп, олардың ерлігі мен өрлігіне қоса, атадан балаға қалар талай өнегесі, шежіресі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі олардың шығармаларынан көрініс тауып отыр. Ол туындыларды оқып, жаттап өскен ұрпақ әр уақытта елін, жерін, Отанын сүйіп, қорғап, иманды да тәрбиелі, өз тілі мен ділін сүйіп өсетіндігіне шүбам жоқ. Оған: Өмірзақ Ахметовтің «Кішкене туралы» шежіресі, Нұртуған Кенжеғұлұлының «Әлім хақында» өлеңі, Жетіскен Мәкенәлінің «Асандар көтерілісі немесе отызыншы жылдың ойраны» тарихи-трагедиялық драмасы, Сейіл Боранбайұлының Қазалы ауданындағы Асандар көтерілісінің 70 жылдығына арнаған «Даңқтың тұғырында тұрсың бүгін» арнау өлеңі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, белгілі ақын Рүстем Жанайдың «Ақұдайлар», Қазақсан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері Қайырбай Зәкіруұлының «Мекенім – сен деп келемін» толғауы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі ақын Алмагүл Шәкірқызы Қаржаубаеваның «Қазалының ержүрек Асандары» толғауы, Әмірхан Қанайұлының «Асандар біздің осындай!» өлеңі, Зейнеткер ақын Басықара Алпамысовтың «Әке туралы сыр» дастандары жатады. Бұл туындыларды тебіренбей оқу мүмкін емес, өйткені бұл шығармалардың қайсысынан болса

да кішкентай ғана Асандар ұрпағының жүректілігін, елі үшін Кеңес үкіметіне, Сталинге қарсылық көрсетуі олардың нағыз қайсар азаматтар екендігін көрсетеді. Шежіреші-зейнеткер Өмірзақ Ахметовтің «Кішкене туралы» атты Асан руының шежіресінде қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, еңбекқорлығы, адал еңбектің бақытқа жеткізетіндігі, сонымен бірге ұзатылған қыздың орны әр уақытта қайын жұртында екендігі Кішкененің өмірінен анық көрінеді. Асанның әкесі Кішкене ағасы Палуанмен ренжісіп, ұлы жүздің Үйсіні Бәйдібек байға келіп малын бағуға жалданады. Көп жыл бойы байдың қойын бағады. Байға Кішкененің қызметі ұнап,оны жылқыға бақташы етіп қояды. Бір жылдары қыс қатты болып, қар қалың түседі. Жылқы оңтүстікке қарай ығады. ылқымен бірге Кішкене де, басқа жылқышылар да кете барады.Жылқының алдында бір топ киік те үйірімен көп ұзамай жүріп отырады. Түске дейін жауып,түстен кейін ашылып, қар ұзақ жауады. Ыққан жылқының алдындағы киік, қардың жаумаған ашық жеріне жетіп, тоқтап, жайылып, қар жауған кезде тағы да алға қарай жылжиды. 15-20 күнде Боқан тауына (нағыз жылы жерге) жетіп, қысты сонда өткізеді. (Бұл жерде қазақта киікті киелі аң ретінде неге қастерлейтіндігінің анық дәлелі – ыққан жылқыны киіктер жайлы мекенге бастап әкелген.) Күн жылы, жер от. Жаз шыға жылқышылар жылқыны өсімімен аман-есен айдап, елге жетіп, байды қуантады. Кішкененің адалдығына риза болған бай жалғыз қызы Қоңырды той жасап, отаулап Кішкенеге береді. Сол елде Кішкене екі балалы болады. Бірақ Кішкене күйеу, Қоңыр қыз болғандықтан олардың сыбағасы төс пен құйымшақ еді. Ал жиын-тойларда келіндер табақ алып, батагөй үлкендердің ақ батасын алып, шын ықыласқа бөленеді. Ал қазақта «батаменен ел көгереді, жауынменен жер көгереді» деген аталы сөз бар. Нағыз бата алып, көгеретін кезінде одан құр қалғандығын түсінген есті Қоңыр Кішкенеге елге қайтуға кеңес береді.Басында өкпелеп, елден жырақ кеткен Кішкене елге салауатты адам болып, үстінде үй, алдында үйірлеген мал, балалы – шағалы болып оралған соң, елі оны той жасап қарсы алады. Елге келген соң, Асан дүниеге келеді. Асанды Кішкененің екінші әйелі Құланбике бауырына алады. Кішкененің екі әйелі де көзі қарақты, аруақты адамдар болады. Сондықтан олардан туған Асанның ұрпағы да тегін емес екендігінің куәсі болып отырмыз. Бұдан алар өнеге – ер туған жерінде көгеретіндігі, өсіп-өнетіндігі. Енді біздің басымызға қиын-қыстау заман төніп тұр. Соңғы екі-үш жылдан бері көрген күніміз қараң, көңіліміз алаң. «Алаң жарлы аштан өледі» деген

рас екен. Байларымыздың малын тартып алып, өздерін қамады, ел асырды. Енді, орта шаруа мен жарлы-жақыбайларға да тиісіп, үй бірінші салық салуда. Азғантай дәнімізді бала-шағамыздың аузынан жырып қалай береміз? Халықтың жай-жағдайын ойлап отырған үкімет жоқ. Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан дейді. Бұрынғы күніміз күн екен ғой. Сондықтан, ондай үкіметтің халыққа қажеті не? Біздің үкіметке қарсы көтерілуіміздің де себебі осы. Қазір басталатын көтеріліске 3 мыңдай қол өз еркімен келіп тұр. Бұл халық қамы үшін өз басын бәйгеге тіккен, бас кетер деп қорықпайтын, от жүректі, шыдамның шегіне жеткен, ашынған ауыл адамының сөзі. Әрбір азамат ел қамын осылай ойлап, осылай күрессе ел ертеңі жарқын боларына күмән болмасы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», 2010 жылғы 29 қаңтар

2 Қозыбаев М. «Дақпырт және Шындық». – Алматы. – 1996 жыл – 35 б.

3 Асанское восстание // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. Т.І. – 2004.

4 Мұсабаев Т., Мұсабаева А.Т.. Ортаймаған қазаны – қасиетті Қазалы. – Алматы. – 1998. – 62 б.

5 Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. – Алма-Ата. – 1992. – 35 с.

6 Момышұлы Б. Өсиет сөздер. – Алматы: Өнер баспасы. – 2007.

7 Ж. Мәкенәлиев «Асандар көтерілісі» кітабы. – Алматы. – 2000 ж. – 155 б.

8 Р. Жанай «Сағынып кеттім мен сені». – Қызылорда, Тұмар. – 2004 ж.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗДЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

ЖАҒЫПАРОВА Ж. С., ОРАЗҒАЛИЕВА А. С.
11 «А» сынып оқушылары, № 47 ОМ КММ, Семей қ.
ҚАДЫРОВА Е. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 47 ОМ КММ, Семей қ.
ҚОНЫСБЕКОВА Қ. Қ.
бастауыш сынып мұғалімі, № 7 мектеп-лицей, Семей қ.

XX ғ. І жартысы Қазақстан үшін түрлі саяси-мәдени өзгерістерге және дүрбелеңге толы болды. Қазақстан тарихының осы кезеңі күрделі. Бұл уақытта қазақ зиялыларының саяси бейнесі айқын көрінді. Көкірегінің оты бар, көзі ашық ел азаматтары бұл дүрбелеңнен шет тұра алмады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Мұхаметжан Сералин, Мұхаметжан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Халел, Жақанша Досмұхамедовтер сынды қазақ зиялылары ұлт-азаттығы туын көтерді. Сол ту төңірегіне елдің күллі әлеуметтік күштерін топтастырды. Олар қазақ жерінің және Ресей мен Орта Азияның білім ордаларынан сусындалған XX ғасырдағы қазақ оқығандарының жаңа буыны еді. «Қазақ» деп өткен бұл тұлғалардың өмір тарихы көрсеткендей алаш зиялыларының өз ісінің майталман шебері. Қазақ халқының саяси және мәдени оянуын мақсат еткен алаш зиялылары қазақ тілінде газет-журнал шығарудың ұлттық рухты оятуда маңызды рөл атқаратынын ерте түсінген болатын. Мерзімдік баспасөз жүйесін құрды. Оған ояна бастаған ұлттық сананың ұйтқысы болу міндеті жүктелді. Бұл абыройлы міндетті жүзеге асыру ісі әртүрлі бағыттағы қазақ газеттерінің, әсіресе қазақ баспасөзінің мақтанышы, жарқын жұлдыздары – «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің үлесіне тиді [1, 32 б.].

Қазақ баспасөзі күрделі жолдан өтті. Революцияға дейінгі Қазақстан баспасөзінің библиографиялық көрсеткішіне қарағанда, XX ғасырдың басындағы қазақ газет, журналы сан жағынан саусақпен санарлық қана. Қазақ тіліндегі газеттерден: «Дала уалайатының газеті» – «Киргизская степная газета» (1888-1902). Омбы; «Қазақстан» (1911-1913). Орал; «Сарыарқа» апталығы (1917-1918). Семей; «Қазақ» (1913-1918) Орынбор; «Алаш» (1916-1917) Тәшкент – небары 5 дүркінді басылым шыққан. Бұлардың қатарына қосуға, қоспауға да болатын газеттер бар. «Есіл даласы» (1913-1913). Петропавловск; «Казак газеті» (1907). Троицк; «Серке» (1907). Петербург; – басылымдары қазақ баспасөзінің аталымын көбейтеді демесе, шығар-шықпас жабылып қалған.

XX ғасырдағы қазақ мерзімді басылымдары тізімінің басында тұрған «Дала уалайатының газеті» 1902 жылға дейін шығып тұрды. Материалдары қазақ тілінде басылып, баламасы орыс тіліне тәржімеленетін. Газет ресми және биресми бөлімдерден тұратын. Біріншісінде қазақ және орыс тілдерінде указдар, жарлықтар, үкімет және әкімшілік органдардың нұсқаулар басылатын. Екінші биресми бөлімінде – империя мен оның шет аймақтарындағы оқиғалар туралы мағлұмат, қазақ даласының, өзен, су, көлдерінің, тау-тастарының сипаттамалары, жергілікті халықтың тарихы, тұрмыс-тірлігі, әдет-ғұрпы, сауда-саттығы, этнографиясы: ру, тайпа жүйесі, аңыз-хикаяттары туралы ақпарлар беріліп отырды [2, 115 б.].

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы әсерімен қазақтың оқыған азаматтары саясатқа, қазақтың ұлттық мүддесін қорғауға кірісті. Ұлт-азаттығы идеясын кең насихаттай бастады. Соның бірі көрінісі – орыс және қазақ тілінде «Қазақ газетінің» шығуы. Редакторы еврей Хаим Сосновский, бастырушы Қостанайдың қазағы Ешмұхамбет Иманбаев. Газеттің бірінші және соңғы нөмірі 1906 жылғы 2 ақпанда жарық көрген. Газеттің түпнұсқасы ұшты-күйлі жоғалып кеткенге ұқсайды. Газет патша үкіметіне қарсы шет аймақтардағы ұлттардың наразылығын күшейтетін болғандықтан бірінші номерінен кейін жабылып қалды.

Ал қазақ тіліндегі тұңғыш газет «Серкенің» өмірі тіпті қысқа болды. Белгілі библиограф Үшкөлтай Сұбханбердина «Серкенің» түпнұсқасын еш жерден таба алмағанын, бірақ Петербургтегі архивінен «Біздің мақсатымыз» атты мақаланың аудармасын оқып шыққанын жазады. Мақала авторы Арғын (Міржақып Дулатовтың бүркеншік аты) патша өкіметінің қазақ еліне көрсетіп отырған зорлық-зомбылығын қатты сынға алған. Сол үшін «Серке» газеті жөргегінде тұншықтырылған.

Басында Ордада, кейін Орал қаласында 1911 жылдың 16 наурызынан 1913 жылғы шілде айына дейін, жиыны 18 нөмірі шыққан «Қазақстан» газеті қазақ халқының мұң-мүддесін қорғау ісінде әжептәуір прогресшіл іс тындырды. Редакторы педагог, ақын және журналист, «Ызың» атты кітаптың (1912) авторы Елеусін Бұйрин әр газет нөмірінің басына «Газеттің асыл мақсаты – кәсіп ету, ғылым үйрену турасында» деген айдар беріп, жариялаған мақсатын дәйекті түрде жүзеге асырып отырған. Ұлт мүддесі

жолында табанды күрес жүргізуге бел байлаған тағы бір басылым – 1907 жылдың қаңтарынан 27 сәуіріне дейін татар тілінде шығып тұрған «Орал» газеті болған. Газетте қазақ халқы атынан Ресейге, ұлы орыс халқына «Ашық хат» жарияланды. Хатта отаршылардың қазақ халқын атамекенінен шөл-шөлейттерге ығыстырып, нулы, сулы жерлерін тартып алып жатқандарын сынай келіп, былайғы тағдырымыз үшін маңызды қорытынды жасайды [3, 224 б.].

1913 жылы қазақ оқырмандарына – «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ», «Ешім даласы» атты төрт басылымы ұлттық мәселелерде және мәдениет пен саясатта ой тастады.

Журналдан бой көрсеткен – жалғыз «Айқап» (1911-1915) Троицк. Қазақтың ұлттық баспасөзінің толыққанды алғашқы екі басылымы 1911 жылы жарияланды. 1911 жылдың 11 қаңтарда Троицк қаласында Мұхаметжан Сералиннің басшылығымен бірінші саны жарық көрген «Айқап» журналы және сол жылы 16 наурыздан бастап Бөкей Ордасында Шәңгерей Бөкеев пен Елеусіз Бурин бастаған «Қазақстан» газеті жарияланды. «Айқап» газеті 1915 жылдың тамызына дейін 83 саны жарық көрді. Оның таралымы 900-1200 данаға дейін жетті.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ баспасөзі, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті ұлт-азаттығы мәселелерін жазуда демократиялық-ағартушылық һәм миллетшілдік яки ұлтшылдық бағыт ұстанды. Осы жолмен ұлт-азаттығы қозғалысына саналылық сипат беруге тырысты. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті көп уақыт бойы бірге бір мезгілде қызмет етті. Ұлт тәуелсіздігі идеясы «Айқап» пен «Қазақтың» қай-қайсысының да бағыт-бағдарламасының, арман-тілегінің алтын арқауы болды. Қоғамдық-саяси және әдеби журнал «Айқап» пен халықтың сол кездегі «көзі, құлағы һәм тілі» (А. Байтұрсынов) «Қазақ» газетінің көзқарасы, бағыт-бағдары кейіндер, кеңес жылдары да талай айтыс-тартыс туғызды.

«Айқап» журналын ұйымдастырушы және редакторы демократ жазушы Мұхаметжан Сералин (1872-1929) баспасөзді Қазақ елін жаһан көшіне ілесудің құралы деп білген («...әрбір жұрт қатарынан кейін қалмас үшін»). Журналдың «Айқап» аталымының мәнісін былайша түсіндірді:

«Біздің қазақтың «Әй, қап демейтұғын қандай ісі бар?!.. «Қап дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге лайық «Айқап» болды» – дейді. Журналдың атының өзі оны қолына ұстаған кісіге ел тағдырын ойлатпай қоймайды.

Редактор сол кездегі Қазақ елінің мүскін халін бейнелі тілмен өрнектеген.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің былайғы жазғандарының бәрі өкінішке толы: әй, қап, Ресейге құлдыққа неге сұрандық екен дегізгендей. «Төртінші дума және қазақ» деген мақаласында Қыр баласы (Әлихан Бөкейхановтың лақап аты) Забайкал депутаты Волковтың қазақ жайынан айтқан сөзін келтіреді. Газет жүзінде айтылған тілек, жазылған сөз тиісті өкімет орындарының құлағына ғана емес, қалың қазақтың өзінің санасына жете қоймаған. Бірінші дүние жүзілік империалистік соғыс өрті лау еткеннен бері дала жұртшылығын уайымдатып мазасын алған қазақтан солдат алу, алмау мәселесі болатын.

«Қазақ» газеті, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов қазақты ұйымшылдыққа, ортақ іс жолында бір кісідей жұмылуға шақырды. «Қазақ» газетінің редакторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов басылымның халықпен байланысын үзбеуіне барын салды. Баспахана сатып алу мақсатында «Азамат» серіктігін ұйымдастырды. Отырықшылық мәселесі ме, оқу және мәдени-ағарту жұмыстары ма, қазақ әдебиеті мен тілін дамыту жолдары туралы ма, қай мәселеде де кейбір қайшылықтарын есептемегенде, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің ортақ нысанасы – ұлт мүддесі болған. Қазақтың артта қалушылығын жою, бодандық қапасынан шығу мұратын көздеген.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жарыққа шығуы және ел ішіне кеңтаралуының, зор беделге ие болуының өзі қазақ азаттығы жолындағы жан алып, жан берген айқасының айтарлықтай жемісі [4, 17 б.].

Бұл басылымдардың ішінде ең көп тиражбен баспадан шығарылған «Қазақ» газеті болды. «Қазақтың» басқа қала емес Орынборда шығуы, әрине кездейсоқтық емес-ті. Орынбор XX ғасырдың басында орта Еділ сағасы мен Орал өңірінде Қазаннан кейінгі мәндегі ірі саяси, сауда және мәдени орталыққа айналған ірі қала болатын. Алаш зиялыларының бірі – А. Байтұрсынұлы қазақ тіл ғылымының тарихында ойып тұрып орын алды. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбек жолында қазақ зиялыларымен жақсы қарым – қатынас жасады және «Қазақ» газетінің бас редакторы болды (1913-1918 жж.). Осы еңбектерінің нәтижесінде 1913 жылдан бастап «Қазақ» газеті жарияланды. «Қазақ» газетінің жарық көруіне қазақ зиялыларының ішінде Ә.Бөкейханов пен М. Дулатовтардың еңбегін ерекше атауға болады. Ресейдің отаршылдық саясаты

кезінде қазақ ұлтының оянуын насихаттайтын газет шығару батырлықтың көрінісі болып табылатын.

Қазақ газеті – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. № 1 номері 1913 жылы 2 ақпанда шыққан. 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серіктігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – қазақ ұлты деген ұғымды берді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды.

«Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – Ахмет Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М. Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, М. Шоқай, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қараш, Р. Мәрсеков, Ж. Тілеулин, Ғ. Мұсағалиев, М. Жұмабаев, Х. Болғанбаев, Х. Ғаббасов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров, А. Мәметов, С. Дөнентайұлы, Х. Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды. XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен шықты.

«Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Байтұрсынов осы дәстүр бойынша газеттің 1913 жылы шыққан бірінші нөміріндегі «Құрметті оқушылар!» – деп басталатын беташар мақаласында жаңа басылымның алдына қоятын мақсат-міндетін жүйелеп айтып береді. Газеттің халық өміріндегі орны, әлем, ел жаңалықтарын біліп отыру, көзі ашық, көкіргегі ояу біліктілердің жол көрсетіп, жөн сілтейтін көсемсөздерімен танысу, баспасөздің танымдық рөлі туралы айта келіп, бағдарламасының ең көкейкесті бабын былайша тұжырымдаған:

«...Газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады»

Ахмет Байтұрсынов цензура шартына қарайлап, газетінің қазақ ұлтының әлеуметтік-саяси һәм экономикалық мүдделерінің

жоқшысы болатынын жалпылама сөзбен айтса да, астарындағы ойды түсіну оншама қиынға соқпайды. 1913 жыл – ұлы дауыл қарсаңы.

Әлихан, Ахмет, Міржақып үшеуінің достықтарының басты тірегі – қазақты сүю болды. Ахмет халықты қараңғылықтан шығару жолының негізгі құралы газет екендігін түсінді. Оны «Қазақ» газетінің алғашқы санынан айқын көруге болады. Ол дамыған елдердің бұқаралық ақпаратқа баса көңіл аударатынын халқына жеткізгісі келді және халқын сауаттылыққа шақырды. «...газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды» - деп қарапайым мысалмен келтірген болатын. «Қазақ» газеті қазақ өміріндегі кез – келген мәселені көтеруге тырысқан. Ахмет Байтұрсынов көбінесе мәдени-ағарту саласында мақалалар жазып отырды. Алғашқы жылы оның таралымы 3 мың дана болса, кейінгі жылдары 8 мыңға жетті. Сонымен қатар газет таралымы қазақ жерімен шектелмей, Ресейдің т.б. шетелдердің ірі қалаларында (Мәскеу, Томск, Уфа, Петербург қалалары мен қоса Түркия мен Қытай қазақтарына) шығып тұрды. Газеттің жылдық бағасы 3 сом, жарты жылдығы 1 сом 75 тиынды құрады. Оның бір жолата ғылыми жұмыстармен айналысуына «қуғындалу» кесірін тигізді.

Қазақ басылымдарын қуғын-сүргіннен көз аштырмады. 1911 жылы 2 маусымда Семей қаласында Міржақып Дулатов ұсталады. 1910 жылы Уфада, 1911 жылы Орынбор қаласында жарияланған «Оян, қазақ!» кітабы авторының түрмеге қамалуына жұртшылық бей-жай қалмады. Сол жылғы «Айқап» журналының алтыншы санында бұл сұмдық оқиға жөнінде егжей-тегжейлі хабар басылды. Басылуы мұң, журнал редакторы Мұхаметжан Сералин жауапқа тартылды [5, 145 б.].

Ұлт тәуелсіздігі идеясы қашанда, қай елдің тарихында да оңайлықпен жүзеге аса қоймаған. Көздеген мақсатқа жетудің жолы қилы-қилы. Тәуелсіздік идеясы жалаң ұран тастаумен шектелмейді. Ол сан қырлы, сан салалы жұмыс нәтижесінде жүзеге аспақ. Қазір, шүкіршілік, Қазақ аспанында тәуелсіздігіміздің көк байрағы желбіреуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан. – 1993. – 168 б.

2 «Қазақ» газеті. 1913 жыл // Құраст. С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: Арыс. – 2009. – 480 б.

3 Құмғанбаев Ж. Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті// Қоғам және дәуір. – 2012. – № 1. – 97-103 бб.

4 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). – Алматы: Мектеп. – 1981. – 238 б.

5 Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы.- Алматы: Қазақстан. – 1983. – 240 б.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ – ҚАЗАҚ АҚЫНЫ

ЖАКУПОВ С., ЗЕЙНОЛЛАЕВ Е.
9 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Сәбит Дөнентаев қазіргі Павлодар облысында дүниеге келген. Жас кезінде ескіше хат танып, кейін Павлодардың медресесінде оқиды. Өзі мұғалім жалдап, орысша сауатын ашады. Сол кезде А. Құнанбаев пен Ғ. Тоқайдың өлеңдерімен танысады. 1913 жылы тұңғыш өлеңі («Қиялым») «Айқап» журналында басылады. 1915 жылы алғашқы өлеңдер жинағы «Уақ-түйек» деген атпен шығады. 1916 жылы патша жарлығына байланысты империалистік соғыс майданынан қашып, Екібастұз көмір кеніне барады. «Екібастұз» (1916) өлеңінде жұмысшы тұрмысының ауыр азабы суреттеледі. Майданға алынып, Рига маңында қара жұмыс істейді. 1917 жылғы ақпан буржуазиялық революциясынан кейін, Семейдегі мұғалімдік курсқа түседі. 1919-1920 жж. ауылдағы ағарту, сот жұмысына араласады. 1924-1933 жж. Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінде қызмет істеді. Өлеңдер мен мақалалары осы газетте басылады. 1929 жылы Қазақ пролетар жазушыларының ассоциациясына (ҚазАПП) мүшелікке өтеді.

Сәбит Дөнентаев – қазақ ақыны. Оның поэзиясы терең мазмұнды, ойлы болумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленеді.

Ең алдымен ақынның көптеген өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Оның поэзиясының тілі таза, қарапайым. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сәбит Дөнентаев өз дәуірінің шындығын ешкімге ұқсамай сатиралық жанрды дамытты. Октябрь революциясына дейінгі

шығармаларында еңбекшілердің құлдыққа, қорлықта өткен өмірін зор өкініш, аянышты күйзеліспен суреттейді. Ал совет дәуіріндегі өлеңдерінде көсеміміз Ленин бейнесін, революция жеңісін, кешегі жалшылардың бақытқа жетіп, қоғам өміріне араласуын жырлайды. Мақала, очерк, фельетондарында жаңа өмірдің келелі міндеттеріне тоқталып, оған қарсылық білдіретіндерді аяусыз әшкерлейді. Кітапқа сонымен бірге жазушының өмірімен, творчествосымен кеңірек танысуға көмектесетін бір топ естеліктер енгізілді.

Ақын қаламынан туған «Әйел теңдігін қалай түсіну керек» (1924), «Хат танымаған қатарға қосылмайды» (1924), «Баспасөз күшейсін» (1926), «Әуелі шаруа оңалу керек» (1924); «Қытайда әлеумет соғысы» (1924), «Саясат дүниесінде» (1924), т.б. мақалаларында әйел теңсіздігі, ауыл тіршілігі, халықаралық саясат туралы айтылады. «Көркемтай» деген әңгімесінде (1924) жетім баланың көрген қорлығы, аянышты өмірі суреттеледі. Жастардың білім алуының орнына құр сенделіп, жалаң сөз қуып жүргенін «Екеуі де дұрыс» атты оқшау сөзінде (1925) мінеп – шенейді. И. А. Крыловтың, Ғ. Тоқайдың, т.б. бірсыпыра өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Сәбит Дөнентаев өлеңдерінде оқу-білімнің жетістігі, әйел теңсіздігі, байлардың қарау мінезі, еңбекқорлық пен жалқаулықтың айырмасы бірде поэтикалық мәнер танытқан ақын. Оның «Көркем қызға», «Жәмилә қыз», «Әйелдер мейрамына», «Мен зынданда», «Ерікті Айша», «Әйелдердің он жылдық тойына» деп аталатын өлеңдерінде әлеуметтік мәселе бірде диалог, бірде монолог, бірде қыз мұңы түрінде беріледі. Сондай-ақ, «Шілде», «Жарық ағаш», «Бірінші май», «Жазғытұры жар басында», «Күздің сыры», «Май туады» деген өлеңдерінде табиғат көрінісін фон ретінде алып, адам өмірі жайында толғанады

Ақынның балаларға арнаған өлеңдерін екі бағытта қарастыруға болады. Оның бірі – тікелей балалар әдебиетіне жататын туындылар болса, екінші бір тобында бала көзқарасымен қарай отырып, үлкен әлеуметтік мәселе көтереді. Осы орайда «Балалық», «Балалықты сағыну», «Ұры мен баласы» сынды өлеңдерін атап өтуге болады

Татар классигі Ғабдолла Тоқайдан аударған. «Рамазан айында» деген сатиралық өлеңі мен «Калила мен Дамнадан» тәржіма жасаған «Бір көлдегі үш балық», «Бит пен бүрге» мысалдары еркін аударманың озық үлгісіне жатады. Сондай-ақ «Ібілістің шайтандарына айтатыны», «Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке», «Көк төбетке», «Сұңқар мен қарғалар», «Бозторғай», «У жеген қасқырға» тағы да

басқа туындылары мысал жанрына кеп құйылған қомақты үлес. Ақын мысал өлеңдерінде жан-жануарларды мысал етіп алады да, солардың іс-әрекеті арқылы қоғамдағы ашкөздік, аярлық, жағымпаздық, қаскөйлік, жалқаулық, парақорлық сияқты жағымсыз қасиеттерді өткір сынға алып, халықты еңбекке, бірлікке шақырады

Сәбит Дөнентаевтың публицистикалық мақалаларында негізінен ел тұрмысындағы өзгерістер, адам психологиясындағы жаңалық, әлеуметтік теңсіздік және өнер тақырыбы, кедейлердің қатарға қосылуы, уақыт, заман туралы толғаныс тағы басқа мәселелер сөз болды.

Сәбит Дөнентайұлының өмірі мен шығармашылығын қарастыру, зерттеудегі алғашқы ізденіс «Абай» журналында жарияланған М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың («Екеу») «Абайдан сонғы ақындар» мақаласынан (1918) бастау алады. Олар Абай дәстүріндегі ұлттық поэзияның тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық үрдісіне тән басты сипаттарды өкшеп, сол тұстағы қазақ ақындарын бірнеше жікте саралайды. Оның шығармашылығын халықтық (народник) ақындар катарында карастырып, поэзиясынын негізгі ерекшелігі мен шеберлік кырларына катысты: «Халыкшыл акындардың ішіндегі алдыңғы катардағы Сәбит. Сәбиттің өлені кыска, дәмді, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш. Сөзді ойына құл кылған, тілі тәтті, дәл келеді. Сәбит өлеңінде көнілге шақ еткізе түсіретін тапқыштық, салыстырғыш, сыншылдық, аса терең болмаса да төрт тағандап түсетін нығыздық бар. Мысалы: «Әр жан, әр түрде», «Той», «Азаттық күні», «Жана жылға» әм басқалары сыкылды. Өлендері сұлулығы, ұғымдылығы, тілге жеңілдігі, тәттілігімен кандай надан адамның болсын көңіліне қона кетеді. Сөзге еркін, бай екендігіне хаттап тізген өлеңі дәлел» деген пікір білдіреді. 1919 жылы «Трудовая Сибирь» (Омбы) журналында басылған «Киргизская литература» макаласында С.Садуақасов акын шығармашылығы туралы: «…Из числа четырех последних резко выделяется поэт-народник С. Донентаев. Стихи его чисто киргизского духа и в них чувствуется сильная национальная струя. По стройности рифмы и гармоничности слога, по своему глубокому содержанию и, наконец, по поразительной меткости стихи Донентаева находят себе равных только в произведениях отца народной поэзии Байтурсунова и нежного лирика Жумабаева» деп өлеңдерінің ұлттық силатын баса көрсетеді.

XX ғасырдың 20-30 жылдары әдеби мұраны игеруде және ақын-жазушылар шығармашылығын тануда маркстік-лениндік

әдіснама талабынан туындаған кате теориялар орын алды. Көркем шытғарма құндылығът суреткердің ұстанған саяси бағытышен, таптык танымының партиялык кағидаға каншалықты ұйлесуімен бағаланды, ұлт әдебиетін танудағы мұндай тұрпайы социологиялық талдау үрдісінен Сәбит шығармашылығы да тыс калмады. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, Ғ. Қараш, С. Торайғырұлы, М. Әуезұлы, Б. Күлейұлы сынды алашшыл калам қайраткерлері катарында С. Дөнентайұлы шығармашылығы да «ұлтшылдык» әдебиет өкілі тұрғысынан карастырылды.

Акын өлендері 1930 жылдан бастап мектеп оқулыктарына, хрестоматияларға енгізілді. С. Мұкановтың кіріспе макаласымен Қазакстанньщ 10 жылдығына арналған жинакта Сәбит өлеңдері де басылды (1930), М.Әуезов құрастырған, орта мектептің 6-сыныбына арналған әдебиет хрестоматиясьшда (1937) «Замандастар», «Драмашыға», «Біздің колхоз бәйге алды», «Ерікті Айша», «Бай мен комсомол» өлеңдері жарияланды, Сонымен қатар Е. Ысмайыловтын 9-сыныпқа арналған казак әдебиеті хрестоматиясында (1942), Т. Әбдірахманов пен Қ. Жармағанбетовтің жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап құрастырылған XX ғасыр басындағы казак әдебиеті хрестоматиясында (1959), XX ғасыр басындағы казак акындарының шығармалар жинағында (1963) С. Дөнентайұлының шығармалары берілді. Ақын өлендері орыс тіліне де аударылыл, 1958 жылы Мәскеуде жарық көрген «Антология казахской поэзии» атты жинакка енді. Осы жылы орыс тілінде таңдамалы жинағы жарық көрді. Сондай-ақ «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Ай, заман-ай, заман-ай.,» (1991), «Қазак поэзиясының антологиясы» (1993) жинактарында бірсьшыра өлеңдері қамтылған.

С. Дөнентайұлынын 1915 жылы Уфа қаласында «Уак-түйек» атты алғашкы өлен жинағы жарық көргені жоғарыда айтылды. Содан кейін, 1935 жылы акын жинағът «С. Дөнентаев өлендері» деген атпен Қазақ көркем әдебиет баспасынан шыкса, араға он бес жыл салып, 1950 жылы өлеңдер жинағы жарияланды.

1957 жылы ғалым Е. Ысмайыловтын «Сәбит Дөнентаев» атты көлемді зерттеу макаласымен ақынның толық шығармалар жинағы жарык көрді. Мұнда акын мұрасы жан-жакты камтылып, өлендері мен әңгіме, очерк, фельетон, макаладарына түсініктемелер берілді. Соңғы жылдары Сәбит Дөнентайұлының «Бозторғай» (1989), «Ұрпағыма айтарым» (1989) деген атаулармен жинактары жеке кітап болып шықты. Ақын мұрасын, шығармашылығын арнайы зерттеу мәселесін алғаш ғылыми негіздеген Е. Ысмайылов болды.

Әдебиетшінің «XX ғасырдын басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулығында (1941, 1943, 1946) күрделі кезең әдебиетінің даму үрдісі жүйелі карастырылды. Ғалым XX ғасыр басындағы казак әдебиетін «Сыншыл реализм» және «Демократияшыл әдебиет» деп жіктеу аркылы белгілі ақын-жазушылар шығармашылығын жан-жакты саралап, олардын әдеби мұрасын дұрыс бағалауда күнды пікір білдірді. Еңбекте С. Дөнентайұлы шығармашылығына жеке тарау арналыл, тольтк өмірбаяны жазылды. Поэзиясының басты сипаты, акындык даралығы,казакәдебиетінде алар орны айкындалды.

Көрнекті ғалым Б.Кенжебаев та Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығын зерттеуге өзіндік үлесін косты. «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) деген еңбегінде Сәбит мұрасын ағартушы-демократ акын-жазушылар катарында талдап, әдебиет тарихында аяар манызын негіздеді. С. Денентайұлы өлендерін жариялау ісіне акынның туған кызы Сәулет Сәбиткызы да хал-кадерінше үлес косты. Атап айтканда, «Ұрпағыма айтарым» (1989) атты акын жинағын құрастырып, баспаға әзірлеген болатын. Ақын есімін ұрпақ зердесінде калдыру максатында туған ауылы Құркөл орта мектебіне Сәбит Дөнентайұлы аты берілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1966. - 378 б.

2 Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы: Атамұра, 1996. - 312 б.

3 Мұқанов С., Бекхожин Қ. Қазақ әдебиеті тарихының очерктері. Алматы: Жазушы, 1958. - 393 б.

4 Еленов Ж. Сәбит Дөнентаев. Алматы: Рауан, 1985. - 610 б.

5 Молдашева Р. Сарыарқадан Семей таңына дейін. Алматы: Дәуір, 2005. - 185б.

6 Б.Жақып. Публицистикалық шығармашылық негіздері. Алматы: ҚазҰУ, 2007. - 324 б.

7 28 Қирабаев С. Сәбит Дөнентаев. Алматы: Рауан, 1991. - 574 б.

8 «Айқап» энциклопедиясы Ү.Сұбханбердина, Қ.Сақ, С.Дәуітов. Алматы,

9 Дөнентаев С. Шығармалар. Алматы: Рауан, 1990. - 426 б.

ЖАһАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МЕНТАЛИТЕТІ

ЖАНСАКБАЕВА А., ҚАНАТ І.
10 «А» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Біз осы мақаланы бастамай тұрып, алдымен мынадай мәселеге тоқталсақ: Жаһандану деген өзі не? Ол қандай құбылыс? Бұл құбылыс адамзат тарихында көрініс тапқан ба, әлде бұл тек қана XXI ғасырдың дүбірі ме? Бұл сөз ағылшын тілінен «global» – «дүниежүзілік» деп аударылады, орыс тілінде «глаболизация» деп айтылып жүр. Қазақ тілінде: ғаламдану, жаһандану, ғаламшарлану, әлемилену дегенді де естиміз. Ал енді ғаламдану – жаһандану, ғаламшарлану дегеніміздің ұғымдық-мағыналық жағын айтсақ, аты айтып тұрғандай, ғаламдану қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрылық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. «Жаһандану» бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді.

Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы, аталуы жаңаша болып көрінгенімен, оның түп тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады. Кезінде Шыңғыс хан, Атилла (Еділ), Македониялық Ескендір деген тарихи тұлғалар жер-дүниенің бәрін жаулап алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ тілді, құндылықтарды әлемге таратпақшы болған. Демек, жаһандану тарихта бұрын да көрініс тапқан.

Біздің пікірімізше, жаһандану біздің елде де басталып кетті. Осы тұста бір үлкен мәселе туады, ол – жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба? – деген сауал. Батыстың мәдениет ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз Батыстың нені алуымыз, нені алмауымыз керек. Жалпы мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын, екіншісі – ғылыми – техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алумызға болады. Тіпті XXI ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Ал егер «қазақ менталитеті» ұғымына тоқтала кетсек, қазақ халқының ұлттық мінезі ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, табиғатына, тарихи жағдайларына байланысты дамып, қалыптасқан. Айталық, қазақтың ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі халқымыздың бойындағы, батырлық, ерлік дәстүрді тудырды. Содан, отанын сүю, елін қорғау ер азаматтардың міндетіне кірді де. Ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесі осылай жасалынған. Осы бір қадір-қасиеттер жас ұрпақтың бойына сіңіп, ұлттық идеологияның қалыптасуына негіз болды. Жалпы, ұлттық мінез дегеніміз не, ол қалай, қандай себептерменен қалыптасады? Менталитет – адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән, нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлықтардың және іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. Менталитет мәдени бірегейленуімен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Біздің еліміздің қайраткерлері осыған өз пікірлерін қалдырған болатын:

Хәкім Абай 39-қара сөзінде ата-бабаларымыздың «…бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен…Олардың бірі – көсемге бағынып, дүйім елдің көсегесін көгерту. Ал, екіншісі – намысқойлық» десе, Аймауытов пен Әуезов «…жақсының сиреген кезінде күші кетіп, мынадай соққы жолықты қазаққа. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалағай, суықбауыр, жаттық қолына тиді», – дейді. Ендеше, біз қозғағалы отырған мәселе, ұлы Абайдан бастап бүгінгі күнге дейін күн тәртібінен бір түспеген екен.

Қабдеш Жұмаділов: – Менталитет деген бұл қазақтың мінез-құлқы, ұлттық сипаты деген ұғымға саяды. Меніңше, заман өзгерген сайын, ұлт та, ұлттың мінез-құлқы, менталитеті де өзгереді. Мысалға, 1916 жылы империяға қарадық. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында қазақтардан адам аламыз дегенде, қазақтар адам бермейміз деп асаулық танытты. Талай көтерілістер болып, біразы кетті. Бірақ, әскер бермейміз деген ұрық қалды. Арада 25 жыл өтті. Ұлы Отан соғысына бармаймыз деп айтуға қазақтың шамасы келмеді. Себебі, қазақтың рухы өзгерді. Бұнда жиырма бес жылдық коммунистік тәрбие де бар. 1932 жылғы аштық, 1937-38 жылдардағы репрессия, міне, осының бәрі қазаққа әсерін тигізді. Бұлар қазақтың омыртқасын үзіп жіберген нәрселер. Міне, менталитет те осылай өзгереді. Арада ғасыр емес, 25 жыл өткенде, халықтың мінезі, тағдыры осылай өзгеріп, жуасып, жасиды екен.

Жарас Сейітнұр: – Осы тақырып төңірегінде, ұлтымыз дың ерекшелігі жайлы сөз қозғаған дұрыс. Әр ұлтқа тән мінез бар ма, оның мазмұны қандай боларын анықтап алғанымыз жөн. Қазақты біз еліктеуші деп те жатырмыз. Сонда, ұлтымызда тұрақты нәрсе не екенін анықтайық. Айталық, шетелге шықсақ, бізді қазақ деп емес, «азиат» деп мойындайды. Өйткені, біз өзімізді таныта алмай жатырмыз. Сократтың «Өзіңді танытпай жатып, өзгені танимын дегені күлкімді тудырады» деген сөзі бар.

Қазақстан ұлттық құрамы жағынан тек қана полиэтникалы ғана емес, сонымен бірге, менталитеті жағынан да әр сапалы. Онда жалпылама тұрғыдан айтқанда параллельдік бағытта дамып отырған шығыстық және батыстық менталитет қалыптасқан. Осындай параллельдік сипаттағы менталитетке қарамастан, ұлтаралық татулық, өзара сыйластық, комплиментарлық негізде өзара диалог орныққан. Қазақстанның басқа мемлекеттермен салыстырғандағы басты ерекшелігі де осында. Ал оның тарихи негізі тереңде, ол ғасырлар бойы бірге өмір сүрудің, тағдырдың ащысы мен тұщысын бірге көрудің нәтижесі. Соның арқасында «қазақстандық менталитет» қалыптасуда. Десекте, оған ерекшелік тән болғанмен, жалпылық тән емес.

Қазақстандық менталитеттің құрылымдық сипатының ішкі өлшемі, қозғаушы күші, жүзеге асуы да қазақ халқының құндылықтарына тікелей байланысты. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деуі де сондықтан. Демек ұлттық ерекшелікті елемей, ескермей, «азаматтық ұлт» туралы тұжырым жасау сыңаржақтылық. Өкініштісі, кейбір ғалымдар мен саясаткерлер «азаматтық ұлтты» қазақ халқынсыз, оның тілінсіз және менталитетінсіз көз алдына елестеткісі келеді. Елестету былай тұрсын, тіпті армандайтындар да көбеюде. Тіпті ұлт туралы айтпаңдар, ол кешегі заманның феномені, бүгін ел туралы айту қажет дегенді алға тартады. Бұл бос әурешілік, ұлтсызданудың талайын басынан кешірген, «мың өліп, мың тірілген» қазақ, енді оған жол бермейтініне сенімдіміз. Өйткені заман өзгерді, ұлттық сана өсті, қазақ оңы мен солын, жақсысы мен жаманын ажыратар деңгейге жетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар өз мүддесін қорғауға да шамасы келді. Бұны ескермеу, қазақ халқымен санаспау ақиқатқа жасаған қиянат болар еді.

Жаһандану барысында ұлт менталитеті мен тіл арасындағы байланыс та алдыңғы қатарлы мәселенің біріне айналуда. «Үш тағандық тіл» туралы соңғы кезде жиі айтылып жүр. Қоғамдық пікір әр түрлі болғанмен, полилингвистикалық идея нақты тұрғыдан жүзеге асуда. Жоғары оқу орындарында қазақ, орыс, ағылшын

тілдерінде студенттерді оқыту бүгінде әдетке айналған. Біздіңше, бұл жердегі басты мәселе, тіл ұлттық ойлаудың өзара байланысы жайында болмақшы. Тілсіз ұлттық ойлаудың болмайтыны белгілі. Тіл арқылы ұлт өзінің менталдық болмысын, өмір тіршілігін, дүниетанымын бейнелейді. Ұлттық тіл неғұрлым бай болса, дүниені бейнелеу соғұрлым нәрлі, әсерлі болып келеді. Жаһандану барысында қазақ тілі қорының байлығына, оның дүниені бейнелеу қызметіне шүбә келтіріушілер жеткілікті. Олар тілдік саясатты сынаған болып, қазақ тілі аграрлық қоғамның тілі, индустриалдық қоғамның дамуын бейнелей алмайды деген пікірлерді алға тартуда.

Мұндай көзқарастың ең басты кемшілігі, тілдік саясат пен қазақ тілінің теориясын шатастыруы. Ал шындығына келгенде, қазақ тілінің байлық қоры қоғамдық өзгерістерді бейнелеуге әбден жеткілікті екендігіне ешкімнің күмәні болмаса керек.

Жаһандану заманында қазақ халқы менталитетінің этномәдени архетиптерін саралаудың да маңызы өте зор. Этномәдени архетиптер қатарына кеңпейілділікті, жомарттықты, ашықтықты, бөтенді жатсынбауды, төзімділікті жатқызуға болады. Бұл аталған архетиптер – бүгінгі қазақ дүниетанымының, рухани болмысының, іс-қимылының басы, негіздері. Нарықтық қатынастар мен демократиялық құндылықтарды игерудегі икемділік таныту астарының көзі де осы аталған архетиптермен байланысты. Дегенмен де тек пайда мен табысты мұрат тұтқан қоғамда шектен тыс жомарттық пен кеңдік танытудың да шегі, өлшемі болуы керек. Мұндай құбылыстар, әсіресе ұлттық мүдделерімізді әлем алпауыттарының алдында қорғауға келгенде сезіліп қалынып жүрді. Ұлттық мүддені қорғау барысында шамадан тыс жомарттық танытудың өзі ұлт менталитетінің нарық заманына бейімделмегенін, экономикалық, саяси тәжірибенің аздығын көрсетті.

Егер қазақ халқының жүріп өткен тарихи жолына үңілетін болсақ, оның менталитетінің даму ерекшелігі негізінен мал шаруашылығымен байланысты болғанын білеміз. Көшпенді қазақ ұғымында еңбекке деген қатынас еңбектің мазмұны мен сипаты арқылы анықталмай, көбіне оның нәтижесінде көрінді. Сол себепті ұлт менталитеті мен дүниетанымында «Еңбегіне қарай өнбегі», «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар» деген түсініктер қалыптасты. Бұл ұстанымның маңыздылығы сол, ол ұлт менталитетінде еңбектің орны мен ролін анықтауға өз септігін тигізді.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды, еңбек мәдениетін сақтауды, жаңа технологиялық

қатынастарды енгізуді талап етуде. Нарықтық экономика іскер, өзіндік шешім қабылдай алатын, табыс пен пайда көзін білетін, еңбекті дұрыс ұйымдастыра алатын мамандарға деген сұранысты күшейтті. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтардың нарыққа тез бейімделуінің үш себебі бар екенін атап өтейік. Біріншісі, оның білімділігі, екіншісі, демографиялық тұрғыдан қазақ халқының жастығы, үшіншіден, жаңалыққа, жаңаға құштарлығы мен төзімділігін ерекше атап өткен жөн.

Сонымен, «жаһандану барысында қазақ халқы менталитетіндегі басты топтастырғыш құндылықтарымыз қандай?» деген сұрақ туындайды. Біздіңше, олар мыналар:

Қазақтың дәстүрлі менталитетінде демократия тек биліктің бір түрі ғана емес, сонымен бірге сыйласудың да көрінісі. Сыйласу – өзара түсінік, мәмілелік, ашықтық, сөз бостандығы, ар, ұлттық намыс бүгінгі жаһандану заманында қалыптасып жатқан демократияның институциялық құрлымдарының негізінде жатуы керек. Демократия саяси топтардың билік жолындағы «саяси ойыны» емес, керісінше, олардың халық алдындағы саяси, моральдық, рухани жауапкершілігі. Ол үшін «саяси жүйенің бірігуі», «қоғамның бірігуі» негізінде «менталдық бірігу» идеясы жатуы керек. Менталдық бірігу негізінен тысқары жүргізілген «бірігулер» қашанда күштеу, қинау, жасанды, жалған екенін есте ұстағанымыз абзал;

Қазақтың жақсы бір қасиеті – өзгені тыңдай білетіні. Өзгені тыңдау мен өзіңді танудың айырмашылығы бар. Өзгені тыңдау негізінде үйрену бар. Қазақ менталитетінің бір ерекшелігі, өзін таныққаннан өзгені тыңдағанды жақсы көріп тұратыны. Өзгені үнемі тыңдап, бөтеннің ақылымен өмір сүру жақсы қасиет емес. Өзіңді тану арқылы өзгені тыңдау – даналық, өзгені тыңдау арқылы өзіңді тану – кемістік. Бүгінде бізге жетпей жатқаны өзіңді тану. Өзін таныған халық қана басқамен терезесін тең ұстайды, жалтақтамайды, біреудің айтқанымен жүре бермейді. Кезінде қазақтың еліктегіштік психологиясын жақсы білген Абай: «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, ондай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз зорлығына көнбес едік деген ниетпен үйрену керек» деп еді. Орыс тілін білгендерге шынында

да дүние арзанға түсті. Билік пен байлыққа жетуде жолдары болды, айы оңдарынан туды. Бірақ біртұтас халық (орыс және қазақ тілді) болып екіге бөлінді. Тілдік негізде ыдырау басталды, қазақ бірін-бірі түсінуден қалды. Осы жағдайда қазақ халқы үшін тілдік бірлік ауадай қажет. Оның үстіне діндік құндылықтар негізінде ыдырауды да естен шығармаңыз. Қысқаша айтқанда, тілің мен дініне, діліне берік болу қандай да болмасын рухани бірліктің басты кепілі болып қалмақшы. Сонда ғана басқаға үлгі-өнеге көрсете аламыз;

Мәмілелік менталитетті қалыптастыру қоғамдағы азаматтық, ұлтаралық, саяси келісімдерді тереңдету кепілі. Мысалға, Қытай, Өзбек, Ресей мемлекеттерімен шекара мәселесін мәмілелік тұрғысынан шешуі сырт көзге сыртқы саяси дипломатияның жеңісі тәрізді. Ал, түптеп келгенде, бұндай күрделі мәселені даусыз, жанжалсыз, сабырлылық тұрғысынан шешу қазақ халқы менталитетінің мәмілелік сипатының шынайы көрінісі екені сөзсіз. Қазақ менталитетіндегі мәмілелік ұстанымын қоғамдық, саяси мәселелерді шешудегі басты қағида ретінде ұстануға болатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сондықтан жаһандану барысында қазақ халқы менталитетінің басты көріністер болып табылатын гуманистік құндылықтар негізінде қазақстандықтарды топтастыра отырып, сыртқы мәдени, рухани ықпалдарға қарсы оның ішкі «иммунитетін» күшейту, бәсекелестік жағдайында өмір сүруге үйрету дамудың басты көзі болып табылады. Біреудің аруағына табынып-тамсанбай тектілік танытатын уақыт келді. «Тегіңе тартсаң – тозбайсың» деп, дана халық бекер айтпаса керек. Тектілік иегершілікке, мұрагершілдікке итермелейді. Ұлт менталитетінің тұтастығы да, бүгінгі ұрпаққа үлгі болар ұстаным да осында болса керек. Қазақстантану қазақ менталитетін зерттеуден, танудан басталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құнанбаев А. «Қалың елім, қазағым» шығармалары
2 Амрекулов Н. «Тюркское возрождение»
3 Лотман Ю.М. «О семиотическом механизме культуры»
4 www.kk.wikipedia.org ғаламтор парақшасы

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫ

ЖАРКУМБАЕВА А. Е., ДЮСЕМБАЕВ Д. А.
9 «А» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ даласында алғаш рет білім қоңырауын соққан ағартушы Ыбырай Алтынсариннің биыл туғанына 175 жыл.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841-1889) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Он жасар немересі хат жолдаушы сол атасы еді. Балғожа би Ыбырайды өзінің орнына ел билеу ісіне даярлау мақсатында 1850 жылы Орынборда жаңадан ашылған жетіжылдық орыс-қазақ мектебіне оқуға берді.

1876 жылы Ы. Алтынсарин Петербург, Қазан қалаларына барады,онда орыс ағартушыларының еңбектерін зерттейді.

1879 жылы Ы. Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде Торғай, Ырғыз, Тройцк, Ақтөбе қалаларында жаңа мектептер ашты.

1883 жылы Торғай қаласында қолөнер мектебі ашылды.

1887 жылы Ырғызда қыздар мектебі ұйымдастырылады.

1881 жылы Омбы қаласында түңғыш мұғалімдер мектебі ашылады.

1883 жылы Мұсылман мектептерде араб тілінде жазылған «Құран», «Әпитек», «Мұсылмандық тұтқасы «Мұқтасар».

Әлгі мектеп ақыры 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады. Ыбырай мектепте сабақты ынта қойып оқиды, 1857 жылы оқуын «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығып, 1859 жылдың тамызына дейін өзінің туған елінде тілмаштық қызмет атқарады. Қалада оқып, қазақ даласына беймәлім жаңалықтардан хабардар болып, ой-өрісі кеңейген зерделі бозбаланың екі жылдай елде болуы – қазақ қоғамының жағдайын тереңірек түсініп, жаңаша сезінуіне, өзіндік ойға келуіне мүмкіндік береді.

Мектепті бітіруге тиіс 20 бала болса, олардың 8-і келесі жылға қалдырылады. Орынборға Ыбыраймен бірге Жанбайұлы Жұмағұл, Байдосұлы Момын, Амангелді Жақып, Айтоқаұлы Едіге, Байжанұлы Жолмұқанбет, Мұңсызбайұлы Нұрым, Ақсартұлы Сегізбай, Қаржасұлы Құлжан, Көшербайұлы Шамұрат барды.

Ыбырай 1857 жылы осы мектепті үздік бағамен бітірді. 1857-1859 жылдары ол өзінің атасы Балғожаның қарамағында іс жүргізуші болып қызмет атқарады.

1857 жылы 14 қазанда 8 қазақ дистанциясының екінші жартысының бастығына хатқағаз жүгізуші қызметіне жіберіледі. 1862 жылы 12 сәуірде 8 қазақ дистанциясының бірінші жартысының бастығы болып тағайындалады. 1864 жылдың 2 шілдесінде Орынбор-Самарск губернаторының тілмашы, 1864 жылдың 20 шілбесінде Орынбор жеке корпусының № 201 – бұйрығымен үздік қызмет үшін зауряд-хорунжий шені беріледі.

1859 жылы бұрынғы Шекара комиссиясы Орынбор облыстық басқармасы делініп өзгертіледі. Осы басқарма жанындағы мектеп оқушыларының саны қырыққа, 1863 жылы елуге жеткізіледі. Мектеп 1868 жылы 2 желтоқсанда жабылады. 19 жылда 48 бала бітіріп шығыпты.

1888 жылдан 1901 жылға дейін Омыдан шығып тұрған «Дала уалаятының газеті» қазақтардың ұлттық саясатын оятатын дерек көздері басылуы себепті, бұл құбылыстан сескенген профессор Ильминскийдің ұсынысы бойынша жабылып қалған еді», сол сияқты бұл мектептің жабылу себебін де түсінуге болады.

Төрта бала Орынбор Шекара комиссиясында қызметке қалдырылады да, көбісі дистанция бастықтарына хат-қағаз жүргізуші болып тағайндалады. 1857 жылы үздің оқыған – Ыбырай Алтынсарин, Нұрым Мұңсызбаев пен Шахмұрат Құлабеков жағада сахарада ашылған мектептерге сабақ беруге жіберілде

Ыбырай Алтынсарин В. В. Григорьевтің үйінде Қазан университетінің профессоры Н. И. Ильминскиймен танысып, онымен қадірлес достық қатынаста болды.

1860 жылы Орынбор өлкесінің басқару комиссияның ұйғаруымен Батыс Қазақстан өлкесінен қазақ балалары үшін төрт бастауыш мектеп ашылды. Ыбырай Торғай қаласында ашылған бастауыш мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді.

Ыбырай балаларға жаттамалы діни оқудың орнына жаңаша әдіспен түсіндіріп оқытып, оларға тез хат танытатын жол табады. Соның нәтижесінде Ыбырай оқытқан балалар небәрі 3-4 айда қара танып, кітапты еркін оқитын халге жеткізеді.

Ыбырай Алтынсарин тұңғыш ағартушы-педагог болуымен бірге, балаларға арнап көлемі шағын, мазмұны мәнді ондаған өлеңдері мен әңгімелерін қалдырған жазушы. Ол өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығын «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңімен ашып, онда жастарды оқуға, білім алуға шақырады.

Кел, балалар, оқылық!
Бір құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық..
Істің болар қайыры
Бастасаңыз аллалап,
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.

Ыбырайдың бір топ өлеңдері табиғат бейнесін суреттеуге, жастарды ізгілікке, адамды, ата-ананы сүюге баулуға арналған. Оның табиғат бейнесін суреттейтін «Өзен», «Жаз» деген өлеңдері бар. Табиғаттың бейнесін жеке тақырып етіп өлеңдері бар.

Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел, афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тәлімдің мәніне ерекше көңіл бөлу – Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері бар.

Ыбырау шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келді. Сондықтан да Ыбырай Алытынсаринді әңгіме жанрының негізін салушы, балалар әдебиетінің атасы дейміз.

Торғай облысының ауылдары мен қалаларында мектеп ашуға Ыбырай Алтынсарин қаржы жағынан 4 адамның бірі болып Құлыбековтің 100 сом ақша бергені айтылады.

1887 жылы 15 қыркүйекте Қазақстанда тұңғыш рет Ақтөбе облысының Ырғыз ауланының орталығында бір кластық әйелдер училищесі ашылып, оған алғаш 17 қыз қабылданыпты. 1888 жылы училище жанына қазақ қыздары үшін 18 орындық интернат ашылған.

Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкенжетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Дінімізде оқу, білу, білгеніңді өзгеге үйрету құрметті іс саналады. Имам Мүслімнің сахих хадистер жинағында Әбу һурайра (р.а.) риуаят еткен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына бір хадисінде: «Адам баласы дүние салған соң оның амалы тоқтайды. Тек мына үш амалдың сауабы иесіне үздіксіз жетіп тұрады. Олар: жария

садақа, пайдалы ғылым, артынан дұға қылатын салиқалы перзент», – делінген.

Ыбырай Алтынсарин екінші жолды таңдады. Шәкірт тәрбиелеп жетілдіруге, оған ғылым-білім үйретуге, қараңғы халқының көзін ашуға бар жан-тәнімен кірісті. Білгенін балаларға үйретуді өзінің борышы деп ұғып: «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін», – деп жазды. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтарға арналған бастауыш мектептер ашылады дегенде, 19 жасар Ыбырай солай қарай баруға сұранып, ақыры Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алады. Торғайда мектеп ашу оңай болмады. Ел-жерді, ауыл-ауылды аралап, қаржы жинаған Ыбырай1864 жылы 8 қаңтарда мектебін ашып, көптен күткен мақсатына жетеді. Осы кезде рухани ұстазына шығыстанушы, профессор Н. И. Ильминскийге жазған хатында Ыбырай: «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім», – деп жазады. Міне, ақын осыдан кейінгі 25 жылдық өмірін қазақ балаларына арнап мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оқу құралдары мен әдістемелік кітаптар жазуға арнады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ әдебиеті» кітабы 9 сынып 2013 жыл

2 «Қазақ тарихы журналы» 2016 жыл

3 Ахмедов F. «Алаш «Алаш» болғанда» - «Жалын» 1996 жыл

4 Н.И.Ильминский. Ыбырай Алтынсарин жайындағы естеліктерінен. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. 1991жыл

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖАРМУХАНОВА К. А.
6 сынып оқушысы, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.
КАЙДАРОВА С. Е.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.

Ертегілерге деген қызығушылықтан оны зерттеу туралы ниет туындады. Ертегісі жоқ ел жоқ әлемде. Бірақ әр елдің, әр халықтың ертегілері сол халықтың сарқылмас рухани қазынасы. Әр ертегі арқылы біз өткен ата-бабаларымыздың ой-қиялдарын, тұрмыс-салтын, тіл байлығын білеміз. Әр ертегі тұнып тұрған тәрбие құралы. Мысалы, балаларға арналған ертегілер баланы адалдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, достыққа, қайраттылыққа тәрбиелейді. Бірақ, өкінішке орай қазіргі кезде өз бетімен ертегі оқып, оған деген қызығушылығын көрсетіп, кітапханаларға барып ертегі кітап алып жүретін оқушыларымыз кем де кем. Өз басым, ертегі оқуды ұнатамын. Тіпті бесінші сынып бағдарламасында ертегі тақырыбына келгенде, алдын ала ертегілерді оқып, сабақ кезінде айтып отырдым. Бұрынғы кезде техниканың дамымаған кезінде әжелеріміз бен аналарымыз балалары мен немерелерін ертегі айтып отырып тәрбиелейтін. Қазір оның орнын компьютер мен басқа да дамыған техникалар басты.

Қазіргі таңда радио, телевидение арқылы шетелдік ертегілер желісімен түсірілген көркем фильмдер, мультфильмдер жиі көрсетіледі. Ондағы кейіпкерлер есімі, жер-су аттары таныс емес және онда біздің менталитетімізге жат оқиғалар баяндалады. Ал, қазақ ертегілерін көру немесе тыңдау олардан көрі әлдеқайда тиімді. Мен өзімнің зерттеу жұмысымды қазақ ертегілерін зерттеп, оқып, оларды қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда қалай дамыту керектігін және насихаттау жолдары туралы өз жаңалығым мен ұсыныстарымды көрсеттім. Бұл жаңалықтарым әрі пайдалы, әрі тиімді. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу-сызу болмаған кездің өзінде-ақ туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіп келді. Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілер де адам баласының еңбекке, тұрмыс тіршілік жағдайларына байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неден болатынын толық түсінбеген ертегідегі адамдар әр нәрсені қиял еткен, өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Бұл жөнінде өз жай - күйлерін әңгімелеп айтатын болған. Бертін келе адам баласының ой-өрісінің ұлғайып өсуі ертегілердің туындауына көп әсер еткен. Ертегілердің алғашқы үлгілері әр түрлі өзгерістерге түскен, мұнымен қатар жаңа ертегілер туа бастайды және онда халықтың тұрмыс-салты, іс-әрекеті басты орын алады. Бұлардың бәрін халық ертегілері арқылы көркемдеп, әр түрлі образдар арқылы бейнелейді. Ертегі балалардың ой-өрісін, дүние танымын кеңейтеді.Оларды адамгершілікке, еңбекке, тапқырлыққа, сүйіспеншілікке, сезімге баулу ісінде шешуші орын алады. Нелер жауыздық, зұлымдық

жасаушылар, тоғышарлар, ел арасындағы алаяқ кулар т.б. халық ертегілерінде жиіркенішті кейіпкерлер роль атқарады. Оларға халық арасынан шыққан қарапайым адамның ақылы мен қайратын, көпшілік үшін жасаған адал еңбегін қарама-қарсы қояды да, үлгі етеді.

Ертегілердің ерекшелігі. Адамзат баласы табиғаттың сыр-сипатын, жұмбағын, қоғам өміріндегі түрлі болмыстың мәні мен мақсатын, шындығы мен қайшылығын ой-сана қуатымен, ғылыми-диалектикалық әдіспен зерттеп білсе, енді бірде көркем сөз өнері, соның ішінде өмір құбылыстарын образдық ой арқылы жеткізетін халықтың ұжымдық творчествосы – фольклор шығармаларынан танып біледі.

Ертегілердің өзіндік құрлысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе әділдік, үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталады. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекеттер өткір сықақ-мысалмен бірігіп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді.

Мысалы: Тазша бала туралы ертегілердегі әке – шешесі жоқ басы таз Тазша атанған баланың тапқырлықтары ханның ақылынан да асып кетеді. «Қырық өтірік» ертегісіндегі шындыққа келмейтін қиял ғажайып оқиғаларды қызықты етіп баяндау арқылы тазша бала ханның байлығына ие болып, қызын алады. Ертегіні тыңдаған балалар жағымсыз кейіпкердің жексұрын әркетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегіні қызықты етіп жеткізу айтушының шеберлігіне байланысты.

Ертегілер мазмұны ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Солардың ішіндегі бастылары:

Сурет 2

Оқушыларды тәрбиелеуде ертегілердің түрлерін қарастырсақ, атақты әдебиетші

М. Әуезов ертегіні үш түрге бөліп қарастырған. Олар: қиял – ғажайып, тұрмыс – салт, шыншыл ертегілері болып табылады. Алайда қазіргі зерттеулер нәтижесіне қарағанда ертегіні төрт түрге бөледі. С. Қасқабасов ертегідегі қияли идеялық қызмет атқарады, бірақ сюжеттен гөрі композицияның рөлі күшті болады деп есептейді. Ол ертегіні: хайуанаттар жайындағы, қиял – ғажайып, батырлық, новеллалық және сатиралық деп бөледі.

Балалардың ой-өрісін кеңітіп, дүниені молырақ танытатын ертегілер бала ұғымын, түсінігін, дүниетанымын кеңейтеді. Тілін ұстартып, ұштай түседі, ойлау мен қиялын дамытады. Мысалы: «Қаңбақ шал» ертегісіндегі қауқарсыз шалдың ақылмен жеңуі, дәулердің күші көп, ақылы аздығы тыңдаушыны қызықтырып, тіпті ертегіні баяндаушыға қосылып айтып кеткісі келетіндей әсерге бөлейді.

Сурет 3

Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерлік ертегілері қаншама?! Ол ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой өрісі, қиялы

дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалы: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалды, «Жаман дос жолдасын жолда қалдырар» деген мақалдарды «Екі дос», «Кедей мен бай» атты ертегі желісінен оқуға болады.

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты қызықты ертегі арқылы еңбек адамның кез келген қиыншылықты жеңуге үйретететінін және өмірлік тәжірибесі арқылы жеңіске жететінін көреміз және «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалды дәлелдей түседі.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісі өте тартымды, қызықты. Бұл ертегіде мақта қыздың досы мысық мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген адамдарға жолығып, көп қиыншылық көріп барып, қатықты төлей алады. Бұл жерде адамды әрбір іс қимылына жауап беруге, үйренуге қателік тәрбиелейді.

«Бес ешкі» ертегісі хайуанаттар жайлы ертегіге жатады. Өте қызық, тартымды. Мұнда кедейдің бес ешкісі қарлы боранда далада қалады да, қасқырға жолығады. Сол кезде бәрі бірігіп, береке – бірлік танытып, қасқырдан аман қалады. Бұл ертегі балаларды бір-біріне көмектесуге, береке бірлікке, бауырмалдыққа үйретеді.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі аңғалдықтың кесірін, шапшандықтың пайдасын айтады.Онда аңқау түйе жыл басынан құр қалады, шапшан тышқан жыл басы атанады.

Шық бермес Шығайбай» ертегісі сараң, қайырымсыз байларды қарапайым кедей Алдардың ақылмен алдап кетуін баяндайды.

«Жақсымен жолдас болсаң-жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң-қаларсың ұятқа», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» деген мақалды осы ертегі желісінен оқуға болады.

«Зеректік» ертегісіндегі үш жолаушының жол бойында кездескен нәрселерге зер салғандарын баяндайды. Яғни, балаларды қағілездікке, зеректікке тәрбиелейді.

Қазіргі кезде теледидардан көптеген шетел мультфильмдері жиі көрсетіледі. Мысалы, Қазақстан телеарнасында сенбі, жексенбі күндері «Дара» ағылшын ертегісі, «Кайлан» қытай ертегісі, «Спорт Кус», «Диего» ағылшын ертегісі, ал сенбі күні «Барби күнделігі» деген шетел мультфильмдер болады. Ал, Еуразия телеарнасында жексенбі күні «Робот» деген шетел мультфильмі болады. Осы шетел мультфильмдерінің орнына қазақ ертегілерінің желісі бойынша мультфильмдер көрсетілсе. Тек қана «Қазақстан» телеарнасында ғана Алдар Көсе ертегісі желісі бойынша мультфильм көрсетіледі.

Ертегілерді оқушылардың тілін дамытуда пайдалану тәжірибесі және оның нәтижесі. Ертегі – бұл бейнелеп айтқанда, балалық ой мен сөздің отын маздататын самал жел. Оқушылардың қиялын дамытатын жұмыстың бір түрі – ойдан ертегі құрастыру. Балалар ертегіні тек тыңдауды ғана жақсы көрмейді, олар өздері де ойлап шығарады. Ертегі шығару – мұғалім үшін балалармен рухани қарым-қатынас жасау болса, ал біздер үшін теңдесі жоқ ойлану шаттығы болады. Оқушылар ертегіге құмартады. Белгісіз, түсініксіз нәрсе, әсіресе ғажайып, фантастикалық нәрсенің бәрі оқушыны қызықтырып, өзіне тартады. Сондықтан, балаларды өздерінің байқағандарынан ертегілер ойлап шығаруға үйрету керек. Мен, өз басым, ойдан ертегі шығаруды ұнатамын. Өзімнің құрастырып

жазған ертегілерім де баршылық. Оқулықтағы берілген ертегілермен танысқаннан кейін, осыған ұқсас ертек құрастырып немесе ренішпен, өкінішпен аяқталатын ертегіні қуанышпен аяқталатындай етіп өзгерту баланы шығармашылыққа үйретумен қатар армандауға, қиялдауға жетелейді. Өйткені, өз ертегісін көрген бала қуанышты басынан кешеді. Айтылған ертегілердің суретін салу оқушылардың көз алдына ертегінің кейіпкерлерін елестетуге, ойында ұзақ сақтауға көмектеседі.

Ертегі балаларды қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын жеткізуте және қайратгы істер жасауға жұмылдырады. Сондықтан балаларды ертегі оқуға қызықтыру, жақсы қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» сабағы өткізілді. Сондай-ақ «Ертегіні кім көп біледі?» сайыс сабағы болып өтті. Сайыс бірнеше бөлімнен тұрды, бірінші бөлім «Кім тапқыр?» деп аталды. Ертегіден үзінді бойынша сахналық қойылым көрсетіліп, көрген ертегінің аты, кай халық ертегісі екені айтылды. Екінші бөлім «Кім шапшаң?» деп аталды. Ертегіден үзінді үнтаспадан оқылды. Шарты – ертегінің атын табу және жалғастырып айту. Үшінші бөлімі «Кім ойшыл?» деп аталды. Кез-келген ертегіден үзінді оқылады. Сол ертегі кейіпкерлерін ретімен айту керек.

Сонымен, қазіргі заманғы мектептің мақсаты - оқушының тек қана «ең таяу даму аймағына» қол жеткізуін камтамасыз ету және оның ой-өрісін дамыту ғана емес, сонымен қатар баланың жеке адам ретіндегі жан-жақты дамуын және бүгінгі ғана емес, ертеңгі дамуына жол ашу, дайындау екендігін баса айтады. Көркем шығармада сан алуан құбылыстар сөз арқылы өріліп, сөз арқылы бейнеленеді. Сондай-ақ оқулықта халық тілінің бүкіл асыл қасиеттерін бойына сіңірген А. Құнанбаевтың, А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтің, М. Әуезовтің т.б. көптеген қазақ жазушыларының және басқа ұлттардың да көрнекті ақын-жазушыларының туындылары жинақталған. Туған еліміздің мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлы материалдармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай білу, теңдесі жоқ таңғажайып әсемдікті бағалай алу, елін, жерін қадір тұтып, құрметтеп өсуге тәрбиеленеді. Сондай-ақ оқулықтағы материалдар қасиетті халқымыздың ата тарихымен, ұлттық салт-сана дәстүрлерімізбен, елін, жерін қорғауда өмірлерін құрбан еткен ерлердің істерімен оқушыны таныстыру арқылы оның өз атамекенін сүю, аталар дәстүрін көздің қарашығындай сақтап жалғастыру, туған жерін қорғау сияқты қасиетті міндеттерге жүктеу мақсатын көздейді. «Ана тілі – ой

өсіреді, Ана сүті бой өсіреді», ел басынан кешірген тарихи көркем шығармалар оқушы қабілеттерін арттырады.

Көрнекті педагог Мағжан Жұмабаев: «Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек... Сыныпта отырғанда баланың тез шаршауы оның ақылының жұмыс қылуынан, әсіресе, тек отырудан, ауаның бұзылуынан. Сондықтан, сабақ уақытында балалар қолайлы болмай бара жатса, мұғалім дереу балаларды босатып, жүгіртіп, ойнатып, сыныптың ауасын жаңартуы керек. Бір сабақтың ішінде де балаларды тұрғызып, отырғызып, гимнастика жасатып, ән салдырып алуға болады. Мұндайда бала серігіп қалады»,-деп ойынның, қызғылықты жаттығулардың балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал екенін атап көрсетеді. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай ұстаздарымыз әр сабағын жаңа технология әдістерін қолдана отырып, ойын түрінде, саяхат түрінде, ақпарат беру арқылы және сергіту сәттері мен презентациялық қойылымдар көрсету арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруда.

Қазақ халқының әр ертегісінің өзіне тән ерекшелігін саралай білуге арнадым. Жобамдағы мақсат қазақ ертегілерінің адам өміріне байланысты іс-әрекеттері күнделікті тұрмыстағы заттар арқылы берілсе, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әректінен бой тартып, жақсылыққа құмартады.

Ертегілердің тәрбиелік маңызы орасан зор. Ертегілерді оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, кайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ертегінің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнелі тіркестерге бай болып келеді. К. Д. Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі оқушыны халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады.

Ертегінің осындай әр жақты сырын қызықты, тартымды бала санасына лайықтай жеткізуді мен өзімнің жаңалығым, шеберлігім деп таптым.

Күнделікті пайдаланатын заттар арқылы. Мысалы, ойынға киетін кепка, футболка, сумка және күнделік сыртына, қағаз пакет, қойын дәптер, шоколад сыртына шетел ертегілерінің суреттерін жапсырғанша, қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің суреттерінің суреттері салынса;

Қазақ ертегілер кейіпкерлерінен ойыншық жасап, драма театрларда ойын көрсетілсе (қуыршақ театры).

Көлеңке театры (теновой театр) Қазақ ертегілерінің мазмұнын көлеңке театры арқылы көрсетілсе;

Аудиодискілерге жазылып, балабақшаларға, мектептерге таратылса. Үйде ұйықтар алдында балалар тыңдаса.

Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологиялар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар.

Менің ұсынысым: Осы айтылған пікірім мен ұсынысым туралы ереже немесе заң қабылданса, бұл мәселе мемлекеттік дәрежеде шешілер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алпысбаев Т. Қазақ халық әдебиеті. Т.3; Ертегілер. – Алматы: Жазушы». – 1975 ж. – 135-1846 бб.

2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы. – 1994.

3 Айдашаев А. Қазақ халық әдебиеті. Ертегілер. – Алматы: «Жазушы». – 1979 ж. – 112-1466 бб.

4 Қазақ ертегілері: Аңыз, тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы ертегілер. – Алматы «Балауса». – 2004 ж. – 27-346 бб.

КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫРЫ

ЖЕҢІСБЕК Ә.
оқушы, Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназиясы, Павлодар қ.
ҚАЙРАТ А.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Павлодар қ.

Қай тіл болмасын, оның сөздік құрамында кірме сөздер де кездесіп отырады. Мұның өзі белгілі тарихи жағдайлар, көп жылдар бойы болып келген қарым-қатынас нәтижесі. Негізінен, тіл байлығының қайнар көздерінің бірі ретінде кірме сөздер де аталады. Кейбір сөздер қазақ тіліне өзгеріске түспей енсе, енді бірі осы тілге ықшамдалып, яғни кейбір әріп – дыбыстары өзгеріске еніп барып қабылданады. Қазақ тілі қолданысындағы лексикалық қат-қабаттардың едәуір бөлігі – халықтардың бір-бірімен араласа, қоныстас отырып әсер етуінен туған. Олардың біразы туыстас, тектес тілдерден, бірқатары басқа семьядағы тілдерден енген. Басқа тілдерден енген сөздердің көнесі, ертеректе енгендердің қайсы немесе соңғы дәуірде қабылданғаны қайсы деген мәселе өте қиын

болғандықтан зерттеушілердің ол қат-қабаттары сөз еткенде өте ұқыпты қарауын қажет етеді.

Ғалым І. Кеңесбаев: «Қазақ халқы сонау ерте замандардан бері ұлы орыс халқымен қарым – қатынаста болған. Өйткені ежелден бергі көршілес отырған бұл халықтар арасындағы достық үнемі күшейіп, араларындағы мәдени шаруашылық байланыстары дамып отырған. Соның нәтижесінде қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында орыс тілінен ауысып келген толып жатқан сөздер бар. Бірақ ертеде енген сөздердің қай ғасырда, қай кезеңде ауысқаны туралы деректер аз. Орыс тілінен енген сөздерді негізінен екі кезеңге бөліп қарап жүрміз» [1, 106].

Ал ғалым Белбаева М. Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірде сөз ауысу процесін төрт кезеңге бөледі: «Төртінші кезең – XIX ғасырдың басындағы орыс тілінен енген сөздер. Ресей патшалығының қазақ даласын өзіне қосып алуы, қазақ халқы өмірінің әр саласына прогрестік әсерін тигізуі» [2, 16], – дейді. Б. А. Серебренниковтің пікірінше, кез келген кірме сөздің пайда болуы дүние бейнесіндегі болып өткен немесе болып жатқан өзгерістерден хабар береді [3, С. 85-89, 85].

Ә. Нұрпейісов трилогиясында кірме сөздерді екіге топтауға болады: біріншісі, араб, иран, парсы тілдерінен енген көбінесе дін мен оның әр түрлі ритуалдарына қатысты сөздер, екінші әкімшілік іс – басқару, тұрмысқа, ғылым мен мәдениетке қатысты орыс сөздер. Кеңес дәуіріне дейін қазақ тіліне араб – иран тілдерінен біршама сөздер енді. Ислам дінінің әр түрлі ритуалдарына қатысты сөздер, сондай - ақ оқу – өнерге, білімге, сауда -саттыққа қатысты енген сөздер, т.б.

Жазушы туындыларында қазақ тіліне ертеректе еніп, әбден сіңісіп кеткен, орфографиясы жатық, қазақ халқына жалпы түсінікті араб-иран сөздері қолданылады. Ә. Нұрпейісов трилогиясындағы дінге, оқу, білімге байланысты араб-парсы сөздері: *құдай, мырза, жаназа, тәямим, «ісім ағзам» дұғасы, нәпақа, ишара, көлима, кәрін* т.б. сөздер кездеседі. Мәселен,

Онда да тереңге бармай, азғана ауын теңіздің тайыз басына салып, үй ішінің кешке қазан қайнатқанын нәпақа көрді (246). «Нәпақа»-табыс, рызық мағынаны береді.

Дереу Еламанды ымдап ернін тістеп «қой» дегендей ишара етті (133).

Тіліңді кәмилаға келтір (322). «Кәмила»-құдайға сиыну.

Қой әрі! Құмалақты қайта қайталап тартып, Құдайдың кәрін жеңілдететін әулиені көрген жоқ, – деді де, Судыр Ахметтің

күпісінің шалғайын ашулана қағып, түрегеліп кетті (259). «Кәрін»-қаһар, ашу-ыза, ызбар мағынасында қолданып тұр.

Нешік биберекет адам едің өзің. Сенің үсіп кеткен балықтарын түгіл, өзімнің балығымды солит итәргә дә тұз иоқ (106-б).

– И-й, айтпа, айтпа. Ул шоқыншақ арам вит… арам (82-б).

Көріне келген ажалдай, патша жарлығы да бір жан араша тұра алмайтын ауыр нәубет (364). «Нәубет»-апат, кесапат, ауыртпалық.

Бұл мысалда тек араб-парсы, иран, татар сөздері келтірілсе, ендігі мысалдарда орыс тілінен келген сөздер беріледі:

Иә, бұл планның сырын сол біледі (129-б).

Николай Ильич, қош келдіңіз!-деп бұны ілтипатпен қарсы алып, қолтығынан демеп апарып креслога отырғызды (119-б).

Ваше высокородие… бұл аса бай жігіт. Тәңірберген деген мырза,-деді Темірке (411-б).

Араққа қызып алған офицерлер бауыры біткен бара жатқандай, бұны бірінен кейін бірі құшақтады (348-б).

Жоқ, адмирал мырза, осы қазір болмаса, кейін мүмкін болмасын білем (269).

... телеграф орналасқан кішкентай бөлмеде төрт-бес кісі тұр екен (214-б).

Өз ажалынан өлмеген, жаманқалаға айдап бара жатқан жолда қашпақ болганда солдаттар атып тастапты (295-б).

Дьяков:

Еламан! Дорогой! Ал қалай?..

Есіткен шығарсың?

Нені?

Чехтар жайында естіп пе едің?

Ших?

Жоқ, чех (73-б).

Аман, тақсыр!

Здрасти, тақсыр!

Ассалаумалейкүм!

Добро пожаловать, ваше высокородие!-деп шулап жатты(82-б).

Жазушы шығармаларында орыс сөздері (орыс сөздері деген ұғымды шартты түрде алып отырмыз. Себебі, оның ішінде орыс тілі арқылы енген басқа тілдік сөздер де бар) төмендегідей мақсатта қолданылады:

1) өркениеттік өзгерістерді көрсету үшін алынған маркерлі бірліктер болып табылады: *милитсе, театр, гимназия, фельдшер, антракт, фабрик – завод, губерком – члені, кровать*;

Мысалы:

...телеграф орналасқан кішкентай бөлмеде төрт-бес кісі тұр екен (214-б).

2) кейіпкердің тұрмыс деңгейін танытады;

3) Кейіпкердің мінез-құлқын беру үшін пайдаланылады;

4) кейіпкердің сипатын орыс тілінен енген сөздер арқылы береді;

5) қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерді, дала қазағы мен қала қазағының өзгешелігін даралап көрсету мақсатында. Мысалдар алсақ,

Ваше высокородие… бұл аса бай жігіт. Тәңірберген деген мырза,-деді Темірке (411-б).

Сол заман талабына сай сөйлеген кейіпкер тілін сол қалпында беруізаман келбетін шынайы суреттеуден туған. Орыс сөздерін кейіпкер аузына салу арқылы тіл шұбарлау қазақ халқының оқыған азаматтарының арасында жиі кездесетіндігін, әрі сол замандағы азаматтарды даралап көрсету үшін пайдаланады.

6) тіл шұбарлау қазақ халқының оқыған азаматтарының арасында жиі кездесетіндігін, әрі сол замандағы азаматтарды даралап көрсету үшін берілген сөздер;

7) қаламгер кейде кейіпкерді сынау, мысқылдау үшін кейіпкердің сауатсыздығын немесе оның сауаттылық дәрежесін аңғарту мақсатында орыс сөздеріне сүйенеді.

Автор орыс сөздерін кекесін, мысқылды беру үшін қолданған, сонымен қатар әрине кейіпкердің өз ісін жете білмеушілігін сынайды, әрі оның сауаттылық дәрежесінен хабар береді.

Негізінде кейіпкер тілінде кездесетін варваризмдердің көпшілігін автор кекесін, мысқыл үшін, кейіпкерлердің сауатсыздығын немесе кейбір мінез-ерекшеліктерін ашу мақсатында жұмсайды.

Кейіпкер тілінде кездесетін орыс сөздері кейде сол кейіпкердің өзінің жағымсыз қылығын сынау үшін де қызмет етеді.

Енді бірде жазушы кейіпкерді өз ана тілінде де сөйлетуге тырысады. Мысалы:

Орыс сөздерін кекесін, мысқыл үшін кейіпкердің сауатсыздығын немесе оның сауаттылық дәрежесін аңғарту мақсатында қолданған жазушылар шығармаларына үңілсек:

«Қанша қадағалап тыңдаса да, Айжанның түсінгені төрт-ақ ауыз сөз болды: «Стеклон үш күн соғады...» Айжан еріксіз езу тартты» (Ғ.М., 142-бет).

«Күйеудің өзінің паспорты жырым-жырым болса да оқа емес» (Ғ.М., 173-бет).

«Ей, сен қайдан жүрген мешокшысың, буржуй! – деді Смилчин.

– Жоқ!... Буржуй мендей болмайды. Арал теңізін знаешь? Балықшы рыба ловит... сескеуіл тоскайт, перуай сорт крупшатка! Шай сахар есь! – деді Томарша» (Ғ.М., 241-бет).

Орыс сөздерін кейіпкердің тавтологиялық қолданысы арқылы да береді. Жазушы осы тәсілді комика тудыру мақсатында жұмсайды. Тағы мысал келтірсек, жазушы романында:

– Кім берген? Заказ берген кім? – деп сұрады. – Пернер – деді Баянды. – Екі жүз штукке заказ берді. Сорок пет штук готоуа!.. Хорошай железі, каменной железі!

Мәтіндегі орыс сөздері кекесін, мысқыл т.б. жайттарды тудыру үшін стильдік жүк арқаласа, кейінгі жылдары, нақтыласақ, кеңестік кезеңдегі әдебиетерде кейде варваризмдердің орынсыз көркем мәтіндерде жұмсалғандығын бірден аңғаруға болады.

Автор баяндауында: *Жүк, чемондандарын, шәйнек, термостарын ұстап әрлі-берлі жүгіріскен адам тобы...*

Станция буфетіне барып, бірер стакан ыстық какао ішпекші...

Сол кезде вокзал жақтан составқа қарап, жүрттан бөліне жүрген екеуге оның көзі түсті...

Үсітне киген кең, бүкпе-қатпары көп макинтошы жүрген сайын ауытқи қимылдап, жеңіл бір толқын тудырады. Сол сәтте, осы кең модалы макинтош ішінде еркін ойнаған кішкене талдырмаш мүсіні сырт көзге танылып қалардай еді (С.Ш., 10-бет).

Қыз да вагон басқышында тұрған әскери формалы жігітті көре салып, аңырап қалып еді (С.Ш., 11-бет).

Романның бір ғана бетінде, авторлық баяндауда ұшырасқан орыс тілінен енген сөздердің сипаты осындай. Әр ақын не жазушы көркем туындыларын сол заманның келбетін танытатын тілде сөйлетеді.

Орыс сөздерінің кейіпкер тіліндегі көрінісі төмендегідей:

– Біз осы арада практикада едік... – деді ол (С.Ш., 11-бет).

– Кешіре гөр, күлмеске болатын емес. Бұл мороженое да менің ұнататыным... Пломбир гой бұл. Тәтті мороженое. Біздің университетте тым жақсы бір доцент бар... (С.Ш., 19-бет).

– Шайдан какао жақсы гой, мен какаоны ұнатам. Айтпақшы, мен жақсы көретін конфетаны қайдан әкелдің, Мәулен? (С.Ш., 118-бет).

– Вот әне, еще мектеп меңгерушісі, – деп өкіл орысша, қазақшаны араластырып қойды.

– Еще шындап айту керек екен гой бұған. – Осыдан кейін қайта түйілді. (С.Ш., 71-бет). Жоғарыда көрсетілгендей авторлық баяндаудағы орыс тілінен енген сөздер стильдік қызмет атқармаған. Бұл сөздердің көпшілігі сол кездегі актив қолданысқа түскен лексемалар. Тіл шұбарлау, варваризмдерді жаппай қолдану кейіпкер тілінен айқын көрінеді.

Тіл мәселесіне келсек ғалым Қ. Жұмалиев: «Тілдің тазалығы үшін күрес – шет елдерден мүлде сөз алмау емес, керексіз сөзді алмау, өз тілін орынсыз шұбарлауға қарсы күрес» [4, 25].

Кеңес дәуірінде жазылған көркем шығармалар тіліне үңілер болсақ, варваризмдердің, жалпы орыс тілінен енген, орыс тілі арқылы батыс тілдерден енген, ғылым мен техниканың дамуына да байланысты қолданылған терминдердің өте жиі қолданысқа түскендігін аңғарамыз.

«Ғылым түгелге жақын орысша жазылды, қазақ тіліндегі терминдердің 70-80 % орыс сөздері не орыс тілі арқылы кірген сөздер болды, ресми іс қағаздары толықтай орыс тілінде жүргізілді, республиканы айтпағанда, қалалар мен аудан орталықтарындағы үлкенді-кішілі жиындар орыс тілінде өтті. Бұл жағдайлар ұлтарарлық (орыс) тілдің ұлт тілдерін мүлде ығыстырып шығаруына әкелетін алғы шарттар еді [5, 297].

Сонымен жазушы шығармаларында кездесетін кірме сөздерді тіл шұбарлығы деп емес, стильдік мақсатта қолданған деп білеміз.

Жазушы баяндауында кірме сөздер қолданылмағандығын айта кетеміз. Қазақтың бай тілімен суреттейді. Мысалы,

Көк сілемік мұнар басқан ашық күн. Тақтайдай ұлан-қиыр жазық дала. Аңызақты аптап шілденің жуан ортасы болса да, дүние реңкі көгілдір, ізгерлі жер бояуын әлі бермеген. Ойпаңы мен биік-биік қыраты, жүлге-жүлге таулары жоқ осындай көгілжім жазықтарда көк жиегі де алыстап кететін болса керек, тым қиян шалғайдан көз ұшына ілігіп, сағыммен ойнап, белдеулене көтерілетін үйірім-үйірім, бұлың-бұлың, шоқ-шоқ бұталар бейне теңізде жүзген гажайып та жұмбақ алып кемелерге ұқсап көпке дейін толқып, баяу жылжып жақындайды да, айналып артқа түсіп алыстаған сайын әлгі бір ойнақы кейпіне тез ауысып, тағы да бұлыңдап, тағы да толқып сала береді (8-б).

Қорыта айтқанда, Ә. Нұрпейісов дінге байланысты енген араб-парсы сөздерін көбіне дала қазақтарымен байланыстыра, дала қазағының, діни оқу оқыған кейіпкерлердің тілінде, сондай-

ақ, олардың бір-біріне жазған хаттарында қолданса, орыс сөздерін көбінесе қала қазақтарының, оқыған азаматтардың тілінде келген. Прозадағы кірме сөздер шығарманың көркемдік нәрін, экспрессивті - эмоциялы реңкін арттыра түскен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. -Алматы, 1962.-315 б.

2 Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. -Алматы, 1976.- 116 б.

3 Серебренников Б. Роль человеческого фактора в языке. // Язык и мышление. -Москва, 1989.

4 Жұмалиев Қ. Стиль -өнер ерекшелігі. Алматы, 1966, 229 б.

5 XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Астана, 2000, 342 б.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ – ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНІҢ КӨРКЕМДІК ӨРНЕГІ

ЖӘНІБЕК Л., АМАНГЕЛДІ Д.
6 «А» сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
МҰХАМЕТЖАНОВА Р. Ж.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Әр халықтың өз ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Қазақтың бай ауыз әдебиеті қазынасында батырлық эпостың алатын орны бөлек. «Эпос дегеніміз – дүниежүзілік өнер қазынасына әрбір ұлт қосар үлестің маңызды саласы», – дейтіні де сондықтан болар. Егеменді ел болғаннан бері ұлтжанды азаматтар ұлттық құндылығымызды қалпына келтіруге ниеттенуде. Ұлттық құндылықтарды әр елдің ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Соның бірі батырлар жыры болса, біз сол жырда кездесетін ұлттық құндылықтарымызға жататын салт-дәстүр, әдет-

ғұрып, ырымдарды қарастырдық. Батырлар жыры – ауыз әдебиетінің қомақты да асыл мұрасы. Олардың елін сыртқы жаулардан қорғау, елінің, халқының тәуелсіздігі жолындағы мұраты басым. Қазақтың батырлар жырларында тарихи оқиғалардың ізі жатыр. Батырлар елін сүйген, атамекенін, халқын, оның ар-намысын қорғау, елдігін сақтау үшін ата жауына қарсы жанқиярлық ерлікке барған, ерен батырлық көрсеткен. Батырлық дастандарға Қобыланды, Тарғын, Алпамыс сияқты ерлер ерлігіне осы қасиеттер негіз болған.

Қазақтың ұлттық тілі, діли, діні, ұлттық рухы, ұлттық мінез-құлқы, ойтолғамы, салт-сана, өмір тірлігі, киім-кешек, ою-өрнек, төсек-орын, үй мүлік, ыдыс-аяқ, ас-суы, тағы да басқа құндылықтары теріліп, тіркеліп, ғылыми сарапқа салыну керек.

Әдеби тұрғыдан зерттеу – бір жағынан, ауыз әдебиетінің өзара байланысын, қазіргі заман ағымындағы қазақ ауыз әдебиетінің тарихы тереңде жатқан еліміздің бұл күндері ұмыт бола бастаған әдеп-тәрбиесі және болашағы жайындағы мақсат-мұратын пайымдап қағаз бетіне түсіп салыстыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, жырда салт-дәстүрді жыршы орамды халықтың танымдық –әлеуметтік даму деңгейіне сай қазақ әдебиетінің әрбір кезеңдегі даму процесін айқындауға тарихи негіз болып, оны танымдық тұрғыда анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені ауыз әдебиеті халықтың әр кезеңдегі ұлттық құндылығымыз саналатын тұрмыстық, әлеуметтік – тарихи тәжірибесінің негізінде туады. Сондықтан батырлар жырын руханияттың бастау бұлағы тұрмыс-салт үлгілерімен байланыстыра зерттеу жаңашылдығы.

Қазақ халқының табиғатын ашып, тереңірек тануда ауыз әдебиетінің бұл екі үлгісінің тақырыптық, мағыналық жағын қарастырудың айрықша мәні бар. Жобаның осы мақсатқа бағытталуы оның өзектілігін айқындайды.

Батырлар жырында кездескен ұлттық құндылықтарымыз салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға жан-жақты талдау жасай отырып, олардың өзіндік ерекшеліктері анықталды. Тақырыптық топтарға жіктеп, халық тұрмысында алатын орны қарастырылды.

Эпостағы халық батырының қаһармандық сом тұлғасын жасайды. Сондай-ақ осы шығарма мазмұнына арқау болған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жырмен байланыстыра отырып жыршылар тамаша сабақтастырған. Оның бірі бата – қысылғанда қуат, қиналғанда медет беріп, әрбір іс-әрекет даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептеген. Бата беру-адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Батырлар жырындағы бата

үлгілері: *Құдайым, үмітімнің отын жандыра гөр! Сәттіліктің нышаны болғай,-деп бата оқыды* [1, 11 б.]. *Ат тұяғының дүрсілін сезген Қобыланды оянып, жорыққа кетудің қамын жасайды. Халқы жиналып, үлкендер ақ батасын берді* [2, 15 б.]. *Үшінші күні таңертең Қамбар сауыт-сайман киіп, қару-жарағын асынып, тұлпарын жетектеп келіп, жиналған қалың елдің алдында бата сұрап тізе бүкті. Екі қария алға шығып, алақанын жайып, бата берді* [3, 23 б.]. Ырым ету. *Әр шеңгелді бір иіскеп, ықыласын бағыштап, ақ жаулығының әр бұрышын ырым етіп байлады* [1, 11 б.]. *Тағы да бір салт-дәстүр түрі – шашу. Шашуды әр түрлі той мерекеде, келін түсіргенде, баташарда шашады. Бұл дәстүр батырлар жырында да көрініс тапқан. ...Онымен қоймай, бәрінің алдынан шашу шашылды, жалаң аяқ бала да, шал мен кемпір, дана да шашуға түгел бас ұрды* [2, 76 б.]. Құдайға сыйыну. Қандай ел, қандай халық, қандай адам болмасын құдайға сыйынады, табынады, бұл ырым көбінесе батырлар жырында кездеседі. Оған делел бірнеше тұста кездескен мына үзінділер: *– Құдай кеселінен сақтаса, бұл жолы да Тарланды иесіне қолды қылмай, мен менің кетермін* [2, 40 б.]. *– Оны құдайдан, Ықылас ата, Шашты Азизден сұра. Жеті пірім жауқылмасын деп тіле, – деді Қобыланды батыр сұстанып* [2, 42 б.]. *Көп тілегі-көл. Тәңірін қайғымыз көріп, көз жасымызды ескеріп, тілегімізді қабыл етті* [3, 17 б.]. Сүйіншінің түрлері көп, қазақ халқы қуанышты хабар естігенде сұрайды. *«Сүйінші, Қобыланды келін алып келді,- деп, ақ шаңқан ақ боз үйге ат қойғанда, Сәлімбай күлімдеп қоя берді. Жұрт жиналып, байға құтты болсын айтты»* [2, 9 б.]. *Мұны естіген тірескен халық мидай араласып, бір-бірінен сүйінші сұрап, қос бейбаққа құтты болсын айтып жатыр* [1, 17 б.]. Дүниетанымызға байланысты әдет-ғұрып қалыптасады да, өмір сүру салтына айналады, яғни халқымыздың ежелгі салт-дәстүрі арқылы біз оның дүниетанымын біле аламыз. Міне, азан шақыру да солай. Ертеде бабаларымыз «баланың жаны жоғары әлемнен келеді» деп ойлаған екен. Содан баланың атын қою үшін азан шақырып, бір киелі жерде немесе мешітте перзенттің атын құлағына үш рет қайталайды екен. Бұл дәстүр батырлар жырында да кездеседі.

Біреулер ешкі, біреулер сүйіншіге қой алды. Үлға Алпамыс деген ат қойылды. Содан үш жыл өткен соң, Аналық пен Байбөрі тағы бір қуанышқа кенелді. Шашты Әзизді айтқаны келіп, ай мен күндей қыз дүниеге келді. Сұлу қыз уәде бойынша Қарлығаш деген есімге ие болды [1, 20 б.]. Құрсақ шашу тойы батырлар жырында былай көрініс

тапқан. *«Жақсылықты естіген қауым жұрт ақ ордада етектен төрге дейін құрсақ шашуын шашты. Бұл бұрын-соңды адам көрмеген оқиға еді.Бірақ ол өмірдің күнделікті тірлігіндей боп жарасымды түрде қабылданды.Сол сәттен бастап бұл дәстүр Жиделі Байсын жеріндегі жүкті болған әйелдерге енгізілді»* [1, 17 б.].

Халықтың салт-дәстүрін сипаттайтын тақырыптық ерекшеліктеріне байланысты, әсіресе, құда түсу рәсімдеріне қатысты атауларды құрайды. Осыған орай біз жобамызда қолымыздағы жиналған деректер көзі бойынша құда түсу рәсімдерін сипаттайтын әдет-ғұрыпқа орын береміз. Бел құда. Елдегіні тауысып, белдегіге түсу – «әлі дүниеге келмеген ұл-қызды атастыру». Әлқиса, Шекті деген елде Сарыбай деген бай бар еді. Онда да перзент жоқ еді. Байбөрімен сөйлесіп: *«Біреуіміздің ұл, біреуіміздің қыз туса, екеуіміз құда болсақ, қыз бен баланы кемеліне келтіріп, қосып, бұл дүниеден өтсек, арманымыз қалмас еді-ау», – деп жылайтын еді* [1, 20 б.] Құда түсу тойы. Жігіттің туған – туысқандары құдалыққа қыз ауылына барады. Мал сойылып, оның бауыздау қанына құдалар қол батырып, бата бұзбауға серттеседі. Құйрық – бауыр жегізу, құда тарту, ұн жағу т.б. орындалады. Ал құйрық-бауыр жегізудің салтына келсек, «құйрық-бауыр жедің бе, құда болдым дедің бе?» Екі жақ келісіп құда болған жағдайда оларға құйрық бауыр, арнаулы сый-сыяпат әкеледі.Әкелуіші әйел «Бауырдай жақын, құйрықтай тәтті болыңдар» деп тілек білдіреді. Одан барлық құдалар ауыз тиеді. Құйрық-бауыр қазақ дәстүріндегі құда болудың заңды белгісі – құжат болып бекітіледі.- *Ол сенің әкең Байбөрімен құйрық – бауыр жесіп, төс түйістіріп құдаласқан еді* [1, 21 б.].

Қорыта айтқанда, XXI ғасырдағы қазақ ұрпағының міндеті – экономикамызды дамыта отырып, ұлттық құндылығымызды қорғап, дамытып, сақтай отырып әлемдік қауымдастыққа кірігу. Егер ұлттық құндылығымызды сақтай алмасақ жаһандануға жұтылып кетеміз. Жаһандануға жұтылып кетпей, президентіміздің алдыға қойған мақсаты «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек. Себебі ұлттық құндылық – ұлттың тірегі! Ұлттық құндылықтар ғасырдан ғасырға жалғасқан, өмірдің сынынан өткен, пайдалы екені дәлелдегенін осы үзінділерден аңғауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Күмісбаев Ш. Алпамыс батыр. ЖШС: «Алматы кітап». – 2006.

2 Күмісбаев Ш. Қобыланды батыр. ЖШС: «Алматы кітап». – 2006.

3 Нұршайықов Ә. Қамбар батыр. ААҚ: «Алматы кітап». – 2004.

4 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт –дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары. – Алматы : Ана тілі. – 1994.

5 Нұрмағамбетова Оразгүл. Ақсауыт. – Алматы: «Жазушы» баспасы. – 1977.

6 Қалиев С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.

7 Жанайдаров О. «Менің елім – Қазақстан» балаларға арналған энциклопедия. – Алматы: «Балауса». – 2003.

8 Бегманов Қ. Халқы мықтының-салты мықты. – «Өлке» баспасы. – 2010.

9 Әлімқұлов Б., Әбдірахманов Е. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. – Алматы: «Санат». – 1994.

10 С. Әбішқызы, Ж. Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». – 2008.

11 СәрсенбаевТ. Ұлттық сана-сезім мен қадыр-қасиет. Алматы. – 1990. – 39 б.

12 М.С. Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». – Астана – 2008.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫНЫҢ СҮРЕТТЕЛҮІ

ЖОЛДАСПАЕВА Д.
10 сынып оқушысы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ЕГІНБАЙ А. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қай заман да болсын әр заманның өзіндік бейнесі, өзіндік үні бар. Осы елдің үні мен мұңына байланысты әр уақыт әдебиеті өз арнасын тауып отырды. Бұған үңілер болсақ, осы жолда терең ізденіп өткен ағаларымыздың еңбектерін айналып өте алмасымыз да ақиқат. Осы орайда, қазақ әдебиетінің тарихын XVIII ғасырдан ары оздырмай атақты Бұқар жыраумен шектеп келген кері саяси жүйенің тас құрсауын жарып, сеңін бұзған зерттеуші ғалымдар Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Смайылов, Ә. Қоңыратбаев, М. Мағауин сынды аса көрнекті ғалымдардың жөні бөлек. Дегенмен, қазақ әдебиетінің тарихына тоқталып, зерделеп бір жүйеге түсіруде Мұхамед-Сәлім Қашимов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ысқақ Шүленбаев, Асылқожа Құрманбаев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Досмұхаммедов, Мұхтар Әуезов, Сәкен

Сейфуллин, Әлкей Марғұландар секілді алып ғалымдар мен тарихи тұлғалардың еңбегі зор екені белгілі

«Әдебиет – үлкен құбылыс, өзгермелі процесс. Сондықтан оны жыл шеңберінде алып қарау шартты нәрсе, жеке шығармалардың өмірге келуіне себепкер болатын субъективті, объективті жағдайлар, әрқайсысының жазылу тарихы ақиқаттығын растай түспек». Оның даму жолындағы белестер мен қатар оның тақырыптық, идеялық мазмұны да түрленіп отыратыны анық. Соның бәрін тап басып, танып, әдебиет мәселелеріне қатысты түбегейлі зерттелген мақалаларды да тұрақты жариялап тұрды. Солай ұлтымыздың зор қазынасы өз қойнауындағы жауһарларын талай ғасырға талқылатып келеді. Әлі де талай еңбек пен ғалымдардың көзмайына ұйып, талай дәуірде жүк болары сөзсіз.

Бүгінде тамырын көне түркі жазабаларынан тапқан қазақ әдебиетінің тақырыптық мазмұны, идеялық түрленуі аса ерекше. Тіпті өте алысқа бойламай-ақ, қазақ хандығы құрылған кезеңдегі жыраулар поэзиясын алып қарасақ, ондағы батырлық пен өрлікке бағытталған мадақ жырлары мен философиялық ойды өзек еткен жыр үлгілері сол заманның ат үстіндегі танысын аңғартары хақ. Қазтуған, Ақтамберді, Доспамбет, Шалкиіздер секілді өршіл жыраулар мен хандар арасындағы тартысты суреттеп, отансүйгіштікті идея еткен рухты жырлармен қатар ел аузындағы тұрмыс-салт жырлары үлгілері де қатар жеткен. Осы тұстағы халқына «Жеруйық» іздеген Асан қайғы поэзиясының тақырыбы ерекше. Олай дейтініміз қазақтың байтақ даласының түпкір-түпкінде Асан қайғы айтты деген жер-суды суреттеген ерекше жыр үлгілері кең тарағаны белгілі. Сонымен қоса, философиялық түйіндерде Асан қайғы сөзі деп кеңінен айтылады. Бұл дәуірдің бай мұрасы тек жыраулық сарын ғана емес, сондай-ақ ғасырлар бойы ел аузында пісіп жетілген аса бай фольклорды сан салалы тақырыпқа толтырғаны анық.

Жыраулық дәуір мен ел ақындарының арасында жалғау көпірдей болған XIX ғасырдың да қазақ әдебиетіне бергені мол. Шернияз Жарылғасұлы, Махамбет Өтемісұлы бастаған ақындардың өршіл өлеңдерімен өрілген дәуірдің әдебиетінде соңы бір өрнек пайда болғаны белгілі. Жалпы Махамбет поэзиясынан кейін феодалдық және халықтық әдебиетке жіктелу пайда болды. Негізінен шыншыл реализм бағыты мен лирика, элегиялық сарында туған еркіндікті көксеген «Ереуіл атқа ер салмай», «Қызғыш құс», «Мен едім», «Мұнар күн» дегендей өлеңдер отаршылдық езгіге қарсы күрестің рухын, ондағы тарихи жағдай мен халықтың жай-күйіне хабардар етеді. Бұл кезеңдегі

қазақ әдебиетіндегі өлшемдік ерекшеліктермен қатар тақырып жаңашылдығы да кеңейе түскенің көрсетеді. Дессе де, көне бабалардан келе жатқан арнау, ұлтқа ұйтқы, жұртқа демеу болып журген батырларды сипаттау, соларды дәріптеу немесе ханға дат айту секілді жыраулық сарыннан негіз алған дәстүр сақталып отырды. Керісінше бұл кезеңде ерекше сипат туып жаңа көрініске түсті. Оған «Тайманның ұлы Исатай», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай!», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген сияқты толғауларды мысалға келтіруге болады. Бұдан кейінгі XIX ғасыр басындағы Шал ақын Құлекенұлы, Дулат Бабатайұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Сүйінбай Аронұлы секілді көрнекті қазақ әдебиеті өкілдерінің де бергені орасан зор. Сол тұстағы Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы бастаған бірқатар «Зар заман ақындары» да өзгеше бір реңмен жаһандану немесе орыстанып, өз құндылықтарынан алшақтаған ұрпаққа қарсы үн қосады.

«Төл әдебиетіміздің ерекше бір кезеңі толықтай түлеген сындарлы дәуірі ол – XIX ғасырдың екінші жартысы. Яғни, қазақ әдебиеті классикалық деңгейге көтеріліп шығыс пен батыс өркениетімен тығыз араласа бастаған Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтерді дүниеге әкелген дәуір. Нағыз сыншыл-реализмнің, діни-ағартушылық көзқарастардың туындап, дамып, жетілген, қазақ әдебиетінің іргетасы толық бекіген тұс. Бұл дәуірде Шоқан Уалиханов, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтердің әдебиетке қатысты, этнографияға қатысты елеулі еңбектері туды. Әсіресе Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасының маңыздылығы – ол тудырған шығармалардың өзегі [стержень] болып табылатын діни дүниетанымында болды».

Абай тудырып әкелген қазақ өлеңінің жаңа үлгілері, қара сөз деп аталып жүрген таза философиялық үлкен аса құнды еңбек жазылды. Бұл кездегі тақырып кеңдігі мейлінше шарықтап адам жан дүниесінің түрлі қыр-сыры мен махаббатқа негізделген лирикалық өлеңдер жазылды. Осы тұста ел ауызындағы көне оқиғалар, ғашықтар хикаялары дастан болып жазыла бастаған тұсы. Бұл ретте Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Ләйлә – Мәжнүн» дастандарын алға тартамыз. Тіпті табиғат лирикасының өзі бұрын соңды болмаған жоғары деңгейге жетті. Бұл келер буын үшін үлкен бір дара жол, қазақ әдебиетінің мүлдем жаңа бір дәуіріне тартылған түрі болды.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Рымғали Нұрғалиұлы айтқандай «Еш уақытта ешбір емес. Ана топырағында жаратылған өнер басқа жұрттардан озық, асыл Әдебиеттің елдің әдебиеті, өнері томаға тұйық қалыпта, ұлттық шеңбердің ішінде ғана өсіп жетілген

интернационалдық сипаты – көптеген халықтар өнері тәжірибесін қорыта отырып, байлам, тұжырым жасайтын теориялық мәні бар, күрделі проблема».

Бұл орайда әдеби әсер, ықпал, аударма мәселелерін қарастырудың маңызы зор. Жаңа жанрлық формаларды игеруде өмірлік көкейтесті проблемаларын көтерген реалистік шығармалардың молаюынан, жазушылардың шығармашылық белсенжділігінің артуынан да әдебиеттің интернационалдық сипатының кейбір ерекшеліктерін көруге болады...».

«XX ғасырдың басында қазақ әдебиетінде еркіндік пен ағартушылық бағытты ұстанған ерекше бір толқын келді, келген бұл үлкен леп сонау ғасырлардан келе жатқан ұлттық имуннитетіміздің тудырған орасан зор әдеби толқыны болатын. Абайдан нәр алып, тамсанып, жаттап өскен халықшыл, ұлтшыл әдебиет жасалды. Бұл кезеңнің қаулап шыққан қаламгерлерінен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеевтер қатарлы көптеген тұлғаларды атауға болады. Бұл кезеңдегі соны үрдіс, орыс әдебиеті үлгілерінен шығармалардың көптеп аударыла бастауы болды. Тағы да байдан бастау алған өзге тілдегі мысал өлеңдердің қазақ ұғымына негізделіп аударылуы жиіледі. Осы орайда, қазақтың төл әдебиетіне енген зор жаңалық алғашқы Қазақ прозасының дүниеге келуі болды. Спандияр Көбеев, С. Торайғыровтардың келуімен қазақтың тұңғыш романдары жазылды. Сол кездегі аласапыран заман дағы қазақ арасындағы әлуметтік теңсіздік, тап пен жік болып бөліну, әйел теңсіздігі секілді мәселелерді көтерген «Қалың мал», «Қамар сұлу», «Кім жазықты» сынды тұңғыш романдар қазақ жазба әдебиетіндегі прозаның іргетасы еді. Ал, ескі салт-санадағы келеңсіздіктерге жаңаша көзқараспен қарап, ағартушылық-демократиялық бағытқа ойысқан әдеби арна Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Берен», «Шаншар молда», «Неке қияр» сияқты әңгіме-пъесаларымен, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шерниаз», «Мансапқорлар» сынды туындыларымен толқыды».

Ал қазақи, ұлттық болмысынан ажырамаған, көркем туындылар да осы кезеңде өте қарқынмен жазылды. Ғ. Мүсіреповтің қазақ әйелін, Ананы өзек еткен орасан еңбегі бүгінгі күнге дейінгі қазақ әдебиетіндегі осы тақырыптағы аса зор мұра болып келеді.

Көрнекті классик жазушылар С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиндердің түрлі тақырыптағы шығармашылық жолы

талай тарихи-көркем туындыларда дүниеге әкелді. Бірақ, Қызыл империяның құрсауындағы әдебиетте заман үнін қостаған туындылар да тумай қалған жоқ. Бұл орайда «Адасқандар» («Мөлдір махаббат»), «Қарағанды», «Миллионер», «Шығанақ», «Тыңда тұнған байлық», «Алыптың адымдары», «Алғашқы адымдар» сынды шығармаларды атауға болады. Сонымен қоса соғыс тақырыбына жазылған ұлан асыр шығармалар тізбегін атауға болады. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» С. Мұқановтың «Майданға хат», «Жеңімпаз Қызыл Армия», Қ. Аманжоловтың «Үстімде қызыл шинелім», атақты Б. Момышұлының «Бір түннің тарихы», «Артымызда Москва», «Офицер жазбалары», «Төлеген Тоқтаров» сынды шығармалар осы тізбектің басында еді.

Осы кезеңде тоқсанды алқымдаған атақты айтыскер ақын – Жамбылдың майдандағы сарбаздарға арналған рухты өлеңдері Мәскеуден шыққан басылымдардан тарап жатты.

Бұл кезең қазақ прозасының әлемдік деңгейде шарықтап, тақырып ауқымы жағынан мүлдем кеңейген тұсы болды. Тағы бір айта кетер жайт Кеңестің құрсауында отырса да ұлттық намысты арқалаған ұлтшыл туындылардың жарық көруі толастаған емес. 60-шы жылдардан бері тіптен қаулап шыққан қаламгерлер қатары соны бір биік әдебиеттің айдынын толтырды. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, «Аманат» романдары қазақ тарихын термелесе, Ж. Молағалиевтің «Мен қазақпын» дастанын жазып аспандады. Көрнекті қаламгер Бердібек Соқпақбаев барша қазақ балаларын ұлттық колоритке бай Қожа сынды қаһармандармен қауыштырды. Ал, Төлеген, Мұқағали бастаған қазақ әдебиетінің бертінгі аңызына айналған ақындар «Мен неге қазақтықтан сақтанамын!» немесе «Бабаларым рахмет сендерге!» деп жырлағаны әмбеге аян. Сол тұстағы Ж. Нәжмиденов, Қ. Жұмалиев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, С. Мәуленов, Қ. Бекқожин, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, Ғ. Қабышев, Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, М. Мағауин, Д. Исабеков, Ф. Оңғарсыновалардың әр жанрда жазған туындылары да ұлттық сарын мен терең тарихқа негізделген тарихилық жатты. Қазақ Кеңес әдебиетінен тәуелсіздікке ұмтылған тұста қоғам нәр алған аталған қаламгерлер болғаны анық.

Қазақ әдебиетінде кейінгі жылдарды өріс алған тенденцияның бірі – деректі проза болды. Көрнекті адамдар өмірінен романдар жазыла бастады.

Әсіресе, М. Мағауиннің кесек туындылары мен зерттеулері бүгінде қазақ әдебиетінің ажырамас бөлшегіне айналып отыр.

Аса көркем суреткерлігіме қоса, жүйелі тарихилығы оның әрбір шығармаларынан табылатын. Қазақтың аса көрнекті ұлтшыл жазушысы бүгінгі күнге дейін қазақтың мұңын мұңдаған телегей еңбектер жазып келеді.

Туған ел әдебиеті мен өнерінің көркеюі үшін еңбек еткен ақын-жазушыларымыздың мұрасы еш уақытта назардан тыс қалмауы шарт. Тұлпар тағдырлы ақындар мұрасы – халқымыздың рухани азығы, зор байлығы. Тума таланттың поэзиясы халықпен бірге жасайды.

Қазіргі қазақ лирикасындағы талантты ақын жыраулардың орнын айқындау, жас ақындар туындысындағы әлеуметтік саяси тақырыптардың жырлануы, ақын шеберлік жайлы зерттеу – асыл мұраны танудың баспалдағы. Ақын әлемі – өзіндік қиындығы мен қызығы мол тың әлем. Ақын жыры құдіретті, ол өзіне табындыра отырып, тамсандырады. Ақын мұрасы – ұлттық қоймаға қосылған асыл қазыналардың көмбесі. Қазіргі қазақ лирикасының «сыр сандығын» ақтарып, өсу мен өркендеудің ұлағатты үрдісіне сай пайдалану бүгінгі күн талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы. – 1983. – 7-231 бб.

2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Санат». – 1994.

3 Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар. – 2000.

4 Сүтжанов С. Алаш және түркі руханияты – Алматы. – 2008.

2050-СТРАТЕГИЯСЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – БОЛАШАҚТЫҢ – ҰЛТ БОЛЫП ШЕШІЛЕТІН НЕГІЗІ...

ЖҰМАЖАН Н. М.
9 «А» сынып оқушысы, Қараоба орта мектебі,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

«2050-стратегиясы» – Қалыптасқан Жаңа мемлекеттің-Жаңа адамға үндеуі...

Адамзат, халық және жеке тұлға тарихының бағыты олардың рухани өмірімен тығыз байланыста және рухани өмір өз кезегінде материалдық жағдайдың айнасы іспеттес болады. Руханилық-ол өткен тарихтың айшықтары. Сол айшықтардан өзімізге үлгі,

тәжрибе ала отыра, біз батыл алға басамыз. Батылдықпен ,Жаңа Қоғамды дамытуға жанталасамыз. Ал Жаңа қоғам – ол біздің бүгініміз. Осыдан келіп біздің бүгініміз басталады. Яғни өткенімізді білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Қоғамның тынысы ол болашақты болжап, өткен ата-баба тарихымен ұштастыру, яғыни келешекке жоспар, бағыт, бағдаршам іспеттес қазақ елінің даму жоспарларының бекітілуі. Міне, Елбасымыз айқындап бергендей, «Қазақстан – 2050 стратегиясының негізгі бағыттары»-Болашақты алыстан болжайтын стратег саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекетіміздің 2050 жылға дейін әлемдегі ең жоғары дамыған 30 мемлекет қатарына енуін ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы уақыт ішінде бағындырылуға тиісті жеті басымдықты белгілеп беруінің де себебі осында деп ойлаймын. Сол жеті басылымның ішінен әсіресе жаңа қалыптасқан Жаңа мемлекеттің-Жаңа адамға үндеуі... Олар: жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, салиқалы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм. Осылардың бәрін болмаса да, бірін үлкен жауапкершілікпен атқару үшін,еңбекқорлық,отанға деген шексіз сүйспеншілік және білімді жастар қажет деп ойлаймын. Сол жастардың бірі мына менмін... Мен Отанымды Сүйемін!... Мен Президентімді Құрметтеймін!...Себебі, Президентім, Елімді Бүкіл Әлемге әйгілеп, Жаңа Әлемдегі-Жаңа Қазақстанның даму жоспарының стратегияларын бекітуде. Мен мақтанамын, елімнің күнен-күнге гүлденіп осы болашаққа жоспарланған «2030» және «2050» стратегияларымен дамып келе жатқанына...

Латын әліпбиіне көшу:«Болашаққа батыл қадам жасатып, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі». Бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі болып саналады және деркезінде қозғалған жоба деп түсінемін. Себебі, бұл жоба тілінің болашағын ойлаған тіл мамандары мен тілге жанашыр зиялы қауымның көкейіндегі ойды дөп басқандай. Мұны қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне немесе орыс тіліне теріс қарау деп емес, қайта қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі кеудемсоқ жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін жасау бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Латын

әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек.

Жазу-барлық халыққа ортақ, мәдениеттерді жалғастырушы, байланыстырушы құндылықтардың бірі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Осы тұрғыда жазудың өзгертілуі халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етпей ме? Рас, бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан әліпби мен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн. Жазу мен әліпби мәселесі бір-бірімен тығыз байланысты болады. Алдымен әр тілдің дыбыс қорын анықтап, содан кейін әр дыбысты әріптермен таңбалау қажет. Жазудың қандай түрі болмасын белгілі бір таңбалар арқылы жасалады. Әліпби жасау үшін алдымен графикалық лингвистика теориясын терең танып, тілдің дыбыс жүйесіндегі фонемалардың өзіндік фонологиялық ерекшеліктеріне жете назар аударып, бөгде тілдерден енген сөздерге қатысты фонемаларды қалай таңбалау керек деген мәселелерді шешіп алу керек, одан кейін тілдің болмысын танытатын негізгі заңдылықтарын біліп, тілдің табиғатына сай келетін, өзіндік дыбысталу ерекшеліктеріне кері әсер етпейтіндей мәселелерді ескеру керек. Жазу барысында әр әріптің өзара кездесу жиілігі де назарға алынуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу туралы сөз қозғалғаннан бастап жұртшылық арасында пікірталас өршіп кетті. Мысалы, «латын әліпбиін қабылдаған жағдайда келешек ұрпақ кирилл жазуы негізіндегі бұрынғы бай жазба мұрамызды оқи алмай қалады» деген пікірге, екінші біреулер: «Қазақтың жазба мұрасы көп жылдық тарихы бар елдерге қарағанда (қытай, араб, француз) аз, сондықтан қазіргі жағдайда барлық жазба мұрамыз бен жәдігерлерімізді латын әрпіне бірте-бірте көшіріп алуға мемлекетіміздің мүмкіндігі жетеді» дейді. Мұндай пікірлер көп-ақ. Елінің болашағын ойлаған әр азамат, зиялы қауым өкілдері, әртүрлі мамандық иелері латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісіп жатыр. Дегенмен, мәселенің байыбына терең бармай, әліпби өзгертуді бұрынғы кирилл әріптерін латын әріптерімен ауыстыра салу деп түсінетіндер де бар. Егер бұлай түсінсек, яғни қазіргі 42 әріпті латын әріптерімен жай ғана алмастыра салсақ, одан ештеңе өзгермейді. Латын графикасына

(таңбасы) негізделген қазақ әліпбиін жасау ісінде тіліміз дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әртүрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс. Демек, бұл іс кез келгеннің қолынан келе бермейді, арнайы фонолог маманның ғылыми тұрғыда қарастырған зерттеу жұмыстарына үңілу керек. Ал қазіргі кезде графикалық лингвистикадан (тілді таңбалау ісі жөніндегі ғылым саласы) хабары жоқ адамдар да латын әліпбиінің жобасын дайындап, соны қайтсе де өткізу, авторлық құқық алу сияқты өз қара басына жұмыс жасап жүргендер де баршылық. Сондықтан таңба-әріп-фонема-жазу сырын білетін, графизация (тілдің таңбалануы) мәселесімен шұғылданып жүрген фонолог мамандардың көзқарастарына жүгінген жөн. Осы орайда, латын графикасын қазақ әліпбиіне икемдеу бағытында өзінің салмақты ойлары мен ғылыми маңызды зерттеулерін көп талқысына ұсынып жүрген білікті ғалым Әлімхан Жүнісбеков еңбектерінің маңызы зор. Қазіргі таңда Әлімхан Жүнісбеков бастаған ғалымдар қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонеманы (9 дауысты, 19 дауыссыз) латын графикасымен таңбалап, жаңа қазақ әліпбиін дайындап отыр. Бұған қоса, кірме сөздерді таңбалау үшін «в», «ф», «h» әріптерін де әліпбиге алу туралы пікір айтылды. Себебі бұл әріптер 1938 жылы әліпбиімізге енгізгелі қазақ тілінде әбден орнығып болды. Сөйтіп, ғалымдар 30-31 әріптен тұратын әліпби жасауды нысана етіп отыр. Бұл бұрынғы 42 әріптің қысқарып, 10 таңбасы алып тасталынатынын көрсетеді. Мысалы, бұрынғы әліпбиде «ащы», «тұщы» және өзге тілден келген щетка, щи, деген санаулы сөзді таңбалау үшін арнайы «щ» әрпі алынған болса, енді осындай әріптердің қысқаруы нәтижесінде кірме әріптерге қатысты 30-40 басы артық ереже өзінен-өзі жойылып кетеді екен.Қазір ғалымдар қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру ісін қазақ жазуын реформалау (қайта қарастыру) ісімен байланыстыру жұмыстарының ғылыми негіздемесін дайындап отыр.Тілімізді сақтап қаламыз десек, латынға көшу керек!

Жаңа адамның қалыптасуы... Латын әліпбиіне көшудің ең басты қажеттілігі...

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауда сөйлеген сөзінде: «…ең бастысы – қазақ тіліне жаңғыртуға жағдай туғызады», – деген болатын. Шынында да, әліпби ауыстырудың саясатқа да, басқаға да қатысы жоқ, ең басты қажеттілігін тілдің өзі талап етіп отыр. Тілдің ішкі-сыртқы жағдайы қазіргі жазудың (орфография) айтылымға

(орфоэпияға) кері әсер етіп, өзге тілден кірген сөздердің салмағы арта түсіп, кірме дыбыстардың төл сөздеріміздің фонетика-грамматикалық талаптарын бұза бастауы секілді түрлі жағдайлар әліпби өзгерту мәселесін алға тартты. Демек, әліпби өзгерту тек кирилл әріптерін латынмен алмастыру ғана емес, жазу саласында да реформа (қайта қарау) жасаудың қажеттігін талап етеді. Яғни кирилл әріптерінде қалсақ, осы әліпбидің емле-ережелері де жарыса кедергі келтіруін қоймайды. Себебі біз, қазақтар, орыс тілін өз ана тіліміздей еркін меңгерген, сөздерді араластырып айта беруге де үйренген, тіпті кейде қай тілде сөйлеп, қай тілде тыңдап отырғанымызды өзіміз де аңғармай қалатын дәрежеге жеттік. Екі тілдің әріптері де бірдей болғандықтан орыс тіліндегі сөздер де ешқандай кедергісіз ене береді. Бір елден екіншісіне өткен кез келген адам да, түрлі бұйым заттар да кеден арқылы өтетін, рәсімделетін болса, тілден тілге өтетін сөздер де еш кедергісіз «сайран салып» жүруі тиіс емес. Сондықтан өзге тілден келген кірме сөздер басқа әліпбидегі жазуға кедергісіз, арнайы «рәсімделусіз» өтіп кете алмайды. Осы жағдай кірме сөздерді тіліміздің табиғи ерекшеліктеріне бейімдеп жазып, қазақы дыбыстауға мүмкіндік береді. Әліпби өзгерту мәселесі тек кірме сөздерге ғана қатысты емес, өз тіліміздегі төл сөздерімізді де жазуда кеткен олқылықтарды жөнге келтіруге көмектеседі. Қазіргі заман-жазу заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас-іс қағаздары, компьютер, интернет, агент арқылы хабарласулар-бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Осы жазулар бүгінгі ұрпақтың орфоэпия (айталым) заңдылықтарын ұмытып, айтуын да, жазуын да орфография (жазылым) заңдылықтарымен жүруіне итермеледі. Яғни жазу айтылымға әсер ете бастады, ал, дұрысы, жазылым айтылымға қызмет етуі тиіс. Осы орайда, тіліміздегі әріптерді қысқартып, компьютерге икемдеу керек дегенді желеу етіп, тіліміздегі бар дыбыстарды орынсыз қысқартып жіберуге де болмайтынын ескеруіміз қажет. Тілімізде бар дыбыстардың арнайы таңбасы болуы тиіс. Компьютерді тілімізге икемдеудің орнына, тілімізді компьютерге икемдегеніміз дұрыс емес. Сонда тіл компьютерге қызмет ету керек пе деген ой туады. Қытай, жапон сияқты елдер өздерінің иероглифтерін компьютерге енгізіп отыр, олай болса қазақ тіліндегі 28 фонеманы компьютер пернетақтасына орналастыруға әбден болады.

Бұрынғы жазбаларда: «Қазақтар сөйлегенде ән салып тұрғандай» депті. Мұның себебі тілімізде сөздің қос дауыссыздан басталмауы, бір дауысты бір дауыссызды соңына ертіп немесе

бір дауыссыз бір дауыстыны ертіп, өзара үндесіп айтылуы болса керек. Сондықтан да болар, бұрынғы аталарымыз «кровать, бревно, стакан, стол, трактор» деген сөздерге екі дауыссыздың ортасына, не сөз алдына дауысты дыбысты қосып, «кереует, бөрене, ыстақан, үстел, тырақтыр» деп қазақы «әндете» айтқан, ал қазір олай емес. Сондықтан да болар, қазақы қоңыр үнді әннен, күйден іздеп, дәстүрлі әуенді сағынып отырамыз. Аға буын өз ана тілінің бабалар дәстүріне сай дұрыс айтылуын қалап, кейінгі ұрпағына аманат етіп, оқытып, үйретеді. Бірақ қазіргі жастар арасында тілдің айтылым (орфография) және жазылым (орфография) заңдылықтарын ажырата қарамай, тек жазылым бойынша сөйлеу етек алып бара жатыр. Мысалы; «аман келді» деген тіркесте сөз арасындағы «нк» дыбыстарын біреулері сол күйінде айтса, екінші бірі «нг» (аман гелді), үшінші- «ңк» (амаң келді), төртіншісі-«ңг» (амаңгелді) деп төрт түрлі айта береді. Бұл тіркес төртіншісі тоғыспалы ықпал арқылы дұрыс айтылған. Бұл заңдылықты мектеп оқушылары түгілі кейбір ғалым ағалар да: «Қазіргі жастар бұлай айта алмайды, дәстүр-дәстүр деп артық кетуге болмайды» деп, ана тіліміздің басты ерекшілігін танытатын үндестік заңын мойындағысы келмейді. Сонда ана тілін жете білмейтін кейбір жастардың сөйлеуі-қазіргі заңдылық та, бабалардан жеткен тіліміздің табиғи айтылымы ескірген заңдылық болғаны ма?! Мысалы, көгілдір экрандағы түрлі ән байқауларын тамашалайтын көрермендер тамылжыта ән салған әншіге қазылар алқасы «әнді ескі әуенмен, бұрынғы дәстүрмен айтып тұрсың, мұны қазір жұрт қабылдамайды» деп, сөзін орынды-орынсыз созып, сөздің екпінін дұрыс қоймай, сөз арасына шетелдің әуенін қосып, сөзді түсініксіз дыбыстармен бұзып «современный» орындаушыны мадақтап жататынына куә болып жатады. Бұл жағдайда балаларға арналған мысал, өлеңдердегі есектің «ән айтуды қораздан үйрен» деп бұлбұлға ақыл бергеніндей әсер етеді.

Өзге тілде сөйлеп, өзге әліпбидің ықпалымен жазу тек тілге ғана әсер етіп қоймай, адамның бүкіл болмысына да ықпал ететіндігін байқау. Кешегі өктемсоқ кеңестік жүйенің солақай саясаты қазақ тілі дыбыс жүйесінде жоқ орыс ё, ю, я, в, ф, х, ч, ц, ь, ъ әріптерін әліпбиімізге еріксіз енгізгені баршаға аян. Онымен қоймай, әліпбиіміз кирилл жазуына басқа тілден енген өзге сөздерді де орысша қалай айтылып-жазылса, қазақ тілінде де солай қолданылуы керек деген талап қойылды. Сөйтіп тіл экологиясы сол кезеңнен бастау алып, тілімізге жат дыбыс тіркестері де еш кедергісіз еніп, тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен өзіндік реңін жоғалтып,

сөзіміз де құлаққа жат әуенмен «ән салғанға» үйреніп кеттік. Тіпті «орыс сөзін жете меңгерген» халықпыз, «тіліміз де өзге сөздердің енуімен байыды» деп мақтанышпен айтып, тіліміздің табиғи дамуына қиянат жасалғанын ескердік.Жазудан айту басым болған кезеңдегі «оқымаған» халық орыс тілінен келген сөздерді өз тілінің ұлттық бояуымен көмкеріп, бөтелке (бутылка) бөшке (бочка), бәтеңке (ботинка), орыс (русс), шайнек (чайник), кәмпит (конфеты), ұшқыш (летчик), пәнер (фанер), жорнал (журнал) деп өз сөзі етіп алған еді. Осы халықтық ұстаным Ахмет Байтұрсынов сияқты ғалымдар еңбектерінің негізгі тірегі болған еді. Бірақ қазақ тілінің табиғи ұлттық бояуын сақтауға талаптанғандар «ұлтшыл» атанып итжеккенге айдалғанын тарихтан оқып білдік. Содан кейінгі кезеңде «операция», «ассимиляция», «электр», «эксковатор», «съезд», «космос», «бюджет», «атом», «театр», «архитектура», «фотография», «телеграф», «архив» секілді сөздер тау суындай тасқындап келіп жатты.Әртүрлі елдердің арасындағы байланыс, қарым-қатынас күшейген сайын бір-бірінің тілінен сөз алу да жиілей түсетіні табиғи жағдай, бірақ әр халық тіліне келген кірме сөздерді «өз бояуымен сырлап» өзінікі етіп дыбыстық өзгерістермен қабылдайды. Тек өзге тіл сөздерін өзгеріссіз алатын, өз тілінің табиғи заңдылығын ескермейтін біз болдық. Орыс сөздерінде келген сөз басындағы қос дауыссызды қатар айтуға үйреніп кеткеніміз сонша, енді дұрыс тұрған қазақтың өз сөздерін де «қос дауыссызды қатар айту» үлгісімен бұлдіре бастадық. Мысалы, трактор, спорт, стакан, кран, сияқты т.б. сөздер басындағы қос дауыссыз қиналмай айтуға үйренген қазекем енді өзінің дұрыс тұрған сөздерін бр (бір), бреу (біреу), крсін (кірсін), қздар (қыздар), крқ (қырық), стық (ыстық), рас (ырас), смағұл (ысмағұл-сымағұл), рсты (ырысты) деп бұлдіріп, екі дауыссыз арасында, не сөз басында келетін қысаң «ы», «і» дыбыстарын өте көмескі айтуға, тіпті айтпай кетуге бейімделе бастадық. Мұндай жағдайлар тіліміздің қоңыр қазақы әуеніне де әсер етіп келеді. Осындай жағдайда өз кезінде Ахмет Байтұрсыновтың: «Түбінде тілді оқығандар бұлдіреді» деп оқыған адамдар өзге тілдің ықпалына тез бейімделгіш болатындығын аңғарып ескерткені ойға оралады.Тілді тіл етіп, бар табиғаты мен болмыс-бітімін айқындап тұратын басты заңдылықтарының бірі – дыбыстардың бір-бірімен көрші тұруы, тіркесуі. Қазақ тілінде буын, сөз ішіндегі және сөз бен сөз аралығындағы дыбыстар өзара келісіп, үйлесіп, үндесіп, басқаша айтқанда, бір-бірімен қол ұстасып, жарасым тауып, үндесіп заңына бағынып тұрады. Бұл заңнан тысқары тұрған дыбыс, буын не сөз

болмайды. Ал тілінде үндестік заңы емес, сөз екпіні үстем орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің басты заңдылығына кері әсер етіп келеді. Сондықтан қазақ тіліндегі әр сөздің табиғи бояуы дыбыстар тіркесі арқылы, яғни үндестік заңы арқылы танылады. Орыс тілі және осы тіл арқылы дауыстының не бірнеше дауыссыздың сөз ішінде, әсіресе, бір буында қатар келуі қазақ тілінің табиғатына жат тіркесімдер болып табылады. Осындай тіркесі бар сөздер қазақ сөзінің ұлттық болуына дақ түсіреді. Мысалы: поэма, дуэт, какао, соус, оазис, Аида, Раиса, Зоя, сияқты сөздер тіліміздің айтылым табиғатына сай келмейді. Сондай-ақ қазіргі жазуымызда қазақ тілінде «қатаң дыбыстан соң қатаң дыбыс, ұяң дыбыстан соң ұяң дыбыс келеді» деген заңдылығы «сұхбат», «сахна», «мәслихат», «ресми», «шашлық», «лағман», «қызмет» сияқты көптеген сөздер де бұзылып жүр. «Емле», «мемлекет» деген сөздерде дұрыс жазылмай орнығып қалды. Қазақ тілінің дыбыстық заңы бойынша сөз басында «и», «у», «л», «р», дыбыстары, ал сөз аяғында «б», «д», «ж», «г», дыбыстары келмейтін болса, йод, йон, университет , логика, ленолиуим, лагерь, радио, рельс, штаб, завод, гараж, массаж, монтаж, филолог, монолог, педагог сияқты т.б сөздерде дыбыстық әуеніміз қазақы болмай, «мазақы» күй кешіп тұр. Бір түбір сөздің ішінде бір дыбыстың қатар қайталануы бұрын араб сөздері арқылы келсе де, оны халық ұлттық бояуымен өзгертіп (молла-молда, алла-алда-Алдаберген, суннат-сүндет, үммет-үмбет) алса, орыс тілі арқылы келген «касса», «миллион», «тонна», «аппарат» сияқты сөздер өзгеріссіз қолданып, тіліміз заңдылығына сай келмей тұр.

Тіл білімінде сөздің мағынасына өзгерте алатын, мағынаға қатысты дыбысты фонема деп атайды, ал оның сөйлеу барысындағы естілетін әртүрлі реңдері дыбыс (вариант, вариация) деп аталады. Бір фонеманың құрамында бірнеше дыбыс, яғни әр фонеманың варианттары; кейбірінде вариациялары да бар. Егер фонеманың реңдерін арнайы әріптермен таңбаласақ, оған таңба да жетпес еді, бұл дұрыс та болмас еді. Бірақ осындай кемшілік біздің қазіргі әліпбиімізде бар. Мысалы, «қ» фонемасының реңдеріне х, h дыбыстары жатады. Сондықтан қош-хош, қалық- халық, қабар-хабар, қайыр-хайыр, қақарман-қахарман-қаһарман, Гауқар-Гауһар-Гаухар деген сөздерде қай дыбысты қолдансаң да мағына өзгермей тұрғаны, бір фонеманы үш әріппен таңбалаудан туындаған заңсыздық, басқаша айтқанда, бір адамның үш есімі бар, не үш төлқұжаты болғаны сияқты. Сөйтіп, қазақтың «қ» фонемасымен айтылатын сөздер әліпбиімізге қазақ тілінде жоқ,

орыстың «х» фонемасы енгізілуіне байланысты, бірде қазақтың «қ» фонемасымен,бірде орыстың «х» фонемасымен, енді бірде араб сөздеріндегі «h» фонемасымен әртүрлі жазылып, жұртты адастырып тұр. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қысқасы, тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен реңін жоғалта бастады. Қазіргі әліпбиіміздегі осы сияқты тағы басқа кемшіліктер латын әліпбиіне көшкен кезде шешімін табады деп ойлаймын.

Ұсыныс бөлімі... Н. Ә. Назарбаев: XXI ғасырдағы... «Латын әліпбиі-заман талабы». Елінің болашағын ойлаған әр азамат, зиялы қауым өкілдері, әртүрлі мамандық иелері латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісуі». Еліміз тәуелсіздік алған кезеңдерден бері айтылып та, талқыланып та келе жатқанымен, күні бүгінге дейін тоқтамды, әрі бір байламды шешімге келе алмай отырған мәселенің бірі – латын әліпбиіне көшу мәселесі. Бұл жайында жиырма жылдан аса тіл мамандары мен қатар, қоғам қайраткерлері де, саясатшылар да, түрлі БАҚ өкілдері де айтып та, жазып та келеді. 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгін де телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал, біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ», деген болатын.Елбасының осы тапсырмасы мен латын әліпбиіне көшудің қаншалықты маңыздылығына қарамастан, өкінішке қарай, бұл мәселені әлі де болса тек қана талқылаудан, ұсыныс айтудан әріге апара алмай отырмыз. Ендігі арада саяси-экономикалық, ғылыми және халықаралық маңызы бар бұл мәселені кідіртудің қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Өйткені, ғаламтор мен ұялы байланыстың жазармандары мен пайдаланушылары, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдері латын әліпбиін әлдеқашан пайдаланып та жүр.Бізде латын әліпбиіне көшуге қажетті барлық алғышарттар жасалған деп санауға болады. Өйткені, ең бастысы – біздің елімізде бір әліпбиден екінші әліпбиге көшудің бір емес, екі бірдей тәжірибесі бар. Мысалы, 1926 жылы Қазақстанда араб графикасынан латын әліпбиіне көшу 20 күннің ішінде жүзеге асырылды. Ал, латын әліпбиінен бүгінгі

кириллицаға көшу 1937 жылы басталып, ол 1940 жылы толық аяқталған болатын.Ұлтық санаға әлі де ойлануға уақыт бар.Мына экспериментті тәжірибеміздің құндылығын болашағынан көп үміт күттіретін, еліміздің көркейтілуіне өз үлестерін қосатын жастарға арнадық.

Ойымды корытындылай келе: «Зияткер ұлт-2020» атты Президенттік жобаның орындалуы... «Жас ұрпақ санасындағы – Жаңа Қазақстандықтардың, жаңа адами рөлі мен құндылығында деп білемін. Еліміз 2050 жылға қарай Қазақстан өзінің өндірістік активтерін ең жаңа технологиялық стандарттарға сәйкес толықтай жаңартуы тиіс. «Алдымен экономика, содан соң саясат», деген Қазақстандық даму формуласы өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Тәуелсіздік алған жылдары басталған экономикалық модернизация бүгінде тұрақты экономикаға айналды. Дүркін-дүркін бағдарламалар қабылданды. Қадау-қадау жоспар, жобалар жүзеге асты. Жастар тұрақтанған экономиканың кілтін қолдарына алды. Олар оқыған, дүниежүзілік стандартты игерген білімді жастар. Соның нәтижесінде, экономиканың екпіні артты, бойға қуат бітті. Тәуекелшіл экономиканың басты жауы саналатын қаржылық дағдарыстың толқынына төтеп бердік. Енді, Елбасы латын әліпбиіне көшу мәселесіне өзі қолдау білдіріп отырғанда, ендігі арада бұл мәселені соза бермей, жан-жақты сараптамадан өткізуіміз қажет. Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты латын әліпбиіне көшудің жобасын әлдеқашан әзірлеп те қойған болатын. Бұл институт мамандары ең әуелі өз еліміздің тарихындағы әліпби реформасының, сонымен қатар, өз тәуелсіздіктерін алғаннан кейін кириллицадан латынға көшкен Өзбекстан, Түркіменстан, Әзербайжан, тағы басқа елдердің тәжірибелерін зерттеп және де осы реформаның бұлардағы оң тұстары мен жіберілген кемшіліктерінің бәрін де зерделеп, жинақтап отыр. Көрнекті қоғам және ғылым қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері латын әліпбиіне көшуді қолдап қана қоймай, олар мұны әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын бірден-бір төте жол деп есептеуінде.

ӘДЕБТЕТТЕР

1 Назарбаев Н.А. Ключи от кризиса. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева (Март 2009 г.)

2 Назарбаев Н.А. Казахстан в посткризисном мире: интеллектуальный прорыв в будущее // Лекция в Казахском национальном университете имени аль-Фараби. 14.10.2009

3 Назарбаев Н.А. «2050-Жолдауы» Қазақстан Жаңа Жаһандық нақты ахуалда.2015 жылғы жолдауы. 01.012. күні шыққан.

4 Назарбаев Н.А. «Зияткер ұлт – 2020».

5 Назарбаев Н.А. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы:Жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 2017 жыл.02.02. күні шыққан.

6 Турсунов Е. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. – Алматы: Дайк-пресс. – 2001. – 172 с.

7 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата. – 1973. – 349 с.

8 Назарбаев Н. В потоке истории. – Алматы: Атамура. – 1999. – 296 с.

9 Современный словарь по педагогике / Сост. Рапацевич Е.С.- МН.: «Современное слово». – 2001. – 928 с.

10 Гуреев Е.М. Моделирование – способ познания структурного аспекта мироздания (вариант для средней школы).

ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ЖҰРТ» ПЕН «ЗАМАН» КОНЦЕПТІЛЕРІ

ЗИНЛҚОБИДЕН Т.
оқушы, Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі
МУЛИКОВ Е.
оқушы, Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі

«Жұрт» концептісі. «Атамекен» – «рухани кеңістік». Көшпенді түркі халықтары үшін рухани кеңістік – жұрт. Ақын танымында жұрт кеңдік эталоны ретінде алынып, кең байтақ жердегі ұлттық-мәдени өмірді, еркіндікті сүйетін халықтың болмысын сипаттайды. Ақын қолданысында дала лексемасы *кең дала, құ дала, ен дала, боз дала, сар дала, кер дала, жапан дала, кеңесті дала, құм дала* сынды бейнелі тіркестермен келіп, «жұрт» концептісінің маңына шоғырланған тілдік бірліктер ретінде танылады. Ақындар поэзиясында «атамекен» концептісі *«Жердің құты», «Құтты қоныс мекен», «Қара орын»* мәдени фон мен мәдени семаға ие болған стереотиптік бірліктер арқылы танылған. Ақын поэзиясы тіліндегі «атамекен» концептісіне қатысты *«ауыл», «жайлау» «құтты қоныс», «құтсыз қоныс»* ұғымдары көшпелі халықтың таным әлемімен байланысты көрініс тауып, «атамекен» концептісін танытудағы өзекті концептілер болып табылады. Академик Р. Сыздық атамекен, жұрт сөздерінің түркілік «қара орын» синоним сөзін келтіреді. Ғалым М. Қашғари

сөздігіне сүйене отырып, «ағайын-туыстар мен ата-бабаның сүйегі жатқан жер» деп түсіндіреді.

Түркілік дәуреннің өтіп, бір отаудың астына біріккен рулар, ел-жұрттар ішкі-сыртқы күштердің әсерінен жіліктеліп, бөлініп жатқан шақта өзінде күресерге дәрмен қалмаған кезде Қазтуған жырау:

Алаң да алаң, алаң жұрт
Ақ ала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт – деп атасы мен анасының, өзінің туған, өскен, ер жетіп азамат атанған туған жерін сипаттайды.

Жұртының жанға сая, малға жайылым-жайлау болған құт мекенін жақтап келіп соңында шарасыздықтан:

Қайран менің Еділім, Мен салмадым, сен салдың.
Қайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт, – дейді.

«Жұрт» концептісі – түркілік танымнан бастау алатын, бүгінгі тілде мағыналық өрісі тарыла бастаған сөз. Жұрт атасынан қалған, өзіне бақ пен дәулет әкелген қасиетті орта. Түркілік таным сол жұрттың қасиетін Қазтуған тілінде одан да жоғары көтере түскен. Ақынның жерден айырылып тұрып, кейінгіге шын ықылас, ниетпен қалдыруы, екінші жағынан, қайта оралам деген үмітті де байқатқандай. Орала алмаған күнде жанындай болған жерінің жақсылығын тілеген рақым, мейірім көңілі ақылдың кемелін, биіктігін танытады.

Жұрт концептісінің қазақы танымының өзіндік өзгеше сипаты жыраулар әдебиетінде көрінеді. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясының ерекшелігі де жанындай жақсы көрген елі мен жерінің өзгенің еншісінде кететініне сене отырып, заманның өзгерісін болмай қоймайтын заңдылық деп қабылдап, халық басына түсер сынының болашақта да болатынын жазады.

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Кімдерге қоныс болмаған.
Саздауға біткен қара ағаш,
Кімдерге сайғақ болмаған.
Сар шымшықтай шырлатып
Ғазырейіл кімдерге құрық салмаған,
Сақалына сары шіркей ұялап,
Миығына қара шыбын балалап,
Жазыда мал іздеген қазақтың
Басы қайда қалмаған, – деп Шалкиіз жырласа, Бұқар жырау толғауларындағы заман бейнесі адам мінез, өзге жұрт қатынасымен

бірге келешек күндер қалай болары да айтылады. Бұқар да болашақта қазақ жұртының қиындықпен өтер күндері көп екенін болжайды. Өзгені пір тұтып, өзін құрметтеуге көңілі жүрмейтін елдің тізгінді ұстауы да қиын. Ата-бабалары сынаған қатар жүріп, сырлары мен мұңдары, тілектері жарасқан жандарды емес, белгісіз, бөтендерді құрмет көрсетуінің соңы жақсылықпен бітпесін ескертеді.

Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер,
Айтып айтпай немене,
Заманыңыз аз келер
Сол заманың келгенде,
Ата-бабаң қол берген
Қожаларды қас көрер.
Ноғайларды ғалым деп,
Әулиедей көресің.
Ноғайлардың бойлары болар сазандай,
Сөлдесі болар қазандай,
Ахіретке барғанда
Ақ сүйекті қор тұтқан,
Қараны одан зор тұтқан,
Ноғайларды пір тұтқан,
Тартарсың сонда жазаңды-ай.

Жұрт концептісінің мағынасының өзгеріске еніп, ұлттық қабылдауда ендігі бұрынғы жайлы мекен дегеннен гөрі өзгенің еншісіндегі қалыпқа келетін мағына бірліктері көп қолданыла бастады. Жұрт концептісінің мағынасын өзгерткен «заман» концептісі болды.

«Заман» концептісі қазақ тілінде уақыт, кезең сөздерімен ауыстырылып келген. XYIII ғасырдың соңынан бастап, қиындық пен алдағы болашақтың жұмбақ сыры, келер қоғамның өзгеруі мағынасында алынды.

Заман концептісі «заман» және «замана» қалпында кездеседі. Сөздің мағынасы уақыт пен кезең дегеннен гөрі тілде осы мағынаны айқындайтын өзге синонимдестеріне қарағанда уақыт өзгерісі мен кеңістік ауысымы және оған халық қатынасы деген мағынаны кең ашатындығында. Қазақ әдебиетінде ауыздан-ауызға көшіп, авторы түрлі нұсқада айтылып жүрген ертеңгі заман жайындағы толғаулар бар. Бұл жыр-толғаулардың жалпы мазмұнынан ел ертеңінің бұлыңғыр болашағына алаңдаған сезім мен бұзылған қоғамға күйінген қалыпты байқаймыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ фольклоры үлгілерінен жинаған өлеңдерінің ішінде «Асан қайғының мұңы»:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан – күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың-қызың орысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жұртым сонда не етер?! – деген жыр бар. Асан қайғының айтары да заман концептісі, уақыттың тарылтатындығы, ел-жұрттың өзгеретіндігі, «қарағай басына шортан шықса» дүние әлем бүлініп, балалықтан баз кешкен өмір болатындығы.

«Заман» концептісінің өзгерісі осы жыраулар шығармаларынан бастау алады. Ауыз әдебиетінде заман концептісінде өзгеріс жоқ. Асан қайғының болжауынша, бұзылған заман туыстықтан ада, ел билеуден кеткен, табиғат қадірі қашқан, бөтенге бодан болған «есіл жұрттың» ертеңіне егіледі. Асан қайғы айтса да, басқа айтса да, ғаламдағы халықтың өзгерері, жаратылыста үлкен «дағдарыс» деп атап жүргеніміздей алапаттар болатынын есте жоқ ескі замандарда қазақ жырау, шешен, билері айтып кеткенін әдебиет тарихы дәлелдейді. Осындай сәуегейлік жырлардың біріне Мөңке бидің айтқандарын да келтіруге болады:

Заман ақыр адамы
Менмен шығар деп еді.
Үй басына тақ еткен
Келі шығар деп еді.
Алысқа деген қамыстан
Үй шығады деп еді...

«Заман» концептісін қоғамдағы жаңалықтар мен адамдар қоғамының мәдениеленуі деп те қабылдауға болады. Бірақ қазақы түсінік таным өзгерісі ұлттың бұзылуы деген ойға әкеледі. Сол себепті де болар, заман концептісі таным өзгеріс деген мәнге ауысқан.

Қазақ әдебиетіндегі «жұрт», «заман» концептілерінің өзгеру көріністерін, суреттелу, бейнелену сипаттарын анықтауда біздің байқағанымыз:

– елдің, жұрттың қысылу, өзгеру үрдістері болашақ ісі деген мағына бірліктерімен бірге жүре бастағандығы байқалады. Концептілік мағынаның өзгеруі өзге халықпен араласқан кезде жүргендігі ашылады;

– қазақ халқы тарихындағы өзіне мығым, сыртқы саясатта тепе-теңдікті ұстанған, өзін өзгеге сыйлата білген қоғамдарда жұрт, заман бұзылуы жайында көңіл бұзар ойлардың көп қылаң бере бермегендігі;

– ұлттың болашағындағы заман мен жұрт концептілерінің мағыналық өзгерістері жаһандық жаңа бағыттарға бойұратын шақта қашан да ел ішіндегі алауыздық, тұрақсыздық жайылған замандар болады деген ойдың XYI-XYIII ғғ. айтылғандығы көрінеді;

– «заман» мен «жұрт» концептілерінің мағыналық өзгерісі ұлттық ортақ идеядан халық алыстаған қоғамда халықтың өзге ойпығылға көбірек иек артып, соның өзге әдетін сәнге айналдырған кезеңін суреттейді.

I. ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ПРЕЦЕДЕНТТІК ЕСІМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ИЗЮМСКАЯ Ж. С.
9 сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.
МҰХАМЕТЖАНОВА Р. Ж.
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ тіл білімінде прецеденттік атауларды зерттеу мәселесі маңызды әрі өзекті сипатқа ие болған. Прецеденттік есім ұғымы лингвистика саласына XX ғасырдың соңғы жылдары енгізіле бастады. Прецеденттік атауларды зерттеу орыс ғалымдарының еңбектерінен бастау алады. Қазақ тіл біліміндегі прецеденттік құбылысын зерттеушілерге Г. А. Қажығалиева, Қ. Рысберген, Г. Б. Мадиева, С. Иманбердиева, Ж. Д. Капарова, Т. Жанұзақов сияқты бірқатар ғалымдарды жатқызуға болады.

Прецеденттік атаулар қашанда қоғам өмірімен, тарихымен, мәдениетімен, ұлттық сипатымен, белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Шындығында да, прецеденттік атауларды зерттеу арқылы сол халықтың тілін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, әлеуметтік жағдайын т.б. сырларын ашуға болады. Осы тұрғыдан алғанда І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы прецеденттік атауларды зерттеуді жөн көрдік.

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақ тілінің қолданылу өрісі ұзарып, қанатын кеңге жайып отырған қазіргі кезеңде тілімізге қатысты

зерттеу еңбектердің алар орны ерекше. Тіл білімінің лингвистика саласының тың арналарының бірі прецеденттік есімдердің І.Есенберлин қолданысындағы қыр-сырын зерттеу жұмыстың өзектілігі болып табылады. Жазушылар шығармашылығын зерттеу арқылы Қазақстанның бар тарихын, ұлы тұлғаларын тереңірек тани түсеміз.

Қазақстандық лингвистикада прецеденттік есімдер арнайы қарастырылмаған, бірнеше ғалымдар Т.Д. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Е. А. Керімбаев, Г. Б. Мадиева, Г. А. Қажығалиева, Г. К. Ихсанғалиева, С. К. Иманбердиева, Ф. М. Әшімханова өздерінің зерттеу жұмыстарында бұл мәселеге өте жақын келді. Прецеденттік есімдер дифференциалды нышандары заттың келесі сипаттамасын енгізеді:

Сыртқы келбеті бойынша;

Мінез ерекшеліктері бойынша;

Прецеденттік есімдер жағдай арқылы маңызденуы.

1 Сыртқы келбеті бойынша. Біреуді Кощей Бессмертный деп айтса, онда автор сол адамды ертегі кейіпкерімен сырт келбетінің ұқсас екендігін білдіреді: денесі өте арық, жұтаң немесе Сұлушаш, Қыз Жібек деген прецеденттік есімді қолданса, автор ұзын шашты сұлу қызды айтады.

2 Мінез ерекшеліктері бойынша. Біреуді «Аяз би» деп айтса, онда автор бұл мұғалімнің әділдігін және адалдығын айтқысы келеді. Немесе Коробочка персонажы («Мертвые Души» поэмасы, Н.В. Гоголь). Біреуді Коробочка десе, автор ұсақшыл, дүниеқор адамды тұспалдайды.

3 Прецеденттік жағдаят арқылы прецеденттік есім маңызденуы. Мысалы, «Европа» компаниясының жарнамасы Петр І мүсінімен сүйемелденген, ал адамдар санасында «окно в Европу» ассоциациясы туындаған.

Жазушы атағын әлемге танытқан «Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас» атты тарихи романдарынан тұратын «Көшпенділер» трилогиясы. Бұл тарихи роман өткен заманның маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайды. Жазушы тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, қоғамдық-мәдени, рухани мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі.

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында төрт ғасырлық оқиға, яғни XV-XIX ғасыр аралығындағы қазақ хандығы өмір сүрген кезең суреттеледі. «Алмас қылыш» романында XV-

XVI ғасырларда Қазақ хандығының құрылуы Әбілқайыр, Жәнібек, Керей хандардың тақ үшін таласы, қазақ руларының бірлесу идеясы суреттеледі. «Жанталас» романында XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақстанның шетел басқыншыларымен күресі және Әбілқайыр ханның Қазақстанның Батыс бөлігімен Ресей патшалығы қол астына кіруі сипатталады. Қалмақ хандығының қазақ еліне опасыздық шапқыншылығы, Алакөл маңайында, Ордабасы өңірінде болған қырғын ұрыстар, Ресей патшалығының қол астына кірген Әбілқайырдың түпкі армандарының жеке басындағы түңілістері туралы жазылған.

І. Есенберлин трилогиясындағы прецеденттік атаулар.

Атақты тарихи тұлғалар, саясаткерлер және қоғам қайраткерлері.

Халық қаһармандары, Отан үшін ерлік жасаған, тарих беттерінен әйгілі хан-сұлтандардың есімдері көркем туындыда кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы, *Бабасы Шыңғысхан бүкіл әлемді осы ажал арқылы бағындырмақ болған жоқ па еді?* [1, 7 б.]. Толық аты Тэмуджин Борджигин. Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы Есугей баһадүрдің отбасында туған. Шыңғысхан – әлемге аты әйгілі хан. *Екіншісі өзінің аталасы Мақмүдек ханнан туған Ходжа Мұхамед ханның баласы Абақ. Әсіресе жас болса да Жәнібектің ұлы Қасымның, Керейдің баласы Бұрындықтың аяқ алыстары бөлек* [1, 14 б.]. Қасым хан-қазақтың ұлы хандарынын бірі, қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Әз-Жәнібек ханның ортаншы баласы. Бұрындық хан – Керей ханның үш ұлының бірі. *Әбілқайыр ханның төртінші әйелі, атақты ғалым-Самарқан ханы Ұлықбек мырзаның қызы Рабиу-Сұлтан-Бегім сұлу еді* [1, 21 б.]. Ұлықбек хакімнің қызы, яғни Әмір Темірдің немересі. Әбілқайырмен 16 жыл отасып, 1468 жылы қайтыс болады. *Алдымен ол Тәуекел ханмен, соңынан Есім ханмен сан айқасты, бірақ дегеніне жете алмады* [2, 10 б.]. Тәуекел хан – (1583-1598 жылдары билік құрған). Есім хан – (1598-1628) билік құрған қазақтың бірегей тұлғалары. *Ал Сыбан Раптан, баласы Қалден Церенмен қосылып, Халж дуанын тонаудан бастап, Қытайға қарсы соғыс ашқанда, Джунгоның жаңа Цин династиясының императоры* [2, 11 б.]. *Бұл тұста «Үлкен Орда» ханы болып, Жәнібек ханның кенжесі Жәдек ұрпағы Тәуке ханның бәйбішесінен туған Болат отырған* [2, 12 б.]. Жәнібек хан- Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы, Барақ ханның ұлы, Орыс ханның шөбересі.

2 Қазақ әдебиетінде өктемділікке қарсылықтың символы, елге жайлы қоныс іздеген, елдің қамын ойлаған өнегелі мемлекет қайраткерлері, би-шешендер мен жыраулар. Бұл есімдер де дифференциалды нышанның екінші нұсқасы бойынша прецеденттік есімдер. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романында бұндай би-шешендер мен ақын-жыраулардың есімдері де молынан қолданылған. *Қыпшақтың от ауызды, орақ тісті, қарға бойлы Қазтуған жырауы мен Арғынның ақсандақ жүйрігі, сексеннен асып кеткен, Ақжол бидің әкесі Қотан жырау айтысады* [1, 48 б.]. Қазтуған Сүйінішұлының туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. *Түркістанда Ахмет Яссауи шайхқа арнап салған Ақсақ Темірдің атақты мешітіне де...* [1, 83 б.]. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орыны бар ұлы ақын, пәлсапашы. *Темір бидің жиені, көмекейінен бұлбұлша сайраған он бес жасар Шалкиіз жырау келді* [1, 209 б.]. Шалкиіз жырау – орта ғасырлардың көрнекті өкілі. Қазақ поэзиясының атасы – Шалкиіз жырау 1465 жылдар шамасында Жайық бойында дүниеге келген. *Қазақтың алғыр билері – Қаракесек руынан шыққан, отыздардан жаңа асқан қаз дауысты Қазыбек, үйсін Төле билер, әз Тәукенің ордасына жиі келіп, ханның ел билеу ісіне арналған атақты ережесі «Жеті жарғысының» жазылуына көмектесті* [2, 13 б.]. Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Төле Әлібекұлы – қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Қазыбек, Әйтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланған. *Алтынторы руынан аты шулы Қалқаманұлы Темірғали-Бұқар жырау жиырма бесінде әз Тәукенің ордасына кеп, сарай ақыны атанды*. [2, 14 б.] Бұқар жырау Қалқаманұлы қазақтың ұлы жырауы, XYIIIғ. жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы.

3 Ерен батыр, талантты қолбасшы, мемлекет қайраткерлері.

«Көшенділер» романында Әмір-Темір, Напалеон, Баян батыр, Қабанбай батыр т.б. атты прецеденттік есімдер қара күші мол, батыр, мықты қолбасшы адамдарды бейнелейді. *Бұл Найман батыры Қаракерей Қабанбай еді* Қаракерей Қабанбай – дарабоз батыр, талантты қолбасшы. *Жоңғар қонтайшысы Сыбан Раптан*! [2, 20 б.] Ол – Жоңғар ханы (1697-1727), мемлекет қайраткері, мәмлігер және қолбасшы. Сонда ғана Елшібек батыр қаланы беруге

мәжбүр болды. 18 ғасырда өмір сүрген қазақ батыры. Ұлы жүздің құрамындағы сіргелі руынан шыққан [2, 28 б.]. *Сайрам даласында бір кезде Әбілқайырдың атақты жауынгері болған Қоңырат Үршы батыр ұрпағының ауылына түскен* [2, 39 б.]. Сайрам даласында бір кезде Әбілқайырдың атақты жауынгері болған Қоңырат Үршы батыр ұрпағының ауылына түскен. Арқаның ардагері Батыр Баян өзі де бүгін-ертең жетпек. Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек ардагерлердің бірі-батыр Баян Қасаболатұлы. Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Тіпті қос мүйізді Ескендір Зұлхарнайынның атағы да! [2, 111 б.]. Бұл тұсты Жолымбет батыр қорғады. Кіші жүз құрамындағы байұлының бір тармағы тана руынан шыққан.

4 Өнер майталмандары: балуан, ақын-жазушылар, ғұлама адамдар. *Бұл атақты Қажымұқан балуанның он екінші баласы* [1, 36 б.]. Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші орынға қойған бірегей тұлға. *Түркістанда Ахмет Яссауи шайхқа арнап салған Ақсақ Темірдің атақты мешіті ерекше* [1, 83 б.]. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орыны бар ұлы ақын, пәлсапашы. Бес жыл өткеннен кейін ғана барып Пушкинді де білді [1, 153 б.]. Ресей ақыны, классикалық орыс әдебиетінің негізін салушы.

5 «Көшпенділер» романындағы прецеденттік топонимдер. Кез-келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті де және еліміздің басынан өткен сан қилы заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланысты да жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

«Көшпенділер» тарихи романында да топонимиялық атаулар көп кездеседі. Мысалы, өзен-су аттары: Жейхун, Сейхун, Орхон, Еділ өзені, Ніл өзені, Арыс пен Бадам өзені, Қаратал, Талас, Шу, Жетісу, Еділ, Ақ Жайық, Іле, Зайсан, Жайсан, Ертіс, Енисей, Қобда өзені, Тібіт өзені, Шелек өзені, Нарын, Аягөз, Каспий, Есіл, Нұра, Сырдария, Амурдария, Еділ-Жайық, Қарабас өзені, Үшбас өзені, Алакөл т.б.

Әмбебап конфессионалдық прецеденттік есімдер көбіне мәлім, этностағы мұсылман қауымдастығына тән Алла, Мұхаммед,

Пайғамбар, Мекке, Медина..,ұлттық конфессионалдық прецеденттік есімдер белгілі бір этносқа жататын қасиетті жерлердің және әулие адамдардың есімдерімен байланысты. Мысалы, Арыстанбаб, Айша бибі, Домалақ ана, Ұмай ана, Қожа Ахмет Иассауи... Бұндай есімдерді де І.Есенберлиннің романынан кездестіруге болады. *Араб жазушысы Абу Әль-Фидің айтуынша, құрбандыққа Қыпшақтар кісі де бауыздаған* [1, 49 б.]. Мұсылмандық діntанушы, философ. Өзінің шығармаларында құдайды ақыл арқылы тануға болмайтындығы туралы идеяны ұстанды. Мұхамет пайғамбар тумастан мың жыл бұрын. – *Сол ұстапта: «Қазақ Мұхамет пайғамбардың жолын берік ұстаған діншіл халық емес, оны шоқындырып алу оңай, тек ауылға уәкілдер жіберілсін» делінген* [3, 7 б.]. Арабтың бір құдайлықты уағыздаушысы және ислам пайғамбары, осы діннің негізгі қайраткері.

Қазіргі қазақ тіл білімінде прецеденттік атауларды зерттеу маңызды мәселелердің қатарына жатады. Жалпы прецедент ұғымы сөздіктерде бұдан бұрын орын алған және осы кездегі ұқсас әрекеттерге үлгі немесе негіз боларлықтай оқиға, жағдай, әрекет немесе ұқсас жағдайлар туындаған кезде, үлгі ретінде қарастырылатын белгілі бір жағдайдағы тәлім-жосық деп берілген. Біз зерттеу жұмысымызда С. Иманбердиева, Ж. Д. Капарова, Т. Жанұзақов сияқты ғалымдардың пайымдаулары мен зерттеулеріне сүйене отырып, прецеденттік есімдерді, олардың классификациясын, атқаратын функцияларын жан-жақты зерттеуге тырыстым. Сонымен қатар прецеденттік атаулардың көркем шығармаларда да кеңінен кездесетіні белгілі. Осы орайда, мен І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романының негізінде прецеденттік атауларды қолданысын, қызметтерін анықтап, мысалдармен дәлелдеуге тырыстым.

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романы өзінің көлемі жағынан да, қамтитын дәуірі жағынан да қазақ әдебиетіндегі ең бір құнды туындылардың бірі және төртғасырлық тарихи кезеңді қамтиды. Романда оқиғада көп және оған қатысатын кейіпкер де көп. Романда 300-ден аса адамның аты, 100-ден астам топоним бар. Зерттеу нысанына сәйкес прецеденттік есімдер қолданысына сипаттама берілді. Ерекше ұлттық барысында қол жеткізген нәтижелер мен тұжырымдамалар қазақ тіліндегі прецеденттік атаулардың жалпы сипаты мен ұлттық-мазмұндық құрылымын тануға мүмкіндік берді.Біз зерттеу нысанымызға алып отырған І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы прецеденттік есімдер белгісін анықтай келе көптеген нәтижелерге қол жеткіздім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Есенберлин І. Алмас қылыш. – Алматы: «Жазушы». – 1976. – 7-309 б.

2 Есенберлин І. Жанталас. – Алматы: «Жазушы». – 1976. – 9-290 б.

3 Есенберлин І. Қаһар. – Алматы: «Жазушы». – 1976. – 7-341 б.

4 Құрманова А.И. «Весник» ПГУ. – №1. – 2011. – 64-72 б.

5 Иманбердиева С. Прецедентті атаулардың менсонимдерде қолданылуы // Тілтаным. – 2002. – №2. – 90-94 б.

6 Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым. – 1996. – 126 б.

7 «Көшпенділер» романындағы тарихи дерек көрінісі әдебиет порталы. – 77- 80 б.

8 Труханова Н.В. Прецедентные имена в ассоциативном языковом сознании носителей языка // Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования: Тезисы докладов Международной конференции.– Москва. – 2001. – 120-121 б.

ФИЗИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

ИМАНҚҰЛ А.
оқушы, Қарақұдық ЖББОМ, Павлодар облысы
ЖАКИЕНОВА К. К.
Қарақұдық ЖББОМ, Павлодар облысы

Тәуелсіздікке қолы жеткен халқымыздың көне тарихқа, мәдениетке деген қызығушылығы арта түсті, ұрпақтан – ұрпаққа мұра болған қазақтың ұлттық тілдік байлығы, термин жасам мүмкіндіктері қазақ халқының көне дәуірінде мәдени деңгейінің өте жоғары болғандығын дәлелдейтін фактілер көп. Жұмыстың құндылығыда осында. Терминологияның дамуы мен қалыптасуының өзіндік тарихы бар. Оны ғылым мен техниканың өркендеуінен, қоғам өмірінде болып жатқан саяси-экономикалық, рухани-мәдени, тарихи-әлеуметтік өзгерістерден мүлде бөліп алып қарауға болмайды. Сондықтан терминдерді мектептен бастап оқыту бағдарламасы енгізілген. Әрбір сыныпта жас ерекшелігіне байланысты терминдер қамтылып отырылады. Арнайы өазақ тіліндегі терминдерге сағат бөлінген. Мысалы басқа ғылым салалары сияқты қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің өз тілдік ұғымдары мен терминдері бар. Мектеп қабырғасында қазақ тілі мен

әдебиеті пәнінен оқушыларда терминдер туралы ұғым түсініктер қалыптасады. Терминдер жайлы, терминдердің беретін мағынасы мен ұғымының негізгі сипаттары, қасиеттері қарастырылып көрсетіледі. Оған анықтама беріледі. Ұғымға дұрыс анықтама беру – оны ғылыми дәрежеге көтеру болып табылады. Олай болса, ілімнің, теорияның негізі – ұғым. Ұғымды жаңа сипаттармен толықтыру – өмір талабы. Ұғымның сөйлеудегі өкілі – термин. Демек, термин – ұғым анықтамасын бейнелейтін, қысқаша білдіретін сөз. Ұғым жаңа сапалармен, қасиеттермен толыққанда, байығанда оны жаңа атаумен көрсету керек пе деген заңды сұрақ туындайды. Отызыншы жылдары А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыттары әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан күшпен өзгертілді. 1929 жылдың жазында А. Байтұрсынұлымен бірге көптеген қазақтың білікті ұлттық кадрлары қамауға алынды. Ендігі жерде ұлттық республикалардағы термин жасау ісінің бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес орталық белгілейтін болды.

30-40 жылдар аралығында термин қалыптастырудың жаңа бағытын қалыптастырудың жаңа бағытын орнықтырып, отызыншы жылдарға дейінгі термин жасау бағытының дұрыс еместігін дәлелдеу жолында белсенді жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде 30-жылдарға дейін термин мәселесімен айналысқан, ұлттық ғылыми терминологияның даму бағытын белгілеген А. Байтұрсынұлы бастаған кадрлар 1937-38 жылдары әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан жойылды.

М. Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде 300-ге тарта термин жинақталған. Оның терминжасам тәжірибесіне келсек, ол көбінесе педагогикалық терминдерді қазақ тілінің лексикалық қорынан дайын қалпында алып пайдаланған немесе оларға қосымша терминдік мағына жүктеген. Мысалы, сезім, мінез, ой, ақыл, елес, қуаныш, зейін дегендерді атауға болады [1].

«Сол кезеңдегі қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына М. Әуезов, Ш. Құдайбердіұлының да елеулі еңбектері болды. М. Әуезовтің 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Қайсысын қолданамыз?» және «Ғылым тілі» атты мақалалары терминология мәселелеріне арналған алғашқы мақалалардың бірі болды» [2, 8 б.].

А. Байтұрсынұлы және алаш зиялылары тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін қабылдауға болады, бірақ шетел терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған [5]. Е. Омаруұлы: «Пән сөзді өз тіліміздің таба

алмаған күнде иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, — оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек». «Тілдің заңына келмейтұн жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, — тілдің негізгі қасиеттері тұрлаулы заңдары бұзылады» — дейді [3, 17-20 б.].

Ал Х. Досмұхамедұлы термин сөздерді қабылдау тұрғысында мынадай тұжырымдар айтқан: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін тілге өзілік болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек». «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады», – дейді [4, 178].

Е. Омаровтың оқулығында пішіндеме (геометрия) атаулары түңғыш рет қазақ тілінде өз баламаларын тапты. Оқулықта келтірілген бір түйіннің өзінде қанша қазақша атаулар кездеседі.

«Тік бұрышты үшкілдің екі қары өзара тең болса, оның қимасы қарымен өлшемдес болмайды, қары мен қимасының ортақ өлшеуіші болмайды. Яғни олардың еселік арасы одағай (иррационал) сан болады деген сөз». Мұндағы түйін (теорема), үшкіл (үш бұрыш), қар (катет), қима (гипотенуза), одағай (иррационал) қаншалық қазақы ұғымдар екені бірден байқалып тұр [3, 17-20 б.].

Медицина саласындағы ғылыми – көпшілік мақалаларда да ауру атаулары қазақтың өз тіліндегі сөздермен берілген. Халел Досмұхамедұлының «Тамыр дәрі» аталатын мақаласында («Қазақ» газеті, 1913) тамыр дәрі, әулие шөп, теңге қотыр, көкірек ауру, науқас, дару, дарухана (аптека), емдеуші, дәрігер сияқты атау сөздер кездеседі [4, 178].

Ж. Аймауытов психология ғылымына байланысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете білді.

«Физика» туралы айту үшін оны зерттеп білуге арнайы сөздер – ғылыми терминдер пайдалануға тура келеді. Мәселен, әр түрлі заттардың: ұшақтың, адамның, доптың және т.б. қозғалысы туралы айта отырып, физик көп жағдайда шынтуайтында ненің қозғалатындығыменсанаса бермейді, өйткені бұл қозғалысты зерттеп білуде аса мәнді болып саналмайды. Сонда ол физикалық дене (немесе әншейін дене) қозғалады деп айтады да, дене ретінде кез келген денені ұғынады. Мысалы, қарындаш, су краны, су тамшысы, ауа толтырылған резіңке шарик. Әлем кеңістігінде не бар соның барлығын материя деп атайды. Өсімдіктер, жануарлар,

планеталар, жұлдыздар, физикалық денелерді құрайтын әр түрлі заттар: алюминий, су, ауа және т.б. (яғни табиғатта ақиқат бар заттар) материяға жатады. «Материя» термині бізді қоршаған ортада біздің санамызға тәуелсіз өмір сүретін нақты не бар, соның барлығын білдіреді. Бірақ, мысалы, біздің ойымыз бен түсімізді материалды деп есептеуге болмайды, өйткені олар тек біздің санамызда ғана өмір сүреді.

Тағы мысалдар алсақ, физикалық дене, зат, материя. Келешекте алдымызда көптеген жаңа терминдерді білу тұр. Олармен таныса отырып, біз ғылым тілін игеретін боламыз. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей халық өлшемі анық өлшем деуге де болады. Өйткені, оны ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып, сол арқылы өлшем негіздерін жүргізген. «Қазіргі физиканың ең басты ұғымдарының бірі – термоядролық реакциялар. Термоядролық реакция дегеніміз –жеңіл атом ядроларының өте жоғары температурада қосылуы нәтижесінде өтетін ядролық реакциялар .Ал ядролық реакциялардың өзіне келетін болсақ, ол – атом ядросының бір-бірімен әсерлесуі арқылы болатын түрленіс. Ядролық реакциялардың нейтрон, протон, электрон деп аталатын типтері анықталған. Бұлар болашақ энергияның сарқылмас көздері болмақ». Берілген мысалдағы физикалық терминдердің көпшілігі басқа тілден енген сөздер.

Қорыта келгенде, қазақ халқының байырғы ұлттық өлшем бірліктері ерекше орын алады деуге болады. Сондықтан, қазақтың ұлттық өлшем бірліктерін білудің маңызы зор. Мысалы күнделікті өмірде тамақ дайындағанда көз мөлшермен өлшем бірліктерді пайдаланамыз деп нақты айтуға болады. Кез келген нәрсенің, дененің, табиғат құбылыстарының ерекшеліктері, қасиеттері, өлшем бірліктермен сипатталады. Табиғаттың өз мөлшері, өлшемі болатынын бәріміз де білеміз, сондықтан адамадар өлшеусіз, мөлшерлемей, болжамай өмір сүруі мүмкін емес. Мысалы: уақыттың өлшеуін білу арқылы оны үнемдеу керектігін айтсақта жеткілікті. Қазіргі заманда уақытты дұрыс пайдалану, дұрыс мөлшерлеу әрбір баланың алдына қойған мақсат – мүддесіне жетуіне үлкен ықпал етеді деп айтуға болады. Қазақта «Алтын уақытыңызды бөліп келегеніңізге көп рахмет» деп айтып жатады. Бұл уақыттық қасиетін көрсетеді. Сөйтіп, қазақ халқының өлшем бірліктерін білгеніміз қазақ халқының салт – дәстүрін дәріптегеніміз болып есептеледі. Ата – бабамыздың тұрмыс тіршілігінде қолданылдып келген өлшем бірліктерін мұрасы деп есептеп, келешек ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992

2 Құрманбайұлы Ш. Ж.Аймауытұлы және қазақ терминологиясы // Қазақ әдебиеті -2008,18-24 шілде, Б. 20-21.

3 Омарқлы Е. Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы // Терминологиялық хабаршы №1(15) 2006. - Б.14-20

4 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі. 1998. – 384 б.,

5 Рухнама: Ж.Аймауытов, Павлодар «ЭКО» ҒӨФ, 2003.-126 б

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛДІҢ ДАМУЫ – ЕЛДІГІМІЗ БЕН БІРЛІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

ИСКАКОВА А. К.
11 «А» сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.
КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А.
тарих пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.

«Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды.
Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы,
маңыздысы бола береді»
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Елбасымыз еліміздің егемендігін тұғырлы ету мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Осы орайда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызы зор. Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болуы үшін бұл идеяның берері мол. Болашаққа арналған стратегия идеясын жүзеге асырудың негізгі шарттары – ұлттық білім беру бастамаларын өркендету, нығайту, қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, қоғам мен жеке тұлғаның этномәдени қажеттіліктерін анықтау және оларды мақсатты бағдарлау деп білемін. «Мәңгілік Ел» идеясын нақтырақ түсіну үшін қазақ халқының дана тұлғаларының рухани даналық ой маржандарынан нәр алу қажет. «Үш тұғырлы тіл» саясатын-елдігіміз бен бірлігіміздің тірегі. «Тіл ақылдың өлшемі, ұлттың жаны»-деген ұлы данышпан жандардың сөзіне сүйенер болсақ, елдің елдігін де, бірлігін де айқындайтын тіл екендігі белгілі. Бүгінгі күні, үшінші мыңжылдықтың есігін ашып, XXI ғасыр табалдырығын аттап кірген шақта, Тәуелсіз Қазақстан Республикасының ендігі болашағы, шығар биігі саяси-экономикалық жағдайлармен қатар, оның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің тағдыры екендігін баршамыз терең түсінеміз. Терең

түсіне отырып ұлы дала академик ағаларымыз айтып кеткен: «Еліңді, жеріңді, тіліңді құрметте. Еліңді жамандасаң көмусіз қаласың, жеріңді қорғамасаң кебінсіз қаласың, тіліңді қорғамасаң қадірсіз боласың», – деген дана өсиеттеріне таңдай қағып, бас шұлғимыз. Тілдердің үштұғырлығы саясатының астарында ел азаматтарының мемлекеттік тілді білу ғана емес, өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін басқа тілдерді де меңгеру міндеті тұрғаны анық [1].

Лингвистика ғылымында, көп тіл білетін адамның ойлау аумағы, ой өрісі кең болатыны дәлелденген. Сол лингвистика ғылымының тілімен сөйлейтін болсақ, екі тілді білетін адамды «қостілді», ал 3 немесе одан да көп тілді білетін адамды «полиглот» дейді. Дүние жүзі тарихына көз жіберсең, жаһанға атағы жайылған дара тұлғалардың, ғалымдар мен ақындардың барлығы дерлік кемінде 2 немесе 3 тілді меңгергенін байқауға болады. Мәселен, шығыс ғұламасы, Аристотельден кейін екінші ұстаз атанған, қазақ топырағынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген. Бүгінде бұл ғалым тарих парақтарынан өшпестей орын алған. Ал, орыстың классигі, ақыны А.С. Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Тіпті, көне еврей тілін зерттеп үлгеріпті. Бүгінде орыс десең – Пушкин, Пушкин десең – орыс есіңе түседі. Яғни, Пушкин Ресейді жер жаһанға танытуда ақындығымен қатар, бірнеше тілді меңгергенінің көмегі де болған [2].

Қазақ поэзиясының атасы – Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгеріп, сол тілдерде бірнеше кітаптарды оқыған. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Дегенмен, ештен кеш жақсы ұстанымын ұстанған ұлы данамыз, ғылым игеруде тіл білудің маңыздылығын өте жақсы ұққан. Сонымен қатар, қазақ халқының ұлы перзенті, Абылай ханның немересі Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген екен. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген. Сол тұстарда қазақтан шыққан жалғыз зерттеуші ғалым Шоқан болғанына ешкім күмән келтіре алмас. Оның ғылымға, зерттеушілікке деген қызығушылығы көптілді меңгергенінен кейін пайда болғаны да жасырын емес. Көптілді адам білім мен ғылымға құштар болатыны бүгінгі күнде де талай дәлелденіп отыр.

Орыстың дипломаты, драматургы, ақыны А. С. Грибоедов бейтаныс біреуге жазған хатында: «Менің өте білімділігім славян және орыс тілін, латын, француз, ағылшын, неміс тілдерін

игергенімде болса керек. Персияда болған кезімде парсы және араб тілдерімен шұғылдандым», – дейді. Дипломат сонау XVIII ғасырдың өзінде бірнеше тілді білгеннің пайдасын айқын сезінген. Ал, сол орыстың тағы бір ақыны, жазушысы, публицисті, билік өкілі Анатолий Васильевич Луначарский испан тілін 57 жасында үйреніп шыққан екен. Сонымен қатар, И. Крылов Еуропаның негізгі тілдерін түгел игерген. Елу жасында ол көне грек тілінде еркін сөйлейтін болған.

Қазақ үшін керемет еңбектер жазып, ұлттық ғылымның тасын өрге домалатқан Профессор Құдайберген Жұбанов көп тіл білген кісі. Тіпті ана тілімізді салыстырмалы жүйемен үйренуге де, зерттеуге де себі бар деп жапон тілін де игере берген екен. Соның арқасында бүгінде филология ғылымы айтарлықтай дамып отыр. Ал, Белгілі қазақстандық және ресейлік тарихшы, прозашы, ақын, әлемге Шоқан Уәлихановтың есімін танытқан Сергей Николаевич Марков түркі тілдерінің көбін білген, тіпті санскритті де меңгерген.

Шотландиялық Дерик Хернинг те 22 тілде еркін сөйлепті. Ол 1990 жылы Брюссельде өткен «Европа полиглоты» байқауында жеңімпаз болған. Физика ғылымындағы Кибернетиканың «атасы» деп есептелетін Норберт Винер 13 тілді зерттеп, меңгерген. Люксембург халқының түгелге жуығы төрт тілде еркін сөйлей алады, әсіресе, жастары. Ең бастысы, Люксембург балалары мектепке дейін төрт жастан бастап тегін ана тілінде, екінші сыныптан бастап француз тілінде оқиды. Ағылшын тілі алтыншы сыныптан басталады.

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, ақын Мұзафар Әлімбаев татар, қырғыз, қарақалпақ тілдерін сөздіксіз аударады. Өзбек, түрікмен, башқұрт, балқар, ноғай, қарашай тілдеріндегі шығармаларды оқи алады, сөздік арқылы тәржімалайды. Ал, Қазақстанның азаматы, қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргені неміс ұлтының өкілі Г. Бельгер: «Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі – шабытымның үш қайнар бұлағы» - деген екен. Қазақ халқының «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалы «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің негізі бола алады. Ал, А. П. Чеховтың «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөзі, бір тілмен шектелген адам өзін еркін, бостандықта жүргенін сезіне алмайтынын нұсқап отыр. Ендеше, «Үштұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі.

Біз көптен ұмыта бастаған үш тұғырлы тіл саясаты биыл қайта қозғалды. Қазір қоғамда бұл туралы әр алуан пікір қалыптасқан. Ең бірінші ҚР Білім және Ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің үш тілділікке қатысты айтқанына назар салайық. Үш тілділік мәселесі – ол ең алдымен қазақ тіліне назар аудартады. Үш тілділік – ол ең бірінші қазақ тілі туралы бағдарлама. Қазақ тілінің жағдайы қазір көш ілгері. Бүгінде еліміздегі оқушылардың 70 пайызы қазақ тілінде білім алады. Мәселе үш тілділікте емес, мәселе орыс мектептерінде оқитын бес жүз мың баланың қазақ тілін білмейтінінде.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» – деген ескерту айтқан болатын. Дегенмен, «Үш тұғырлы тілдің» мәнін, маңызын, халық пен болашақ ұрпаққа беретін үлкен пайдасын көпшілік ұғына алмауда. Одан бөлек, Президентіміз 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететініне кепілдік беріп отыр. Ескерте кетуіміз керек, елбасымыз әлемдік саяси аренада өз беделі бар, бүкіл әлемді бақылауға алып отырған БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ги Мун үлкен құрметпен қарайтын, жер жүзінде алғашқы өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан, бейбітшілікті сүйетін және белсенді насихаттап жүрген үлкен тұлға. Президентіміз берген уәдесін орындай алатын Қазақстанның № 1 жауапты тұлғасы. Осыны есте сақтаған жөн.

Көптілдік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны бізге белгілі. Қазақстан-көп ұлтты мемлекет және көптілдік саяси, экономикалық, мәдениетаралық қана емес, әлеуметтік ленгвистикалық тұрғыда қаралатын өзекті мәселе. Бірнеше тілді меңгеру бұл қазіргі кезде Еуропа мен Азияның көптеген елдерінде мемлекеттік білім беру саясаты болып отыр. Қазақстан Республикасының Призеденті

Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақ халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар-қазақ тілі, яғни мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп айтқан.

Қазіргі әлем-жаңалықтар мен өзгеше технологиялар,өзгерістер заманы. Көптілдік-заман талабы. Көптілді білім беруді қалыптастыру арқылы еліміздің бәсекеге қабілеттілігі күшейеді. Сол арқылы тұлға лингво-мәдени тұрғыда дамыған, өмірден өз орының таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға

тез бейімделетін,белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын өз ойы мен пікірін ашық айта білетін полимәдениетті тұлғалар қалыптасады. Полимәдени тұлға қалыптасуының негізгі сатысы-көптілдік екені бізге анық. Заман ағымына лайықты қазіргі алдымызда тұрған басты міндет халқымыздың ұлттық дербестігін сақтай отырып, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу. Сол өркениетті елдер санатына қосылуына ықпал жасайтын еліміздің ертеңгі болашағы жастарға білім мен тәрбие беретін-мектеп. Сондықтан да жалпы орта мектептердегі шет тілін игеру процесінің дамуы – еліміздің білім саласын дамытудағы басым бағыттың бірі болып қала бермек.

Бүгінгі таңда ғаламшарымыздың 1/5 бөлігі ағылшын тілін оқып, жетік игеруде. Ағылшын тілі – ұлтаралық қатынас тілі. Ал, елімізде ағылшын тілі шет тілі пәні ретінде мектептерде, жоғары оқу орындарында оқытылып келеді. Жалпы орта мектептерде 2013 жылдан бастап 1 сыныптан оқытылады,оған қоса еліміздің 30 мектебінде оқытылу үш тілде жүргізілуде. Қосымша неміс,француз,қытай,араб т.б тілдер өтіледі. Шет тілі-халқымыздың коммуникативтік,қоғамдық,ақпараттық біліктіліктерінің дамуына үлес қосады. Ағылшын тілі- бұл қарым-қатынас,жаңа технология және жаһандану тілі. Әлемдегі басты тілдердің ішінде бірінші болып тұр. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Енді келесі кезекте біздің республикамызда мемлекеттік тілмен бірдей дәрежеде қолданылатын орыс тіліне тоқталамыз. Ұзақ уақыт бойы Қазақстан Ресей империясының, кейіннен КСРО-ның құрамында болды. Сол уақытта орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып бекітілді. Қазақстандағы орыс тілділіктің ерекшелігі осы тілде сөйлейтін адамдардың көпшілігі этникалық орыстар еместігінде болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының

2-бабында мемлекеттік ұйымдар мен өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен бірдей дәрежеде орыс тілі қолданылатындығы жазылған . Орыс тілі жаңа Қазақстан жерінде XX ғасырдың басында кеңес билігі орнауымен, түрлі этникалық топтардың көшірілуімен, орыстандыру саясатының орнатылуының нәтижесінде кең таралды және ұлтаралық қатынас тіліне айналды. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Бұл жайлы қазақтың біртуар ақыны ұлы Абай да айтып өткен болатын. Ақын «Орысша оқу керек, хикметте, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор», «сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады» дейді. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз. Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі – біздің еліміздің ең басты байлығы. Осыған байланысты Елбасымыз тіл саясаты бірде-бір тілге қысым көрсетілмей жүргізілу қажеттігін айтып өтті. Қазақстанда мемлекеттік тілдің рөлі, орыс тілінің ресми мәртебесі және барлық этностар мен олардың мәдениеттерінің тең жағдайда дамуы туралы мәселе шешілген. Болашақта бүкіл азаматтардың мемлекеттік тілді білуі бізді бұрынғыдан бетер теңдестіріп, бірлікті нығайта түседі. Ширек ғасырдан бері біз тіл саясатында айқын бағытпен келеміз – мемлекеттік тілді біртіндеп дамытудамыз және бүкіл этностар тілдерінің дамуы үшін жағдайлар жасаудамыз. Бүгінде Қазақстан тұрғындарының көпшілігі кем дегенде екі тілде сөйлейтін елдердің бірі. Мемлекеттік тілдің жоспарлы дамуы орыс тілінің дәрежесіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Бізге мемлекеттің келешегі, болашақ дамуы үшін ең негізгі сыртқы саясаты – көршілермен тату болуымыз керек. Онсыз мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болады», – деді ол. Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас пен интеграциялық қызметтердің діңгегі. Ақпараттық кеңістігімізде орыс тілі әлі де маңызды рөл атқаратынына ешкім де дау айта алмас. Сондай-ақ, әлемдік алты ресми тілдің қатарына кіретін орыс тілін меңгеруге бәсекеге қабілетті ұлттың кез-келген өкілі ұмтылуы тиіс деген отандық ғалым Н. Кекілбековаңың пікірімен келісуге болады. «Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену.

Расында, ағылшын тілін білген адам шексіз мүмкіншіліктерге ие болады [3].

Ағылшын тілі әлемдегі ең кең тараған тіл. Шамамен бұл тілде жер бетінде бір миллиардтан астам адам сөйлей алады. Әлемдегі

экономикасы дамыған мемлекеттер – Ұлыбритания мен АҚШ-тың мемлекеттік тілі. Сонымен қатар, ондаған мемлекеттердің ресми тілі. Дүниедегі барлық аударма шығармалардың, ақпараттардың 33 %-ы ағылшын тілінен аударылса, 15 % – француз тілінен, ал 1 %-ы ғана неміс тілінен аударылады. Бұл статистикалардан-ақ, ағылшын тілін меңгерудің қаншалықты маңызды екенін, ақпарат пен білімнің барлығы да сол тілде екенін түсінуге болады. Ағылшын тілін білетін адам, жер жүзінде бір миллиард адаммен еркін коммуникацияға түсе алады деген сөз.

Шет тілдердің арасында ағылшын тілі ешкімге шаң жұқтырмай, алғашқы орынды бермей келеді. Бизнес, туризм, ғылым, білім беру жүйесі, интернет, кинемотограф т.б. әлемнің түрлі саласында дәл осы ағылшын тілі қолданылып, көптеген әлемдік жобалар, саяси кездесулер мен жиындар, спорттық жарыстар мен олимпиадалар ағылшын тілінсіз өткен емес. Біздің президентіміз Н. Назарбаев бостан босқа бұл тілге көңіл бөліп жатқан жоқ, әлемдік деңгейде мойындалған елбасымыз ағылшын тілінің қаншалықты маңыздылығын бізден әлдеқайда жақсы біледі. Сондықтан, еліміздегі білім мен ғылымды т.б. саланы дамытамын деген әрбір жас, әрбір патриот ағылшын тілін білуі міндетті. Оның пайдасы да шаш етектен.

Ағылшын тілін білген адам, болмаса кадрдың еңбек нарығындағы бағасы өседі. Бүгінде елімізде жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал, кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылып жатқаны өтірік емес. Бесаспап, яғни әмбебап маман болам десеңіз, өз ісіңіздің іскері болам десеңіз оған ағылшын тілінсіз айналып бару мүмкін емес.

Қазақ бабаларымыздың баяғы кездің өзінде болашақ үшін қам жеп, ұрпақтарына қамқор болған.

«To have another language is to possess a second soul (чем больше языков ты знаешь,тем больше ты человек). Владеть другим языком – это как иметь вторую душу.

«Жеті жұрттың тілін білген, жеті жұрттың қамын жер» – деген қанатты сөзді бекер айтпаған болар. Көптілдік-уақыттың қалауы,сұранысы. Полингвизмнің дұрыс бағытта еңгізілуі Казақстандықтардың мобильді болуына және көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында «Триединство знания языка гарантия будущего», «Trinity language skills a guarantee for the future», «Үш тұғырлы тілді

білу – баянды болашақтың кепілі» деген болатын [4]. сондықтан ана тіліміздің абыройын асырып, мәртебесін үш тілде дамытайық достар. Елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. Астана, 2007 ж. [1]

2 Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. – № 2(44). – 2010.

3 Қ.Р « Тілдер туралы» заңы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 Стратегиясы». – Астана 2012.

4 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

КҮН ТӘРТІБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН ЗЕРТТЕУ

ИСКАКОВА Д., ТАЙМАН І.
5 сынып оқушылары, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.
ДЖАКИПОВА М. А.
биология пәнінің мұғалімі, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.

Мектеп өміріндегі педагогтардың, әсіресе жас мамандардың негізгі қиындық тудыратын мәселесі – бұл үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс. Әрине, қанша біз тырыссақ та, бес саусақ бірдей емес деген ұғым бар. Ол шындық. Әр сыныпта жоқ дегенде 1 үлгерімі төмен оқушылар болады. Ал, үлгерімі төмен оқушылар дегеніміз кімдер? Оларға қандай оқушыларды жатқызуға болады? Үлгерімі төмен оқушыларға – ой қабілеті әлсіз дамыған, есте сақтау қабілеті төмен,өз ойын толық жеткізе алмайтын, үй тапсырмасын жиі орындамай келетін, сабаққа деген ынта-жігері төмен, жаңа материалды тез меңгере алмайтын және сабақтан себепсіз көп қалатын оқушылар жатады. Оқушылардың сабақ үлгерімінің нашарлауы – бүгінгі күрделі мәселенің бірі. Жалпы, ғылыми тұрғыдан алғанда оқушылардың сабаққа үлгермеушілік мәселесі әлі толық зерттелген жоқ.

Мақсаттардың тұрақтылығы. Мақсатты сақтап қалуға кедергілердің соңынан іле-шала оқу қызметін қайта құруға бағытталған тапсырмалар септігін тигізеді. Кедергілерді жеңу дағдыларының тууына әр түрлі кедергілерді көп реттік қайталау тапсырмалары әсер етеді.

Сабаққа үлгермеушілік себептеріне тоқталсақ, оларға мыналарды жатқызуға болады:

– Жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды тиісінше түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі;

– Үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы;

– Мұғалімдердің өз оқушыларын дұрыс білмеуі, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмауы;

– Мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақтылы және тиісті шара қолданбауы;

– Тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың сабақтағы нашар тәртібі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі;

– Бағалаудағы біржақтылық;

– Оқыту мен тәрбие үрдісінде сабақтастықтың болмауы;

– Сабақтан жиі қалуы;

– Оқушының ауырып қалуы;

– Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің төмендігі (баласынажағдай жасамауы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендігі);

– Отбасындағы жайсыз жағдайлар (отбасындағы түрлі кикілжіңдер);

– Ойынның аздығы (баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа түсіп, ойнай білмеуі);

– Мінез-құлқындағы түрлі ауытқулар (психопатия, мінездің ұстамалығы, ұялшақтық, мазасыздану, т.б).

Жоғарыда көрсетілген себептердің барлығы оқушылардың сабақ үлгерімінің нашарлауына ықпал етеді. Баланың теріс мінез-құлқының қалыптасуына алып келетін ең маңызды фактор – сабаққа немқұрайды қарауы, материалды меңгерудегі қиындықтар, сәтсіздіктерді үнемі сезінушілік. Ол мынадай теріс қылықтарға әкеп соқтырады: үй жұмысын орындаудан қашады, кітаптарын тығып қояды, мектеп талаптарына бағынбайды. Олар сабаққа қатысуды қояды, ата-анасына өтірік айтады, «үй жұмысына ештеңе берілген

жоқ» деп алдайды, ал, мектептегі ұстазына «кітаптарымды ұмытып кетіппін» деген сияқты сылтауларды көп айтады.

Тақырыптың өзектілігіне қарай жұмыс мақсаты анықталды: жаңа типті мектепте оқитын жоғары мақсатты оқушылардың күн тәртібіне байланысты ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу мақсатын шешуде келесі міндеттер қойылды:

1 Тақырып бойынша ғылыми әдебиетке талдау жасау;

2 № 35 ЖОББМ – мектебіндегі 5 сынып оқушыларының күн тәртібіндегі деңгейін анықтау;

3 № 35 ЖОББМ – мектебіндегі 5 сынып оқушыларының білім деңгейінің көрсеткіштері арқылы анықтау;

Егер біз жоғары мақсатты, оқушылардың күн тәртібіне қойылатын талаптарын ескере отырып, олармен мектепте қалай жұмысты ұйымдастыруға болатынын анықтаймыз

Әдебиетке талау жасау, бақылау, талдау, салыстыру, сауалнама жүргізу.

Жұмыстың жаңашылдығы: гимназия сыныптары бар мектепте ұлдармен қыздардың зейіні, жас ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылды.

Мұғалімдер оқушыларға қатал қарау, намысына тиетін ауыр сөздер айту, адамгершілік қасиеттерін төмендету, ата-аналарына шағымдану, оқушы мен мұғалім арасында түсініспеушілік пайда болуына әкеледі, оқушының мұғалімге деген сенімі жоғалады. Осыдан кейін оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас бұзылады. Міне, осы жағдайлар да оқушының сабаққа немқұрайды қарауына жол ашады. Баланың ішкі жан дүниесіне үңіле білген педагог қана оқушының көңіл-күйін түсініп, жақсы немесе жаман жағын ұғынып, көмектесе алады. Үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарында да күрделі мәселелер туындайды. Ата-аналардың мектеп туралы көзқарастарының жағымсыз болуы, баланың көзінше мұғалімнің дәрежесін түсіру баланың оқу мотивациясын төмендетіп, оқу іс-әрекетіне жағымсыз көзқарас пайда болады. Ата-аналардың да баласына деген көзқарасы өзгереді. Баласынан сабақтан кейін үй жұмысын орындауды талап етеді, ойын ойнауына тиым салады, физикалық жазалау шараларын қолданады. Баланың ата-анасының сенімінен айырылуы оның мінез-құлқына әсер етіп, психологиясына орасан зор зиян әкеледі. Оқушы бойындағы ұяңдық та оқу үлгеріміне әсер етеді. Мұндай оқушылар сабақты түсінбесе мұғалімнен сұрауға ұялады. Біліп тұрса да сабақ айтпайды. Сабақ кезінде

өз ойын ашып айтуға қымсынады. Осындай ұяңдықтың салдары оқушының сабақ үлгерімінің нашарлауына әкеп соқтырады.

Үлгерімі төмен оқушыларды зерттеу кезінде танымдық қызметтің қандай да бір құрылымдық бөліктерінің әр алуан қалыптасу деңгейімен байланысты дамудың көп түрлілігі анықталған. Бұл үлгермеушілікті туғызатын көптеген себептердің айқын көрінісі. Оқушы бойындағы оқуға деген кері қатынасты тудыратын себептер өздігінен болмайды, олар әртүрлі қолайсыз жағдайлардың үйлесуі арқылы пайда болады. Педагогикалық қателіктер жіберіліп жатқан жағдайда бұл себептер белсенді түрде өзара әрекет ете бастайды.

Үлгермеушіліктің негізгі үш себебі:

1 Физиологиялық;

2 Психологиялық;

3 Әлеуметтік.

Физиологиялық – жиі ауру, денсаулығының әлсіз болуы, инфекциялық аурулар, жүйке жүйесі және тұқым қуалайтын аурулар, қозғалыс қызметтерінің бұзылуы.

Психологиялық себептер – зейін, есте сақтау, ойлаудың даму деңгейі, қабылдаудың төмендігі, сөйлеу қабілетінің жеткілікті деңгейде дамымауы, таным қызығушылықтарының қалыптаспауы, дүнетанымының тарлығы.

Әлеуметтік себептер – әлеуметтік жағдайдың төмен болуы, отбасындағы кикілжіңдер, қаңғыбастық, күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылмауы.

Оқушылардың үлгермеушілігінің себебі ретіндегі психологиялық ерекшеліктерге мыналар жатады: сана мен мінез; дербес және әлеуметтік тәжірибе; мұқтаждықтар мен мүмкіндіктер; мақсат-міндеттер және оған қол жеткізу барысындағы жанжалдың пайда болуы; аурулар мен басқа да қолайсыз жағдайлардың салдарынан жалпы дамудағы кешеуілдеу; тұлғаның жекелік ерекшелілігі; физиологиялық кемшілік түрінде көрініс табатын тұқым қуалаушы ауытқушылықтар. Оқушының оқу іс-әрекетіне жағымды және тұрақты мотивтің болмауы оқу үлгерімінің төмендеуінің басты себебі болып табылады.

Зерттеу жұмысы бойынша келесі қорытынды жасауға болады:

1 № 35 ЖОББМ мектебінің 5 сынып оқушыларымен жүргізілген сауалнама бойынша мынадай қорытынды жүргізілді:

Кесте 1

№	Сұрақ	A	B	C	D	барлығы
1	1	15	41	11	4	71
2	2	23	35	12	0	70
3	3	50	18	4	1	73
4	4	31	36	1	2	70
5	5	37	2	32	0	71
6	6	22	15	11	17	70
7	7	25	17	26	2	70
8	8	38	26	7	0	71
9	9	27	27	10	6	70
10	10	21	22	27	0	70
11	11	14	35	22	0	71
12	12	37	29	4	1	71
13	13	43	6	15	8	72
14	14	16	40	12	2	70
15	15	10	10	41	10	71

Үлгерімі төмен оқушыларда дамудың жеке варианттарының көп түрлілігі бар. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейіне байланысты, яғни бұл артта қалудың әр түрлі себептері бар екенін көрсетеді. Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу. Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. Оқушы меңгеретін материалдың қиындығына соқтыққанда ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ол материалды толық игереді. Қабылдауы баяу оқушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, таратын және көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана өткізілген сабақтар өз мақсатына толық жетеді. Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар оқушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Үлгерімі төмен оқушылардың ақыл-ой параметрі және жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған, білім қоры аз. Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек.

Сабақ шеңберінде үлгермеуші оқушылардың оқу мотивін қалыптастыруға бағытталған жеке әрекет жүргізіледі. Түзету

жұмысын қысқа уақытта (1 апта көлемінде) іске асырылатын мақсаттардан бастау қажет. Себебі бұл – мұғалім мен оқушыға алғашқы позитивті (оңды) нәтижелерді жылдам көруге мүмкіндік береді.

Үлгермеуші оқушыларда өзіндік оқи білу қабілетін нығайту үшін мына жұмыстарды басшылыққа алу қажет:

– білімдегі проблемаларды жою;

– білім қорын байыту;

– білімді барлық параметрлер бойынша (толықтығы, жүйелілігі, әрекеттілігі, беріктігі) дамыту;

– оқушыларды нұсқауларға сәйкес әрекет етуге үйрету;

– күрделі қимылдарға арнайы үйрету;

– түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білу және оларды қолдану;

– жоспарлар мен көрнекіліктер қолдану.

Сараланған тапсырмалар – бұл жаттығулар жинағы, оларды орындау негізінде балалар ережелерді жақсы түсініп, игереді, қажетті дағдыларды қалыптастырады. Сараланған тапсырмалар тақтада, кәртішкеде, слайдтарда, таблицаларда жазылуы мүмкін. Сараланған тапсырмалардың негізгі түрі міндетті тапсырмалар, дағдыны қалыптастыру үшін оқыған ережені дұрыс қолдануға ықпал етеді; олардың көлемі шектелген болуы керек және әр оқушының шамасы келетін тапсырмалар болуы тиіс.

Оқыту барынша тиімді болу үшін мұғалім әр оқушының әлсіз және күшті жақтарын, кемшілігі мен қол жеткізген табыстарын жақсы білуі қажет. Оқытуда түрлі жұптық, топтық жұмыс түрлерін қолдануға болады. Білім сапасы төмен оқушылармен жұмыс жүргізіп, өз жұмысында әр түрлі бақылау формаларын : тесттер, сұхбат, диференциалдық тапсырмаларды орындату.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс және жұмыс жасау кезіндегі ұстанатын ұстанымдар мен кеңестер:

Оқушыларды озат деп, үлгілі, не болмаса орташа деп жікке бөлу оқушылардың оқу үлгеріміне әсер етіп қана қоймай, психологиялық, тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Сондықтан балалардың мүмкіндігіне сай, ерекше әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жан дүниесіне жол тауып, жеке-жеке бейімдеуді алдыға мақсат етіп қойсақ жөн болар еді. Аталған факторлардың барлығы оқушының психологиясына әсер етіп, ішінде алапат күштің бұғып қалуына себеп болады. Яғни, тұлға болып қалыптасуы тежеледі. Кейбір үлгерімі нашар оқушыларда «Болашақта көресіңдер, мен бәрінен де мықты боламын!» секілді кекшіл көзқарас туындайды. Осының әсерінен

мектепті бітірген соң бар күш-жігерін жинап, үлкен табыстарға жетіп, биік шыңдарды бағындырады. Ал, көбі өмірден өз жолын таба алмай адасып кетеді. Мамандар осының барлығын ескере отырып, оқушылар мен ұстаздардың, ата-аналардың мектепте алған бағаның қаншалықты дұрыс екендігін түсініп, білім сапасын арттыруы үшін жағдай жасауы тиіс екендіктерін айтады. Мұнымен қатар, озат оқушы немесе үлгерімі нашар оқушы деген көзқарас туындамауы керек.

Үлгермейтіндерге арналған ереже:

– Былтырғы жылғы шектес пәндер бойынша бағаларды талдау. (Бұл мәліметтер бірінші сабақтан бастап қауіптенетін оқушыларды арнайы бақылауда ұстауға көмектеседі).

– Үлгере алмай артта қалған оқушылардың себептерін зерттеуге және оларды мүмкінінше жою.

– Ата-аналар және оқушылармен бірге күн тәртібін жоспарлау.

– Балаларды өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру.

– Оқушыларға үй тапсырмасын орындау және оқулық мәтінімен жұмыс жүргізу жүйесін үйрету.

Балалар бойындағы ұяңдық баланың нашар оқуына ықпал етеді. Ондай қасиеттен дер шағында құтылу үшін балаға ең алдымен бөтен адамдарға сұрақ қойғызып үйрету керек. Мысалы, дүкенге ертіп барыңыз да сатушының алдына баланың өзін жіберіңіз. Көшеде бейтаныс адамдардан сағаттың неше болғанын сұратқызыңыз. Сабақ кезінде мұғалімнен түсінбей қалған жерлерін сұрауға болатынын айтып түсіндіріңіз.

Сабақ үлгерімі нашар оқушылардың ата-анасы баласынан сабаққа көп көңіл бөлуді талап етеді. «дұрыстап оқы», «қайтала» деп ұрсады. Бұндай талап қойғаннан баланың оқу үлгерімі жақсармайды. Баланың сабаққа үлгермеушілік себебін анықтап алу өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Абзалов, Р.А. с соавт. Показатели адаптации растущего организма к различным двигательным режимам Текст. / Р.А. Абзалов // Матер. Междунар. конф., посвящ. 55-летию Института возрастной физиологии РАО. – М. – 2000. – С. 57.

2 Автандилов, Г.Г. Медицинская морфометрия Текст.: руководство / Г.Г. Автандилов. М.: Медицина. – 1990. – 383 с.

3 Агаджанян, Н.А. Учение о здоровье и проблемы адаптации Текст. / Н.А. Агаджанян, Р.М. Баевский. – Ставрополь: Изд-во СГУ. – 2000. – 268 с.

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ АТАУЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

КАДИРХАНОВ Э. Э.
10 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.
ПАЗИЛОВА Д. С.
мұғалім, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.

Қазақ тіл білімі ғылымында тұрақты тіркестерді тақырыптық топтарға бөліп, оларды әр түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Кез-келген тілдік құбылыстың, соның ішінде тұрақты тіркестердің табиғатын оның тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына байланысты да қарастырған дұрыс секілді. Тұрақты тіркестердің тақырыптарына үңілетін болсақ, алуан түрлі. Сол тақырыптардың ішіндегі төрт түлікке қатысты қолданылатын тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамаларына тоқталсақ. Жан-жануарлар атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді этнолингвистика тұрғысынан зерттеу, яғни олардың материалдық мазмұнын, тілдік табиғатын, халықтың өзіндік дүниетанымы, салт-дәстүрі, рухани-мәдени өмірі, әдет-ғұрпы негізінде сипаттау болып саналады.

Қазақ тіліндегі төрт түлік малға байланысты қолданылатын тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипатын анықтау.

Жалпы орын жағынан әбден қалыптасқан, құрамы өзгертуге келмейтін, бәрі тұтасып, бір мағынаны білдіретін, бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын тіркесті тұрақты тіркестер дейтініміз белгілі. Осы тұрақты тіркестердің тақырыптарына үңілетін болсақ, алуан түрлі. Сол тақырыптардың ішіндегі төрт түлікке қатысты қолданылатын тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамаларына тоқталсақ. Жан-жануарлар атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерді этнолингвистика тұрғысынан зерттеу, яғни олардың материалдық мазмұнын, тілдік табиғатын, халықтың өзіндік дүниетанымы, салт-дәстүрі, рухани-мәдени өмірі, әдет-ғұрпы негізінде сипаттау болып саналады. Жан-жануарларға соның ішінде, төрт түлікке байланысты айтылатын тұрақты сөз тіркестеріне үңілмес бұрын, төрт түлік ұғымына көңіл бөлсек; түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі малын қосып, «төрт түлік мал» деп ата-бабаларымыз атап кеткен. Бұлардың сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды Ойсылқара, Қамбарата, Зеңгібаба, Шопаната, Шекшек ата деп атаған. Атаулардың ертедегі қалыптасқан ұғымдық мағынасы

өте кең. Бұл атаулар ұлтымыздың тарихымен тікелей қатысты, ұлт болып қалыптасудан көп ілгері ру, тайпамен сабақтас жатқан атаулар. Төрт түлік малды оның «иесі», «киесі» бар деп нанып, оларға жалбарынатын, киелі ақ нар, киелі ақ боз айғыр, киелі көк бұқа, киелі көк қошқар деп ат қою салты болған. «Малымның құты» деп, еркек малдан белгілі бір айғырды, бура немесе лөкті, қошқарды қастерлеген де салт болған.

Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген. Осы малдың сақтаушы иесін «Ойсылқара» деп атаған. Ойсылқара атауы ұғымдық жақтан түйе деген мағынаны білдіреді. Атаудың қойылуы сипаттамалы түске ие. Ол басқа түлік атауларына мүлде ұқсамайтын өзіндік ерекшелікпен қалыптасқан. Формалық тұлғалануы жағынан ой+сыл+қара деген толық мағыналы үш сөздің кірігуінен жасалған. Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігіне» жүгінер болсақ, «ой ат» – қара торы ат. Осындағы «ой» деген сөз көне түркі тілінде қара деген мағынаны білдіретіндігін аңғаруға болады. «Сыл» – зіл, сүлей, «сіл» деген сөз ертеде жеке дара қолданысқа ие болған, тамағы аз деген мағынаны білдіретін сөз. «Қара» – бұл сөзді Шоқан Уәлиханов зерттей келіп, «қара» сөзі ертеде «қасиетті» деген мағына береді, – дейді. Сонда ой+сыл+қара (ойсылқара) деген көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне сөзбе-сөз аударсақ «қасиетті, тамақты аз жейтін хайуан» деген мағынаны білдіреді. Мұны қысқартып «қасиетті хайуан» деп те атауға болады. Шынында, жылқы, сиырға қарағанда түйе тамаққа да, шөлге де шыдамды хайуан. Халқымыз түйенің ауыр мінезін- тыныштықтың, бейбіт тірліктің қалпына балап, оның мінезінде көрініп қалар «жеңілдікті» жамандыққа жорып, «түйе ойнақтаса, жұт болар», – деп бағалаған. Күштілікті – «нар жолында жүк қалмас», сұлулықты – бота көзді боз жігіт, бота көзді ару, – деп суреттеген.

Тұрақты тіркестерде *«ақ түйенің қарны жарылды»* деген қарық болып қалды мағынасында қолданылады. Мәселен, Сол күннен бастап Итбай ауылында ақ түйенің қарны жарылды (С. Мұқанов). Ал «Сөзі түйеден түскендей» деген тіркес дөрекі, ерсі сөйлейтін адамға байланысты айтылады. Айтар болсақ: Жаманның сөзі түйеден түскендей болады (Мақал). Сондай-ақ *«Биені бүгімен, түйені түгімен жұту»* тұрақты сөз тіркесі – жебір, жемқор, парақор мағынасында жұмсалады.

Төрт түлік малдың ішінде қай халықтың болса да құрмет тұтатындарының бірі – жылқы малы. М. Қашқаридың «Түркі

тілдер сөздігінде» жылқы дегенді іріқара деп түсіндірген. Осыған қарағанда, жылқы деген сөз ертеде іріқара деген мағынаны білдірсе керек. Бірақ қазіргі қазақ тілінде «іріқара» деген- түйе, жылқы, сиыр сияқты ұзын сирақты үй хайуандарының жалпылама атауы. Ал жылқы сөзінің мағынасы өте айқын, ол іріқараның ішінде жылқы түлігін ғана меңзейді. «Қамбарата» міне, осы жылқы түлігінің өте ертеден келе жатқан символдық атауы. Қамбар (қам+бар) деген екі бөліктен құралған. Қам- шаман(шаман діні) деген мағынаны білдіреді.Сонда қамбарата тіркесі- шаман дінінің атасы деген мағынада болуы мүмкін. Бірақ қалай да бұл сөзде әлмисақтық, тотемдік танымның образы, түсі айқын тұлғаланғаны анық.. «Қамбарата» ұлтымызда «Жылқышыата» деп те аталып жүр. Оның себебі «Қамбарата» атауын жылқы үйірінің айғыры деп түсінгендіктен болса керек.

Жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен – топырақ, су, от, және желден (ауадан) жаралды десек, түйе – сордан, жылқы – желден, сиыр – судан, қой – ауадан жаратылған деп төрт түлікті әр түрлі нәрсенің символы. Ел ішінде жаһанды кезіп жүрген пәле жала иесі – ібіліс, жын-шайтаннан, жәдігөй сияқты қаскөйлер лаңынан тек жылқы ғана құтқара алады деген түсінік қалыптасқан. Қазақ ұлты жылқыны ежелден «киелі», «өте таза», хайуан деп есептейді. Сойған жылқының басын аяқ астына тастамайды. Оны міндетті түрде биікке (үйдің төбесіне, дуалдың үстіне, талдың басына) шығарып қояды. Фразеологизмдерде «*алалы жылқы, ақтылы қой»* – мыңғырған мал, табын-табын жылқы, қотан-қотан қой мағынасында жұмсалады. Мысалға алар болсақ:

Иесі ұйықтап жатқан соң (М. Өтемісұлы). *«Жылқыдай жусатып, қойдай өргізді»* дейтін болсақ, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізді деген мағынаны береді.

Төрт түліктің бірі – сиыр малы жайлы да тілімізде жеке атаулар мен тұрақты тіркестер де едәуір. Зеңгібаба – сиыр түлігін меңзейтін атау. Көне түркілік тілімізде *«сиыр судан жаралған»* деген тұрақты сөз тіркесі бар. Үнді дінінің мүрәсімдерінің көбі дария бойында өтеді, сумен қатысты. Осыған қарағанда Үнді діні сиырдың ерекшелігін негізгі тұтқа еткен дін деп айтуға болатын сияқты.

Халық даналары: *«жаман сиыр өрешіл»* деп, *«құдай сүзеген сиырға мүйіз бермейді»* деген, *«сиыр сипағанды білмейді»* деп, сиыр мінез – теріс, шадырмінезді кісілерді осылай атаған екен. *Мүйіздескен сиырдай* тіркесі – жанжалдасу, өзара қастасу мағынасында жұмсалады. Сиырдың жорғасы секілденіп қартайғанда

жалғыз өзім болсам деймін (Абай). Осы сөйлемдегі фразеологизм еп қуып, майда жүріске салыну ұғымын білдіріп тұр.

Төрт түлігіміздің ішінде жуастықтың, момындықтың, бейбітшіліктің баламасы ретінде алынған - қой малы. Ал сақтаушы иесін «Шопаната» деп білеміз. М. Қашқари өзінің сөздігінде заманымыздан бұрынғы IV-ғасырда «қос мүйізді» қолбасшы Е. Зұлқарнайын Сақ еліне соғыс ашып, «Шұ» (Хи) қаласына басып кіргендігі жөніндегі аңызды жазып қалдырған. Осындағы айтылып отырған «Шұ» қаласы – «қойлылар қаласы», «қойлы ел қаласы» дегенді білдіреді. «Шұ немесе шо» сөзі біздіңше «шұбан, шопан» деген сөзбенен қатысы бар. Қазақ тіліндегі «шопанның» нақ мағынасы – бақташы, қойшы.

Момын, жуас деген мағынада көптеп жұмсалатын тұрақты тіркесіміздің бірі – *қой аузынан шөп алмас*. Түнде *қойға шапқан қасқырдай* ол әдетте Орта Азия хандарының бөтен елге жорыққа кеткен кезін аңдып тұратын (І. Есенберлин). Осы сөйлемдегі тұрақты тіркесіміз: қойға шапқан қасқырдай – қырып жою, тас-талқан қылу турасында айтылып тұр. *«Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады»* фразеологизмі – тыныштық, бейбіт заман орнады мағынасында. Мәселен: Асан қайғы желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жер ұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді (Қазақ ертегілері). *«Ақсақ қой түстен кейін маңырайды»* деген тұрақты тіркесіміз мезгілінен кешеуілдеу, ерте туып, кеш қалу деген мағынаны білдіреді.

Төрт түлікке қоймен қосылып айтылатын мал – ешкі. Мал баққан жұрт ешкінің серкесін қатты құрметтейді. *«Серкесіз қой болмайды» деп қоралы қойға басшы ретінде серке қояды да, оны көсем серке дейді.* Қолданыстағы *«тоқал ешкідей қылды»* деген фразеологизм – жатсынды, жатырқады мағынасында жұмсалады. *«Ешкі көзденді»* – бақырайды, аларды деген мағынаны береді. Мысал келтірер болсақ, Ит көрген ешкі көзденіп, елерме жынды сөзденіп (Абай).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Төрт түлік төресі кім?». – А., Қайнар баспасы. – 1990 ж.
2 Қайнар А. «Ер қанаты». – 1987 ж.
3 І. Кеңесбаев. «Фразеологиялық сөздік». – А., Ғылым. – 1977.
4 Ә. Қайдаров. «Этнолингвистика негізі». – А. – 1998 ж.
5 Қазақ әдебиеті газеті. – № 11. – 18.03.2005 ж.
6 «Қазақ ертегілері». – А., Жазушы. – 2002 ж.

М. ӘЛІМБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ

КАРАШАШЕВА Б.
7 сынып оқушысы, Тақыр ЖНББМ, Лебяжі ауданы
МУСАИПОВА Г. К.
мұғалім, Тақыр ЖНББМ, Лебяжі ауданы

Қазақстан халық жазушысы (1994), еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Ұлы Отан соғысына қатысқан белгілі қаламгер М. Әлімбаев (1983) жылы «Жалын» баспасынан шыққан таңдамалы екі томдығында өз өмірі туралы былай деген екен:

«Менің туған өңірім Маралды атырабы (Павлодар облысы, Шарбақты ауданы) әнші – күйшілердің, ақын – жыраулардың, ертегі – хикаяшылардың, ділмәр-шешендердің думан құрған өнер төріндей.Солардың тәтті сазын, татымды сөзін, тартымды ғибрат – тағлымын қаршадайымнан құлағыма құйып өстім».

Қазақстандағы табиғаты әсем деп табылған Ақмола, Алматы облыстармен қатар Павлодар облысының да атының аталуы тегін емес. Туған жерін қай ақын болсын жырға қосуы шарт. Әркімнің өзіндік мәнері, өзіндік тілі бар. Мұзафар Әлімбаев «Туған жердің тәлім» атты өленінде:

Ассалаумағалейкүм, атамекен
Қадірін ата – анаммен қатар екен.
Қыс келсем, ақ қарыңда аунаймын да,
Жаз келсем, көгалыңа жата кетем, – деп еркелесе, бірде:
Атыңнан айналайын Атамекен!
Тасыңды мамық көріп жата кетем,
Түсірсе көлеңкесін біреу сағаң,
Жаныңа жат қорлықтай батады екен, – деген жолдармен ой тербейді [1, 176 б.].

Яғни, туған жердің төсі жылдың қай мезгілінде де ата – ананың ыстық құшағындай екендігін ашық та түсінікті етіп жырлайды, әрі көз қарашығындай жамандықтан қорғайды. Ақын шығармашылығында туған жерін сағыну сазы басым, ауылдағы бала кезіндегі тірлігін:

Тақ – тұқ тірлік.....сонау он бір жасымда
Ер қара боп үлкендердің қасында
Таңды оятып, күнді көзбен батырып,
Колхозымның жүрдім қосы басында, – деген жолдарымен өрнектеп, сонау бар балалық шағының қиын да қызықты шақтарын ойға алады [2, 133 б.].

Ақын жасы ұлғайған шағында да туған жерге барғанда өзін бейне жас жігіттей сезінетінін мына өлең жолдарынан білуге болады:

Барған сайын ауылға,
Серуендеймін салт атпен,
Сұрасады бауырлар:
«Сен салт атты солдат па ең?»
Қайта бала боламын,
Мейлі жас не қарт десін
Өз анамдай даламның
Аймалайын ақ төсін [3, 157 б.].

Ақынның туған жерге, оның табиғатына деген ыстық сезімін әрбір өлең жолдарынан көруге болады.

М. Әлімбаев, жалпы өзінің туып өскен Маралды атырабы жайлы он бестен астам (біздің зерттеулеріміз бойынша) өлең жазған.

Мұзағаң – табиғатты, оның төрт мезгілін түгел сүйген адам.Ал туған жерге деген жүрек жылуы таусылмайтын тау сияқты.Туған жердің жылуын, қызуын, көлін, аңын, адамдарын жырлағанда жорға сияқты жеткізбейді. «Маралды көлі басында» деген өлеңінде:

Бала кез жағасында аунаған,
Алабұға, ақ шабағын аулағам.
Көлге келдім. Дөп – дөңгелек, мөп – мөлдір,
Жердің көзі секілді бір аумаған, – деп келіп, тағы бір өлеңінде:
Маралдыда марал көп,
Марал жайлар арал көп.
Мүйізінен маралдың
Дәрі – дәрмек алам көп, – дейді.
Ал «Ертіске» деген өлеңінде:
Ел деп келсем, елжіреймін: «Ертіс» – деп,
Шақырғандай. «Айдыныма кел, түс!» – деп толғайды [4].

Ақын шығармашылығын зерттеген О. Қожанұлы ағамыз осындай баға береді. Өзінің туған жеріне деген пәк сезімін «Маралдыма махаббат» атты өлеңінде былай жеткізеді:

Қант мияң қызғалдағы бөктеріңнің,
Қашанда арасында дәптерімнің!
Есімнен үш ұйықтасам шықпас менің
Балалық парызымды өткеруім!
Жүрсем деп қиыр шетке қайда бүгін
Түсімде теріп жүрем жайлау гүлін!
Маралдым – менің алтын қазығымсың,
Мен саған тағдырыммен байлаулымын.

М. Әлімбаев туған жер тақырыбына жазған өлеңдерінің барлығынан өзін дүниеге келтіріп, тәрбиелеп өсірген алтын ұясына деген сүйіспеншілік, оның алдында өзінің үлкен парызы бар екендігін үнемі еске алып отыратынын көреміз.

«Шәкіртке ұстаз болу – ірілік,
Ұстазға ұстаз болу-ұлылық,» – деп айтқан сөзі ақынның өз атына лайық.Ақынның туған жер тақырыбына жазған кейбір өлеңдері бұл күнде сазгерлер жағынан оң баға алып, ән жазылып, бір ғана Қазақстан емес, дүние жүзі қазақтарының сүйіп, шырқап салар әніне айналды. Оған мысалы:

«Маралдым» әні.
Туған ел, өскен жерім – «Қызыл Таңым»,
Сенікі ішкен суым, тұзым – дәмім.
Даңқыңды, дәулетіңді шалқытады
Бақытын сенен тапқан қыз – ұлдарың, – деген өлең жолдарынан ел үмітін ақтау, оның атақ – абыройының асқақтап биіктен көрінуіне ат салысуға үндеу жасағандай [3, 658 б.].

Адамның өсуіне, мінезіне, дүниеге көзқарасына, өзі өскен ортаның табиғатының әсері болатыны анық секілді. Жері көкорай шалғынға оралған кең даланың, дертке шипа «Маралдыдай» көлі бар алқаптың ақынның жан дүниесіне әсері мол болғаны анық.

Өз өлеңдерінде туған жерін үнемі тәрбиелеп өсірген ата-анамен егіз қойып жырлайды, одан өзіне жылы алақан лебін сезінеді. Оған мына өлең жолдары айнымас дәлел:

«Ертіс – менің қамқор қолды кәрі әжем...» – десе және бірде: [3, 161 б.].

Ассалаумағалейкүм, атамекен!
Қадірің ата – анаммен қатар екен! – деп тебіренеді [3, 178 б.].

Ақын өлеңдеріне қарап, саралай талдап үңіліп көрсең, туған жер – оған ата – ана, тербелген бесік, жанын рақатқа бөлейтін жаннатты мекен. Табиғат ананың алдында өзінің мәңгі борыштар екендігін мойындап отыруы көзге түсіп отырады.

«Туған жердің тәлімі» өлеңінде:

...Деуші едің: «Бір жапырақ наның болса,
Бөліп бер телмірген көз, аш көмейге» – деп адамгершілікке үндеп, қиналғанға жәрдем қолын беруге ақылгөйлікпен кеңес берсе, бірде:

Білмеймін бықсыдым ба, жана алдым ба
Тұрғандай әділ қазы – ар алдында
Ағымнан жарыламын оңашада,
Ішімнен есеп беріп Маралдыма, – дейді [3, 136-137 б.].

Өзі өскен ортаға, кіндік қаны тамған жерге әрдайым қарыз екендігін мойындайды. Адам баласының туған жерге деген борышын өтеу, оның парызы екендігін ескертеді. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

Хош иісті жұпарын
Жүздеген гүл, мың шөптің.
Кеуде кере жұтамын,
Мен сол үшін жол шектім [3, 157 б.].

М. Әлімбаевтың өлеңдері негізінен қара өлең ұйқасымен жазылған.Туған жер тақырыбына жазылған өлеңдерінде кейіптеу құралын көбірек қолданған.

М. Әлімбаев – Сарыарқаның бір бөлігі болған Маралды атырабының төсін еміп өскен Мұзағаңның өлеңдерін үлгі ету, үйрену біздің міндетіміз.

Ақын халықтікі, сондықтан оның өзіндік үні болуға тиіс.М.Әлімбаев өзінің «Ақын» атты өлеңінде:

Тумайды жұртын ақын жылатуға,
Туады жүректерді нұрлантуға,
Өлеңін орамал ғып өтеді олар
Көз жасын адамзаттың құрғатуға.
Айнымас ол – әділдік бағасы да,
Қалмайды күншілдердің табасына.
Жүрегін көпір етіп төсейді ақын:
«Жетсін, – деп – жұртым бақыт жағасына!» – деп уытты жолдармен айтады.

Ақынның мақтан етіп жырлаған Маралды көлі шынында да өзінің әсем табиғатымен адам баласын таң қалдырса, емдік қасиетімен жылдар бойы айналасындағы халықты өзіне сыйындыра алған.Тұзды көлге шомылушылар суға түскен адамның оның бетінде қалқып жүргенін керемет күшке теңейді.Көлдің суы мен балшығы түрлі аурулардың таптырмас емі екенін айналасындағы елдің бәрі біледі. Қалалық «Городская неделя» газетінде Анна Липень өзінің «Сила – в соли» атты мақаласында көлдегі артемий салина (құрттың атын өзгеріссіз алдық) құрттары мен оның жұмыртқаларының, көк сазының арқа, буын, тері ауруларының бірден – бір емі екендігін және Маралды атырабында жасайтын адамдар арасында туберкулезбен(құрт ауру) науқастанғандар жоқ екенін жазады [5].

Маралды көлі туралы әңгіме еткен адамдардың барлығы да оның емдік қасиетін айналасындағы жасайтын жандар ғана емес, бүкіл Қазақстан халқының көбі білетінін, жаз айларында күніне

мыңдаған адамдардың көл бойында дем алатынын, яғни емдік қасиеттерін пайдаланатынын әңгімелейді.

Демек, ақынның туып – өскен жері, оның киелі табиғаты жария етуге лайық. М. Әлімбаевтың жырлаған туған жерінің сұлу табиғатын үндеу, оны паш ету баршамыздың парызымыз. Бұл – жас ұрпақты туған жерін, елін сүюге баулитыны анық.

Маралды көлі – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі № 932 қаулысына сәйкес «Республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи – қоры объектілері» тізіміне кірген жерлердің бірі.

Біз зерттеу нәтижесінде М. Әлімбаевтың шығармаларын оқып үйрену үшін мынадай істерді атқарсақ:

Кесте 1

р/с	Істелетін істер мазмұны
1	М.Әлімбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы (балалық кезеңі, оқуға, аға ұрпақпен араласуы, соғыста болуы)
2	Шығармаларындағы туған жер тақырыбы (Қазақстанды жырлауы, өзі туған мекені толғауы)
3	Балалар әдебиетінің көрнекті қайраткері.
4	Отанды сүю, оны қорғау тақырыбы.
5	Аудармашылығы
6	Достық тақырыбы
7	Прозалары
8	Сазбен айтылатын өлеңдер (Ән жазылған)
9	Туған жер топырағында (Мерей тойлары жайлы)
10	Мақал – мәтелдерді зерттеуші
11	Өлеңдеріндегі ана тақырыбы

М. Әлімбаев шығармаларындағы туған жер тақырыбына арналған зерттеулері кезінде мынадай істерді атқару қажет деген тұжырымға келдік.

Себебі, жерлесіміз 28 жыл балалар әдебиетінің «Балдырған» журналын басқарған, балалар әдебиетінің көрнекті қайраткері, жас ұрпақтың көңілін таба білген Мұзағаңның еңбегін үгіттеу, оқып үйрену керек деп таптық.

Аудан мектептерінде «Мұзафартану» атты факультативтік курс енгізілсе;

Туған жерге құштарлық, оны беріле сүю – келешек үшін өте қажет нәрсе.

Туған жерді сүю, ыстық – суығына көну, табиғатты қорғай білу, адамгершілік пен адалдыққа үндеу – Мұзафар Әлімбаев шығармаларында айқын жырланған.

Кереку – Баянауыл өңірінен өнердің түрлі салаларынан небір ірі де ұлы тұлғалар шыққан, олардың кейбірі өз артына өлмес өз орнын тастап кетсе, енді біреулері әлі де өнегелі істерін қалдыруда.

Мәңгілік сөз қалады,

Қозғайды, қозғалады.

Өтеміз біз де бір кез,

Қалар ма бізден бір сөз?! – деген Мұзафар Әлімбаев келешекке жас ұрпаққа сан жетпес сөз тастады, әлі де тастай береді деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Әлімбаев. Таңдамалы екі томдық. 1 том. Алматы, «Жалын» баспасы. – 1983 ж.

2 М. Әлімбаев. 1 том. Алматы, «Қазығұрт». – 2003 ж.

3 М. Әлімбаев. Шығармалар жинағы. Алматы. «Санат». – 1997 ж.

4 «Сарыарқа самалы» газеті. – № 120. – 18 қазан 2009 ж.

5 «Городская неделя» газеті. № 31. – 9 тамыз.

6 «Қазақ әдебиеті» газеті. – № 42. – 24.10.2003 ж.

7 «Егемен Қазақстан» газеті. – № 222. – 29 қазан 1993 ж.

8 «Егемен Қазақстан» газеті. – № 258 – 259. – 24 қазан 2011 ж.

ЕРТІС-БАЯН ӨҢІРІНІҢ ӘДЕБИЕТШІЛЕРІ

КИМ К. А.

11 «И» сынып оқушысы, «Дарынды балаларға арналған № 3 гимназиясы» ММ, Павлодар қ.

СЛЯМБЕКОВА К. С.

мұғалім, «Дарынды балаларға арналған № 3 гимназиясы» ММ, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі елді өркендетудің басты міндеттерінің бірі – өңірлерді дамыту. Жекелеген өңірлердің экономикалық, мәдени дамуы арқылы бүтіндей қазақ жерінің дамуын қамтамасыз ету бағдарламасы өз бағыттарының басты

тетіктерін шешуде назарға алатын тұсы – сол аймақтың тарихы дамуы, халқының рухани ерекшеліктері екені сөзсіз. Бүгінгі технологиялық дамуды негізге елған өңірлерді дамытудың үкімет алға қойып отырған мақсаттарын шешуде жетекшеі болатын – сол өңірдің рухани дамуының тарихы, белгілі тұлғаларының елеулі істерінің бүгінгі ел дамуындағы орны екені сөзсіз. Сондықтан да біз ғылыми жобамызда Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын ашуды қажет деп таптық. Елдің мәдениеті мен тарихын, әдебиеті мен өнерін жасайтын – сол елдің өз ұл-қыздары. Халық тарихы мен рухани өмірінің жарқын беттері өз ұрпақтарының іздерімен ерекше. Кез келген жер мен елдің рухани әлемін жасауға сол жерде туып-өскендердің орны, қалдырған мұралары жалғасын тауып жатады. Әлем мәдениеті мен әдебиеті, өнерінде де бұндай мысалдар көптеп кездеседі. Қай халықтың болсын рухани өмірінде ерекше орын алатын ертектер болса, Еуропаның көптеген елдеріндегі рухани әлем бастауы – ағайынды Гриммдердің, әкелі-балалы Топелиустардың өздері туып-өскен жерлерінен жинаған ертектерінен басталады.

Нобель сыйлығының лауреаты Сельма Лагерлефтің ең негізгі еңбегі туған жерінің тарихы, адамдары туралы болатын. Әдебиет пен өнердегі белгілі тұлғалар туралы зерттеулер жүргізгенде олардың туған жері, өскен ортасы, тәлім алған адамдары, алғашқы мектебі туралы мәліметтер міндетті түрде назарға алынады. Бұл тұлғаның қалыптасуындағы шыққан тегі мен өскен, алғашқы тәрбие алған ортасының маңызының ерекше екендігін танытады. Осындай себептерді негізге ала келіп, біз зерттеу жұмысымызда Ертіс-Баян өңірінен шыққан тұлғалардың еңбектерінің ерекшеліктеріне тоқталдық. Ертіс-баян өңірінен шыққан қазақ тарихында ерекше орын алатын тұлғалар өте көп. Олардың барлығын бір ғана ғылыми жобаға сыйғызу мүмкін емес, біз бүгінгі оқушыға керек әдеби туындыларды талдауды дұрыс көрдік.

Ертіс-Баян өңірінің әдебиетін зерттеудің бірнеше бағыттары болғанын көрсетуге болады.

Ертіс-Баян өңірінің жоғарыда келтірілген территориялық, шаруашылық ерекшеліктеріне қарай әдебиеті мен мәдениеті де жаңа бағытта дамыды. Ғылым жоба аталған өңірдің осындай бірнеше ерекшеліктерін негізге ала отырып, жұмыстың мақсатын Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау, елдің рухани дамуындағы әр жанрдағы көшбасшылық сипатын көрсету етіп алады. Бұл мақсатты ашу үшін төмендегідей міндеттерді белгілейді:

– Ертіс-Баян өңірінің әдебиет тарихы, ерекшеліктерін ашу, кейінгі әдебиетпен жалғастығын анықтау;

– қазақ әдебиетіндегі аталған өңірден шыққан ақын-жазушылар шығармаларындағы ел мен жер тарихы, ұлтты қадірлеу, туған жердің бағасына жету, өскен ортаға құрметпен қарау идеяларын ашу;

– қазақ әдебиетіндегі Ертіс-Баян өңірінен шыққан қаламгерлер шығармаларының авангардық ролін көрсету:

Зерттеу жұмысында тірек көздері болып М. Жүсіп Көпейұлының халық аузынан жинаған фольклорлық үлгілер мен этнограф, ойшыл ақынның өзінің шығармалары, сонымен бірге https://www.google.kz/search, сайты, Ертіс-Баян өңірінен шыққан көрнекті ақын-жазушылардың шығармалары, олар жайындағы әр кездерде жазылған ғылыми, әдеби туындылар пайдаланылды.

Ғылыми жобада Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиетіндегі орнын анықтауда бірнеше бағыттарды белгіленді. Ғылыми жобада Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиетіндегі орнын анықтауда бірнеше бағыттарды белгіленді.

1 Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы М. Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі жалпы қазақ, Ертіс-Баян өңіріне қатысты деректер, олардың қазақ және әлемдік рухани әлемдегі орны анықталды.

2 Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиетіндегі ақындық, әдеби жанрдағы өзгеше ой, өрнек пен өрім және жаңа таным мен пайымды бейнелеудегі мәні көрсетілді.

3 Егемен ел ұрпақтары үшін, ұлт дамуы үшін Ертіс-Баян өңірінің ақын-жазушылары шығармаларының қазіргі рухани әлемдегі маңызы.

Зерттеуде салыстыру, салғастыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Өлке рухани әлемінің бастаулары

М. Жүсіп Көпейұлының еңбектері – қазақ танымы мен түсінігінің жаңа бағыты

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпаққа қалдырған көркем мұрасы ұшан теңіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген кезеңде жазылған шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі. Қазақтың ең бір шұрайлы да шалғынды жерлері орыс переселендерінің иелігіне көшкен шақ болатын. Сондықтан да болар, ақынның 1907 жылы жарық көрген кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталады. Ақын шығармалары жанры жағынан

да мол салалы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары: ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көлемді дастандарға, тіпті XX ғ. екінші жартысы, XX ғ. бас кезі үшін сирек кездесер естелік, өзі жайындағы өмірбаяндық шығармаларға дейінгі аралықты қамтиды. Бұның ортасында ақынның өлеңдерінің өзін жанрлық жағынан бірнеше топтарға бөлуге болады.

Ертіс-Баян өңірі – қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің алтын көпірі

Қазақ әдебиетінің, жалпы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салт-дағдыларына негізделген айтыс жанры мен сал-серілік дәстүр екені белгілі.

Қазақ мәдениеті мен өнерінде сал-серілік поэзия өзгеше өрнегімен тартады. Біржан сал, Ақан сері, Сегіз сері, Әсет Найманбайұлы болып басталатын өнер иелерінің ішінде Ертіс-Баян өңірінің ақындарының арасындағы Естай, Иманжүсіп пен Майра Уәлиқызының орны бөлек. Иманжүсіп Құтпанұлы өмірінің ең бір шығармашылыққа толы шырайлы шағын Сарыарқада өткізеді. Иманжүсіп – Жаяу Мұса, Мәди сияқты әділет, тендікті жырлаған күрескер әнші. «Сармойын», «Бұғылы мен Тағылы», «Ішім өлген дүние-ай, құр сыртым сау», «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шоңай», «Қысырақтың үйірі жирен ала», «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын» т. б. әндері асқақ үнді әншінің азаматтығын танытады. Оның әндерін А. В. Затаевичке Қ. Байжанов, Қ. Байсейітов, И. Байзақовтар нотаға түсірткен. «Сармойын» әні Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында (Бекежанның ариясы) пайдаланылды. Иманжүсіп – қазақ әдебиетіндегі өр мінез, асқақ жырдың ғана емес, ұлттық әдебиет пен өнердің барлық сипатын жарқырата ашып көрсеткен, тұлғалардың бірі. Сал-серілер шығармашылығы дегенде есімізге түсері – көбіне қазақ ұлдары. Ертіс-Баян өңірінен шыққан Ардақты апамыз Майра Уәлиқызы да осы топтың бел ортасында. Майра Уәлиқызы Шамсутдинова – халық әншісі, композитор. Павлодар қаласында дүниеге келген. Майра жасынан сырнай (гармонь) тартып, ән салған. Ертіс-Баян өңірімен қоса Семей, Атбасар аймағындағы жәрмеңке, той-думандарда өнер көрсетіп, есімі елге жайылған.

М. Уәлиқызы жайындағы деректерді қазақтың классик жазушысы Ғ. Мүсіреповтің «Атақты әнші Майра» әңгімесінен табамыз. Жазушы Орынбордан келе жатып жолда Керекуге еріксіз тоқтап, аязды күні қонатын үй іздеп, кездейсоқ Майра әншімен қалай кездескенін жазады. Шығарма естелік болғанымен де, Майра

ақынның бар адамдық, тіпті ерлерге тән азаматтығына да, әйелдік сұлулығымен, тазалығы мен өнеріне қалай таң қалғанын көркем әңгімелейді.

«Біз аты-жөнімізді айтып болған соң, «Ғалия-бану» өзінің аты-жөнімен таныстырды.

– Мен Майра деген апаларың боламын. Қараөткел, Кереку елдері ептеп біледі мені. Орынбор жағы біле бермейтін болар.

Біз орнымыздан ұшып түсе жаздадық. Майраны көремін деп кім ойлаған.! Атақты әнші Майра бізді үйіне қондырып, моншаға түсіріп, бізге шай құйып отырар деп кім ойлаған!

– ...Жоқ, Майра апай, сізді ең жақсы білетін жер де, ел де Орынбор болар, – дедім. – Орынборда он бес шамалы орта дәрежелі оқу орындары бар. Бірінде болмаса, бірінде күн сайын ойын-сауық болып жатады. Қандай ойын-сауық болса да, сіздің әніңіз шырқалмай қалмайды».

Әңгіменің ендігі ары қарай жалғасында кейіпкерлердің Майра апларының әндерін қалай естігендерін айтады.

«Бұл – қазақ халқының төрт тұстығында туған ән-күйлердің әлі жиналмаған кезі ғой, майра өңкей Арқаның әндерін салды. Бізге соның өзі тосын әндей естілді. Өңделіп, өзгеріп кетіпті. Тегінде, жақсы ән, жаман ән дейтіндеріміз айтушысына қарай не өңделген, не өңінен айырылған болу керек» [4, 164 б.].

Қазіргі қазақ әдебиеті: ұлт дамуындағы Ертіс-Баян өңірінің орны

Ж. Аймауытов – қазақ әдебиетіндегі сұлу өрнек кестелерін салушы.

Қазақ әдебиетінің бүгінгі дамуындағы Ертіс-Баян өңірі тұлғаларының орнын анықтауда 20 ғасыр басындағы ұлт оянуын қалаға, елдік идеяны көтерген тұлғалар шығармашылығына тоқталған жөн. Солардың бірі, қазақ әдебиетінде прозада өлең үлгісін өзгеше өрнекпен қолданған қаламгер – Жүсіпбек Аймауытов. Ж. Аймауытов – қазақ әдебиетіне «Ақбілек», «Қартқожа» сынды шығармалар берген тұлға. Жүсіпбектің «Қартқожа» романы тұңғыш рет 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Бұл – қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы елеулі шығармасы.

Қорыта келгенде Ж. Аймауытов шығармашылығының бірнеше қырлары ашылды.

1 Ж. Аймауытов – қазақ әдебиетінде прозада ақ өлең үлгісін кестелі өрнекпен берген жазушы.

2 Ж. Аймауытов – кейіпкер психологиясын, адамдар психологиясының нәзік қырларын шебер жеткізуші.

3 Ел тарихын, халық өмірін боямасыз, көркем жеткізген қаламгер.

4 Қазақ ғылымында психологиядан тұңғыш еңбек жазған зерттеуші.

Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихы мен өнеріндегі орнын анықтауда аймақтың ел дамуындағы маңызды орын екені ашылды.

Ертіс-Баян өңірі деген атаудың өзі кең ауқымды территорияны қамтиды. Ертіс өзені өз арнасын сонау қытай жерінен алып, ағынды өзен Қытай, Қазақстан, Ресей мемлекеттерін басып өтеді. Қазақты Қытай мен Ресей сияқты алып империялармен жалғайды. Сондықтан да болар қазақ тарихының өзекті мәселелері, ұлт ойының тамырлы түйіндері осы аймақтан тарап жатады.

Біз ғылыми жобамызда қазақ әдебиеті мен рухани дамуында ерекше із қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Иса Байзақов, Майра Уәлиқызы, Ж. Аймауытов, М. Әлімбаев, М. Жаманбалинов, Е. Ерботин еңбектерін зерттеу арқылы ашып көрсеттік. Аталған тұлғалар еңбектерін талдай отырып, бірнеше сипаттарды анықтадық.

1 Ертіс-Баян өңірінің әдебиет тарихы, ерекшеліктерін ашылып, кейінгі әдебиетпен, мәдениетпен, рухани дамумен жалғастығын анықталды.

2 Қазақ әдебиетіндегі аталған өңірден шыққан ақын-жазушылар шығармаларындағы ел мен жер тарихы, ұлтты қадірлеу, туған жердің бағасына жету, өскен ортаға құрметпен қарау идеяларын ашылды.

3 Қазақ әдебиетіндегі Ертіс-Баян өңірінен шыққан қаламгерлер шығармаларының авангардық ролі көрсетілді.

4 Ертіс-Баян өңірінің қазақ әдебиетіндегі ақындық, әр түрлі әдеби жанрдағы өзгеше ой, өрнек пен өрім және жаңа таным мен пайымды бейнелеудегі мәні көрсетілді.

5 Егемен ел ұрпақтары үшін, ұлт дамуы үшін Ертіс-Баян өңірінің ақын-жазушылары шығармаларының қазіргі рухани әлемдегі маңызы өз мәнін жоймағаны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары 1-9-томдар. Павлодар, ЭКО, 2004

2 https://www.google.kz/search, сайты

3 М. Әлімбаев «Балаға жыр арнауды бақытым деп...» // Кітапта: Қазақ балалар жазушылары Алматы, 1987,36-49 б.б.

4 Ағады Ертіс... //Бас редактор Е.Арын, жауапты ред. Ж.Сарбалаев/ Павлодар, ЭКО, 2008 /

5 Баянаул перзенттері //Бас редактор А.Нұхұлы, жауапты ред. Ә.Жәнісов/ Павлодар, ЭКО, 2008

6 Ғ. Мүсірепов «Атақты әнші Майра» //кітапта Ғ.Мүсірепов бес томдық шығармалар жинағының 1-томы, Алматы, 1992, 158-189 б.б.

7 И. Байзақов Шығармалары Алматы, 1985

8 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары 4, 5, 6, томдар. Павлодар,2005

9 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы.1, 2, томдар. А.,1990

10 М. Әуезов. Әдебиет тарихы. Алматы, 1992

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

КӨКЕН Б.
оқушы, «Абай атындағы ЖББОМ» КММ, Ақтоғай ауданы

Халқымыз қазақ болып, ұлт болып қалыптасуы жолында да, одан кейінгі кезеңдерде де, талай қиямет-қайым күндерді де, талай қилы-қилы замандарды, қым-қуыт кескілескен шапқыншылықтарды бастарынан өткерді. Осындай сын сағаттарда халқымның қиялынан туған аты аңызға айналған ұл-қыздарымыздың ерлігі мен адамгершілігін бүгінгі ұрпақ мақтан етеді. Сондай кезеңдердегі халыққа өзінің болашағына деген өршілдік сенімі, сол жолда талай атқаратын ой-арманы, іс-әрекеті ауыз әдебиетінің түрлерінде жырланады. Халықтың тілегін орындайтын адамын ауыз әдебиетінде ақыл-парасатты, ел үшін еңбек ететін, оң қолынан өнер тамған, көрегендігі мен ақылдылығы халқы үшін ғана жұмсалатын етіп айтылады. Қазақ халқымыз айтатын сөзін астарлап, жұмбақтап, оралымды, қисында қылып жеткізіп отырған. Бұның өзі дана халқымыздың даналығын көрсетеді.

Даналық сөздер – халықтың асыл ойының жиынтығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып шешетін де даналық, нақыл сөздер. Қазақ халқы – бейнелі сөз, нақыл сөзге бай халық. Әрбір ұлт тілінің өсіп, қалыптасуымен бірге мақал-мәтелдер, қанатты, нақыл, даналық сөздер жетіліп отырады. Ақылыңа ақыл қосатын, жарқын болашағыңа дұрыс бағдар-бағыт сілтейтін, өмірді танытатын, көкірек-көзіңді ашатын қамқоршы, ақылшы сияқты даналық сөздер

де көркем әдебиетте де, жеке сөйлеуші адамның да сөзінің, ойының нәрін келтіретін, ұтымды да ықшамды форма.

Даналық сөздердің мағынасы терең, сөзі ықшамда көркем, есте сақтауға өлең секілді икемді, ұйқасымды жеңіл болғандықтан, бала тәрбиелеуде, жастарға өнеге-үлгі ретінде ерекше екшеленгендіктен, шешендікке тәрбиелеуде үлкен орын алады. Балаларға, жастарға терең ой салумен бірге оларды өздерінің ойын көркемдеп, әдемілеп сөйлеуге үйретеді [1, 12 б.].

Бала тәрбиелеуде, жастарға ақыл-кеңес берерде халық барлық асыл сөз, даналық ойларын жеткіншектерге арнаған. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінен алған бай мұра – даналық сөздерін үлгі -өнеге ретінде өмірінің жалғасы ұрпағына қалдырған.

Ертегілердегі даналық ойлар, ақыл-парасат, үлгі-өнеге қай кезеңде де ескірмейтін, оқыған сайын оқи бергің, айтқан сайын айта түсер, тыңдаған сайын құрышың қанар үлкен өнер.

Халық ауыз әдебиеті халықтардың ғасырлар бойы жасап келген өмір тәжірибесінің, әдеті мен ғұрпының, тіршілік кәсібі мен тілінің бай да шебер өрнектерін, таңғажайып ертегілерін, ақындық-әншілік өнерлерін жинақтап, ұлтымыздың ұлттық мәдениетінің алтын қорына құяды. Сөйтіп халық арманының жарқын болашағына жөн сілтейді.

Заманның жарқын болашағын, бақытты тұрмысын, арман, тілегінің орындалуын ертеден көксеген халық мұң-мұқтажының барлығын да ертегілерге енгізе білген. Сондықтан ертек балаларға осындай ерекшеліктерімен танылып, қызықтырып, олардың ой-еркін билеп әкетеді. Жаңа ой серпінін тудыруға, көңіл күйін оятуға себепші болады.

Халық ертегілерінен адам болашағының гүл бақшасы, бақытты жарқын тұрмысы, келешегі көрінеді. Халық ертегілерінен осындай неше алуан жақсы сезімдерді, тапқырлықты байқаған балалар осындай бақытты тұрмысты көруді өздеріне мақсат етіп қояды. Қиялдың, ой жемісінің іс жүзіне асуына талаптанады. Талаптан туған жігер-қайрат оларды өмірдің жарқын болашағын, бақытты тұрмыс құрушылардың қатарына қарай баурайды [2, 50 б.].

Ертегілер негізінен үш топқа бөлінеді. Соның бірі қиял-ғажайып ертегілері.

Қиял-ғажайып ертегілеріндегі сол қиял тудыратын образдардың өзі арқылы да халықтың еңбек пен табиғат күштерін шығармашылық түрде жеңбек болған қиялы көрінеді, арманы танылады деп ұғыну керек. Бұл жөнінде, адам баласының кейінгі дәуірлерде техника

жөнінде тапқан сол техникалық прогрестің бірталайын, ертегінің қиял бейнелері, алдын ала болжап өтіп, бұлдыр түсте аңғартқандай болады. Мысалы, «Ер Төстікке» серік болатын көреген батыр, Таусоғар – бәрі де адамның сол бір ұлы армандарын білдіреді. Төстік елсізбен келе жатса, алдынан бір адам көрінеді. «Бұл не қылған адам?» – деп абайласа, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да, білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондырып қояды. – О, неғып жүрген жансың? – деп Төстік қасына жетіп келеді. – Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті дегенге, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім, – дейді әлгі кісі. – Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік. – Алғанда адамға сездірмейтін асқан епті едім. Жан-жануарлардың сағы сауысқан болса, құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сезбей қалады, – дейді кісі. – Жарайды. Ендеше, сол іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік. Екеуі жүріп келеді. Осылайша әр түрлі өнерлі адамдар кездесіп отырып, жетеу болады. Халықтың қиялынан пайда болған бұл өнерлі адамдар Ер Төстікке көмек берер өнерлі, достыққа адал жандар. Ендеше, халық даналығы – жақсылық әрдайым үстем тұрады дегенді көрсетеді. «Алып қара құс – Самұрық» ертегісі де қиял-ғажайып ертегісіне жатады. Бұл ертегіде ағайынды үш жігіттің алауыздығының кесірінен қиындыққа тап болғандығы айтылады. Бірақ, кенже інілері Хасанның адамгершілігі, адалдығының арқасында бақытты өмір сүретіндігі әңгімеленеді.

Осы екі ертегіден аңғарғанымыз, сыры жат табиғаттың, жер мен аспанның көзге көрініп тұрған белгілі қабатынан өтіп, «ішін шарласам, сырын ақтарсам, бермесін алсам» деген ізденгіш, өршіл ойын танытады. Сондайлық алға бастар асыл тілекті, жалпы адамзаттың тілегін іздетіп, ерді кездіріп отырған құр еріккеннің ермегі емес

Хайуанат жайындағы ертегілер – барлық елдердің ауыз әдебиет қорындағы сияқты, қазақ халқының ауыз әдебиет қорында да ескі ертегілер түрінің бірі. Бұл ертегілерде көбіне елдің бақташылық тұрмыс-тіршіліктері суреттеледі. Оларда қойшы-малшы, тазшалардың тұрмысынан алынып, өмірде болуы мүмкін жайттарға қиял-ғажайып оқиғалар араластырыла көрсетіледі. Өмірде болатын нәрселер мен болмайтын нәрселердің араласып отыруы – ертегінің өзіне тән қасиеті, ерекшелігі. Мысалы, «Ау, түлкі және қойшы» ертегісін алсақ, аю мен түлкінің адамша ойлап,

тіл білетіндіктері болмаса, басқа жақтары дәл өмірдегі қойшының іс-әрекеті болып көрсетіледі. Хайуанат, жануарлар кейде адамдармен қарым-қатынастары арқылы көрсетілетіні болса, бірде өз араларындағы қарым-қатынастарын жекелеп бейнелейтін ертегілер де аз емес – «Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе», «Ау, қасқыр, түлкі, бөдене» тағы басқалары. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің қай түрін алсақ та соның бәрі де балалардың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі де қызық болып айтылады. Хайуанаттар жайындағы ертегілерде балаларды қызықтырарлық және оларға ой саларлық екі түрлі сипат бар. Оның бәрінен олардың мінез өзгешеліктерін, сырт көрінісін, күн көрісін байқайды. Ал, екінші жағы хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы соны мысал ете отырып, адамдар арасында болатын тартыстардың сыр-сипатын байқайды [3, 43 б.].

Жалпы ертегілер тобында салт ертегілерінің орны өзгеше. Профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезов салт ертегілерге ғылыми жолмен толық талдаулар бере келіп, ертегілер ішінде бала мен үлкендерге бірдей ортақ мұралардың бар екенін және көп екенін атап көрсетеді. «Салт ертегілер қатарындағы бір алуаны – бөлек бір топ күлдіргі ертегілер. Бұл ертегілер бала мен үлкендерге бірдей ортақ, тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құралған әңгімелер болады. Алдымен мұндай ертегілердің оқиға ортасында жүретін бас кейіпкерінің өзі ерекше. Оның бар іс-мінезінен бұрын аты-қалпы, кескін-ұсқыны да күлкілі, оқыс келеді. «Ши бұт, қағанақ бас, қылтамақ», «Ұр тоқпақ», «Қаңбақ шал», «Айлалы тазша», «Тазшаның қырық өтірігі», «Екі еріншек» деген сияқты болып, ертегінің аты мен адамынан-ақ әңгіменің ойнақы, күлдіргі жаққа қарай бейім тұрғаны мәлім болады», – дейді. Бұл ертегілер жасөспірімдерді күлдіре отырып, өмірге үйрететін бай қазына. Жоғарыда айтылған ертегілердің бәрі де күлдіру үшін жайдан жай айтыла салған ертегілер емес. Сонымен қатар үстем тапқа қарсы айтылған, олардың зұлымдық, қастандық істерін әшкерелеу үшін, соларға қарсы қолданған айлалы әрекеттің бір түрі деп бағалаймыз. Өйткені, ол кездерде зорлықшыл күшке ашықтан ашық қарсы тұруға дәрменсіз болғандықтан осындай айлалы әрекеттер мен тапқырлық ұшқыр ойды құрал еткен.

Жоғарыда айтылған пікірлерді дәлелдей түсу үшін «Молда мен бай» деген бір ғана күлдіргі ертегіні мысал ретінде айтып өтуге тура келеді.

Бір қартаң байдың үйіне қаба, ақ сақалы бар бір молда келіп қоныпты. Ас жеп болған соң, молда әндетіп құран оқи бастайды.

Оқып отырғанда молданың қаба сақалы желк-желк етіп тұрады. Бай молданың бетіне қарап отырып, өтірік еңкілдеп жылап қоя беріпті. Құран оқып болған соң, молда байдан сұрапты:

– Байеке, құран әуезіне бойыңыз балқып жылаған шығарсыз?

Бай көзінің жасын сүртіп отырып отырып айтыпты:

– Жоқ, молдеке, анау күні мың қойымды бастап жүретін бір ақ серкем өлді. Сақалы желк-желк етіп, ылғи қойды бастап жүруші еді. Сіздің желкілдеген қаба сақалыңызды көрген соң, сол серкем есіме түсіп жыладым, – депті.

Осы бір кішкентай ертегінің мазмұнында күлдірумен қатар, байдың сараңдығы мен молданың арамдығын қатар түйреген өткір сатираға құрылған тапқырлық бар. Күлдіргі ертегінің бәрі де осы сияқты өте ықшам да қысқа айтылғанмен, ойдың асыл жиынтығы түйдектеліп беріледі де баланың есінде сақталуына икемделіп тұрады. Осы арқылы оларға өмір жолын танытады. Осы арқылы оларға өмір жолын танытады. Өмірдің әділеттік жолдарын үйретеді.

Қазақ ертегілерінің ең мол түрі – шыншыл ертегілер. Халық өзінің дүниетанудағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы іс-әрекетін, барлық мұң-мүддесін, күрес-тартысын, талап-тілегін осы шыншыл ертегілерге жиып түйген. Мұндай ертегілерде әлеуметтік теңсіздікке қарсы еңбекші халықтың наразылығы, күресі – бәрі айқын көрінеді.

Шыншыл ертегілерде таптық сипат айқын. «Айлалы тазша» әңгімесінде тазша бала айла-амалымен, тапқырлық, ақылдылығымен ханнан да, оның баласынан да кек алады. Жалпы, тазша жайындағы ертегілерде жауыздық иелері күлкі-әжуа етіледі, олардың зұлымдықтары әшкереленіп отырады. Тапқыр да алғыр, ақылды да айлакер тазша – халықтың сүйікті қаһарманы. Халық сол сүйікті қаһарманы арқылы жауыздыққа қарсы тұрады. Мысалы, «Аяз би» ертегісі. Аяз – халық даналығының бейнесі. Оның мектебі – өмір, еңбек. Даналық – сол өмірден алған еңбек жемісі. «Аяз би» ертегісіндегі шешендік, нақыл, даналық сөздерге назар салайық

Осы ертегіде бастан-аяқ тұнып тұрған даналық сөздер, ақыл-айлалар. «Адамның қандай адам екенін білгің келсе, оның қолына билік бер» дейді халық даналығы. Шынында да, әкімшілік тізгініне оқыстан ие болған ақылсыз адам ойын не келсе, соны істейді. Біреулері ашкөздікке салынып, көрші елдерді жаулап алуға кіріседі, қыруар қазына жияды, біреулері тіпті көзінің тірісінде өзіне ескерткіш орнатып, өзін Құдайдың жер бетіндегі өкілі санайды.

Басындағы тәж, жамбасындағы тақ үшін бірде әкесін, бірде баласын өлтірген патшалар да аз болмаған. Бірақ солардың ішінде

жетіскені жоқ. Әкесіне істегенін баласынан, баласына істегенін немересінен көрген.

Аяз би бейнесі бұл билеушілерге бүтіндей қарама-қарсы. Ол – қазақ аңыз әңгімесінің кейіпкері, халықтан шыққан дана, қарадан көтерілген хан. Өмір жолын кәдімгі кедейліктен, кіріптар құлдықтан бастаған Аяз би ақыл, көреген кемеңгерлігі арқасында халықтың қалауы бойынша хан тағына отырады. Бақ-дәулетке мастанып, баяғы бейшара күйін ұмытып кетпес үшін есіктің маңдайшасына ескі тымағын іліп қойыпты. Көңілі өсіп, жаны шалқып, басқаша болып бара жатса, сол жаман тымағына қарап: «Ей, Аяз би, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» - деп өзіне-өзі тоқтау салады екен.

Аяз би бейнесі қалың ел, қарапайым халықты өздері секілді «Қайырымды да, кішіпейіл, ақылды да әділ, парасатты патша басқарса ғой, шіркін!» деген ізгі ниет, асыл арманнан туған.

Тағы бір адамдарға ақыл, өсиет берер ертегі – «Жақсылыққа – жақсылық» ертегісі. Жолаушылап келе жатқан шал бір кісінің жол үстінде жыланды қамшының астына алып, өлтіргелі жатқанын көреді де:

– Ей, пенде, андағы жыланды өлтірме, ол да жан иесі ғой. Құн сұрайсың ба, мен берейін – дейді. Жыланды өлтірмек болған кісі:

– Бір мысқал алтын бер, – дейді.

Жолаушы шал оның сұрағанын береді де, жыланды ажалдан арашалап қалады. Ал жылан өзін өлтірмек болған кісі кеткен соң, ажалдан арашалаған жолаушы шалға айбат шегіп:

– Жақсылығыңа – жамандық, мен сені шағамын, – дейді. Шал дәлел айтып, дауласады.

– Жақсылыққа – жақсылық бұл әлемдік ереже.

– Жоқ, мен ондайды білмеймін! – деп, жылан көнбейді. – Жақсылыққа – жамандық.

Екеуі егесе ерегесіп, қызыл кеңірдек боп айтысады. Соңында шалдың мәрттігіне жылан да риза болып, райынан қайтады.

Дұрыс жақсылық жасағанға жақсылық жасау керек. Сені шақпаймын. Сөйтіп, жылан мен шал жарасады да, екеуі достасады. Бұл жылан-жыландар патшасының жалғыз баласы екен. Ол шалды жолынан бұрып, әкесінің алдына алып барады. Әкесі көзі шақшиып, қынабынан қылышын суырады да, ашуға басады. Әкесі ұлының сөзінен аттап өте алмайды да, іштей қатты құсаланады. Сол құсалықтан тісінің түбіндегі уының қабы жарылып, уыты денесіне тарайды да, әлі кете бастайды. Сонда да күшін жинап, баласын құтқарған шалдан:

Не қалайсың? – деп сұрайды. Сол арада шалдың сұрағанын береді де, жылан жан тапсырады. Әкесі өлгеннен кейін шалдың жетім калған баласы азып-тозады. Ішетін асқа, оранар киімге зар болады, басына ауыр күндер төнеді. Бір күні баланың қасына ақсақалды бір адам келіп тұра қалады да, ақыл айтады. Ақсақалды кісі, қайыр тілеп отырған баланы қолтығынан сүйеп тұрғызады. Бала шалдың айтқанын орындаса, бәрі айнымай келеді. Патша болған балаға қалың қауым келіп: – Сен асқан ақылдысың, сендей данышпан жоқ,-деп мақтау- мадақ айтады. Сонда бала:

Менің ақылдылығымнан емес, бұл жасаған жақсылыққа қайырымның жемісі,-дейді көпшілікке түсіндіріп.

Аты атап тұрғандай, бұл ертегіден көңілге түйеріміз – адамдар біреуге жақсылық жасаса, сол алдыңнан шығады.

Оқырманын өнер әлеміне баурар, өнердің құдіреттілігін сезіндірер ертегі – «Өнердің құдыреті».

Бұрынғы заманда Қасен деген патшаның жалғыз ұлы болыпты. Аты Ыдырыс екен. Бала ел аралап жүріп, Сәтбай деген диқанның сұлу қызына ғашық болады. Қыздың аты Дүрия екен. Ыдырыс Сәтбай қарттын үйіне өзі барып, Дүрия қызға мақсатын айтады. Сонда Дүрия: – Қандай өнерің бар? – деп сұрайды. Сонда Ыдырыс шынын айтады. – Ешқандай өнерім жоқ.

– Өнерсізге үміт арту қиын. Үмітінді үз де, өз жолынды тап!

– Дүрияжан, – дейді Ыдырыс қиылып.-Неге олай дейсің? Мен жақында патша болып, әкемнің тағына отырамын. Патшаға өнердің керегі қанша?

– Жоқ, жігітім, олай ойлама. Бүгін патшасың, ертең кім болатыныңа көзің жете ме? Өнерсіздің өкініші көп. Өнерлі өрге өрлейді, өнерсіз ойға олақ, бойға қорлық, опық жейді.

Патша баласын Тоқтыбайға тапсырады. Он бес күннің ішінде Ыдырыс шалдан қалпақ басуды үйреніп шығады. Қасен патша баласына:

– Қасыңа бірнеше кісі ертіп ал да, Сәтбай қарттың үйіне бар. Қызға өнерінді көрсетіп, құда түсіп қайт, көңілің қош болсын, – дейді.

Ыдырыс диқаншы Сәтбай қарттың үйіне барып, қызға өнерін көрсетеді. Содан кейін Дүриямен көніл қосады да, үлкен той жасайды. Дүрия сұлулығына қоса, асқан зейінді де еді. Патша сарайына келін болып түскен сон, Ыдырысқа:

– Өнеріңді ұмытпай, өркендет,-дейді. Ыдырыс сайман-әбзелдерін әзірлеп, қалпақ басудан қол үзбейді. Жүннен бір жақсы қалпақ басып, Дүрияға әкеліп көрсетеді.

– Мұның жақсы өнер екен. Енді осыған екеуміз ешкім білмейтін тағы бір өнер косайық, – дейді. Сонда Ыдырыс:

– Ол қандай өнер? – деп сұрайды.

– Қалпақты басқанда, – дейді Дүрия, – жиегіне басқа түсті жүннен әріпке ұқсас өрнектер шегеміз. Бір әріп бір сөздің баламасы болсын. Оны екеумізден басқа ешбір адам білмейді. Сақтықта қорлық жоқ, түбі бұл бізге керек оқу. Сөйтіп, екеуі ортақ өнер табады.

Ақырында Дүрия зынданда жатқан Ыдырысты аман-есен шығарып алады. Сонда Дүрия күліп Ыдырысқа:

– Өнердің құдыреті деген міне, осы! Бұл өнерді үйренбесең, осы үйде өлімге тап болар едің, – дейді. Мінеки, «Өнерлі өрге жүзер» деген осы. Осыны шығарған халық та өнер адамға қанат бітіріп, кез келген қиындықтан құтқаратынын білдірген.

Бала тәрбиелеуде, жастарға ақыл-кеңес берерде халық барлық асыл сөз, даналық ойларын жеткіншектерге арнаған. Өз өмірінің ғасырлық тәжірибесінен алған бай мұра – ертегілерін үлгі-өнеге ретінде өмірінің жалғасы ұрпағына қалдырып отырған. Ғабиден Мұстафин: «Теңіздей терең халық ішінде алмастай асыл ойлар жатыр», «Осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді» деген пікірлерін тірнектеп жинап, үлгі алу – ұрпағының зор міндеті. «Халық ауыз әдебиетінде «Батар күннің атар таңы бар» деп және халықтың бүгінгі арманы алда орындалады, жақсылық пен шат өмірге ертең-ақ жетесің деп болашаққа асқан сеніммен үміттене қараушылық басым келеді, - деген Мәлік Ғабдуллин пікірлерінен-ақ, халықтың өршілдік ой-арман тілегі айқын көрініп тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы // ред. 12б. З. Шілдебайұлы. – Алматы.– №3. – 2011 ж.

2 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы. – 1996. – 50 б.

3 Ысмағұлов Ж. Абай: «Даналық дәрістері». – Алматы, «Өнер» баспасы. – 2008 ж. – 43 б.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

КСЕМБАЙ М.
10 сынып оқушысы, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.
ӘДЕНОВА Б. О.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Облыстық көп салалы дарынды балаларға арналған лицей-интернаты, Павлодар қ.

Мағжан шығармашылығының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуын, шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін кездестіруге болады, фольклордағы көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болады.

Теңеуді батырлар жырынан, лиро-эпостық жырлардан, жыраулар мен ақын-жазушылардың шығармаларынан мол кездестіреміз. Теңеу − Мағжан поэзиясына да тән. Мағжанда эпостық-батырлық жырлардан ауысқан дәстүрлі теңеулер бар. Мысалы:

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш, қан майданға барайын.
Жердің жүзі, кім екенін танысын,
Жас бөрідей, біраз ойын салайын.

Егер мұны:

Қойға шапқан бөрідей,

Батыр жауға шабады, − деген эпостық дәстүрлі теңеулермен салыстырсақ, ақын теңеуінің ұқсас екенін байқаймыз.

Күлдей күңгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар − деген жолдар эпостарда, батырдың аналарын суреттеуде жиі қолданылатын дәстүрлі теңеу. Ақын − оны өзгертпей, өзінің момақан, шаруа бақкан әжесін мінездеу үшін пайдаланған.

Біз − Мағжан поэзиясындағы теңеулерді зерттегенде, дәстүрлі поэзиядан ауысқан теңеулердің көпшілігінің теңеу предметтері өзгертілгендерін байқадық. Қазақтың және түрік халықтарының эпостық жырларында батырға − «арыстанды», «жолбарысты», «қабыланды» балама етіп алу қалыптасқан көркемдегіш бедерлі сөз жасаудың бір жолы. Ақын поэзиясындағы теңеулердің бұдан басты айырмашылығы − жеке батырларды арыстанға, жолбарысқа, бөріге теңемейді. Қазақ қала берді бүкіл түрік тектес халықтардың ерлік іс-әрекеттері теңеледі. Біздіңше, мұны ақын сол кезеңдердің үлкенді-кішілі қиыншылығын басынан кешіп, тарығып, күйзелген халықтың еңсесін көтеріп, күш-қуат беру үшін қолданған. Мысалы: «Есімде... тек таң атсын!» өлеңінде:

Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,

Көрелік төңіректі, тек таң атсын! − дейді. «Алыстағы бауырыма» өлеңінде, түрік тектес халықтардың жүрегі жолбарысқа баланады. Ақын поэзиясында діни әдебиеттің ықпалымен туған теңеулер де бар. Мәселен, «хор сипатты қарындас», «бейне хор жүзі»,«Қайғылы сұлуға» атты өлеңінде «көркің хор, періште еді, сенің жаның» деп қыздың жан дүниесінің сұлулығын періштеге, сырт сұлулығын «хорға» теңейді. Мұндай теңеулер ақын өлеңдерінде бес-ақ рет, ақ жамбыдай деген теңеу екі мәрте қолданылған. Екеуінде де айдың сұлулығы, ақ жамбыдай қыздың сұлулығымен салыстырылған. Бұл − адамға арналған теңеудің, табиғаттың сұлулығымен ассоциялануы. Яғни теңеу предметі жаңартылған.

Пайғамбар − діни аңыздарда жағымды образ. Тіпті пайғамбардың жүріп кеткен ізі де қасиетті деген ұғым бар. Сондықтан да «пайғамбардың ізіндей» деген теңеу − халық санасына жақын, жылы қабылданады. Оны «Алданған сұлу» өлеңінде қыздың жігіттен алданып қалмағанға дейінгі жан тазалығын суреттеу үшін қолданған.

Қыздың алданбаған таза кезіндегі сөзінің де өзгелерге өтімді болғанын, басып кеткен ізінің пайғамбардың ізіндей таза болғанын айту үшін қолданған. Бірақ ол қасиеттерді көзімізге көрсете алмайды. Бірақ қыздың жан сұлулығына тән сұлулығы сай келгенін жоғарыдағы теңеулер арқылы сендіреді. «Әйел» өлеңінде зәмзәм суы құйылған ыдыс деген сөз тіркесінен теңеу тудырған. Әйелдің құлағындағы шаңырақ тәрізді дөңгелек, үлкен сырғаның, меруерт тасының мөлт-мөлт етіп құбылуын, құтыға құйылған зәмзәм суына балайды. Мағжанның мұндай теңеулері 1911 жылға дейінгі өлеңдерінде ғана кездеседі.

«Ескендірдің екі мүйізі» өлеңінде шаштараздың аузынан шыққан сөзді қағып алып, елге таратқан желдің әрекеті сайтанға баланады. Ескендір патшаның жалбырап өскен шашын арыстанның жалына ұқсатады. Түсі суық, жалы жалбыраған арыстанның кескінін, патшаның ызбарлы бейнесімен ойша салыстырсақ,

қандай адам болғандығын, көз алдымызға елестете аламыз. Ол – Ескендірдің мінез-құлқын суреттеу үшін алынған. Ақынның теңеуге алатын сөздері қазақтың тұрмысына лайық көшпелі тіршілігіне, малшылық, аңшылық кәсібіне тән сөздер. Мысалы, «Көбелек» өлеңінде жоғарыдағыдай асыра теңеу жоқ. Керісінше, адам мінезіндегі жеңілтектік төмендетіліп, кемсітіліп көбелекке баланады. Қандай әрекетке барсақ та ойланып барайық, алды-артымызға қарамай көбелектей отқа түсіп кетпейік деп ескі теңеуді іс-әрекеттің өлшеуіші ретінде тәрбиелік мәнде қолданған.

Қорғасын құйған сақадай,
Сәулем менің салмақты.
Салыстырсам салмағын,
Қала қызы қаңбақты.

Осы шумақта қорғасын ерітіп құйылған сақаның салмағы адам мінезімен салыстырылған. «Қорғасын құйған сақадай, мінезі тым ауыр екен» деген сөз тіркесі бар. Ақын оны қала қызы мен ауыл қызының мінездеріндегі айырмашылықтарға баға беру үшін қолданған. Мағжан поэзиясындағы теңеулерді осылайша әлденеше түрге бөлуге болады.

Мағжан метафораны пайдаланғанда да өзіндік ерекшелігі болған. Жоғарыда айтқанымыздай, теңеуде қолданған әдісі – метафораға да ортақ. Мысалы: «Осы күнгі ой» өлеңінде, қазақ халқын арыстанға, жолбарысқа балайды. Жеріңнен, малыңнан, адамыңнан айрылып жатсаңдар да қозғалмаған, неғылған халық едіңдер деп ренжиді. Арыстан едіңдер ғой, неге рухтарыңды жоғалттыңдар деп ел намысына қозғау салады. «Төгілген шашы» өлеңінде қыздың денесін мамық қарға, тістерін меруертке, «Сүй, жан сәулем» өлеңінде қыздың денесін – ақ бұлтқа, жүзін – айға, тісін – меруертке, көзін – құралайға балайды. «Күміс нұрлы ай» өлеңінде алмас, жібек жел деген дәстүрлі метафораларды өзгеріссіз қолданады. «Есімде тек таң атсын!» өлеңінде арқаның суын – күміске, қырын – жібекке балайды. «Зуһра» деген өлеңіндегі – «беті – алма, жүзі – ай» деген жолдар дәстүрлі метафоралық образдар.

Дәстүрлі фольклорда, арулардың образдары – қоңыр қаз, аққу бейнелерінде суреттеледі. Оны «Батыр Баян» поэмасынан да байқаймыз. Туған жерінен айрылған қалмақ қызы, өзінің тұтқындағы күйін үйірінен айрылған аққу құсқа ұқсатады. «Зар» өлеңінде сүйгенінен айрылғанына жаны күйзелген ақын, өзінің көңіл – күйін:

Енді бір өлгенім де, жүргенім де,
Қолымнан ұшқаннан соң қоңыр қазым, – деп сүйгеніне қосыла алмағанын налу арқылы білдіреді. Қызды қоңыр қазға балауы – дәстүрлі эпитет.

Қазақтың халық поэзиясындағы аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыс бірлестігін де Мағжан поэзиясынан табамыз. Мысалы:

Айлар өтті, ай көрінді, өлді жын,
Айлар өтті, айырылды күн мен түн.
Айлар өтті, ішкен удан айныдым,
Айқын болды ақырында жалған шын.

немесе:

Бүгін менің құшағымда кім болды ?
Бүгін менің құшағымда Гүл болды.
Бүгінгі түн маған алтын Күн еді.
Бүгін менің құшағымда Күн болды.

Ал «Түркістан» өлеңінде дыбыс қуалап отырған.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша – Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

«А», «б» дыбыстарынан басталған сөздерді қатарынан келтіріп, «т» дыбысын жол басында қолдану арқылы, өте әсерлі дыбыс әуезділігін жасаған. Өлең жолдарының басы бір дыбыстан басталуы – ежелгі поэзиядан келе жатқан дәстүр. Ол – халық эпосында да, жыраулар поэзиясында да, Абайдың өзімен замандас ақындар өлеңдерінде де мол. Ол – Мағжан шығармаларына да тән. Десек те, Мағжан бір сөзбен басталатын жаңа әдісті қолданған.

Мағжан бабаларымыздың қазақ жерін жаудан қорғаудағы ерлік істерін, кейінгі ұрпаққа мирас етіп жеткізуге гиперболаны қолданған. Әсірелей айту арқылы, олардың ойын өткенге бұрып, ел тарихын білуге жетелейді. Тарихын біліп өскен ұрпақтың өжет те батыл, қайсар да қайратты, намысшыл, өр келетіндігін ескерген. Ел намысы жоғары болған жерде – мемлекет болашағының баянды, іргесінің мықты болатындығына да кәміл сенген. Мысалы: «Есімде... тек таң атсын!» өлеңіне назар салайық:

Сайланып сол мезгілде шықтық жонға,
Қыранша көз жүгіртіп оң мен солға.
Ақ найза алты құлаш белге байлап,
Айнымас алдаспанды алып қолға.

Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.
Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,
Қиядан қыран құсша жауға ұмтылдық.

Өлеңде ақ найзаның алты құлаш болуын, оның белге байлануы әсіреленіп айтылған. Оны көтеріп жауына сілтейтін батырдың өзін керемет адам етіп көз алдымызға елестетеміз. Бұлай әсірелеу ауыз әдебиетіне тән. Бірақ бұлайша әсірелеуді бір адамның күшін көрсету үшін емес, күллі қазақ халқының күш – жігеріне баға беру үшін қолданған. Гиперболаны – жаңаша пайдаланудағы ақынның бұл да бір әдісі.

Қазақтың ілгері дәуірлердегі ерлік-азаматтық жырлары негізінен «мен»-ге құрылған. Біз зерттеу барысында «мен» Мағжан поэзиясына да тән екендігін байқадық. Мағжан поэзиясында «мен»- ді халық атынан да, өз атынан да айтады.

Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме.
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе! – деген жолдарын ақын өзінің ішкі психологиялық ерлігі мен өрлігін айтып отыр екен деп қалуға болады. Бірақ өлең мазмұнына философиялық ой жіберсек, «мен» деп ақын өзіне емес, қазақ халқын айтып отырғандығын аңғаруға болады.

Қазақ сөзінің тұтас халықтық атауы – халықтық жиынтық ретінде Бұқар жырау өлеңінен басталады. Қазақ поэзиясында қоғамдық оймен қатар, бұқаралық мүдде тым әріден басталған. Өлең тілінің халықтық мүдде тұрғысында, идеялық құрал қызметінде жұмсалуы саяси мән алуы Мұрат Мөңкеұлынан басталып, Махамбет поэзиясында күш алған. Осы дәстүр Мағжан поэзиясында да жалғастығын тапқан. Ақын елім, жерім, алашым деген сөздерді мол қолданған. Мәселен, «ел» сөзі Махамбет өлеңдерінде 20-дан артық, «халық» сөзі 10-нан артық, «жұрт» сөзі 5 рет, «алаш» сөзі 4 рет кездеседі. Мағжанда «ел-елім» сөзінің 100 рет қолданылуы бұл сөздің тіркестік қолданысының молдығын, тіркес аясының әр тарап екендігін білдіреді. Қазақ сөзі – 32 рет, алаш сөзі – 64 рет, жерім – 4 рет, жұртым – 5 рет, халқым –10 рет. Бұдан біз Махамбеттен кейін қазақ поэзиясында халық, ел, жұрт, алаш, қазақ сөздерін мол қолданған ақын – Мағжан екендігін аңғардық. Қазақ әдебиетінде «ұлтым» деген сөзді – «Жауынгер жыры» өлеңінде алғаш қолданған ақын – Мағжан. Бұл арқылы ақынның поэзиясының тақырыптық

сипаты мен идеясы айқындалады. Мағжанда дарашылдық мүдде жоқ, халықтық мүдде. Мағжан халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кеңінен пайдаланған. Мағжан – лирик ақын. Болса да оның өлеңдерінен ел тағдыры, халық мұңы, қуанышы, күйініші бөлек емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М. Жұмабаев. Шығармалары, А.
2 Ж. Аймауытов. Мағжанның ақындығы туралы. Лениншіл жас журналы.
3 А. Байтұрсынов. Ақ жол.
4 Қ. Өмірәлиев. XY- XIX ғасырлардағы қазақ поэиясының тілі.
5 Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр аңыздар.
6 С. Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН» ӨЛЕҢІ

КУЗКЕНОВА А.
9 сынып оқушысы, Григорьевка НЖББМ, Павлодар ауданы

Мағжан Жұмабаев қазақтың аса дарынды ақиық ақыны.

«Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!» – деген өлеңінде жастар бойындағы «мінездің» жібектілігін, «жүректің» таза сүттей әппақ екендігін суреттеп ғана қоймай, «мен жастарға сенемін» деп жастармен сырласа отырып үміт арта тоғанады. Бұл жерде ақынның сыршыл, толғағыш, суретші, әрі шебер сөз ұстасы екенін аңғарамыз.

Мағжан өз өлеңінде жастарға үлкен үмітпен қарайды.

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,

Мен жастарға сенмін! – деп жастардың жаннан ар қымбат екендігін айту арқылы көзде оттың жануы, сөзде жалын болуы жастықтың күш жігерін суреттей отырып, қайраттылық пен рух-жігер, табандылық пен әділеттілік, бәрі-бәрі тәрбиеден бастау алатындығын шебер жеткізеді.

Жастарды ақиқаттың ауылынан алшақтамай, ар намысын бірінші орынға қоюға үндейді. Намыс-адам тұлғасының күзетшісі. Мағжан да әділетсіздікке қарсы шығып, ар-намысын алға қоюды мақсат етті.

Сондықтан осындай Мағжан салып кеткен өлең жолдарының тәрбиелік мәні осында жатыр.

Жастар жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады – деп кемеңгер басшымыз Н. Ә. Назарбаев айтқандай бүгінгі жастар бұрынғылармен салыстырғанда ерекше.

Мағжан өз өлеңнін де жастарға үміт артып, жастардың болмысын сипаттайды.

Мағжанның ойы жастардың бейнесін
Жас қырандар-балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.

Мен жастарға сенемін-деп сипаттап, бойларын енді-енді тіктеп, бойына қуат жинап қолы жетпес аспанға ұмтылғаның, сенімділігін көрсетеді. Жастар бойындағы мүмкіншілік пен ерекшеліктердің көп екендігін суреттейді.

Қазіргі жастардың бойындағы күш, жігер қасиеттерін сипаттау, талдау.

Қай кездеде М. Жұмабаев үлкен ой, ойлану, толғану үстінде жүрді. Қазақ елінің өркендеуі жастардың қолында деп түсінді. Сондықтанда:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін – деп Отансүйгіштік рухты жастардың бойынан көруді аңсады. Себебі жастар бойында күш те, қуат та, қайрат та, жігер де, ақыл да бәрі-бәрі бар екендігін толғана жазды. Жастардың жаңашылдыққа мүмкіндіктері жеткілікті екендігін айтып, сол жастарға сенетінтіндігін жеткізді.

Мағжан поэзиясы - қазақ ұлтының мұрасы.

Қазақ поэзия әлемінде айырықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ақын – Мағжан Жұмабаев.

Жас қырандар балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін! – деп өзінің ертеңінен үміт үзбейтіндігін,

бүгінгі кеткен есені, ұтылысты ертең-ақ «көздерінде от ойнаған,ар-намысты жандарынан да қымбат көретін» жастар қайратылығына кәміл сенеді.

Бүгінгі ұрпақ үшін Мағжан, жастарға артар үміті мәңгілік қазақ елінің өркендеуі, жастардың қолында деген.

Отансүйгіштік рухты Мағжан поэзиясы әрдайым сөнбес мұра.

Мен сенемін жастарға
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда

Мен жастарға сенемін!, – деп Мағжан Жұмабаев армандағандай қазақ елі өз тәуелсіздігін алып, керегесі кең, байтақ ел болды. Қазақ жерінде тұратын әр адамның қасиетті борышы – атамекенін, елін, жерін сүюі, мәдениеті мен тілін сақтап, қастерлеуі. Бұл келер ұрпақтың, яғни біздің ізін қуушы жастардың қолында екенін ақын осы өлең жолдарымен жеткізі білді. Елбасымыз Н. Н. Әбішұлы «Еңбегіңмен алған білімің өзің үшін де,елің үшін де таусылмай асыл қазына болмақ. Елін, жерін сүйетін, жаны ізгі жақсы азамат болатындарына сенемін» деп жастарымызға сенім білдірген еді. Демек жастар арқылы еліміздің өркендеп дамуы жастардың қолында және жастардың ерінбей еңбек етуі көтерілген мәселенің шешу жолдары болып табылады.

Сөз соңында ақынға мынадай шынайы баға берілгенін айтқым келеді: «Мағжан – қазақ халқының ғана емес, иісі түркі дүниесінің ұлы дауылпазы!»

Мағжан шығармашылығы қазіргі таңда миллиондаған ұрпақтардың тәуелсіз жүректерінде мәңгі жасай берері хақ.

Туған еліміздің жыр маржанын төккен асыл ұлдарын әрқашан ардақтап, жадымыздан шығармауымыз керек.

Алдағы уақытта бабалардан қалған асыл сөздерді зерттеп, зерделеп, сол кісілердің салып кеткен сара жолдарымен жүріп осы жолға басқа да жас ұландарды шақыру және белгілі бір нәтижеге жету болып саналады.

Сонымен поэзия руханиятымызды көркемдік кеңістікпен байытуымен қатар, тәрбиелік-тағылымдық жағын да толықтырып отырған әдебиет әлемінің үлкен бір қанаты десек, Мағжанның «Мен жастарға сенемін» атты азаматтық лирикасы ұлттық болмыс пен қайсар мінезге жетелеп, осы екеуін басты негізге ала отырып, туған жерге деген шексіз махаббат пен ұлтжандылыққа тәрбиелеуге қызмет етеді. Бүгінгі күн тұрғысынан елді, ұлт болашағы жастардың тәлім-тәрбиесі мен өнегелі өмір сүру жолдарын шешуге жауап береді.

Мағжан өлеңіндегі жастар тұлғасын қалыптастырмай дамыған қоғам құрылмайды. Жастар ақын өлеңінен, төл мәдениеттен нәр алып, жігері жалын, рухы мықты, өр мінезді, ар-намысы биік болып, ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген перзенттік сезімдері ұшталады. Сондықтан «Мен жастарға сенемін» өлеңі жастар тәрбиесі үшін бірден-бір өнеге мектебі деуге болады.

Қорыта келгенде, Мағжанның бұл өлеңі жастардың рухани деңгейін көтеріп, тәуелсіз елдің текті ұрпағын, жаңа күннің жігерлі кейіпкерлерін өмірге әкелуде таптырмас дүние. Сондықтан өткен күн мен бүгінгі өмірдегі сабақтастық салаланған, кең ауқымды келелі ойлар жеткіншектердің жүрегіне рухани-адамгершілік, азаматтық-моральдық құндылықтарды құндақтауы – заман талабы екені сөзсіз.

АМАНЖОЛ ШАМКЕНОВТІҢ АУДАРМА ШЕБЕРЛІГІ

КУЛЫШЕВА А. С.
9 «А» сынып оқушысы, № 32 ЖНББМ, Павлодар қ.
УНЫЙБАЕВА Ә. Ж.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
№ 32 ЖНББМ, Павлодар қ.

Өскелең ұрпақты жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылық әлемімен таныстыру – бүгінгі күннің сұраныстарының бірі. Ендеше Кереку өңірі де қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, халқымыздың сүйікті ақыны, XX ғасырда әдебиетке өшпес із қалдырған, өлеңін халқы әнге қосқан әдебиетіміздің аса дарынды өкілі Аманжол Шамкенов шығармаларының көркемдік ерекшеліктері өз алдына әлі күнге дейін жеке қарастырылмай жатыр. Туған ел әдебиеті мен өнерінің көркеюі үшін еңбек еткен ақын-жазушыларымыздың мұрасы еш уақытта назардан тыс қалмауы қажет. Ақын лирикасының тілі мен ойы құдіретті. Құдіреттілігі сол – ақын өлең-сөздің жиегін кестелі өрнекпен көркемдеуге шебер, яғни түйінді ой түйеді. Қаламгер шығармашылығына көрік берер тың теңеулер немесе бедерлі де бейнелі сөздер керуені оның жаңашылдық қырын танытады. Ол А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, С. Есениннің, М. Исаковскийдің, К. Кулиевтің тағы басқа орыс және дүние жүзі поэзиясының классикалық үлгілерін қазақ тіліне аударуға қатысты. Атап айтсақ: А. Пушкиннің «Ойшыл», Т. Шевченконың «Көк теңізге құйылар су», «Украинаға барар жол», А. Блоктың «Толық ай тінтіп даланы»,

«Әрі жас, әрі сүйкімді», С. Есениннің «О, сенем мен, бақыт бар!», М. Исаковскийдің «Катюша», «Көлбейді, көгілдір шар дөңгелеп», М. Лермонтовтың «К...ға», «Жыламашы, көз жасыңды тый, жаным» және т.б. Бұл айтылғандарға әр кезде жасаған аудармаларын қоссақ, Аманжол Шамкенов аудармасымен жеке кітап болып басылған Г. Гейне лирикасының бір томдығы оның бұл саладағы елеулі еңбектерінің қатарына қосылады. Сонымен қатар, ақын Г. Тушканның «Джура» атты романын қазақ тіліне аударды. С. Есениннің «О, сенем мен, бақыт бар!» өлеңін аударуы:

Сергей Есенин

О, верю, верю, счастье есть	О, сенем мен , бақыт бар!
Еще и солнце не погасло.	Әлі күн де сөнбеген.
Заря молитвенникам красным	Қуанышты бір хабар
Пророчит благостную весть.	Жететіндей таңменен.
О, верю, верю, счастье есть.	О, сенем мен бақыт бар!
Звени, звени златая Русь	Қоңыраулатшы, алтын Русь,
Волнуйся, неуемный ветер!	Тула, гуле еркін жел!
Блажен, кто радостью отметил	Малшы мұңын көрмей іс
Твою пастушескую грусть.	Қуанған жан серпілер.
Звени, звени, златая Русь.	Қоңыраулатшы, алтын Русь.
Люблю я ропот буйных вод	Сүйем толқын шуылын,
И на волне звезды сиянье.	Суда ойнаған жұлдызды,
Благословленное страданье,	Сүйем елдің бұл мұңын
Благославляющий народ.	Тілегі бар бір ізгі.
Люблю я ропот буйных вод.	Сүйем толқын шуылын.

Бұл аудармада А. Шамкенов Сергей Есениннің ойын толық аударған.

Заря молитвенникам красным
Пророчит блогостную весть, – дегенді ақын
Қуанышты бір хабар
Жететіндей таңменен, – деп мағынасын жақындатып, өлең буыны мен ұйқасын келтіріп аударған. Түпнұсқада 9, 8 буын болатын болса, аудармада 7 буынды.

Көрсетілген екі тармақтан басқасы түпнұсқаның сөзбе-сөз тәржімесі. орысшадан аударғанда нақты, әрі түсінікті аударған.

М. Ю. Лермонтовтың «70» шығармасынан «К...» өлеңін А. Шамкеновпен бірге қостанайлық аудармашы Қасым Тоғұзақов та аударған болатын. Енді осы екі аударманы салыстырып көрсек:

Түпнұсқа:

Прости! – мы не встретимся боле.
Друг другу руки не пожмем;
Прости! – твое сердце на воле...
Но счастья не сыщешь в другом.
Я знаю: с порывом страданья
Опять затрепещет оно
Когда ты услышишь названье
Того, кто погиб так давно!

Қ. Тоғұзақовтың аудармасы:

Бақыл боп тұр! – кездесу жоқ оралып
Көрісу жоқ қатты қысып қол алып
Бақыл боп тұр! – Азат болды жүрегің...
Басқа жаннан бақыт таппайды ол анық!
Білем анық: ертеде өлген адамның
Сен есітер атын әлі болар күн.
Сонда тулап қасіретті жүрегің,
Қатты соғар, аңсап өткен заманын!

А. Шамкеновтің аудармасы:

Кешіре гөр! Көріспезбіз, білемін,
Енді қайтып тұрмаспыз да қол алып.
Кешіре гөр! Өз еркіңде жүрегің,
Бұл бақытың келмес енді оралып.
Ол әлемге сапар шеккен бір кезде
Адам атын естіген сол шағында,
Білемін мен, шерге толы ілезде
Жүрегің бір тітіренер тағы да!

Бұл жерде «Бақыл бол» деген сөз бен «Прости» деген сөздің мағынасы мүлде алшақ жатыр. «Бақыл бол» деген сөз қазақта шейіт болған адамға «Қош» сөзі «кешір», «айып етпе» деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде Шамкеновтің аудармасы сәтті шыққан. Ол да жолма-жол аударма жасаған. Бірақ Тоғұзақовқа қарағанда мағынасын дәл ашып берген.

Өлеңді ақын 11 буынды қара өлең ұйқасымен еркін аударған. Еркін аударма болса да, түпнұсқадағы ақын ойын дәл жеткізе білген. Мұндағы ыстық махаббат сезімі, екі адамның бір-біріне деген сүйіспеншілігі, сыйластығы «өз еркіңде жүрегің,» деген шендестіру, «сыңсып қалған» – метафора, ішкі сезіміңде деген мағынада

айтылып тұр. «Бұлыңғыр өткен күн» – эпитет, «шыңырауында» – метафора,ой түбінде деген мағынада айтылып тұр. «Бір сүюмен жандырып» – авторлық метафора.

М. Ю. Лермонтовтың «Өсиет» өлеңін А. Шамкенов пен С. Жиенбаевтің аудармалары:

Түпнұсқа:

Завещание

Наедине с тобою, брат,
Хотел бы я побыть:
На свете мало, говорят,
Мне остается жить!
Поедешь скоро ты домой:
Смотри ж... Да что? Моей судьбой,
Никто не озабочен.

А сели спросит кто-нибудь...
Ну, кто бы ни спросил,
Скажи им, что навылет в грудь
Я пулей ранен был,
Что умер честно за царя,
Что плохи наши лекаря
И что радному краю
Поклон я посылаю.

А. Шамкеновтің аудармасы:

Өсиет

Қасыма келші, туысқан
Мазалап жатыр кейбір ой
Тірлігім таяр уыстан,
Аз-ақ күн қалды, дейді ғой!
Кешікпей үйге барарсың,
Сауығар сәтті тостың көп.
Шындығын айтсам, маған шын
Жаны ашып жатқан ешкім жоқ.

Білгісі келіп пендесін
Сұраса біреу ерсінген,
Оқ тесіп өтіп кеудесін
Жаралы болған, дерсің сен.
Патша үшін адал өлді де,

Дәрменсіз біздің дәрігер,
Сәлем айт туған жеріме,
Болмасын елім әбігер.

С. Жиенбаевтің аудармасы:

Өсиет

Өзіңмен жеке, бауырым,
Келеді біраз кеңескім:
Ойынша мына қауымның
Көп жасай алар емеспін!
Отырсың елге кеткелі,
Сұраса біреу...Жоқ, мені
Сұрайды дейсің қай адам,
Пенде жоқ мені аяған.

Сұраса егер бірақ та
Кім болса, мейлі о болсын,
Кеудеге тиген бір оқтан
Тіл тартпай кетті, дегейсің.
Жаза алмай емші, пәтшағар,
Отанын ойлап өлді де,
Қиды де, жанын патшаға
Сәлемін жолдап сөнді де.

М. Ю. Лермонтовтың «Өсиет» өлеңін А. Шамкеновте де, С. Жиенбаевта да түпнұсқадағыдай 7,8 буынды болғанымен аударма мағынасына келгенде, С. Жиенбаев сөзбе-сөз аударуға көп көңіл бөліп, мағынадан біраз ауытқу байқалады. А. Шамкеновтің аударма жасағанда басты мақсаты: сөзбе-сөз аудару емес, мағынасынан алшақтамай еркін аударма арқылы ақынның ішкі сезімін бойына сіңіріп, қазақ халқына шебер жеткізу.

М. Исаковскийдің «Катюша» әнін А. Шамкенов пен

М. Әлімбаев аудармаларының өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне көз салсақ:

Түпнұсқа:

«Катюша»

Расцветали яблони и груши,
Поплыли туманы над рекой.
Выходила на берег Катюша,
На высокий берег на крутой.

Выходила песню заводила
Про степного сизого орла,
Про того, которого любила,
Про того, и чьи песни берегла.

А. Шамкеновтің аудармасы:

«Катюша»

Гүл атқан алма ағаш, алмұрт та
Көк тұман өзенді жасырған,
Жағалауға шықты да Катюша
Көз тастап тұрды жар басынан.

Шықты да ол, осынау айтты әнін
Қосты әнге қыранын даланың,
Сақтап жүрген сағыныш хаттарын,
Қосты әнге аяулы адамын.

М. Әлімбаевтің аудармасы:

«Катюша»

Шешек атты алмұрт пен алма да.
Жүзді тұман өзен бетінде.
Келді бірде Катюша жағаға,
Құлама құз жардың шетіне

Келе сала, шырқап қыз бастады ән,
Жырға қосты қырдың түлегін,
Жазған хатын сырындай сақтаған
Ғашық жарын – жүрек сүйгенін.

Бұл әнді аударған кезде А. Шамкеновтің да көптеген төл ән мәтіндерінің авторы екенін анық аңғарамыз. Ақын ағамыз бұл шығармада ұйқасын да, ырғағын да кестелі өрнекпен сала білген. Ал, М. Әлімбаев жерлес ақын аудармашы ағамыздың да аудармасы сәтті шыққан, бірақ сөзбе-сөз аудармасы басымдау. Осыдан біз А. Шамкеновтің аударма шеберлігі жоғары дәрежеде тұрғанын байқаймыз. Басқа да қазақ ақын-аудармашылардың жұмыстарымен салыстырған кезде оның еңбегі биік сатыдан көрініп, жоғары бағалануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жаманбалинов М. «Жарқырай бер, жыр жұлдызы» // «Ертіс нұры» 12. 07.97. №26

2 «А.Шамкенов туралы естеліктер» // «Ертіс нұры» №26,1997ж.

3 Есенин С.А. Избранное. Москва «Просвещение» 1986.

4 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. «Сөз өнері» Алматы – 1983ж.

5 Қирабаев С. «Шындық және шығарма» Алматы, Жалын – 1981ж.

6 Лермонтов М.Ю. Сочинения I том. Москва издательство «Правда» 1988.

7 Нұрғалиев Р. «Өнер алды – қызыл тіл» «Мектеп»,Алматы-1974.

8 А.Шамкеновтың өлеңдері.// «Сарыарқа самалы» 29.10.2007. №113

9 Жұматов Ғ. «Түйінді ойлар өрнектелген.» // «Сарыарқа самалы» №113,29.10.2007ж.

10 Жұматов Ғ. «Ақын есіміне құрмет» // «Сарыарқа самалы» №25.2007.

11 Шамкенов А. «Өнегелі ізің қалса ғанибет» // «Сарыарқа самалы» №33,2002ж.

12 Шамкенов А. «Өмірім менің өлеңім» Ітом Павлодар -2007

13 Шамкенов А. «Өмірім менің өлеңім» IIтом Павлодар -2007

14 Шамкенов А. «Лирикалық өлеңдер» ҚМ Көркем Әдебиет баспасы Алматы, 1958 ж.

15 Шамкенов А. Таңдамалы ҚМ Әдебиет баспасы – Алматы,1962ж.

16 Шамкенов А. «Ертіс перзенті» өлеңдері мен поэма. Жазушы баспасы,Алматы 1996ж.

ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІК

КУСПЕКОВА Д.
10 сынып оқушысы, Абай Құнанбаев атындағы № 2 ЖОББМ, Екібастұз қ.
ШЫНЫҚУЛОВА К. А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Абай Құнанбаев атындағы № 2 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Ұлы деуге тұрарлық тұлғалар еңбектері, мұрасы өз кезегімен ел мақтанышына ерте ме, кеш пе айналары хақ. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес әдебиетімізде өзіндік орны бар қаламгерлеріміздің еңбегін таныту.

Қарақалпақ жерінде дүниеге келсе де, елім, ұлтым деп өз ана тілінде жырлаған Төлеген Айбергенов шығармашылығы оқырманды өз тілімен, ерекшелігімен баурап алатына рас. «Кешегіміз түгенделмей, бүгініміз бүтінделмейді» – деп алаштың азаматы Кошке Кемеңгеров айтқандай, бүгінгі таңда ақиық ақынымыздың шығармаларын көпшілік қауымның іздеп жүріп оқитыны қуанарлық жайт. Интернет желісінде ақын атындағы бөлімшені қарап отырсақ, осы желіні пайдаланушылардың арасында ақын өлеңдерінің жоғары бағаланылатынын, үлкен қызығушылықпен оқылатынын байқауға болады.

«Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты топтама жинақта басылды. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары – «Арман сапары», «Өмірге саяхат», «Құмдағы мұнарлар», «Мен саған ғашық едім», «Бір тойым бар», « Бақшаға саяхат» сурет – кітапшасы жарық көрді. Ол туралы жазылған « Біргемін мен сендермен» атты естелік кітабы жарық көрді.» [1, 59 б.] – бұл «Қазақ әдебиеті хрестоматиясы» энциклопедиялық жинақта берілген анықтама. Иә, жоғарыда айтылғандай, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген ақын туындыларын паш етіп насихаттау – біздің міндетіміз.

Төлеген Айбергенов жырларының тақырыптық жұмыс ретінде қызықтыруының себептері де бар.

Ақын – жұмбақ жан.

Ақын – шалқыған шабыт иесі.

Ақын өз туындыларын шынайы көрсету үшін бейнелі, көтеріңкі мәнерлі сөздерді қолданады.

Т. Айбергенов шығармаларын зерттеу барысында көптеген туындыларымен танысып, зерттеу, саралау жұмыстары жүргізілді. Сөз ретімен қалаған кірпіш секілді шеберлікті керек етеді. Олар өлеңнің көркін келтіріп, құлаққа жағымды естіліп, еліктіріп отырады. Ақын туындыларымен танысу барысында мені қызықтырған жайт – ақынның жырларындағы тілдік ерекшелік. Осы орайда ақын өлеңдерін оқып, зерттегенімде автор қызғалдақ ұғымын ерекше көп қолданып, әр түрлі суреттеу, бейнелеу тәсілі үшін пайдаланатынын байқадым.

Ақынның өлеңдеріндегі бір ұғымның бір емес, бірнеше қайталануы көп жағдайда кездесе беретін жағдай деп ойламаймын. Поэзияға өзіндік қолтаңба қалдырған ақынның жыр-қазынасынан жоғарыда айтылған сөздеріме дәлел келтірсек.

Мысалы: Көктем – ол қуаныштың ізгі лебі,

Қызғалдақ қыздарға арнап үзіледі.

Аспанда жақсылықтың атын жазып,

Тырналар қатар – қатар тізіледі, – деген өлең жолдарында қызғалдақ сөзі тура мағынасында қолданып тұрса, «Арал жырлары» өлеңінде:

Қызғалдақ па ең сен әлде,

Көгеретін көктемде.

Қасқалдақ пен сен әлде,

Көлбеңдеген көк көлде, – деп, қызды қызғалдаққа теңеу арқылы бір ғана ұғымды басқа қырынан қолданады. Алғашқы өлең жолдарында көктем белгісі, жылылық ретінде айтылса, екінші өлеңде нәзіктік, әдемілік символы ретінде әрі ауыспалы мағынада, әрі риторикалық сұрау арқылы қолданылады. Әдебиет зерттеуші ғалым Қажым Жұмалиев: «Көркем тілдің басқа түрлерінен ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің ерекшелігі астарлығында. Бір нәрсені айтып, екінші мағына ұқтыруында» [2, 116 б.] – деп айтқаны жоғарыда келтірген сөздеріміздің дәлелі сияқты.

«Қызым менің» өлеңінде :

Үйлендім.Балалықтан із қалмады,

Жаңа өмір қол бұлғады бізге алдағы.

Өмірге сен келдің де гүлін жарды,

Менің жас семьямның қызғалдағы, – деп, өз отбасының жастығы, нәзіктігін тағы да ауыстыру тәсілін қолдану арқылы қызғалдақ сөзімен әсем көркемдей алған.

Зерттеуші ғалым В. Г. Белинский: «Нағыз ақын бейнелі де суретті сөз тудырады...» – деген сөзі ақынның әрбір жырын оқыған сайын еске орала береді. Дәлел:

Құстарың мәңгі ән салсын деп,

Жат қолға ілгізбедім мен.

Қызарып мәңгі қалсын деп,

Қырыңнан гүл де үзбедім мен.

Осы өлеңдегі айтылмай тұрған қызғалдақ атауын соңғы екі тармақтағы суретті сөзімен ұғындырып тұрған жоқ па? Қырда қызарып тұрар тек қана қызғалдақ болар, сірә?

Шынында мен үзбей жүрген,

Көктемгі бір гүлімсің, – деп, астарлап жеткізуі және бар.

Көркемдеу тәсілдерінде кейіптеу әдісін де қызғалдақ ұғымының аясында ұтымды қолданады.

Мысалы:

Үйлерді қуып жетіпті,

Әндермен әсем қызған бақ.

Көшеге кіріп кетіпті,

Қырлардан қашып қызғалдақ, – деген жолдарында көшедегі әдемілікті өзіне тән ерекшелікпен жеткізеді.Осы жолдары арқылы ақынның сөзді тосыннан үйлестіріп қолдану әдісі де көрінеді. Жансызды жандандыру, қимыл – әрекетті қолдану шеберлігі идеяны бейнелі де суретті беру шеберлігін көрсетеді.

Ұстаз болдым.Сөз сөйлетті болашақтың мінбері,

Көз алдымда қызыл ала қызғалдақтар гүлдеді, – тағы да қызғалдақ гүлі. Болашақ, жас балдырған немесе шәкірт демей, өзіндік тілдік қолданысын ұтымды үйлестіреді. Нәзік, ұқсас екі ұғымды суретті бейне арқылы өзара ауыстыру ақын шеберлігін тағы да дәлелдей түседі. Әдебиет зерттеуші ғалым З. Қабдолов: «...түп төркіні бейнеден, суреттен шыққан әр сөз өзара қатар түзеп, тіркес құрағанда, бір түрлі бір қиял жетпес қызық айнаға айналып, оның бетіне ақиқат шындықтың өзгеше айшық – өрнегі, сурет – сәулесі түсетін тәрізді» [3, 92 б.] – деп, жоғарыда келтірген жолдарымызды анықтай түсетіндей. Тағы бір айта кететін жайт, ақын өлеңдерінде қызғалдақ сөзі бір мағынаны білдіріп қайталана бермейді. Әр өлең жолдарында қызғалдақ ұғымы әр қилы жағынан көрініп, бір сөздің астарына қаншама мағына жасырынып тұрғанын көрсетеді. Бірақ бір ескеретін жайт, әр қолданысында да жақсылық , нәзіктік, әдемілік символы ретінде жырланады.

Қызартып келген

Қырқаның белін.

Іңкәрім менің,

Сұңқарым менің... – осы бір өлең жолдарында ақын қызғалдақ деп атамаса да «қырқаның белін мен қызарттым» деп өзі еске оралып, құлаққа жағымды естіліп, ішкі көркем үндестікті қалыптастырып тұр.

Қызғалдақ ұғымы Отан тақырыбындағы жырларында да өзіндік үндестікпен қолданыста көрінеді. Мысалы:

Қызғалдақ қамал қырларымдасың,

Сырларындасың атаның.

Жанымның барлық ырғағындасың,

Аяулы менің Отаным, – деп өзге ақындар өлеңінде кездеспейтін ерекшелікпен жырланады. Бұрын елге қамал болған биік таулар, өркеш құмдар деп біліп келсек, бұл жолдар туған жердің гүліне дейін қорғап болады деген ойға әкеледі. Әдебиет зерттеуші ғалым З. Қабдолов: «...тіл көркемдігі мен сөз сұлулығы жасанды жалт – жұлтта, күлдібадам бояуда емес, сөздің табиғилығы мен қарапайымдылығында» дегені [3, 210 б.] тура осы өлең жолдарына айтылғандай.

Қызығы қырды ұрлаған,
Қызғалдақ сылқымдары.
Кеудемнен сылдырлаған
Сырдария толқындары.

Ақын қаламының өрнектеген қырды аралап жүрген дария сулары, туған жердің «қызғалдақ сылқымдарды» көз алдымызға келгендей болады. Дарияның айрықша сипатын айқындап тұрған суретті сөз.

Ақынның жырларын оқи отыра сөзбен сурет салу шеберлігін мойындай түсеміз.

Қыр маздап қызыл-жасыл гүлдерімен,

Бақтарда бұлбұл құстар күрмелмеген, – деп өзінің қоршаған ортамен байланысын, табиғатқа деген махаббатын әсем суреттеумен береді. Ескеретін жайт – ақын қызғалдақ гүлдер демесе де, өзінен – өзі осы жолдар оқығанда қызғалдақ гүлдерді көз алдына әкеледі. Ақынның осындай суреттеген сәтті тұстарын санамаласақ: Бір жерде сені көргендеймін-ау осы мен, Қызғалдақ гүлін жармаған («Мен сені көргем»); Қызғалдақ қуып құмардан, Шығатын болдық, құрбым-ау («Қызғалдақ, дәурен»);

Кезім менің! Жатырсың жырақты ашып, Қызыл гүлді барды қыр ап қашып.

(«Мұнарлар»); Қызғалдақ жазбаған қатарларын Сияқты ту қаптаған. («Дала кешіндегі көріністер»); Сәби жүзді қызғалдақтар құлпырып, Құшақтарын жая түсті ұмтылып («Көктем жырлары») т.б.

Ақын сонымен қатар қызғалдақпен теңеуді де ұтымды жеткізеді.Оның өмір жайлы көріністеріге толы жыр жолдарында теңеулер түрленіп, құбылып жүре береді. Мысалы:

Алдымда менің алаулап жатқан қыр қандай,
Қатпар да қатпар мың жылдық қарлар үстінде,
Қызғалдақ қаптап тұрғандай.
немесе:
Қызығы неткен қыруар бұл шақтардың,
Бояулар – бояуындай қызғалдақтардың.

Мен барам шатырлатып көк күмбезін,
Астымен сатырлаған бұршақтардың.

Бұл ақынның өмір туралы шын сөзі. Өмірдің қиындығы мен қызығын, қатпар-қатпар жолдарын тау биігінде жатқан мың жылдық қауіпті жолдарға теңей келе өмірдің сәні қызғалдақтарға жеп-жеңіл ауыстыра қояды.

Мың ғасыр патшалықтан жұдыздарға,
Өмірім артық жерде бір күн кешкен.
Қайтамын түкке де енді бұрылмастын,
Гүлдерге қыруар дала қырын басқан.

Көріп отырғанымыздай, мұнда да ақынның өмір , тазалық, жан тазалығы туралы ойы көрінеді. Әлемнің бар қызығы, байлығы, патшалығы қыр гүлі басқан далама, кең дариялылыққа жетпейді дейді. Мұнда қазақ халқына тән адами тазалық, рухани байлығы, әдебі жатқан секілді. Тағы да қыр гүлі – қызғалдақ. Қыр гүлі деп қызғалдақты атап отыр деуіміз себепсіз де емес, дәлелі:

Құлпырған қырларының қызғалдағы,
Өмірдей елестейтін бізге алдағы.
Ырғалған гүлдерінің жапырағы,
Секілді үлбіреген қыз бармағы.

Ақын өмірдің бар сәтін қызғалдаққа балап, теңеген десек артық айтқандықтық болмайтын секілді. Өмірдің қызығы мен қиындығын, жан күйзелісін осы бір гүл ұғымына тіреп әкелетіні қызықты да. Өз өміріндегі бар өзгеріс, жаңалық та қызғалдақ гүлімен байланыста тұрғандай.Бұл кездейсоқтық болмаса керек.

Тату кезде арамыздан қыл өтпес,
Болған едім арманыңа тілектес.
Қызғалдағы гүл жарғанда сүюдің,
Елестеп ең қиялым боп қол жетпес.
немесе:
Мен зулап әлі келем асығумен,
Өртеніп сол баяғы ғашық умен.
Қияғы қызғалдақты қыр жетектеп,
Жүз мәрте шұғыласынан ашылумен.

Екі өлең жолдары да ақын өмірінде болған көңіл тебіренісінің дәлелі іспетті. Өз көңіліндегі тебіреністі, толқуды жеткізу үшін тағы да қыр гүлі қызғалдақ араласады.

Табиғат лирикасы, қоршаған орта тақырыбында да қызғалдақ жыр болып төгіледі. Мысалы, «Көктем» өлеңінде:

Сағымданған сары дала,
Қыс бойы жатқан мұз қармап.
Дәл қазір оғаш паңдана,
Көтерді туын қызғалдақ – деп кейіптеу арқылы Табиғат-Ана бойында болып жатқан өзгерісті жер жарып шыққан көктем гүлі қызғалдақпен берсе, «Қыс» өлеңінде табиғат сұлулығын, адамзатқа әсерін тағы да осы бір нәзік, әдемі ұғым қолданған тіркеспен береді:

Торғайлар бұтақтарға қонып тұрып,
Сайрап тұр балмұздақ жеп шөлі қанып.
Қыз беті қызғалдақ боп құлпырады,
Жатқандай арай өзен толып ағып.

Бұдан артық теңеудің,салыстырудың қажеттілігі жоқ секілді. Ақын осылай табиғатты өзінше жырлайды.

Ақын өлеңдерін тақырыптық жағынан, мазмұн-құрылымдық қырынан бірнеше топқа бөлуге болады.Олар: табиғат, туған жер, махаббат, өмір, арнау т.б. Бірақ барлық тақырыптар нәзіктік пен сұлулық, жылылық пен тазалық сиволы қызғалдақ гүлімен тығыз байланыста жырланады. Мүмкін мұның себебін ақынның өн бойынан іздеу керек шығар. Т. Айбергенов жырларының ішінен мына бір өлең жолдары осы сөзіме дәлел секілді:

Мен туыппын қызғалдақты көктемде,
Жеті қабат жерге шұғыла жеткенде.
Қатал қыстың қабырғасы қақырап,
Өзендерден сең бұзылып өткенде.
Тумай жатып кім болжапты болмысты,
Көргенім жоқ оралмайтын ол қысты.
Менің даңқты сапарыма алдағы,
Қызыл гүлдер арасынан жол түсті.

Расында да ақын поэзия әлеміндегі өз сапарын қызыл гүлдер арасымен жалғастырып бара жатқандай.

Төлеген Айбергенов жырларындағы тілдік ерекшеліктерді саралап, қорытындылай кетсем, ақын жырлары өзіндік болмысы жағынан ерекшеленеді. Ақынның әдеби мұрасын зерттеп, оқырманға таныстыру, жан-жақты саралау үлкен міндет. Оқырманға танылып, өзіндік құндылығы бағалануы үшін оқу бағдарламасына кеңірек енгізілуі қажет. Талғампаз халқының жүрегінен орын алып, сан мыңдаған поэзия сүюшілерді жырымен азықтандырып, жүрекке тұтанар ұшқын беріп келе жатқан қаламгердің поэзиялық мұрасы әдебиеттануда әлі зерттеуді керек етеді. Осы мақсатта зерттеу жұмысымның қорытындысында Төлеген Айбергенов шығармашылығын мектеп оқулықтарына көптеп енгізу қажеттілігі туралы ұсынысымды білдірер едім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ әдебиеті хрестоматиясы» энциклопедия. Алматы: «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» баспасөз беттері. – 1999. – 2011 ж.

2 Жұмалиев. Қ. «Әдебиет теориясы». – Алматы: Мектеп. – 1964 ж. – 250 б.

3 Қабдолов З. «Сөз өнері». – Алматы: Санат. – 2002 ж. – 360 б.

4 Айбергенов.Т. «Аруана – бауыр дүние». Өлеңдер жинағы. Алматы: Атамұра. – 2003 ж.– 208 б.

МҰҚАҒАЛИ «ҚАП-ҚАРА, ҒАЖАП, СИҚЫРЛЫ...» ӨЛЕҢІНДЕГІ ҚАРА ТҮСТІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

ҚАДЫРБАЕВА Ғ. М.
оқушы, Северный ЖОББМ, Ертіс ауданы

XXI ғасыр тұста Мұқағали Қазақстан Жазушылар Одағының шешімімен ғасыр ақыны атанды. XXI ғасыр табалдырығын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері болып аттады. Міне, бұл-Абай жаққан сәулені Мұқағалидың алаулата түскенін айғағы.

Жас жеткіншектерді елін, жерін, тарихын құрметтеу мен отаншылдыққа тәрбиелеуге келгенде осындай шынайы өлеңдердің кез келген үгіт-насихаттан әлдеқайда қуатты екендігін көріп те, біліп те жүреміз. Себебі: өзі амандығын тілеген елі мен жерінің артында қалған сұңғыла ұрпағының «бір өлеңі бір елдің мұрасындай» Мұқағали поэзиясына деген осындай ыстық ықыласы мәгі сөнбейтін құштар көңілі....

Мұқағали Мақатаевтың лирикасындағы қара түстің әртүрлі мағынада қолданылуын зерттеу.

Қара түстің тура мағынасын анықтау;

Мұқағали лирикасындағы қара түстің қолдану ерекшелігін айқындау;

Тақырып төңірегінде топтастырылған біраз өлеңдерін әдебиет теориясы тұрғысынан талдауға талпыныс жасау.

Егер оқушылар Мұқағалидың лирикасын оқып,әр сөздің терең мағынасын түсініп, талдай білсе, солғұрлым олар сөз құдіретін, көркем сөздің тәрбиелік мәнін тани біле алады.

Зерттеу жұмысында баяндау, талдау, жинақтау, салыстыру, модельдеу, жүйелеу әдістері қолданылды.

Жұмыс барысында Мұқағали өлеңіндегі қара түстің әр қырынан қолдану ерекшелігі зерттелді.

Қазақ лексикасында қара сөзінің бірнеше лексикалық мағынасы бар. Мұқағали сол түсті ғажап,сиқырлы деп таниды.

Анафора,эпифора тәсілдері Мұқағали өлеңдерінде ерекше көрініс тапқан.

Ақын қолданған аллитерация (дауыссыз дыбыстың қайталануы) арқылы қара түстің қолданылуына ерекше мән береді.

Антонимның көркемдік стилистикалық қызметін анықтаймыз.

Түр мен түс халықтың ұлттық танымында әртүрлі деңгейде танылады. Түр мен түс табиғатқа эстетикалық қарым-қатынас пен адамның ішкі жан-дүниесіндегі ұғымды танытады. Түр мен түс ұғымы уақыт өте келе өзі таныған әлемнің танымдық мәнін ұғындырудан алыстап,адам жанының эстетикалық және рухани мәнін танытуға көшті. Ақын Мұқағали Мақатаев қара түсті жиі қолданған.

Қазақ лексикасында қара сөзінің бірнеше лексикалық мағынасы бар.

Қара I. Сын күйенің,көмірдің түсіндей (түс,бояу).

Мысалы: Қап-қара түнді көрдім, жарыңның шашы қап-қара (М. Мақатаев)

Қара II. Зат, аумақ, көлем, сан, мөлшер, шама.

Мысалы: Кеншілер қарасы да әжептәуір көрінеді. (Б. Тоқтамысов).

Қара III. Қарапайым ,халық арасынан шыққан адам, қара халық, бұқара.

Мысалы: Қара күнді жамылып қара қазақ қара түнді басынан кешкен еді. (М.Мақатаев).

Қара IY. Етістік. Көз жіберу, назар аудару.

Мысалы: Рабиға біресе Дәуғараға, біресе Әміржанға қарайды. (Б. Мұханов).

М. Мақатаев сөздің әр мағынасын терең түсініп,өз лирикасында шебер қолдана білген.

Қап-қара, ғажап, сиқырлы
Қашпаңдар қара бояудан!
Қандырып уыз ұйқымды,
Қап-қара түннен оянғам.

Қап-қара түнді көрдім де,
Жап-жарық таңға кездестім.
Қарасыз, сірә мен мүлде,
Аппақтың нарқын сезбеспін.

Жарыңның шашы қап-қара,
Көзі де қара,шамасы.
Сондықтан жүзі аққала
Сондықтан әсем, қарашы.

Ақ пенен қара алмасып,
Алмасып тұрса әрдайым.
Ақ түске ғана жармасып,
Қараны неге алмайын.

Қап-қара көзді бір қыз бар,
Қашпаңдар қара бояудан!
Аспанда жарық жұлдыздар
Қап-қара түнде оянған.

Ғажап, нәзік әуенді өлеңнің тілі көркем,тартымды. Табиғатына тән айбарлылық пен асау сезімнің жан тебіренісі ақынның төл туындысынан көрінбей қалмайды емес, көрінеді. Түсіне білген адамға сөзбен салған Мұқағалидың әр сурет-өлеңі көрініске толы. Жүрегіне от тұнған Мұқағали әр өлеңіне үлкен жауапкершілікпен қараған, оның үлкен тақырыпқа зер сала, зерделей келуі де сондықтан. «Қара тастан да мейірім күткен ақынның» зерек зердесі еш нәрсені де қалтарыста қалдырмайды.

Ақынның ұғымына «қара» сөзі жат емес. Көркем әдебиетте қара түсті адамдар көбінесе жағымсыз мағынада қолданылады. Сондықтан да болар шығармаларда қара уайым, қара ниет, қара қайғы, қара жүрек сияқты тіркестер жиі қолданылады. Керісінше, Мұқағали сол түсті ғажап, сиқырлы деп таниды. Сондықтан да болар оның туындыларынан қара қазақ, қара өлең, қара тас, қара шаш, қара көз, қара түн, т.с.с сөз тіркестерін жиі кездестіруге болады. «Қап-қара көзді бір қыз бар...» дегенде, ақын бұл қызды бізге сұлу қыз, жас арудың бейнесін шеберлікпен көз алдымызға елестетеді. Арыңдап алға тартқан ақын таланты көл-көсір. Оның жаны мен тәні көңіл көзімен зерттеліп, поэзияға деген сырлы махаббатымен жалғасын тауып жатады.

Мінезі дара, ойы асқақ, көкірегі қымбат көмбедей елес беретін Мұқағали ағамыздың жырларының қайсысын алып оқысаң да өзіңді терең иіріміне тартып, өлең құшағына қалай кіріп кеткеніңді сезбей қаласың. Ақын поэзиясында тек көркем сөзді ажарлап қана қоймай, оны мазмұн жағынан да пішін жағынан құбылта құлпыртып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізудің» тәсілдері ерекше қолданылған.

Анафора, эпифора тәслдері Мұқағали өлеңдерінде ерекше көрініс тапқан. Сөз қайталаудың мақсаты – қолданып отырған ұғымның мағынасын аша түсу деп те айтуға болады. Мысалы:

Қап-қара, ғажап, сиқырлы
Қашпаңдар қара бояудан!
Қандырып уыз ұйқымды,
Қап-қара түннен оянғам.

Ақынның сөз шеберлігі бір ғана «қ» қатаң дауыссыз дыбысын өлең жолынның басында бірыңғай қолдану арқылы қара деген сөзге өзгеше бояуы ұғым береді. Аллитерация тәсілімен жазылған осы бір өлеңнен қара түннің жақсылығын танимыз. Мысалы:

Қап-қара, ғажап, сиқырлы
Қашпаңдар қара бояудан!
Қандырып уыз ұйқымды,
Қап-қара түннен оянғам.

Ақын қолданған аллитерация (дауыссыз дыбыстың қайталануы) тәсілі өз мақсатын ғана емес, «өлең-сөздің патшасының» да талап-тілектеріне жауап береді.

«Қара ақ болса да қол тондырады, жер қара болса да қарын тойдырады» демекші, қара түннің қасиетін жеткізеді. Өлеңде «қара» сөзі көз, қыз, бояу күн, түн секілді ұғымдарман тіркесіп келеді.

Әр тіркесте анықтаушы міндетіндегі «қара» сөзі бірнеше қырынан көрінеді. Бұл өлеңнен антонимның көркемдік стилистикалық қызметінің күштілігін түсінеміз. Ақын бұл өлеңде өмірде жиі алмасып тұратын қара мен ақ түсі айту арқылы бұл өмірдің ағы мен қарасын салыстырған, қап-қара түн мен жап-жарық таң, қап-қара түн мен жап-жарық жұлдыздардың ғажайып көрінісін көзімізге айқын жеткізе алады. Әрі ауыспалы, әрі салыстырмалы жазылған бұл өлең ақ қараның қолданысы арқылы өмірдің көзге көріне бермейтін бояуларын ашып көрсетеді.

Мұқағали лирикасында өте жиі қолданатын қара түсті тек қана жағымсыз мағынада емес екенін көрсетеді. Нақты әрі ұтымды жеткізіп, мәнмәтіндік айшықтау құралдар антонимдер арқылы қара түстің ғажап сиқырлы екенін оқырмандарға танытады.

«... Алдымен бәрі көз алдыма келеді. Сонан соң естимін, естимін де жазуға отырамын.Сенесіз бе?...» (1973 жылы, 21 қараша) деп Мұқағали ағамыз күнделігінде өзі жазған. Ақын көз алдындағы көріністерді әшейін көріп қана қоймайды, көкірекпен қабылдап, өзінше, өзгеше бір бейнемен кейіптеп, кестелеп, бедерлеп көреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мақатаев М. Өмір-өзен: Өлеңдер мен дастандар/құрастырған Б.Қошым – Ноғай.-Алматы : Раритет, 2005. -288бет.

2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /ред. Басқарған Жанұзақос.-Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-968 бет.

3 Поэзияның асқар шыңы-М.Мақатаев.// Егемен Қазақстан газ.2001 ж.

4 Мұқағали лирикасындағы антонимдерді қолдануы.//Ж. Ахметқали. Кандидаттық диссертация. Алматы,2001 жыл.

5 Аңыз адам.Алматы:№3 2011 жыл.

САНАҚ ПЕН ТАБАЛДЫРЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМДАР

ҚАЙРУЛЛА Н. Б.
оқушы, «Нығманов ЖББОМ» КММ, Ақтоғай ауданы
ЖАНТЕМИРОВ Ғ. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Нығманов ЖББОМ» КММ, Ақтоғай ауданы

Діни нанымдардың негізінде қалыптасқан ырымдар мен тыйымдар қай халықтың да мәдениетінен кездеседі десек артық айтқандық болмайды. Өйткені мұның дәлелдері жеткілікті. Мәселең, Дж. Фрэзердің бір еңбегінде қандай бір болмасын санақ жүргізу көптеген елдерде, атап айтқанда Еуропа, Азия, Америка және Африка елдерінде, жаман ырым болып саналатындықтан оған тыйым салынып келгені жайлы арнайы сөз болады. Ғалым келтірген мысалдардың біразы төменгідей.

Иудализм діниндегілердің ең басты діни кітабы – Тауратта Яхве құдай бір кезде халыққа санақ жүргізуді үлкен күнәға санап, одан қатты жиіркеніпті деген дерек бар. Кітаптағы бір әңгімеде Дәуіт патша әлде біреудің кеңесіне құлақ асып, халыққа санақ жүргізсе керек. Бірақ мұның соңы өлшеусіз апатқа соқтырыпты. Санақ бітісімен ел ішін оба жайлап, халық қырыла бастапты. Обадан

қатты шошынған халық мұны патша жүргізген санақтың салдары деп бағалайды. Дәуіт патша опық жеп, өз ісіне қатты өкініп, кінәсін мойындап, құрбандық шалады. Оба тек осыдан кейін ғана тоқтайды.

Дж. Фрэзер келтірген деректерге қарағанда, адам немесе мал санауды күнәға санап, тыйым салушылық тек еврей халқымен ғана шектелмеген. Мысалы, Африкадағы Конго өзенінің бойын мекендейтін бакота тайпасының әйел адамдары балаларын санауға қатты тыйым салатын болған. Өйткені бұл тыйым бұзылса, жын-перілер балаларды жалмайды деп сенген. Осының салдарынан конголықтардан «балаң нешеу?» деп біреу-міреу сұрай қалса, «білмеймін» деп жауап қайыратын көрінеді. Сол сияқты Африканың масаи тайпасының мүшелері адамды да, малды да санамайтын көрінеді. Мұндай тыйым акаба тайпасының өкілдеріне де ортақ. Олар мал басы мен балаларды санаудан немесе олардың санын айтудан қорқады, себебі бұл тыйым бұзылса, оба жайлайды деп қатты сескенеді.

Солтүстік Америка үндістері – чирокилер де санауды жаман ырымға жатқызатын көрінеді. Олар әдетте сабағынан үзілмеген қауындар мен асқабақтарға тесіле қарауға да, оларды санауға да шек қояды, себебі бұл тыйым бұзылса, олар жөнді піспей қалады деп сескенеді. Үндістерге байланысты және бір мысал мынандай. Бірде Британия Колумбиясының Симсон фортының коменданты сол мандағы үндістерге санақ жүргізеді. Осыдан соң көп ұзамай-ақ қызылша ауруынан көптеген үндістер опат болады. Үндістер мұны тікелей санақтың салдары деп түсінеді. Кейбір үндістер жасын санауға немесе жасының қаншада екенін айтуға да тыйым салатын көрінеді. Себебі бұл тыйымды бұзған адам міндетті түрде пәле-жалаға жолығады деп сенеді [1, 178 б.].

Дж. Фрэзер келтірген деректердің ішінде санақты жаман ырымға балау Еуропа халықтарына да тән құбылыс екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, ағылшындар да, лапландықтар да санақ халықты қырғынға ұшыратады деп сескенетін көрінеді. Шотландияның таулы өңірін мекендейтін халық өз отбасы мен мал басының санын өте-мөте жұма күні ашық айтудан қатты сақтанған. Сондықтан да бақташылар жұма күні малдарын тек түсімен түстеп қана түгендейтін болған. Сонымен қатар ол маңның аңшылары мен балықшылары да ауланған аң мен балықтың санын ашық айтпайтын көрінеді. Себебі бұл тыйым бұзылса, кәсіптің сәтті болуына нұқсан келеді деп қорыққан. Ұлыбритания аралының Линкольншир деп аталатын жерінде де бірде-бір фермер қой төлдеген кезде қозыларын

санамайтын көрінеді. Оның негізгі себебі – бұл тыйым бұзылса, жын-перілер жас төлге зияндық істейді деп сезіктенген. Кейбір деректерге қарағанда, Данияда балапан шығаратын тауықтың астындағы жұмыртқаны санау жаман ырымға саналатын көрінеді. Балапандарды да санамайтын көрінеді, себебі бұлай еткен жағдайда олар қырғиға жем болады деп сескенеді. Гүлдер мен ағаштағы жемістерді санауға да тыйым салынатын көрінеді, себебі бұл тыйым бұзылса, гүлдер солып, жемістер мерзімінен бұрын бақтардан үзіліп түсіп қалады деп сескенетін болған. Гректер мен армяндар да қолға шыққан сүйелді санауды жаман ырымға балаған, себебі оларды санаса, сүйел одан бетер көбейіп кетеді деп сескенген; немістер де өз ақшасын санамаған, өйткені бұлай етсе, кедейленіп қалады деп сескенген. Ал Азияда орналасқан сириялық арабтардың санаққа байланысты ырымдары мен тыйымдары жөнінде Дж.Фрэзер былай дейді: «Сирийские арабы по сей день, по видимому, не любят ни считать, ни подвергаться счету; как нам передают, арабы крайне неохотно пересчитывают шатры, скот и наездников своего племени, боясь чтобы с ними не приключилось беды» [1, 243 б.].

Жалпы, санаққа байланысты ырымдар мен тыйымдар ескі нанымдардың сарқыншақтары ретінде күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр десек, аса қателесе қоймаймыз.Басқа халықтар секілді санақпен байланысты ырым мен тыйым түркі тілдес халықтарға, оның ішінде қазақтарға да тән. Мәселең, Н. И. Гродековтың келтірген деректеріне қарағанда, бай болсын, жарлы болсын қазақтар құдайдың қарғысы тиеді деп, малының, бала-шағасының нешеу екенін ешкімге тіс жарып айтпаған әрі олай етуді жаман ырымға санап, тыйым салатын болған [2, 93 б.]. Ғалымның бұл пікірінің негізсіз емес екенінің дәлелін алыстан іздемей-ақ XIX ғасырдағы қазақ даласының әлеуметтік жағдайын шынайы суреттейтін М. Әуезовтың «Абай жолы» романынан нақтылы бір мысал келтіре кетейік.

Семейден қайтып келе жатқан жолда, Абай Тәкежан ауылына соқпай, қиыс өтіп бара жатады. Ауыл маңындағы мол жылқыға көзі түсіп, жанындағы Баймағамбеттен: «Осының бәрі Тәкежан жылқысы ма? Қай уақытта, қалай қалыңдап кеткен, Баймағанбет-ау?» – деп сұрайды. Дәл сол кезде олардың қасына Тәкежанның Әзімбай деген баласы кеп қалады. Әзімбай Абайға сәлем бере сала, базарлыққа бола келгенін, шешесінің әдейілеп жібергенін айтады. Сөз реті келгенде, Абай жылқы жағын әңгіме етіп, Әзімбайдан жылқының санын сұрайды. Осы араны М. Әуезов былай әңгімелейді: «Бала

үндемей тартынып қалды. Ішінен жақсы біліп тұрған жылқы санын айтуды жаман ырым көрді. Әкесі Тәкежан, «күнде түгендеп жүрген жылқының санын айтпа!» - дейтін» [3, 324-325 бб.].

Әбубәкір Диваевтың қалдырған деректеріне қарағанда, қазақ арасында сейсенбі күні мал санау жаман ырым болып саналғаны байқалады. Мына бір жолдар соның бұлтартпас дәлелі: «Сейсенбі күні алыс жолға шықпайды, үлкен іске кіріспейді, түнгі қонаққа мал соймайды, жаңа мекенге көшпейді, тіпті малды да санамайды» [4, 36 б.].

Қазақтардың түнгі мезгілде мал санауды да жаман ырым деп, олай етуге тыйым салғанына төмендегі дерек куә: «Ауқатты қазақтар түнде мал санамайды және ең жақын туыстары мен таныстары болса да ешкімге бермейді» [2, 67 б.].

Бала-шағаның нешеу екенін кездейсоқ адамға немесе көп адам отырған жерде ашық айтудан сескенушілік қазақ ортасында күні бүгінге дейін сақталып келе жатыр десек, асырып айтқандық емес. Мысалы, «немереңіз немесе балаларыңыз нешеу?» деген сұраққа тура жауап беруден тайқып, «бар ғой» дей салатын жағдай жиі кездеседі.

Сан мен санаққа байланысты қалыптасқан ырымдар мен тыйымдардың ұзын санын бұдан ары көбейтпей-ақ, жоғарыда келтірілген мәліметтердің өзінен де олардың бүкіл әлемді қамтитынына әрі олардың негізінде де діни нанымдармен сабақтас қорқыныш жатқандығына және табуға айналған сандарды эвфемизмдер ауыстырып отыратынына көз жеткізуге болады. Алайда бұдан ырымдар мен тыйымдар тек сан немесе санақпен ғана шектеледі деген ұғым тумауға тиіс. Себебі ырымдар мен тыйымдардың сан алуан түрі бар және олар басқа халықтардың мәдениетінен де, өз халқымыздың төл мәдениетінен де кездеседі.

Мәселен, көп мәдениетке ортақ ырымдар мен тыйымдардың бірі табалдырықпен байланысты. Ғылыми деректерге қарағанда, ертеде Иерусалим ғибадатханасының үш қызметкері, шамасы олар абыздар болуы керек, табалдырық сақшылары деп аталыпты. Олардың неге олай аталғаны жөнінде айқын дерек болмағанымен, Софония пайғамбардың Яхве құдайдың атынан сөйлеп: «Ол күні мен табалдырыққа секіріп, өз құдайының үйін зорлық пен өтірікке толтыратындардың бәріне де барып шығам» деуіне қарағанда, табалдырыққа секіру не оны басу-зорлық жасау, өтірік айту секілді үлкен күнә болып саналғандығын және олай істеген күнәһар құдайдың кәріне шалынатындығын анық байқауға болады.

Сириялықтардың арасында да табалдырықты басу пәле-жалаға жолықтырады деген сенім болғандықтан, барлық мешіттердің кіре берісіне, ішке енетін адамдар табалдырықтың үстінен аттамаса, өте алмайтындай етіп, әдейілеп биіктеу текпішек ағаш орнатып қоятын болған [4, 23 б.].

Табалдырыққа қатысты ырым мен тыйымның әлемге кең таралғандығының тағы бір дәлелін 1271-1275 жылдары аралығында Қытайға сапар шегіп, сол елде 17 жыл тұран, бүкіл әлемге әйгілі жиһангер Марко Поло мен XIII ғасырдың ортасында Шығысты аралаған Плано Карпинидің есімдерімен байланысты деректерден де көруге болады. Мәселен, Марко Поло дәл сол кездерде атағы жер жаратын Құбылай ханның сарайында болғанын былайша суреттейді: «At each door of the grand hall, or of whatever part the Great Khan happens to be in, stand two officers, of a gigantic figure, one on each side, with staves in their hands, for the purpose of preventing persons from touching the threshold with their feet, and obliging them to step beyond it» [5, 49 б.].

Бұл жолдардың мазмұны мынадай. Хан сарайындағы үлкен зал мен хан болуы мүмкін әр бөлменің есігінің екі жағында шоқпармен қаруланған еңгезердей екі сақшы тұрады. Олар ішке кіретін адамдардың табалдырықты басып кетпеуін ескертіп, оны аттап өтуін қадағалайды. Егер алда-жалда біреу-міреу бұл тыйымды бұзып қойса, әлгі күзетшілер күнәһарды тырдай қылып шешіндіреді. Киімді иесіне тек ақшалай өтеуін төлесе ғана қайтарады. Кейде киім орнына, тәртіп бойынша дүре соғуға да құқы болған. Бұл шаралардың қолданылу себебі де табалдырыққа аяқ тигізудің жаман ырым болып саналатындығында жатыр.

Плано Карпинидің қалдырған деректеріне қарағанда, табалыдырыққа байланысты ырым мен тыйым түркі тектес халықтар мен монғолдарда да қатаң сақталғаны байқалады. Мына жолдар соның куәсі: «...всякого, кто задел за порог хижины или палатки татарского князя, просовывали через отверстие, специально для этой цели имевшееся под палаткой или хижиной, и затем беспощадно предавали смерти. Мысль, лежавшая в сонове подобного запрета, кратко выражена в монгольской поговорке: «Не становись на порог-это грех» [4, 81 б.].

Монғолдардың үйдің табалдырығымен байланысты ырымы мен тыйымы адам тек сырттан ішке кіріп келе жатқанда ғана емес, сонымен қатар үйден сыртқа шығарда да қатаң сақталғаны байқалады. әсіресе, табалдырыққа сүріну өте жаман ырым болып

саналған. Себебі ондай жағдайда үйден ырыс кетіп қалады деген наным болған [4, 62 б.].

Табалдырықпен байланысты ырым мен тыйым түркі халықтарында сонау XIII ғасырда ғана өте қатаң сақталып, бертін келе біржолата жойылып кетті дей алмаймыз. Өйткені олай деуге әзірше ешбір негіз жоқ. Мәселен, хакастық сағайлар балаларға табалдырыққа отырса, бойлары баяу өседі деп тыйым салса [2, 47 б.], қазақ арасында да табалдырық басу мен босаға керу күні бүгінге дейін жаман ырым болып саналатынын ешкім де жоққа шығармайды.

Орта ғасырларда табалдырықты пір тұту немесе онымен баланысты ырымдар мен тыйымдар тек жоғарыда аталған халықтарда ғана кездесіп қоймаған. Ондай ырымдар мен тыйымдар Бағдад халифаларында да, Персияда да, Фиджи аралдарында да, Мароккода да, Индияда да, Грек елінде де, Францияда да кездескен [2, 58 б.]. Келін боп түскен қалыңдықты алғаш рет есік сыртынан ішке қарай көтеріп кіргізу салты көп елдерде күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан табалдырықпен байланысты қалыптасқан ескі ырымның салдары екенінде еш күмән жоқ.

«Әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» демекші, ырымдар мен тыйымдар да сан алуан болып келеді де олардың әр мәдениеттегі көріністері де ерекшеленіп отырады. Солай бола тұрғанмен, оларды тудыратын себептер көбіне ұқсас болып келетініне осыған дейін сөз болған санақ немесе санау және табалдырықпен байланысты материалдардың өзі де көзді әбден жеткізгендей. Ендеше, қосымша дәлел іздеп, дүние жүзі халықтарында кездесетін басқа ырымдар мен тыйымдарды түгелдей қамтып, тұтас тізіп шығуға тырыспай-ақ, ендігі жерде негізгі зерттеу объектіміз-табудың жалпы мәселесі емес, оның тек қана түркі тілдес халықтарына қатыстыларының этнолингвистикалық сипаттамасы екенін ескеріп, әңгіменің соңында түркі тілдес халықтардың мәдениетіндегі ырымдар мен тыйымдарға қатысты материалдармен аяқтаған жөн деп ойлаймыз.

Хакас күнтізбесінде аптаның бірінші күні «пазут» деп аталумен қатар ауыр күн болып есептелетіндіктен, ол күні мал піштіруге, қойға ен салуға тыйым салынады. Бұл тыйым бұзылса, шаруашылық пен малға жаман болады деген ырым қалыптасқан. Хакастар сол сияқты аптаның үшінші күнін «сарсых кун», яғни «тақ күн» деумен қатар «ырыс чох кун», яғни «ырыс жоқ күн» деп атаған. Бұл күні де жолға аттану, шөп шабу немесе жер жырту жаман ырымға саналып, олай етуге тыйым салынатын болған [2, 167 б.].

Кейбір апта күндеріне байланысты тыйымдар қазақ арасында да кездескеніне Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1912 жылмен белгіленген «Тарақтыда тары бар, іздегеннің бәрі бар» атты қолжазбасындағы мына бір деректер дәлел:

– жұма күні көшуге болмайды, егер көше қалса, не қатыны өледі, не қазаны сынады.

– сенбі, жексенбі, сейсенбі күндері шаш алуға болмайды, бұл күндері шаш алдырса, басынан бәле кетпейді.

– сенбі, жексенбі, сейсенбі, сәрсенбі күндері тырнақ алуға болмайды, алса, тырнаққа құрт түседі және қолдан береке кетеді.

Қазақ арасында ертеректе қалыптасқан ырымдар мен тыйымдардың негізінде де діни наным-сенімдердің жатқаны айқын байқалады. Басқа халықтар секілді қазақ тыйымдары да қорқыныштан туындайды. Бірақ жоғарыда сөз болған ырымдар мен тыйымдардың бәрі бірдей күні бүгінге дейін баз қалпында сақталып отыр деуге негіз жоқ. Сонымен қатар, олардың кейбіреулерінің, ескі нанымдардың сарқыншақтары ретінде, әлі де халық санасынан біржола кете қоймай, ара-тұра болса да кейбір ортада бой көрсетіп қалатынын жоққа шығаруға да әлі ертерек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фрэзер Дж. Фольклор в ветхом завете. М. – 1985.

2 Гродеков Н.И. Киргизы и Каракиргизы Сырдарьинской области. Ташкент. – 1899.

3 Әуезов М. Абай жолы. Алматы «Жазушы». – 2013 ж.

4 Диваев Ә. Тарту. Алматы. – 1992.

5 Жуковская Н.Л. Пространство и время в мировоззрении монголов. М. – 1986.

Қ. КЕМЕҢГЕРҰЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

ҚҰТТЫБАЕВА А.
9 сынып оқушысы, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.
АБДУЛЛАЕВА Қ. М.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Алайда, әр нәрсені салыстыру арқылы жасалатын бейнелі сөздер аз емес. Олардан теңеулердің айырмашылығы –

мұндағы салыстыру тура, айқын көрінеді. Яғни айтылып отырған нәрсені көркемдеп сипаттау, ұқсастықты көру арқылы ойды өткір, әсерлі етіп жеткізу жағы басым болады. Бұл ретте, ғалым Т. Қоңыров өзінің «Қазақ теңеулері» атты монографиясында: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмонационалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы», – деген анықтама береді [1, 11 б.].

Теңеудің салыстырмалық мәнге ие екендігі жөнінде Қ. Жұмалиев те өз еңбегінде қарастырады. Ғалым теңеудің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған -тай (-тей), -дай (-дей), -ша (-ше), және -дайын (-дейін) жұрнақтары арқылы жасалатындығын ерекше атап өтеді [2, 36 б.].

Ал З. Қабдолов: «Әдеби тілде үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу», – деген пікір айтады [3, 212 б.].

Теңеуді кез келген қаламгер шығармаларында қолданады. Әр жазушының қолдану ерекшелігіне қарай олардың стильдік қызметі айқындалады. Теңеудің стильдік қызметі жөнінде З. Ахметов: «Әдетте, теңеу туралы сөз болғанда, салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Екі нәрсені теңестіруден, олардан артық сипат-белгі табудан қандай мағына туып, қандай ой аңғарылады, қандай сезім-әсер жалғастығы (ассоциация) пайда болады – міне, осы толық ескерілуі керек», – дейді [4, 15 б.].

Ақын-жазушылардың көпшілігі теңеудің қызметіне сүйенеді. Теңеу көркем шығармаларда стильдік қызмет атқаратын, әрі жиі қолданылатын тілдік құрал болып табылады. Қошке Кемеңгерұлы әңгімелеріндегі теңеулердің стильдік мәніне көңіл аударсақ, жазушы теңеулерді бірде кейіпкердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, енді бірде кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі сезім күйлерін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады. Мәселен, «Жетім қыз» әңгімесіндегі жетім қыздың портреті төмендегіше суреттеледі:

Қыздың үстінде сауыншының киіміндей сауысталған, боршаланған еттей жырымдалған түйе жүн көйлек, басында жабағыдай ұйысқан айдар, аяғы шаң-топырақтан бұлғарыланып, суықтан жарылған ағаштай тілімденіп кеткен. Екі иығы сынып

қалғандай салбырап қол терісі қабыршақтанып, жапырағы түскен ағаштай құр сүйегі, тарау-тарау тамыры көрінеді [5, 261 б.].

Кейіпкер портреті *сауыншының киіміндей, боршаланған еттей, жабағыдай, жарылған ағаштай, сынып қалғандай, жапырағы түскен ағаштай* теңеулері арқылы бейнеленген. Қыздың сыртқы бейнесі, киім киісі, аяқ-қолының күтімсіздігі т.б. оның тұрмыстық жағдайын да аңғартады.

«Дүрия» әңгімесіндегі зпизодтық кейіпкерлердің портреті былайша берілген:

Дөңбектей кеспелтек, кебеже қарынды Жуанбай... Күлімсіреген жіпсік көзді, өртке шалдыққандай көсе, тыржық бет Дауылбай... Қабағынан қар жауған, қара бұлттай түнерген Далабай ақсақал... Иненіктей қатқан арық төре, өңі ызғырық желдей [5, 247 б.].

Дөңбектей, иненіктей теңеуі кейіпкерлердің дене пішімін, *өртке шалдыққандай, ызғырық желдей* бет-әлпетін, ал *қара бұлттай* теңеуі сыртқы бейнесімен қоса мінезін де танытып тұр.

Қ. Кемеңгерұлы кейіпкер портретін беруде теңеулерді сұрыптап, ұтымды қолданып, соның нәтижесінде сөз әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесін оқырманға әсерлі етіп суреттейді. Суреттеліп отырған кейіпкердің бет бейнесін, тұлғасын көз алдымызға әкеліп, ол туралы дәл, нақты сипаттама береді.

Қ. Кемеңгерұлы кейіпкерлерінің ішкі сезімін, көңіл-күйін бейнелеу үшін де теңеулерге жүгінеді. Бұған әңгімелерін қарастырғанда көз жеткіздік. Ойымыз дәлелді болу үшін әңгімелерінен нақты мысалдар келтірсек, олар төмендегідей болып келеді.

Мысалы, «Ерлік – жүректе» әңгімесінде:

Зәйра жүрегі аттай тулап, қаулаған қалың үміт оты шырақтай жайнап, іргеге келді. Екі қолы намазда тұрғандай қусырылып байланған Зәйра, суға түскен дөңбектей аударылып, жыландай жиырылып, жан ұшырып әрең шықты [5, 254 б.].

Бұл кеше ғана бір көруге зар болған күнім еді. Жақсылықтан үміт үзуге болмайды екен деп, төбесі көкке жеткендей мәз болып Зәйра келе жатты [5, 256 б.].

«Момынтай» әңгімесінен:

Момынтайдың сәби жүрегі өлшеусіз қуанып, көзі оттай жайнап, тоншаға қолын соза берді.

Бай атаң ұрады, – деп шешесі айтқанда Момынтайдың лаулаған бір қуанышы су сепкендей басылып қалды [5, 239 б.].

Берілген *аттай тулап, шырақтай жайнап* теңеулері кейіпкерлердің қуныштыкүйін білдіріп тұрса, *намазда тұрғандай,*

суға түскен дөңбектей, жыландай жиырылып теңеулері кейіпкердің сыртқы бейнесін суреттеу арқылы ішкі психологиялық күйін танытады.

«Қанды толқын» әңгімесінде:

Келіншек буынын алдырып, аяғы қырқылғандай басуға келмеді. Қара тілмаш Жайныманы аш белден көтеріп төрге апарып бірақ соқты. Жайныма бауыздардағы малдай тыпырлай берді. Толқынды қою қара шаш құйын соққандай қоқырады [5, 237 б.] дегендегі *қырқылғандай, бауыздардағы малдай, құйын соққандай* – теңеулері кейіпкердің жан күйзелісін әсерлі де, нақты бейнелеп, жеткізіп тұр.

Ал «Отаршылдық ұсқындары» әңгімесінен мынадай мысалдар келтіруге болады:

Жаңатайдың іші оттай қайнады. Күресуге дәрмен жоқ. Сай-саланы өрлеп тасқындаған судай, үмітсіз көп ой уыз жанды жаралай берді. Ауырған кісідей кереуетке сұлап жатып алды.

Бірде қобыздай зарланып, елді күйзелткен жатқа кеткен жерді жоқтайды. Бірде шабуылдаған бәйге атындай екпіндетіп жазғы жайлау той-тойлап, ойын ойнаған ерке елді суреттейді. Бірде өлімсіретіп, үзілдіріп, сауық-сайраннан айырылып кедейдік кебін киген, тобынан адасып, айдалаға қонақтаған қаздай жетімсіреп өзін өлең қылады [5, 235 б.].

Мәтіндегі *оттай, тасқындаған судай, ауырған кісідей, қобыздай, шабуылдаған бәйге атындай, айдалаға қонақтаған қаздай* – теңеулері кейіпкердің күйзелісін суреттейді. Мұндағы кейіпкердің жай-күйін, аянышын, ызасын, көрген қорлығын, ішкі сезімдерін жинақтап беруге жұмсалған теңеулер жазушының шеберлігін танытып, адамзаттың ішкі сезім иірімдерін жеткізе білетінн адам жанының шебері екендігін аңғартады.

Зерделесек, Қ. Кемеңгерұлы әңгімелерінде қолданылған теңеулер кейіпкер бейнесін, оның қайғысы мен қуанышын суреттеуде ерекше қызмет атқарап тұрғандығын көреміз. Әсіресе, кейіпкер мінезін бейнелеудегі теңеулердің қызметі ерекше. Аталмыш әңгімесіндегі кейіпкердің мінез ерекшелігі, оның ашу үстіндегі сәті теңеулер арқылы ерекше сипатталады:

Астан кейін Қарабай тұтылған күндей қабағын түйіп, түндей тұнжырап, қан-сөлін ішіне тартып, Оқатар мен Қылышбайды шақырып алды да, күркіреген күндей екпінді дауыспен бұйрық берген әскербасы құсап: «Тағы да барып жүзіқараны ұрып келіңдер», – деді [5, 252 б.].

Адам мінезін жаратылыс құбылыстарына теңеу – қазақ әдебиетінде бұрыннан бар дәстүр. Мысалы, кейіпкер мінезін

бейнелегенде көбіне табиғаттың қатал мінезі теңеуге алынады. Қ. Кемеңгерұлы да *тұтылған күндей, түндей, күркіреген күндей* теңеулері арқылы кейіпкерінің кектенген мінезін, ашу-ызасын шынайы суреттеуге тырысқан. Мұндай теңеулер кейіпкердің мінез ерекшелігін көрсетіп, психологиялық күйін, ішкі сезім иірімдерін аша түседі. Бейнелеу тәсілінің ұтымдылығы кейіпкердің қимыл-қозғалысын суреттеу арқылы оның бүтіндей образын беруі.

Қ. Кемеңгерұлы табиғат құбылыстарын сөз еткенде де теңеулерді қолданады.

Мысалы: «Жетім қыз» әңгімесінде:

Қоңыр түбіттей жұқа бұлтты шымылдықтай серпе тастап, көк жүзіне құлындай ойнақтап, құшағын жайған ана күн бала сәулелерімен жер бетінің маңдайын иіскеп екі найза бойы көтерілген шақ [5, 260 б.].

Қоңыр түбіттей теңеуі бұлтты оқырман сезіміне әсер етерліктей дараландырып көрсетіп тұрса, *құлындай* теңеуі теңеуі арқылы күнді бейнелеп тұр.

Қ. Кемеңгерұлы әңгімелерінде теңеулер арқылы тұрмыстық жағдайлар да шебер суреттеледі. Кейіпкерлер өмірі, тұрмыс-тіршілігі т.б. теңеулер арқылы беріледі.

Сырлы таза қарағай үйлерге күйесі жұғатындай оқшау тұрған алқам-салқам қара құрым киізді, жеркенедей жабысқан жатақ болған қазақтардың үйлері [5, 234 б.].

Енді бірде қоғамның бейнесін суреттеу үшін жұмсайды. Оған «Отаршылдық ұсқындары» әңгімесінен төмендегідей мысал келтіруге болады:

Алыс-беріс сауда істеп, тіршілік заңымен бірін-бірі алдап-арбап, илеудегі құмырсқадай қайнап жатқан халық... Ақпанның аязындай ызғар төккен урядниктің қырық бұралып шыпылдаған қамшысының астында құлындай дауысы құрақка шыққан, жер құртындай домалаған қазақ [5, 234 б.].

Берілген мәтінде қоғамдағы қарбалас сәттерді, халыққа жасаған қанды саясаттың озбырлығынан зардап шеккен адамның жан күйзелісін *илеудегі құмырсқадай, ақпанның аязындай, құлындай дауыс, жер құртындай* теңеулер арқылы әсерлі де, нақты бейнелеп жеткізген. Бұларды жазушы ойын жеткізуде стильдік ерекше мәні бар, өзіндік орнымен жұмсалған теңеулер деп айтуға болады. Олар шығармаға ерекше реңк берумен қатар, жазушы шеберлігін, сөз қолданудағы ерекшелігін де таныта түседі.

Қорыта келгенде, Қ. Кемеңгерұлының адамилықты, әлеуметтік және мәдени қасиеттерді қамтитын қысқа да нұсқа әңгімелеріндегі теңеулердің стиьдік қызметі сараланды. Теңеулердің кейіпкер портретін, сыртқы бейнесі мен ішкі сезімін, көңіл-күйі мен мінез ерекшеліктерін бейнелеу үшін, кейіпкердің қимыл-әрекетін сипаттау үшін, сонымен бірге табиғат құбылыстары мен көшпелі өмір салтын, қоғамның бейнесін суреттеу үшін пайдаланылғаны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы. – 1978. – 192 б.

2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Жазушы. – 1984. –114 б.

3 Қабдолов З. II томдық таңдамалы шығармалары. 2-том. – Алматы. – 1983 ж.

4 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы. – 1973 ж.

5 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш. – 2005. – 320 б.

Ы. АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

ҚЫДЫРБАЕВА К.
5 сынып оқушысы, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.
АБДУЛЛАЕВА Қ. М.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

Көпшілік қауым Ыбырай Алтынсаринді қазақ даласының дара ұстазы ретінде таниды. Ол – қазақ балаларын сауаттандыру мақсатында тұңғыш қазақ мектебін ашқан ағартушы. Алайда Ыбырай Алтынсарин тек мектеп ашып қана қойған жоқ, сонымен бірге оқу құралын да жазып шығарды. Оның «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегі бізге кеңінен таныс. Ол кітапқа өзінің өсиет-өнегеге құрылған дидактикалық әңгімелерін де енгізген. Сол әңгімелерінің бүгінгі ұрпаққа берер тәрбиелік мәнін өз алдына үлкен бір мектеп деп айтуымызға болады.

Жалпы қазақ халқы ежелден-ақ бала тәрбиесін бірінші орынға қойып, барлық амал-айланы жасап, қайткен күнде де олардың дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөлген. Сол сияқты жазушы Ыбырай да өзінің жазған әңгімелерінде осы мәселелерге ерекше мән береді. Балаларға ақыл айтып, ой салмайтын оның бірде-бір әңгімесі жоқ.

Мәселен, «Бақша ағаштары» атты әңгімесінде әке мен баланың бақшада жеміс ағаштары жайлы әңгіме құруын айта келе: «Бағу-қағуда көп мағына бар. Сен жас ағаш сияқтысың, саған да күтім керек. Сен менің айтқандарымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі боласың. Ал бағусыз бетіңмен кетсең, мына қисық біткен ағаштай қисық өсесің», – деп, тәрбие бағып-қағудан басталады деген ойды меңзейді. Әрине, түзу ағаш секілді түзу, тура жолда жүріп өскен бала ақылды, тәрбиелі болады. Ондай балалар өскесін қоғамға да өз пайдасын тигізеді.

Ал «Мұңсыз адам» деген әңгімесінде, біріншіден, бұл өмірде армансыз, мұңсыз адамның болуы мүмкін еместігін, екіншіден, дені сау, ішерге бір күндік тамағы бар адамның өзін бақытты санайтынын айта келе, бірінші байлық – денсаулық, дені сау адам бақытты деген қорытынды жасайды.

Келесі бір «Байұлы» атты әңгімесі аты айтып тұрғандай, Байұлы деген бала жайында жазылған. Әңгіменің қысқаша фабуласы былайша өрбиді: Байұлы өзіне әкесі мінгізген тайын кедейдің баласына береді. Оның мырзалығына сүйсінген ақсақал: «Ей, Құдайым, бұл балаға ұзақ жас бер, мал мен бас бер», – деп бата береді. Ақырында, Байұлынан он екі ұл туылып, бәрі де асқан бай болады, елге бас болады. Он екі ата Байұлы деген ру сонан тарайды деседі.

«Батаменен ер көгерерді» дейді халық даналығы. Әңгімеден батаның қабыл болғандығы көрінеді. Ыбырай Алтынсарин халық даналығының өміршеңдігін әңгімеге арқау ете отыра жастарды қайырымды, жоқ-жітік пен жетім-жесірге қамқоршы болуға шақырады.

Мазмұны жағынан Ыбырай Алтынсарин әңгімелері өз кезінің келелі мәселелерін қамтиды, мейірімділікке, төзімділікке, әділдікке, ізгілікке, адамгершілікке, талаптылыққа, тапқырлыққа, еңбекке, тазалыққа, ақылды іске, білімділікке, жомарттыққа, қайырымдылыққа, шынайы достыққа шақырады. Тәкаппар, еріншек, ұқыпсыз болмауға, жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға тәрбиелейді.

«Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек» әңгімелерінде адам бойынан табыла бермейтін мейірімділік, төзімділік сияқты жақсы қасиеттер ерекше сипатталады. Әрине, мейірімділік баланың отбасына деген сүйіспеншілігінен басталады. Әркім алдымен өз ата-анасын жақсы көреді. Мұнда Ыбырай Алтынсарин ата-ана мен бала арасындағы осындай қарым-қатынас мәселесіне ерекше

назар аударады. Жазушы ата-ана – баланы өмірге әкеліп, асырап бағатын қамқоршысы, олай болса, бала да ата-ана алдында өзінің мәңгі қарыздар екенін сезіну керек, олардың бойында да ата-ананың балаға деген махаббаты тәрізді күшті махаббат, зор сезімі болуы керек деген идеяны алға тартады. Оның «Мейірімді бала» әңгімесінде патша үкімі бойынша, қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін он үш жасар қыздың өз қолын кесуге ұсынғаны сөз болады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс істеп, бала-шағасын асырайтын әкемнің қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», – дейді. Мұндағы қылмысты болып ұсталған әке орнына қыздың өз қолын кесуге келісім беруі оның әкеге деген мейірімділігін танытады.

Ал ананы сүюдің ерекше үлгісі «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде суреттеледі. Әңгімеде Сейіт деген баланың арбаға соғылып, аяғын сындырып алуы, ойбайлап жылап жатқан баласын көрген анасының есінен танып қалуы, анасының ауыр халін жеңілдетпек болып, баласының жылауын доғарып, төзімділік көрсетуі баяндалады. Яғни аяғы сынған баланың ауруы қанша батса да, анасын қиналтпау үшін қабақ шытпағаны айтылады. Сыныкшы Сейіттің аяғын таңып жатып: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың?», – деп сұрағанда, бала сыныкшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгілі жаным көзіме көрініп тұр. Бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, апам қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын», – деп жауап береді. Жазушы осы арқылы баланың анаға деген мейірімін бейнелей отырып, оқырманның әңгіме желісіне деген қызығушылығын арттырып, көңілін аударады.

Зерделесек, бірнеше жолдан ғана тұратын кіп-кішкентай әңгіменің ішінде оқиға да бар, диолог та бар. Адмға үлгі боларлықтай өмірден бір көрініс береді. Жазушының суреттеуінде баласы үшін жан ұшырған ана, анасын аяп, жан терге түскен бала көз алдымызға елестейді. Ананың балаға деген махаббаты, баланың төзімділігі мен анасына деген мейірімділігі ерекше әсер қалдырады.

Алғашқы әңгімедегі қыз да, соңғы әңгімедегі бала да өздерінің ата-анасына деген мейірімділігімен ерекшеленеді. Жалпы мұның негізінде ұлы сезім, сүйе біліу деген сияқты жақсы қасиет жатыр. Оның біртіндеп елін, жерін сүюге ұласатыны сөзсіз.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің ерекшелігі – ең алдымен, қысқа, аз сөбен көп мғына береді, оқиғалы, қызықты әрі тартымды етіп құрылған; екіншіден, мейлінше түсінікті бала ұғымына жеңіл, тілі жатық; үшіншіден, оқу-білімге, адамгершілікке, еңбеккорлыққа, мейірімділікке т.б. жетелейді.

Жазушының ойынша, әр адам өз еңбегімен күн көріп, кәсібін, өнерін жетілдіруге тиіс. Адам еңбек етсе ғана мұратына жетеді. Ұрлық, зорлық адал адам түсер жол емес. Ондайдан аулақ болу керек. Сондықтан жазушы өзінің әңгімелерінде еңбекті де ең негізгі мәселе ретінде көтереді. Адамды мұратқа жеткізетін ең бір құдіретті күш еңбек деп санайды.

«Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы он жасар немересімен далада келе жатып, жерде құмырысқа, ағашта өрмекші, көкте қарлығаш тіршілік үшін еңбек етіп жатқанына немересінің назарын аудартады. «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Мені де Құдай тағала еңбек етуге жаратқан», – деп өсиет айтады. Сөйтіп тіршілік тұтқасы еңбекте деп ой қорытады. Жазушы осы арқылы еңбек – адамның екінші анасы. Ол адамды шыңдайды. Өмірге үйретеді дегенді меңзеп отыр.

Ал «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде Сейітқұлдың Қабырға өзенінің жағасына егін егіп, отыз үйлі кедейді асырап шыққаны, оның ағасы Бақтығұлдың жұрттың малын ұрлап, байимын деп жүріп қолға түсіп, кісі қолынан қаза болғаны суреттеледі. Жазушы мұнда «адалдықтың арқаны ұзын», «адал еңбек мұратқа жеткізеді», «ұрлық түбі – қорлық» деген ой қорытады.

«Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінің негізгі түйіні – елді отырықшылыққа, егіншілікке үгіттеу. Сейітқұлдың барлық іс-әрекеттері арқылы өмірге жаңаша бір талап қылып отырықшы болуға, тіршіліктің пайдалы түріне көшуге ұмтылған адамның образы бейнеленеді. Сейітқұл өзімен көршілес отырған отыз үйлі кедейді отырықшы болып, егіншілікпен айналысуға үйретеді.

Әңгімеде Сейітқұлға ағасы қарсы қойылады. Ол ұрлық-барымтамен күн көруді әдетке айналдырып, ақыры торға түсіп, белгісіз біреудің қолынан қаза табады. Ал Сейітқұл төңірегіндегілер Қабырға өзенінің бойына орналасып, жер жыртып егін егеді. Бұлардың еңбегінің жемісті екеніне көзі жеткен кедейлер тағы да келіп қосылып, ақыры Сейітқұл ауылы төрт жүздей үй болады.

Ыбырай Алтынсариннің еңбекке тәрбиелейтін әңгімелерінің ішіндегі ең биік шыңы – «Бай мен жарлы баласы».

Әңгімеде еңбекке деген қоғамдық, таптық көзқарас бейнеленеді. Көшкен елдің жұртында қалған екі баланың бір тәулік ішінде басынан кешкенін суреттеу арқылы сол балалардың өмір тануы, тіршілікке икемділігі жайлы мәселелерге әлеуметтік мән беріледі.

Жазушының әңгімеге жасы бірдей екі баланы алып, оларды бай мен кедейдің өкілі етіп суреттеуінің сыры да оның идеясынан

айқын көрінеді. Жарлы баласы Үсен – тұрмыстың текпкісін көре жүріп, ысылған бала. Ауыл көшіп, жұртта қалған екі баланың далада тамақ тауып жеуіне, ауылдың қалай қарай көшкенін аңғаруына, түнде далаға түнегенде ит-құстан сақтануына Үсеннің тапқырлығы мен еңбекқұмарлығы себеп болады. Ал бай балсы Асан – өмір үшін күресудің жолын білмейтін, еңбекке икемі жоқ жан. Кісі еңбегімен күн көріп, жаман үйренген, бейнетсіз тоғышар болып өскен бай баласының басына күн туғандағы дәрменсіздігін суреттеу арқылы жазушы келешек Үсен жағында екенін аңғартады. Сөйтіп, жастарға өмірден еш нәрсе үйренбей, жалқау болып өскен бай баласындай болмай, қиыншылыққа төзімді, өнерге бейім, еңбексүйгіш жарлы баласы Үсендай болып өсуді уағыздайды.

Әңгімеде кедей мен бай баласын салыстыра отырып, бастарына күн туғанда, жасынан тұрмыс тепкісімен пісіп-жетілген еңбекқор кедей баласының өмірге деген құштарлығынан танытады. Мәселен, қарны ашқан балалар тамақ пісірмек болады:

Асан:

– От жоқ, неғылып пісіріп желік? – деді.

Үсен үндемей су жағалап жүгіріп кетіп, бір шақпақ тас тауып әкелді және шапанының бір кішкентай жыртылған жерінен азғана мақта суырып алып, оны тастың үстіне қойып, бәрін бармағына ғана қатты қысып тұрып, манағы пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып от алады, – деп, Ыбырай кедей баласы Үсеннің адал еңбегін айқын көрсетеді. Осы бір үзіндінің өзінен талай сырды аңғарамыз. Өмір сүрудің жолын білетін, ақылды, аңғарымпаз, еңбекқор, тек өз еңбегімен ғана күн көруді мақсат еткен кедей баласы көз алдымызға елестейді. Ыбырай Алтынсарин бірінші орынға еңбекті қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп қорытындылайды. Еңбек тіршіліктің тұтқасы, өнер де, білім де еңбексіз қолға түспейді дегенге баса көңіл бөледі.

Қорыта келгенде, Ы. Алтынсарин әңгімелері қысқа мазмұнға құрылған әрі балалардың түсінігіне жеңіл етіп жазылған. тақырыбы жағынан сан алуан және ол әңгімелеріне қызықты тақырып таңдай отыра оның мазмұнын терең аша білген. Әңгімедегі кейіпкерлер бейнесі мен іс-әрекеттері арқылы адам баласына қажетті жақсы қасиеттерді насихаттай отыра нені үйрену керек, неден жирену керек екенін түсіндіріп береді. Жазушының тәрбиенің негізгі тұтқасын насихаттайтын терең ойға құрылған әңгімелерін қай қырынан алып қарасақ та, бүгінгі ұрпаққа берер өнегесі мол туындылар деп айтуымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық! – Алматы. – 2006. – 168 б.

2 Білгеннің пайдасы. / Құраст. Дүйсенбайұлы Е. / Алматы: Жазушы. – 2009. – 320 б.

3 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы. – 2006. – 904 б.

I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕТІСТІК ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

МАҒЗҰМ М. Қ.
10 сынып оқушысы, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.
ЖҰМАБЕКОВА Р. Т.
мұғалім, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Қазақтың «тұлпар ақыны» деп танылған Ілияс Жансүгіровтің поэзиясы көркемдіктің бұлағы, ақындықтың шыңы екенін әдебиет-өнер танушылары өз еңбектерінде тілге тиек етіп, зерттеудің нысаны ретінде қарастырып жүргені көпшілікке белгілі.

Ақын тілінің көркемдік кестесі мен нәзік тіл иірімдерінің сырын жан-жақты талдау лингвистилистика саласының міндеті болып табылады. Осы орайда біз ғажайып талант иесі туындыларының көркемдігін тануда етістік тұлғаларының қолдану сипатына бір ғана «Әнші» өлеңі бойынша назар аудармақпыз.

Көркем шығарма тілінде етістіктің және етістік тұлғаларының стильдік мүмкіндігі мейлінше мол. Шағарма мәтінінде экспрессивті-эмоционалды жүк көтеріп тұрған етістік категориясының алатын орны ерекше.

Ол бейнелі құрал ретінде оқырманның сезіміне әсер етіп, эстетикалық және көркемдік қызметте жұмсалады. Етістіктің ерекше суреттеушілік, мәнерлілік қасиетке толы, айтылған ойдың әрекетін білдіре алатын категория екендігі стилист ғалымдардың еңбектерінде көрсетіліп келеді. Зерттеуші ғалым Н. И. Греч етістік арқылы ойға жан бітетінін көрсетеді. Р. Сыздықова [1, 58 б.] сөзбен образ жасауда сөздің мағынасы мен стильдік бояуы ғана емес, грамматикалық тұлғасы да, дыбыстық әуені де, синтаксистік және фразеологиялық мүмкіншіліктерінің қызмет ететінін, соның ішінде етістіктер де көркем сөз тілінде, әсіресе өлең мәтінінде поэтикалық-стильдік қызмет атқаратынын ұлы ақын Абай тіліндегі етістік тұлғалары арқылы дәлелдейді.

І. Жансүгіров поэзиясы тіліндегі етістіктердің қолданысы да түрлі стильдік реңктерге ие. Ақын шығармаларында өлеңнің бір шумағында кездесетін етістік-синонимдер ойды терең жеткізіп, құбылысты жан-жақты сипаттау мақсатын көздейді. Мысалы, «Әнші» өлеңінде көсемше формалы етістіктердің қолданысы ән әуенінің әрбір құлаққа естілер үнін жан-жақты бейнелеп көрсетеді. Мәтін ішінде өзара мәндес болып келетін етістіктер жанды суретті бейнелейді:

Ән салсаң өзімдей сал аңыратып,
Жайлантып, қоңырлатып, жамыратып.
Аққудай аспандағы әнді *өрлетіп,*
Қондырып қоңыр қаздай *мамырлатып.*
Боздатып саулы інгендей *күңірентіп,*
Нөсердей нөпір төккен *жауындатып,*
Қазандай қарсы соққан *дауылдатып,*
Қамыстай дауыл жыққан *сауылдатып.*

Осы үзіндідегі көсемшелі етістіктердің тең қеу сөздермен қатар жұмсалуы арқылы ән әуенінің әрбір ырғағы суреттеледі. Ақын қолданысындағы етістіктер әнді құлақпен естіп, жүрекпен сезіп отырғандай әсер қалдыратын жанды суреттерді жасайды.

Ән салсаң Әсеттей сал *әсемдетіп,*
Қоздырып делебені *дәсерлетіп.*
Шырқатып, шығандатып,*шалықтатып,*
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп,
Талдырып, талықсытып, тамылжытып,
Орғытып, орағытып, баса өрлетіп –
Самғатып, саңқылдатып, сар желгізіп,
Ұрынтып, өршелентіп, бәсеңдетіп.
Серпілтіп, сумаңдатып, сексен ырғап,
Қырық қарпып, тоқсан толғап, бес өрлетіп,

– деген жыр жолдарындағы етістіктер «Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп» деген тармақты толықтыруға арналады. Бір ғана «ән салу» деген әрекеттің түрлі қырларын, яғни әсемдетіп, шырқатып, шығандатып, шалықтатып, шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп, ән салуға болатынын ақын бейнелі етістіктерді қолдана отырып, Әсет әнін оқырманына жеткізеді.

Ақын әннің үні арқылы пайда болатын адамның түрлі психикалық жай-күйін, яғни бірде ашуландырып қан қайнататынын, бірде толқытып көңіл тербейтінін етістік-фразеологизмдермен көрсетеді:

Қарқынды үн – *қан қайнатып, жүрек жұлып,*
Жан жалмап, көңіл тербеп, әсерлетіп.

Өлеңде көсемше формалы 65 түрлі етістік қолданылған.

І. Жансүгіровтің «Әнші» өлеңін ой тұтастығы тұрғысынан алып қарағанда үш бөлікке бөлуге болады. Бірінші бөлігі: Әсет әншінің өзін таныстыруына арналады, екінші бөлігі: ел-жұртын таныстыруға, үшінші бөлігі: әншінің ән салу шеберлігін көрсетуге арналады. Таныстыру бөлігіндегі тармақтар есімшенің – *ған* тұлғасына аяқталады.

Арғынмын, атым Әсет арында*ған*,
Арындап ән сала ма дарыма*ған*?
Аспанның аясында ән шалқытқан,
Бұлбұлмын, даусы көкте дамылда*ған* [2, 53 б.].

Ақын қаламының шеберлігі сонда, ой тұтастығын танытып, ерекшелеп көрсетуде өлең ұйқасын етістіктің екі тұлғасына құрады. Алғашқы ой тұтастығындағы есімшенің **-ған** формасы өткен шақтық іс қимылды көрсетуден гөрі әншінің сол кездегі сипатын танытуға, таныстырып баяндауға қызмет етеді. Өлең құрылымында инверсияланып, орын тәртібін өзгерткен **-ған** тұлғалы етістіктер сындық қасиеттерді білдіреді. Мысалы,

атым Әсет арында**ған** [Арғынмын],
Арындап ән сала ма дарымаған?
Даусы көкте дамылда**ған** [бұлбұлмын].
Топтан оз**ған** [тұлпармын] тосырқаман,
Шаршы топ, шаршы өрім жок шабылмаған.
Жұрттан оз**ған** [жорғамын] жортарманмын,
майда жеміс мамырла**ған** [майдамын].

Ақынның осы қолданысындағы **-ған** тұлғалы есімшелер әнші өзін балап көрсеткен метафоралы образдың (бұлбұл, тұлпар, жорға, майда) анықтауышы ретінде жұмсалады. Әдебиет тілін зерттеушілер есімше тұлғаларының эпитет қызметін атқаруы көркем тілдің ерекшелігі екендігін өз еңбектерінде көрсеткен болатын [3].

Өлең мазмұнының екінші желісіндегі **-ған** тұлғасы шумақ ұйқасын құруға арналған:

Тауықпын, тары тердім Найман шалдан.
Найман ел – айы туған маңдайшадан.
Үйректей, қаздай қалқып жүрмін жүзіп,
Көл елде, көп жұртымда қыдыр шал**ған**.
Ертіс, Сыр, Есіл, Іле өзендерім,
Тау өтпес Тарбағатай, Тяньшаньнан.

Ми дала, меңірей шөл, күміс көлдер,
Мекенім, ертеде елім ірге жай**ған**.

Әншінің туып өскен ортасы, ата-баба қонысы, өзен-көлдері мен таулары, жылдың төрт мезгіліндегі тұрмысы, ел-жұртымен көршілес отырғандар, тіпті елінен жырақ кеткендерді айтып баяндауда **-ған** тұлғасымен келген етістіктер қолданылады. Олар өткен шақтық іс-әрекетті емес, ақынның баяндау тәсілі ретінде жұмсалған. Мысалы,

Құм-қыстау, өлке көктеу, өзен күзеу,
Жайлауым – жалпақ дала қарлы таудан.
Ойда орыс, өрде қытай қоныстасым,
Ауылым бар Ауғанға да теуіп бар**ған**,
Желбағыз, сол ортаның заржағымын,
Толқытып тоқсан бунақ әнге сал**ған**.

Осы ой тұтастығында соңғы екі тармақ алдыңғы бөлікпен байланыстырушы ретінде қызмет атқарады. Өлеңнің жалпы тұтастығын көрсетуші тармақтар екендігі оның есімшенің **-ған** тұлғасының қолданылу ерекшелігінен байқалады. Бірінші бөліктегі сияқты, Толқытып тоқсан бунақ әнге салған [заржағымын] құрылымы келтірілген.

Ақын өлеңнің алғашқы ой үзігінен келесі күрделі мазмұнға, яғни ән шеберлігін көрсететін **-ып, -іп** тұлғалы бөлікке алдыңғы **-ған** есімшесіне ұйқастырылған (жалған, маржан) төмендегі байланыстырушы тармақтар арқылы ауысады.

Асқақ ән аспанға өрлеп, асқар тербеп,
Күңіренткен сар даланы, күндер *жалған!*
Ән құмар әлеуметім анталап тұр.
Сайра тіл, аңыра әнім, «*Інжу-маржан*».

Өлеңнің **-ып, -іп, -п** көсемше тұлғасына құрылған бөлігі динамикалы суретті білдіреді. Мұндағы жанды қозғалыстағы іс әрекеттің ерекшелігі сол, ол дерексіз ұғымдағы құбылыстың қимылын көрсеткен, яғни дауыстың, ән әуенінің көзге көрінбей тек естілер дыбыс қозғалысының жанды суреті түрлі іс-әрекеттерді білдіретін етістіктермен тыңдаушы жүрегіне жетеді. Ақын бұл орайда сан алуан семантикалық реңктерге бай, жалпы халықтық тілдегі етістіктерді таңдап ала білген. Дауыстың нәзік иірімдерін басқа қимыл атауларымен білдіреді, мысалы, жамырату (қозы), боздату (түйе), мамырлату (қаз), жауындату (нөсер), дауылдату (жел), жүйткіту, сонарлату, саяттату, шаңқылдату, самғату (құс), ағындату (су), қалтырату, қалтылдату (дене қимылы), талдыру, талықсыту (психикалық күй), сар желгізу, орағыту (жүріс), сумаңдату (от, тіл, өсек), толғау (күй), шұмектету (су, нөсер) т.б. Осы етістіктердің көркемдік бояуын қалыңдата түсіп, әсерін күшейтуде ақын қолданысындағы көсемше тұлғаларының атқаратын қызметі ерекше екендігі әр тармақтағы бірыңғай пысықтауыш-етістіктердің көсемше формасымен үстемелетіп қолдануы тек динамикалы әрекетті ғана емес, белгілі уақытқа үзбей созылған істің (дауыс) қозғалысын көрсетеді. Мысалы,

Соқтыр**ып** ай астынан алтын күрек,
Қақтыр**ып**, бұрқақтат**ып**, қағылдат**ып**,
Жүйткіт**іп**, сонарлат**ып**, саяттат**ып**,
Қыранды қыр жонында шаңқылдат**ып**;
немесе
Шырқат**ып**, шығанда**тып**, шалықтат**ып**,
Шапшыт**ып**, шұмекте**тіп**, нөсерлет**іп**,
Талдыр**ып**, талықсыт**ып**, тамылжыт**ып**,
Орғыт**ып**, орағыт**ып**, баса өрлет**іп** [2, 54 б.].

Өлең тармақтарындағы етістіктердің өн бойы өзгелік етіс тұлғасында келуінің өзі өлең тақырыбы мен стилінің белгілі бір қырын көрсетеді. Етістіктердің өзгелік етіспен келуін өлеңде мынандай түп қазық – екі тармақ қажет еткен: *Ән салсаң өзімдей сал аңыратып* және *Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп.*

Демек әнді өзге орындаушылар Әсеттей салуы үшін ақын қимылдың басқа бір субъект арқылы орындалуын білдіретін форманы таңдап алады. Әсеттей ән салудың шарттарын (критерий) белгілейді (шырқат, шығандат, нөсерлет, саңқылдат, дауылдат, жорғалат т.б.).

Поэзия тілінде етістіктің және етістік тұлғаларының өзге тілдік-көркемдік тәсілдер сияқты экспрессивті қызмет атқаратынын ақиық ақын. І.Жансүгіровтің бір ғана өлеңінен тануға болады. Сөз жоқ, ол Ілиястай ойы терең, тілі шебер ақынның өзіндік қолтаңбасын көрсетумен қатар етістік категориясының стильдік мүмкіндігі мол екенін танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы. – 1995. – 58 б.

2 Жансүгіров І. Шығармалары. Өлеңдер. 1-том. Алматы «Жазушы». – 2002. – 53-54 бб.

3 Ахметов З. О языке казахской поэзии. – 1970. – С.16

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ «ОТ», «МЕН КІМ?» ӨЛЕҢДЕРІҢДЕГІ АҚЫНДЫҚ «МЕН»

МАЖЕНОВА З.
9 сынып оқушысы, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы
АУЛАБАЕВА Г. Ж. КАКЕЕВА С. Т.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізуі тарихымыздағы және ұлттық рухани құндылықтардың қайта жаңғыруына жол ашты. Қазір уақыт өзгерді, еліміз тәуелсіздік алып көк байрағымыз желбіреген шақта көрнекті өкілдердің өмірін, шығармаларын жаңаша түрде зерттеп, екшелеп алу біздің еншімізде.

Осыған орай, Отан тарихында әлі де үстірт қарастырылған немесе мүлдем зерттелмей, тарихи тұрғыдан шынайы өз бағасын ала алмаған мәселелер аз емес. Соның бірі – қазақ әдебиетінде түрлі талқыға түсіп, әдебиеттанушылардың әр түрлі пікірде қалыптасқан Мағжан сынды жарық жұлдызымыздың төл туындылыры болып табылады.

Алаш туын көтерген, қазақ мұнын жырлаған, сөз өнері арқылы рухани мол мұра қалдырған М. Жұмабаевтың шығармашылық мұрасын зерттеу, зерделеу, бүгінгі күн тұрғысынан баға беру қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Ақынның өмір жайлы тұжырымдарын жаңа көзқарас тұрғысынан қорытып, бұрын әдебиетімізде белгісіз болып келген немесе тың деректерге сүйеніп тарихи шындық тұрғысынан зерттеу. Осыған орай зерттеу жұмысының алдына мынадай міндеттер қойылады:

– Ақын көзқарасының өлеңдерінде көрініс табуы.
– Көркем шығармаларға талдау жасау
– Мағжан поэзиясының көркемдік қуатын анықтау;
– Ақын-жазушылардың еңбектерін ғылыми тұрғыда зерделеу
– шетелдік және отандық зерттеулерді жинақтау және олардың ғылыми деректік маңызына дәйектілікпен қарау.

Зерттеу жұмысын жазу барысында жүйелілік, жинақтау, талдау, тұжырым жасау әдістері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысында жасалынған тұжырымдар мен нәтижелерді орта білім беретін мектептерде қазақ әдебиеті сабағында мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады.

Зерттеу жұмысы қазақ әдебиетіндегі Мағжан ақынның «От» деген өлеңінің орны, ерекшелігі жайлы, көркем шығармаларға талдау жасау болып табылады.

Дереккөздері: ақынның өз өлеңдері, ақын шығармашылығы туралы зерттеу еңбектер.

Мағжанның жан дүниесінің сұлулығы неде?Мағжан ақын мен оның лирикасы біртұтас егіз дүние болып бірігіп кеткен.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? [6, б. 35]

Терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат еткен Мағжан Жұмабаев өзі де, өлеңдері де қиын-қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бәріне – Мағжан куә. Олардың бәрін ақын ой елігінен, өлең өрнегінен өткізіп отырған.

«Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ардақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржандай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баурағаң, ал өзі болса, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті» [3, б. 135].

Ақын – бұр лирикалық қаһарман, ол өзінің атынан тіл қатып, өлең сөзбен «**сөйлейді**». Дәл осынау Мағжан Жұмабаевтың «**ақындық менін**» танытатын өлеңдеріне «**От**», «Мен кім?» атты от-жалынды жырларын жатқыза аламыз.

Бұл өлеңдерінде өзара тартылып жататын үлкен идеялық желіні байқаймыз. Бір жағынан біз бұл жырларын қуатты лирикаға балаймыз. «От» өлеңінде өршіл ақынды ұлтымыздың, жұртымыздың тағдыры, болашағы қатты толғандырады. Өлең тақырыбы – қазақ халқының рухын ояту.

Өлең мақсаты сол үмітті, сол тілекті өз халқына жеткізу.

«Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім-күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от. [6, б. 12].

Өзіме-өзім табынам» – дей келе Мағжан Жұмабаев қазақ халқы алдына үлкен міндет қойып отыр. Бұдан ақынның арынды асқақтығы айқын аңғарылады. Өзін құдіретті отқа теңей отырып,

өзінің «менін» қуатты күшті отпен байланыстырады. Мұнда метаформа тәсілінің өте көркем қолданғанын көре аламыз: «өзім – от, сөзім, қысық көзім де – от».

Шынында, менің өзі де – от,
Қысылған қара көзім де – от.
Мен – оттанмын, от – меннен,
Жалынмен мен, жанамын.
Оттан туған баламын [6, б. 12].

Мұнда ақын от пен өзін одан әрі байланыстыра түседі. «Мен – оттанмын, от – менен» деп анықтай түседі әрі от пен өзінің біртұтас бүтін бейнесін жасайды. Демек, ақын дегеніміз ол – от, ал от – дегеніміз ақын. Басқаша айтқанда, от – Мағжан, ары қарай таратсақ, Мағжан – от.

«Мағжан алдымен сыршыл ақын... Не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады... Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, күшті маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі-мұңды зарымен күшті» [1, б. 264].

Мағжан – суреткер ақын. Ол сөзбен сурет салуда өте шебер. Өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктер сонша – онда троп пен фигураның бар түрлері кездеседі.

«От» өлеңіндегі:

Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім – қысық, көзім де – от.
Өзіме-өзім табынам
Жерде жалғыз тәңірі – от

Оттан басқа тәңірі жоқ [6, б. 12], – деп кезекті қайталаулар арқылы сөз екпінін әрбір ой ағымының аяқ жағындағы «от» деген сөзге түсіріп, оттың жалыны - ақын жүрегіндегі шабыттың екпіні екендігін түсіндіреді.

Мағжан Жұмабаев – өз орнын өмірден үнемі іздеумен өткен, бар білген-түйгенін, соған сарп еткен суреткер. Ағыла, ақтарыла өзін жырға қосады. Өзінің «менін» бүкіл әлемге, жер-жаһанға көрсеткісі келеді.

Мағжан Жұмабаевтың атақты жырларының бірі – «Мен кім?». Бұл жырда ақынның «мені» мейлінше айқындала түседі, өрлік рухы шабыт ала түседі.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

... Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
... Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың [6, б. 35].

Зейнолла Қабдоллов айтуынша, «Мағжан өз шығармаларында жел, от, ай,күн, түн,т.б табиғат бөлшектерін әр алуан кейіп, түр, бейне ретінде ұтқырлықпен, көбіне типтік образ жасауда және символ ретінде пайдаланғаны танылады» [4, б. 265].

Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі «күн», «барыс», «тұлпар», «қыран», «жұлдыз» т.б. символдардың тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік рәміздері мен ел болашағын айқындайтын мемлекеттік маңызды бағдарламалардың нышанына айналуы оның ұлттық дүниетанымы мен көрегендігін, философиялық ой тереңдігімен қоса, елінің жарқын болашағына сенген оптимистік рухын да айқындап тұр.

Аң патшасы арыстанға кім қарсы тұра алады? Ешкім. Демек, арыстан айбатты ақынға кім қарсы тұра алсын?! Ешкім. Сол сияқты жолбарыс қайраттыға кім қарсы тұрсын? Ешкім де. Ақын осынау айбаты мен қайраты жарасқан қуатты күшке айналады. Жалын, Күн, Тұлпар, Арыстан, Жолбарыс – ақынның «мені». Және де Мағжаннан басқа ешкім де бұлай жеткізуі мүмкін емес. Арманы асқақ ақынның қиялы да ұшқыр, асқақ. Табиғаттың небір тылсым күштерін өзіне бағындырады, өзін сол күштерге теңейді, ұқсатады. Осылайша өз ақындық болмыс бейнесін қалыптастырады. Асау жырлары – ақынның осынау болмысын берудің бір жолы.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?!
Жолбарыспын, қайратыма кім тұрар?!
Көкте – күнмін, жерде – желмін гулеген
Жер еркесі желдің жөнін кім сұрар?!
(«Мен кім?»)
Жалынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.
(«От»)

Бұл шумақта ақын метафораны (ауыстыру) шебер қолдана білген. Екі нәрсенің бір-біріне ұқсастығына қарай бір-бірімен ауыстырып айту арқылы мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейтеді.

Инверсия: жалынмын мен, тұлпармын мен, теңізбін қаракөк, желмін гулеген.

«Мағжан өз шығармаларында жел, от, ай,күн, түн,т.б табиғат бөлшектерін әр алуан кейіп, түр, бейне ретінде ұтқырлықпен,

көбіне типтік образ жасауда және символ ретінде пайдаланғаны танылады». Көркем шығармада жансызға жан бітіріп, тірінің әрекетімен ауыстыра суреттеуді кейіптеу дейді. Ақын құбылтудың бір түрі осы кейіптеудің өлеңдерінде жиі қолданылады.

Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?
Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын [6, б. 29].

Ақын сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап бірнеше түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Әсіресе эпитетті шеберлікпен қолданады.

Ақын табиғат құбылыстарының өзгеше бейнесін оқушыларың көз алдына елестету, ой қиялына әсер ету мақсатында қолданған деп білеміз.

Өз мысалдарында бұрыннан айтылып келе жатқан эпитеттерді қайталамай өзінше ізденіп, жаңаша мазмұнда айқындаудың әр түрін жырларында шеберлікпен орынды қолданғанын байқаймыз.

Ғалым Қажым Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті мәселелері және Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде айтылған: «арнау не біреуге, не көпшілікке, не табиғаттың бір құбылысына қайрыла сөйлеу. Кейде лепті сөйлем, кейде сұраулы сөйлем, кейде риторикалық сұраулар арқылы құрылады».

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?
Жоқ жақынын, жасағандай жалғызбын!
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!
(«Мен кім?»)

Мағжанның ой еңбегінің қажырлылығы, ізденісі шығармаларында жемісін берді. Ақын өлеңді сырттай тартымды ету мақсатында сөз көркемдеудегі ерек бір құбылыс қайталауды қолданады.

Соңғы қайталау (эпифора)
«От» өлеңіндегі:
Өзім – күнмін, өзім – **от,**
Сөзім – қысық, көзім де – **от.**
Өзіме-өзім табынам
Жерде жалғыз тәңірі – **от**

Оттан басқа тәңірі жоқ. [6.б.12]-деп кезекті қайталаулар арқылы сөз екпінін әрбір ой ағымының аяқ жағындағы «от» деген сөзге түсіріп, оттың жалыны – ақын жүрегіндегі шабыттың екпіні екендігін түсіндіреді. Риторикалық сұрақ, арнаудың бір түрі, ақындық «менін» әр қырынан жасайды. Ақын жырларында дамыту (градация), инверсия арқылы

«Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін — толқып, шалқып, тасамын.
Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.» [1, б. 12] – типтік образды жасауда шеберлік танытады.

Қорыта келгенде, ақын дүниеде бар барлық күшпен сырласа алады, барлық сезім күйін бастан кеше алады. Сәйкесінше мұның барлығын жырына қоса алады, оларды жырына айналдыра алады. Бір сөзбен айтқанда, ақын өзінің жырына айнала алады. Өлең мен ақын – бір бүтін нәрсе. Оларды ажыратып, бөліп те тастай алмаймыз, өзге бір нәрсені үстіне әкеп қоса да алмаймыз. Қуатты жыр, салмақты жыр, сыршыл жыр. Әр жырда ақын әр күйде, ал әр күй – бір «**мен**». Ақынның әртүрлі көрсетілген мынау өлең шумақтары ақын бейнесін одан әрі аша түседі. Лирикалық леп пен жүрек қылының қатар қағыс табуы ақынның жырына ырғақ беріп тұр. Ақынның жүрегі – оның ақындығында.

Сонымен, Мағжан – өз ұлтын, елін, жерін тереңнен сүйген, намысшыл, шыдамды, ұлты үшін жанын қиюға даяр болған, қайтпас, қайсар мінезді ақын. Қазақ жастарына, қазақ халқының жарқын болашағына сенген. Халқының азаттығын аңсаған, тәтті тәуелсіздігін сағынған ақын.

Бүгінде Мағжанның аңсаған арманына біз жетіп отырмыз. Ақынға деген құрметіміз, сағынышымыз ғасырдан-ғасырға ұласып, ұлғая бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. «Бес арыс». Алматы, 1992, 541-б.

2 Боранбаева Ж. Қ. Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі,. Астана, 2004

3 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан,. Алматы, 1998

4 Қабдолов З. Сөз өнері Алматы, 1976.

5 Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, А., 1995.

6 Жұмабаев. М. Шығармалары (өлеңдер, поэмалар, қара сөздер) А., Жазушы, 1989,56-б

7 «Аңыз адам». № 1,Алматы,2012.

8 Қазақ тілі мен әдебиеті № 9, 2014.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

МАНАПОВА А., МУКИНА А.
9 «Ә» сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Қазіргі кезде халқымыздың даму тарихында мүлдем жаңа мазмұндағы саяси кезең басталды.

Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Ұзақ жылдар бойы кеңес адамдары тұманды, тығырықтан шығатын жол жоқ кеңістікте, өзге ел адамдары, олардың өмір тіршілігі мен даму бағыттары туралы еш хабарсыз тұрмыс кешті. Солай бола тұрса да, бірқатар кеңес адамдарының өздеріне тән көзқарастары қалыптасты. Кеңес адамдарының басым көпшілігі Отанына адал қызмет етті, өз елін шексіз сүйді. Жоғары адамгершілік мұраттарға сенді. Мәселен, кеңес адамдарының қаһармандығы мен Отаны үшін өзін-өзі құрбан етуі бүкіл әлемді гитлерлік Германияның фашистік агрессиясынан құтқарып қалды. Болашақ ұлттық мемлекеттің іргетасы осы тарихи кезеңдерде қаланған болатын, сондықтан да азаттық жолындағы қасиеттері де қасіретті күресте еңбегі ерен азаматтарымыздың артына қалдырған мол мұрасымен тарихын зерттеу қазіргі таңда зор маңызға ие болып отыр. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр.

Ғылыми зерттеудің мақсаты. Бауыржан Момышұлының соғыс өнеріне қосқан үлесін зерттеу болып табылады. Бауыржан Момышұлының өмірі мен өскен ортасын әскери жолын, әскери-тарихи қызметі мен мұрасына, өзі қатысқан ірі тарихи оқиғалармен органикалық өзара байланыста кешенді тарихи зерттеу жүргізу.

1941 жыл 22 маусым... Бұл күні КСРО елі үшін ең бір қиын күндердің бірі болды. Неміс халқы «Барбаросса» жоспары арқылы КСРО елін 6-8 аптада жаулап алу мақсатымен, КСРО мемлекетіне шабуыл жасап, Ұлы Отан соғысы басталады. Бұл кезде орыс, татар, башқұрт .т.б. ұлт өкілдері өз елі үшін күресіп, батырлықтарымен ерекше көзге түседі. Қазақ халқы да осы ұлт өкілдерінен озбай, қайсарлығымен, ерлік пен батылдықтарымен ерекшеленді. Олардың бірі – Бауыржан Момышұлы атамыз.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында туған. Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі – Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс «сары кемпір» деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі. Жасында Жамбыл қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, сондағы орта мемтепті бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойына өз ауданында, Қазақстанның астанасы Алматы қаласында, мекеме қызметінде болады.

Бауыржан атамыз – Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлардың бірі. Сонымен қатар, жазушы, әскери қолбасшы және Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері болып есептеледі. Соғыс басталғаннан кейін дәл сол 1941 жылы И. В. Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясының құрамына енген болатын. Ал, майданда Бауыржан батальон, полк командирі болды. Шынында да, осы қиын уақытта осыншама ауыр жұмыстарды орындау қиын екен. Дегенмен де, соғыс уақытында Бауыржан Момышұлы ерекше ерлік, сондай-ақ шығармашылық шеберлігімен елге танылды.Бірнеше табысты жеңістер әкелді. Мәселен, «Мәскеу шайқасы» кезінде Бауыржан атамыз әскери шеберлігін көрсете білді. Бұл шайқас екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ең ірі шайқастардың бірі еді.

Бауыржан Момышұлы – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы. Мектеп бітіріп, біраз уақыт мұғалім болып істеді. 1932 жылы әскер

қатарына алынып, мергендік өнерін игерді. Ауылға оралған соң қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 жылы қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылды. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизияны басқарған жылдары кеңінен ашылды.

Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында тек өзінің қаһармандылығымен көзге түспей, көптеген адамдардың өзінің шығармашылығымен жүрегін жаулап алды. Өл өзінің туындыларында көбінесе соғысты суреттеген. Себебі, ол соғысты көрген адам. Сондықтан, оны жазушы емес, суретші деп айтуға болады. Оның шығармашылығы – қазақ халқының және басқа елдердің қомақты да асыл мұрасы болып есептеледі. Ол елін сыртқы жаудан қорғау, елінің, халқының тәуелсіздігін армандап, өз басты арманына жетті. Менің ойымша, Бауыржан Момышұлының өлеңдерінде, нақыл сөздерінде тарихи оқиғалардың қандай да бір ізі жатыр деген ойдамын. Ол өзінің елін татулыққа, елін сүюге, халқын құрметтеуге, елінің ар-намысын қорғауға, жері үшін жауға қарсы баруға, батырлығын көрсетуге тәрбиелейді. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы сонау ғасырларда өмір сүрген Қобыланды, Тарғын, Алпамыс батырлармен салыстыруға болады. Иә, олар бір-бірлеріне ұқсамайды. Дегенмен де, олардың ұқсастықтары – елдегі бейбітшілікті армандау.

Соғыс кезінде батыр атамыз болашақ ұрпақ туралы көп ойланған. Өз ойларын ол қағаз бетіне түсіріп, қазіргі кезде мұра ретінде қолданыста жүр. Менің ойымша, осындай іс тек Бауыржан атамыздың қолынан келеді. Бірақ, сол кезде қазақ тілінде ойлап, орыс тілінде қағазға түсірген. Себебі, өз ойларын Совет командирлеріне көрсеткен. Қазіргі уақытта оның өлеңдері мен нақыл сөздері қазақ пен орыс тілінде де қолданыста жүр. Оның басты тақырыптары – ел, ұлт, білім, еңбек туралы болған.

Бауыржан шығармалары майдан шебінде жүріп, көзі көрген өмір тәрбисінен алынған отты жүректің, ыстық қанмен жазылған шығармалар бар.Осыған өзі айтып өткен мына сөздері толық дәлел: «Менің шығармаларым тұтастай және толығымен менің өз басымның естеліктеріне, ерекше делінген эпизоидтар естеліктерінің жиынтығынан іріктеп, екшеп алынған елеулі көріністерге негізделген. Оларда ойдан шығарылған оқиғалар да, ойдан жасалған

адамдар да жоқ». Демек, Бауыржанның шығармалары бастан кешкен, көзбен керген оқиғаларға толы, әрі әлеуметтік қоғамдық мағынасы басым туындылар болмақ. Бауыржанның тұңғыш туындысы қазақ әдебиетіндегі шаттығы биік шығармалардың бірі – «Ұшкан ұя». «Ұшкан ұя» повесі мемуралық жанрдағы шығарма ретінде жазылғанмен, ол проза денгейіне көтерілген ұлттық сипатта жазылған нағыз көркем туынды. Бауыржанның ұғымында өз ұлтының тәрбиесінен жұрдай адамнан, баршаға бауырмалдық шықпайды, өйткені ол ұлтты сүюдің не екенін білмейді – дей келіп, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді күшейту үшін, ұлттық тәрбиені қалпына келтіру керектігін атап көрсетеді. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» еңбегін ұлттық салт-дәстүрімізді, көркем шығармаға мазмұндап берген этнографиялық еңбек деп айтуға толық негіз бар. Шығармадағы негізгі мәселе – адам, оның кемелдену жолдары болса, шығарма сюжеті осы адамдардын өзара әңгімелесуі, кеңесуі арқылы дамиды.

Бауыржан атамыздың өмір жолын, оның тарихи жағдайларын зерттеген адамдар көп. Олардың бірі – Александр Бектің шығармашылығы. Бауыржан Момышұлының мінезі, теңдессіз ерлігі оның «Волоколомск тас жолы» деген шығармашылығында сипатталады. Бұл шығармашылық сол уақытта бүкіл әлемге лезде таралғандықтан, ол көп тілге аудырылған еді. Осының арқасында Бауыржан және бұл кітап дүниежүзіндегі кітап сүюшілердің сүйіп оқитын кітаптарына айналды. Н. Тихонов: «А. Бектің повесіндегі Момышұлы – қазақ, оның тек қана қазаққа ғана тән табиғи қасиеттері мен совет адамына, командиріне тән мінез-құлқының ұштастырылуы қайталанбастай сипат алған. Оның жеңіс құпиясын меңгеру жолдары өзіңше бөлек. Ол Панфиловтың, айрықша генералы, шәкірті. Кітапта Момышұлы ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөледі...» – деп Бауыржан атамыз басқаларға қарағанда ерекше адам болғанын дәлелдейді. Мен Н. Тихоновтың пікірімен толық келісемін. Себебі, әр адам өзінің ерекшелігімен көзге түседі. Сондықтан, Бауыржан Момышұлы өзінің жұмысқа деген жауапкершілігімен, патриоттық сезімімен, отаншылдығымен айрықша көзге түскен. Менің ойымша, қандай да бір батырдың, офицердің обрызын түсіну мүмкін емес. Себебі, олардың өмірге деген көзқарасы, отанына деген парызы ерекше. Бұл – Бауыржан атамыздың басты бір ерекшілігі. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды.

Бауыржан Момышұлы – әкери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А. Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды.

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен марапатталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Бауыржан Момышұлының ерлігін совет билігі емес, халық адамдары бағалады. Сол кездері совет билігі үнемі әділетсіздік танытқан. Ол Кеңес Одағының батыры деген атақты қайтыс болғаннан кейін алды. Себебі, Сібірде тексеріс жүргізілген кезде, «онша сенімді емес» деген атақпен қағазға түсті. Сондықтан, оған батыр атағы уақытында берілмеді. Дегенмен де, өмірде жақсы жандар бар. Менің ойымша, ол өмір сүріп жатқан кезде де, қайтыс болғанан кейін де батыр атағын алмаса да, халық оны құрметтейді. Себебі, ол нағыз патриот-батыр.

Бауыржан Момышұлы өз артынан көп өсиет пен нақыл сөздер қалдырған еді. Олардың барлығы әр түрлі тақырыптарда жазылған. Мәселен, білімге жетелеу, батыр және ер болуға үйрену және т.б. Мысалы:

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

Бауыржан Момышұлы өз елінің нағыз патриоты болды. Ол өзінің патриоттық сезімін өз туындыларында, өсиет пен нақыл сөздерінде білдірген. Мәселен, « Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық» деген қанатты сөзінде өзінің патриоттық сезімін білдіріп айтып тұр.

Қорыты айтқанда, Бауыржан атамыз патриот-батыр. Себебі, өз Отанына сүйіспеншілікпен қарап, туған жерін қастерлеп мәпелеген. Бауыржан атамыз соғыс жылдарында тек қатал әскер бола қойған жоқ, сонымен қатар офицерлердің жетекшісі, мейірбан тәрбиешісі болған. Сондықтан, ол біздің мақтанышымыз!

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЫЙЫМ СӨЗДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

МЕРЖАҚЫПОВА А., СУЛЕЙМЕНОВА Д.
7 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
АСАНБАЕВА Е. Б.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазақ халқы бұрынғы заманнан бері бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Ата-ана нәресте дүние есігін алғаш ашқаннан бастап, ұл балалар ер жетіп, отау иесі атанғанша, қыз бала бой жетіп, тұрмыс құрғанша олардың тәрбиесін қатаң бақылауда ұстаған. Осындай ұлттық тәрбие үрдісінде ата-бабаларымыздан бері келе жатқан тыйым сөздердің атқаратын қызметі орасан зор.

«Тыйым – тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Бұл балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда маңызды қызмет атқарады» [1, 27 б.].

Кез келген саналы адамзат қоғамы тыйымсыз, шектеулерсіз болмайды. Себебі салт-дәстүр, наным-сенім, моральдық-этикалық және құқықтық нормалар сияқты тыйымдар да әрбір әлеуметтік ортадағы қатынастарды реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық келісім мен татулықтың орнауына қызмет етеді. Кез келген қоғамдағы салт-дәстүрдің, адамгершіліктің қалыптасқан нормалары және жалпы алғандағы мәдениеттің негізі тыйым арқылы қалыптасады. Еліміздің бай ауыз әдебиетінде «Тыйымсыз елдің жастары дуана», «Қызға қырық үйден тыйым» деген сияқты мақал-мәтелдердің таралуының өзі ұлттық тәрбие үрдісіндегі тыйымдардың маңыздылығын айғақтайды.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр алуан кезеңдерде тыйымдардың адам санасындағы себептік негізі әр түрлі болғанымен, оның қоғамдық-әлеуметтік мәні, белгілі деңгейде бірдей болып келеді. Мысалы, бұрынғы көшпелі дәуірде жерошақтан аттап өтуге тыйым салынатын. Ал сол көшпелілердің бүгінгі ұрпағы үшін бағдаршамның қызыл түсі жанып тұрғанда көшеден өтуге болмайтыны да – тыйым. Бұл екеуі де тыйым болғанымен, алғашқысының астарында бұрынғы адамдардың мифтік-діни наным-сенімдері жатса, бүгінгі адамға қатысты тыйым саналы түрде қоғамдық тәртіпті сақтаудан туған. Бұдан біз әрбір тарихи кезеңдегі тыйымның адам санасындағы себептік негізі әр түрлі екендігіне көз жеткіземіз. Демек, осы іспеттес тыйымдардың қалыптасып, қоғамда орнығуы, ең алдымен, ол қоғамның өмір сүру кезеңі мен дүниетанымдық көзқарастарына тікелей қатысты. Сөйтіп, тыйым институтының өзекті қасиеті ретінде оның әлеуметтік мән-маңызы алдымен назар аударады [2, 192 б.].

Тыйымдар көбіне-көп кішкентай балаларға қатысты айтылады деген түсінік қалыптасқанымен, шын мәнінде оның қолданылу аялары да, мақсаты да әр түрлі. Оларды соған сай түрлі топтарға бөліп қарастыруға да болады: қыз балаларға, келіндерге қатысты тыйымдар, ұл балалар мен ер азаматтарға айтылатын тыйымдар, жалпы балаларға қатысты тыйымдар, табиғи құбылыстарға қатысты тыйымдар т.с.с. Мұндай тыйымдарды, әдетте, көпті көрген ересек адамдар қоғамдық нормаға жатпайтын не оған кереғар келетін қылық жасаған жандарға айтады. Ал осындай тыйымды естіген адам оны көкейіне тоқып, мәнін ұғынып алып, енді мұндай әрекетке бармауға тырысады және сондай қадамға барған таныстарына да осы іспеттес ескерту жасайды.

Тыйым сөздердің ішінде бірнеше ғасыр бұрын пайда болып, осы күнге дейін айтылып келе жатқандары аз емес. Уақыт өте келе түрлі қоғамдық өзгерістер мен өмір тәжірибесіне байланысты қосылған тыйымдар да бар. Олардың барлығы да халық арасында қолданылғанымен, соңғы уақытта тыйым сөздердің танымдық, мағыналық жағы ақсаңдап келе жатқандығын байқауымызға болады. Айталық, бала үлкендердің «Табалдырыққа отырма!» немесе «Табалдырықта тұрма!» деген ескертуінің себебін сұрағанда, көбі оның мәнін білмей не білсе де, түсіндіре алмай, «Жаман болады!» дей салады. Ал, шын мәнінде, оның себебі мынада: түркі халықтарының наным-сенімі бойынша табалдырық маңында, әдетте жын-шайтандар жиналып жүреді, демек, табалдырыққа отыру – жын-шайтандардың үстіне жиналған жерге отыру, ол адам ауруға тап болады немесе есі ауысады деген сөз. Екінші бір мағынасы қазақтар бұрын шетінеп кеткен шарананы табалдырыққа қойып жерлеген. Тыйым осыған байланысты [3, 64 б.].

Көріп отырғанымыздай, бір ғана қарапайым тыйымның астарында қаншалық маңызды тәлімдік-тәрбиелік мән, мәдени астар жатыр. Біз бұл зерттеуімізде қазақ тіліндегі тыйым сөздердің осы іспеттес танымдық, тәрбиелік мәнін тереңірек зерттеп тануды мақсат етіп отырмыз. Ал тыйым сөздердің негізінде жатқан тәлімдік, тәрбиелік мән-мағынаны заманауи тіл білімі, педагогика, философиялық тұрғыда анықтап танудың маңызы оның өзектілігін айғақтайды.

Тыйым сөздер біздің мәдениетімізде ерекше орын алғанымен, олар тек қазақ халқына ғана тән емес. Түрлі ұлттардың дүниетанымдық ерекшеліктеріне байланысты олардың халқына тән тыйым сөздерінің де тәрбиелік мәні әр басқа болады. Тыйым сөздердің осындай педогогикалық, танымдық қырлары оған көптеген ғалымдардың назар аударуына себеп болды. Осы төңіректе ағылшын антропологиялық мектебінің әйгілі өкілі Джэймс Фрэзер тыйым сөздерді 4 топқа бөліп, саралады. Бірінші – іс-әрекеттерге қатысты, екінші – адамға қатысты тыйымдар, үшінші – заттарға қатысты тыйым сөздер және төртінші – тыйым салынған сөздер [4, 65 б.]. Бұл топтастыруда нақты шектеулер жоқ екендігін, оның шартты сипатта екендігін атап өткен жөн. Мысал үшін көшпелі қазақ халқының бұрыннан келе жатқан «жылқыны басына ұрма» деген тыйым сөзін талдап көрейік: «жылқыны басына ұрма» – іс-әрекетке қатысты тыйым; жылқыны басына ұруға болмайтындығы туралы ескерту – адамға қатысты айтылған тыйым; ал, айталық, жылқыны басына қамшымен не басқа да бір нақты затпен ұруға болмайды десек, ол – затқа қатысты тыйым. Демек, бір тыйымның мән-мағынасы іс-әрекетке де, адамға да, затқа да қатысты. Олай болса, ғалымның аталмыш топтастыруында белгілі дәрежеде, шарттылық бар.

Осы орайда белгілі этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбек қазақтың дәстүрлі тыйымдарын кең аяда үш салаға бөліп қарастырған. Бірінші – адамға қатысты тыйымдар. Екінші – қоғамға қатысты тыйымдар. Үшінші – табиғатқа қатысты тыйымдар. Мұның үшеуінде де тыйым арналатын ортаңғы тұлға – Адам [5, 196-197 б.].

Мұндай топтастыруда табиғи құбылыстарға қатысты тыйымдардың назардан тыс қалатындығын көреміз. Жалпы,

тыйымдарды жүйелеу ісіне келгенде әр ғалым түрліше пікірді ұстанатындығын, сөйтіп, қалыптасқан бір жүйенің жоқтығын байқауға болады. Біз өзіміздің зерттеуімізде тыйым сөздерді қолданылу жағдайына және кімге қатысты айтылатындығына байланысты шартты түрде мынадай топтарға бөліп қарастыруды жөн көрдік:

1 Іс-әрекетке байланысты;
2 Қыз балаға қатысты;
3 Нанға қатысты;
4 Бесікке қатысты;
5 Ыдыс-аяқ,тағамға қатысты;
6 Киім киюге қатысты;
7 Жол жүруге байланысты;

Іс – әрекетке байланысты тыйымдар

Үйге қарай жүгіруге болмайды.

Әдетте оқыс оқиға, жамандық болғанда адам үйге қарай жүгіреді. Бұл, біріншіден, балаларға жамандық шақырма деген еркерту болса, екіншіден, үйде үлкен бар, жүрегі әлсіз адамдар бар, елді үркітпе, қорқытпа дегені.

Қонақ кете салысымен үйді қағып – сілкуге болмайды. Себебі қонақпен бірге үйге жақсы тілек, ықылас – пейіл келеді.

Қыз балаларға, әйел адамдарға қатысты тыйымдар

Түнде жатқан төсегіңді таңертең өзің жина. Жиналмай қалған көрпе, жастықтың ішіне сайтан кіріп алады да, адамға жамандық тілейді. Жиналмаған төсек-орын жаугершілікті де еске түсіреді.

Әйел адам итке тас лақтырмайды. Бұлай істесе құты қашады. Ит – 7 қазынаның бірі, шамданады. Әйел қолының берекесі қашады,ырысы қашады деп ырымдалады.

Бесікке қатысты тыйымдар

Бос бесікті тербетуге болмайды үйге келген адамға бос бесікті тербету арқылы өзінің ұрпақсыз қалғанын үндемей – ақ білдірген.

Бесікті саудалама. Бұл оның құны жоқ зат екендігін білдіреді. Ал қазақ халқында бесік ұрпақ жалғастыратын, қасиетті бұйым.

Ыдыс-аяқ, тағамға қатысты тыйымдар

Ыдыста беті ашық қалған тағамды жеуге болмайды. Өйткені зиянкестер, жәндіктер түсіп кетуі мүмкін.

Киімге қатысты тыйымдар

Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді. Аяқ киімді де солай. Бұл тірлігінің барлығы оң болсын деген ниеттен туған.

Киімді желбеге жамылмайды. Себебі қолы жоқ адам ғана киімді желбеге жамылады. Әрі жұмыс істегенде де ыңғайсыздық туғызады.

Жол жүруге байланысты тыйымдар

Жолға шығып бара жатқан адамнан «қайда барасың?», «қашан келесің?» деп сұрамайды. Бұл адамдардың қөңілін алаңдатып, сәтсіз спарға ұрындыруы мүмкін. Тек іштей тілектес болып қалуы керек.

Барып, қайтар жолдың уақытын кесіп айтуға болмайды, бұл астамшылық, күпірлік болады. «Алла жазса» «Құдай қаласа» «Барар жердің дәмі тартса» деп нысаппен сөйлеу керек. Қазірге кезде болып жатқан көптеген автокөлік оқығалары осындай қарапайым жол жүру қағидаларын еркермегендіктен деп ойлаймын

Көріп отырғанымыдай, халқымыздың бай мәдениетінде ешбір тыйым бекер айтылмаған, әрқайсысының астарында терең тәрбиелік, танымдық мән жатыр. Халық өзінің осы ырымдары мен тыйымдары арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеп, дұрыс жолға салған, қателігін бетіне басқан. Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының осындай тыйымдары мен ырымдары, наным-сенімдерінің алатын орны ерекше. Өйткені оларда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған бай өмір тәжірибесі сақталған, рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан. Ендеше, оларды одан әрі тереңірек зерттеп, әрқайсысында жасырынған танымдық, тәрбиелік мән-мағынаны келер ұрпаққа жеткізу – уақыт еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сейт Кенжеахметұлы. «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті». – Алматы: «Алматыкітап баспасы». – 2012.

2 Ә. Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде этнолингвистикалық сөздік // Алматы: «Сардар» баспа үйі, Т 2. Қоғам. – 2013. – 728 б.

3 Ә. Ахметов // Эвфемизмдердің жасалу жолдары мен тәсілдері // Алматы. – 1995 ж. – 64 б.

4 Фрэзер Д. Золотая ветвь. Вып. 2. Табу-запреты. – М.: Атеист. – 1928. – 138 с.

5 Сейдімбек, Ақселеу. – Шығармалары: алты томдық. – Астана: Фолиант. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – 2010. – 816 б.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ РӨЛІ

МОТОВИЛЬНИК А.
7 «Г» орыс сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.
МУСАЛИНОВА С. Р.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен, тілім! – деп ақиық ақынымыз Мағжан Жұмабаев жырлап өткендей, мен үшін, қазақ тілі – ерекше де, дара тілдердің бірі.

Заман дамыған сайын, қазақ тілі де заман ағынымен зулап келеді. Әрине, сөздік қорымыздың көбейіп келе жатқаны қуантарлық жағдай, тіпті, жетістік дер едім.

Қазақ тілі – ең бай, ең көркем, ең әсерлі де, күшті, құдіретті тілдердің бірі екендігімен толықтай келісемін. Сөздің түбін түсіретін шешен, қай жерде де сөздің асылын көрсете біледі.

Тіл – ол қай жерде де адамды қуанта да, жаралай да алады. «Сөз сүйектен өтеді», – демекші, тілдің құдіреттілігі соншалықты, жұдырық ауырта алмаған жанды, тіл терең қансыратып, жаралай алады.

Менің ұлтым орыс болса да, қазақ жерінде өсіп – өркендегенімді мақтан етемін! Мен үшін, қазақ тілі – мемлекеттік тіл ғана емес, өз тілімнен де асқақ тұрған тіл. Жаныма сіңсіп кеткен қазақ тілін – өз ана тілім деп есептеймін. Сол себепті: қазақ тілінің өркендеуіне бар күш – жігерімді салып жүрмін.

«Жалтақтамай өзге тілді ұлысқа,
Ең алдымен өз тіліңді дұрыста», – демекші, заман талабына сай еліміздің гүлдеп келе жатқан болашағы, яғни, жастарымыз өзінің ана тіліне салғырт қарап, өзге тілге әуес болып жүр. «Ана тілің алпыс тілге татиды», – демекші, қазіргі уақыт талабына сай, көп тілді білген көптік етпес, алайда, ең алдыңғы сатыда қазақ тілін игеру – біздің парызымыз.

Уақыт сарынына ілесу – жастардың мақсаты десем, артық айтқандық емес. Міне, осыған байланысты қазақ тілінің кеңеюіне әсер етіп отырғаны – ол жаңа сөздердің сөз қоржынына толықсып отыруы. Жаңа сөздердің көбеюі, әрине, жақсы. Сонымен қоса кірме сөздер, яғни, орыс, араб, қырғыз, өзбек тілдерінен келген сөздер, диалект сөздердің қосылуы тіліміздің молайғанының бірден-бір

көрінісі. Бірақ, осы орайда қозғап кететін жағдай, уақыт ағынына ілесеміз деп, түпкі қазақ тілін ұмыт қалдырмайық! Әрине, жаңа сөздер көбейіп жатқандықтан, ата-бабаларымызыдың айтқан сөздерін қазіргі жастарымыз түсіне бермейді. Ал ол кезде сөздің төркінің тура айтпай, астарлап, жағалап жеткізген болатын. Соған байланысты көптеген мақал-мәтелдер, фразеологизмдер сөз тарабында кең өріс алған.

«Қазақ тілі – қазақтың дара тілі,
Кейбіреулер түсінбес қасиетін.
Кейбіреулер өз тілін шұбарлайды,
Орыс тілі сіңген ғой санамызға
Неге олар «тілім» деп қуанбайды,
Шынымен-ақ басқа барамыз ба?
Бұл менің ұлтты сүйген өздік ойым
Қасиетті қазақ тілі – бабам тілі,

Ол тарих, сенің, менің абыройым!», – демекші, қазақ баласының өз тілін түсінбей, «орысша сөйлесші?!», – дегені ауыр тиеді екен. Ұлты қазақ, әке-шешесі қазақ бола тұра «өз тілінен намыстанғаны ма?», деп терең ойға батамын. Йә, келісемін, орыстандыру саясаты жүрген кезде ата-аналарымыз, аға-жеңгелеріміз орысша тіл сындырған болар, бірақ, қазір заман талабы өзгеше. Үнемі «қазақ тілін білмеймін» деген сылтау айта беруге болмайды ғой. Керісінше, «қазақ бола тұра, қазақ тілін білмеймін» деп намыстанып, қазақ тілінде сөйлесуге тырысып, қазақ тілінің мәртебесін жоғары көтерге тырысу керек.

Жиі байқарлық жағдай, көп бала тұрған жерде бір орыс тұрған кезде, қазақ балалары орыс тілінде сөйлегенін айтпай- ақ, қара көз қазақ балалары бір – біріне орыс тілінде шүлдірлегенің қайда қоясыз? Керісінше, өзге ұлттарды қазақ тілінде сөйлету біздің парызымыз емес пе? Біз қазақ жерінде тұрып, қазақ тілін, салт-дәстүрін білмесек ұят емес пе? Меніңше, ұят. Өмір бойы қазақ жерінде тұрып, қазақша жөнді бір ауыз сөз айта алмасам, ұялғаннан кірерге тесік таба аламас едім. Сол себепті: қазақ тілін меңгеру, қазақ тілінде еркін сөйлеу Отан алдындағы міндетім мен борышым деп білемін.

«Қазақтың ақылы – көзінде,
Қасиеті сөзінде», – демекші, қазақ халқының ой-санасы «қазақ» деп соғуы керек, ал бұл құндылықты жоғалтып алмас үшін қазақ тарихы сыңғырлаған әдеби кітаптарды көп оқуымыз керек. Мысалға келтіретін болсам, IV томдық «Абай жолы» кітабын алайықшы.

Бұл кітапты оқығандар кем де кем. Тіпті оқыса да, бұл кітапта астыртын ойлар өте көп, көптеген қазақтың кең мағыналы сөздері қолданылған, сондықтан да: мән-мағынасын көбі түсінбейді. Осы кітапты оқығалы бері, қазақ тіліне деген құштарлығым артты. Неге дейсіз? Себебі: мен бұл кітапты оқып, Мұхтар Әуезов сияқты тілі бай жазушыға таң қалумен болдым. Суреттеулер, теңеулер, фразеологизмдер өте жоғары деңгейде берілген. Бұл кітапты оқи отырып, сол кез еріксіз көз алдына келеді. Керемет емес пе? Ал бұның бәрі қазақ тілінің байлығы, сөздік қорының молдығының нәтижесі деп ойлаймын. Осындай керемет туындыларды қара көз балалар көп оқыса, «орысша сөйлесші?» дейтіндер қатары аз болар еді.

«Тілін білмейтіндер емес,

Тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт», – деп бекер айтпаған. Қазіргі жастардың қазақ тіліне салғырт қарауы да осыған байланысты. Тіліміздің дамуы – еліміздің дамуы. Өзіміз қазақ тілін биік ұстамайынша, басқалар қалайша қазақ тілін биік деп есептесін? Сол себепті де ең алдымен біздің мұратымыз – қазақ тілін жетік білу.

Қазақ тілі – ата-бабалардан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Демек, әр адам, әр Қазақстан азаматы ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Өкініштісі сол, жүрегі қазақ бола тұра өз тілінде шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлейтіндерді жиі көремін. Тіпті өз ойын ата тілінде жеткізе алмайтын сорақыларда жетерлік. Өз тіліне менсінбеушілікпен қарағандарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К. Г. Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» деген сөзі еріксіз ойыма келеді.

Менің елім – көп ұлтты Қазақстан. Қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай бір аспан астында тату-тәтті өмір сүрудеміз. Бұл ауызды толтырып, мақтанарлық жағдай. Менің ойымша, қазақ тілін білетін адам – одан әрі тереңдетіп үйренуі керек, ал қазақ тілін білмейтін адам – өзін қамшылап, қазақ тілін үйреуге талпынуы керек. Сонда ғана еліміз өркендеп, биік шыңға шыға бермек.

Қазір Елбасымыз үш тілді білуді міндеттеп отыр. Әрине, көп тілді білген артықтық етпес, алайда, өз қазақ тіліңе ештеңе жетпес. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деп ақын Қ. Мырзалиев айтқандай, көп тілді білген – білімің, ал ана тіліңді білгенің – арың дегім келеді.

Мейлі, қанша тілді білсең де, «қой, білме» деп ешкім айтпайды, алайда, өз ана тілінде, қазақ тілінде сөйлемесе, ол адамды қасиетті

далада туған қазақ баласы дей алмаймын. Қандай тілде сауатты сөйлесең де, өз ана тіліңде сөйлегендей, өз ойынды айқын жеткізе алмайсың.

«Тілің қайда, дінің қайда, қазағым?
Кей халықтың мазағына айналдың.
«Қазақстан» деп аталған соң еліміз,
Қайда сенің ана тілің, қазағым?!
«Қазақпын, қазақпын деп мақтанамын»
Деп жырлаушы еді қазақ ақын.
Қазір сол тіл шалалыққа тым жақын.
Шалаланып, ала тартып тіліміз,
Даңғылданып, жол секілді дініміз...
«Қазақпын» деймісің сен өзіңді?!
Eh, қазағым, ашшы маңдайдағы көзіңді!
Сүйесің бе тіліңді, жерің, еліңді?
Бересің бе Отан үшін кеудеңдегі жанынды?...
Болашаққа қараймын деп жүріп,
Ана тілің ақсаң қақты, қазағым...
Тәкаппарсың, мақтанасың құр босқа,
Сабырсыз боп, басыңды ұрып әр тасқа...», – деп, Анель Алтынбекқызы жырлағандай, сөз соңында, шынымен, заман ағымына ілесеміз деп, қазақ тілінен мақұрым қалып жүрмейік.

Қазіргі кезде қазақ тілінің маңызы зор болып келеді. Оны мен жуырда өткен «Әй, жарайсың!» байқауынан байқадым. Бұл байқауда қаламыздың он тоғыз мектебі қатысып, өзге ұлт балалары әр қырынан танылды. Олар қазақ тілінде еркін сөйлеп, әр түрлі салт-дәстүрімізге байланысты көріністерді көрсетіп, қазақша әнде айтып, өздерін қазақша таныстырды. Осы орайда мені таң қалдырғаны: өзге ұлт балалары қазақ тілінде таза сөйлеп, өздерің көрсете білгені зор үміт ұялатты. Сол сезім бойымда қазақ тіліне деген сүйіспеншілігімді арттырды. Осындай байқауларда қатыстырып жүрген ұстаздардың сіңірген еңбегі ұлан – ғайыр. Осы орайда қазақ тілін үйретіп жүрген ұстаз қауымына өз алғысымды білдіргім келеді.

Қазақ жерінде тұратын әр баланың санасына қазақ халқының асыл мұрасы – тіл екендігін жеткізгім келеді және қазіргі кезде қазақ тілінің қандай рөл атқаратыны бізге байланысты. Қазақ халқының ең бағалы қазынасы – қазақ тілі. Сол қазынамызды бағалай білейік.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИЫР МАЛЫНА ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

НЕЪМАТОВА Б.
оқушы, М. Қашқари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.
ШАРИПОВА Г.
мұғалім, М. Қашқари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.

Тақырыптың өзектілігі: тілде жануарларға қатысты қолданылатын тұрақты тіркестер өте көп, солардың ішінде сиыр малы атауына қатысты қолданылытын тұрақты тіркестар ерекше орын алады. Бүгініг жастар үлкен қалаларды былай қойғанда, облыс, аудан орталықтарында тұратын жеткіншектердің өзі Зеңгі баба тұқымының қасиеттерін, оның басқа түліктерден қалай және қандай қасиеттері арқылы ерекшеленетінін ашып айта алмайды. Бұл жұмысым сиыр малына қатысты тұрақты тіркестердің қолдану жүйесін анықтау.

Мақсаты: сиыр малы атауына қатысты тұрақты тіркестарді қолданылуына қарай топтастырып анықтау.

Қазақ халықының өмірінде мал шаруашылығының мәні зор орын алады. . Ғасырлар бойы қалыптасқан бай шежіресі бойынша олар малдың өрісін, тіршілік табиғатын, қадір-қасиетін әбден зерттеп білген. Қазақтың жерін малсыз елестету мүмкін емес. Кең сахарасында үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, табын-табын сиыр, отар-отар қой өсірген халықтың төрт түлік кисе – киімі, ішсе – тамағы, шөлдесе – сусыны, жүрсе – көлігі, жатса – төсеніші болған. Демек, қазақтың бүкіл тіршілік көзі төрт түліктің өсімі мен одан алынатын өнім түрлеріне байланысты еді.

Текті мал – киелі де. Халық аңызында сиыр малын көлденең кесірден, ауру-кеселдерден сақтайтын, өсіп-өнуін желеп-жебейтін қамқоршы пірлер бар. Сиыр малының қамқоршы пірі – Зеңгі баба. Сан ғасыр көшпенді дәуірде тұмыс-тіршілігі тікелей мал шаруашылығына байланысты өткен қазақ халқы төрт түліктің сыр-сипатын, қадыр-қасиетін жете біліп, ерекше қастерлеген, малды былапыт сөздер айтып балағаттамаған, теппеген, басына ұрмаған, сылап-сипап баққан. Жаман ырымға жорып малды санатпаған. Малдың шаруашылыққа қажетті өнімдік, күш-көліктік, т.б. қасиеттерін жетілдіру мақсатында үзбей бір ізділікпен сұрыптау жүргізіп, көрікті, сұлу, әсем асыл тұқымды өсірумен шұғылданған..

Халқымыздың көшпелі өмірінде күш көлігі ретінде сонау ерте кезден пайдаланылып келе жатқан сиыр малының басқа қасиеттерін

де бабаларымыз тым ерте білген сияқты. Сиырдың сүтін ішіп қана қоймаған, одан қаймақ, май, ірімшік, құрт секілді тамақтың алуан түрін де дайындай білген. Ал терісін илеп, былғары жасаған. Қайысынан күш көлігін ұстап тұратын, салт мінетін арбаға немесе шанаға жегетін құрал-жабдықтар, әзірлеген Көбіне балалары көп кедей-кепшіктер сойған. Өйткені жылқы еті асуға бағалы болғанмен, салма (кеспе) жасауға келмейді. Сорпасы сылдырап сұйық болады. Сондықтан күнде ет асып жеуге шамасы жетпейтін кедей үйі балалары қарын-қажағын, сорпа-суын ішіп, ашықпай, тоқ отыру үшін сиыр сойған. Әдетте соғымға қысыр қалған сиыр, жасы ұлғайған өгіз шығарылып, олар қоңыр күзден-ақ қолға алынып күтіледі.

Енді осы Зеңгі баба тұқымы сиыр сөзінің қандай мағына беретінін талдай кетсек. Сиыр сөзі түркі тілдерінде кең тарағандығына қарамастан, кейбір тілдерде өзгеше дыбысталатынын мына төменде келтірілген мысалдардан көруге болады.

Сиыр атауының түп төркіні түркі тілдеріндегі *сир, сири* - сығу, сығып шығару, сауу мағыналарымен байланыстыруға болады.

Енді осы сиыр малының жасына қарай талдап көрсек, қашып кеткен үлкен сиыр *буаз сиыр*, қашпаған сиыр *қысыр сиыр*, ал ересек бұзау *қашар* деп аталады. Үлкен еркегі – *бұқа*, жасы – *бұқаша*, ал піштірілген үлкені – бұқаша деп аталады. Еркек бұзау екі жасында піштіріледі. Бұқаның қашыратын кезеңі маусымнан бастап, тамызға дейін созылады. Бір бұқа сегіз сиырға дейін қашырады. Сиыр қашып кеткеннен кейін он айдан соң бұзаулайды. Жаңа туған төл *бұзау* деп аталады. Үш жасында бұқаны мініске, сол сияқты ауыр жүк артуға үйретеді. Бұқа қашыруға екі жасында, ал қашар бір жасында жарамды болады. Сиыр сегіз ай бойына сауылады. Сиыр мен бұқаның өмірінің ұзақтығы жиырма жасқа дейін жетеді.

Енді қазақ тілінде кездесетін Зеңгі бабаның қорғаушысы сиыр малына қатысты тұрақты тіркестерге көз жіберейік. Қазақ тіліндегі сиыр малына қатысты тұрақты тіркестер негізінен осы Зеңгі бабаның ұрпағының жақсы қасиеттерін мадақтайды. Осы қасиетті малдың ағылған мол балдай тәтті сүті мен етін және сонымен қатар, мінсе көлікке жарайтынын, күшін көрсетеді.

Мәселен, кісі түшкіргенде қалжың, әзіл-сықақ ретінде айтылатын тілек: Ақ тұш, ақ сиырдың сүтін іш! немесе *Ақ тұш, ақ сиырдың майын іш*! Бұл қалжың ретінде айтылатын тілек әзіл-сықақ ретінде айтылса да, шындықтың бір бөлігі бар. Ақ сиырдың сүтін іш деп тек жақсы сыйлы адамдарға тілеп жатады.

Тана көз – мөлдіреп, жайнап тұратын үлкен көзді айтады. Мысалы,

Әжімсіз ақ жүзінде, жайнаған тана көзінде сезік бар. (Ғ. Мұстафин)

Сиыр өзен жағалаған егінші, отырықшы елге жайлы, жағымды болғанымен көшпелі елде онша бағаланбаған. Өйткені жүріске кем, жүні тықыр сиыр малына ерекше бағым-күтім қажет. Ол жазда жайылым талғайды, қыста қолға қарайды. Оған жылы қора, жиюлы шөп керек, шөлге де шыдамсыз. Оның үстіне сиыр – қыңыр мал, онша айдауға көнбейді, жөнге жүрмейді. Сондықтан басқа малдарға қарағанда көшпелі ел сиырды аз ұстаған. Қайсыбір жайсыз адамдардың жағымсыз мінез-қылықтарын сынағанда да Сиыр мінез, Сиырдай мүйіздесті деп сиырды ұнамсыз кейіпте таниды.

Сиырдай мүйіздесті – өзара қырылысты, түртпектесті. Мысалы,

Мүйіздескен сиырдай

Байласаң бас жіп жетер ме?

Сиырдың бүйрегіндей бытырады – бет-бетіне жан-жаққа тарап кетті, басы қосылмады, берекесі кетті. Мысалы,

Жүр, анда! Сиырдың бүйрегіндей бытырауға айналған екенбіз, тек арты қайырлы болсын! (С. Мұқанов)

Сиырдың бүйрегіндей бытырау тұрақты тіркесінің идиоэтникалық семантикасы аңызда әдетте былай сипатталады: «Барлық жан-жануарды жаратып, оларға бүйрек үлестіргенде қашанғы сол жай басарлығымен кешігіп келген сиырға жетпей қалыпты. Ол бұл жалғанда енді бүйрексіз қайтіп күн көрем деп, азан-қазан болып өкіріп жылапты. Сиыр сорлының көз жасын көрген жануарлар қабырғалары қайысып, оның көңілін аулаудан бөтен көмек көрсете алмайды. Ең соңында сиыр оларға бүйрек алып бүйірлерің шығып тұрған жансыңдар ғой, тым болмаса құр қалған туыстарыңа берер жылуларың жоқ па дейді. Оның бұл сөзін жөн көрген жылқы, түйе, қой т.б. жануарлардың әрқайсысы сиырға бір жапырақтан бүйрек жиып беріпті. Сонымен сиырдың бүйрегі басқа жануарлардың бүйректерінен бөлек бұжыр-бұжыр, қырық құрау бүйрек екен. Сиырдың қилы-қилы мінездері осы қырық қиқымнан құралған без бүйрегінің белгісі деп аңыз етеді».

Сиыр мінез – сүйкімсіз қылық, көрінген нәрсеге орынсыз соқтыққанға айтылады.

Сықылды сиыр мінез жаман елміз,

Орданың бір жеріне сүйкендік пе? (Ілияс Жансүгіров)

Тағы да бір сиыр малын жағымсыз кейіпте көрсететін тұрақты тіркестің бірі – *Сиыр құйымшақтапты*. Бұл тіркестің мағынасы аяқсыз қалдырып, берекесіз етті, соңы сүйылып кетті дегенді білдіреді. Ол құр бос уәде беру, уәдесінде тұрмау дегенді білдіреді. Мысалы,

Матайдың сөзінің басы таудай болса да, аягы сиыр құйымшақтап келіп, қылдай болып кетті (М. Әуезов).

Өткен соң, әлденеден бәсеңсіп, сиыр құйымшақтанып сүйыла берді (М.Ә.).

Құнажын көзін сүзбесе, бұқа бүйдасын (жібін) үзбейді – бекерден-бекер себепсіз тиіспейді, орынсыз өздігінен ұрынбайды. Кейде бұл тіркесті *Тана көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді* деп те жатады. Бұл тіркес қыз, әйел жігітке өздігінен тиіскенде әзіл ретінде айтылады.

Өгіз аяң – шабан жүріс, баяу қарқынды іс дегенді білдіреді. Мысалы,

Ауылдан шыққалы өгіз аяң жүрістен аспаған екі жолаушы түс ауғанша көз көрім жерге жете алмапты.

Өгіздей өкірді; өгізше өкірді – қатты айқайлап дауыс шығарды, бақырып жылады дегенді білдіреді. Мысалы,

Патша қазақтан солдатқа аларда: «Ой, алда-ай! Ой, құдай-ай, бұл не деген заман болды! Алда-ай! «Ақ сарыбас!», Ой, алда-ай, «боз қасқа...!» деп, қазақ өгіздей өкіріп жылай бастаған». (С. Сейфуллин)

Өгіздей болып ап – үп-үлкен, дап-дардай бола тұра деген мағынада. Мәселен, *Жарайсың, Бектас! – деп, мұғалім мені ризашылықпен мақтайды да, Жанбосынға қарайды. Көрдің бе ананы. Ал сен өгіздей болып ап, мыңқ-мыңқ етіп тұрсың. Ұялмайсың ба?*

Мұрнын тескен өгіздей – кекесін, көнгіш, ырыққа ергіш, жуас дегенді білдіреді.

– Кетсеңші енді, Махмұт, кетіп қал! Мынау тұрғансын, сені оңдырмайды.

– Жоқ, саспаңыздар. Мұрнын тескен өгіздей жуасытып берем сендерге бұл аюды.

Аузын буған өгіздей – жұмған аузын ашпау, тіс жармау, мыңқ етпеу дегенді меңзейді. Мысалы,

Болыс аузын буған өгіздей тырп етпей, үйден шықпай жатып алды.

Өгіздей өңкиген – денесі ебедейсіз үлкен, еңгезердей деген мағынада. Мысалы,

Өш алғанына көңілі көншігендей, танауын шүйіріп, ыржия күлді күйеу. Өгіздей неме, – деді қыз ақырын.

Жоғарыда келтірілген өгізге қатысты тұрақты сөз тіркестеріне көз жіберсеңіз, бұл тіркестерде өгіз малын көбіне жағымсыз кейіпте көрсетіп тұрғанын байқауға болады.

Тілімізде бұл ірі қара төңірегінде кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің кейбір тұстары міне осындай. Жалпы менінің ойымша тіліміздегі қайсы бір болмасын тұрақты тіркестердің табиғатына үңіліп, тілдік заңдылықтарға негіздей отырып қарастыру – халқымыздың дүниетанымын, салт-дәстүрін жан-жақты тануымызға мүмкіндік береді. Сол себепті де тіліміздегі сиыр малы атауна қатысты тұрақты тіркестер мәселелері әлі баршылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл. Құрастырған Б.Әлімқұлов, Е.Әбдіраманов, Алматы, «Санат», 1994, 154-155 б.б.

2 Т.Б. Сағатбекқызы «Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты», Афтореферат, Алматы, 2005, (16, 17 б.б.)

3 І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Алматы, «Ғылым» баспасы, 1977, (27, 461, 425, 128 б.б.)

МЕН ДЕ БІР АБАЙДЫҢ ҰШҚЫНЫМЫН (МЕРҒАЛИ ИБРАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ)

НУРСАГАТОВА А. М.
10 «А» сынып оқушысы, № 47 ОМ, Семей қ.
ОНДАБАЕВА А. Е.
9 «В» сынып оқушысы, № 47 ОМ, Семей қ.
АКИМЖАНОВА Г. Б., ДАЛБИНА Ж. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 47 ОМ, Семей қ.

«Жүз жыл кейін туыппын,
Жыр төңірі – Абайдан.
Аталаспын, жуықпын,
Мен жақынмын талайдан.»
Мерғали Ибраев

Мерғали Ибраев 1942 жылы 13 маусымда Абай ауданы Қарауыл селосында туған. Орта мектепті бітірген соң, Семейдің педагогикалық институтына түсіп, армия қатарына барып келген соң аудандық газетте бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болып жауапты қызметтер атқарды [1].

Ибраевтың ақындық өнерінің негізі әріде жатыр. Ол – қазақтың ұлы ақыны, әлемдік деңгейдегі ғұламасы, Абай туған топырақтан бастау алғаны болар. Ұлы ақын шәкірттері Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Көкбаймен өкшелес Шәкір Әбенов, Тәңірберген Әміренов сияқты зиялы шешендердің рухы болар. Ақынның өз әкесі Жанғали, атасы Ыбырай да дарынды адамдар болған екен.

Қаламы ұшқыр журналист өлеңді ойлы да өрнекті жазатын ақын ретінде де таныла бастайды. 1970-1978 жылдары «Ленинші жас» газетінің Семей, Шығыс Қазақстан облыстары бойынша меншікті тілшісі қызметтерін атқарады.

1969 жылы Қазақстан жастарының «Жас керуен» атты жинағына енген бір топ өлеңдерінен бастап «Темір тұлпар», «Күміс тау», «Өнегелі өркен», «Құтты қоныс», «Судағы сәуле» атты жинақтары жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

Ақын туралы көптеген каламгерлер жылы лебіздерін білдіреді: «Абайға арналған мүшәйраның ішінен өзімізге ұнағаны – Мерғалидың толғауы болды» (Ғ. Мүсірепов, 1971 ж.). «Қалқаман-Мамырдың қабылдануы зор қуаныш. Ал, музыкасын автордың өзі жазуы қуаныштың көкесі» (Ә. Сәрсенбаев, 1985 ж.).

Ақын қысқа ғұмырында 40-қа жуық ән мен күйдің авторы. Оның өлеңдеріне жергілікті сазгерлер ән жазып, ақын туындыларын ел жүрегіне ұялата түсуде.

Әнші, сазгер Т. Рахимов музыкаландырған «Ерке жирен», «Қаламқастың қыздары-ай» әндерін автордың өзінің орындауында тыңдаған тыңдаушы ләззаттанып, шынайы рахатқа бөленеді.

Ақынның «Екі жирен» әнінің шығу тарихы өз алдына бір әңгіме [2]. Ол ән туралы ақын, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазы былай деп еске алады: *«Еркежиреннің шабысын бала күніміздің естіп өстік қой. 1993 жылы болуы керек, Қызылкесікте Би Боранбай бабамыздың 300 жылдық мерейтойында Тұрсынғазы Рахимов ағамның ойнақтатып мініп жүргенін көрген едім. Жануар ол кезде бір аяғынан кем болып қалған екен. Бәйгеге шапқан жүйріктердің дүбіріне елеңдеп тұрды. Қайран аламанның алдын бермеген тұлпарым-ай десейші! Қатты жаным ашып еді сол кезде. Ұмытылып бара жатқан тарихты жаңғыртқан Еркін мен Болат бауырларыма риза болып отырмын. Тіпті осы уақытқа дейін Еркежиреннің менің атамекенім Майлышатта болғанынан да бейхабар екенмін. Тұрсынғазы ағам*

мен марқұм Мерғали ағам біртуар таланттар ғой. Шындығында Еркежирен Ақаңның Құлагері сияқты тағдырлы тұлпар еді. Соны тап басып, тани білгендіктерінің өзі талантқа тән қасиет қой».

Шабандоз тақымдарын қатты қысып,
Ат кетті тұрған жерден атқып ұшып.
Артынан ақсақалдар салды ұран,
Тымақты оңды-солды лақтырысып.
Қаршадай тізгін берген жас балаға.
Қазақта бәйге десе ес қала ма?
Қамза қарт тәуекел деп күбірлейді,
Бұл тойға бір жиренін қосқан о да.
Еркежирен, Еркежирен, Еркежирен.
Майлышат, Майлыаяқшат медет бер деп,
Жерінде ұлы Мұхтар жебеп көр деп,
Бұл тойға келген еді Ақсуаттан.
Бапталған Еркежирен себепкер боп.
Ерке еді құнанынан қолында өскен,
Тас қия Тарбағатай төрінде өскен,
Жануар мені жерге қаратпа деп,
Қамза қарт қала берді көрінбестен.
Еркежирен, Еркежирен, Еркежирен. («Еркежирен», 100-бет, «Жұмбақ жолаушы»)

Қазір бұл ән жылқысүйер қауымның гимніне айналды. Әнді қазақ жұртшылығы жақсы қабылдап, әрбір басқосуда айтылып жүр [3].

Ақынның ұлттық театр өнерінің дамуына лайықты үлес қосқан драматургтік еңбегі ерекше. Күй атасы Құрманғазы өмірінен жазылған «Жігер» пьесасы -тұңғыш драма. Сол секілді «Қалқаман-Мамыр», «Құрманғазы», «Шәкәрім», «Қайырлы таң, әке» секілді драмалық шығармалары Қарағанды, Семей театрларында қойылып, көрермендердің жоғары бағасын алған.

Табиғатында сегіз қырлы, бір сырлы Мерғали ақынның өмір жолындағы басты қызметі журналистік болып табылады. Жаңалықты жылдам сезгіш, қоғам, заман көшінің алдыңғы сапында болу, өз ұлтын сүю, оның болашақ тағдыры, мәдениетін, тілін, рухани байлық, салт-дәстүрін марапаттау оның журналистік туындыларының өзегі. Ақын, журналист әдебиетке сіңірген еңбегі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Журналистер Одағының сыйлығымен бағаланды.

Мерғали ақын және шын ақын
Мерғали ақын және шын ақын
Роллан Сейсенбаев

«Мерғали ақын және шын ақын» – деп жазушы Роллан Сейсенбаев айтқандай, оның ақындық әлемінің тақырыбы сан алуан, өлең дастандары терең мазмұнға құрылған, ақындық шеберлікпен өрнектелуімен оқырманын баурап алады.

Ақынның «Судағы сәуле», «Жерге деген махаббат», «Күз көрінісі», «Өткен қыс этюды», «Қызға жазылған екі хат», «Сіз туған Семей», «Қара жер саған-өкпем жоқ» өлеңдерін жазудағы шеберлігі – туған жер, Отан, табиғат, махаббат туралы айта отырып, соның бәрін лирикалық кahарманның өзіндік сезім шарпуына бөлеп, өз жүрек дүрсілін айта білетіндігі [1].

Бұғауынан босана алмай бір күштің,
Тым ұзаққа созылғаны-ай, бұл қыстың.
Аспан емес, аспан түстес көгілдір,
Қабағынан қар жауып тұр Шыңғыстың! («Өткен қыс этюды», 17 б.) [3, 17 б.].

Ұщқын атып көзі де,
Деді сұлу ойланып.
Қызыл шоққа өзі де,
Бара жатты айналып («Қызға жазылған екі хат», 26 б.).

Қарызың менің мойнымда,
Мойнымда сенің айыбың да,
Қақым жоқ сынап, майырылуға,
Қарызыңды өтеп кетермін,
Кіргенше сенің қойныңа,
Қара жер..., саған өкпем жоқ!
(«Қара жер саған -өкпем жоқ», 48 б.)

Ыстық демім суынғанша кеудемнен,
Қалай жырақ кете алармын елден мен.
Ата жұрттың Қаруылда қабыры,
Абай атам Жидебайда жерленген.
(«Жерге деген махаббат», 210 б.)

Тұлпар аунап, түгі қалған Семей ғой,
Туған қалаң кереметтей өзгерген. («Сіз туған Семей», 68 б.) [3, 68 б.].

Ал ел тарихы, өнер тағдыры туралы жазылған шығармаларды көп оқыған ақын «Қалалар мен мамонттар» деген өлеңінде бүгін жоқ болған қаланың кешегі салтанатын асқан көрегендікпен суреттей білді. Адам образын жасау шеберлігі «Мінез» деген өлеңінде айқын көрінеді. Қаламы ұшқыр журналист, ойлы да өрнекті өлеңдерімен ақын ретінде таныла бастайды.

Табиғатында сегіз қырлы, бір сырлы Мерғалидың өмір жолындағы басты қызметі – журналистік. Жаңалықты жылдам сезгіш, қоғам, заман көшінің алдыңғы сапында болу, өз ұлтын сүю, оның болашақ тағдырын, мәдениетін, тілін рухани байлық салт-дәстүрін марапаттау оның журналист»к туындыларының өзегі.

Бір ғана мысал Қайта құру деп аталатын кезеңде «Семей таңы», «Ақжол», атты айдар ашты, осы бөлімніңі арнайы ұйымдастырушы да, оның тұрақты авторы да Мерғали болды, нақты архив материалдарына сүйене отырып жазған тарихи мақаласының саны 50-ден асып кетті [1].

«Жоғалған өзеннің» оралуы

Сөз бен жырдың үлкен бір парасының қайнар бұлағы, асыл нәрі – Шыңғыстау баурайында ғой. Оның ақиқаттығы Абайдай айдынды алыбы, Шәкәрімдей шешен шежіресі, Мұхтардай мұхиты бар тұлғаларда. Даналарымыздың ізін басқан Ақылбай, Мағауия, олармен өкшелес Көкбай, Шәкір ұлы ақын жұртындағы зиялы шежіре, сұңғыла шешен қариялар мекені.

Жүз жыл кейін туыппын,

Жыр тәңірі – Абайдан.

Аталаспын, жуықпын,

Мен жақынмын талайдан, – деп жырлап кеткен сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі Мерғали Жанғалиұлы Ибраев Абай әлемінен нәр алған талант иесі [3]. Сыршыл ақын, дарынды драматург, қара сөздің қас шебері, қаламы төселген көсемсөзші, тамаша сазгер, шебер күйші, таңдаулы әнші – бүкіл өнерді бір өзі игерген ол «Жоғалған өзен» роман-дилогиясының авторы да. Бұл шығарма өзі өмірден өткен көп уақыттан соң Новосібір қаласында екі том болып басылып шықты.

Романның тақырыбы жайлы Мерғали Ибраевтың інісі, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық Жамбыл қорының лауреаты Төлеген Жанғалиев былай дейді: «Семей полигоны маңайын мекен еткен адамдар психологиясының өзгеруі, қоғамдық сананың күйреуі, адал махаббат, айықпас дерт, адамгершілік пен қиянат қақтығысы – романның ұзын-арқау, кең тұсауы, міне, осындай».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Семей өңірінің ақын-жазушылары /био-библиографиялық көрсеткіш / Абай атындағы әмбебап ғылыми кітапхана. – Семей : Талант. – 2005. – 96 б.

2 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы//Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкім актілер жинағы. Астана. – 2004. – № 2. – 5-6 бб.

3 Мерғали Ибраев. «Жұмбақ жолаушы» /Новосібір қаласы, 2012 жыл/5. Жанғалиев Т. «Жоғалған өзен» жанашырлық тапты. / Семей таңы. – 1999. – №2. – 8 қыркүйек (N35)./

4 М.Ибраев. «Жоғалған өзен» / II том. Новосібір қаласы. – 2007 жыл.

ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРНІҢ БАЛА ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

НУРТАЗИНА Б.
9 «А» сынып оқушысы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Адам баласының басқа тіршілік иелерінен өзгешелігі – ақылында. Ақыл арқылы адам баласы әлемді таниды, дүниенің сырын ұғады. Жаратылыстың мәнін біледі. Ақыл адамзатқа биік үйлер салғызып, ғарышқа ұшып, теңіздің құпияларын ұқтырды. .

Ертегілер – халықтың балаларға арнап шығарған туындылары. Халық ертегілері түрлі тақырыпты, түрлі ойды қозғауымен ерекше. Әсіресе балалар үшін пайдалы екендігін ғалымдар мол жазған. «... ертегіні туғызушы ой халықтың өмір-тірлігі үшін алысушы, өнімді ойы екендігін танытады. Ол ой ертегіде тегін жайды айтпайды, қоғамдық, өмірлік мағыналы сырларды танытады. Қай қоғам үшін де балалар үшін ақыл қажетті қасиет екендігін еске ала отырып, біз қазақ ертегілеріндегі ақылды балалар бойындағы ақыл және сол ақыл үшін керек басқа да мінез ерекшеліктерін талдауды қажет деп таптық.

Мақалада қазақ ертегілеріндегі балалар суреттелу бейнесі жағынан талданды.

Балалар үшін ең қажетті – ақыл екендігі ашылды.

Ақылды бала талапты, өнер үйренуге бейім, мейірімді болатындығы анықталды.

Халық ертегілерінің бала дүнетанымын қалыптастырудағы маңызы аса зор. Қазақ фольклорындағы ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі – ертегілер. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тараған мол мұра. Оның осы дәуірге дейін жетуі ертекшілермен тығыз байланысты.Халық арасында үлкен беделге ие болған ертекшілер ертегіні шебер орындаған.Жаңадан ертегілік сюжетті тудырып толықтырып отырған. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман-тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиял ұшқырлығын күшейтеді, мінез-құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Сондықтанда ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп. тәрбиелік мақсатына айрықша көңіл бөлгеніміз жөн.

Дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасуы ұзақ және күрделі үрдіс. Балалық шақтан балаларды қоршаған болмысқа дұрыс түсінікті тәрбиелеу қажет. Әрине, бала қоршаған ортамен өзі-ақ танысады. Дегенмен отбасы, балабақша және мектептің жұмысы балада болмысқа деген белсенді танымдық қатынасты оятуға бағытталуы керек.

Болмысқа танымдық қатынасты ояту мен тәрбиелеудің бір жолы – өмірді тікелей бақылаудан басқа танымдық әдебеттерде жатыр.

Бүгінгі күні оқытуға қойылып отырға талаптардың бірі-өмір шындығын балаларға халық ауызекі шығармашылығы арқылы көрсету, оның негізінде балалардың ой-өрісін, қиялын, эстетикалық және адамгершілік сезімдерін дамыта отырып, олардың халық шығармашылығына сүйіспеншілігіқ еңбек сүйгіштікке деген көзқарастарын арттыру болып табылады.

Егер халық ертегілеріне педоагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, мұның жас өспірімдерге танымдық әсері жоғары.

Халық ертегілерінің таңдаулы үлгілері ғасырлар бойы жасалған халық шығармашылығы болғандықтан оның ішінен көркем тіл де,терең ой да,тамаша үздік кейіпкерлер де табылады. Оның осы сияқты аса жоғары идеалық көркем қасиетін балалардың санасына жеткізу үшін бұлардың да өзіне лайық оқып үйрену жолдары әдіс амалдары бар, мысалы ертегілерді алатын болсақ, ол ел аузында ғасырлар бойы сақталып айтылып әңгімеленіп келеді. Ал осы ертегілер арқылы бала айналасындағы өмірді, адамдарды кеңірек танып ұстанымдылыққа еңбек сүйгіштікке ие болады.

Ертегі бала ойында сақталу үшін түрлі жолдар арқылы жүргізуге болады;

Ертегі оқу. Мұнда сол ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп соның көңіл-күйін образ арқылы бейнелеп беру.

Пантомима ойыны. Ешқандай сөз айтпай сол кейіпкердің қимылдарын көрсету.

Суретпен жұмыс. Әр түрлі жәндіктер бейнеленген суреттер немесе бір ертегідегі барлық қимылдарды суреттер арқылы көрсету. Баланың табиғат туралы білімдерін кеңейтіп табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Сабақта үнтаспа, бейнетаспа суреттер көрнекілікті пайдалану әңгімелесу, түсіндіру.

Табиғаттың әсемдігін көріп сезіне білу балалардың өмір тәжрибесін байытып, олардың эстетикалық талғамын дамытады. Туған жерге деген ыстық сүйіспеншілігін күшейтеді. Халық ұғымында табиғат деген сөз Жер – ана. Туған жер, атамекен сөздері түрінде көп айтылады.

Бастауыш мектеп жасында балдырғандар шын мағынасындағы оқырмандар емес, олар тек тындаушылар, көрушілер ғана. Оларға арналған шығармалар қысқа да ықшам жазылған суретті кітапшалар түрінде беріледі. Бұл жастағы балаларға арналған әдебиет жанры жағынан көбіне жеңіл сюжетке құрылған шағын шығармалар, хайуанаттар жайында жазылған әңгімелер белгілі оқиға не ойын түрлеріне құрылған өлеңдер, ертегілер болып келеді. Бұл жастағы балдырғандарға арналған шығармалардың тақырыбы көбінесе табиғат әлемінен, өзін қоршаған күнде көріп жүрген оқиғалардан алу керек. Тілі жеңіл, сөзі ойнақы болып келеді.

1) Балалардың психологиясына зерттеу жасағанда,олардың ойлау түсіну қаблеттін суреттеліп,отырған оқиғанның керкем обрыздың нақтылығын дәлдігін өз өмірінің аймаласынан алуды қажет етеді.

2) Әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында мерзімі болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне ой-санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы бейнелер алу керек. Балаларды өмірдің жақсы болашағына қанағатандырып,шарықтатып отыру қажет.

3) Балалар әдебетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу, әдістерінің динамикасы ерекше болады.

4) Балалар жаратылысының көркем көріністерін, пейзажды шебер суреттеуді ұнатады,оған сүйсіне қарайды.соны айналасынан іздейді.

5) Балалар әдебеті шығармаларының мазмұны идеясы оларды еңбекке, ғылымға әр қилы мамандықтарды игеруіне үлес қосады.

Ертегілердің танымдық-тағлымдық рөлі К. Ушинский, Д. Макаренко, В. Сухамлинский еңбектерінде ерекше көрініс тапқан. Аса көрнекті педагог В. Сухамлинский өзінің педагогикалық қызметінің өн бойында мектеп оқушыларын тәрбиелеу және дамыту мәселелерімен шұғылданды. Ол ертегілерсіз дворчествасыз, қиялсыз толық мәнінде тәрбие жүзге аспайды деп саналады.

Жалпы қазақ ертегілерінің ел арасынан жиналып баспаға шығуы XIX ғасырдың II жартысынана басталады деуге болады. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, Т. Потанин, В. Радлов, Э. Диваев, И. Березин, А. Алекторов және т.б аталуға болады.

Кейінгі кезеңде қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Садырбаев, С. Қасқабаев және басқалардың қосқан үлесі елеулі болды.

Белгілі қазақ жазушысы академик М. Әуезов қазақ фольклористерінің арасында алғашқылардың бірі болып ертегілерге былай деп анықтамасын берді: «Ертегі деп бояғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін онан соң, елдің белгілі санатын білдіретін арнаулы үлгі айтатын жамандықты жерлеп жақсылықты айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады.

Баланы еңбекке тәрбиелеуде отбасы мүшелері үлкендерінің еңбекке деген көзқарасы,еңбек істеу әрекеті әсер етеді. Баланы еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуде, өнерге баулуда ауыз әдебиеті күшті құрал болған. Айталық,мерген,мал тапқыш, еңбек сүйгіш өнерлі жандар жайында балаға ертегі, әңгіме, өлең-жыр айтып беру арқылы баланы еңбек ардагерлерін қадірлеуге ал оған қарама-қарсы еңбек сүймейтін арамтамақ жатып ішер жалқау деген жиркенішті сезімге тәрбиелеуге болады.

Өз ұрпақтарының тәрбиесі ерлі-зайыптыларға,ата-әжелерге ортақ іс,жауапты міндет болған. Көбіне ата-әжелер есте жоқ ерте замандағы, ауыздан-ауызға тарап келген ертегілер арқылы бала тәрбиесіне көңіл бөлген.

Балаға адамдық қасиеттің нәрі ертегі арқылы ана сүтімен қоса сіңіріледі.Өйткені, оныңжаны күнәдан пәк, таза, көңілінде күдік жоқ. Бәріміз де жақсы жанға жайлы, одан рахат табатын ертегіні тыңдап, сол ертегілерден адам бойына керектінің бәрін сіңіріп өстік. Бала жанын қоректендіретін рухани қор – айналадағы барлық табиғат болмысы, жанды мақлұқтың бәрімен табыстыратын, терең

де таң ғажайып сырларға толы ертегілер. Бала бойына тамаша қасиеттер мен адалдықты, мейірімділікті, имандылықты егетінде осы – ертек.

Ертегі – ауыз әдебиетінің көлемді саласының бірі. Ертегілер -бірнеше ғасырлардың жемісі. Ертегінің негізгі бір саласы қиял-ғажайып ертегілері. Бұларда өмірде болмайтын нәрселер туралы әңгімелер қозғалады. «Ұшқыр кілем», «Адам жеңбек Айыртас батыр» т.б қиял-ғажайып ертегілердің де өзінше мәні үлкен. Ертегілерідің ішіндегі көне түрінің бірі – хайуанаттар жайлы ертегілердің балаға берері көп. Адамды қоршаған табиғаттың әрбір бөлшегі соныңтыныс-тіршілігі қызықты әрі жұмбақ.

Мектепте сабақ үстінде кім хайуанаттар, еңбек және өнер жайында ертегілер біледі деген ойын арқылы балаларға тиянақты мағлұмат,тәлім-тәрбие беруге болады.

Ертегінің бір түрі-тұрмыс салт ертегілері.Бұл ертегіде көбінесе елдің бақташылық тұрмыс – тіршіліктері суреттеледі.

Еңбек мәнін биік бағалайтын «Қотыр Торғай», «Кім күшті?», «Қуыршақ» сияқты балаларға арналған қысқа ертегілердің мазмұны да аса қызық тартымды. «Кім кім күшті?» ертегісінде мұздан күшті нәрсе жоқ деп ойлайтын қырғауыл, одан жаңбыр, жер, шөпдоқты, қасқыр, осылардың бәрінен оқтың күшті екенін айтады. Ал оқтан мылтық пітесін жеп қоятын тышқақ тышқанның ін қазып,алты баптан ауыруды сүйреген құмырсқа күшті болып шығады. Өйткені ол еңбек сүйгіш «ұйымшыл».

Ал «Мақта қыз бен мысық» және «Қотыр торғай» оқиғалары еңбекпен тікелей байланысты.

Балаларды табиғатпен байланыстыратын ертегілердің бірі – «Орманға қар не үшін керек» деген ертегіні алуға болады. Оны оқушыларды рольге бөлу арқылы оындауға болады. Яғни рольге бөлу арқылы олардың жадында жақсы сақтап «алып қалады. Ертегі баланың ой-өрісін дамытуда үлкен үлес қосады. Жамандық пен жақсылықты ажырата алады, табиғат жайлы ертегілер баланың табиғатқа қамқор болуға;оны аялап қорғауға үгіттейді.

Қазақ ертегісінің ең мол түрі – шыншыл ертегілер. Мұндағы ертегі кейіпкерлері қиял-ғажайып ертегілердегі сияқты қиялдан туған емес.күнделікті өмірден еңбек адамдарынан алынған. Мысалы; «Аяз би», «Тазша бала», «Ұр тоқпақ», «Атамтай Жомарт» т.б ертегілер жатады.

Қазақ халқы балаларға табиғат туралы өз білгенін үйретуді мақсат етіп,оны ретті жерде жүзеге асырған. Табиғат адамның ақыл-

ойы мен тәрбиесінің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре білген. Бар өмір тіршілігі табиғатқа болып,оның аясында өмір сүргеннен соң адам баласы өзі туып өскен жеріне деген сүйіпеншілік пайда болады.

Батырлар жыры – ел – жұрттың арманы сыртқы жаулардан қорғанып, тыныштықта өмір сүру. Бұл, әсіресе ерте кездегі жаугершілік замандарда оңай болмаған. Сондай жағдайда халық ел қорғайтын хас батырларды аңсаған. Олардың батырлық қаһармандық істерін мадақтап жырға қосқан. Алғашқыда батырлардың бір ерлігі ғана айтылса, кейін басқа да жорықтар жалғасып, оқиға тізбегі өрбітілген. Сөйтіп, халық шығармаларының көлемді де көрнекті тағы бір түрі батырлар жыры пайда болған. Жырды өзі шығарып, өзі айтушы адамды жырау деп, ал жырды айтушы, таратушы адамды жыршы деп атады. Балаларға ертегілердің түрлері көп. Батырлық – эпостық, хайуанаттар жайында, тазша бала, өтірік өлең. Ал батырлық ертегілер арнайы жанрда қарастырылып жүр. Міне, сол дәстүр негізінде қазақ фольклористері соңғы жылдары батырлық ертзп жанрын бөліп алып, оны қиял-ғажайып ертегімен новеллалық ертегінің сондай-ақ қиял-ғажайып ертегімен қаһармандық эпостың аралығындағы жанр деген пікірге келді.

Қазақтың батырлық ертегілері екі сипатта болады. Бірі – көне заманда туған миф пен хикаялар, нанымдар мен ғажаиып ертегілер негізінде пайда болып дамыған көркем ертегілер.

Мысалы, «Ер төстік», «Керқұла атты Кендебай» сияқты классикалық фольклор үлгілері. Бұл қиял – ғажаиып ертегілерінен кейінгі жанырдың үлгілері. Сол себепті мұндаи архаикалық элементтер көп. Екінші – қаһармандық эпостық ертеп түріне айналған нұсқалары. Олардың ішінен бір жағынан көне түрлері яғни жырға жақындай, бірақ толық ертепге аиналып үлгірмеген шығармалар бар. Ал екінші жағынан классикалық батырлар жырының қара сөзге ауысқан үлгілері кездеседі. Мысалы; «Қабанбай батыр», «Алпамыс алып», «ЕрТарғын» шығармаларын атауға болады. Көптеген ертегілер мынадан деп басталады;

Ерте, ерте, ертеде ешкіжүні бөртеде.
Қырғауыл жүзі қызылда,
Балақ жүні ұзында
Атақты бір бай бопты
Төрт түлігі сай болыпты

Деп басталатын ертегілердің құлақ күйінде барлық байлық дүн дүниесі сайлық алдамшы көңіл жайлық түптің-түбінде ұрпақ

игілігінің қасында түкке тұрғысыз екендіпн бабаларымыз бастан-ақ өсиет етіп ерекше ескерткендей. Бабалар дәстүрін тәуелсіздік алған алғашқы күннен бағдарлы басшылыққа алынған іргелі егемен еліміз, мұрагерлер мүдесін үнемі назарда ұстаумен келеді. Әлем балалар әдебетінің 50 томдық асыл қазынасынан қазақ тілінде басып шығаруды жедел қолға алуда соның бір айқын айғағы шытырманы көп мына заманда адалдық, мейрімділік, іскерлікке, отан сүйгіштік, бауырмалдыққа баулитын ертегілер.

Халық ертегілері – халық өмірін бейнелейтін фантастикалық негізге құралған оқиғалы көркем шығарма. Онда еңбекші халықтың ғасырлар бойы жасап келген өмір тәжрибесі, оның мәденетімен салты, әдеті мен ғұрпы, шаруашылық кәсібімен түрлері, тілінің шебер ерекшеліктері қамтылған. Табиғаттың адам баласына жұмбақ болып келген неше алуан қызметі айтылады. Үстем тап өкілдерінің зұлымдық қастандық әрекеттері халық ертегілерінің негізгі өзінің тыңдаушысына ақыл-парасаты баяндайды. Адам арманның жарқын болашағына қол сілтейді. Өмір күресіне бастайды. Ол сондықтан «халық жанның айнасы» – деп атаған.

Халық ертегісінің ішінде балалардың сүйіп оқитын олардың жас еркшеліктеріне тән мұралар өте көп, халық ертегісі ғасырлар бойы балалардың ықыласын өзіне қызықтыра тартып, жас жанына әсер беріп көңілін шаттық күлкіге бөлеп қуантады. Халық ертегілерінің бай фонтастикалық балалардың ойына қозғау салып, өмірдің неше алуан қияпатын танытады, сана-сезім, ақыл-ой қызметінің ерте дамуына, ерте қалыптасуына жәрдемдеседі.

Халық ертегісін балалардың сүйіп оқитын барлық ықыласынасы сүйсіне тыңдайтын, оның ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, әбден текшелеп халықтың тапқыр ой-пікірлері жинақталып, әрі көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде.

Халық ертегілерінің балаларды қызықтыратын тағы бір ерекшелігі ондағы адам бейнелері барлық жағынан әбден жетілген болады. Кейіпкерлердің ең терең, ең айқын және көркемдігі жағынан әбден жетілген түрлері, типтері фольклорда, еңбекші халықтың ауыз әдебетінде жасалған. Көптеген халықтардың ертегілерін атап айтуға болады. Мәселен; «Тоғыз құйрықты ақ түлкі» Қытай халық ертегісі, «Тылсым Тауыс» Үнді ертегісі, «Ата мұра» Парсы ертегісі. Міне, бұлардың бір-бірінен ерекшеліктері әр халық өз тұрмыс тіршілігіне қарай ертегілер, аңыз, әңгімелер пайда болады.

Халық ертегілері ішінде балалар арасында кең тарағаны, әсіресе сүйіп тыңдайтын хайуанаттар жайындағы ертегілер.

Табиғат жайында ең бай материалдар, кең түсініктер балаларға алғаш осы хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы берілеген «Бармақтай бала», «Қотыр торғай», «Мақта қыз бен мысық». Хайуанаттар жайында айтылатын ертегілер кейіпкерінің өзі қызық. Сол күлкілі, қызық кейіпкерлердің өмір сүру өмірге икемді болуы жолындағы қақтығыстармен қарым-қатынастар олардың айла – тәсілдері жас өспірімдерге өмір жолын танытады, ақылды болуға үйретеді. Кішкентай, болымсыз тіршілік иелерінің өмірге икемділігін, жеңгіштігін көрсету тақырыбы балаларға арналған қазақ ертегілерінің барлығына да ортақ. Бұл ертегілер балалардың ой-санасын оятып, олардың өздерінің күш-жігеріне сене білуге, тапқырлыққа баулиды, мақсат жұртына жетуге үйретеді. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің қай түрін алсақ та балалардың ұғымына сай, түсінуі жеңілде, күлкілі қызық болып айтылады. Хайуанаттар жайындағы ертегілерде балаларды қызықтырарлық және оларға ой саларлық екі түрлі сипат бар, бірінші олардың мінез өзгешеліктерін, сырт көріністерін, күн көрісін байқайды. Есіту арқылы олар енді тікелей білуге, зерттеуге құштарланады. Екінші, хайуанаттар жайындағы ертегілер арқылы соны мысал ете отырып, адамдар арасында болатын тартыстардың сыр-сипатын байқайды. Үстем тап өкілдерінің қарапайым момын елді қалай алдайтынын, арбайтынын, күш көрсетіп қанайтынын неше алуан зұлымдық әрекеттері жасайтынын біледі. Сондықтан халықтың шығармалары ішіндегі хайуанаттар жайында айтылатын ертегілер түгел дерлік балалар фолькулорының мұрасы деп қараймыз.

Бұған «түлкі мен тауық» деген ертегіні мысал етіп көрейік. Бір түлкі жортып, тамақ іздеп келе жатып, биік ағаш басында отырған тауықты көреді де, бұл тауықты алдап, қақпаныма түсірейін деп ойлайды. Түлкі:

– Тауығым, биікте неге отырсың? Тілімді алсаң, жерге түс, дос болайық, осы жерде намаз оқып алайық, ойнап – күлейік – дейді. Тауық:

– Рас айтасың, түлкім, бесін намазының мезгілі болып қалды, анау жерде имам жатыр, оята ғой – дейді.

Жердегі тауықты жеймін ғой деп жүгіріп барса,бір тазы ұйықтап жатыр екен, тұра түлкіні қуады. Түлкі қаша жөнелді. Тауық оны намазға шақырады «Байтал түгіл бас қайғы», тазы түлкіні қуып жетіп, алқымынан алады. «Біреуге ор қазба, өз басыңа келер» деген апырмай, тауық қандай түлкі қандай түлкіні тауық па еді алдағандай. Осының өзі балаларға үлгі өнеге боларлық терең ойлар айтылған.

Қорытынды:

Ақылды балалар – идеал.

Ақылды баланы халық ертегілерінде түрлі қауіп-қатермен, қиындықтармен сынайды. Отбасы, ауыл ісіндегі істерден бастап бала өзінің ақылды екендігін барша жұртқа, қажет болса өзге әлемге де дәлелдейді.

Халық баланың ақылымен бар қиындықты жеңетіндігін суреттей отырып, сол арқылы бақытқа ертегі соңында жетуін бейнелу арқылы ақылдың барлығын жеңетіндігін көрсетеді.

Ақылдылық даналық пен көргендікке ұласады. Ал халқын бақытқа жеткізу үшін даналық пен көргендік керек. Бұл даналық пен көргендіктің басы бала кезіндегі батылдық, талап, бауырмалдықы, мейірім болып балаға ғана тән ақылды толтырар мінездер болып кете береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Ертегілер». 1, 2, 3, 4-томдары, «Қазақ ертегілері» кітабы;

2 Ертегілер туралы зерттеу еңбектері (М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Н. Жүсіпов т.б.).

СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

НҮРКЕНОВА Ә. С.
8 сынып оқушысы, «Ныгманов ЖББОМі» КММ, Ақтоғай ауданы
ЖАНТЕМИРОВ Ғ. Қ.
мұғалім, «Ныгманов ЖББОМі» КММ, Ақтоғай ауданы

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің жасалу, зерттелу ерекшеліктері кеңінен қарастырылады.

Сын есімдер қазіргі қазақ тіл білімінде әлі де болса зерттеуді қажет ететін сала. Тақырып сын есімнің жасалу жолдары, ерекшелігі болғандықтан тіліміздегі сын есімнің шырмаланған тұстарын, қатыстық және сапалық сын есімдердің өзіндік ерекшеліктерін ашып,жан-жақты зерттеулерге тоқталдық. Сондықтан бұл жұмыстың жас ұрпаққа тілімізді меңгеруде берері мол болмақ.

Бұл еңбекте қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің лексика – грамматикалық, семантикалық қырлары, сипаты кеңінен талданады. Бұл жұмыс олардың пайда болу, қолданылу негіздерін ғылыми зерттеулер негізінде атап көрсетеді.

Еңбектің нәтижелерін сабақта сын есім тақырыбын өткенде, сыныптан тыс уақытта жүргізілетін қазақ тілі үйірмелерінде, арнайы курстарда пайдалануға болады.

Есімдер деп аталатын сөздердің ішіндегі зат есімнен кейінгі сөз табысын есім. Сөз табы – синтаксистік,морфологиялық,семантика лық қасиеттердің ортақ болу негізінде ерекшеленетін сөз топтары [1, 199 б.].

Сөз табы қатарына жататын сын есім де семантикалық, морфологиялық, синтаксистік қасиеттерімен ерекшеленеді.

Қазақ тілі сөздерін топқа бөлу ісі қазақ тіл білімінде ғұлама ғалым, біртуар тұлға А. Байтұрсынов есімімен тығыз байланысты.

А. Байтұрсынов 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» еңбегінде сөздерді атауыш сөздер және шылау сөздер деп екі топқа бөлген. Сын есімді атауыш сөздер қатарына енгізіп, «нәрсенің сынын көрсететін сөздер» деп анықтама берген. Сонымен қатар сын есімнің тек сыны және сыр сыны деген екі түрлерін ажыратып, оларға тән ерекшеліктерін көрсеткен.

Тек сыны нәрсенің тегін көрсетеді , мәселен,ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман,киіз қалпақ т.б. тәрізді мысалдар келтіреді [2, 217 б.].

Менің ойымша, мұндай сөздер қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімге сай келеді. Өйткені қатыстық сын есім белгілі бір сөз табынан жасалатыны белгілі.Тек айырмашылық А. Байтұрсыновта жұрнақтардың түсіріліп айтылуында.Қазіргі қазақ тілінде мұндай тіркесті сөздер аз кездеседі. Ал екінші бір түрі сыр сыны деп аталады. Ол нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, яғни түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді. Мәселен, биік, аласа, жуан, жіңішке, шебер, қорқақ, ұста, олақ, ақ, қара, қызыл, семіз, тоқ сары, көк, жасыл т.б. [2, 217 б.]. Бұл сын есімдер қазіргі таңда сапалық сын есімдер қатарында айтылады.

Ы. Алтынсариннің орыс тіліндегі сөз таптарын қазақтарға үйрету мақсатымен олардың (сөз таптарының) қазақша аударма үлгісінде жасаған алғашқы тәжірибесі А. Байтұрсыновтың қазақ тіліндегі сөздерді топқа бөлудің тұңғыш және сәтті жүйесі негізінде ұласты. Ы. Алтынсарин 1988 жылы жарық көрген «Таза бұлақ» атты еңбегінде сын есімге арнайы анықтама бермеген (мүмкін бұл методикалық рұсқау болғандықтан болар), сын есім тақырыпшасының алдында «Зат – мақұлықтардың қасиеттерінің аттары» деп қана көрсеткен. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі сын есімдерді салыстыра отырып, сын есімдердің көбі

«имя существительноедан» шыққан деп мысалдар келтірген және Ыбырай екі тілде сын есімнің түрленуіндегі ерекшеліктерді көрсеткен. Бұның өзі қатыстық сын есімнің жасалу ерекшелігін көрсетеді. Сол Ахмет, Ыбырайлар көрсеткен зерттеулер қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына негіз болғаны сөзсіз.

Қ. Жұбанов 1966 жылғы «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегіндегі сөз таптарын түбір тап ,шылау тап және одағай тап деп үш топқа бөлгенмен, іштей түбір таптың өзін есім және етістік деп екіге бөлген. Сын есім осы есім тарауының қатарына кіреді. Есімнің бірқатары заттың өзін емес, заттың не істің тұрғылықты белгісін көрсетеді, морфологияда көптеледі, септеледі, жіктеледі. Есімді өзара жіктегенде әр жігінің арнаулы белгілері болады. Тегінде, жоғарыда аталған есім белгісі деп отырғанымыз зат есімдікі, өйткені сын есім, сан есімдер септелгенде, жіктелгенде, көптелгенде өз мағынасынан шығып, зат есім мағынасына ауысып отырады. Мұның өзі сан белгі, сыпат белгі. Ендеше, Қ. Жұбановтың айтпақ ойы сын есім заттанғанда ғана түрленеді, яғни, септеледі, жіктеледі, көптеледі. Бұл жерде сын есімнің зат есімге қандай да бір қатысы бар екені байқалады. С. Аманжоловтың айтуынша, сын есім өте абстрактанған, бұлардың тегі зат есімдер. Бұлай деуіміздің бірнеше дәлелі бар деп мынадай дәлелдер келтіреді:

а) Кейбір сын есімдердің әлі күнге дейін әрі заттық, әрі сын есімдік мәні бар. Мысалы: «көк» әрі нәрсенің түсі, әрі «аспан» мәнінде; «қара» әрі нәрсенің түсі, әрі «мал» мәнінде; «қызыл» әрі нәрсе түсі, әрі қоғамдық топтың символы т.б.

ә) Кейбір түркі тілдеріндегі материалдарды салыстырғанда, бір тілде зат есім болып жүрген сөз екінші тілде сын есім орнына қолданылады екен. Мысалы, «қызыл» – әзербайжан тілінде зат есім, «алтын» деген сөз, бізде ол сын есім мәнінде, ал әзербайжан тіліндегі «қырмызы» – жібектен істелген бұйымның аты, зат есім.

Сын есімнің зат есімнен шыққандығын білдіретін тағы бір жайт бар, ол – ауыспалы сынның қасиетінен, қызметінен көрінеді. Мысалы: 1. Қыз Жібек – Жібек қыз; 2. Қобыланды батыр – Батыр Қобыланды; 3. Тай бурыл – Бурыл тай. Алдыңғы екі мысалдағы әр сөз жеке алғанда, зат есім екені анық. Ал тіркескен күйінде алдыңғысы сын, соңғысы зат болып тұр. Орын ауыстырумен бірге олардың қызметтері де ауыса қалады. Кейінгі Тай бурыл – Бурыл тай алғашқы екі мысалдан бөлектеу. Мұнда «бурылдың» сындық мәні орынға байланысты жойыла қоймады. Мұның тарихи себептері бар. «Бурыл» – әбден сынға айналған сөз, ал «жібек» пен «батыр»

олай емес, бұлар заттық мәннен айырылып кетпеген, тек тұрған орнына қарай ғана сын есім рөлін атқаратын сөздер [5, 337 б.] А. Байтұрсынов: «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді; мысалы: «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзан еттің» деген сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сынның орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын деп, жалғыз сынды ғана көрсететін сөзді жай-сын деген [2, 219 б.].

Сын есімді зерттеген ғалымдардың бірі А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде сын есімге мынадай анықтама берген. Сын есім деп – заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін және басқа сол сыр – сипаттарын білдіретін лексика – грамматикалық сөз табын атаған. Бұған дейін лексика-грамматикалық термині кездеспеді [6, 166 б.]. С. Исаев 1998 жылы жарық көрген «Қазақ тілі энциклопедиясында» шыққан мақаласында сын есім қазақ тілінде семантикалық, яғни жалпы грамматикалық мағынасы жағынан ерекшеленетін сөз табы деген [7, 376 б.]. Бұл екі анықтама бір-біріне жақын. Ал, Қ. Жұбанов: «Сын есім деген заттың, не істің сыпат белгісін көрсететін, шырай үстеулері мен үстеуішін ертетін, зат есімге де етістікке де анықтауыш бола алатын, анықтауыш болғанда анықталушысы мен өзінің арасында зат есім анықтауышты амалсыз салатын, сан есім анықтауышты еркін салатын түбір» деп анықтама берген [4, 234 б.] Менің ойымша бұл пікір зат есімнің заттануына берілген ереже. Заттың не істің сыпат белгісін көрсетуі, бір уақыттағы А. Байтұрсыновтың мынандай ойымен сәйкес келеді: «Есімдер заттың сынын да, істің сынын да көрсетеді, мәселен, жақсы: жақсы кісі деп те, жақсы еткен деп те айтамыз; жаман ат деп те, жаман жүреді деп те айтамыз; оңай жұмыс деп те айтамыз, оңай істедім деп те айтамыз; шапшаң адам деп те, шапшаң сөйлейді деп те айтамыз; шабан ат деп те, шабан жүреді деп те айтамыз» [2, 219 б.].

А. Ысқақовтың зерттеуіне назар аударсақ, сын есімнің өзге сөз таптарынан ерекшелендіретін морфологиялық сипаттары жағынан өзіне ғана тән ерекшелігі бар дейді. «Сын есімнің табиғи қызметі зат есімге анықтауыш мүше болса, зат есімге тіркесіп негізгі қызметін атқарғанда сын есім ешқандай өзгеріске ұшырамайды; анықталатын зат есім көптік, септік, тәуелдік формаларының қайсысында қолданылса да, оны анықтайтын сын есім зат есімнің фомасына үйлеспейді де, қиыспайды да. Сын есім өз семантикалық

ерекшелігіне қарай затты сыр-сипат (сапа, түр, рең, салмақ, көлем т.б.) жағынан анықтайды, бірақ ол анықтауыш қызметін атқарып тұрғанда, еш уақытта да тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді.

Зат есімге тән көптік, тәуелдік, септік жалғаулары зат есімнің де, сын есімнің де қызметтерін бірдей атқаратын синкретикалық омоним сөздерге (мысалы: салқын, көк, суық, жарық, терең, жүйрік т.б.) қажетінше жалғана берулерімен қатар, белгілі бір контексте қолданылу ыңғайына қарай субстантивтенетін сын есімдерге (мысалы: үлкенге үлкенше, кішіге кішіше қызмет ет) жалғана береді» [6, 166 б.]. Қ. Жұбанов зат есімнің де, сын есімнің қызметін атқаратын синкретикалық омонимдер туралы: сөз таптарының бір бірінен енші алысып болғандары да, болмағандары да бар: ағаш, темір сияқты зат есім болып, ұзын, жақсы сияқты тек сын есім болып шекараларын түгел ашып болған таптар. Енді бұлардай емес, зат есіммен сын есімге ортақ шөрег есімдер де (әрі зат есім, әрі сын есім болатын) бар. Мысалы: бала, жас, жарық, сұлы, бай, батыр, баларақ, байрақ, жарлылау, кедей т.б. Бұлар әрі сын есім, әрі зат есім. Сондықтан жақсырақ, ұзынырақ, жап-жас, жарлылау сияқты бола алады. Таза зат есімдере бұл мүмкін емес: кемірірек, ағашырақ бола алмайда [4, 235 б.]. Бұл орынды пікір болғанымен бала, батыр, бай, жарлы, кедей сөздері таза зат есімдер емес пе? Оларды байырақ, жарлылау, баларақ, батырырақ деп шырай жұрнақтарымен түрлендіру қате. Бұл темірірек, ағашырақ мысалдарымен бірдей болғаны. Одан ары қарай түрлендірсек мысалы, бап-бала, жап-жарлы, өте батыр. Бұнда батыр деген сөздің өзі оның батырлығын көру үшін жетіп жатыр. Түркі тілдерінің ішінде әзербайжан тілінде де сын есім анықтауыш қызметінде қолданылғанда сөз түрлендіруші тұлғалары болмайды, заттанғанда зат есімнің грамматикалық категорияларына ие болады [8, 214 б.].

Қорыта айтқанда, мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын білдіретін сөздер сын есімнің негізгі түп қазығы, негізгі ұйытқысы. Бұларға кішірейту, ұлғайту жұрнақтары және үстеме буындар жалғанып түрлене алады.(Мысалы: қызыл, үлкен, кең т.б.).

Ал, зат пен екінші бір заттың қатысын, байланысын (Балалы үй-базар, баласыз үй – қу мазар) білдіріп немесе қай сөзден жасалса, сол сөздің мағынасымен байланысып, кейде сол сөзге синоним сияқты болып тұратын (Мысалы: аталық борыш, синонимі атаның борышы.) сын есімдер бар. Зерттеу барысында заттың сыны мен сапасы үнемі бір деңгейде бола бермейтінін байқадық, сонымен

қатар сын есімнің негізгі түп қазығына айналған сын есімдер (сапалық сын есімдер) шырай жасауға негіз болады деген ойды толық құптаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А. Салқынбай., Е.Абақан. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь. – 1998.

2 А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі. – 1992.

3 Ы. Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы: Жазушы. – 1988.

4 Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. – 1966.

5 Ю.С. Маслов. Введение в языкознания. Москва: Высшая школа. – 1998.

6 А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Ана тілі. – 1991.

7 Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы. – 1998.

8 Түркі тілдер (энциклопедиялық басылымы). Астана: Фолиант. – 2002.

МҰХТАР ШАХАНОВ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ШЕБЕРЛІГІ

ОРАЗБЕККЫЗЫ М., КАИРГЕЛДІ А. Е.
7 сынып оқушылары, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.
БАКБАЕВА З. С.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.

Поэзия мәңгі жас жалынды өмір.Ол оның лапылдаған от болып жайнап, қан болып қайнап, тамыр болып лүпілдеп,жүрек тулап тұратын тамаша түрі лирика.

Лирикалық кейіпкер – ең алдымен көркем бейне. Шындықты көркемдік тұрғыда тану мен өрнектеу процесі шығармашылық субьектісінің (яғни ақынның) осы процестегі рухани қызметінің қажыр-қозғалысы лирикалық кейіпкер бейнесінен айқын көрінеді. Сондықтан жеке өлеңде бедерленген сезім- күй, ой-толғаныс ақынның бүкіл шығармашылығы контексінде қаралып, автордың поэтикалық жүйесіне логикалық, психологиялық тұрғыдан табиғи кірігіп жатқан, тиянақ-тұтастығы жалғасар өрісі бар бірегей көрініс, әрі бүтіннің бөлшегі ретінде танылуы заңды болмақ. Яғни сол жеке бір өлеңдегі ой-сезім – кездейсоқ айтылған сыр емес, ақынның бүкіл лирикасында сомдалған әдеби тұлғаның, лирикалық кейіпкер көңіл-

күйінің бір сәті, жан дүниесінің бұлқынысы, азаматтық тұрғысы, рухани өресі, мінез болмысы айқындалған сол тұлғаға ғана тән құбылыс.

Қазақ лирикасыныңм осы ғасырдың басындағы Мағжан өлеңдерінен кейінгіерекше гүлденіп, жайқалған, мәуе шашқан тұсы – 60-80 жылдар аралығындағы лирика шын мәнінде тасты жарып шығып гүл атқан қызғалдақтай көзге ыстық тартты.Өнердің үзілмес үні алты қырдың астынан естілген алтыбақан әніндей құлаққа талып жетті. Бұл кезеңнің таңдаулы өкілдері өнерге даралық қандай қажет болса, дәстүрлі желі одан да керегірек екенін дәлелдеді. Тайға таңба басқандай стиль қалыптастырған М. Мақатаев, Ж. Нәжімиденов, Т. Айбергенов, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Т. Молдағалиев. Олар бір-бірімен тығыз ұштасқан, бір-бірінен қуат ала, тізе қосып отырып өрледі, поэзиямызды дамытты. Олардың бір-біріне ықпалы болды, әсіресе 60-жылдардан бергі қазақ лирикасында М. Мақатаев, Т. Айбергенов пен М. Шаханов ықпалы ерекше. Мысалы:

Табиғат маған асқар тауды кез қыл,
Алтын қып мейлі көкте айды кез қыл.
Даламның жайлы қоңыр иіріндей,
Жаныма жоқ па дедім жайлы мезгіл (Ө. Нұрғалиев).

Қара өлеңнің қаймағын М. Шаханов армансыз шайқады. Осы салада ол өзгелерден оза шапты, дараланды. М. Шахановтың «Танакөз» поэмасының жолдарынан:

Ізгілік пен іземтің баурайында,
Мама қаздар самғайтын қойнауында.
Достық атты қазына аралы бар,
Сонау Мақсат тауының жайлауында [16, 85 б.].

Сөз жоқ қара өлеңнің жалпы ырғақты үндестігі буын өлшеміне лайықталған әрбір өлеңнен белгі береді. Өтежан, Сағидың он бір буынға лайықталған өлеңдерінен де осы сияқты, құлаққа таныс ырғақ таныс үн бірден сезіледі. Жоғарыда аты аталған ақындардың барлығы да қара өлеңнен бастаған. Сол арқылы жетіліп, жаңа сөз айтты. Қ Мырзағалиев, Ж. Нәжімеденов, М. Шахановтар қара шаңырақ-қара өлеңнен отау тігіп, енші алды. Тек қара өлең арқылы одар көркемдік кегіне көтерілді, өнердің тылсымына бойлады.

Әр талант өзін толық ашқанда барып өзіне тән стилъ қалыптастырды. Ізденіс жолында олар ұлттық поэзиямыздың әр қасиетінен үлгі алуы – заңды құбылыс Мысалы, М. Шаханов өз шығармасын сазды лирикадан бастап лириканың баллада жанрына, сюжетті өлеңге ойысып кетуі – оның өзін табуы.

Ақын түлеткен бұл жанр арқылы ұлттық тіліміздің поэтикалық қабаты қайта түлегендей. Осы жағынан М. Шахановты жаңашыл ақын деуге болады. Оның сезімдік көңіл күйі, сағынуы мен аңсауы, эпикалық үлгімен тамаша қабысады. Жақсы ұйыған айрандай дірілдеген сезім оның сюжетті дүниесін түгелдей лирика мүлкіне айналдырды. Оның эпикалық баяндауының өзінде лирикаға тән шапшаңдық, өткірлік үстем отырады. Бірде бір шумағы құрғақ баяндау-эпикаға тән сипат алмайды. Міне, осы тұста ол жанрға тілдік, образдық жағынан жаңалықтар енгізді [4, 132 б.].

60-80 жылдары өлең өңірінде ерікті ұйқасты көбірек пайдаланып, оны түрлендіре түсуге көп тер төккен ақындардың бірі – Мұхтар Шаханов. Ақынның шығармашылығы өзінің өміріне тікелей қарым-қатынасқа түсумен оқшау тұр. Өлең сияқты қасиетті өнерді буы бұрқыраған өмірдің бүгінгі сауалымен суарады. Сол сияқты өмірдегі әділетсіздіктің, тоғышарлықтың уақытқа қарай түлеп алған жаңа түрлерін зерделілікпен зерттеп,өлең қуатымен батыл әшкерлейді. Оның ақын ретіндегі жаңашылдығы осы арада. Мұхтар Шаханов поэзиясы шын мәнінде қуатты поэзия. Алмас жігер, нәрлі сөз, адалдық сияқты күре тамырдан қаулаған ақын шығармасы солқылдақ емес, емен ағаштай мығым жатыр. Талант көпшілігінде мықты негіз, құнарлы топырақ болмағандықтан күйреп қалады, күйіп кетеді, Ал, М. Шахановта мықты негіз бен талант тең.

М. Шаханов қазақ поэзиясына жанрлық, стильдік сипатта бірқатар жаңалық әкелген ақын. Өйткені лирик те, эпик деуге болады. Эпик деуіміз: өлеңдерінің дені сюжетке құрылған. Баллада, поэмалары оның шығармасының негізгі тараулары. «Мұхтар эпик ақын» дегенде оның жарты қасиеті, негізгі қасиеті тасада қалып қойғандай сезіледі. Ол ең алдымен мықты лирик ақын. Ол эпика мен лириканы ұштастыруда талантын танытады, шеберлік көрсетеді, өзіндік жаңалығын енгізеді. Шығармашылық тылсымның нәзік сырларымен сабақтас. Мысалы, «Отырар элегиясы», «Күре тамырды іздеу», «Шың басындағы оқиға» атты поэмаларындағы лирикалық элементтері. Поэманың соғып түрған жүрегі оның өн бойындағы қан тамырларының жұмысы жақсарып тұр. Мөп-мөлдір әдемі лирикасында, шағын поэмалары мен балладаларынан анық аңғартқан ақынның ізгілікке құштар, мөлдірлікті мадақтайтын, үлкен ерлікті,тым биіктікті қалайтын сұңқар көңілі осы шығармаларда тоят табады. М. Шахановты ыстық қабылдауының екінші бір себебі – оның отты жырларындағы өткірлік. Батылдық алдымеи поэзияға

қажет. Жұрттың шын жүректен қол соғатыны алдымен ақынның батылдығы. Шындыққа еш бүкпесіз тура қарайгын батырлығы.

Есіңде ме,
Кімді-кім теңгердің?
Қаптаған көп бала тайдан,
Суырылып шыққан кезде дара тай,
Демедің ғой «Алақай».
Жеткергенов Жебегенге,
Айбергенов Төлегенге,
Бір көзбен қарап обал жасадың ғой, ағатай.

Ақынның таза өз тәжірибесінен нәтиже берген поэзиясындағы жаңа сөз екенін байқауға болады. Поэзияға тән сұлулық, сындарлылық өлшеміне нұқсан келетіндей. Өлеңнің шешуші күші идеал күрес идеясымен тыныстайтын акиқат. Өлең әсерін күшейтетін де осы қасиет.

Дәстүрлі лириканың аясын кеңейткен, жаңа тыныс берген жаңашыл ақын М. Шаханов шығармашылығы ең алдымен сол ұлттық сипаттарының молдығымен бағалы. Ақын барлық ұлттық қасиетімізді өз әлемінде қайта тірілту арқылы бүгінге жауап береді. Ойлауда да, сөйлеуде де ол мейлінше қазақ. Соның салдарынан

М. Шахановтың көркемдеу құралдары жаңа, поэзияға сіңісті троптың түрлері жаңарды. Әдісі, өлеңнің композициялық құрылысы, ең бастысы жаңа ырғақ келді. Ақынның өлеңінің өзегіндегі динамиканы іске қосатын сан-сала тамырлы күштер.

Иық бұрмай тек білімнен басқаға,
Қатар өсті екі бірдей жас бала.
Қатар өсті,
Қатар жүріп ән салды,
Қатар тұрып, құба таңды қарсы алды.

Ақын мақсаты сол өлкенің жан әлемінен хабар беретін лирикалық лепті баяндау. Лиризм бұл жерде «қатар тұрып құба таңды қарсы алдыдағы» эпитет арқылы туып тұр.

Шын мәнінде «құба таң» бағзы бір уақыттарда не нәрсенің болсын мөлдіреген таза, замананың аузынан мәйегі шыққан көне-балғын шағынан елес беретін көрініс. Бұл шығысқа етене тән ұғым. Ана тілінің астарлы құдіреті ғана ұлттық сипатқа тереңдеп бойлай алады. Олай болса, ұғымымызды тереңдететін де, мағынасын түсіндіретін де, эстетикалық қасиетін санамызға сіңіретін де тіл. Осы тұрғыда «Махамбеттің соңғы монологы» өлеңіне зер салайық:

Туған елім-арман мұңым;
Енді сені жетелейді жол қалай?

Менің бассыз қалғандығым,
Сенің бассыз қалғандығың болмағай.
Мен сенемін күні ертең,
Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
Күліп жайсаң күн ғажайып,
Ел наласы тарқар деп,
Ақымақтар күрт азайып,
Сұмдар қорқақ тартар деп,
Мен сенімен күні ертең,
Пенделіктен тазарды деп ұлы өлкем,
Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек?
Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп,
Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйгі.
Есектердің мойнында жүрмес деп.
Туған елім,
Құдіретімсің аңсаған.
Алдан жарқын күн шыққанша,
Кескініңді көрмейінші шаршаған.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша,
Жер астынан қарап жатам мен саған [35, 224 б.].

Ақын Махамбеттің монологі арқылы бүгінгі күнді жырлады. Махамбет сынды ұлы ақынның тегеурінін паш етті. Қажыры мен ұмтылысын танытады.Сонымен қатар әдемі арман, ойлы мұң үзеңгі қағыстырып биік мақсатқа бастайды. Сөйтіп лирикаға тән алау сезім қызуы басылмайтын, алыстан көрінгенмен өшпейтін «мәңгілік» отқа айналады. Алғашқы шумақтағы «менің бассыз қалғандығым, сенің бассыз қалғандығың болмағай деген сөз түйіні толғаныс түрінде қалыпты ойлану, байыпты бағдарлау сипатын танытып, кең тыныс берсе, ең соңғы шумақтағы «Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша жер астынан қарап жатам мен саған» арқылы ақын сезімі жоғары көтеріледі. Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясында еркін өлшемді өлеңді барынша дамытқан ақын. Сондықтан оның әрбір жана шығармасында жан бар, өмір бар.

М. Шахановтың өлең дастандары бірден жылы ұшырап, жарқырап көзге түседі. Бұның басты себебі ақындық арынмен, биік дарынмен жазылған оның өлеңдерінің ішкі мазмұны терең болып келеді де, толғаныс үстінде алдына ұстанған ақынның идеалы тек өз ұлты ғана емес, барша адамзаттың жүрегін тербеп, ой-қиялын қозғайтын биік мұраттар екенін көруге болады. Ақынның жырлары

ежелден бері адам қауымы тынбай үздіксіз алысып келе жатқан зұлымдыққа, әділетсіздікке, опасыздыққа, қианатшылдыққа, күншілдікке, тоғышарлыққа, дүниеқоңыздыққа қарсы атылған найзағай тәрізді. Биік адамгершілікті, адамзаттықты, адалдықты, қаһармандықты дәріптеу - ақынның барлық шығармаларының идеялық түп қазығы. Ол өзінің алдына қойған мұндай моральдық-эстетиалық ірі-ірі проблемаларды жалпы, жадағай алмай нақтылы-нақтылы адамдардың іс-әрекеті, ішкі дүниесінің иірімдері арқылы суреттейді. Сондықтан да ақынның қай-қай өлеңі де оқырманына әсер етіп, бірден өзіне баурап әкетеді.

«Барселона аэродромындағы сұңқарлары» поэзиямыздың ұтымды туындысы. Өмір мен өнердегі дарын мен дарынсыздықтың, ірілік пен күйкіліктің тағдыр талайы, тартысы жайлы символмен бейнеленген. Бұл шығарманың да мазмұны терең, ажары жарқын. Бұндай шығарманың ешқашан естен шығып ұмтылуы, көнеруі, тозуы мүмкін емес.

Ақын өлеңдерінің бірден байқалатын бір ерекшелігі бар. Ол оның көбінесе белгілі бір сюжетке құрылатынында. Қазіргі поэзиядағы сюжетті өлеңнің мүмкіншілігін жете пайдаланып, оны ұштай, жетілдіре түсудегі автордың көркемдік тәсілдері әр алуан. Шағын оқиғаны тартымды етіп баяндаудағы, сол оқиғаға қатысушы адамдардың-замандастарының әр қилы мінезін ашудағы ақынның ізденістері мол да жемісті. Оның «Ұйқысыз өткен түн», «Дариға», «Журналист сыры», «Ауруханада», «Достық өлкесінің заңы», «Тоқшылық» т. б. туындылары сюжетінің қызғылықты да тартымдылығымен, кейіпкерлерінің тағдырын, мінезін танытудағы шеберлігімен көз тартарлық көрікті шығармалар. Осындай туындылары арқылы М. Шаханов қазіргі қазақ поэзиясындағы сюжетті өлеңнің көкжиегін кеңейтуге үлкен үлес қосып келе жатыр.

Мұхтар Шаханов көркем сөз бәйгесінің алдыңғы легінде келе жатқан ақындардың бірі. Оның алда да оқырманының жан дүниесін жадыратып, ұланғайыр қуанышқа, рухани рахатқа,абөлейтін талай-талай өлең балладалар жазатынына сенеміз. Ақын өмірлік, заманалық мәселелерді қозғайды. Ол бір күннің қажетін өтеуді мақсатына алмайды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін бастауыш мектеп шәкіртінен бастап еңкейген кәріге дейін жатқа айтуы оның бір себебі осы бір шағын ғана шығармада қай дәуірдің баласы да, жасамысы да ескере жүрер сезім сыры бар. Сол сияқты С. Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болам» деген ант тәрізді өлең жолдары қай заман болса да,

жастардың ұраны тәрізді естіледі. Мұндай асыл дүниелер ешқашан тозбақ емес. Міне, осындай ақындарды зейінмен оқып, зерттеген Мұхтар Шаханов та халық тіршілігіндегі небір жарасымды қасиеттер мен толғамды әрекеттерді оқырманына ұсыну арқылы жақсылыққа үндеп отырады. Шығармасының басты арқауы тарихи адам болып келсе де, деректі оқиға төңірегінде орайластырса да, қазіргі өміріміздің қылт етіп көзіне түскен бір жайы болса да, өзінің осы бағытынан, өзіне жүктелген осы парызынан таймауға талаптанып отырады. «Арман» балладасын немқұрайды оқу мүмкін емес. Бұдан он-он бір ғасыр бұрын бір топ шәкірттің ішінде екі бала ерекше даралана берді. Екеуінің есімі ел аузында. Оларды өнеге етпейтін ата-ана жоқ. Екеуінің қайсысы жайында сөз болса да негізгі айтатындары – олардың әдептілігі, кішіпейілділігі, сабаққа өте-мөте зейінділігі. Бірде екеуін – Дойылды да, Әбуді де бір ақылгөй қария шақырып алып әңгімелеседі. Негізгі сауал әлгі балалардың келешекте нені қалайтыны, нені армандайтыны жайлы болады. Дойыл болса, дәрісті ынтылы тыңдай жақсы оқитынының себебін болашақта сауда-саттықпен айналасудың керектігінен деп ойлайды, қысқасы байып, дүние жиюды армандайды. Осыны тыңдап отырған қария онша риза болмайды. Ал Әбудің арманы:

«Менде де бар бір арман,
От боп маздап, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парызбенен махаббаттан құралған.
Мейлі, мәңгі жарымайын киімге,
Мейлі, түйір нан қалмасын үйімде?!
Жүргендігін ұғынбасын қалың ел.
Қарлы боран қыран жолын бөгер ме,
Өнеріммен тасып толам кемерге.
Мен өзіме риза емеспін, елімнің
Мақтанышы бола алмасам егерде».

Арада талай айлар мен жылдар өтті.

Екі өспірім өздерінің армандарын жету үшін күресті. Күндердің күндерінде өмірдің өзі олардың кім болғанын көрсетті. Дойылдың жайын ақын былай суреттейді:

«Есепсіздің нәсібесі озар ма,
Әйелін де баулыды ол сол заңға.
Қонаққа арнап асылатын етті де
Өзі салып беріп жүрді қазанға».

Одан әрі екінші жігіттің жайын тыңдайық:

«Ал Әбу ше!
Кеңге жайды ол қанатын,
Әбуіміз – әрі ғалым, әрі ақын,
Әбуіміз – біздің ұлы бабамыз,
Әбу Насыр әл-Фараби болатын».

Ақынның қашан да жақсылық пен жамандықты, ғалымдық пен надандықты салыстыра отырып, бірінін екіншісінен әлдеқайда артық, пайдалы екенін осы үзінділерден байқауға болады. Ақынның сөз түйіні мынаған саяды:

«Үлкен адам болу үшін ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,
Үлкен арман керек екен адамға!»

Өмірде өз қабілетіңді дұрыс танып, қоғамның, халқыңның қажетіне жарау үшін арманды дұрыс таңдай білу керектігін уағыздайды [38, 87 б.].

Қорыта келе, ол стиль жағынан ешкімге ұқсамайтын, оның лирикалық кейіпкері де өзгеше болмыс-бітімімен дараланды. Ол халықтың достығын, бүкіл әлем тыныштығын шалқар шабытпен жырлады. М. Шаханов өлеңдерінің лирикалық кейіпкері жер жүзіндегі әділетсіздікке, қантөгіс қырғындарға, адам баласын бақытсыздыққа душар ететін зұлымдықтарға лағнет айтып қарапайым халықтың тыныштығын дәріптеді.

Ақынның әр тақырыпқа болған өмір шындығына үңілу, жырлау әдісі өзгеше. Әр уақыт өз ерекшелігі, өз қолтаңбасымен айқын көрініп отырады. Ақын қазақ лирикасындағы баллада жанрында көптеген шығармалар жаза отырып, оны тақырып жағынан молықтырды. Қазақ өлеңінің пішіні мен мазмұнына жаңалықтар енгізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Алдамжаров Б. Құзға құлар қос мұндық ...//Жұлдыз.-2005.-№6.-172-195б.

2 Алдамжаров Б. М. Шаханов «варианты» //Жұлдыз.- 2003.-№2.-159.-179б.

3 Ахметова З. Поэзия шыңы – даналық.-Астана Фолиант,2002,-408б.

4 Шаханов М. Дәуір дастандары: Өлеңдер, балладалар, позмалар – Алматы: Жазушы, 1993,- 320б.

5 Шаханов М. Танакөз: Жыр кітабы.- Алматы:Рауан, 1996.-160б.

6 Шаханов М. Эверестке шығу: Өлеңдер, балладалар, позмалар – Алматы: Атамұра, 2003. – 272 б.

7 Шаханов М. Мәңгүрттенбеу марсельезасы: Тандамалы өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер – Алматы: Рух-дария, 2008. – 288б.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА ОҚИҒАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЛИНГВОТАРИХИ НЕГІЗІ

ОРАЗХАНОВА А. М.
10 сынып оқушысы, № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.
ИМАНҚАЛИЕВА Ә. Б.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 22 ЖОББМЛ, Семей қ.

Жер-су атаулары біздің тарихымыз, ұлттық жадымыз.Атаулар кез келген елдің тарихынан сыр шертіп, болмыс-бітіміне, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабардар етеді. Осы жер-су аттары мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі,өткен заманның хабаршысы іспетті.

Зерттеудің өзектілігі – жер-су атауларының қоғамның саяси өмірімен, сол халықтың әртүрлі кезеңдердегі басынан өткен тарихи оқиғалармен тікелей байланысты болғандықтан өзгеріске ұшыраған атауларды қайтаруда тарихи заңдылықтың сақталуынан туындаған мәселелер. Негізінен, ШҚ топонимдері бұған дейін ғылыми тұрғыдан тек тіл мамандарының тарапынан ғана зерттеліп келгендіктен,бұл атаулардың тарихи-этнографиялық сипатын,оның тарихи қабаттарын зерттеу қажеттілігі туды.

Тіл және оның даму заңдары туралы ғылым тіл білімі немесе лингвистика екені белгілі.Толық мағынасындағы ғылым ретінде тіл білімінің өзі тілдерді тарихи және салыстыру тұрғысынан зерттеулердің негізінде,дәлірек айтсам,тілдерді зерттеуде салыстырмалы-тарихи грамматиканың негізінде 19 ғасырдың басында жасалған.Бұған дейін де,әрине,тіл білімі болған,алайда 19 ғасырға дейінгі тіл білімінде тілдердің және оның сал алуан құбылыстарының шығуы, дамуы және оның себептері айқындалмай тек сипаттама берумен шектеліп келді [5].

Қазақ тілінің тарихи этнолингвистикалық негіздері



XVIII-XIX ғасырдың тіл лексикасы біздің заманға қалай жетті? Әрине, бұның барлығы сол замандардың көрнекті ақын-жыраулarының шығармаларының арқасында келді. XVIII ғасырдың жыраулары – Ақтамберді, Шалкиіз, Үмбетей, Асан қайғы және т.б. Аталған жыраулардың шығармаларының көбінде қазіргі кезде қолданыста жоқ сөздер көптеп кездеседі.

«Ақтабан шұбырынды,Алқакөл сұлама» оқиғасы тарихта қазақ-қалмақ арасындағы қырғи-қабақ соғыс ретінде танылған. Бұл тарихи атаудың шығуы туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Қырғыз,түрік,қазақ, һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде жазып қалдырған болатын. Бұл оқиға 1723 жылы қалмақтардың қазақтарға жасаған жорық, соғыстарымен басталды. Кейіннен қалмақтарды жеңудің кілті-бірлік екендігін ұққан қазақтың хан-қара, би-төре, бай-батырлары ашынып атқа қонып, ақырып жауға аттануға бас қосқан. Нәтижесінде 1726, 1727, 1729, 1730 жылдары үш жүздің де ішінен тіленіп шыққан жауынгерлердің күшімен қалмақтарға есінен тандыра бірнеше дүркін соққы берді [7].

Қазіргі кезбен салыстырғанда XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілі лексикасындағы төл сөздер құрамын сипаттайтын белгілердің бірі-кейбір тақырыптық топтардың белсенді қолданылуы.Солардың жиі қолданыста болатыны-жауынгерлік лексика тобы.Сол кезде жиі қолданылып, қазіргі таңда көнерген сөзге айналған деректер жеткілікті. Мысалы: сауыт, кіреуке, дабыл, дулыға, берен, жебе т.б.



Шығыс Қазақстан-Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысын алып жатқан өте бай өлке. Шығыс Қазақстанның рельефі, негізінен, орташа және биік таулы аймақ болып келеді. Облысымыздың аудандарының ішіндегі шежіресі тарихтар қойнауына терең кеткен, ежелден еңбекқор, талантты, халық мекендеген құтты қоныс – Тарбағатай ауданы. Тарбағатай-ШҚ өңіріндегі тау жотасының аты. Бұл атаудың шығуына байланысты көптеген пікірлер бар. Солардың қатарында зертеуші Е. Қойшыбаевтың айтуынша, бұл атау моңғолдың «тарбаған» («суыр») және тау сөздерінен қалыптасқан атау. «Суырлы тау» мағынасын береді. «Қытай тарихының атласында» Татад суы Додань-линь қазақ тіліне аударғанда «Тарбағатай» жотасы деген мағынаны береді делінген. Ал Сартқожаның пікірінше, Тарбағатай тауы ертеде «Тамағ» деп аталған. Қытай деректерінде үйсіндер мен ғұндардың шекарасы Тарбағатай («Тамағ») тауы болған дейді.

Бұл тауды халқымыз ежелден қоныс етіп,төбесі жайлау,бауырын қыстауға айналдырып, көшіп-қонып тірлік құрған. Бұл аймақтың әртүрлілігі, дүбірлі кезеңдерді бастан кешіргені туралы Шорға, Шағаноба, Сеңгір, Күзуін сияқты атаулар куәгер болмақ.

Шағаноба атауының шығуы туралы мынадай дерек бар: ертедегі қалмақтардың Шаған атты батыры соғыс кезінде қазақтардан қашып Шілікті қорғаны маңында жасырынған. Бірақ кейіннен оны қазақтар ұстап алып, өлтірген. Қалмақтардағы адам жерлейтін орынды «оба» деген. Сөйтіп «Шаған» мен «оба» сөздерінің қосындысынан «Шағаноба» атауы шыққан.

Ал Күзуін деген жер ертеде Қазақстан мен Қытай шекарасының күзет заставасы қызметін атқарған. Жердің осындай атауды алуы солтүстік теріскейден соғатын «күзуін» желіне байланысты болған деген дерек бар.

Тарбағатай ауданындағы менің назарымды аударған жер атауларының бірі-Сеңгір. Сеңгір атауын сараласам, деректер бойынша осы маңда ертеде қалың тоғай өскен (қазірде Барлыбай тоғайы) жер екен. Қалмақтармен соғысып жүріп, қазақтар Қабанбай, Дәулетбай батырлардың қолы артынан қуғыншы қалмақ келіп қалғанда жасырыну үшін тоғай арасына бірден кіріп кетуге батпай, біріне-бірі «сен кір-сен кір» деген екен, содан бірі кірген соң қалғандары да кіріп,осы тоғайға тасалап, қалмақтардың қуғыншы қолын өткізіп жіберіпті. Сол «сен кір» деген сөзді қалмақтар естіп, мына жерге «Сен кірге кетіп қазақтар жоқ болды» депті. Сол үшін «Сен кірден» барып «Сеңгір» атауы «К» мен «Г» әріптерінің орны ауыстырылып қазірде бұл жер «Сеңгір» деп аталып кеткен деседі.

Бұрхан-Тарбағатай ауданының Семей облысының Көкпекті ауданымен арадағы Қарасу совхозына қарасты аты. Ертеректе мұны «Буркан» бекеті деп атайтын еді. Менің болжауым бойынша бұл атау қалмақ-моңғол сөзінен шыққан. Оған дәлел ретінде мыналарды атаған жөн.Тарихи деректер бойынша бұл аймақты XVI ғасырдан XVII ғасырдың 51 жылына дейін қалмақтардың жоңғарлардан бөлініп шыққан Амирсана, Деваци билеген халқы жайлаған. Бірақ, сол 1751 жылы Амирсана, Девацилерді Жоңғар хандығы талқандайды. Қалмақтар өздері жайлаған кезде бұл аймақты тұрақты мекен етіп, Базар, Богас және осы Буркан деп аталатын жерлерде егіншілік кәсібін өрістетіп,бидай,арпа, тары, бұршақ сияқты дақылдар егеді. Сөйтіп қалмақтардың ең қасиетті жері болып танылады. Сондықтан қалмақтардың бұл араны ардақтап «Бурхан» («Бог») – «Құдай» берген жері деп атау кетуі мүмкін. Бұған тағы бір дәлел осы аймақтарды зерттеген Г. Н. Потаниннің «Следы и остатки Гэсэра» және Н. М. Пржевальскийдің «Из Зайсана через холмы в Тибет» деген еңбектерінде «Бурхан», «Великий бог» сөздері жиі қолданылады.

Зайсан көлінің тарихта басқа да атаулары бар. Совет үкіметі орнағанға дейін көл Зайсан-Нор немесе Нор-Зайсан болып әр түрлі аталып келді. Ертеректе жоңғар ақсүйектері мен алпауыттарды «заасинг» деп атаған. Оның көл атауына да қатысы бар болуы мүмкін. Қазақ тілінде «жақсы мен жайсаң» деген сөз тіркестері бар. Осындағы жайсаң – моңғол тілінен енген сөз. Жергілікті тұрғын халық көлді Жайсаң деп атаса керек. Ал, моңғол, түркі тілдеріндегі З мен Ж дыбыстарының сәйкестігін ескерсек, Зайсанның Жайсаңға айналуын тіл заңдылықтарына сай құбылыс деп қарауға болады. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әр алуан пікір

айталады. Ғ. Қонқашбаев: «Моңғолдың заасинг(жақсы) деген сөзінен бұл атау ертеректе Зайсан-Нор, кейде Нор-Зайсан деп те аталған.Зайсан атының қойылуына байланысты аңызда: «Бір жұт жылы қалмақтар аштан қырылып жатқанда,осы көлге келіп, балығын жеп, апаттан аман қалыпты. Сөйтіп, көлді Заасингнор (жақсы көл) атапты».

«Көкдаба» асуы Катон – Қарағай ауданындағы жер аты. Ол Алтай өлкесіне жақын тұрған асу. Мұның негізгі мағынасы «Кукодава» деген қалмақ сөзінен шыққан деген аңыз бар. «Куко» – «аспан», «дава» – «асу» деген мағынада қолданылады. Бұлай аталудың себебі, бұл жер бағындыруға өте қиын асу көрінеді. Сондықтан қалмақ-моңғолдардың «куко – дава» сөзі қазақ тілінде «Көкдаба» болып аталып кеткен топонимдік атау болып табылады [3].

Қорытындылай келе айтатыным, Шығыс Қазақстан топонимдерінің жасалуындағы лексика-грамматикалық құбылыстар қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. Тілдік жүйедегі Ақтабан шұбырынды оқиғасына байланысты атауларды этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын,олардың қалыптасу заңдылықтарын айқындауға өзіндік үлесін қосады. Олай болса,тарихи оқиғаларға байланысты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, материалдық және рухани мәдениеті мен дүниетанымына байланысты атаулардың таңбалануы ақиқат өмірмен байланысты ономасиологиялық зерттеуді қажет етсе,ол атаулардың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнолингвистикалық зерттеуді талап етеді. Сондықтан Ақтабан шұбырынды оқиғасына байланысты атаулардың ұлтқа,этносқа тән өзіндік ерекшелігін,этномәдени мәнін ашуда этнолигвистикалық зерттеудің маңызы ерекше болмақ. Халықтың өткен тарихының хабаршысы болған жер-су атаулары қазіргі таңның маңызды мәселесі деп қарастырсақ, өлке топонимдері тарихты тілдік,этнографиялық,демографиялық тың деректермен толтырар еді деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы.1975ж.

2 Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. Алматы.1998ж.

3 Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы 1959ж.

4 Балақаев М., Р.Сыздықова, Е.Жанпейісова. Қазақ әдеби тілінің тарихы. 1968ж., 19-47 бет.

5 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы, «Евразия» 1995ж.

6 Сарыбаев Ш.Ш. Казахская региональная лексикография. Алматы, 1976ж.

7 Құдайбердіұлы Ш. «Қырғыз,қазақ,түрік һәм хандар шежіресі», 1993ж.

АҢЫЗҒА ТОЛЫ АҚИҚАТ

ӨМІРТАЙ Д.
10 сынып оқушысы, Ғ. Мұратбаев атындағы № 91 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы
ӘУЕСБАЕВА Х.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ғ. Мұратбаев атындағы № 91 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы

Сұлу аңыз көркем ойдың кестесі,
Көңілдегі көркем кестем өшпеші.
Көрбілтедей күдіктенсем көнеге,

Аруақтың білем анық, кешпесі – деп, ақын Кіребайұлы жырлағандай, өткенге көз жүгірте отырып, Бегім ана тарихын білгенімше жарыққа шығару менің шәкірттік парызым деп білемін. Тарихқа жақындығым болғанымен әдебиетті сүйіп, ақындық жолға бет алған шәкіртпін. Өзімнің туған жерім, кіндік қаным тамған жерімнен, оның әрбір аңызы мен жырларынан сусындап келемін. Әрине, өткеннің парақтарын ақтарып, қызыға да ойлана оқу әрбір қазақпын деген саналы азаматтың құштары екені айдан анық нәрсе. Қазақ жеріндегі көптеген тарихи оқиғалар бүгінгі кезде тек аңыз күйінде жеткен. Керемет дүниелердің авторлары күні кешеге дейін құбыжық болып, теріс ұғындырылып келді. Бегім ана мұнарасына барғандардың пайымдауынша: мұнараның биіктігі тоғыз метр, табаны бес метр. Дөңгелене салынған. Етек жағы қалың қам кесек те, сыртынан күйген қыш қаланған. Ал, мұнара іргесі жоғарырақ көтерілген тұстан кілең қыш өріліп, сегіз қырлана биіктетіле берген. Қамкесек сыртындағы айнала қаптама қыштың өзі төрт – бес қатардан. Төрт метрдей жоғарыда мұнара ішіне кіретін ойық бар. Құм астында, топырақ төбелер болып жатқан тарихтың салмақты бөліктері менің туған мекенім Сыр

бойында екені көпшілік зерттеуші, оқырман қауымға аян. Әсіресе, Түркістан мен Арал аралығында ғасырлар қойнауына құм болып жиналған, төбе болып үйілген қорғандар мен мазарлар орны таяқ тастам жерлерден ақ қылаң беріп тұрады. Бұлар туралы ізденсең ғана тарихи жазбалардан, зерттеушілердің еңбектерінен ғана деректер ала аламыз. Олардың бірыңғай аңыз болып кеткендері қаншама! Осындай ащы шындық тұрғысынан қарағанда жазушыларымыз Қойшығара Салғарин мен Бексұлтан Нұржекеевтің «Солтүстік Қазақстанның» 1990 жылғы 2\7-ші қазан күнгі нөмірінде жарияланған «Топырақ басқан тарих» деген мақаласы газет бетінен естілген ащы шындық екені белгілі. Көне дәуірдің көп ескерткіштері – таспен, қамкесекпен, қышпен жазылған жыр-дастандар. Олар сыр шертеді, күй күңірентеді. Көңілде иман ұйытып, сезім қозғайды, сенім нығайтады. Өткенге құрметпен қараған әрбір қазақ азаматы бүгінгінің қадірін біледі, болашақтың қамын ойлайды. Осы күнге дейін барша жұрт тағзым еткен «Бегім-ана» мұнарасы жайындағы аңыздың айтары мол,ұқтырары көп. Сол үшін де халқымыз бұл аңызды он ғасыр бойы ақиқаттан артық сақтап, қадірлеп, жүрегінде имандай сақтап, дұғадай жаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келед. Ертедегі Жанкент қаласы – мәдени және тарихи жағынан да маңызы зор археологиялық ескерткіш. Естуімше онда әлі күнге дейін кең көлемде зерттеу жүргізілмеген сияқты. Мен филология және басқа ғалымдардың зерттеулерінен ғана бірқатар деректер біле алдым. Олар өткен ғасырлардан мұра болып келе жатқан аңыздардан белгілі. Соның бірі де бірегейі – Бегім ана аңызы – адалдықтың бейнесі болған Бегім атты оғыз қызы жайында әңгімелейді. Оның есімі көне Жанкент шаһарына байланысты айтылады. Аңыз 1898 жылы орыс тілінде жазылып қағаз бетіне түседі. Сол жылдың 26 маусымында зерттеуші Александр Нестров менің туған өлкем Қазалы өңірінен іздегенін кездестіреді. Аңызды сол кездегі Қазалы уезіне қарасты мақбал болысы, алтыншы ауылдың тұрғыны 78 жастағы қария – Тәңірберген Жайлаубаев айтып береді. Қазіргі таңда қазақшаланғандағы еркін аудармасын әркім әрқалай әңгімелеп жүр. Топырағы тарихынан сыр шертетін құтты қоныс Қазалы жері өткен күннен бойына қаншама тылсым сырды жасырып жатыр... Бұл мекенде туылып,өзінің өмірінде халық санасына ұя салған тұлғалар көптеп саналады.Арал өңіріне жол түсіп бара қалған жанның көзіне мұнара түсер еді. Бұл тазалық пен пәктіктің, адалдық пен кіршіксіз көңілдің, мөлдір махаббаттың мәңгілік символына, қаскөй қастықтың құрбанына айналған тұлға XI ғасырда өмір сүрген

Қарабура әулиенің қызы Бегім ана мұнарасы.тарих – таным, терең тамыр. Елбасының бастамасымен ерекше көңіл бөлінген өлкетану тарихын зерттеу, ел тарихынан хабардар болып қана қоймай іздену – әрбір білім алушының үлкен парызы.

Киелім, қасиеттім, Ұлы ана,
Жете алмай келем тылсым сырыңа да.
Тағдырдың теперішін көрген жандар,
Саяңнан пана тауып жылына ма? – деген Алмагүл Қаржаубаеваның «Бегім анаға жүгіну» өлеңінің үзіндісінен де шындықтың лебін аңғаруға болады.

19 ғасырдың аяқ шенінде Бегім ана ескерткішіне байланысты аңыздың екі түрлі нұсқасы жазылып алынып, жарық көрген. Олар бір – біріне жақын. А. Нестеров жазбаға түсірген аңызда Бегім ана мен Санжар сұлтан есімдері аталса, Е. Александров нұсқасындағы әйел есімі – Айсұлу, ханның аты – Жаңгірт. Аңыздың А. Нестеров нұсқасында Бегім ананың әкесі Қарабура болса, Е.аленксандровта Айсұлудың әкесі делінеді. Соңғы нұсқа толықтырылған. Мұнда Жаңгіт ханның інісі – Ұлыхан мен оның досы Жалабатыр есімдері кездеседі. Олардың Мірғарап, Көкалташ медресесіне барғаны баяндалады. Осылайша аңыздың бір саласы Бұхарамен байланысып жатыр. Хорезм мәдениетінің көрінісі осыдан көрініп жатса керек. Бегім ананың ұзақ жылдар бойы сақталып келуінің өзіндік сыры бар екені анық. Бұл аңыз ауызекі жолмен айтылып қана қоймай, нақты архитектуралық ескерткіш екендігі де баршаға аян.Бүгінде біз азат елдің ұрпағы болған соң азат болып отырмыз. Қаншама қиын дәуренді басынан кешкен бабалардың рухына сеніп әрқашан тәуекелге бел буып, жарқын болашақтың болатынына сеніп, өмір сүреміз. Әруақ сыйлаған азбайды, – демекші ерекше қасиет иесі әулие анаға салынған мұнара басына түнеп, онан шапағат күтушілер әлі күнге көп. Осынау киелі орынға келушілерге жағдай жасау мақсатында арнайы үй салу жөнінде қазіргі Бекарыстан би ауылы ардагерлері,қоғамдық ұйымдар ұйымшылдық көрсетіп, жақсы бастама көтерген еді. Сол игілікті істі жедел бітіруге ауыл басшылары қыруар жұмыстар жасады.Анамыздың рухына бағышталып,бейіт тұрғызылған. Ол «Домбай мешіт» дейтін ескі архитектурамен жасалған.Ерекшелігі, домаланған төрт құлақ та ,күмбез де емес жерден тіке көтеріледі. Мұндай бейіт ол заманда текті,ақсүйек, әулие адамдарға қойылған. Мұнара ұлы далада желдің өтінде, қардың астында әлі сол күйінше тұр. Өте жоғары сапада жасалғандығы ерекше көзге көрінеді. Бұрын осындай қасиетті үйді

– шырақшы үйі дегенді естігенбіз. Сыртқы есіктің маңдайшасына «Бегім анаға зиарат етушілер үйі» деп жазылыпты. Сондай игілікті істердің бірі Әйтеке би кентінде, менің өлкемде тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында тұрғызылған Бегім ана мұнарасы. Бұл мұнараның ашылу салтанаты ерекше үлгіде ,салтанатты, ресми түрде көрсетілді. Ағыл-тегіл халық жиналып аталып мал шалынып, мінәжат етілді. Әулие ана әруағына бас иіп үлгі боларлық бастаманы ұйымдастырған азаматтардың талаптарына, тағы басқаларына жиналғандар алғыстарын жаудырды.

Бегім ана – текті тұқымның ұрпағы. Бізге жеткен аңыздардан бағамдауымызша анамыздың пәктігіне, адалдығына қиянат жасап, өтірік жала жауып, Санжар ханға жамандаған. Санжар хан істің ақ-қарасын ажыратып, істің байыбына барып, шындығына көзін жеткізбей Бегімді нақақтан – нақақ жазалайды. «Аққа құдай жақ». Нақақтан-нақақ ары тапталған анамыз шыдамай,жаны аққұсқа айналған деседі. Қасиетті Тұран елінің әрбір жері, тарихи ескерткіштері, өзен-сулары мен тау-тастары талай заманның сырын ішіне бүгіп жатқан тарихи-мәдени құндылықтар екендігі дау тудырмаса керек. Бүгінгі қазақ жерінің әрбір аймағында танымдық сипаты айқын, өткен тарихымызға жарық сәуле түсіретін көне архитектуралық жәдігерлердің аз еместігі де баршамызға белгілі. Олар ретіне қарай зерттеліп жатыр десек те, әлі күнге сыры ашылмаған ескерткіштер де аз болмай отыр. Солардың бірі де бірегейі – Бегім ана мұнарасы. Бұл тарихи құндылықтың қай заманнан, қай ғасырдан қалғаны мәлімсіз. Барша халықтың ұғымында Бегім ана – әулие. Байыптап қарасақ, Бегім ана аңызының негізі шындыққа саяды. Аңыздағы Бегім ана, Санжар және Жанкент қаласының болғандығының деректері осы күнге дейін сақталып отыр. Тіпті, Қарабура есімімен жер аталады. Әйтсе де, аңызда толғандырар жайлар көп. Неғұрлым тарих беттеріне үңілген сайын, оның құпиясы ашыла түспек. Жанкент қаласына жасаған Бегім ана туралы Гүларша Хұсайынқызының ізденісі осындай ұлт рухының бастауларына жетелейді, ел өміріндегі Ана ұғымының киелілігін танытады. Бегім анамыздың тарихтағы орнын , әдебиет пен көркемөнердегі образын автордың қолмен құрағандай тірнектеп жинауы арқасында Ананың аяулы есімі қайта жаңғырды. Бегім анамыздың тұлғасының тарихилығын, оның өсиеттері мен өмір үлгісінің танымдық қана емес, тәрбиелік мәнін арттыра түспек. Қазіргі таңда бұл аңызды әр зерттеуші , ізденуші өз пайымдауынша прозалық немесе поэзиялық сарында жариялап жүр. Мен де өзімнің

ақындық қабілетімді ұштай түсу мақсатында «Бегім ана» аңызын былайша жырлаған едім:

Бегім ана
Ертеде, ертеректе, ерте кезде,
Хан билеген заманда халық кезбе.
Санжар атты әмірші хан болыпты,
Жанкентті мекен еткен сол күнде.
Салтанатты Санжар хан мекен еткен,
Бар әлемді қаһарымен дірілдеткен.
Бұл күнде қирандысы қоқысының,
Қазалының маңында жатыр екен.
Бегім сұлу Санжар ханға әйел болған,
Елден ерек сұлулығы бетке тұнған
Санжар хан өзгелерге көрсете алмай,
Қызғанып жүреді екен басқалардан.
Бірде хан келе жатты аңшылықтан,
Жолда айқасып жатты батбат пен жылан.
Тұрды да айтып салды ойын сыртқа,
Опасыздық деген осы қалмаған.
Хан түкситіп қабағын ашуланды,
Аларып екі көзі қатуланды.
Шауып тастап құйрықтарын қылышпен,
Бар ашуы содан соң басылғанды.
Нөкерлері қызықтап таңданысты,
Тірі мысал екенін мақұлдасты.
Бас изесіп сөзі мен хан ісіне,
Қошеметтеп атарына қамшы басты.
Жеткен соң баяндады сұлуына,
Мысал қылып тұрақсыздық болғанына.
Бегім де бастан аяқ тыңдаған соң,
Көзі жетті іштей мақұл қылғанына.
Көп ұзамай Санжар тағы аңға шықты,
Көңіл көтеріп қайтуға тым асықты.
Қаладан шығысымен бүркітінің,
Томағасы қалғанына қанықты.
Басыбайлы құлына әмір етті,
Алып келуге асығып құлы кетті.
Ал жіберген адамы Бегім сұлуға,
Ықыласы кетіп жүрген ғашық еді.
Құл сұрады қалып кеткен томағаны,

Бегім сұлу ұсынды сұрағанын.
Сұм малай ұстап алды шап беріп,
Құшақтамақ, аймалап ойлағаны.
Бегім сұлу қарсылық білдіреді,
Арпалысып ақыры босап кетеді.
Бұзық құл жете алмай мақсатына,
Өш қылып, кешігіп ханға жетеді.
Кешіктің неге? – деп ақырып хан сұрады,
Хан кебісін құшақтап құл құлады.
Өмірімді сақтасаңыз баяндайын,
Сұмдық болды, хан ием! – деп жылады.
Бегім сұлу мені ұстап кідірткені,
Азғындық жолға салып итергені.
Қанша ескертіп, жалынып сұрасам да,
Сұлу ханым құшақтап жібермеді.
Сарайға оралды хан ашу қыса,
Қылышын мықтап ұстап тақымына.
Бегімнің бұрымы мен қолын кесіп,
Түсті сөйтіп зұлым хан сабасына.
Бақытсыздық болғанын сезді әке,
Қарабура көрді бәрін түсінде.
Сонша ауыр жаза бердің қызыма,
Жаладан болды-ау бәрі тегінде.
Шындықтың аты – отқа салсаң жанбайды,
Суға салсаң ешқашанда батпайды.
Ақылыңды ашуыңа жеңдіріпсің,
Қайсар әке: – Халқыңды жина! – деп қайтпады.
Егер қызым адал болса орнына,
Қайта келер қол мен бұрым қосыла.
Деп айтады соңғы сөзін нығарлап,
Қайтпастан ашынған әке – Қарабура.
Хан таңертең Бегім мәйітін алдырды,
Жұртшылықты нағыз шындық талдырды.
Бегім мәйіті түп-түгел орнында боп,
Халық ханға наразылық қылдырды.
Қарабура қаһар – кәріне мінеді,
Қарғыс айтып, қара түнек түреді.
«Қалаң құлап, жұртыңды жылан жұтсын!» – деп, Санжарға қарсы ызамен дұға етеді.
Қарабураның айтқандай сөзі жүреді,

Қаланы шұбар жыландар қаптап кетеді.
«Жылан жұтқан қала» деген жаман ат,
Жанкенттің аты аңыз боп қалған деседі.
Аңыз бар ақиқаты шын берілген,
Толғандырып біздерді көмкерілген.
Тарихтың айтары көп мағыналы,
Жеткізген сөз шебері әсерімен.
Аңыздар қиял,ғажап ертегідей,
Өткеннен қалған бізге кереметтей.
Келеміз аңыздардан шындық іздеп,
Ақ матаға салынған өрнектердей.
Ал, Бегім аппақ айдай ары таза,
Биік махаббат иесі асыл дара.
Аппақ құс боп кете барды ол ұшып,
Айналып махаббаттың символына!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Бегім ана: Аңыз бен ақиқат». Тарихи танымдық жинақ. Құрастырушы: Хұсайн Гүларша Хұсайнқызы. – Алматы. Теларна – 2014.

2 Алмагүл Қаржаубаева. «Сыр самалы». – Алматы: «Өркениет» баспасы. – 176 б.

3 Тарихи, әдеби көркем шығармалар жинағы.

4 Әлмәмбет Әлішев. Ежелгі Қазалы жері. Әйтеке би кенті. – 2007 ж.

5 Ғылыми зерттеулер мен ізденістер мақалалары.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МӘТІНДЕМЕСІ

РАМАЗАН Ж. А., ЖУМАГУЛОВА А. Қ.
6 «А» сынып оқушылары, № 26 мектеп-гиназиясы, Екібастұз қ.
КАЛИЕВА А. С.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 мектеп-гиназиясы, Екібастұз қ.

«Біздің заманымызға жеткен Бұқар өлеңдерінің денін (800 жол шамасында) қағаз бетіне түсірген Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. Мәшһүрде Бұқар жырлары екі дана етіліп көшірілген. Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Бұқар жыраудың өлеңдері 2006 жылы жарық көрген шығармалар жинағының 7 томында былай басталады:

Абылай ханның қасында

Бұқарекең жырлайды, – деген өлеңінде Мәшһүр Жүсіп жазбасында 41 жол берілген, Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары, Алматы 1992 жылғы филология ғылымдарының кандитаты М. Жармұхамедұлы жинақтаған еңбегінде аталған өлең 40 жол. «Іргеңізді қоспаңыз» деген жолдан кейін аталған кітапта «Қисық іске баспаңыз» деген жол берілмеген. Осы өлеңде 8-ші жолында «Хазіреті Ғалыңыз» деп Мәшһүр Жүсіп жинағында көрсетілсе, Бұқар жырау жазбасында «Ғазіреті Ғалі шеріңіз» деп жазылған екен. Мұндағы «Ғазіреті» деген сөз сөздікте болмады. Хазіреті деген сөз – ұлы мәртебелі, мырза деп патшалардың, хандарыдың, әмірлердің атына, титулына қосылып, айтылып, жазылатын құрметті атақ. «Х» әріпі «Ғ» әріпіне дыбыстық өзгеріске ұшырап ауысты.

31 жолда: «мұсылманның баласы» деп Мәшһүр Жүсіп жинағынан берілсе, 1992 жылы жазылған кітапта «мұсылман» сөздің орнына «пұсырман» сөзі берілген. Дәл осы өлеңнің М. Ж. Көпеев жинағында берілген 41 жолында тармақ алдында «іргеңізді» деген сөз М. Жармұхамедұлы жинақтаған еңбегіндегі кітапта 40 жолында берілмеген.

«Көкшетауда салдырған» өлеңінде өзгерістерді байқауға болады. М. Ж. Көпеев жинағында 41 жолдан тұрады. 1992 жазылған кітапта 35 жолдан тұратынын байқауға болады. Бұл өлеңде патшалы Ресейдің жер тартып алуы, зорлығы тікелей аяусыз түйрелегендіктен де, біздің кеңестік дәуір кезіндегі ең сәтті деген «XI-XYIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» кітапқа еңбей, тек кейінгі 1992 жылғы Бұқар жырау Қалқаманұлы кітабына енген: 1992 жылғы кітаптағы еңбей қалған және дыбыстық өзгеріске ұшыраған жолдарды атап кетсек:

1992 жылғы кітапта 3-ші жолында «шабан» сөзі – жайбасар, жалқау, енжар, баяу, сылбыр дегенді білдіреді. Ал, М. Ж. Көпеев жинағында сол сөздің орнында «сабан» сөзі берілген. Бұл сөз – дәнді дақылдардың бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы деген мағына береді. М. Жүсіп жинағындағы «сабан» сөзі дұрыстығына көз жеткіземіз.

«Ал, тілімді алмасаң» атты өлеңінде бұған дейінгі толғауларындағы: «Орыспенен соғыспа» – дегенін Абылай жақтырмағанда, Бұқар жырау тоқтап қалмай, өз ойын әрі дамытып өрістеткені осы өлеңінен де анық көрінеді.

«Несібенді жаттан тіледің» деп берілген аталған кітапта «жаттан» деген сөздің орнында «елден» сөзі жазылған.

«Жат» сөзі мағынасы – туыстық қатысы жоқ, бөтен, бөгде дегенді білдіреді. Мұндағы «елден» сөзнің «жат» сөзі арқылы ауыспалы бір мағынада берілгенін байқауға болады.

Тағы да өзгерісі бар тармақ жолдарыны мынаны қосамыз:

«Түн қатып жаңа (және) жүр едің» Мұнда «және» деген сөз – сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы шылау. 1992 жылы жинақта да «және» сөзі жазылған. Ал «жаңа» сөзінің мағынасы – әлгінде, қазір дегенді білдіреді. «Және» сөзінің берілгені «жаңа» сөзінің айтылу бойынша жазылып кеткен деп ойлауға болады.

Мәшһүр Жүсіп жинағында «Қарсы менен Ғұзарда» деген сөздердің мағынасы түсіндірме сөздіктің ішінен табылмады. Бұқар жырау жинақ кітабында «Қаршы мен Құзарда» деген сөздердің мағынасы «қаршы» көне сөз – ішіне көрпе-жастық салу үшін арнайы тігілген қап, ұлттық жиһаз. «Құзар» сөзі – асу бермес биік, заңғар.

«Ғаршы менен Күрсіге» жолындағы сөздердің мағынасы «ғаршы» сөзі – сөздіктен табылмаса, «күрсі» орындық, отырғыш, тақ, мінбе. Бұқар жырау кітабында бұл жол «Арсы менен Күрсіге» сөздерінің мағынасы «арсы» сөзі көне сөз, санатқа іліккен жақсы адам мағына білдіреді.

Фразеологиялық тіркестердің тілдегі образдылық қасиетіне қашаннан бері көңіл аударылып келген. XI ғасырда жазылған Махмұд Қашғаридың «Диуани луғаты ат- түркі» тілдері сөздігінде де мақал-мәтелдер кездеседі. В. В. Радлов қазақ халық сөзінің образдылығына ерекше назар аударған және оны жинастырған. Қазақтың мақалдарын алғаш рет қағаз бетіне Ш. Уәлиханов пен И. Н. Березин түсірді. А. Диваеа пен И. Ибрагимовтың жинастырған мақал – мәтелдері Ташкентте 1889 жылы шығарылды. А. Вамбери, В. В. Катаринский, П. М. Мелиоранский, И. Терентьев т.б. қазақтың мақал – мәтелдерін жинап бастырған.

Қазақ тілі фразеологиясы жайлы профессор І. Кеңесбаевтың еңбектері жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында бір бөлім етіліп берілген және Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарларында да басылып шықты. «Қазіргі қазақ тілі» (1954 жылы) оқулығына фразеология бөлімін енгізген Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Ғ. Мұсабаев та фразеологияның ерекшелігіне көп көңіл аударған.

Ал орыс тілі ғылымын шолып қарасақ, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында орыс ғалымдарының фразеологиялық тіркестерге теориялық анықтама беруге ұмтылғандығы байқалады.

Фразеологиялық тіркестерді жан-жақты терең зерттеу мәселесін алға қойған академик В. В. Виноградов болды. Кеңестік тіл білімінде фразеологиялық тіркестер жайлы ілім тікелей академик В. В. Виноградовтың есімімен байланысты [14, 16].

Тұрақты тіркестер (фразеологизмдер) – екі немесе бірнеше сөздің тіркесуі арқылы бір ғана мағына білдіретін сөз тіркестері.

Бұқар жырау өлеңдерінде тұрақты сөз тіркестерін кеңінен қолданғандығын төмендегі мысалдардан байқауға болады:

Төсек тартып жатыр – сырқат меңдеп жатып қалды; қатты ауырды, науқастанып жатыр [5, 518 б.].

Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытты бес намаз [2, 7 б.].

Фразеологизмге тән мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сөздердің жеке мағыналарына үнемі сәйкес келе бермейді, сыңарлары тұтасып барып, бір ғана мағынаны білдіретіндігін ақын өлеңдерінен айқын байқауға болады. Мысалы: Бір ауызды деген тұрақты тіркестің мағынасы – ынтымақшыл, ұйымшыл. Сегіз қиыр шартарап деген тұрақты тіркестің мағынасы – ең шалғай, алыс жер. Тұрақты тіркесті құрайтын сөздер бұрыннан қалыптасқан жүйемен айтылады. Олардың сыңарларының орнын ауыстыруға немесе басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Тұрақты сөз тіркестерінінің мағыналық топтарын қарастыруда түсіндірме сөздік пен ғалым І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологизмдер сөздігі» еңбегін пайдаландым.

Бұқар жырау өлеңдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық топтары

Діни ұғымдар мен нанымдарға байланысты фразеологизмдер. Халқымыз басынан кешірген талай дәуірден елес беретін фразеологизмдер эпикалық жырларда мол қамтылған. Жарылқаушы да , жоқ қылушы да бір құдай, құдайға сыйынсаң қор болмайсың деген ұғым халықтың санасында қалыптасқан, сәулесі тілге сіңіп, жырдың өң бойынан андыздап тұрады.

Хақтың үйі – Алланың, Құдайдың үйі [5, 554 б.].

Хақтың үйі мешіт-ті,
Ақты құдай шешіпті.
Арамзада төкпенің
Уыз үйін кесіпті [2, 10 б.].

Сан есім арқылы жасалған фразеологизмдер. Тұрақты сөз тіркестерінің біраз бөлігі жеті, үш, тоғыз, қырық деген сияқты сан

есімдердің төңірегінде топталып жүреді. Бұл жөнінде түркі тілін талай пікірлер айтқан болатын. Ал қазақ тіліндегі сан есім арқылы жасалатын фразеологизмдерді А. Елешова көбірек зерттеген. Зерттеуші қазақ тіліндегі 800-дей фразеологизмнің «жеті», «тоғыз», «қырық», «үш», «бір» деген сан есімдердің қатысуымен жасалатындығына тоқталады. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сан есімдердің қолданыс сырына назар аударған І. Кеңесбаев: «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу, себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизмдер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес», – дейді. Демек, бұл белгілі нәрсе, құбылыстың ұғымдық символы ретінде қолданылады.

1. Сегіз қиыр шартарап – ең шалғай, алыс жер [5, 339 б.].

Сегізінші тілек тілеңіз!
Сегіз қиыр шартарап.
Жер тұлданып тұрмасқа [2, 7 б.].

2. Он сегіз мың ғалам – Жер жүзі, барлық әлем [5, 417 б.].

Құдіретімен жаратқан
Он сегіз мың ғаламды айт [2, 10 б.].

Бұқар жырау өлеңдеріндегі мақал-мәтел. «Қазақ мақал-мәтелдерінің лексико-стилистикалық ерекшеліктері» деген зерттеу жұмысында Р. Сәрсенбаев мақал-мәтелдерді ауыз әдебиетінің ерекше әрі дербес жанры ретінде қарайды [6, 27 б.]. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегінде ғалым І. Кеңесбаев мақал-мәтелдерді тұрақты сөз тіркестеріне жақын қарастырады да, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арасындағы айырмашылығына тоқталады да, мақал-мәтел мен тұрақты сөз тіркестерін сырттай жақын белгілерін жоққа шығармайды:

Түрікпеннің төрінде,
Қашып жүріп күнелткен күң едің.
Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан [2, 21 б.].

І. Кеңесбаевтың пікіріне сүйене отырып, «Жұлдызың оңынан туды» деген тұрақты сөз тіркесін мәтел деп жақынырақ қарастыруға болады. Ақын Абылай ханның өмір дерегін суреттеуде осы сөз тіркесін бағы ашылды, жолы болды деген ойды беруде шебер қолдана білген.

Көне салт, әдет-ғұрыпты білдіретін фразеологизмдер. Бұқар жырау жырында халықтың көнеден келе жатқан салтын, әдетін білдіретін көптеген фразеологимдер бар.

1. Хан жарлығы (көне) – хан айтса, орындатпай қоймайды, хан айтқанын орындатады, екі сөйлемейді деген мағынада [5, 555 б.].

Мамыр асып бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт
Ханға тізгін салмады,
Хан жарлығын алмады [8, 10 б.].

Бұқар жырау «хан жарлығы», «еңсесі биік боз орда» деген тұрақты сөз тіркесі арқылы халықтың ертеден келе жатқан салтын, әдетін білдіреді.

Осы фразеологизмдер Бұқар жырау шығармаларында ұйқас үшін алынған және халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты екендігін байқауға болады.

Зерттеуші ғалым І. Кеңесбаев: «...Фразеологизмдердің өзі өз территориясы-ның көлемінде сөйлеу тіліне ене береді», – дейді. Демек, ақын өлеңдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің сөйлеу тілімізді байытуға өзіндік үлесі бар.

Жырау шығармаларында қолданылған суреттеу құралы – теңеу мен эпитет. Профессор Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде: «Теңеу (орысша-сравнение) Теңеудің өзіне тән ерекшелігі – белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге салыстыру арқылы көзге елестету» [3, 113 б.].

1. Тұрымтайдай ұл едің – кішкентай бала едің [10, 91 б.].

Ал тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай!
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің [2, 20 б.].

Ақын өз өлеңдерінде теңеудің -дай, -дей түрін көрнекті қайраткер Абылай ханның өмір жолын байқату мақсатында құс бейнесімен салыстыра суреттейді. Эпитет (грекше – epitheton – қосымша). Адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой – қиялына әсер ету үшін қолданылатын көркем сөздердің бір түрі [3, 108 б.].

Эпитет – тілде өте жиі қолданылатын және қалыптасқан көркемдік тәсіл.. Эпитет басқа тілдердегі тәрізді, қазақ тілінде де негізінен сын есім арқылы жасалады.

Құба жон – біркелкі, орташа, ұзын ырға дөңес, қырқа жол [5, 355 б.].

Құландар ойнар қу тақыр
Қурай бітпес демеңіз.

Қурай бітпес құба жон
Құлан жортпас демеңіз! [2, 9 б.].

Ақын «кең пейілді», «құба жон», «еңсесі биік боз орда» деген эпитеттер арқылы адамның мінезін байқатумен қатар өзі өмір сүрген замандағы ел билеушінің үй –жайын, географиялық орналасу ерекшелігін көрсетеді.

Бұқар жырау өлеңдері бойынша түсіндірме сөздікпен жұмыс түрін былайша қарастырдым. Хазірет – ұлы мәртебелі, мырза деп патшалардың, хандарыдың, әмірлердің атына, титулына қосылып, айтылып, жазылатын құрметті атақ [11, 884 б.].

Соғыссаң, кетер сәніңіз.
Бізден бұрын өтіпті
Хазіреті Ғалыңыз [8, 3 б.].

Бұқар жырау жырларының көбі нақылға айналған, тағылымдық мәні бар сөздер тақырыптарға бөлініп жазылды. Жыраудың толғана жырлаған афоризмдері – ауызекі сөз арасында қиыстыра айтуға ыңғайлы қанатты сөздер. Ақын өлеңдеріндегі афоризмдердің көпшілігі шығу тегі жағынан мақал-мәтелдерге ұқсас.

Ақын әрі фольклоршы М. Ж. Көпейұлы Бұқар жырау жөнінде: «Заманындағы сыншылар ол кісіні «Көмекей әулие» дейді екен. Көмекейі бүлкілдеп сөйлейді де отырады екен. Қара сөз жоқ, аузынан шыққан сөзінің бәрі жырлауменен шығады екен...» деген ой айтады. Расында да Бұқар жырау шығармаларында фразеологиялық сөздер, мақал-мәтелдер, көнерген сөздер, діни сөздер, өмір философиясы, адамгершілік, достық, ерлік туралы ой – пікірлер кеңінен қолданылған. шығармалары бүгінгі күні өскелең ұрпақты әдеби құндылықтарды құрметтеуге, елін, жерін, тарихын білуге баулиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахмет Байтұрсынов, Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991 ж. – 464 бет.

2 Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары. М. Жармұхамедұлы. Алматы – 1992 ж. – 96 бет.

3 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І. К. – Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. – 712 бет.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 7 том. Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ, 2006 ж. – 394 бет.

5 Түсіндірме сөздігі. Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008 ж. – 968 бет.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ – ТІРЕГІМ

РАМАЗАНОВА Д. Т.
10 сынып оқушысы, С. Торайғыров № 22 гимназия мектебі, Екібастұз қ.

Менің туған жерім-Қазақстан Республикасы. Бұл – бай тарихпен, көне мәдениетпен және ерекше табиғатымен ұлы мемлекет.

Қазақстан – тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?

Басымызға қонған бағымыз бен сорымыз кезектесіп, досымызға ақ пейіл,дарқан көңілімізді, жауымызға найзамызды, дауымызға қамшымызды кезек сілтегенде де ертеңімізден үмітімізді үзбедік. «күмбір-күмбір кісінетіп, күреңді мініп, «қоңыраулы найза қолға алып» жауына атой салған батыр бабаларымыздың ерлігіне сүйендік. Теңдік пен татулықты ту еткен, бастаса елдің көсемі, сөйлесе сөздің шешені болған қазына кеуде қарттарымыздың, найзаның ұшына қасқая қарсы тұрған батыр ағаларымыздың арқасында осы күнге жеттік.

Шығысты нұрына шомылдырып,арайланып атқан тәуелсіздік таңына деген талпыныстың

«Еділдің бойы ен тоғай
Ел қондырсам деп едім,
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім»,-деп асқақ ойын қорғасындай салмақты жырларының өзегі еткен Махамбеттей бабалардың отты жырларынан көреміз.

Бүгінгі тәуелсіз күнге халқымыз оңайлықпен жеткен жоқ. Төрткүл дүниені дүр сілкіндірген әйгілі «желтоқсан оқиғасында» қазақ жастарының Кеңес Одағының үстемдігіне қарсы бас көтеруі тәуелсіздікке басқан тағы бір қадам еді. Желтоқсан оқиғасының бас қаһарманы «күнәдан таза басымен», «қасқалдақтай қанымен», «бозторғай жанымен» құрбан болған Қайрат Рысқұлбеков түрменің тас қамалында қорлау мен азаптауды мойымай көтеріп:

Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар,
«Еркек тоқты-құрбандық»,

Атам десең,атыңдар, – деп, көкірегінен ақтық демі шыққанша тура жолдан таймады ғой. «Еменнің иір бұтағы» қайсар ағамыздың қатарында болған жап-жас қайсар апаларымыздың рухы мен өр тұлғасын ақын ағамыз Мұхтар Шаханов былай жырлайды:

Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, Лаула! Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашан еңкеюге тиісті емес жалауы!

Бүгінгі біздер, жастар, пір тұтарымыз-желтоқсанда алаңға шығып, «теңдік», «елдік», «татулық» деп ұран салған ағаларымыз бен апаларымыз. Солардың арқасында мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылдың он алтыншы желтоқсанында ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің туын көтеріп, өз алдымызға тәуелсіз ел болдық. Ақ түйенің қарны жарылып, исі қазақ қуанышқа бөленді.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан жарастығы мен ынтымақтастығы .

Біздің Елбасымыз – Н. Ә. Назарбаев дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Біздің Ата Заңымыз-негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі.

Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту,елтаңба, әнұран.Олар егемендікті, бостандықты, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік-бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз-Қазақстанның болашағы.

Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс» – деп атап көрсеткен.

Бүгін де Қазақстан бүкіл әлем мақтанышпен айта алатын мемлекетке айналды. Осы уақыт аясында нарықтық қатынас орнығып, әлемдік қауымдастық та бел ала бастады, еліміздің бас қаласы Астана да күннен күнге гүлденуде. Оған куә алып Байтерегіміз, Тәуелсіздік сарайы, салынып жатқан көрме ЭКСПО-2017. Осының бәрі де біздер үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым әкелді. Елбасының жүргізіп отырған парасатты саясатының нәтижесі . Ендеше бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып,жаңа биіктерге ұмтылу-біздің мақсатымыз болуы тиіс деп ойлаймын. Қазақстан – бақытты ел. Осындай мемлекетті басқарып отырған ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлын барлығымыз мақтан етеміз. Өйткені, халқымыз тату-тәтті өмір сүруде. Ата-анамыздың да көңілі асқақ, ал біздің тамағымыз тоқ, уайым-қайғымыз жоқ. Мектепте сапалы білім алуымыз үшін барлық жағдай жасалуда. Осындай жақсылықтар үшін Елбасына айтар

алғысымыз шексіз. Біз үшін Нұрсұлтан аға – Президент қана емес, пір тұтатын ұлы тұлға.

Біздің Отанымыз – егеменді, тәуелсіз қазақ мемлекеті. Осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, керемет дархан далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі мыңғырған, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүріп жүрген біздер бақыттымыз. Отанымыз тыныш, көрші елдермен тату-тәтті, бейбіт өмір сүріп келеміз. Біз көрші елдерде болып жатқан соғыстарды, оқиғаларды теледидардан көріп, естіп жүрміз. Ал біздің елімізде тыныштықтың болуы Елбасының арқасы деп білеміз.

Ақын Күләш Ахметова:

Сен – қазақсың!

Алғызбайтын барыссың!

Ар-ожданның асқағысың, намыссың!

Тағдырыңды танығысы келгендер

Тасқа басқан тарихыңмен таныссын! – деп жырлайды. Осы өлең жолдарындағы ақынның барша қазақ баласын «барысқа» теңегендігін байқаймыз. Ал оның түпкі мағынасында қазақты әлемге танытқан бірінші қазақ Елбасы түрғандығы айдан анық. Барыс – азулы да қайратты, ержүрек аң, ол – біздің тәуелсіздігіміздің рәмізі. Тіпті, «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасында Елбасының өзі болашақ қазақ мемлекетін Орта Азияның барысына теңегендігі белгілі. Ендеше, Нұрсұлтан Әбішұлы – қазақтың бақыты үшін жаралған жан.

Жолдауында Елбасы біздерге арнап «Сендерді, ең алдымен, қалыптасқан тұлғалар,шынайы патриоттар тұрғысында көремін,» -деген.

Патриот болу-өз Отанымызды шын жүректен сүю, өзіңе және өз халқыңа қызмет ету. Өзіңнің тарихыңды, ана тіліңді, шыққан тегіңді білсең ғана нағыз патриот бола аласың деп ойлаймын.

«Тұлға-елдің тұғыры, тұлға-елдің тұтқасы» демекші, біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – елдің тірегі. Ол түрғанда еліміз мәңгі өркендей бермек! Біз – тәуелсіз елдің ұрпағы, Президентпен бірге бақыттымыз!

Тәуелсіздік – халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой.

Еркін елім көрінер биіктерден,

Ырыздығын құдайым үйіп берген.

Қазақ халқы барамыз болашаққа,

Тәуелсізбіз, сол үшін мақтанамын. – деп

Татулық пен теңдік мұраттарын ту еткен Отанымды мен шынымен сүйемін және мақтан тұтамын!

I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СӨЗ-СИМВОЛДАР

РОТЕМЕРЬ
оқушы, Башмашын ЖББОМ, Павлодар облысы
МУСАЛИМОВА С. Ж.
Башмашын ЖББОМ, Павлодар облысы

«Символ Ахмет Байтұрсынов тарапынан бернелеу, Қажым Жұмалиев тарапынан психологиялық егіздеу түрінде әдебиетімізде ежелден келе жатқан көне ұғым екендігі айтылғанмен, ағым ретінде Аймауытов көрсеткендей, қазақтың өз ішінен шықпайды. Мағжан мен Берниязға орыс символизмі арқылы «аударылады» және ол, бірқатар автор тұжырымдайтындай, кеңес тұсындағы түрпайы социологияға наразылықтан тумаған. Схемалық түрде Мағжан поэзиясы ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм, символизм жаңа заман әуеніне көшу сатыларын өткерген», – деп пайымдайды Ш. Елеукенов [1, 55].

Символ – таңба. Алғашқыда бұл сөз құпиялы, шартты мағынаға ие кез-келген заттық белгіні білдірген. Сонау көне дәуірдегі символ «жеке куәлік» ретінде қолданылған. Қазақстан энциклопедиясында символға: «Символ – белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Символданған образ көбінесе айқындықтан айырылып, бұлдыр түсінік береді, символ жалпы адам санасының даму тарихына сай өрбіген көне категорияның бірі. Алғашқы қиялдау, болжау, ертедегі түсініктер, наным-сенімдер – символдың шығуына әсер еткен құбылыстар» [2, 157], – деген анықтама беріледі.

Символдың шығу төркіні тереңде жатыр. Дегенмен, бүгінгі таңда символдың қалыптасу тарихы арыда жатса да, «символ» ұғымының ауқымы кеңіп, лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифпоэтика, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Мұның өзі символдың табиғатын ашуда бір ғана ғылым саласының жетістігіне сүйенудің жеткіліксіздігін танытады. Яғни символдың қай қырынан қарасақ та, өзге ғылым тұжырымдарымен де санасуымыз керек.

Осыған байланысты символды тануда түрлі көзқарастар бар.

– символ – таңбаға тепе-тең ұғым;

– өмірді өнермен образды түрде игеруді білдіретін жан-жақты категория;

– мағынасы шартты, басқа нысан мағынасына ұқсас белгілі бір мәдени нысана;

– символ – өзінің алғашқы мазмұнын мазмұнға форма беруде қолданатын таңба ретінде кездесетін символды кең түрде түсіну [3].

Символдық ұғым кең мағына сында белгілі бір мазмұнды басқаша (таңбалық) формада бейнелеу деп түсініледі. Бұл орайда кодтау үрдісімен сәйкес. Ал тар мағынасындағы символ дегеніміз жалпыланған мәнді, дерексіз мазмұнды көрнекті модель, сезімдік бейне арқылы беру. Сөйтіп, ол негізінен, танымның «ішкі тектерін», яғни қырларын сипаттайды.

А. В. Луначарский: «Өнердегі символика – кең ұғым. Суретші толассыз сезімдер мен сансыз идеяларды бейнелі, сезімдік түрде бергенде, абстрактілі ойлау арқылы емес, сіздің елестетуіңізбен жүрегіңізді образға әсер ете суреттейді» [4, 335], – дейді.

Символ – поэтикалық образ жасаудағы ақындар пайдаланған тәжірибеден өткен өнімді тәсілдердің бірі. Символ поэтикалық суреттеу құралы. Символ – сөзді қолдану шеберлігінің бір қыры. Символды қолдану ақынның айтпақ ойын дөп басып, шығарманың бейнелілігін арттыру үшін қажет. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде де символ жиі қолданылғандығы белгілі. Қазақ өндерінде жусан деген шөп символ ретінде жұмсалады.

Абай өлеңдерінде қыз бейнесі – *шолпы символы* арқылы берілген.

Абай:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ қара қасты.
Сұлу қызды көріп пе ең мұндай түрін? – деген өлең жолдары «Абай жолы» эпопеясында қара сөзбен өрнектеледі: «*Сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай басып, тағы біраздан соң анда-санда ғана бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті*. Шолпы-махаббаттың символы ретінде танылған.

Магжанның «Шолпы» өлеңіне назар аударайық,
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнаттың құргыр
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құргыр
Әдейі іргеден жүреді
Сұлу қыз санадан солғыр.

Қазақ қызының бейнесін сомдауда, сүйген жүректердің сезім иірімдерін ажарлауда үш қаламгер – Абай, Мағжан, Мұхтар – шолпы сөзін қазық етіп, соның айналасында әркім өз қаһарманының образын жасайды. Сонда Абай мен М. Әуезов шолпыны қыз бейнесін танытатын, толықтыратын деталь ретінде алса, Мағжан образдың өзі ретінде қолданған. Десек те, осы үш автор да шолпыны – сұлулықтың, сымбаттылықтың символы ретінде қолданған, ол сұлулық тек сыртқы тән сұлулығы еместігін ерекше сезімталдықпен тап басып көрсетіп, сүйіспеншілік сезіммен астастырған. Жүрегін жаралаған алғашқы махаббатты Тоғжанның бұрымына тағылған шолпы, шолпының сылдырына дейін Абай өз ынтықтығын білдіреді. Жүрек дүрсілі шолпының сылдырымен үндеседі. Мағжан шолпы арқылы терең сүйіспеншілігін, өзекті өртердей махаббат сезімін суреттейді. Асау сезім тек шолпының сылдырына ғана бағынып, табына түседі. Демек, символ образ ретінде танылады, сондықтан оған образдылық сипат тән. Бірақ кез келген сөз әрі символ, әрі образ ретінде танылу үшін, ол осы екеуіне тән сипаттқа ие болуы тиіс.

І. Жансүгіров шығармаларында символ көрініс тапқан. Дала поэмасындағы дала – бостандықтың символы.

Желмаяның желіндей
Желе жортқан жер шала.
Асанқайғы күйіндей
Келді дала дабыры

Ал поэзияда құсты, аңды суреттеп отырып, адамның мінезін меңзейтін аллегорияның түрлері тұспалдау үлгісінде жасалған. Гималай өлеңіндегі Гималай тауы да бостандықтың, бейбіт өмір символы болып табылады. Ақын бұрынғы ақындардағы дәстүрлі көріктеуіш құралдарды, қолдана отырып, соны, өзіндік тың айшықтар қолданады. Ол ақынның дербес суреткерлігін танытады. Ақын символды жиі қолданады. Ақын шығармашылығында от, су, ауа, жас сөздері символдық мәнде жұмсалып отырылған. Тұспал өлеңдерінде ақын әдеттегі сөздерге символдық мән артады. Мысалы, соқыр, түн, толқын, қан, базар, махаббат т.б.

Ақын қоршаған ортадағы әлеуметтік жағдайды поэзиясында ауыспалы мағына арқылы бейнелеп береді.

Арылған жапан дала жауған удан
Жарқырап қыр қуантып, нұр күн туған
Қамқорым қайраттының білегімен,
Жын бұғау быт-быт болған қырды буған

Деген өлең жолдарындағы у – зұлымдықтың символы болса, нұр – жақсылықтың символы. Ақын қазақ даласына келген жаңалықты, бостандық таңы нұр ретінде көрсетсе, у – ескі дүниенің сипаты ретінде алынған. У – қазақ поэзиясында символ ретінде жиі қолданылады. Мысалы,

Мағжан шебер қолданған символдардың бірі – у.
Лағнет деп мені жек көрсең,
Өлейін, тез өлейін,
Келсін ібіліс, **у** берсін!
Түсірме қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!

Сауытты оң жақ қолыңа ал!
Сауытта жұмақ суы бар
Әйтеуір азап тоқталады,
Не тамұқтың **уы** бар!»

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да **у** алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең!..

У- қайғыға тұншыққан жанның дертіне дауа дей отырып, шарасыздық халді бейнелеген. « Орамал» өлеңіндегі у – сағыныштың символы.

Қайғы шығып жүзіне...
Қасірет батты жаныма,
У-ға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?..

«Ескендірдің екі мүйізі» өлеңінде у- арбаушы. Өлеңнен мысал келтірер болсақ,

Қамыс басын шайқады,
Жел өндірді у жырын
Жырлады, құшты, улады
Біліп алды бар сырын
Тағы сене бастаймын

Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
*Мен ішпеген **у** бар ма? (Абай, 172).*

У – сөзі символ қызметінде. ***У*** – қиындықтың, азаптың символы ретінде алынған. Қиыншылықты ***у*** мен алмастыра отырып, ақын ауыртпашылықты образды түрде бейнелеп, әсірелілігін артырған. Бұл символдың образдылығын, әсерлеу қызметін көрсетеді.

Абайдың зарлы күйігін, қайғы қасіретін эпопеяда суреттегенде М. Әуезов те осы ***у сөзін символ*** ретінде қолданған.

*«...Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды. Мен ішпеген **у** бар ма!..Жүрегімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша газап шеккендей не азап, не айыбым бар?» (Абай жолы, 596).*

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Елеукенов Ш. Мағжан Жұмабаев. –А.,-Жазушы, 1990, -361 б.
2 Қазақ совет энциклопедиясы. -Алматы, 1977, Т.10 , – 157 б.
3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы, 1999, -581 б.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ «ЕДІГЕ» ЖЫРЫН ЖАЗУДАҒЫ ТАРИХЫ

САЙЛАУ Д.
11 сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.
КЕНЖЕБЕКОВА Б. М.
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ-КММ, Екібастұз қ.

1927 жылы жиырманың ішіндегі жас жігіт, Томск технологиялық институтын бітірген, тау-кен инженері Қаныш Имантайұлы Москва қаласынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды. Жинаққа жазған алғыс өзінде келешек ұлы ғалым Едіге әңгімесінің бір шеті Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі нәсілдестердің барлығында айтылатындығын ескерте келіп өзі шығартқалы отырған аталған кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріліп, 1905 жылы Санкт Петербургте П. М. Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай дейтін ақсақалдың айтуындағы жырмен салыстырып, бірсыпыра қазақшаланған түрі екендігін еске салады. Және бұл жерде алғысөз иесі П. Мелиоранский басылымының кейбір сөздерінің татаршалану себебін шығарманы

Шыңғыс пен Шоқан жазбасынан «аққа көшірген» Ахмет есімді татар мен өткен ғасырдағы «ноғайша сөйлеуді» сән көретін қазақ жақсыларының әдет-дағдысымен байланысты түсіндіреді. Солай дей отырып, Қопабай айтуындағы жырдың өзінде де жиырмасыншы жылдардың оқырманына тосын көрінетін біраз көне сөздердің бар екендігін, ал соның өзі халықтың «тіл сақтау», «тіл байыту» сияқты мәселелерінде айырықша бағалы екендігіне ерекше көңіл аударады Сөз жоқ, мұның барлығы ғылыми тұрғыдан қарағанда, барынша қадірлеуге тұратын пікір, ал еңбектің мүмкіндігіне қарай Қопабай сынды ақсақалдың аузымен айтылатын нұсқамен салыстырылып, қазақша қалпын баспадан шығарту, бұл кемеңгер ғалымның Едіге жырына, қазақ фольклорына жасаған үлкен қызметі болатын.

Ғалым негізінен жырдың дүниеге келуіне себепкер болған Алтын орданың билеушісі Тоқтамыс пен Едігенің өзара қарым-қатынасына арнайы тоқтала келіп айтқан мына пікірлері: біріншіден, «тарихи жағынан алғанда Едіге батырдың әңгімесі XIV ғасырдың ішінде басталуы керек» дейтін, екіншіден, араб тарихшысы Ибн-Арабшахтың пікіріне қарағанда, Тоқтамыс пен Темірдің арасындағы жанжалға әу баста Едіге себепші болса керек, Едігенің сүйенгені Орысханның баласы Құтлұғ Темір дейтін сұлтан болған, дей отырып, сондай-ақ, Темірдің Тоқтамыс ордасына ауыр қолмен аттануына Ақорда мен Алтынорданы жеке билеген Тоқтамыстың баққа мастанып 1388 жылы Түркістан жағына шеру тартқандығын айтатын, үшіншіден, Едіге әңгімесінің әртүрлі түркі халықтарында барлығын ескерте келіп «қай жұртта болсын, барған сайын басқы сөзге өз тұсынан түрлі жалғаулар қосып отырмақшы» – дейтін, төртіншіден, ел біреуді сүйсе оның бойына тағылмаған жақсылық болмайды; Едіге осындай елдің шын сүйген, шын ардақтаған ерлерінің бірі дейтін, бесіншіден «Ел аузында тарап жүрген Едіге туралы тағы да сораптар бар шығар, солардың бәрі де тегіс жиналып қағаз бетіне түссе, Едіге батырдың толық сыны сонда айқындалар еді» деген ой-түйіндері Едігемен Тоқтамыс, Ақсақ Темірдің заманын, негізінен олардың өзара қатынасын жыр еткен ауыз әдебиетінің көне мұрасы «Ер Едігенің» танымдық қасиетін, шыншылдық беделін толық бағалау үшін бүгінгі күннің де, келешек күндердің де зерттеушілері назар аударарлықтай құндылыққа ие екендігін көрсететіндігін де дау жоқ. Өйткені, Едіге жырының да, оның орталық кейіпкерлерінің шын кейпі мен шынайы бағасы осы мәселелерді жете ескергенде ғана толық ашылмақ. Енді осы пікірлерге байланысты өз пайымдауларымызды ортаға салғымыз келеді.

Біріншіден, Алтын орда билеушісі Тоқтамыс хан мен Едігенің араздығы шарықтаған уақыт – 1391 жыл. Жырда олардың араздық себептері жадағай түрде бейнеленгенмен, жыршы бір нәрсені айқын аңғартады: Едігенің Сәтемірге, яки Темір әміршіге қарай сапар шегуі бүкіл ұлысты үрейлендіріп, осыған орай Тоқтамыстың төңірегіндегі басшы, қосшыларымен ақылдасқандығы. Сонда талай би, талай батыр пікір білдірген, ең ақырында көпті көрген көненің көзі – елдің абызы Сыпыра жырау жыр толғаған. Демек, бұл туындының негізгі өзегі осы оқиғадан басталып, әрмен қарай әртүрлі толықтырулармен безендірілген, қырналған, жонылған деп мөлшерлеуге болады. Ал, жырдың бас қаһарманының солайша жаңғырып, жаңаруына көзі тірісінде қарсы болмағаны хақ. Олай болса ғалым айтқандай, жырдың XIV ғасырдың ішінде, дәлірек айтқанда тоқсаныншы жылдардың ақырында қандай көлемде болса да жырлана бастағандығы күмәнсіз.

Екіншіден, Тоқтамыс пен Темірдің араздығы және осыған байланысты Едіге, т.б. бет-бейнесі туралы мәселелер. Қаныш Имантайұлының осы пікірі күллі Алтын Орданың ыдырау үдерісіне қатысты мәселенің де, Едіге туралы жырдың да нағыз шиелі түйінін шешетін жері деп айтуға болады. Шындығында егер тарихта Едіге мен Тоқтамыс араздаспаса, өмірде Алтын орда дәуірінің Тоқтамыс хандық құрған кезеңі дәл сол тұстың адамдары куәгер болғандай жайды кешуі екі талай болар еді. Ал, ондай оқиға болмаса, қазір әр халық өкілдерінің елдік рухани мұрасы боп жүрген Едігенің де мазмұны басқаша болар еді.

Қысқасы, тарихи құжаттардың сөзіне сенсек, әрине, оған сенбеске амал жоқ, Едіге тек «ел қамын жеген» Едіге ғана емес, ол – осы жайды жиырмасыншы жылдардың ақыры, отызыншы жылдардың басында зерттеген ардагер ақын, көрнекті мемлекет қайраткері һәм ғалым Сәкен Сейфуллин айтқандай «атқамінер, партиягершілдігімен де ерекшеленетін тұлға. Бұл жырдағы Едігенің Сәтемір жұртына кету оқиғасын тарихи болмыспен салыстырғанда, араздықтың түпкі жайын іздегенде ескерілер жай. Әрине, мұнымен біз тарихи тұлға Едігені жазғырудан да, дәріптеуден де аулақпыз. Тарих та, тарихи тұлға да кейінгі дәуірдің өкілінің ырқымен, соның ойлағанындай бола қоймайды. Қайта белгілі жырды ұзақ жылдар бойғы үзілістен кейін жан-жақты қарастыруды алдына мақсат етіп қойған көрнекті ғалымымыз Р. Бердібаев жазғандай: «Эпостың құрылысына тірек болған бас оқиға тарихи шындықтан туындайтынын ескере отырып, сол бас оқиға қалайша жырланған,

оның солай жырлану себебін ашу ғылым үшін парыз болмақ. Сондай-ақ, тарихи кейіпкерлердің рухани бет-бейнесін танытар, өмірінен дерек берер туындыда тағы да қандай жарасымын тапқан жайттар бар, жырдың С. Сейфуллин, В. Жирмунский, т.б. айтып жүрген полистадиялылығы, көп қабаттылығы неде, болмаса әртүрлі нұсқадағы әңгімелердің әрқилы болу себебін қалай түсінеміз, сол әралуан болып жырланған нұсқалар оны дүниеге келтіруші, кейінгілерге жеткізуші жырау, жыршылардың керауыз қисықтығынан ба, әлде олардың да әу баста елге жариялауды мақсұт тұтқан, өздері білетін тосын деректері болған ба, мінеки, егер қисынын тауып көрсете білсе, мұның бәрі де көңілге қонымды жайлар екендігінде шәк жоқ [1, 415 б.]. Осыларға жауап беру арқылы Қаныш Имантайұлы сөз еткен үшінші, төртінші мәселелердің де шешімінің табылатыны даусыз.

Едіге батыр туралы жырлардан сол заманның біраз тарихының сұлбасын ғана емес, шындығын да табуға болады. Бірақ, сол шындық тек бір ғана нұсқада емес, әртүрлі нұсқалардың бойынд шашырап жатыр. Бұл орайда академик Қ.И. Сәтбаевтың «Едіге батырдың» толық сыны ол жайлы әртүрлі жыр сорабтары толық жиналғанда айқындалар еді деген сөзінің өз тұсы үшін де, бүгінгі күннің межесінен де қарағанда да дұрыс айтылғандығында дау жоқ.

Мәселен, М. О. Әуезовтің «Едіге батыр» әңгімесіне негіз етіп алған Әбубәкір Диваев нұсқасында еліне барған Едігеге Ақсақ Темір бір уәзірінің айдап салуымен өшігіп, басын алудың амалын қарастырады (Рас, мұнда да кейінгінің жамауы, эпостық әңгімеден гөрі Тоқтамыстың әйелі Данабикенің күйеуі мен Едігенің араздасуына себепкер болғанындағыдай, ертегілік элементтер көп. Бірақ, шығарманың дәл осы жайға байланысты айтпақ болып отырғаны – әйелдің қандай болғандығын, Темірдің де азғырынды әңгімеге сеніп қалатын аңқаулықтан құралақан адам еместігін айту емес, оның Едігеге өштесуін, соның көзін жойып, өлтіруге біржола бел буып, ниет еткен сәттердің болғанына назар аударту деп білеміз.

Сондай-ақ, бір кезде Темірге бағынышты болған, оған қызмет еткен Едігенің бұл күндерде бүкіл Дешті – Қыпшақтың тізгіні өз қолына тигеннен кейін бұған қарсы шығып, шамасы жетсе өлтіруден ойы болғанын, сондықтан қазір Темірдің Едігеден басқа жауы жоқ екенін, тіпті бір жолы Темірдің оған қарсы қол бастап шыққанда, Едігенің қашқанын, бірақ, оның екі жүз мыңнан астам қарулы қолы үнемі жанында болатындығын, қазір де Тоқтамыс пен Темірдің екеуінің өзара тіл табысып, екеуі бірігіп Едігені торға түсіргісі

келетінін, бұл ретте Темірдің Едігеге бірде кісі жіберіп, өзінің оны жақсы-көретіндігін және өткендегі бұған жасаған қателіктері болса, соның бәрін де кешетіндігін, сөйтіп бір немересін оның қызына үйлендіргісі келетіндігін хабарлағанда, Едіге бұған өзінің қасында жиырма жыл бірге өмір кешкенде одан артық сенген кісісі болмағанын және оны бес саусағындай жақсы білетіндіктен мұны әлгіндей амал-айламен алдай алмайтындығын айтып, егер біз достасар болсақ, тек қана қолға қару ұстап, қан майданда ғана достасармыз дегенінен мағлұмат береді.

Ол жайында сол оқиғалардың куәгері болған Шераф-ад-дин Иезди: 1405 жылы 14 қаңтар күні Қытайға қарсы жорыққа аттанып бара жатқан Ақсақ Темір Отырарға келіп кідіргенде Тоқтамыстың қарт қызметшісі Қарақожа деген кісі арттарынан келіп, Тоқтамыс ханның өз басы тілмен айтып жеткізгісіз қайырын көрген Темірге опасыздық жасап, содан сазайын тартқанын, қазірдегі жалғыз үміті одан кешірім алу екенін, егер ол осыған қолын жеткізсе, ендігі қалған өмірінде құл болып қызмет етіп, басқа жолға бұрылмайтындығын, – мағлұмдаған ант реуіштес сәлемін жеткізгенін және Темірдің хабар алып келген кісіге сый-құрмет көрсете отырып «Құдай сәтін салса осы жорықтан кейін Жошы ұлысын (яки, Алтын Орданы) бір жөнге келтіріп, оның билігін Тоқтамысқа тапсырмақ екенін хабарлағанын»... сөйтіп, Қарақожаны тарту-таралғысымен Тоқтамысқа аттандырғанын, бірақ, тағдырдың басқаша шешім қабылдағанын – [5, 59-60 б.] жазады.

Демек, жоғарыда айтқанымыздай, Едіге жырындағы Темірдің Едігені өлтірмек болатыны тарихта бар жай. Сосын ілгеріде Г. Клавихоның келтіруіндегі Темірдің сәлемін жеткізушіге Едігенің: егер біз достасар болсақ, тек қана қолға қару ұстап, қан майданда ғана достасармыз, дейтіні «Ер Едіге» жырында Тоқтамыстың соңынан қудыртып жіберген адамдарына оның: «Тексіз иең Тоқтамыс, енді еңкейіп барман-ды. Өкпе-пани сөзімді көктен оғым зуылдап, зымырап барып айтпаса, сірә, аузымнан айтпан-ды. Еркек боп атқа мінген соң, бір жол алып жүрген соң, қатындай болып қайтпан-ды» – деп айтатын шамырыққан мінезді сөздерін еске салады. Сол сөздер арқылы тарихи Едігенің шын өмірдегі бірбеткей, алған ойынан қайтпайтын қайсар тұлғасының сұлбасы елестейді.

Бірақ, батырлықты, мәрттікті қатты қастерлейтін елдің батырлық жырының қаһарманының қылықтары қалай болғанда да сол елдік салттың дәстүрлік шеңберіне сиюы қажет, сөйтіп өзін жұртқа жексұрын көрсететін қылықтан аулақ болуы керек. Мұндай

шарттылық тек Нұрадынның Тоқтамысты өлтіруге байланысты оқиғада ғана емес, кейін Тоқтамыстың ұлы Қадырбердінің әкесінің түбіне жеткен Едіге мен Нұрадынды өлтіру тұсында да көрініс береді. Әкелі-балалы ел билеп тұрған екі ер Қадырбердінің «Ер болсаң өлерсің, қор болсаң жүрерсің» деп Едігенің басынан үш қайтара аттап өткен қорлығына шыдай алмай құса болып өледі. Сөз жоқ, мұның барлығы – әрі эпостық дәстүрдің күші, әрі ерлікті, намыстылықты бағалайтын, оған үлкен өлшемдермен қарайтын халықтық сананың рухының асқақтығының белгісі. Ал, сол асқақтық күшті қастерлі санап қадірлеу Тоқтамыс, Едіге заманының түркі нәсілдестеріне, бергі дәуірдегі қазақ батырларына ғана емес, оны сонау ерте замандарда тағдырдың айдауымен ел асып Мысыр топырағына қоныс тепкен мамлюктердің өзі өткен ғасырдың ақырына дейін ұмыта алмаған. Ұмытпағандығы сол, атақты қолбасшы Наполеон Бонапарт 1799 жылы Оттаман империясының боданы болып саналатын, бірақ, әлі де Мамлюктер билігінен шыға алмаған Мысырды жаулап алуға барғанда, сол елдің басшылығында жүрген мамлюк батыры француз қолына қарсы ат ойнатып шығып, қарсыластың қолбасшысын жекпе-жекке шақырған. Бірақ, оның бұл қылығының байыбына барып, қызықтап жатуды француздар артық деп санаса керек, әлгі азаматты зеңбіректің оғымен жер жастандырған Міне, елдік дәстүрдің қадірлілігі, – өміршеңдігі деген осы. Әйтпесе тарихтағы Едіге мен Тоқтамыс және олардың ұрпақтарының бір-біріне деген кісілік қатынастары – бұлар жайлы жырдағы әңгімеден әлдеқайда төмен жатыр. Соның айқын бір белгісі: өлерінің алдында жыр кейіпкері Тоқтамыс хан елінен кетіп бара жатып:

«Жалғыз да қалқам Қадырберді,
Қадырберді сұлтан туған жұрт...
Жалғыз да қалқам Қадырберді,

Маңдайынан иіскеп сүймедім, – деп зарланады. Неге олай? Тоқтамыстың шын мәнісінде Қадырбердіден басқа Жалаладдин, Күшік, Жафарберді, Қалымберді деген ұлдары, Жәнике деген қызы болған ғой. Жәникені Едіге ел басшысына айналғанда тоқалдыққа алған. Қадырберді солардың ішіндегі ең кенжесі Қадырғали Қосымұлы өзінің белгілі шығармасы «Жами-ат-тауарихта»: «Жәнике үш жасар інісі Қадырбердіні Едіге бектен өтініп алып қалып, бір кеште жасырын қашырып Қырымға жіберді» – деп жазады. Сірә, тұтқын болып тұрған сорлы қыздың қалған туыстарына араша түсуге шамасы келмеген.

1406 жылы Тоқтамыс хан дүниеден өтіп бара жатқан кезде бұл жайды, яки өзінің Қадырбердіден басқа ұлдары өмірде қала алмайтынын білді ме, білмеді ме, бірақ сол турасында жыр толғайтын баба жырау, 1406 жылдан кейін Тоқтамыстың тікелей өзінен туған еркек кіндіктіден жалғыз ұлдан басқалары жер жастанғанын біліп отыр. Сондықтан оны жалғыз ұлдың әкесі етіп суреттейді. Ал, басқаша айтуға, яки болған жайды түгелдей тізуге Едіге тұқымдарынан айбынады. Сөйтіп тұрып ол болған жайдың, арғы-бергісін білетін адамға бір кездегі түкірігі жерге түспей тұрған Тоқтамыстың Қадырбердіні «жалғыз» деп қақсаған сөзі арқылы-ақ көп нәрсеге ишарат жасайды. Ол ишарат тек осы жерде ғана емес, ілгері де халықтық салтпен байланыстырып айтылғандай, Қадырбердінің кейін «жездесі» Едігені келіп өлтірген тұсында да бар. Шындығында Едіге батыр «балдызының басынан аттап кеткен «бейәдеп» қылығынан өле қалмаған.

Бір кезде үш жаста болғанмен, 1419 жылы ержеткен Қадырберді хан Қырым жұртынан әскер бастап келіп, Еділден өтіп, Едіге бекпен соғысты. Едіге қатты жаралы болды. Қадырберді де жарақат алды. Екі жақ бірін-бірі қырып салды. Сол жорыққа аттанар алдында Қырым елінің әскербасылары: «бұл жылы жаз осында болайық та, атымызды семіртіп, өзіміз біраз күш жинайық, Еділ қата қыста барамыз» дегенде, ол сөзді. Сол кезде Қадырбердіге Едігенің мініс атының күтушісі /атшысы/ Ешкілі ұлы Хасан деген кісі Едігенің жатқан жерін айтып, хабар жібереді де, Қадырберді келіп Едігені өлтіреді. Біраз күннен кейін соғыста алған жарақатынан Қадырбердінің өзі де өледі Бұл, Қадырғали Қосымұлы Жалайыридың сөзі. Оның шындығына күмән келтіре алмаймыз. Ал, енді осында белгілі тарихшының Қадырбердіні үнемі хан деп атауына қарағанда, оны сол тұста Қырым жұрты өздеріне хан сайлап алуы да мүмкін. Әскербасыларының айтқанына көне кетпей, әкесінің кегін қайтару үшін қалың қолды ертіп келіп, Едігені өлтіруіне қарағанда, ол, не болғанда да жалғыз жүрген елеусіз бозбала емес, белгілі бір жұрттың тізгіні қолындағы азамат. Қадырғали Жалайыри, бірақ, оны сол сапарында Едігемен бірге Нұралынды да өлтірген етіп көрсетпейді, Нұралын әкесінің көзі тірісінде отыз жеті жасында іш ауруы тиіп, содан қаза тапты деп жазады. Бұл жердегі тарихшы мен жырдың сөзі бір-біріне дәлме-дәл келмегенмен пәлендей алшақ та кетіп жатқан жоқ деп ойлаймыз. Өйткені, Нұралын мырзаның Қадырбердіден бұрын қайтыс болған Едігенің алдында көз жұмғаны рас болса, бәлкім оның қазасына да

Тоқтамыс баласының араласы болуы, тіптен сол іші ауруы тиіп өле қалуының өзі солардың маңайында жүрген Едігенің атын күтуші Хасан сияқты біреудің қолымен [4, 256 б.] жасалуы мүмкін. Ал, ондайды, жоғарыда айтқанымыздай, жырдың авторы осындай бір қауесет естідім деп ащы шектей созып отырмақ емес. Бірақ, ол осындай бүкпесі көп туындысының ішінде барлық жайды тайға таңба салғандай етіп, анық етіп, нақтылап «айқайлатып» айтпаған демесек, сол заманның тарихын бір кісідей-ақ білуін білген-ау деп ойлайсыз...

Бірақ, Едіге туралы жырда оның тұқымы құрығанмен, шын мәнісінде тарихта олай болмаған. Сосын жырдың біз сөз етіп отырған нұсқасында Едігенің ата-тегі – өз әкесі Бабатүкті шашты Әзиз, оның әкесі Бабағұмармен ғана шектелсе, ол жайлы ел шежіресін Қадырғали Қосымұлы Жалайыри былайша таратады: Әуелгі бабасы Әбубәкірден Махмұд аталығ, одан Катиб аталығ, одан Сұлтан һармаз, одан сұлтан Халид, одан сұлтан Уалид, одан Сұлтан Қыдыр, одан сұлтан Мулуд, одан Абу Алфеис, одан сұлтан Салим, одан сұлтан Садық, одан сұлтан Абулхақ, одан Жалаладдин, одан Баба Туклас, одан Терме, одан Каричи, одан Ислам-Қия, одан Қадыр-кия, одан Құтлу-кия, одан Едіге би. Соның бірі – Едігенің шыққан нәсіліне байланысты мәселе...

Біздіңше, Қадырғали Қосымұлының Едігенің арғы тегін соншалықты ұлылардың ұрпағы, күллі мұсылман әлеміне белгілі кісіден өрбитін етіп көрсетуі, тегінде, оның қолынан шыққан нәрсе емес. Өйткені, оның мұндай геналогиялық кестені жасауға мүдделі болатын жөні жоқ. Себебі, ол қоғамдық тұлға ретінде бұл тұқымға тәуелді, немесе қандастық тұрғыдан жақындығы бар кісі емес-ті. Соған қарағанда бұл кесте ерте кезде, тіпті Едігенің өзінің көзі тірісінде бір жүйеге келтірілген шежіренің ізі деуге лайықты. Содан ол жырға көшкен. Ал, жырда белгілі бидің ата-тегі қысқадан қайырылады. Өйткені, жыршы үшін Едігенің жиырмасыншы атасына дейінгі тізімді атап шығу міндет емес, тек ол бас кейіпкерінің күллі мұсылман қауымы қастерлейтін ұлы әулие Бабатүкті Шашты Әзиздің тұқымынан екенін есінен шығарып алмаса болғаны. Сол арқылы-ақ Едіге қандай зордың ата-бабасымен де әруақ, тек салыстырғанда олқы соқпайтын ұлы тұлға болып шыға келмек. Міне, жырдағы да, шежіредегі де Едігенің ерекше жаралған әулеттің лайықты ұрпағы болып әңгімеленетін себебі осыдан. Тек ол үшін Едігенің сол белгілі ата-бабасының мұрат тұтқан дін жолына, ізгіліктерге үндейтін мұсылманшылық қағидаларына қызмет етуі қажет [3, 233 б.]

Бүгінгі таңда азат ел болған Қазақстанның өткен тарихына көз салғанда, ойландырарлықтай да, шошындырарлықтай да жағдайлар аз болмаған. Соның бірі – жиырманың ішіндегі жас тұлпар Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың біз сөз етіп отырған «Ер Едіге» атты жинаққа байланысты тағдырына қатынасты.

1944 жылы 9 тамызда БПК /б/ Орталық Комитеті «Татарстан партия ұйымының бұқаралық саяси жұмысының жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулы алып, онда республика тарихшыларына Алтын Орда дәуірінің тарихын көтере көрсетіп, Едіге туралы эпосты насихаттаған деген бірсыпыра қатал сындар айтылған болатын (КПСС в резолюциях и решениях сьездов, конференций и пленумов ЦК. 1971. т.6, с. 119.). Мұның жаңғырығы араға жыл салып Қазақстанға да жетті. Республиканың негізгі басылымы «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде жоғары жақтың нұсқауымен жазылған, белгілі тарихшының қолы қойылған «Едіге – халықтың зұлым жауы» деген елді дүрліктірген мақала 1945 жылдың 2 қазанында жарық көрді. Мұнан кейін төрт жыл соғыстың азабынан мойны босағандай болып, елмен бірге еңсесі тіктеліп, барлық жігер-қайратын ғылымға жұмсап жатқан ғалымдар ауылына, оның ішінде Алтын Орда дәуірі, жалпы қазақтың Қазан төңкерісіне дейінгі халықтық тіршілігін зерттегендерге тыныштықпен жұмыс істеу мүмкін болмай қалды. Өйткені, 1947 жылдың басында, яки 21 қаңтар күні Қазақстан КП /б/ Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулысы шықты. Шортанбай, Дулат, Мұрат, Күдері, Досқожа, Әбубәкір, Ғұмар Қарашев сияқты XIX-XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде елеулі орны бар ақындарға кертартпа, ұлтшыл деген айдарлар тағылды. Олар туралы жазған, шығармаларын оқулықтар мен хрестоматияға кіргізген кісілердің басында найзағай ойнады. Соның жалғасындай болып 1950 жылдың 26 желтоқсан күнгі «Правда» газетінде Т. Шойынбаев, А. Якунин, У. Айдарованың «Қазақстан тарихын марксистік-лениндік бағытта игеру үшін» деген мақаласы шықты. Осыған орай Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің бюросы 1951 жылдың сәуір айының 10 күні қаулы қабылдады. Сол жылдың қазан айында республика Партия активінің жиыны болды. Көп ұзамай Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Сүлейменов, Е. Бекмаханов, Қ. Мұхаметханов, т.б. бірсыпыра белгілі ғалымдар айдалып кете барды. М. Әуезов жұмысынан босатылды. Жазушылар қауымы да назардан тыс қалған жоқ.

Азуын айға білеп, «шаш ал десе, бас алуға дайын» отырған саяси қайраткерлер сол кезде бір уақыт та «Едіге батырды» кітап етіп баспадан шығартқан, ал, 1951 жылы дүниенің алтыдан бір бөлігін алып жатқан Кеңестер елінің ғылыми қауымы бірауыздан мойындаған, күллі шығыстағы кеңестік республикалардың жергілікті тұрғындарының ішінен шыққан СССР Ғылым академиясының тұңғыш академигі Қаныш Сәтбаевты естеріне алады. Ақыры осы науқанмен байланысты Қазақстанды тексеруге келген комиссияның басшысы, БКП /б/ Орталық Комитетінің инспекторы Шикин деген қоймай жүріп Қаныш Имантайұлын Республика академиясының президенттігінен түсіруге, сол кездегі Қазақстан КП /б/ Орталық Комитетінің бірінші секретары Жұмабай Шаяхметовті [2, 20 б.] мәжбүр етеді

Тәуелділіктің торы ыдырағалы да бірсыпыра жылдардың жүзі ауысты. Бірақ, елдіктің туын көтерген елге құт болған кемеңгерлердің арпалыспен өткен өмірі мен жүрген жолына көз салғанда осынау қиямет-қайым атаулының баршасы күні бүгінгідей болып сананы тілгілейді. Ел деп жүріп сүрінген, ел деп жүріп мерт болған ерен тұлғалы ерлер болмаса, олардың арман-мүддесін жанмен ұғар елі болмаса ұлт пен ұлыстың тізгінін кім ұстамақ деп, ойланасың. Кенеулі ой кемеңгерді түсінуге бастайды. Ал, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – дүниеге сирек келетін – кемеңгерлердің өзінің көшін бастайтындай көшелі болып жаралған көсемі болса керекті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989, 415-бет.

2 Шәріпов Ә. Сойқанды жылдар Жұлдыз, 1992, №7, 20-бет.).

3 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.I. Алма-Ата. 1984. 233 б;

4 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы.1991. 252-бет.

5 Әуезов М. Әдебиет тарихы, Алматы, 1991, 59-60-беттер.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕ БАЛА ТӘРБИЕСІ

САЛИХАНОВ У. И.
9 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы жаратылыстану бағытындағы мектеп-лицей, Кентау қ.

«...Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!..»

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді.

Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары – «қарасөз» деп аталады. Абай өзінің өлең сөздерінің көптен – көбін заманындағы оқушы мен тыңдаушыларына үнемі түсінікті болмайтындай көреді. Онысы – анығында солай да еді. Осы жайды ескеріп, Абай енді қарасөзінде сол өлеңдерінде айтылатын ойларының бірталайын жаңа сөзбен таратады. Сондықтан кейбір қарасөздерінде бұрынғы өлеңінде айтылған ойлар жеңіл, қарапайым, оңай ұғымдармен қайтадан айтылады. Бұл жөнінде Абай өзінің көпшілік оқушы, тыңдаушысыменен әңгімелеседі. Және сол әңгіменің үстінде адамгершілік мәселелерін: әділет, ақтық, турашылық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты жайларды айтады. Немесе осылардай, адамдық сипаттың жауы болатын аярлық жалғаншылық, бәлекұмарлық, мақтаншақтық, мансапқорлық, өсекші – өтірікшілік, ерішектік, әр алуан арамтамақтық сияқты мінездердің барлығын айтқанда, Абай сол жайларды тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлады. Айтпақ сөздерімен ойларын мысалдармен келтіреді. Кейде өзі көп алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады. Мысалдарды қазақтың Абай заманындағы күнделік болмысына алады. Сол мысалдырды кейде күлкіге сайып мысқыл, әжуа халдерді әдейі айқындай түседі. Әңгімесі тыңдаушысына пайдалы өсиет болуымен бірге, көңілді айтылып, қызықты боп жетсін деген мақсатты ойлайды. Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогик жақсы әдіс қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақынан жаракқа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға

қарай біртіндеп жетектейді. Сатылып отырып үгіт – өсиет асырады. Сонда тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет, озғын ойлар бұның тыңдаушылардың санасына жетпеуі мүмкін. Сол себепті өлең сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын анық шынщыл және күшті азаматтық сындарын мынау қарасөздерінде оңайлатып, азайтып қысқыртып айтатын да болады. Жетінші сөз оқшаулау көрінеді. Қарасөз жас баланың психологиясын еске алып талдаған сөз. Баладағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін атаумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланы жаман тәрбиемен қорлап бұзығын білдіреді. Он жетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың, ұстаздардың көп айтқан пікіріне жанасатын ойлар. Адам жан-жақты, асыл қасиетті болу үшін оның бойындағы қайрат, ақыл, жүрек үшеуі бірдей болып, тең табыссын деген талап қояды. Он сегізінші сөзінде және де қысқа қайырып, адамды адам етіп өсіретін, ұлғайтатын ақыл, ғылым, ар, мінез, деген ой.

Қорыта келгенде, Абайдың қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз. Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар.

Отыз бірінші сөз. Ақынның педагогтық, ұстаздық ойларының жемісі. Есітіп білгенді ұмытпай есте сақтау тәсілдерін санап көрсетіп, ойсыздық кеселдерінен сақтандыратын ойлар. «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек; ал екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшыныа, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып көңілге бекітк керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек...» – дейді Абай

Отыз бірінші сөздің жалғасы іспетес. Шын мерейленіп, ықылас-жігерімен ізденген адам ғана ғылымға жетеді, оның түпкі рахатына кезігеді дейді. Білімді адам бір қызық үшін, не пайда табу үшін емес, «білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық біліп, бір ғана білмектің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңіліңде бір рахат хұзұр хасил болады», соны ғана көздеу керек дейді.

Абайдың қара сөздері мазмұндық, тақырыптық ерекшілігіне қарай: қоғам құрылысы, ел билеу жайы, оқу, өнер-білім, тәлім

тәрбие, еңбек, шығармашылық, адамгершілік, мораль, мінез-құлық, дүние, өмір туралы арнайы бөлімдерге топтастырылып,ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Абайдың 1-,27-,37-,-сөздері және «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінің идеялық-көркемдік ерекшелігі атап көрсетіліп, жеке сөз болған. Қарасөздердегі Абайдың ағартушылық, бұқарашылдық көзқарастары ашылып, оларды ойшылдық, сыншылдық, имандылық мәселелеріне арнап, өсиет, толғау сипатында жазғанын айтады. Абайдың қарасөздерін алғаш жеке зерттеу обьектісі ретінде қарастырып,оны 19 ғасырдағы жазба әдебиетте үлкен орны бар прозалық шығарма деп бағалаған.

Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы,алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісінің біріне айналды.Ақын талантты,өнер іздеген жандар туралы айрықша зор сүйіспеншілікпен айта отырып,олардың алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлік көрсететіне үлкен сенім білдіреді. Абайдың қарасөздерінен ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе оны аса қатты толғандырғанын көреміз. Қазақ жастарын білім-ғылым үйренуге шақырады. Мұнда ақын еңбексіз ықылас-ынтасыз нағыз ғылым-білім қолға түспейді дей келіп, одан ары бірден негізгі ой желісін үздіксіз өрбітіп, оқудағы мақсат не алған білімді не қажетке жұмсау керек, не істеу, қандай қызмет атқарған жөн болады деген мәселелер төңірегінде сөз қозғайды. Ал мына өлеңдегі:

«Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба...» – дегендегі орын деп отырғаны-алған білімді, үйренген ғылымды жұмсайтын орын. Абай ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры,түбі бір деп санайды. Ғалым болудың басты шарты – не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін нақтылап,мейлінше дәлелді етіп,шегелеп айтады. Абай сонымен бірге ақыл мен ғылымның да неше түрлі тигізер кесел,кесапаттары барын айтқан. Оны білмесең, жақсылықтан қайыр жоқ. Абайдың айтары әрбір нәрсенің өз өлшемі бар, одан асуға болмайды. Өлшеуін білмек-бір үлкен керек іс. Бұл өте терең пікір. Жақсылықтың өзі өлшемнен асса,жамандыққа өтеді. Әр нәрсенің өз өлшеуі бар. Осы ойға орай Абай бұрынғы ғалымдар айтты деген мақал келтірген: «ненің қызығын көп іздесең,соның

күйігін бір тартасың». Енді осы өлшеуді кім анықтамақ дегенге келгенде Абай пайда залалды айыратын қуаттың аты ақыл дейді. Бірақ, жалғыз ақыл аздық етеді,ол қайратпен қосылуы керек. Осы екеуі кімде болса,жан қуаты мен тән қуаты тең болғаны. Егер бірі болып,бірі болмаса басы қатты асау ат,жүгенсіз тауға ұра ма,тасқа ұра ма,суға ұра ма – құдай білсін, – дейді Абай. Ақыл мен қайратқа ие болмаған адамның өзінде еркі жоқ. Ол тағдыр төлкегіне түсіп кете баратын қаңбақ секілді жан.

Абай қарасөздерінде Сократ, Платон, Аристотельдерді хакімдер деп атай отырып,өзінің де хакім екендігін дәлелдеп берген. Абай «хакім» деген ұғымды тек қолданып қоймай, оны түсіндірген. Отыз сегізінші сөзінде «хакім дегендер әрбір істің себебін іздеушілер» дей хакімдіктің мәртебесі: «Әрбір ғалым-хакім емес, әрбір хакім – ғалым»деп нақтылаған. Ғалымнан хакімді жоғары қоя отырып, Абай нақлия және ғақлия деген ұғымдарға түсінік береді. Ғақлия-хакімдің сөзі,нақлия-ғалымдың сөзі. Абайдың қырық бес қара сөзі, негізінен, бәрі дерлік ғақлиялық мазмұнда, бірақ нақлиялық та сөттер бар. Абай философ деген ұғымды білсе де,оны қолданбаған, оның орнына хакімдік ғақлият сөзін пайдаланған. Кезінде М. Әуезов нақтылап айта алмасада қарасөздер туралы сол заман үшін өте құнды пікір білдірген еді: «жалпы алғанда Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек,бір алуаны боп қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стиль мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Абайдың шығармалары мен көркем образдары онда суреттелген дәуірмен бірге өшіп қалған жоқ. Олардың әсер етушілік қуаты-өз тұсындағы халық өмірін Абайдың мейлінше кемелденген көркем формада бейнелеуінде.

Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы,қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы-Абайдың мәңгі өшпес даңқының ең асқақ айғағы,міне,осында.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 З. Ахметов. Абайдың ақындық әлемі. Алматы. – 1995.

2 Абай, Қара сөз. Алматы, – 2009.

ЕСЕН ЕРМЕМБЕТ БИДІҢ БИДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

САМСЕНОВА А., КАБДЫЛКАРИМОВА К.
9 сынып оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Есен Ермембет бидің өмірі мен тарих беттерінен алған орнын жас ұрпақтың санасына жеткізе отырып, оның аталы сөздерін үлгі ете отырып, сол арқылы жас ұрпақтың толыққанды тұлға ретінде дамуына, олардың Отанға, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктері мен ұлттық намысын ояу болмақ. Ата-тегін білгеннің абыройы жоғары дегендей, қазақтың шығу шежіресі жайлы дәл тамыршыдай тап басып, айтылған деректің тапшылығы кейінгі жас ұрпақтар үшін қиындық берері ақиқат. Біздің және аға буын өкілдерінің жабылып жүріп зерттеп-зерделегеніміз-қатқан қақтың бетіндегі қабыршағы сияқты.

Маңғыстау билерінің қазақ тарихынан алатын орын нақтылау, олардың өз замандарында атқарған іс-әрекеттері мен батыл да, батыр еңбектерін ұрпақ санасына жеткізу. Жоғымызды іздеу, жоғалытқанымызды табуға деген ұмтылыс ел еңсесін көтеріп, тәуелсіздігімізді жариялау кезеңімен басталады. Маңғыстау тарихын қанша жыл зерттесең де таусылмайтын тарих. Ол бір ғана ұрпақтың қолынан келетін шаруа емес....

Зерттеудің дереккөздері: «Қазақтың көне тарихын шаң-тозаңнан сілкіп тазартам»-деген Әлкей Марғұлан да мақсатының бір парасын орындай алмай дүниеден өтті. Бүгінгі өлкетанушылардың мақсаты-аяқ жетер жердегі мәліметтерді жинақтап, сол ел аузындағы әңгімелермен салыстыра отырып, шындықтың бетін ашу. Нәтижелі еңбек жазып қалдырған ел ағалары Ә. Спан, М. Абылхан «Ермембет би», Ж. Нұрмаханованың «Маңғыстау тарихы», Ж. Көңілімқосұлы «Бабалар баяны-ұрпағына аманат» еңбектерінде толыққанды баяндалған.

Зерттеудің мақсат-міндеттері: Есен Ермембет бидің қазақ тарихындағы өшпес мұраларын, шешендік сөздерін, батырлығын, елдер арасындағы бітімгерлігін зерттеп-зерделей отырып, оқушы қауымға жеткізу. Ермембеттер өмір сүрген кезең, аласапыранға толы заман еді. Жауласқанмен жауласып, қандасқанмен қандасудың да шегі бар заманда жаужүрек батыр мен қолбасшының да жұмысын Есен Ермембет би алмастырған болатын. Өз кезеңінде көрші елдермен мәмлелер жасауға, дау-дамайларды шешуде өз шешендігімен батылдығымен, адалдығымен, әділдігімен ел жадында сақталған.

Ермембет атамыз туралы білгеніміздің білмегеніміз көп. Оған ол туралы жазылған еңбектер мен кітаптар куә. Жұмысты жазу барысында Ақшымырау ауылының ақсақалы Ермембет туралы зерттеп-зерделеуші Есен Серіков Қошақанмен кездестім, дегенмен Ермембет би туралы зерттеп-зерделеу жұмыстарының әлі де болса аз екендігіндігі анық. Осы жұмысты орындау барысында Ермембет бидің әділ төре екендігін ашып айтқым келеді.

Маңғыстау өлкесіндегі бір кездері қазақ жеріне тіпті, көршіліс жатқан елдерге «өз өмірінде де, өнерінде де өрнегімен ел есінде қалған тарихи тұлға» екенін дәлелдеу. Қазақтың үш биімен тең келетін Ермембет бидің айтқан сөздері қоғамдағы ащы шындыққа қарсы ашық пікір айта алатын тұлға екенін көрсете отырып, дәлелдедім. Жұмысымның жаңалығы ретінде Ермембет бидің сөздері көрегендік пен ғұламалықтың, шешендік пен ақындықтың, екі елдер арасында атқарған қызметі үлкен дипломатиялық елшіліктің көрінісі деп көрсетуге болады.

Он бес жасында би атанған Ермембет.

Адай ауылдары арасында көптен бері шешілмей,тиянағына жете алмай келе жатқан мал дауы бар екен. «Сол дау билер алқасында қаралып, шешіледі» деген хабармен ауылдың қарттарына еріп он бес жасар Ермембет те барыпты. Дауды тыңдауға ел көп жиналыпты. Дауды қарау екі жақтың сөз ұстаған билерін тыңдаудан басталған екен. Ара-ағайын және сол уақыттағы белді би саналатын Киікбай Жолдасбай әрі-бері сөйлегенмен, сөзінде тұрлаулыпікір, екі жақты да риза етерлік уәж айтылмапты. Бірақ, оның ұзақ-сонар әңгімесінен дауға жиналған ел жалығып кеткендей болыпты.

Айтулы бидің мылжың сөзінен жиналғандардан жалығып кеткенін көрген, өзі де қанағаттанбай тұрған балаң жігіт Ермембет дауды тыңдап отырған билер алқасына жақындап келіп: «Рұқсат болса, менде бір сөз бар еді» депті. Сонда Жолдасбай би қасында тұрғандарға қарап: «Мынау қай бала?» деп сұрапты. Ермембетті танитын біреу: «Бұл Есен Тұрдың Ермембет деген баласы ғой» деп жауап қайырыпты.

Жап-жас баланың көп ішінен суырылып шыққанын жақтырмаған Жолдасбай «Ой, енеңді...» – деп боқтап жіберіпті. Оның боқтығын құлағы шалып қалған жас жігіт атақты биге қарап:

«Енемді боқтағаның – ол өрбіткен елімді боқтағаның,
Денемді боқтағаның – оған ие болар жерімді боқтағаның,
Елімнен, жерімнен көрген жаманшылығың бар ма,
Елімде-үйің, жерімде-малың мыңға жетті» – депті.

Қапелімде аңырып сөзден тосылып қалған, артынан барып мына жігіттің тегін еместігін аңдыған Жолдасбай: «Әй, Ермембет, кел-кел, қолыңды жай, батамды берейін. Өзің Адайдың бағы үшін туған бір бала екенсің», – депті.

Сол кезде Ермембет: «Әй, Жолдасбай, менің арғы атам Сейіттен бастап Құдай берген батам бар. Сенің әкең Киікбай ала қырда астында бекі-бекі көкшолақ аты бар, үстінде қаудырлаған қу тоны бар, аяғында қу шоқайы бар, өмір бойы киік қуып өткен адам болыпты, сондықтан әкесінің азан шақырып қойған аты ұмытылып, «Киікбай» атанып кеткен екен. Сонда мен «Астыма бекі-бекі көк шолақ бер, денеме қу тон, аяғыма шоқай бер» деп бата алам ба?» депті атақты биден қымсынбай.

Жолдасбайдың мына балаң жігіттен оңбай тосылғанын аңдап қалған бір дуалы үлкен кісі тұрып: «Әй, Ермембет, шырағым, осы дауға төрелікті өзің айт», – депті. Үлкен кісінің сол айтқанын жан-жақтан қаумалап тұрған халық көпшілік қолдап кеу-кеулеп кетеді.

Ермембет жұрттың шуылы басылған соң барып: «Таласушы екі жақ, даудың аңысын аңдып, шешімін күткен ара-ағайын келісіп кесімді сөз айтуға рұқсат берсе, менің төрелігім дайын» – депті айнала қоршап тұрған адамдарға жағалай қарап: «Бердік төрелік билікті», «Айтсын, рұқсат, рұқсат» деп көпшілік шу ете түсіпті.

Сонда Ермембет көпшілікке қарап тұрып былай деп сөз бастапты: «Уа, ағайын арғы атамыз бір кісі, берекет дарыған, пейіліміз даладай кең ел едік қой. «Мал бір жұттық, қолдың кірі» демей ме аталарымыз? Сол малды дау-дамайсыз-ақ топалаң мен жаманат деген індетке беріп жатқан жоқпыз ба? Біздің қазекем «Ағайын ащы, мал тұщы» депдұрыс айтылмаған сөзді көлденең тартып алға тосады. Шындығында мал ащы, ағайын тұщы болғанға жететін не бар? Басың ауырып, балтырың сыздаса, басыңа қиын іс түссе, басыңды сүйейтін сол ағайын емес пе еді? Қызылдасаң да, жылуласаң да ағайын сенікі екені өтірік пе? Ит пен құсқа жем болып жатқан малға бола ағайын арасы ашылар болса, біздің елдігіміз қайсы, бірлігіміздің не қалады?» – деп тыныстайды балаң жігіт. Тыңдап тұрған көпшілік оның жүйелі де, орнықты сөзіне риза болып, әр тұстан қостаған дауыстар естіліп жатады.

Достар Ермембет үйінде қонақта.

Үлкен кісілеріміз «Ермембет Исадан он бір жас тай үлкен екен» дейді. Бірақ, ел арасындағы сөздерде Ермембет пен Иса құрдас адамдарша сөйлеседі екен деген әңгіме айтылады. Бір күні Мәтжан би Ермембетке: «Ереке, осы сен Исекеңнің үш жастай үлкен емессің

бе?» – деп сұраса, Ермембет: «Сенің өзің не айтып отырсың?» «Жасы бірге жандай құрдас, бір жас үлкен балдай құрдас, екі жас үлкен таңдай құрдас, үш жас үлкен молдан құрдас, төрт жас үлкен зордан құрдас» дегенде шығарған мен емеспін. Халықтың айтқаны ғой» депті дейді.

Бір сапарда Ермембет би бір жақтан жолаушылап келе жатып кешке қарай Алаторпаның қабағында отырған Исаның ауылына келіп түсіпті. Уақыт күздің кезі, қойдың түнекке кетіп, екі-үш күнсіз оралмайтын мезгілі болса керек. Қолында соя қоятын мал болмай қалып, Иса Ермембетті өлі етпен сыйлапты. Бес достың арасында, бір жағынан нағашылы-жиендігі бар Ермембет Мәтжанмен қатты әзілдеседі екен. Ал, Исамен ондай әзілге көп бармайтын сияқты. Дұрыстап қонағасы бере алмаған Иса: «Кідір, мал алдырып дұрыстап қонағасы берейін» дегенінен аға би қарамапты. Асығыстық жағдайын айтып ауылдан аттанып кетіпті.

Көп ұзамай Иса Мәтжанға кездесіп қалып, үйіне келіп қонған Ермембетке қонағасы бере алмағанын айтып: «Не де болса ұятты болып қалдым. Бұның арты қалай болар екен?» – депті. Сонда Мәтжан сәл ойланып түрып: «Бұл жайды Ерекең алдымызға бір соқтырды. Және, Исеке, ол сені құрдас қылып алды ғой. Менің ойымша, бұған жасайтын бір ғана амал бар: өзінікін өзінің алдына келтіру керек. Ол үшін келесі жылы күзде, қой түнекке кететін кезде орайын келтіріп үйіне барып түсе қалалық. Бір қапысын тапсақ, сонда табармыз. Мүмкін, оған дейін Ерекең бұл жайды да ұмытып кетер. Басқа амалын көріп тұрғаным жоқ» депті. Осыған өзара сөз байласады да, келесі жылы күзде, мал түнекке кететін уақытта Иса, Тілеген, Мәтжан мен Ораз төртеуі бір күні Ермембет үйіне сарт етіп түсе қалады. Бұлар келген кезде жұмсай қоюға Ермембеттің баласы да ауылда болмай қалыпты. Ерекең қызын сыртқа алып сыбырлапты: «Анау Мәуленнің бергі алдында отырған Қоштай ауылы, осы арадан он шақырымнан көп емес. Барып екі түрлі шай сұра. Егер берсе, екеуін екі жанқалтаңа салып келерсің, мен көретін болайын. Шайыңды келгесін демдерсің. Мен қонағасы малды сойдырып дайындып қоярмын. Сен келгенше қонақтарды ағарғанмен алдарқата тұрамын. Кідірмей тез кел» деп жұмсап жібереді. Үйінде жақсы шай таусылып қалған кез екен. Қонағасыға соятын малы, қонақтарына сыйлайтын шапан, мінгізер аттары дайын болса керек.

Сыйлас інелерімен оны-мұны айтып отырғанда қызы да келеді. Екі қалтасының шайға толы екенін айтпай-ақ байқаған Ермембет

сол отырған күйі қызын дауыстап шақырып алады да: «Әй, қарағым, мына қонақтар елдің еркелері ғой, шайды да, қонақасы да талғап ішетін адамдар. Екі аққұманға екі түрлі шайдан демде, бірін «қатты» дер, бірін «тәтті» дер. Екі қой сойып, екеуінің етін екі қазанға асып пісіріңдер, бірін «арық» дер, бірін «семіз» дер, қалағанын ішіп-жейтін болсын. «Қонақасыны дұрыс бермедің деп мінеп кетіп жүрмесін» депті. Бейуақытта Ерекеңнің қысылып, қапылғанын көргісі келген қонақтары берілген қонақасынан мін таба алмай, енді аттанғалы рұқсат сұрапты. Ермембет «Рұқсат Алладан ғой», – деп қалыптасқан әдет бойынша қонақтарынан бұйым-қызмет сұрайды. Олар өзара келісіп қойғандай-ақ: «Ереке, бұйымды не қылайық. Бұйым бітті. Біздікі тек амандасып, әңгімелесіп қайтайық деген ниет қой» десіпті. Сонда Ермембет Исаға қарап отырып: «Иса, сене төрелеу едің-ау, саған астыма мініп жүрген жорғаның тұқымдасын белдеуге байлатып қойдым. Соны астыңа мініп кет» депті. Абыз Тілегенге «Сен жұқалау едің-ау, ояз-әкімдермен жақындау жүргеніңмен, ар жағың белгілі, соны ескеріп бөлек қаматып қойған қырық бойдақ қойды алдыңа салып айдап кет» депті. Тоқтамыс Оразға қарап: «Саған соғымға бір ту биені дайыдатып қойдым. Жетегіңе ала кетерсің» депті. Ең соңында Мәтжанға қарап отырып: «Әй, Мәтжан, сенің жүрісің тегін жүріс емес. Мыналардың бастарын қосып қиқым іздеп жүрсің ғой. Саған ештеңе бермейін деп отырмын» депті. Сонда Мәтжан отырып: «Құр қайтыпты» деген атаққа мен қалмаймын, «Құр жіберіпті» деген атаққа сіз қаласыз. Себебін айтайын: «Баяғыда Хиуаның ханынан сұрап алған жерге Есеннің отыз үйін көшіріп апарып, қасқалардың дені бір жайылып еді. Мен ханнан суды сұрап алғанда ішінде сіз де бар едіңіз. Сонда: «Мәтжан-ау, бізден де бір ұл туған екен ғой. Мына ісіңе ырза болдым. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деген, көп Жарыдан тұлпар шыққан екен. Тірі болсам хиуазын бір қайырармын деп едің. Бүгін сол уәдеңді орындадың» депті.

Сонда Ермембет: «Әй, Мәтжан, қайтер екен деп айта салып едім. Өкпең дұрыс, ол айтқанымды ұмытқан жоқпын. Әй, құрымағыр-ай, Мәтжан Ермембеттен құр қайтқан екен деген сөз маған абырой еді де, саған өлім еді, соны біліп тұрсыз-ай. «Ер назары мен пір назары жаман» деген сөз бар еді, сен де бір бие алып кетші» деп Мәтжанның жетегіне де бір бие байлапты дейді. Сөйтіп, әдейі сынай келген төрт биді көңілді аттандырып салыпты. Бірде дос-жарандары Ермембет биден: «Құдай деп айтыңызшы, осы сіздің де біреудің алдында сөзден тосылған кезіңіз болды ма?» – деп сұрайды.

Сонда би: «Жалынбайтын жақты, сүрінбейтін тұяқты Алланың өзі де жаратпаған»-десе керек. Халық «Табылған сөз мүдіртер, бұдырлы сөз кідіртер» дейді. Тауып айтылған сөздің таласы жоқ. Ал тек ата жолы, дала заңын басшылыққа алған юриспруденциясы, қылмыс зерттейтін қызметі жоқ ортада, аққа құдай жақ қана заманда тура бидің кідіріп, кібіртіктеген тұстары, сірә аз болмаған. Істің ақ қарасын алдымен өзінің көзі жетіп алмай тұрып белден басып сот құрып, кесіп айту алдымен бидің өзіне сын. Өйткені, көп көзі-көреген, халық көңілі-таразы. Ел аузында аты қалған би-бақытты би деген екен.

Өше жаздап өскен бір дәулет.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ жөнінде хатталған небір дерек, мағұлматтарда қағазға түспеген, адам жадынан уақыт тезі өшіруге айналған талай-талай тағдырлар бар. Мұны түсінуге, ол тарихты зерттеп-зерделеу үшін оны өз басынан өткізген, бүгінде арамызда сирек те болса некен-саяқ ғасырға жуық ғұмыр кешкен, көнекөз қарияларымыздың әңгімелерін, азабы көп те болса жігері жасымай, өмірдің өзінше қызығын көріп, хаттап артқа қалдырып кеткен ақсақалдарымыздың өмірі мен ғұмыры арқылы тарихи деректерді кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру да үлкен міндет. Кейінгі ұрпақтары бабаларының басына үлкен кесене салуды мақсат ете отырып, 2003 жылы би кесенесін салған еді. Халық ішінде Ермембет бидің үш қасиеті ерекше есте сақталып қалған.Сондықтан бірінші бағамда оның би екендігінің нышанына арналған: ең жоғарыда көмкерме жиектастан төмендегі үш түбектің картасы өзінің билік құрған өлкесін көрсетсе, орта шендегі дөңес қалқандағы қамшы-би екендігінің белгісі. Екінші бағандағы қалқан үстіндегі қылыш пен шоқпар батырлық қасиетін көрсетеді. Үш бағанның жоғары басы дөңгелек жиектаспен көмкеріліп, қасиеттері әр түрлі болғанымен оның бәрі бір басқа топтасып, содан ғана нәр алып, өзара келісім тауып қайта тараланатынын дәлелдейді. Әрі қарай күмбездене барып түйінделіп, ерекше айбындылықпен аспанмен тілдеспекке ұмтылып, сана мен ақылдың арқасында көктегі аймен табысқан.Енді бір үлкен элементі-құлпытас. Ол аға биге, билер сотына сай еңселі қылып салынған. Құлпытастың ішкі бетіне бидің гениологиялық шежіресі жазылған. Толық мәтіні төмендегідей: Адай-Келінберді-Бұзау-Айтумыс-Шылым-Өрдек-Есен-Сейіт-Тастемір-Тұр-Ермембет. Екінші бетіне: Тұр ұлы Ермембет (1818-1908 жж.) «Көже қарнымды тойдырған

Хорезмнің ойы,

Әмударияның бойы

Көңіл қарнымды тойдырған

Тіл дарияның көзі

Ермембет бидің сөзі» – деген атақты Мәтжан бидің ризашылығы жазылған.

Шежіре – бейнелеп айтқанда алып бәйтеректің тереңге жібереген тамыры болса, бәйтеректің әрбір жапырағы тереңдегі тамырын нәрімен жайқалтантын заңды түсінік. Адай тайасының бір-ақ пайызын құрайтын Есен руында да баба ұрпақтарына тән қан қуалаушылық қасиеттің бәрі бар. Сонымен бірге Адайдан шыққан аузымен құс тістеген, дуалы сөзді шешен-билердің ел мен елді жарастыра білудегі ерекше қасиеттері, батыр-бағландары көп. Оның дәлелі КСРО-ның Жоғарғы Советінің бірнеше мәрте депутаты Шамғұлов Оспан, Егеменді Қазақстан Парламентінің негізін қалаушылардың бірі Ережепов Қайролла, Төретаев Қуаныш, Жакулаев Әртелбек сынды ағаларымыз бар. Бүгінде Ермембет бидің ұрпақтары сабақтастығын жалғатырып отырған баба-Махаруұлы Орын, ата-Орынұлы Машани, әке-Машаниұлы Нұрлан, бала-Нұрланұлы Марғұлан. Есен шежіресінің алғашқы нұсқасын Әзірбай Бөріұлы Махамбетов (1913-1997 жж.) қолжазбаларында келтірген.

Өнер-өмірдің нақ бейнесі, айнымас сәулесі, ойының қордасы, пікірдің түйіні. Қазақ халқының қай өнері болмасын оның тіршілік тынысына ұқсас, үндес негіз тапқан. Жазу-сызудан гөрі ауызша айтылып, зейінге құйылған, зердеге қордаланған әр аймақтың өнері, тұрмыс-салты, дәстүр-дағдысы өзіне тән. Қазіргі Қазақстанның батысында Маңғыстауды қоныстанған қазақтардың Адай тайпасының ауыз әдебиеті өз алдына даралау көрініс береді. Небір оқиғалар, аңыздар өріліп, шындық атаулымен шендесіп жатады. Әр елдің, әр аймақтың өз сөз ділмарлары, шешендері болғаны ақиқат. Жалпы тілімізде би, шешен сөздері әлдеқашан бірігіп, біртұтас ұғым беріп, кірігіп кеткені айқын. Дегенмен би болу үшін бір ғана сөз шеберлігі жеткілікті болып шықпайды. Би ең алдымен елдің тарихын, дәстүрін, әдет-ғұрпын, ел басынан бұрын-соңды өткен оқиғаларды жүйелеп отыруы бірден-бір қажеттілік.

Маңғыстау өлкесіндегі бір кездері қазақ жеріне тіпті, көршіліс жатқан елдерге «өз өмірінде де, өнерінде де өрнегімен ел есінде қалған тарихи тұлға» екенін дәлелдедім. Қазақтың үш биімен тең келетін Ермембет бидің айтқан сөздері қоғамдағы ащы шындыққа қарсы ашық пікір айта алатын тұлға екенін көрсете отырып, көршілес жатқан елдермен дипломатиялық кездесулерде шебер саясаткер бола алғандығын дәлелдедім. Жұмысымның жаңалығы ретінде

Ермембет бидің сөздері көрегендік пен ғұламалықтың, шешендік пен ақындықтың көрінісі, шебер саясаткерлігін толыққанды ашып көрсеттім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ә. Спан, М.Абылхан «Ермембет би» 2003 ж Астана

2 Ж. Нұрмаханова «Маңғыстау тарихы» 2011 ж Алматы

3 Ж. Көңілімқосұлы «Бабалар баяны-ұрпағына аманат» 2014 ж Алматы

4 Маңғыстау мұралары «Парыз» ізгілік шағын мекемесі 1993 ж

5 Интернет материалдары

6 Ермембет бидің ғұмырнамасы туралы мәлімет жинақтаушы Серіков Қошақанның жазбалары...

С. ЕЛУБАЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

САПАРБЕК И.
оқушы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
ЕЛЕМЕСОВА Г. Н.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ әдебиетінің күрделі мәселелерінің бірі – жазушының шығармашылық лабораториясын зерттеу болып табылады. Әрбір суреткердің өз болмысы оның шығармашылығында көрініс беретіндігін ескерсек, бұл қағиданы басшылыққа алу қажеттігілі туындайды. Ұлттық әдебиетімізде бұл сала XX ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап қолға алынды. Ширек ғасыр ішінде тап осы мәселені зерттеген іргелі еңбектер өмірге келді. Осындай еңбектерді өмірге әкелген М. Әуезов, С. Мұқановтар соны соқпақ салған бұл дәстүр қазіргі әдебиетімізде де жан-жақты жанданып, сыншылардың қатары аз ғана уақыт ішінде бой көтерді. Бұған дәлел ретінде, Ш. Елеукенов, З. Серікқалиев, Б. Майтанов, С. Жұмабеков, Ж. Дәдебаев сынды т.б. әдебиет зерттеушілерінің еңбектерін атауға болады. Оның үстіне, әлі де болса әдебиетімізде өз алдына зерттеуді қажет ететін, өзіндік стилі бар, қоғамға айтары бар ғылыми жүйеге объекті болатындай талантты жазушылардың бірі – С. Елубаев шығармашылығы екендігі де айқындала береді.

1960-2000 жылдар қазақ прозасының көркемдік дәрежесінің өсіп, кәсіби шеберлік жағынан шыңдалып, әлем әдебиетіндегі

өркениетті өрісті игергендігін бүгінде оқырман қауым да, ғылыми ортада мойындап отыр. 1960-70 жылдары қазақ прозасына келген Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, О. Бөкей, Д. Исабеков, А. Сүлейменов, Қ. Ысқақов, С. Мұратбеков, Т. Әбдіков, Т. Нұрмағамбетов, М. Байғұт т.б. сынды жазушылармен бірге есімі елге танылған С. Елубаев шығармашылығы өзіндік дара қолтаңбасымен дараланып, бәрімізге етене таныс ауыл өмірі мен ондағы кең пейіл, қазақи мінезді адамдардың тағдырын, күнделікті тұрмыс-тіршілігін бейнелеу арқылы ұлттық мінез мен ұлт тағдырын көркем сөзбен кестеледі. Өзіне ғана тән әдемі әзілімен, сырт көзге сездірмей шымшып алар юморымен, кейде ащы мысқыл күлкісімен астарлы ой айтып, оқушысын сан алуан күй мен түрлі күрделі ойға бөлейтін жазушының шығармашылығы 70-ші жылдардан бері қазақ оқырмандарына өзінің өткенін, тарихын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, мінез-болмысын т.б. бейнелеп келеді.

Х. Әдібаев: «Шығарма деген белгілі оқиғалардың тізбегі емес. Шығарма жазушы жүрегінде, ойында қайнап-пісіп, кітап оқушылары зейін қоюға тұратын, жігер-қайрат, адам қоғамының өсе беруіне, еселей беруіне үн қоса алатын жанр» [1, 59 б.] дейді. Сонда қай жанрдағы шығарма да алдымен өзінің көркемдік-шығармашылық болмысымен құнды екені айқындалады. Жазушы, суреткер тұлғасы оның шығармашылығымен, қаламгерлік болмысымен бағамдалады. Смағұл Елубаевтың ұлтжандылығы оның әңгімелерінен де аңғарылады. Жазушыны өзгелерден даралап тұратын да, шоқтығын биіктетіп тұратын да, әдемі де әуезді тілі. Жазушы шеберлігі сол екі бетке жүк болатын оқиғаны екі ауыз сөзбен көз алдыңызға алып келеді.

«Смағұл Елубаевтың шығармаларындағы өзгешеліктің түп – төркіні осы қарапайымдылықта жатқандай. Жазушының өзіндік стилі де қарапайым, сөз саптасы мен жай оқиғадан үлкен ой түюге деген талабында, қарапайым еңбек адамдарының психологиясында болып жатқан өзгерістерді шынайы жеткізе білуінде сияқты» [2, 163 б.] – деп Б. Уахатов өз еңбегінде жазушы жайында пікір білдіреді. Жазушы қаламының жүйріктігі, ойының алғырлығы, өмір талабын сергек сезінетіндігі әр шығармасынан да байқалып отырады.

Ғалым Серікқали Байменше өзінің «Зергердің зертханасы» атты еңбегінде: «Шығармашылық процесс – күрделі нәрсе әрі нақты айқындалмаған ойлау процесі. Ал шығармашылық процестің психологиясы – шығармашылық қызметті психологиялық тұрғыда зерттеудің саласы. Оның әдістемелік арқауы ретінде тарихылық

принципі алынғанымен, ерекшелікті проблематикасына негізінен шығармашылық процесінде көрініс беретін елестетудің, ойлаудың, түйсіктің, шабыттың, қабілеттің, таланттың, дарындылықтың рөлін зерттеу жатады» [3, 123 б.] – деп жазғанындай, оның шығармалары көбінесе дерекке негізделіп жазылып, сол кездегі адамдар бейнесін жан-жақты көрсетуімен, белгілі бір заманның тынысын, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік-саяси мәселелерін, идеологиясын, жалпы ұлттық болмысын айқын суреттеумен ерекшеленеді. Осы пікірге сай, С. Елубаевтың әңгімелерінің дені замана тынысын, қазақ халқының тұрыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайларын арқау етуімен бағалы.

С. Елубаевтың тағы да бір көлемді әңгімесі – «Тарзан». Түз тағыларының тіршілігіне арнаған әңгімесінде дала хайуанаттарының да тіршілік үшін қандай шайқастарға баратындығын, күнделікті тамақ үшін ештеңеден тайынбайтын нағыз түз тағылық келбеттерін ашқан. Әңгімеде бас кейіпкер – Шәкір. Аң аулағанды, ит асырағанды ұнатады. Бірнеше иті бар, соның ішінде Тарзанды қатты жақсы көреді. Өйткені Тарзан елгезек, болмысы да өзге иттерден бөлек. Аңға да Тарзанмен шығып, үнемі олжалы оралады. Тарзанның мықтылығының алғаш дәлелденетін тұсы – оның Дәуқара қасқырмен жақпе-жегі болатын. Осы көріністі автор былайша сипаттайды: «Тарзанның қаншық атаулыға емексінуі тұңғыш болса да, құрғақ төбелесті көруі жалғыз бұл емес еді. Тұра қалып майдан берді. Дәуқара мен Тарзанның ұстасуы қатты. Тарзанның астына түскен Дәуқараның тоны жыртылып, әр иттің аузына кетті де, шайқас бітті» [4, 63 б.]. Бұл Тарзанның Аққаншықты өзіне қарату жолындағы алғашқы жеңісі болатын. Иттер мен қасқырлардың да әр түрлі болатыны белгілі. Бұл әңгімеде де Тарзанға қарама-қарсы бейнеленуші Бөрібасар бар. Әңгімеге назар аударайық: «Бөрібасар әлжуаздау салбөксе ит болатын. Оның үстіне ұйқыбас жалқау. Оның да осындай әсем «қалыңдықтан» дәмесі бар. Бірақ әлгіндей жанқияр күреске жоқ. Сондықтан талаған топтың бетін сырттай бағып, күдер күтпегендей көп араласпайтын» [4, 64 б.].

З. Қабдоловта: «Тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол құбылысына берген бағасы» [5, 15 б.]. Талантты шығарманың оқырманды баурайтын тартымдылығы да негізгі идеяда жатады. Идея мен тақырып үндестігі С. Елубаев еңбектерінен айқын көрініс табады. Бір шығармадағы бірнеше және әр алуан жеке тақырыптар мен

идеялардың басын бір жерге қосып, бір арнамен өрбітіп тұрған бірегей, өзекті мәселені негізгі идея дейміз. Бұл әңгіменің идеясы – түз тағысын қанша асырап бақсаң да, өзінің даласына қарай тарта береді. Бұл жерде М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесімен үндестік бар. Бала жастан өсіріп, тәрбиелеген Құрмашқа ақыры Көксерек жау болып шықса, «Тарзан» әңгімесіндегі Тарзан да иесі Шәкірден бойын аулақ тартып, өзінің негізіне, қасқырларға тарта береді. Сол сияқты Шәкір алғаш ауылына әкелген күннен бастап Тарзан өзінің басқа ауыл иттерінен бөлектігін байқатады. Әңгімеде бұл ерекшелік былайша суреттеледі: «Бір қызығы, Тарзан мінезімен де, түр-әлпетімен де ауыл иттеріне ұқсамай шықты. Тарзанның тік қайшы құлағына, бір тұтамдай құйрығына, көзінің өткірлігіне, шапшаң дене қимылына қарап: «Бұл көпірдің негізі қасқырдан болар»-деп долбар айтса, енді біреулері қазақы төбеттеріне саятын. Ақыры, білгіштердің бәрі өзара ерегісе келіп: Осы бәтшағар қасқыр да емес, ит те емес, солардың ортасынан шыққан будан болмаса неғылсын – деген бір түйінге келетін» [4, 70 б.]. Талантты жазушылардың бірі – Смағұл Елубаев. Жазушының шығармашылығы мен шеберлік қыры бүгінгі оқырмандарға молынан таныс, әдеби және ғылыми ортада мойындалған, сондықтан да ғылыми-зерттеу нысанасына алуға әбден лайықты деген мақсатты өзімізге міндет санадық. Қаламгер өзінің шығармаларында адам өмірінің барлық салаларында материалдық және рухани құндылықтарды қоса есептегенде жалғастыққа, тұтастыққа ерекше мән бере білгендігімен дараланады. Бұл ретте материалдық пен руханилықты кезекпен басымдыққа шығаратын позицияларды өмірлік мәндерге айналдыру, материалдық игілік арқылы тіршіліктегі орнын табуға ұмтылудың өзі сәйкесінше адамның ақылы қайырымды істерге бағытталғанда ғана жақсы нәтиже беретіндігін жазушы өз шығармалары арқылы насихаттайды. Оның ой-толғамдарында бүгінгі ұрпақ пен келешек иелерінің қоғамдық, адамзаттық құндылықтарды игеруіне де баса назар аударылған. Бұл ретте әрбір адамға ауқымды өмірлік, әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілік жүктелген. Әңгіме-повестері, романдарының өзінде тек қана адалдықты, жақсылықты ту етумен болған проза шеберінің қай еңбегінің де салмағы ерекше.

Поэтикалық шеберлік тұрғысынан сөз еткенде, Смағұл Елубаевтың тіл қазынасындағы қарапайым сөздердің өзінен жаңа дүниені туғыза алған суреткерлік талғампаздығын айту қажет. Кез келген шығарманың идеясын ашуда тіл құралдарының ең лайықтысын таңдап алады да, жұп-жұмыр өнер туындысын

жасайды. Жазушының алғыр ойы айшықты өрнектермен қатар астарлы, алымды афоризмдер мен ақыл-нақыл сөздерді туғыза алған. Осы арқылы ақын образдылықтың көркем үлгілерін тудырады.

Сонымен жазушылар мақал-мәтелдерді, негізінен, кейіпкер тілінде сол қалпында жұмсайды; инварианттарды кейіпкер бейнесін, оқиғаны нақтыландыруда, психологиялық жай-күйді танытуда кеңінен еркін қолданады; мақал-мәтелдер шығарманың көркемдігін арттырып, кейіпкердің бүкіл бітім-болмысын айқындауға себін тигізеді; белгілі оқиғаны суреттеуде, кейіпкердің психологиялық күйін тануда, мақал-мәтелдердің маңызы зор екендігі тілдік қолданыстардан байқалады; авторлар бірнеше мақал-мәтелді, тұрақты тіркестерді қатар қолданып, сөйлемнің экспрессивті-эмоционалды реңкін күшейтіп, оқиғаны «қалыңдата» жеткізеді; мақал-мәтелдер жазушылардың шеберлік қырын танытады, оларды қаншалықты игергендіктері айқындалады.

Жазушының кез келген кейіпкерінің жан дүниесінің әлемін суреттеу шеберлігі, тіл өрнегі, характердің ашылу тәсілі, сюжет пен композиция құрылымының ерекшеліктерін саралай келе, қазақ прозасының деңгейін көтеруге ерекше ат салысқан жазушы екендігін айқындайды.

Қорыта келгенде айтарымыз: біз зерттеу нысанасы еткен Смағұл Елубаев шығармашылығы еркін ақыл - ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арман аңсары да асқаралы.

Смағұл Елубаев көркем әңгіме жанрын жан-жақты байытты. Терең ой мен мағыналы тағылым, өнеге мен өсиет жазушының әрбір туындысынан табылады. Әбден толысқан қаламгердің әңгімелері өмірге құштарлық, болмысқа деген өзіндік көзқарастарымен қызықтырады. Жазушы шығармаларынан салт-дәстүрдің де халықтық сипаты өрісін тауып, жастарды ұлттық тәрбиеге шақырады. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық отбасы жарастығы мәселелері де назардан тыс қалмайды. Бүгінгі күн тынысын бейнелеген шағын туындыларында жаңаша көркемдік әдістерге бойлау бірден байқлады. Сондықтан да оның шығармалары терең этикалық-философиялық толғамға толы болып келеді.

Ең алдымен жазушы жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, ішкі сұлулықты, ішкі тереңдікті, рухани

құндылықтарды жоғары қойып дәріптейді. Жазушыға тән негізгі қасиет – шығармаларына психологиялық, лирикалық сарындармен қатар философиялық ой дарыту басым. Сондай – ақ, драматизм, трагедиялық тағдыр, жаратылысы қызық характерлер ұтымды көрініп отырады. Бұл ойларды жоғарыда қарастырған әңгімелерден айқын аңғардық.

Суреткерлер туындылары арқылы өз шығармашылығына тән оқиғалардың шынайылығы, тартымдылығы, кең тыныстылығы, композициялық құрылымның шымырлығы, тілінің құнарлылығы жарқырай көрініп, көркемдіктің биік белестеріне жол бастайды. Қай жанр болмасын жазушы өзінің еңбекқорлығы мен алға қойған мақсатына айқын жете алатындығын байқата алды. Дәуір мен адамның диалектикалық байланысын ел өмірінің көп салалы шындығы арқылы қаламгер шебер суреткерлікпен көркем бейнелейді.

Сонымен қатар жзушы шығармасында халықтық тіл, сөйлеу өнерінің алуан кестелері келісті көрініс тапқан. С. Елубаев әңгімелеріндегі басты идеялық нысана - халық тіршілігі.

Жазушының 1968 жылы жазылған «Жез бақай» атты туындысы. Бұл әңгімеде қызы қырғынға ұшыраған бейкүнә киіктерді пәк, жаны таза сәби секілді астастыра бейнелеген. Бұл әңгіменің де өзіндік айтар ойы, терең мағынасы бар.

«Айтушылар: өте ерте, ертеде, ай астында адамның көлеңкесі де жоқ кезде, қазақтың кең даласында үйір-үйір киік жүреді екен дейді. Табиғаттың бейкүнә төлі – ару ерке жануарлар даланың көркі мен сәнін келтіреді екен. Ол кезде киіктер алтын мүйізді болыпты. Шабысы шығыс пен батысты жалғап, басты арқаға салып ап зырлағанда, мүйіздері ақпа жұлдыздай жарқырып көгілдір кеңістікті тіліп бара жатады дейді» [4, 84 б.]. Әңгіменің басталуы лирикалық шегініс арқылы суреттелген.

«Солтүстік желі суық ызғырыққа айналып, ауа райы бұзыла бастаған. Жиі-жиі аспан шағырмақтанып, күн көзі де сирек көрінеді. Көкжиектен өре шығып түтеленген қысыр бұлт көшеді. Ертеңнен кешке дейін азынаған қара жел. Шөбі құрап, солған дала реңкі біркелкі қарасұр. Салмақты, ойлы пішінде. Үзбей соққан құрғақ желге бұта біткен теңселе бас шұлғып үн қосады. Алыс кеткен шулы жаз» [4, 84 б.]. Міне, осы жолдар арқылы автор дөп басып айтпаса да иектеніп, тақап қалған қыс мезгілі екендігін жүдеу, мұңлы ызыңмен ұқтырады.

«Үйір соңынан қуып жеткен шалбас текенің көз алдына жабылып ит талаған көрі ешкі келе береді. Жанұшырып қашуға

ұмтылған ешкіні құйрықтары шошаңдаған дырқы төбеттер бір жіберіп, бір жығып азаптады. Одан кейінгі – салмағы жеңіл шыбышты жығып ап ойдан-қырға сүйреген сәті, құтырынып алған Қараланың жан аямас жауыз кейпі, еркіне тисе, бәрін де мылжалап әлгідей ойдан-қырға сүйреп өлтірмек пиғылы, бұл оған жер тарпып қарсы шапқан кездегі құты қашып жалт берген оның бейшара қалпы көз алдынан кетер емес» [4, 95 б.]. Бұл үзіндіден жазушының тағы бір шеберлігі – психологиялық тартысты көруге болады. Яғни азапты өлім мен өмір арасындағы ой. Бұл ойды жазушы киелі де қасиетті жануар тілімен жеткізіп отыр.

Адамзаттың асыл армандар жолындағы күресін, парасатын жырлап, жан дүниесінің сырын шерту – көркем әдебиеттің әріден келе жатқан басты мұраты. Бұл мақсат ешқашан да өз маңызын жоймақ емес. Қайта күн өтіп, заман өзгерген оның мәні арта түседі. Себебі қай кезде де әдебиеттің өзегі – адам, оның өмір жолы, ішкі әлемі. Мақаланың өзегі болған С. Елубаевтың шығармашылығы қазақ әдебиетінде өзіндік орын алып отыр. Қандай туындысын талдасаң да бүгінгі заманымыздың немесе өткен уақыт уақиғаларының, я тарихи жағдайлардың көркемдік шындығы өз қалпында көз алдымызға келеді. Тіршіліктен туындайтын кейбір қайшылықтар сол қалпында жеткізілген.

Жазушы өмірлік мәліметтерді тиімді пайдалана білген. Сондықтан әр кейіпкер ісі, сөзі бір-бірімен сабақтасады. Автордың мазмұндау, баяндау құрылымы көздеген идеясына негізделген. Әр кейіпкердің өзіндік сомдау сипаты да үлкен ізденіспен жасалған. Кейіпкерлердің сөйлеу тілінде ұлттық ойлау, менталитет ерекшелігі сезіліп отырады. Ежелгі халық шығармашылығынан, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден енгізу арқылы өткенге құрмет белгісін білдіреді. Кейіпкерлер сөзінде өткірлік, әзіл-әжуа бар. Әрине, кейде белгілі бір оқиғаға шырмалып қалу кездескенімен, қаламгер өзі жақсы білетін, терең зерттеген мәселелерді қамти алатындығын көрсетеді. Ж. Молдағалиев прозасының реализмі де өмірлік шындықты шеберлікпен көркемдік шындыққа айналдыру білуінде.

Әдебиет пен өнер – қоғамның рухани мәдениетіндегі кешенді құбылыс. Олардың бір-бірімен үздіксіз байланыста болуы, дамуы, өткеннің озығын, бүгіннің жаңалығымен үнемі қабыстырып отыруы – олардың өміршеңдігін тереңдетіп, эстетикалық танымдық қуатын өсіреді. Көркемдік әлемінде жаңашылдыққа ұмтылу-үздіксіз жүріп отыратын заңды құбылыс. Бұл ретте, шығармашылық иелерінің ролі

үлкен. Себебі, айнала тіршілікті жалықпай зерттеу, жаңа соқпақтар табу, бағыт-бағдарды межелеу, көркемдік биікке жету – суреткер еңбегінің ажырамас бөлігі.

Қорыта келгенде айтарымыз: зерттеу нысанасы еткен С. Елубаев шығармашылығы еркін ақыл - ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арман аңсары да асқаралы. Әрине, біз жазушының суреткерлік қыры жөнінде бірде жалпы шолу, бірде нақтылы талдаулар арқылы зерттеу мақсатына сәйкес ой-тұжырымдар түйіндедік.

Мақалада көрнекті қаламгердің жазушылық шеберлігі мен көркем туындыларында замана мәселелерін көркемдеудегі суреткерлік болмысы, шығармаларындағы кейіпкердің ішкі жан иірімдерін бейнелеу жолдары кеңінен ашылып, автордың өзіне ғана тән қолтаңбасы сараланады, сонымен бірге жазушының суреткерлік болмысына тән стильдік ерекшелік қарастырылды.

Автордың шығармаларындағы көркемдік құралдардың рөлі ерекше, өмірлік шындықты жан-жақты, терең ашып көрсетуде септігін тигізетін көркемдік элементтерді орынды пайдаланған. Жазушы қаламынан туған көркем туындылар дүниесі тарихтық тұрғыдан да, таным тарапынан да маңызды және әдеби-мәдени мүлкіміздің ажарлана түсуіне үлес қосқан деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр. – Алматы, 1971. – 256 б.

2 Уахатов Б. Көркемдік ізденістер. Әдеби сын мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 207 б.

3 Байменше С. Зерттеу. Зергердің зертханасы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 192 б.

4 Елубай С. Ойсылқара: Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: «Раритет», 2004. –240б.

5 Қабдолов З. Жебе (әдеби толғаныстар). – Алматы: Жазушы, 2007. –380 б.

ҚАН МЕН ТЕР РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ХАРАКТЕРІН АШУДАҒЫ АВТОР ҚОЛДАНҒАН ТӘСІЛДЕР

САРИМОВА А.
оқушы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.
КАРКАНОВА Н. Ж.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Зерттелу тарихы ертеден бастау алса да, қазіргі таңда психология терең қарастырылып жүрген ғылым саласының бірі. Адам психологиясын зерттеу, зерделеу, түсіну, қабылдау сияқты проблемалар қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Сонымен бірге психология ғылымына қатысты бірталай құнды еңбектер жарыққа шықты. Психология бұл тұрақты ғылым емес. Ол қоғаммен күнде даму үстінде. Соның нәтижесінде әдеби шығармалардағы психологизм мәселелері де күн сайын артып келеді.

Жалпы әдеби шығармалардағы психологизмнің зерттеліп жүргеніне бірталай уақыт болса да, бүгінгі таңда психологияның өзекті мәселеге айналуына байланысты қазіргі әлем әдебиетінде шығармадағы кейіпкерлер психологиясын, жан дүниесін, дүниетанымын, ішкі ой ағымын толықтай зерттеп – талдау жұмыстары жүзеге асуда.

Біз бұл мақалада қазақ әдебиетінің құнды жәдігері саналатын Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романындағы кейіпкерлер харакетрін, адамның рухани әлемін, мінез-құлқын, іс-әрекетін дүниетанымын ашуда қолданған диалог, монолог, ішкі сана ағымдарын қарастыратын боламыз.

«Қан мен тер» романында автордың кейіпкерді тұлғалаудың амал-тәсілдері сан алуан болып келеді. Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде көркем бейнені жасау тәсілдері мен олардың қызметі жайлы: «Әдебиеттегі адамның ішкі бітімі тек мінездеу немесе жанама мінездеу арқылы ғана жасалмайды, тіпті тұлғалауға қажетті өзге тәсілдер де түгел осы мақсатта қызмет атқарып жатады. Адамның әлдебір күйініш-сүйінішін немесе кескін-кейпін, қимыл-әрекетін суреттеу, оның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру, ең арғы жағы, түрліше табиғат құбылыстарын суреттеу… – осылардың бәрі, сайып келгенде, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу керек» [1, 115 б.] деп жазған болатын. Әбдіжәміл Нұрпейісов те жоғарыда айтылған тәсілдердің барлығын дерлік осы «Қан мен тер» романында қолданған.

Түрікпен шабулының құрбандарын жерлеп, асын берген Еламан төбе басында жалғыз қалып, «ауыр оймен тұнжырап отыр». Жай ғана қамығып отырған жоқ. Ой ойлап отыр. Бұған дейінгі шертілген хикая публицистикалық жолмен сымдалып қорытылады.

«Осы қазақ неге көнгіш? Аштыққа көнуге болар, ал бірақ қорлыққа көнген қасиет пе? «Көненің көзі ғой деп, қариялардан жөн сұраған кез болды. Қанша жасаса да олардың осы өмірден түйген кішкене болса да сабағы болмапты. Олар өз елінің тірлігін ұзақ сонарға сап, баяғы заманда өткен даңғой батырын, жезтаңдай биін мақтап, жөн сұраған кейінгі ұрпаққа тірліктің, жолын қиындата түседі. Ата-бабасының бір ісіне ырза емес. Үстіне кісі кіргізбейтіндей, кең далаға сыймай, мал жайып жатқаннан не ұтты? Талай заманнан бері жер дауы кішкентай елді жегідей жеп, алауыздық асқына түскен. Соның арқасында ит-құсқа таланып, таяқ жеумен күн кешіп келеді. Кешеде өздерінен он есе күші аз жаға қарсы тұра алмады. Таланды. Тоналды. Алдағы уақытта әлі қанша тоналмақ! [2, 373 б.].

Публицистикалық толғау драмалық сюжет есепті. Іші қазандай қайнаған Еламан тығырықтан шығаратын жол іздейді. Ізденіс үстінде ойы шартарапты шарлайды. Арғы-бергі тарихты ойлайды. Ауылына қайтқан беттегі қалпы қызық. Көзін жалпақ даладан алмай келеді. Ал ойы басқада. Қап тауын, Ресей жерін аралайды, қала берді Түркия майданына кірісіп кетеді. Кезбе ойы кесек ойларға бастайды. Сюжет-толғау, сюжет – естелік ашы ішектей шұбартылған ұзақ ішкі монологке ұласады. Еламан іштей түлейді. Оянған, рухани жағынан байыған Еламан санасы жаңарып, ес сөзін ұстайтын өреге көтеріледі. Роман кеңістігі теңіз айдынын елестетіп ұлғая береді...

Көріп отырғанымыздай, ішкі монолог енді кейіпкерлердің өзін-өзі қазбалаудан үлкен өріске, ел жағдайына ауысқан. Еламан көрген-білгенін гүрілдеген жан көрігінде пісіреді. Біреуден шала естігенін малданбайды. Бәрін жүрегінен өткізеді. Трилогияның соңындағы Еламан өскен, есейген, шыныққан көрегенді адам. Қоғам хақындағы ойларында нақтылық та, пәлсапа да бар. Кейіпкердің идеялық һәм рухани эволюциясы, жаңғырып өзгеруі шырқау биігіне көтерілген. Мұндағы ішкі монолог қайсыбірде ішкі диалогке ауысып, монолог-талқыға айналды. Жас Федоровтың қылышынан қаза болар алдындағы Еламан монологі өзгеше сипатты. Оны монолог-өсиет немесе монолог-арман деуге болады.

«Қан мен тер» трилогиясы Тәңірберген тағдырының соңғы күндерін суреттейтін үлкен тараумен аяқталады. «Ақтар Аралдан

шегінгелі Тәңірберген төтен бір халде» [2, 583 б.]. Осылай басталатын тарау тұтастайын ішкі монологтан тұрады. Тәңірберген бар дүниеден баз кешкен. Аяр залымайлакер қу бұрын ойына істемей қоймаушы еді. Иті қырын жүгірген соң амалы құрыды. Не істесе де, ойлағанын кері шығады. Өзінің халіне көлденең тосырқай қарайтынды шығарды. Ішкі монолог ұйытқыған құйындай.

Нұрпейісов психологизмі бұл тұстарда ерекше шабыт алады. Психологиялық мінездеме көркемдік талдауға ұласқанда бақыты күйген кісінің бар пәлені жазмышқа артуы дұрыс па деген сауал туады. Жақсы болсын, жаман болсын, көп әрекетті істетеін адамның пешенесіне жазылған мінезі-характері. Соын осы тұстарда бұрынғы өр Тәңірбергенге қарсы жаңа табалаушы Тәңірберген пайда болғандай әсер аласың. Монолог-тексеріс, монолог-айыптауға ұштасып, кейіпкер санасына әсер етпей қоймайды. Тәңірберген өзін-өзі жерлейді. Ақылдымын, айла-амалым мен қулығымды бәрінен асыра алмын деп жүрген жігіт өзін аяусыз кіналап сөгеді. Заманы түлкіболғанда тазы боп шалу есіне кірмепті. Сол үшін өзін-өзі жазғырады. Әсіресе қызылдарға қарсы шыққанына өкінеді. «Қызылдарға осынша күшпен Колчак түк істей алмай жатқанда, есалаң сорлы-ау, сен күл шашып не бітірмексің?» [2, 585 б.]

Жаны күйзелген Тәңірберген өстіп өзімен-өзі ішкі диалогке кірген мезетінде тірі пенденің істеп жүрген ісінің бәрін тәрк ететіндей. Бара-бара өмірдің өзінен түңіледі. Сүлесоқ, енжар, құлықсыз. Көкірегіндегі ежелгі жаулрына деген кек те қалмайды. Осы дүниеде өзінің бар-жоғы, өлі-тірісі бәрібір. «Иә, маған бәрібір» – деді Тәңірберген». [2, 587 б.]

Жынды кісіше өзімен-өзі сөйлесетін кейіпкер әуеніне автортың мұңлы мақамы қосылып, психологизмнің ең бір күрделі сатысына көтеріледі. Ішкі монолог жиі-жиі ішкідиалогке ауысады. Ойы дүниенің төрт бұрышын аралайды. Сана ағымы күшейе келемашықты кенересінен асып түседі. Үлкен философиялық арнаға бет қояды. Жалпы толғанысын еселете түседі. Ойы енді жер шары үстінде қалқып, адамзаттық өрге көтерілген. Сол бойда ұғып жететіні: адамзат қаншама өмір сүрсе де, өмірдің шын мәніне әлі түсініп жетпеген.

Ішкі монолог арғы-бергіні қорытып үлгермей жатқанда оған қосарланған төл сөз кетеуі кеткен дүниенің сұмдықтарын үсті-үстіне бетке басады. Тәңірбергеннің есіне Түрікпен ауылын шапқан кезі оралады. Түрікпен ауылының бір жас әйелі құлақты жарған дауысымен «Жалғыз баламнан айырдың. Құдай сенің де зауалыңды

бересін!» [2, 607 б.] – деген сөзі жаңғырық сияқты қайталанып, құлағына қайта-қайта келе береді.

Трилогияда ішкі сөздер ағымын сол қалпында айнытпай беретін, графикалық-стилистикалық тұрғыдан жіктелген «таза» монологтар сирек ұшырасады. Кейіпкер толғанысторы авторлық баяндау жүйесімен тығыз бірлікте дамып отырады. Жазушы көбінесе ортақ төл сөз және екінші жақтың формасын жиі қолданады немесе персонаж санасындағы жылт еткен ұшқын сәулелерін төл сөз бен төлеу сөз, кейіпкер ішкі сөзін жинақтап, пысықтайтын авторлық тура төл сөз түрлерінде суреттейді.

Ал Ақбала мен Еламан арасындаы психологиялық нюанстар бедер табатын мына тұста лирикалық «мен» ішкі драматизмді меңзейтін диалогтық «сенге» айналып кетеді. «Несіне іздеп бардым. Керегі қанша еді, сені қайтсін, сенің ауру әкеңді қайтсін ол. Қазір үстінде үй, қойныңда жары бар, сенен оты, суы, тірлігі, тілегі басқа, біреудің қайғысына, қайысушы ма еді» [2, 460 б.].

Тағдыр тәлкегіне ұшыраған қос пенденің уақыт жоталарынан өтсе де бір-біріне арналған ықыласы суымаған. Екеуі де бөлек ошақтың отын түтетсе де, баяғы аз күнгі жақындық, рухани – адамшылық тартылыс заңы ескі интимдік әдет-дағдыны ұмыттырмайды. Ақбала Еламаннан айырылғанын білгенмен, өмірдің қатал үкіміне наразы, бөлек жүрген, өзі жерге отырғызып кеткен бұрынғы ерімен жанын бір сезінетіндей. Қайғылы келіншектің томырық, икемсіз жігітке өкпесі – өшпенділік емес,қимас наз, жеке басына, ағат кеткен қадамдарына өкінішті. Осы тәрізді күмән көңіл-күй пернелері Еламан жүрегін сыздататын ауыр дерттің бірі. Әйеліне деген кекті намысының әрекеттік нобайын елестете тұрып ол «Бұл неліктен? Неге бұлай болды екен? Жақсы көріп тұрып жек көруге бола ма? Сол мүмкін бе?» – деп ашынып, толғанады. Монологтың бастапқы бөлігі таңырқау экспессиясын баяу қалыпта суреттейтін екінші жақтық форма – Еламанның өзімен-өзі «сен» арқылы сөйлесуімен өріледі де, соңына қарай шын қатты ширығу сәтінде бейтарап баяндау жүйесі эмоцианалдық лебі күшті риторикалық сұрауға ойысқан. Жалпы философиялық, психофизиологиялық биіктен түсінікті ақиқат жеке өмірінде бақытсыздыққа ұшыраған «Қан мен тер» романына күрмеуі қиын, шешілмес проблема белгісін қабылдайды. Жазушы қоғам тіршілігіндегі объективті құбылыстар ағымына түскен адам тағдырларының субъективті аңғарларын терең топшылай келіп, Еламан – Ақбала – Тәңірберген желісіндегі қазақ прозасына Европа классикасынан шұғыла шашқан бұл рухани –

интимдік драма арқылы кең мағынасындағы ұлы өмір стихиясын, мәңгілік қайшылықтарда шыңдалатын адам характерлерінің сом бітімін, гуманистік оптимизм идеяларын шебер тұжырымдайды. «Ә. Нұрпейісов концепциясында – заман тынысындағы прогресс алға сүйрегенмен, адам оны ойымен, жанымен қабылдағанмен, сол саясиәлеуметтік белеске даңғыл жолмен жетпейді. Тұрмыстық ауқымдағы әр қилы себептер жеке адамдық дүниетанымдық қалыптасу процесінде зор роль атқарады. Абсольюттік тұрғыдағы бақыт жоқ, адам бақыты шарттылық сипатқа ие. Ал адамды рухани-ұждандық биікке көтеретін негізге алғышарт – қоғамдық-әлеуметтік аренадаы қайраткерлік іс-әрекеттер масштабы. Еламан образы айтылмыш тезисті орынды психологиялық дәлелдермен көрсеткен. Еламан бейнесінің өзге қазақ революционерлері тұлғасынан еркешелігі жоғарыдай жан-жақты тұрғыдан, қайшылықты дамуымен бейнелеуінде болса керек. Романдағы монологтар жүйесі кейіпкер ішкі әлеміндегі сезім қарама-қарсылықтарының бірлігін сенімді өрнектейтіні шүбәсіз» [3, 373 б.].

Жалпы алғанда, кейіпкерлердің жан дүниесін, сезімін көрсету барысында автор монолог пен диалогты және сана ағымын өте орынды пайдалана білген. Жоғарыда көрсетілген тәсілдер арқылы образдың ішкі жан әлемінде болып жатқан құбылыстарды жан-жақты байқауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 350 б.

2 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер: Трилогия. – Алматы: Жазушы, 1991. – 624 б. Портр., суретті.

3 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 336 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

САРСЕН Ж.
8 қазақ сынып оқушысы, «Сарышығанақ ауылының орта мектебі» КММ, Ақсу қ., Қызылжар с. округі, Сарышығанақ ауылы
АБДРАХМАНОВА Г. С.
қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі, «Сарышығанақ ауылының орта мектебі» КММ, Ақсу қ., Қызылжар с. округі, Сарышығанақ ауылы

«Батыр Баян» – жанрлық ішкі бөлінуі жағынан сюжетті – тарихи поэма. Ол 1923 жылы «Шолпан» журналында жарияланған. Поэма оқиғасы іштей екі бөліктен тұрады. Біріншісі – батыр Баянның қалмақ елін шауып, қалмақтың ару қызын қолға түсіруі, оған ғашық болуы: Екіншісі – хан Абылай және оның қасындағы батырлар.

Мағжан «Батыр Баян» поэмасында сол заманның бүкіл тарихын, кейіпкерлердің іс-әрекетін, өз сезімі арқылы, эмоционалдық көңіл күймен жырлайды.

Бұл шығармасының дүниеге келуі де ақынның бодандықтан бостандыққа, еркіндікке шығуын қалауы. XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ елінің басынан өткізген қайғы – қасіретін тілмен айтып жеткізу де қиын. Сондай кезеңде ақын тағы да тарихи парағын аударып, осы шығармасын жазғын.

Поэма былай басталады:

Жүрегім, мен зарлымен жаралығы,
Сұм өмір абақты ғой саналығы...
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.

1723 жылғы қайғылы да қасіретті «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» оқиғасы елдің еңсесіне батты. Қазақ елі бытыраңқылыққа ұшырады. Осы кезде халықтың басын қосып, қасына батырларды жинаған ер Абылайды айтпай кетуге болмайды. Жастайынан Төле бидің қолында өскен Сабалақ жорықтарға қатысып, ерлігінің арқасында елдің айбатты арыстанына айналды. Елжіреген жұрттың қамын ойлап, халықты ауызбіршілікке шақырып, елдің еңсесін көтерді. Бірақ,

Жалғыз батыр – жалғыз жан
Майданға тұлға бола алмайды.

деген сөз бар ғой. Сол кезде ер Абылайдың төңірегінде халықтың батырлары шоғырланған болатын. Абылай жинаған батырлар ішінде Кара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Сары, Баян мен Сағынбай сынды ел

ардақтылары болатын. Аталған батырлар ішінде бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ер жүрек ардагерлердің бірі – батыр Баян Қосаболатұлы (1710-1757). Батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқасына қатысып, Баян батыр атанған. Өкінішке орай Баянға қатысты тарихи деректер өте аз. Батыр жайлы мәліметтерді біз сол кездегі ел мұқтажын жырлаған, халықты ауызбіршілікке үгіттеген жыраулардан көреміз.

Абылай ханның тұсында өмір сүрген Үмбетей мен Тәтіқара жыр толғауларынан Баянның сол кезде жоңғарларға қарсы күрескен батыр екенін білеміз. Мәселен, Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» атты ұзақ толғауында мынадай дерек бар.

Қара Керей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Сары, Баян мен Сағынбай
Қырмап па еді жауыңды,
Қуантпап па еді қауымды,
Ұмыттың ба соны, Абылай.

Үмбетей толғауынан, батыр Баянның Абылай ханның тірегінің бірі екендігін байқаймыз. Баянның халқы ардақтаған, ел қорғаған батырларымен бірігіп, қазақ халқының туын жықпай, талай қан майданда ерлік көрсеткен еліміздің хас батырының бірі болғандығына көз жеткіземіз.

Ал, Тәтіқара өз толғауында
Бөкейді айт Сағып менен Дулаттағы,
Дәріпсәлі маңдайды айт қыпшақтағы
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын
Сары менен Баяндай уақтағы.

Баян батырдың ержүрек батылдығы мен ел қорғағаны, халықтың тұлғалы азаматы болғанының айғағын Тәтіқара жырау толғаулары дәлелдейді.

М. Жұмабаевтің екі тараудан тұратын көлем жағынан ауқымды поэмасында ескілік пен жаңалық арасындағы байланысты белгілі сюжетпен сомдайды. Мағжан поэзиясынынң шыңы – «Батыр Баян» дастаны. Поэма аса көркем деңгейде ерекше шабытпен жазылған. Жан күйзелісі, сезім, батырлық пен махаббат дастанда жыр болып өріледі. Поэма өзінің сюжеттік жағынан эпостық жырларға өте ұқсас. Мағжан тілінің әуезділігі мен әсемдігі, көркемдігі мен көріктігі ерекше үйлесімділікте сай келуі поэмада айрықша көрінеді.

Поэма Көкшенің керемет табиғат сұлулығы тамаша теңеу мен метафоралық салыстырудан тұрады.

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген тұлымындай
Қарағай, қызыл қайын, тал аралас.

Сөз арқылы керемет сурет салған Мағжанның шеберлігі енді сол суретті бейне фильмге айналдырады. Сюжет басы әуелгі Абылай ордасына «Жиылды өңшең ноян ағай-сығай» деп жиналған қауымның тізбелеп ішінен шоқтығы биік Баян батыр бейнесі дара көрсетіледі.

Баянның аруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян.
Наркескен, өрттей өскен қайтпас болат,
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалақ батыр Баян! – деген

Абылай сөзінен батырдың хан ордасындағы орны мен беделін байқаймыз. Жиналған өншең батыр Баянның кешігуін түсінбей,

«Жау!» десе жатпайтұғын батыр Баян,
Апырым-ай, келмеуінің мәні қай,

деп таңданулары күшие түсті. Қайткен күнде де Абылайдың Баянсыз жауға аттанбауы батыр Баянның шын мәнсінде беделдігін көрсетеді. Қазақ халқымен жауласқан қалың қалмақтан Баян сұлу аруды өзімен әкеледі. Арудың сұлулығына тең келер ешбір сұлулық болмайды. Қыз сұлулығын Мағжан былай көрсетеді:

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт
Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан
Жұлдызы еркелеген сонбей – жанбай.
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі
Кәусардай татқан адам қалар қанбай.

Жұрт осындай сұлуды еліне әкелген Баянға таңданады. Батырдың сұлулық отына түсіп қалмауы, сабырлық танытуы – оның бойындағы ерекше қайсарлық, батырлықтың белгісі. Жат елден келген қалмақ қызы Алаштың аруы болып кетсе де, өз елін жанынан шығармаған. Сыр бермеген қалмақ қызының Ноянға көз тастауынан, он бес жасар баланың жүрегінде ұшқын туады. Сол ұшқын жүректе

отқа айналып, батыр інісі Ноян аласұрады. Алғашқыда Ноян қызға көңіл бөлмей жүргендей болады. Бірақ қанша жерден қарамаймын, жалтақтамаймын десе де, еріксіз сұлуға көз тартады. Бір-бірінен көз алмаған екі жас келісіп, сайда кез болады. Жүректерде тулаған сезімдерге екі жас айрылмаймыз деп ант береді. Қыз бен Ноян арасында шиеленіскен махаббат өршиді. Қыз Ноянға сені сүйем, бірақ сағаң қосылу үшін жылап-зарлап қалған ата-анамның батасын алу керекпін дейді. Мені сүйген Баянға екеуміз қосылсақ ауыр тимей ме? Сарыарқадан сапар қылайық, сонда тыныш бас қосайық дейді. Қыз айтқанына Ноян нанып, екеуі келісіп қашады. Болған іс тезарада Баянға жетеді. Мұны естіген Баян сенбей қатты ашуланады. Ойланып ары-бері теңселеді. Ақылдан айрылған батыр көзіне қан үймелейді. Ашуланып қашқындардың артынан қуғынға түседі. Ызаға толы, көкіректі намыс жеген Баян қыз бен жігітке жетіп, артындағы садағын қолға алып, ызадан өз інісін танымай қалады. Мұны көрген Ноян қорқып:

«Жан көке!» – деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» –
Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті
Атынан бүктеліп бөбек Ноян.

Ызаның, ашудың буына уланған Баян інісінің «Жан көке, аға!» – деген сөздерді естімей, қыз бен жігітті аттан құлатты. Шамалы есеңгіреп, ат үстінен өзі де құлап түсті. Бірталай уақыт қара жерде отырып, ойланды. Есін жиып, ер Баян екі жасқа қарап, қайғырды, жылады. Енді батыр өз өзіне қайта–қайта: «Мұның не?» – деп күбірледі. Баян өзінің жорыққа шыққанына, қу қалмақ қызын әкелгеніне, өзінің қызу қандылыққа салынғанына қатты өкінеді. Өзі жақсы көрген қалмақ қызына деген махаббатын да кінәлайды. Осының бәріне қатты қайғырған, түңілген Баян енді:

Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген
Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!
Ел беті енді маған болсаң арам,
Алашым, аттанамын жауыңда өлем! – деп

Баян енді өмірден үміт үзіп, ажал аузына өзі ұмтылады. Екі жанды жерге бөлеп, басында көп отырып, көз жасын қайта төкті батыр Баян. Көп ұзамай Баян атқа мініп, ауылға қарай тартты. Жиналған қол Баянды күтті. Баянның келуін Абылайға жеткізгенде, хан «Таң ата жүреміз» – деп жарлық береді. Ертесіне таң атып, түн

өткенде Абылай әскерге «Аттан» деп хабар салады. Аттанған қалың қолды Іленің аңғарында қалмақ күтіп отырады. Қазақтың қалың қолын көргенде қалмақтар сескеніп қулықпен алдап кетуді ойлайды.

Келіс сөз жүргізуге жеті қалмақ жіберіп, ағаттықтың өздерінен болғандығын, соған кешірім сұрап бар байлық, малды береміз дейді. Бұл айтқандары Абылайды ойландырады. Өзінің кеңесін жинаған Абылай қалмақтардың бергенін алайық дейді. Көпшілік үн-түнсіз мақұлдап тұрғанда Баян қарсы шығады. Алдияр олар қу, бізді алдап кетеді, қалмақтарды шабайық дейді. Хан мен Баян сөздері келіспей қалады. Абылай Баянның қарсылығын іштей жақтырмай қабақ түйеді. Өз қолына хан қайту деп бұйрық береді. Жас Баян хан бұйрығына разы болмай, таңның атысымен жүз жолдас ертіп, қалың Қытайға қарай шабады. Көкіректегі кернеген ыза Баянды мың қолдық қалмаққа алып кеп соғады. Бір қазаққа жүз қалмақ болып соғысқан шайқаста Баян әскері жеңіліс табады. Осы жеңілісте Баянның кеудесіне бір қалмақ найза салып, бұлғағанда батырдың соншалық қиналғаны жан даусымен «Қыларың қатын қалмақ, тағы бар ма?» дейді. Көз жұмар шағында Баянның алдына Ноян менен Ақшамандай келеді. Көз алдына анық болып елестеген екі жасқа Баянның айтқаны:

«Іс өтті. Ажал жетті. Енді не бар?
Қоштасып айтысалық. Соңғы сөзді.
Келіңдер, қарақтарым, кешіңдер!» – деп

батыр мәңгілікке көз жұмады. Мағжан керемет ел аузынан естіген миф-аңызды өзінің ақындық шеберімен тамаша поэма етіп жазады. Трагедиямен аяқталған бұл поэма Мағжан поэзиясының биік асқар тауы болып табылады. Реалистік негізде жазылған поэманы Мағжан табиғатпен әсерлей күшейте түседі. Бір қарағанда қызықты сюжеті бар бұл поэма тек тарихты айтатындай. Әрине Мағжан ақында тек тарихты жырлап қою ғана емес, сонымен қатар ерлікті, еркіндікті жырлау болып табылады. Керемет символистердің бірі болған Мағжан поэма арқылы терең бір ой бермекші. Біз жұмыс барысының көп талдау нәтижесінде негізгі ойды поэманың бірінші бөлімінен көрдік. Мәселен,

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл қолым емес, кісендеулі
Сондықтан жаным куйіп жанады да.

ХХ ғасырдың басында қиын қыстау заманда өмір сүрген Мағжан Жұмабаев сол кезеңдегі қазақ халқының орыс боданынан босап, жеке шаңырақ болуына күрескен азаматтардың бірі. Әрине, сол кезде

Мағжан сияқты зиялыларды абақтыға жауып қолын кісендесе де, патриот азаматтардың қызыл тілін тия алмаған. Ескіні жырлау арқылы жаңаға жол беру мағжанның үрдісі. Жаңаға жол беру дегеніміз, сол кездегі қазақ халқына XVIII ғасырдағы қазақи рухпен жігерді бере білу. Батыр Баяндай ерін танып, ұмытпаған халықтың ерлікке, еркіндікке деген күш жігері артатыны сөзсіз. Мағжан Жұмабаевтың эпостық поэмасындағы негізгі түйінді ой халықты жігерлендіріп, рух бере отырып, тарихымыздың алтын діңгегінен айырылмау болып табылады. Мағжан ақынның Абылай ханды, Баянды сүйген жүрегі осындай ұлы шығарманы дүниеге алып келді.

Қорыта келе Мағжанның өз сөзіне үңілсек

Әдемі өткенді ойлап айнымасам,

Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ия, абақты аталған сұм өмір Мағжанды улады ғой. У ішуден бас тартқан Мағжан арғы тарихқа кетіп, сол арқылы берілген уға себетін қарсы у шашты. Поэмадан көргендей символист Мағжан Жұмабаев ең алдымен өз заманында қаламмен қаруланған батыр күрескер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С. Мақпырұлы, А. Қыраубайқызы, К. Құрманбай Қазақ әдебиет оқулығы 8 сыныбы. – Алматы «Мектеп». – 2016 ж.

2 М. Жұмабаев. «Сүй жан сәулем». – А., Атамұра. – 2002 ж.

3 С. Қирабаев. «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті». – А., Білім. – 2003 ж.

4 «Бес Арыс» (естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалары). – А. – 1992 ж.

5 М. Жұмабаев. «Шығармалар» 3-томдық. – А. – 1995 ж.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ТІЛ

СЕЙДИЛЬДАЕВА Л. М.

10 «А» сынып оқушысы, Л. Н. Толстой атындағы орта мектебі, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы

МУСАЕВА Д.

мұғалім, Л. Н. Толстой атындағы орта мектебі, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы

Қазақ тілінің тағдыры, болашағы тәуелсіздігімізге 25 жыл болса да әлі де ақсап жатыр. Бұл мәселе әлі де болса әрбір қазақты алаңдатып отыр.

Ата-бабамыз мұраға қалдырған ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілу жолын сөз еткенде, тарихты айналып өтуге болмайды. Қазақ талай зорлық-зомбылықтан өтті. Ашаршылық, соғыс, қазақтың зиялы қауымын құғынға ұшырату осының бәрі тіліміздің құлдыратуға септігін тигізді ме?

Қазақ өте намысшыл, қайсар, дана халық. Сол қиындық кезінде де ешқашан тілінен, дінінен, намысынан айрылған емес.

Тіпті сонау Ұлы Отан соғысы кезінде де қаншама жер аударылып келген басқа ұлт өкілдерін бауырына басқан.

Басқа ұлттың баласын бауырына басып, өзінің нанымен бөліскен кең халық емес пе? Елдің ел екендігінің басты шарты мемлекеттің тілі деп білемін. Елімізді жетпіс жыл билеген отаршылдық жүйе, сол уақыттың саясаты халқымыздың тарихына біраз нұқсан келтірді. Яғни тіліне, тарихы мен мәдениетіне қатер туды. Өз тілімізде сөйлеуге ұялатын жағдайға душар болдық. Қазақ тілінде оқытатын мектептер азайып кетті.

Осындай біраз зорлық көрген қазақ тілі бірталай мәртебесінен айрылды. Ол дегеніміз тілге деген жанашырдың болмауынан емес. Ұлтым деп, тілім деп сол күресте өлуге барған қаншама ағаларымыз бар. Мысалы, Алаш қайраткерлерінің ұлтқа деген күресін айтпасқа болмас шығар. Олар қазақ тілінде мектептер ашып, газеттер шығарып, тілдің өркендеуіне, ұлтты сақтап қалуда қаншама тер төкті. Ол баға жетпес қазына біз үшін. Қазіргі аға-апайларымызға өнеге болатындай, тарихи тәлім десе де болады.

Алаш қайраткерелінің тілге деген күресін жалғастыру біздің тікелей борышымыз деп білемін!

Ресей отаршылдығының саяси, әсери қысымын ғана емес, рухани басынғандығын сезген Алаш зиялылары ұлттың тұтастығын сақтап қалу үшін, тілімізді сақатап қалу керек деп түсінді. Сол үшін аянбай еңбек етті. Яғни, қазақ тілі қалың ел, ордалы жұрттың тілі ретінде сақталуы керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А. Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» – деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да тіл екендігін алғаш аңғартты. Ахмет Байтұрсыновтың осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Мысалы, Ғұмар Қараштың: «Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз», Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухтың

негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын», Халел Досмұхамедұлының: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қата. Бұл оқығандардың оқушылардың есінен шықпауы керек», Мағжан Жұмабаевтың: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу» дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егер біздің тіліміз егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі екендігін, осы мәртебелі тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялылары өсиетінің бағасы да, маңызы да еселеп артатындығына ден қоямыз. Ұлттық рухтың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш білдіргендер алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Сондықтан да өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу – ұлттық іргелі мәселе екендігін Алаш зиялылары сол кезеңнің өзінде-ақ жақсы ұғынғаны олардың еңбектерінен бедерлене байқалып жүрді. Бұл орайда тағы да бір мәселені айта кеткеніміз жөн. Қазіргі кезде ана тіліміз – қазақ тілі туралы әдеби шығармалар өрісті тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы үлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын.

А. Байтұрсынұлының «Туған тілім», М. Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С. Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері – жалпы қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұңғыш көркем туындылар еді. Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары, рухани күресі азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде

Сонымен қатар, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров және тағы да басқа Алаш қаламгерлерінің XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы публицистикалық еңбектерін тізбелемегеннің өзінде, «Қазақ» газеті сияқты ұлттың ұлы басылымының өзі публицистикалық стильдің, жалпы әдеби тілдің қалыптасуына өлшеусіз мол үлес қосты. «Қазақ» газеті бетінде жарияланған алуан материалдар сол кезеңнің тынысын, қозғалыстың барысын ғана куәландырып қоймай, сонымен бірге әдеби тіліміздің де өсу, тармақтану қарқынын аңғартты. Бұл газет

ұлт көсемсөзінің ғана емес, тіліміздің маржан қорының қойнауында өнген әдебиетіміздің де, сонысымен тіліміздің де айшықты көркемдігін, бай бейнелілігін ашты [1].

Тіпті арада мың жыл өтсе де артына жазып қалдырған мол мұрасы құндылығын жоймаған Омар hайям:

«Жүректің түріп құлағын,
Ойланып, тағы қарашы.
Кімсің сен, қайда тұрағың
Енді, қайда барасың?» – деген сөзінен кейін қазақ тілімнің болашағын қатты уайымдаймын.

Бүгінгі күні мемлекетіміз үш тілді оқыту жүйесіне көштік. Дұрыс. Қарсы емеспін. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей шетелдегідей боламыз деп туған тілімізді ұмытып кетпесек болды.

Шет тілдерді үйрену өз ана тіліңді ұмыт дегендік емес. Қайта, керісінше, қазақ тілін біл, сүй, құрметте, бірақ, ағылшын және орыс тілдерінде де еркін сөйлеп, жатық жаза алуға міндеттісің. Әрине, оның бәрі болашақтың еншісінде.

Осы орайда Халел Досмұхамедовтың осыдан бір ғасыр бұрын айтқан сөздері бүгінгі күннің тақырыбын толық аша алатынына қайран қаласың: «Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол – күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу, бұл – сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате».

Иә, алдымен не нәрсеге күйіну керектігін, не нәрсеге сүйіну керектігін ара-жігін ажыратып алуға тиіспіз. Құлқынның ғана құлы болу адамға бақыт әпермейді. Тағдыр тауқыметімен жер ауған талай аталарымыз «туған жерден бір уыс топырақ бұйырса екен» деген армандарын арқалап кетті. Көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ, қазіргі жастардың кейбірі Батыстың арзан жылтырағына елтіп есі ауған жаққа қоныс аударатыны қынжылтпай қоймайды.

Өз елінде Өз тілін өгейсітіп отырған Қазақ жұртының әрбір азаматы осы сөздердің төркініне үңіліп бір сәт болса да өз-өздеріне сұрақ қойса, менің осынау шағын ой-толғамдарымның еш кетпегені деп білемін. Егерде М. Шахановша айтар болсақ, «ұлт үшін нөмірі бірінші мәселе» болып тұр [2].

Мемлекет ретінде, ұлт ретінде өркендейміз, өсеміз, дамимыз, болашағымызға нық сенімді боламыз дейтін болсақ, қазақтың ұл-қызы қазақша тәрбиеленіп, қазақша оқуы керек! Қазақы сана қалыптастырып, өзінің тілі мен дәстүрін, өнері мен мәдениетін,

тарихын бойына сіңіріп, одан соң-ақ шет тілдерін үйрене берсін. Өйткені көп тіл білгеннің еш зияны жоқ. Ең алдымен, балаларымызды қазақша тәрбиелеп-өсіруіміз керек. Тіл мәселесін шешудің ең үлкен тетігі осында. Егер Қазақстан халқының 65 пайызын құрайтын ұлт түгелдей өз ана тілін меңгеріп, бір-бірімізбен өз тілімізде сөйлесіп отырсақ, бұған еліміздегі түркітілдес бауырларымыз (ұйғыр, өзбек, қырғыз және т.б) қосылса, сондай-ақ, қазақ тілін меңгерген кәріс пен неміс, орыс пен украин (құдайға шүкір, олардың арасында тілді жақсы білетіндер аз емес) қосылса, онда мемлекеттік тілде сөйлейтін тілдік орта қалыптасады. Сол арқылы біз тілдің іс жүзінде елдің басын біріктіретін фактор екендігін дәлелдейміз және соған қол жеткіземіз. Сондықтан, өзін қазақтың ұлымын не қызымын деп есептейтін кез келген азамат ұрпағын қазақша оқытып, тәрбиелеп, баласына ана тілін үйретуді азаматтық, перзенттік парызы деп білуі керек. Бүгінгі күні тілдің белгілі бір дәрежеде қолданылмай, жүзеге аспай жатуын басқалардан көру – негізсіз. Бірақ, біз барлығын өзімізден бастауымыз керек. Ол үшін «қазақтың ұл-қызы қазақша тәрбиеленіп, қазақша оқуы керек» деген ұлы ұран көтеруіміз керек. Біз болашақта баласын қазақша оқытып, не оқытпай жатқандарды ашық айтып, көрсетсек қана белгілі бір нәтижеге жетеміз.

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық интеллигент емес деуге болады. Себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да рухани, ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» деген қанатты сөздерде қаншама астар жатыр.

Осы қанатты сөздер қазіргі таңдағы мемлеттік қазақ тілінінің мерейін асқақтататын, жастарға рух беретін, ана тілін ардақтауға деген ықыластарын арттырады. Қазақтың алып жазушысы Мұхтар Әуезов асқақтатқан қазақ тілі, яғни ана тіліміз қазіргі қоғамдағы маңызды мәселелеріне де қатты мән берген. Тіпті «Ұлттың тілі — сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?» деген сөздерінде тіліне деген жан ашырлығы, ұлтының жоғалып кетпеуіне аса мән беретінін байқаймыз.

Рас, 70 жыл Кеңес өкіметінің құрсауында болып орыстанып кеткеніміз аздай, енді шетелдік стандартқа сай келеміз деп ағылшынға бас ұрып жатқан жайымыз бар. Әлі де болса тәй тәйлап келе жатқан қазақ тілі не болмақ?!

Егер Мұхтар атамыз дәл қазір тіріліп келіп, бүгінгі жағдайымызды көрсе не істер еді деген ой мені мазалайды. Егеменді ел болып, өзінің Туы мен Елтаңбасы бар Тәуелсіз Қазақстанның

мемлекеттік тілінің өз жерінде өгейдің күйін кешіп отырғанын көрсе, жаны қынжылар еді.

Халқымыздың біртуар жазушысы Мұхтар Әуезов сол бір қазақ тілі туралы жазған толғанысын ұлы бабамыздың болашақ ұрпағына деп қалдырған аманаты ретінде қабылдауымыз керек!

«Алыстан «Алаш!» десе аттанамын,
Қазақты «Қазақ» десе мақтанамын.
Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ,
Мен неге Қазақтықтан жасқанамын?», – деп мақаламда Міржақып Дулатұлының жыр жолдарымен аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №9. 2010 жыл.
2 «Егеменді Қазақстан» газеті, наурыз, 2014 жыл

ШӘКӘРІМНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ

СЕРІКОВ Ә.
8 сынып оқушысы, Павлодар қ.
АЛИБАЕВА З.
№ 20 лицей-мектебі, Павлодар қ.

«Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Шәкәрімнің ойшылдылығының, ақындығына тән фәлсапашылдығының сыры неде десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған», – дейді З. Ахметов [1].

Шәкәрімнің философиялық өлеңдерінің тәрбиелік мәні зор. Ол жөнінде ғалым Б. Әбдіғазыұлы: «Шәкәрімнің реалистік лирикасына тән ендігі бір қасиет – терең ойлылық, философиялық астарлылық. Бұл тақырыпта жазылған «Тура жолда қайғы тұрмас», «Тау басындағы ой», «Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық», «Кетті, келді», «Тіршілік, жан туралы», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Пайғамбар Мұса жолықса», «Тәңірі мен жан», «Шыннан өзге құдай жоқ», «Шымды жерде көресіз қара топырақ» сияқты көптеген өлеңдері Шәкәрім философиясының кең қанаттылығын, зор тынысын танытады, - деп тұжырым жасаған [2].

Шәкәрімнің «Үш анық» деген философиялық трактаты ғибратқа толы.

«Анық пен танық» деген өлеңінде ақын бір-біріне қарсы екі ұғымды тақырып қылып алған. Өлең мына долдармен басталады:

Ойлаңыз, ақыл, білім, қайда болмақ,
Денеде қандай орын, жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

«Анық» деген сөз – Шәкәрімнің қазақ поэзиясына енгізген тақырыбы. Ол кездейсоқ сөз емес, «анық» оның көркем шығармасында ғана емес, дүниетанымдық шығармасында да кездеседі. Оған қарама-қарсы ұғым «танық» болған. Осы арқылы Шәкәрім адам бойындағы жақсы мен жаманды айыратын ұғым ретінде қолданғанын байқаймыз.

Ақын адам жайын эстетикалық, философиялық, биологиялық, психологиялық, дүниетанымдық тұрғыдан алып талдаған.

«Дүние мен өмір» деген өлеңінде ақын қайғы, дүние, өмір,бейнет, рахат деген ұғымдар тақырыптар ретінде алынып, олардың табиғаты ашылады, Ақын қайғы жайында былай таратады:

Мен де соққы жедім деп сұм дүниеден,
Деп жазым ем, оныма өкіндім мен.
Ойласам, көрген бейнет, тартқан қайғы,
Болыпты не біреуден, не өзімнен

Шәкәрімнің айтар ойы қайғыны адам баласы өз басына көбіне өзі тілеп алады. Оны тағдырынан көру ағаттық дейді. Осы қайғысы үшін тағдырды кінәлау тіпті жаратушының өзіне қарсылық дейді ақын. Шәкәрімнің осы өлеңінің терең танымында имандылыққа шақыру жатыр. Шәкәрім поэзиясындағы метатақырып ол – имандылық тақырыбы. Бұл өлеңінде ол бірнеше ұғымдарға тоқталған. Ақынның өмір философиясына толы «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы

Осы аталған жақсы қасиеттерді бойға дарытқан адам ғана өмірде өкінішсіз өтеді. Шәкәрім өмірдің алдамшы, тұрақсыздығын, көрген түстей өтпелілігін сынға алуға қарсы шығады, өмірді кінәламауды насихаттайды.

Кейбіреулер жазады «ку өмір» деп,
«Тұрағы жоқ, алдамшы, су өмір» деп.
«Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,

Иә, көлеңке, яки тұс, у өмір» деп, – деп, ақын түрлі эпиеттерді қолданып, «ку өмір», «су өмір», «у өмір» секілді тіркестерді үстемелеп жазу арқылы адресаттың назарын аударуға тырысады.

Ақын өлеңіндегі үлкен философиялық ой Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңімен үндескен:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек,
Басқан із, көрген қызық артта қалар,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Бұл жолдардан белгілі философ Гегельдің диалектикалық заңдылығын жіті аңғаруға болады. Дүние бір орында тұрмайды, әр уақыт қозғалыста, дамуда, өзгерісте болады. Қатып қалған догма жоқ. Адамның жастық шағын, дүние алмасуын ақын өмірдің осы заңдылығымен ұғынып, пайымдаған. Тумақ, өлмек – тағдырдың ісі. «Өмір», «Өкінішті өмір», «тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Өлген көңіл, ындынсыз өмір», «Өмірдің ұнап ойыны» философиялық ойларға толы т.б.

Дүние, адамзат, тағдыр жайлы философиялық ой түйіндері Шәкәрім өлеңдерінің негізгі арқауы деуге болады.

Шәкәрімнің шығармашылығының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның шығармаларында көңіл-күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да басты орын алады. Алайда, ақын өлеңдерінде сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті болып келеді. Ақын поэзиясының негізін «адам»,«тағдыр», «өмір», «ар-иман» сияқты философиялық – танымдық тақырыптар құрайтынын көруге болады. Сондықтан ақын шығармашылығынан алла, адам, өмір, дүние, болмыс, тағдыр сияқты ұғымдар арқылы философиялық ой түйіндейді. Ақынның философиялық көзқарасын, дүниетанымын, діни сенімін танытуда маңызды қызмет атқарады. Шәкәрімнің философиялық толғауларында, лирикаларында адам туралы ұғымы мен көзқарастары анық көрінеді.

Адам – залым, әлемге жау,
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау,
Жер білсе адамзаттың бұл қылығын
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау.

Яғни адам-тарихи процестің субьектісі. Осы тұрғыдан келгенде Шәкәрім үшін күрделі проблемалардың бірі ол - адам проблемасы болды.

Айуан етін, тірісін, сүт пен күшін,
Ара балын, су балық, жер жемісін,

Құс денесін, жүні мен жұмыртқасын
Сақтап жүр ғой дейсің бе адам үшін?

Шәкәрім шығармаларының негізін өлім мен өмір, осы екі аралықтағы тағдыр деген философиялық ой құрайды. Себебі бұл ұғымдар ақын шығармаларының өн бойында түрлі көрініс тауып отырады.

Өлім ақиқаттығы Шәкәрімнің мына бір өлеңінде былайша көрініс табады:

Өлімнің хақ екенін көрсең де,
Өлместей омыраулап шатасың.
Дозақтың барын біліп жүрсең де,
Күнәға әлің келсе батасың...
Алланың адал ризығын жесең де,
Арамды әдейі іздеп татасың...
Алланың ақ өлімі келген де
Амалсыз қара тастай қатасың...

Бұл жерде Шәкәрімнің танымдық ойды арқалаған тағылымдық мәні зор, философиялық мазмұны осы бір өлең көлеміне топтастырылған.

Қазақтың сөз өнері мен ата тарихты зерттеуші Шәкәрім бойына бір ғана ақындықты телу оның болмысын тарылта түседі. Шәкәрім Абай идеясын жалғастыру барысында өз бойына ақындық пен қатар ғалымдықты, философты, теологтық қасиеттерді сіңіргендігін өмір жолынан көруге болады. Шәкәрім өзінің осындай болмысын

Мен бір қонақ кеттім бірде қонып,
Қайтатұғын қалыпта мезгіл толып.
Осы қонақ қалай деп сынға алмаңыз,
Тәуіп деп-ақ айта сал ой мен жорып

деп өзінің тұлғалық қасиетінің бір ғана элементімен таныстырып қана кете барады. Шәкәрім де адам бойындағы рухани тазалықты ар мен иман, ұят өлшемімен бағалаған:

Ар демек адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген.
Адаспайсың ақылды арлыға ерсең.
Арың сатпа, терің сат, адалды ізде
Ар сатар шамға да болса

деп ақын да арың сатпа, теріңді, еңбегіңді сат, арсыздық – шайтан досы деп, ардан кеткен ақылдан құр қалады дейді.

Адамның рухани болмысының қалыптасуында тіл мен діннің ролі зор. Ежелгі дәуірден бұл екі қоғамдық сананың формасы бір

біріне әсер етіп, бірін-бірі дамытып, сол арқылы адам табиғаты мен рухани мәдениетінің дамуына, қанат жайып өркендеуіне сол арқылы ғылымның, философияның тууына себепші болады. Шәкәрім философиясының ежелгі арманы-дүниені, қоршаған ортаны, ақиқатты, бас көзімен көрмей ақыл көзімен көру. «Үш анықтың» басты философиялық мәселесі – адамның өмірі, оның дүниемен, қоршаған ортамен тұтастығы, өзі айтқандай: өлімнен соң, бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керек іс – ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейрам.

Өлім маған өмірден мың есе артық
Жарға құрбан болуға жан жараса.
Дозақ отын құл қылып сөндіремін,
Жаралы жүрегімнен қан тараса.

Шәкәрім шығармаларындағы философиялық мәселелерді адам психологиясымен тығыз байланыста қарастырады, ол сондай-ақ ұлттық психологиялық салтқа, халықтық ерекшелікке айналған құбылыс, ол адамдардың ар-ұятын оятып, намысын қайрап, ілтипаттылық, парасаттылық, ізеттілік сияқты ұнамды қасиеттерді жас буынның бойына сіңірудің басты құралы екендігін нақты деректер арқылы талдап көрсетеді [3].

Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сонылығымен, танымдық моральдық адамгершілік мәселелерімен ұштастыра білуімен сипатталады. Адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалағанда да Шәкәрім ақыл-ой, талабын, ақыл-парасаттылықты қандай да бір іс-әрекетті ақылмен сынауды басты моральдық принцип етіп қояды. Ол әр адамның ісіне өзі сын көзімен қарап, биік талап қоя білуі, қиыншылыққа төзіп, табандылық, қажырлылық танытуы қажет екенін баса айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі // Шәкәрім дәрістері. Семей, 2002.

2 Әбдіғазыұлы Б. Шәкәрімнің Ләйлі-Мәжнүні.// «Жұлдыз» 2002, №10

3 Аманжол А. Некоторые особенности перевода Л. Толстого Шакаримом // Абай. 2005. №1. 60б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖЕЛТОҚСАН ТАҚЫРЫБЫ

СӘРСЕНБАЕВА А. А.
оқушы, «Ақтоғай ауданының Абай атындағы ЖББОМ» КММ,
Ақтоғай ауданы

Аңыз бен шындық. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының себептері жерінің байтақтығы мен табиғат байлығының молдығына қарамастан, республика халқының тұрмыс дәрежесінің төмен болуы, Қазақстанның елдің дамыған аймақтары үшін шикізат көзіне айналуы және өлкенің экологиялық апатқа ұшырауы, орыстандыру саясатының кең етек алуы т.б. болып табылады.

Ушығып отырған мұндай жағдайды шиеленістірген, Желтоқсан оқиғасына түрткі болған-Қазақстан Компартиясының таңертеңгі 18 минутқа созылған 16 желтоқсандағы V-Пленумының шешімі еді.

Пленумның шешімі жөнінлегі хабар республикалық радиодан 16 желтоқсан күні сағат 15-00 де берілді. Сол күні кешке қалалық ішкі істер басқармасы мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жергілікті халық арасында Пленул шешіміне наразылық туып жатқандығы жөнінде хабар түсіп жатты. Қайта құру кезеңіне дейінгі ескі дағдысына салып Орталық Комитеттің республика басшысына қазақстан халқының пікірімен санаспай, өлкенің жер жағдайын білмейтін, оның өзіндік ерекшеліктерінен бейхабар адамды әміршіл әдәспен отырғызуы бұқараның наразылығын туғызды. Наразылықтың көш басында жастар, студенттер, жұмысшылар тұрды және олар Желтоқсан оқиғасының қозғаушы күштері болып табылады. Республиканың өткен тарихына әділетсіз шешімдердің көп орын аалғандығы айғақ, ал осы орайда жастардың әділеттіктің салтанат құруын талап етуінде не сыр жатыр еді? Мәселе мынада: олар Горбачевтің демократияны, жариялықты ұран етіп көтерген жалаң сөздеріне сеніп, елде шындықты бүкпесіз ашық айтуға толық мүмкіндік бар деп алынды.

Алматы қаласының студент жастары мен жұмысшы топтарының 1986 жылғы желтоқсанның 17 жұлдызындағы бой көрсету формасы жағынан ұлттық болғанымен, ұлтшылдық сипатта емес еді. Демонстрация бейбіт және саяси сипатта болды. Әкімшілдікке дағдыланған республика басшылары ту бастан-ақ жастармен тең құқылы келісімге бармады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1990 жылғы қыркйектің 26-дегі қаулысында «бейбіт және сан жағынан аз наразылық демонстрацияның

жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуі-республика басшыларының саяси дәменсіздігінен қиын жағдайда бейбіт жолмен шыға алмағандығынан және шыққысы келмегендігінен, олардың сана мен ізгілік ниетке емес, күшке арқа сүйенгендігінен», – деп атап көрсетіледі. [1, 190 б.].

Желтоқсан оқиғасының даму барысын академин М. Қ. Қозыбаевтфң берген қозғалыстың 3 сатымен анықтасақ.

Желтоқсанның 16-нан 17-не қараған түні. Желтоқсан қозғалысының сол бір түні жастар үшін толқу, тербеліс, уміт кезеңі болатын.

Желтоқсанның 17-сі 7-8 ден-18 сағатқа дейінгі кезең. Бұл әміршіл-әкімшіл жүйе мен жас балағын демократиняың бетпе-бет бейбіт жүздесу сәті, арбасу кезеңі.

17-желтоқсанның 18 сағатынан 18-желтоқсан күні. Бұл бариккаданың екі жағындағы күштердің арбасуынан алысуға, қозғалыстың стихиялық көтеріліске айналу сәті, әміршіл жүйенің қарулы жазалаушы отрядының күш жұмсап, наразы топты еріксіз қорғаныс жасауға, күшке күшті қарсы қою кезеңі.

1990 жылдың 31 қаңтарында жұмысшы тобы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияға айналдырылды. Комиссияның материялдары бойынша 99 адамтсотталған, 707 адам әкімшілік қамауға алынған, 1400 адамға ескерту жасалып, партиядан 53 адам шығарылған т.б. Желтоқсан оқиғасының қайғылы беттерінің бірі-Қайтар Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира мұхамеджанова сияқты өрімдей қазақтың жігіттері мен қыздарының қаза табуы [2, 80 б.].

Қазақстанда 1990 жылы желтоқсанның 17 жұлдызы Демократиялық жаңару күні болып жарияланды. Сол жылы 4 жыл кешіксе де шындық салтанат құрды, оның айқын айғағы Республика алаңында Желтоқсан оқиғаларын есте қалдыруға арналған ескерткіш тақта болып табылады.

Желтоқсан тақырыбындағы әңгімелер.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздік тұғырын қолымызға қондырғалы өткенімізге көз жібергелі бұрын айтуға тыйым салынған, жабық тақырыптардың бірі-Желтоқсан тақырыбы.

Қазақ әдебиеті тарихында-желтоқсан тақырыбына қалам тартушылар аса көп емес. Қазіргі қоғам мәдениетіндегі болып жатқан өзгерістерге сай, оқырман қауым біріңғай философиялық, психологиялық, тарихи романдардан гөрі, шынайы өмірдің

шындығына негізделген, тарихи-саяси, ақпараттық-интелектуалдық мәлімет беретін деректі роман жанрына қызығушылық танытуыда түсінікті.

Өз шығармаларында уақытқа үн косумен бірге, өткеннің өшпес ізің де атап айтар болсақ еліміздің ақтаңдақ тарихи болып қалып отырған Желтоқсан ызғарын да тұңғыш аңғарған ақын-жазушылар – Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов, Асанәлі Әшімов, Мархабат Байғұтұлы, Ерболат Әбікенұлы, Баққожа Мұқай, Серік Асылбекұлы, Ғафу Қайырбеков. Олар іс-әрекеті, мінез-құлқы өзгеше кейіпкерлердің бейнесін сомдауға талпынды.

Солардің біріне тоқталып кетсек,

«Желтоқсан ызғары» әңгімесі, авторы Ерболат Әбікенұлы.

«Ал..ла..а..ай!», – деп тағы ыңыранды. Сосын жан біте бастады. «Иттің балалары-ай, сендер-ақ түбіме жететін болдыңдар ғой!» Аштық деп атамды әкеттіңдер. Соғыс деп әкемді әкеттіңдер! Ол аз болғандай «Желтоқсан» деп әйелімді әкеттіңдер. Мені мүгедек еттіңдер! Иттің балалары деп бар дауысымен айғай салды.»

Мына шаш сол түні-ақ ағарып кеткен. Ал жүрек сол түні қарайып кеткен. Сен мені көрмедің ғой! Мен қандай едім. Мен жігіт біткеннің сарасы болатынмын. Мені елдер алқаш дейді. Ол рас, бірақ бір ауыз өтірік айтып көрмегем. Шашыма қарап шал деп ойлама. Мен әлі жаспын. Мүгедекпін. Мендей ғаріп бар дегенге сенбейтін де шығарсың. Жанарым-ай! Бүгін алаңға барып, Жанардың, бүкіл желтоқсаншылардың әруағына бағыштап дұға оқыдым. Қолымнан келетіні осы ғана. Сен Құран оқыды екен деп түсініп қалма. Қазақша шатпақтадым. Қайтем енді!? Құдай түсінеді, ә! Енді мешітке барып оқытайын десем, денем лас, нәжіс сасиды. Тіпті өзімнен өзім жиркенем. Алланың үйін былғап қайтем. Сосын жүрек зарымды өз тілімде Аллаға жеткізем»

Міне осы жолдардан тыныштықта жүрген адамның қалай «алқашқа» айналып барлық жақындарынан айырылғаны айтылады.

Серік Асылбекұлы «Желтоқсан түні».

«Желтоксан түні» атты екі бөлімді драмасы 1986 жылгы желтоқсан оқиғасынын ұлт тадырындағы саяси таңбалар, жеке адамдар омірiндеги рухани іркілістер мен сілкіністер бағытындағы туынды. Автор бір түннің аясындағы «ситуация» – елеулі тарихиман-ұлт жастарынын жанкешті қарсылыққа көтерілу фактісі ауқымында заманалык ой көтереди. Кеиіпкерлер болмысындағы сан тарап күизеліс ахуалдын негізгі себептермен байланысқан тартысын құрады.

Тауелсіздік жылдарындағы драматургиялық туындыларда жахандану дауірінің кезен болмысынын зару маселелери коркемдик талкыга тартылады. Рухани кублыстарды сандаган типтик бейнелер,калыпты омир тартыстары аукымында ашуга ден койылады.

Баққожа Мұқай «Өмірзая».

Бұл романы кеңес өкіметінің тоқырау кезеңіндегі саясиәлеуметтік, тарихи маңызы зор аса ірі оқиға желісіне құрылған. Шығарманың қазақ елінің тәуелзіздігі туралы басты идеясы қоғам мен адам арасындағы алшақтық, тоқыраған қоғамдағы жеке тұлға тағдырының трагедиялық шындығы арқылы ашылады.

«Өмірзаяның» – бас кейіпкерлері – Аяған. Алматыдығы жоғары оқу орындарының бірінде оқытушы, ғылым кандидаты, тарихшы. Айналасы, ортасы: студенттер, профессор-оқытушылар,факультет, институт басшылары. Ұстазы-қарт пофессор,ұлттық тәуелсіздік идеясының іздеушісі, зерттеушісі, коммунистік идеология талаптары мен азаматтық ұстанымдары өзара қайшы болганы себепті куғын-сүргін көрген, жапа шеккен. Романда қырғалық танытқысы келіп, кеңістік өкіметке адалдығын, коммунистік идеологияға шексіз берілгендігін дүниеге жар салып жариялауды мақсат еткен жалақорлар мен пәлекорлардың жиынтық бейнесі жасалған. Олар қарт профессорды жайына қалдырып,енді оның шәкірттеріне ауыз салады. Олардың тісі алдымен Аяғанға тидін. Жас ғалымның үстінен «пиғылы жат», «ойы бөтен», «ұлтшыл», «сенімсіз» секілді бәлелі-жалалы сөздер қарша борады. Бұл жұмыстан қуылды. Ісі тергеуге түсті. «Коммунистік партияға қарсы», «Астыртын ұйым құрған», «Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырушы» деген айыптар тағылды. Жала қорларлың жаласынан, пәлекорлардың пәлесінен Аяған мынандай күйге түседі: ақытығын, адалдығын, жазықсыздығын дәлелдей алмайды. Нәтижесінде оны жындыханаға қамап, соңында өлтіріп тынады [3, 257 б.].

Асанәлі Әшімов: «Біздің атымызды жамылып…» (1990 жылы 12-қаңтарда Алматы жастарымен кездесуде сөйлеген сөзінен).

«Демократияның Қазақстандағы тұңғыш көрінісі ретінде бой көрсеткен студенттер мен жұмысшы жастардың сол тарихи шеруіне «ұлтшылдардың» іс-әрекеті деп негізсіз жала жапқан бұл хаттың соңындағы қол қойғандардың ішінде менің де аты-жөнім жүр. Басқаларды қайдам, бұған менің еш қатысым жоқ. Ол кезде мен творчестволық сапармен Мәскеу қаласында жүргенмін. Жазушы Дулат Исабековтің «Жусан исі» фильмін аяқтау үшін режиссер Қадыр

Жетпісбаев екеуміз қызу жұмыс үстінде едік. Хаттың жарияланғанын, оған қолымның сыртынан қойылғанын Алматыға келген соң ғана естіп-білдім. Бұл жайындағы наразылығымды Г. Колбинге, партияның Орталық Комитетіне білдірін, шұғыл хат жаздым. Бірақ, біздің атымызды жамылып халықты алдаған, кінәсіз жастарға тіл тигізген партократия өкілдері менің жария түрде кешірім сұрау жөніндегі талабымды көпшілікке жеткізуден бас тартты. Әрі, менің бұл мәселеге араласпауымды қатал қадағалап отырды…» бұл әңгіме, жазықсыздарды, еш қатысы жоқ адамдарды да жазалап, олардың қолдарын кісенсіз байлағаны дәлел бола алады [3, 18 б.].

Мархабат Байғұтұлы «Жоғалған жұрақ»

Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын толық мәнінде бейнелеуге тырысты. Ащы шындықты айта білу, әлеуметтік өмірдың көлеңкелі жақтарын әшкерелеу, тазаруға, жаңарып-жаңғаруға шақыру тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби үрдісте, жетекші бағытқа айналса, Мархабат Байғұтұлы сол бағытты ту етіп ұстады.

«Жұрнақ көке жынданып кетіпті». Әңгіме оқыс хабардан басталып, оқушы баланың көзімен беріледі. Жазушының шеберлігі айқын. Оқып шыққан жан кейіпкер тағдырына жаны ашиды. Жалған пафостан ада, текемет кенті тегіс білетін Қонақбай ағайдың жалғыз ұлы Жұрнақ тек Желтоқсан қасіретінің құрбаны болған жас жігіт. Оның есімі берілмеген, бұл жоғалған ұрпақтың символы. Жұрнақ – текті әулеттен. Сондай озық жасты заманы қор қылды. Мәскеуде олқып жүрген білімді жігіт. Алматыға сүйген қызы Алмаға келгенде тепкіге ұшырайды. Басынан арматура темірмен ұрған, соның кесірінен еснен айырылып, жынданып кетеді. Міне, сексен сегізінші жылдың көктемгі каникулында Жұрнақ көке жынданып кетіпте деген хабар келеді.

Ғафу Қайырбеков «Мәселенің байыбына бару керек еді» «Басқарып отырған жігіттер мән-жайды түсіндіріп, қолыма екі қағаз ұстатты. Бірі қазақша, бірі орысша, көлемі бір-бір жарым беттей. Мұнда қазақтың белгілі ғылым, өнер, әдебиет қайраткерлерінің мынау көтерілген қазақ жастарына үндеу-хаты екен. Және бір қағазда қол қоюға тиісті адамдардың тізімі тұр. Мен: «Жағдайдың не болып, не қойғанынан мүлде хабарсызбын, көрмеген-білмеген жайға қалай келісемін?» – дедім. Оның үстіне менің ашуымды қатты келтіргені «осы текстi, сіздің дауысыңыз зор, қалаға, алаңға үлкен репродукторлармен оқисыз» дегені. Айтып отырған жігіттерге «мен ондай қолжаулық адам емеспін, дауыс керек болса дикторларың, артистерің бар, соларға оқытыңдар!» деп айқай салдым. Не керек,

ерсіл-қарсылы сөзбен бір сағаттай отырып қалдық.», «Бұл жәй, формальды нәрсе екені сонда-ақ белгілі еді. Қайтып бізді ешкім жинаған жоқ. Ертесінде, 20-сы күнгі «Вечерняя Алма-Атадан» мен атымды бір-ақ көрдім. Небәрі жеті-ақ адам. Таңдануда және ашуда шек жоқ. Қалижан-аға Бекхожинге телефон соқтым. Ол да қатты ашуланып отыр екен. Маған ол: «Өзің бала екенсің ғой, көрмейсің бе кімдерді алғанын, жұмысшыдан екеу, ғалымнан біреу, әдебиеттен екеу, өнерден екеу – бәрі де қолдан жасалып тұр ғой. Бұл, шырағым, ескі әдіс, атыңды қосып жібереді, сосын ойбайла мейлің, өл мейлің, шаруа жоқ, мен олармен жаңа сөйлесіп отырмын. Ешкім тыңдамайды», – деп телефонды қоя салды. Менің қорқақ, сатқын еместігім сол – туған ел, жер үшін шырылдап жазған мақалаларымды өздеріңіз үздіксіз басып келесіздер. Осы анықтама сөзімді қауымға жеткізулеріңізді өтінемін.» [4, 100 б.].

Автор көзқарасындағы Желтоқсан кейіпкерлері. Әңгімелердегі бас кейіпкерлер: «Желтоқсан ызғары» әңгімесіндегі тұрақты мекні жоқ адам, «Желтоқсан түні» атты драмасының бас кейіпкерлері Қайсар мен Ақмарал, «Өмірзая» әңгімесінің бас кейіпкері Аяған, Асанәлі Әшімов, «Жоғалған Жұрнақтағы» Жұрнақ, Ғафу Қайырбеков бұлардың барлығы жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті, біреулерге жалған дала жауып, қинап, өлтіріп тынсы, біреулердің қолдарын юіпсіз байлады. Әділетсіздікті жою жолында қаншама адам «елім, жерім, халқым!» деп өз өмірлерін құрбан етті. Ал қазіргі жастардың көбі олардың есімдерін білмейтіні қынжылтады [5, 87 б.].

«Жоғалған Жұрақ» әңгімесі осылай аталуының өзі тегін емес. «Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімнің ұлының есімі «Жұрнақ» қоюының өзі сол өзі беретін тіл сабағына қатысты шығар бәлкім, автордың өз туындысына салып отырған салмағы мүлдем басқа тәрізді. Шын мәнінде, мұның сыры өзгеде. Жас өрімдей болашағынан үлкен үміт күттірген жігіт Жұрнақтың өмірі неліктен өксікпен өтті? – деген сауалға өрімдей жастың жынданып, ақыры өмірмен ерте қоштасуына итерген жағдайдың қоғамдық, әлеуметтік астары бар. Ол-тоталитаризмнің жақпалы, жабысқақ ауыруы «көзбояушылық» дерті. Бір Жұрнақтың ғана емес, қаншама жастың өмірін қиып, сотта сағын сындырып, жігерін жасытты. Автордың айтпағы осының алдын алып, осындай дәрежеге жеткізбеске болмады ма? деген сауал. Жауабы жоқ сұрақ....

Суреттеудер мен тенеулер.

«Бәрінен де бетер қайран қалжыраңқы Қонақбай ағамыздың жайшылықтағы жылуарлы жанарының бұрыңғы нұрынан жұрдайлы

еді» – деп, автор көтеріліске қатысты деген ұлының қайда, қай түрмеде жатқанын білмей жаны қиналған елінің, жұртының, еңбегі сіңген абыройы мен беделі бір ұлағатты ұстаздың тергеу мен тексеру жанын жегідей жеп қойғаны суреттеу мезетін сәтті шығара білген.

Қаламгер сол жылдарында нақ осындай фактілердің көп болғандығына, сол бір Желтоқсан оқиғасына байланысты ел басына түскен әр-түрлі жағдайларды суреттеу арқылы үлкен әлеуметтік шындықты батыл ашып отыр. Ресми насихат басқаш, дегенмен, шындықтың шын бет-әлпеті осындай еді дейді авторлық таным парасаты. Жазушы сол шындықты көре білген және соны батылдықпен, жүректілікпен шынайы жеткізе білген. Көзі ашық, көкірегі ояу парасатты азамат бүкіл қоғамымызда белең алған көзбояушылық індетін аша білген [6, 96 б.].

Тәуелсіздік бастауы-Желтоқсан.

Тәуелсіздік туралы айтқанда, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» атты мектеп оқулығына енген жазба еңбегіне тоқталмай өтпейміз. Мен өз жұмысымды сол «Тәуелсіздік толғауындағы» Елбасымыздың ойландырар да, толғандырар да, жүрекке дөп тиер сөздерімен қорытындылағым келеді [7, 24 б.].

Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасы тұңғыш рет Тәуелсіз Ел ретінде әлемге әйгіленген тарихи дата – 1991 жылдың 16 желтоқсанынан алыстатып барады.

Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдіретін жан жүрегімізбен түсінеміз.

Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі.

Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Бұл қағидаларды мүлтіксіз сақтай отырып, біз Отанымыздың көк байрағын нық ұстаймыз, оны Қазақстан дамуының жаңа биіктерінде асқақтата беретін боламыз.

Бұл – біздің мәңгілік ұстанымымыз! [8, 164 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Азаттық аңсағандар. «Жалын» баспасы Алматы 2006-жыл

2 Желтоқсан көтерілісі, Көп томдық айғақ кітаптар 1-2том. «Дәуір» баспасы, Алматы – 2016 жыл.

3 Алматы-1986. 3, 18 б.Желтоқсан 3-кітап, «Дәуір» баспасы 1996- жыл.

4 М. Шаханов. 4, 100 б. «Желтоқсан эпопеясы» 2006 жыл.

5 М. Байғұт. 5, 87 б.. «Салқын масақ». Алматы «Жазушы» баспасы 2008 жыл.

6 Қ.Әбдезұлы. 6, 96 б. «Жазушы мен заман шындығы». Алматы 2003жыл

7 Н. Назарбаев.7, 24 б. «Тәуелсіздік толғауы». «Егемен Қазақстан» газеті, 16 желтоқсан, 2014 жыл

8 К.Төлентаева. 8, 164 б. Қазақстан тарихы. Алматы-2006 жыл

ЕРТЕГІ ПОЭМАЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ СЮЖЕТТЕР МЕН МОТИВТЕР

СМАИЛОВА Д. С.
8 «В» сынып оқушысы, М. Әуезов атындағы № 42 ЖОББМ, Павлодар қ.
АХМЕТОВА Қ. Т.
мұғалім, М. Әуезов атындағы № 42 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі өскен,өркендеген,кәсіби деңгейі көтерілген қазақ балалар әдебиетінде ертегі поэма үлгілері бар. Олар қаламгерлердің дарын қуатына орай, ұстанған мақсат, орындалу ерекшелігіне қарай әр қилы үлгіде, әр алуан дәрежеде көрінеді.

Қиял-ғажайып ертегісі негізінде Ө. Тұрманжановтың «Ғажайып бағбанның алтын алмасы мен Асан бала туралы ертегісі» бар. Бағбанның аң, құс, мал, шөптің тілін білуі-бұл бұрынғы ертегілерде жиі қайталанатын мотив. Оның есігін қара аюдың күзетуі, адал адам келсе есік ашып, жаман ниеттегі адамға қақпаны ашпауы ертегілік қалыптарды еске түсіреді, оның бағында алтын алма өседі.

Бас кейіпкердің бір затты әкелу,алтын алма іздеу мақсатында қауіп-қатерлі қиын сапарға шығу – көп ертегілерде ұшырасатын сарын.Алыс жолға Асан он екі ай машықтанады, болат сауыт, дулыға, қалқан, кемер, қанжар, садақ, қылыш, найза соқтырады. Сапар алдында үлкендер батасын алады. Мұнда бас қаһарманға серік болуға «сұранатын», «көмекші қызметін» «ала күшік» атқарады. Ала күшік адамша сөйлейді, көріпкелдік қасиетін «алдындағы қауіпті» алдын-ала Асанға ескертеді.

Ақын фольклорлық бейнелеу құралдарын кәдеге жаратады. Мәселен жалмауызды иттің өлтіру сәтін төмендегідей кестелейді.

Қабырғадан қайыстырып,
Омыртқасын майыстырып.
Құйрығын ұстап бұрап,
Ұмар-жұмар жұтты бір-ақ.

Жолдың ұзақтығын ақын фольклорлық әсерлеу тәсілімен «ала күшік арлан болды, жеті түлеп тарлан болды» деп суреттейді. Жолда жеті айдаһар, жалмауыз кемпір Асанға қарсы тұрады, оны итінің көмегімен өлтіріп, қауіп-қатерден аман-есен өткен кейіпкер қарт бағбанға келіп,өнер үйренеді. Алтын алма ұрығын алып еліне қайтуға ниет еткен Асанға қарт бағбан оған көмектесуді аңдарға жүктейді.

Ана таудың баурында,
Өскен алма ауылында.
Алма атасы-қызыл алма,
Сол атаңнан қалған екен.

Шығарманың бұлайша аяқталуы аңызға, мифке тән нақыш Өтебай Тұрманжанов бірнеше жанрға тән белгілерді ұштастыра пайдалануға шебер ақын.

С. Қасқабасов жануарлар жайындағы қазақ ертегілерін үш топқа бөледі: біріншісі-этиологиялық. Екіншісі-Шығыс пен Батыс халықтарының көпшілігіне мәлім, яғни дүние жүзі елдерінің жануарлық эпосын құрайтын классикалық ертегілер. Бұлар бүгінгі дәуірде балалар үлесіне тиген. Үшінші топқа мысал ертегілер жатады (1.202). Ғалым көрсеткен ертегінің үш түрі де қазіргі қазақ балалар поэзиясында бар.

Этиологиялық ертегілер әлі де мифтен толық бөлектеніп кетпеген, әлі де мифтік сипатын сақтаған. Этиологиялық ертегілер бұрынғы ел сенген мифтік сипатынан айырылған және классикалық ертегілермен қатар өмір сүргендіктен оған жақындаған, тіпті бір-біріне әсер де еткен.

Этиологиялық ертегілер балалар үшін белгілі бір құбылыстардың шығуын сәбилік ұғымға бейімдеп түіндіреді. Өтебай Тұрманжановтың «Бөдене мен түлкі» атты шығармасы халық ертегісінің өзегіне құрылған. Ертектің бір нұсқасын Ә. Диваев жазып алған. Ертегі оқиғасы тартымды әрі юморлы. Бөденені қолға түсіргенде өтінішіне қарап тимейді,екеуі дос болады.Түлкі қақпанға түскенде аңшыны бөдене алаңдатып, досын аман алып қалады. Ол түлкінің «тамаққа тойдыр, күлдір»деген өтініштерін орындайды. Енді «мені қорқытшы» деген өтініштеріне сәйкес адамдар ортасына көзін жұмып апарғанда,қуғыншылардың өліп-талып, әрең құтылады. Ашуланған түлкі шап бергенде құйрығы шолақ болып қалады.

Бүркіт Ысқақовтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты шығармасы сюжетінде мифтік тұлға айдаһар патша дертке шалынады. Құ түлкі «Тәтті қан тауып ішсеңіз жазыласыз» дейді.

«Содан бері Қарлығаш,
Болса да нәзік, талдырмаш
Досы болды Адамның
Аты болды Адамның» деп аяқталады.

Б. Ысқақовтың бұл туындысы мультфильмге арналып жазылған.

Аталмыш сюжет түркі және моңғол халықтары арасында,сондай-ақ Еуропа жұрттары арасында (Еділ бойы, Кавказ, Балтық бойы, славян халықтары) таралған ертегінің әпсанаға,тәмсілге де айналған нұсқалары бар.

Ертегі жамандық пен жақсылық арасындағы күресті бейнелейді.

Айдаһар – билік иесі, адамзатқа жамандық жасаушы, маса сатқынның бейнесінде, ал қарлығаш-жамандыққа қарсы тұрушы, адамзаттың досы ретінде көрінеді. Ақын үшін керегі де ертегі астарындағы идея. Сөйтіп сан ғасырлық шыңдаудан өткен ертегіге екінші өмір дарытады.

Хамит Ерғалиев эстонның «Қоянның ерні неге жырық?» деген ертегісін балаларға лайықтап, өлең тілінде сөйлеткен. Қоян ернінің не себептен жырық болғанын қызғылықты әңгімелейтін ертегі орыс халқында да бар. С. Қасқабасовтың зерттеулеріне қарағанда осыған үндес сюжет қазақтардың арасында да таралған екен.

Қабыл Боранбаевтың «Қоянның құйрығы неге қысқа,құлағы неге ұзын?» атты ертегісінің басталуы фольклорлық қалыпта:

Қоян болыпты ертеде,
Құйрығы ұзын көрікті.
Ол әдемі құйрығын,
Зор мақтаныш көріпті.

Ақын этиологиялық сарынды сақтағанмен,мүлде соны,тың сюжет құрып, өзгеше түрпатта жырлайды. М. Әлімбаевтың«Қарағай неге ұзын,жыңғыл неге жатаған, тобылға неге қызыл болған?», «Тауыс неге қызыл жасыл, қарға неге қара?». Ә. Дүйсенбиевтің «Мақтаншақ бала» атты туындылары этиологиялық сипатта болғанымен автордың қиялынан тоқылған дүниелер.

Мысал ертегілерде халықтық-насихаттық сипат басым,бірақ құр насихат емес, әңгімелеу, одан түйін,қорытынды шығады. Сондай-ақ сюжеттік құрамы шағын, көбіне бір ғана оқиғадан тұрады.

Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Құйыршық» атты туындысында ежелден ел құлағына сіңісті сюжетті тірілткен, оқиғасы қызық.Ел аузында нұсқалары көп. Ертектің бір нұсқасы «Құлақ» деп театалады.

«Құйыршықты» Ә. Диваев жазып алып жариялаған,осы нұсқа кейінгі әр түрлі жинақтарда қайталанып басылып жүр. Ә. Дүйсенбиев осы нұсқадан тыс ел аузында айтылып жүрген нұсқаларын да пайдаланғаны аңғарылады. Ертегіні жырға айналдыру барысында «Құйыршықтың әкесі қайта ауырды», «Ұрыларға былай жолықты», «Құйыршықты сиыр жұтып қояды», «Құйыршықты енді қасқыржұтып қояды» деген тараушаларға бөліп ұлғайтқан.

Әлеуметтік жағдайды баяндаумен басталады. Бұл автордың өзі қосқан тұстар. Өлеңі жатық, жеті-сегіз буынды, диалог мол. Күлдіргі һәм тартымды ертегі балғындардың жандарын шаттандырады. Балаларға арналған ертегілердің құрылымы өзгеше:қайталау көп, оқығаны тізбектеп айтуға құрылады. Ертегілердің мұндай түрі ғылымда «коммулятивті» деген атпен мәлім. Коммулятивті ертегілер-әлем халықтарының көпшілігінде бар, тіз-бекті тәсіл-көркемдік құралдың байырғы түрлерінің бірі. Қайталауға негізделген мұндай ертегілер есте жақсы сақталады, бүлдіршіндер үшін жағымды, күлкі тудырады.

Мұзафар Әлімбаевтың «Алатаудың бауырында» атты шығармасы «Ғажайып бақта» Асан мен Қасен атты екі достың бірінің диқаншылықпен, екіншісінің мал шаруашылығымен айналысқаны, қыс қатты болып, Қасен-нің аз ғана малы қырылғаны, оның амалсыз досынан көмек сұрағаны, Асан берген жерден алтын шыққаны баяндалады. «Алатаудың бауырында» кейіпкерлер аты Жақы мен Пернебек болып алынған. Көшіп кеткен Жақының үйін алған Пернебек жер қазғанда алтынға кезігеді. Ертегі негізінде адалдық, тазалықты үгіттеу, өнеге ретінде ұсыну идеясы жатыр.

Мұзафар Әлімбаевтың туындысы төрт бөлікке бөлінген, арнаумен басталады, арнау сюжет желісіне қатыссыз. Арнауда халық ертегілерінің кейіпкерлері ауызға алынады.

«Алатаудың бауырында» жер-су аттары нақтыланған: Қара Кемір, Қастек, Алматы. Түпнұсқада алтынды қалай жұмсауға төрелік беретін қазы болса, Мұзафар Әлімбаев оны Жиренше деп алған. Ақын соңғы бөлімде ертегі мен бүгінгі күнді ұштастырып,қазіргі Алматы көркін суреттеуге көшеді. Қорытындысын былайша түйіндейді:

Ертектегі сол бақтың
Көргің келсе жұрнағын,
Әсем таулы алқаптың
Алабына жүр,жаным.
Мынау біздің астана,
Астанамыз Алматы.

Балалар ақындарды тек ертегілер мифтік, сюжет-сарындармен шектелмей аңыздық прозаның үлгілерін де өз шығармаларында пайдаланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 С. Қасқабасов. Жаназық. Астана, 2002 ж.

2 М. Әуезов. Ертегілер. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, А., 1960 ж.

3 Е. Тұрсынов. Генезис казахской бытовой сказки. А., 1973 ж.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

СУЙНДИК И. Р.
5 сынып оқушысы, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.
ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.
ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Биылғы жылы Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толып отыр. Қазақ зиялыларының бір ғасыр бұрын атқарған еңбегі ұлт үшін өлшеусіз болды. Сол еңбектердің бір парасы – тіл білімі. Біз бүгінгі мақаламызда алаш қайраткерлерінің қазақ тілінің сақталуына, өркендеуіне, ғылыми тұғырдан орын алуына қосқан еңбектеріне тоқталамыз.

Халық Алаш қайраткерлерінің қазақ ұлты, мемлекеттілігі үшін атқарған еңбектеріне еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғана қанық бола бастады. Содан болар, бұл тақырып аясында көп зерттеулер болды, көп шиеленістер де орын алып жатты. Солақай саясаттың кесірінен көп шындық бұрмаланды да. XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай сапалық тұрғыдан жедел жетілді. Әрі уақыт ағымына орай, саяси тұрғыдан ширығып, Алаш идеясы дүниеге келді. Оны жетілдіруші әрі қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында жан аянбай еңбек етті.

Тарих беттеріне үңілсек, 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съезд материалдары жарияланды. Сол уақытта «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ зияларының

ғылыми жұмыстарымен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару әрекетімен де, көркем әдебиетімен де айналысқанын көруге болады.

Алаш қозғалысымен бірге, мәселен, оның көрнекті қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұханбетовтар сонымен қоса Уәлитхан Танашевтың, (Жанша Жаянша) Сейдалиннің, Айдархан Тұрлыбаевтың, Ыбырайым Жайнақовтың, Асылбек Сейітовтің, Тел Жаманмұрыновтың, Аспандияр Кенжиннің, Базарбай Мәметовтің, Иман Әлімбековтің, Әлжан Байғориннің, Садық Аманжоловтың, Мұқыш Бөштаевтың, Дәулетше Күсепқалиевтің, Ережеп Итбаевтың, Хамит Тоқтамышевтың, Сейілбек Жанайдаровтың, Нұрғали Ипмағамбетовтың, Әзімхан Кенесариннің, Сейдәзім Қадырбаевтардың да ұлт пен тарих алдындағы еңбектеріне лайықты баға беру, құрмет көрсету – біздің азаматтық адалдығымыздың айғағы болмақ.

Бұл уақыт – қазақ тарихындағы елеулі кезең. Алаш қозғалысының пайда болуына не себеп болды? Олардың арқалаған міндеттері мен мұраттары не болды? Бұл сауалдарға жауап іздей келе, Алаш қозғалысының тәуелсіз қазақ мемлекеттігін мақсат еткені белгілі. Бұл жай бос қиял болған жоқ. Партияның ұстанымы, көздеген мақсаты, айқын қадамдары болды. Сол уақыттағы қиындықтарға қарамастан күшпен емес, білімдерімен елдің азаттығы үшін күресті. Бұл күрестің құрбандықсыз болмайтыны тағы белгілі еді оларға. Соған қарамастан өмірлері мен туғандарының өмірлерін бәске салып, жанын берді.

Дегенмен, тәуелсіздік жолында құрбан болған алаштықтардың еңбегі мен өмірі бекер болмады. Бүгінде олар арман еткендей, қазақ тілі өзінің тұғырынан орын алды, мемлекеттілік мәртебеге де ие. Тәуелсіз мемлекет болудың айшықты көрінісі – өз ана тіліне тұғырдан орын беріп, ғылым мен білім тіліне айналдыру екенін кезінде алаштықтар айтып қана кеткен жоқ, сол үшін нақты қадамдар да атқарды.

Жалпы, бүгінгі жаһандану кезінде көп ұлттар өз тілдері мен ұлттық болмыстарынан айырылып қалу қауіпінде тұр. Кез келген тілдің қолданушысы көп болса, сол тілдің өмір сүруіне де жол ашық болады. Сол себепті, қазақ өз тілін сақтау үшін өз қолдану аясын кеңейтуі қажет екендігі әмбеге аян. Кезінде алаш қайраткерлерінің ана тілін өркендетпей жатып мемлекеттілік құрудың бекершілік екенін олардың ғасыр бұрын айтқан сөздерінен аңғарамыз. Олардың

сөздеріне бүгінгі қазақ тілінің жайы да куә болады. Мәселен, алаштың ардақты ұлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады».

Мәселен, Б. Момынованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқулығында дамыған әдеби тілдің басты белгісі – терминологиялық лексиканың болуы дейді. Және осында автор терминология, пән сөздер туралы пікірлер А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедовтар заманынан бастау алғанын айтады. Демек, тілдің баюына алаштықтар қыруар үлес қосып кетті [1, 35 б.].

Ана тілі туралы айтқанда қазақ тілінің ғылыми жүйеде негізін қалап кеткен ғалым Ахмет Байтұрсынұлынан бастау қажет деп ойлаймын. «...Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген ғалым ана тілде кітап шығарудың, ана тілде білім беру қажеттігін жақсы түсінген [2, 8 б.].

А. Байтұрсынұлы: «...Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ...Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», – дейді. Кітап авторы алаш арасының осы сөзін келтіре отырып, кейінгі ұрпақтың басқаның жетегінде кетпеуі үшін А. Байтұрсынұлы әлипбиді жасау үшін араб графикасымен жасағанын айтады [2, 56 б.]. Міне, оның еңбегінің арқасында қазақы танымындағы оқулықтар тұңғыш рет ғылыми жүйеленіп, қазақ тілі білімінің негізі болып қаланды. [2, 60 б.]. Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған [2, 174 б.]

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Шора» журналында жарық көрген мақаласында былай депті: «...Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мұлкін,

қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» [2, 551 б.]. Бұл сөздерден ата-бабадан мұра болып қалған ана тілімізге өмір сыйлау я, өшіріп тастау әр қазақтың қолындағы іс екенін нақ айтады. Қазақ зиялыларының ана тілді сақтап қалуға, оны әдеби шұрайландыруға, тілге ғылыми тұғыр беруде алаш қайраткерлерінің атақарған ісі қыруар, тіпті шексіз десек қателеспейміз. Ахмет Байтұрсыновтың бұл сөзі қазақ үшін ескертудей болған сыңайлы. Ал тарихқа үңілер болсақ, қазақ ұлтының жоғалуын мақсат еткендер онсыз да қазақтың сөзін қарапайым тұрмыстағы қолданыстан алып тастағысы келгенін аңғарамыз.

Ал, Алаш ордасының көсемі, ғалым, қазақтың тұңғыш саяси партиясының ұйымдастырушысы және Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхан тілге қатысты ойын нақ жеткізіп, екі ауызбен салиқалы ой тастаған: «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды». 1914 жылы желтоқсанда өткен мұсылман съезінде түрк мұсылмандарының бір тілге көшуі туралы мәселе қозғалғанда Ә. Бөкейхан былайша қазақ тілінің мәртебесіне баға беріп, тілге қорған болады: «Түрік заты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді біздің қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін... Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта. ...Абай, Шәкәрім, Міржақып, Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады? ...Біздің қазақ осы тілін тастап, татарға мінгескені адасқандық болар, біз қазақ татар тіліне шорқақпыз...» [3, 145 б.].

«Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Тілімізді бұзбай ұстарту шарттарын қарастыру, жұрт әдебиетінен, көркем әдебиеттен үлгілер көрсетіп, өрнекті түрлерімен таныстыру» деген екен ғалым Халел Досмұхамедұлы.

Д. Досмұхамедұлы тіл мәселесінің өзекті мәселелеріне бей-жай қала алмаған біртуар азамат, ғалым. Ана тілін сүйіп, оған қамқоршы болам деп талпынған ұлтжанды ғалым тілдің қоғам өмірінде, оның ішінде ғылым-білім саласында атқарар рөлі жоғары екенін жақсы түсінді. Оның «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады», десе, енді бірде «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен өзгермекші...Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» деген сөздер қаншама уақыт өтсе де өзектілігінен

айырылған жоқ [4, 584 б.]. Тіпті оның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» еңбегінде айтқан «Басқаның сөзін бұзбай аламыз деп тіліңді бұрап жүргенде өз тіліңнен айырылып қаларсың» деп сақтандырып айтқаны да бүгінгі күнге арналған сөздей [4, 584 б.]. Ғалым сол кездің өзінде қазақ тілінің тазалығы туралы мәселені көтереді. Тілімізге енген кірме сөздердің дыбыстық заңын сақталуы және пән атауларының қабылданып, бекітілуіне қатысты жолдарды ұсынады. «Пән сөздері пән комиссиясының сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсу керек» деген ұсынысын 1925 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жария етті. Кейін Х. Досмұхамедұлының осы ұсынысы қабылданып, терминком құрылып, ол осы күнге дейін жұмысын жалғастырып келе жатыр [4, 585 б.]. Бұл туралы Ш. Сарыбаев «Ана тілі» газетінде жария болған «Жеті жұрттың тілін біл» мақаласында жазған болатын. Мақала авторы ғалымның қазақ тілі саласының дамуына қыруар еңбектер жасағанын жазады. Ол қазақ тілінің фонетикасы, терминологиясы, емлесі, түрк тілдерінің тарихы, әдеби тілі туралы пайымдаулары оның лингвист-ғалым екенін айғақтайды [4, 588 б.]. Оның еңбектері осы күні де мәнін жоймай келе жатыр.

Ал, Мағжан Жұмабайұлы келесі сөзінде қазақ тілінің бар болмысын шебер суреттеп, тіл болашағын да дөп болжайды: «Тіл – адам жанының тілмәші. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмыс, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлейміз деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік».

Қазақтың біртуар азаматы, жерлесіміз Жүсіпбек Аймауытұлы ана тілін ұлттың бәйтерегіне балайды: «Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін

мәңгі құламайтын бәйтерегі». Алаштың ардақты ұлы Жүсіпбектің қазақ тіліне сіңірген еңбегі зор. Ол тіл білімі мәселесін зерттеуге арнап 50-ге тарта еңбек жазған.

Осы кезеңде Х. Досмұхамедұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаевтың оқулықтары әр ғылым салалары бойынша дүниеге келді. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулықтың авторы Б. Момынова: «Аттары аталған зиялылар тек әдебиет емес, мәдени өмір мен басқа ғылымдар бойнша оқулықтар жазды, пән атауларын қалыптастырды», – деп келтіреді [1, 180 б.].

Телжан Шонанұлы – әдебиет пен тіл майданында мол еңбек сіңірген ғалым, 60-тан астам еңбектің авторы. Шора Сарыбаев өз еңбегінде ғалымның еңбектеріне жоғары баға береді: «...әмбебаптығымен көзге түссе де, тіл білімі, педагогика оқу-ағарту, әдістеме ғылымдарының бастау-қайнарында тұрса да, көптен бері ауызға алынбай, еңбектері қозғаусыз жатқан қарымды қалам иесі, халқымыздың абзал ұлдарының бірі – Телжан Шонанұлы» [4, 578 б.]. Ол тіл білімі мен оның әдістемесіне қатысты жиырмадай еңбек жазыпты. Ғалымның аса бір ескерілетін еңбегі 1920 жылдары қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жариялануына байланысты орыстарға қазақ тілін үйрету мақсатымен оқулықтар мен бағдарламалар жазған [4, 579 б.]. Орыс аудиториясына арналған бұл еңбегі осы күнге дейін мәнін жойған жоқ десек әбден болады.

Қошке Кемеңгеров тіл білімі мәселелеріне арқау болған оннан астам еңбек жазған. Ол өз еңбектерінде емле, әріп мәселесі, қотыр сөздер, жат тілді оқыту, мектептегі оқыту тілі сияқты мәселелерді қозғайды. Оның қазақша-орысша сөздік құрастырып, қазақ тілінің грамматикасы, еуропалықтар үшін арналған оқу құралы сынды еңбектері жарық көреді [4, 591 б.].

Елдес Омаров – қазақ тілі білімінің саласы бойынша біраз еңбек жазған ғалым. «Қазақша жазу тақырыбы және жазу ережелері», «Жазудың жаңа ережелері», «Қазақша әліпби», «Қазақ тілінің дыбыстары», «Қазақша дыбыстардың жігі» сияқты ебектері қазақ тілінің дамуына өз септігін тигізген [4, 591 б.].

Ал, Нәзір Төреқұлов емле, әліпби туралы еңбектер жазады. Ол өз мақалаларында жаңа әліпбиге қатысты мәселелерді көтеріп, ұлттық мәселе мен мектеп, мектептердің жағдайы, келешегі туралы сөз қозғайды. Сондай-ақ, қазақ тілі білімінің өркендеуіне Әлішер Садуқасов, Қажым Басымовтың еңбектері зор [4, 592 б.]. Қажым Басымов синтаксис, морфлогия, терминология, әсіресе, орфография мәселелерін көп көтерген.

Дәл осындай мәнде жақсы ой қалдырған алаш қайраткерлерінің бірі – Ғұмар Қараш еді: «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады».

«Қазақ тілі – бай, таза іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да ту басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған. Біздің қазақ тілі бұрын ылғалсыз таза болса да, бұл кезде басқа жұрттармен араласа бастадық, басқа жұрттардың оқуын оқыдық... Бір жағы Бұхар, бір жағы Мекке, Медине, Стамбұлдардан да оқып қайтқандарымыз бар. Солардың бәрі елге ноғайшылап, арабшылап, сартшылап қайтып жүр. Бұлардың сөйлеген сөзінде, жазған хатында шет жұрттардың тілі аңқып тұр... Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша болсын дегенде бұлардың бәрінің негізі «Тіл – құралы» екенін ұмытпасқа керек». Бұл сөздер Міржақып Дулатұлының тілге қатысты сөзі.

Жалпы, алаш қайраткерлері тіл білімінің дамуына серпіліс беріп қана қоймай, ғылыми тұғырдан орын берді. Осы тұрғыдан олардың еңбектері өлшеусіз болды. Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмахмедұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Қошке Кемеңгеров, Нәзір Төреқұлов, Әлішер Сәдуқасов, Қажым Басымов, Телжан Шонанұлы сынды алаштың аяулы азаматтары, ғалымдары – қазақ тілінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан жандар. Олар 1920 жылдарда ғылым, мәдениет, оқу-ағарту саласында ерекше серпіліс туған заманда, жаңа ашылып жатқан мектептерге оқулықтар жазып, ғылым-ілім басында тұрып, көшбасшы болу осы абзал аталарымыздың арқасында. Дарынды, халқымыздың біртуар тұлғалары өз мамандықтарынан тыс қазақ тілі, психология, педагогика, математика, зоология, ботаника, химия, т.б. салалар бойынша еңбектер жазған.

Алаш қайраткерлерінің қазақ тілінің өркендеуіне қосқан үлесін білу, олардың еңбектеріне лайықты баға беру – уақыт еншісіндегі іс, кейінгі ұрпақтың парызы деп санаймын. Алаштың асыл азаматтары, ғалымдар, көрнекті қайраткерлеріміз солақай саясаттың кесірінен жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде тұтқынға алынады, ату жазасына ұшырайды.

Бүгінде жаһандану үрдісінде қазақ тек өз рухын жаңғырту, асқақтату арқылы ғана ұлттық болмысын, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлан-ғайыр жерін, тәуелсіздігін, ана тілін, дәстүрлерін, тарихы мен мәдениетін сақтай алады.

Ал, ғасыр бұрын Алаш қайраткерлерінің айтып, жазып, зерттеп кеткен пайымдаулары бүгінгі күні өз мәнін жоғалтпаған. Сол уақыттағы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялылары қазақ тілінің ғылыми негізде қалыптасуы үшін көп еңбек сіңірді. Қазіргі таңда жүз жыл бұрын жазылған қанатты сөздер әлеуметте болып жатқан қазақ тілі мәселесіне қатысты көп даудың басын қайтаруға, шешімін табуға көмектеседі. Алаш қайраткерлерінің айтып кеткен асыл сөздері бүгінгі қоғамға, бүгінгі Қазақ Елінің әрбір азаматына берік ұстаным, ұлттық дамуының бағыт-бағдары болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Б. Момынова, Қазақ әдеби тілінің тарихы (оқулық) – Алматы, Қазақ университеті баспасы, 2011 ж., 35 б., 180 б;

2 Р.С. Исмаханбетова, Ғасыр саңылағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны – Астана, Педагогика пресс, 2010 ж., 8б., 56 б.,60 б.,172 б., 174 б., 551б;

3 Д. Қамзабекұлы, Алаш және әдебиет, Астана, Фолиант, 2002 ж., 145 б;

4 Ш. Сарыбаев, Қазақ тіл білімі мәселелері – Вопросы казахского языкознания, Алматы, Арыс, 2000 ж. 578 б., 579 б.,584 б, 585 б., 588 б., 591.б., 592 б.

ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

СУННАТУЛЛАЕВА Ш. И.
9 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.
АСАЕВА Б. В.
мұғалім, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның болашағы жастар қолында», деп, біз жастарға үлкен сенім артып отыр.

Мен «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы құндылықтарын жүзеге асыруға ғылыми жұмыс жасау арқылы өз үлесімді қосуды мақсат еттім.

Қазақ тілі байлығының құнарлы қорына жататын, көркем сөз бен шешендік өнердің қайнар бұлағы болып саналатын тұрақты тіркестердің бір саласы – фразеологизмдер. Бұл тіліміздегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып суреттелген.

Тұрақты тіркестердің белгілі сөз тобына қатыстылығын әрбір тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынан негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады:

Етістік мағыналы фразеологизмдер

Сындық мағыналы фразеологизмдер

Заттық мағыналы фразеологизмдер

Үстеу мағыналы фразеологизмдер

Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдерді, тақырыптық-мағыналық тұрғыда қарастыру, сонымен бірге қазақ тілі байлығының құнарлы қорына жататын көркем сөз бен шешендік өнердің қайнар бұлағы болып саналатын тұрақты тіркестердің бір саласы фразеологизмдерді етістікті тұрғыда анықтау. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер белгіленеді:

- етістікті фразеологизмдерді анықтау;
- фразеологизмдер халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі екендігін жазушы, ақындардың шығармалары арқылы дәлелдеу;
- етістікті фразеологизмдердің тақырыптық-мағыналық топтарын анықтау.

Етістікті фразеологизмдердің тақырыптық-мағыналық топтары.

Егер біз сөзде мағына мен дыбыталудың бірлігін түсінетін болсақ, мағына сөздің ішінде, оның құрамды бөлшегі ретінде өмір сүреді. Ал сөз, өз жолымен, адамзаттың қатынас құралы болудың элементі ретінде бір информацияны екінші біреуге жеткізу үшін қолданылады..

Қазақ тіл біліміндегі тәжірибелерге сүйене отырып етістікті фразеологизмдерді былай топтастырыуға болады.

1 Актив әрекет, іс-қимыл етістікті фразеологизмдер.

2 Сөйлеу етістікті фразеологизмдер.

3 Қалып және сапа етістікті фраезологизмдер.

4 Көңіл-күй етістікті фразеолгизмдер

Етістікті фразеологизмдердің біразы адам мен заттар, адам мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Қоршаған дүние, психологиялық жай-күй, әлеуметтік орта – бәрі қарым-қатынас

туғызады. Адамдар арасындағы күнделікті өмірде жиі кездесетін қарым-қатынасты білдіретін етістікті фразеологизмдерді лексика-семантикалық топқа жіктеуіміз мынадай:

1 Адамдар арасындағы қарым-қатынас білдіретін етістікті фразеологизмдер:

а) құрметтеу, сыйластықты білдіру: *үстінен құс ұшырмау* – неше түрлі зорлық-зомбылық жасау, бәле қуу мағынасында. *Бақайын жерге тигізбеу* – шаң жуытпау, бәледен құтқару.

ә) бас араздық не татулықты білдіру: *арасына от жағу*. Жуандардың арасынан от шығармақ болатын. *Арасынан қыл өтпеу* - өте тату болу.

б) қызмет көрсету мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер: *отымен кіріп, күлімен шығу;*

в) алдау-алдану мағынасын білдіретін етістікті фразеологизмдер: *екі қолын танауына тығып қалу, құр алақан қалды, айырылып қалды, қолына дәнеңе ілінбеді*.

г) менсінбеу, менменсу: *деміне нан пісу, ханға сәлем бермеу.*

ғ) жақтырмау: *мұрнын тыржиту, шекесі тырысу, қабағы түйілу, түгін сыртқа түкситу.*

д) жақсы көру: *емешегі үзілу* – қатты құмарту, қатты сүю, *ет жүрегі езілу.*

ж) мазалау, әурелеу: *буынсыз жерге пышақ ұру, ит әуресін шығару, әуре сарсаңға түсріу, босқа шаршату.*

2 Теңестіру мәніндегі етістікті фразеологизмдер. Бұл топтағы етістікті фразеологогизмдер жақсы-жаманды, жағымды-жағымсыз әрекеттерді салыстыру, бағалау мақсатында жұмсалады: *басқан ізіне тұрмау, садағыса кетсін.*

3 Меншіктеу мәніндегі етістікті фразеологизмдер. Адам затты, байлықты түрлі жолмен меншіктеуі мүмкін.. Мәселен, *жіп тағу* – біреуді сырттай иелену, *жымқырып кету* – ұрлап меншіктеуді білдіреді.

4 Бағындыру-бағыну мәніндегі етістікті фразеолоизмдер. Бағынбау, қарсылық көрсету мәніндегі *кеудесін басқызбау, басынан сөз асырмау, есесін жібермеу* сияқты етістікті фразеологизмдер осы топта.

Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің бір тобын сөйлеу етістікті фразеологизмдері құрайды. Сөйлеу процесін білдіретін етістікті фразеологизмдер құрамында «айт», «сөйле» түбір етістіктерінің сн-алуан грамматикалық тұлғада келіп, басқа сөздермен тіркесуі арқылы жасалған етістікті фразеологизмдерді

жатқызамыз: *арыла сөйледі, шет жағасын айтыпты, өлердегі сөзін айтқан.*

Көру етістікті фразеологизмнің бір сыңары «көз» сөзі болса, келесі сыңарлары «қара», «тік», «сал» етістіктерінен болады да көру ұғымында жұмсалады: *көз тігу, көз салу*. Тілімізде «көз» сөзімен байланысты, біздің есебімізше, 500-ден астам фразеологиялық тіркес бар, бірақ оның бәрі көру мағынасын білдірмейді. Мысалы: *көз ілмеу* – ұйықтамауды, *көз алдынан өткізу* – ойлау, елестетуді, *көз ілеспеді* –жылдамдықты білдіреді.

Қазақ тілінде адамның көңіл-күйіне қатысты жасалған етістікті фразеологизмдер өте көп. Жағымды-жағымсыз эмоцияға қарай адам көңіл-күйінің «түрленуін» білдіретін етістікті фразеологизмдер 1. Жағымды етістікті фразеологизмдер; 2. Жағымсыз етістікті фразеологизмдер деп топтастырылады. Жағымды эмоциялы етістікті фразеологизмдер: *мұртының астынан күлу* – мысқыл, *екі езуі екі құлағына жету* – шын көңілімен күлуді білдіреді, *танауы желбіреу, тұла бойы алып-ұшу, қуанышы қойнына сыймау, бөркін аспанға лақтыру* т.б.

Ал, жағымсыз етістікті фразеологизмдер жағымды эмоциялы етістікті фразеологияға қарағанда көп. Мәселен, *қабағынан қар жауу, тісін қайрау, айдаһардай ысқыру, ит арқасы құрысу*

Күре тамыры адыраю – қызаңдады, қызбалық көрсетті.

Сабасына түсу – ашу, ызасы басылып, саябыр қалыпқа келді. Тасқыны басылып, ызғары қайтсын, ашуы сабасына келсін

Көңіл тоны жібу – Көңілдің тоңы жібіп, бұрынғысындай еміреніскен күйді қайта таба алмаған

Санын соғу – қатты өкінді, алданып, опық жеді. Қарға іздерін қардағы қалған қоян жымы деп, Қарғабайдың алданып, санын соққан күні көп

Сіркесі су көтермеу – ештеңені көңілі жақтырмау, ештеңеге зауқы болмау. Сіркем су көтермей, ықылым жоқ

Сонымен қатар, жағымсыз эмоциялы етістікті фразеологизмдерді жылау, қорқу етістікті фразеологизмдер деп қарастырамыз. Жылау етістікті фразеологизмдері: жылау – жоғары эмоциялық күй болғандықтан, оны бейнелейтін етістікті фразеологизмдердің образдылығы да ерекше: *ботадай боздау, зар еңіреу* – ағыл-тегіл жылады.

Сезім күйін жеткізуші адам мен сол эмоция иелерінің /күлген, жылаған адамдар/ арасындағы логикалық байланыс, әрине, тіл арқылы жүзеге асады. Айтушы көрген оқиғаны қабылдау дәрежесіне

қатысты, екіншіден, сол ұғым, түсініктің өзіне қалай әсер еткенін жеткізу түрлі сипаттағы тұрақты сөз тіркестерін, фразеологизмдер қолданылады.

Ал қорқу етістікті фразеологизмдеріне келер болсақ, ол сан алуан формада көрінеді. Адам қорыққандағы көңіл-күйін мынадай етістікті фразеологизмдер өрнектейді: *шыбын жаны шыға жаздау;*

Қанды көз қорқау қағып шықса аспанға,
Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап, ол да талас қылады шыбын жанға

Жаны мұрнының ұшына келу – қатты қорқу.

Жүрегі мұздап қоя беру – қатты қорқу.

Қорқу етістікті фразеологизмдері көбінесе семантикалық фразеологизмдер болып келеді, «көз», «төбе», «жүрек», «тізе» есім сөздері мен етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: Үйдегі екеуінің де жүрегі су ете түсті .

Адам көңіл-күйін білдіретін етістікті фразеологизмдер жағымсыз-жағымды эмоцияны қамтып, эмоцияның ең қарапайым түрінен, күрделі /қуаны, қорқу, ашулану/ түріне дейін сипаттай алады. «Фразеологитзмдер эмоциялы-экспрессивтік тіркестерімен адамның бүкіл психологиялық сәттерін образдылықпен жеткізуге таптырмайтын құрал» – деп өз пікірін білдіреді.

Сан мыңдаған фразеологизмдерді жан-жақты зерттей, тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеу арқылы ғана халықтың тіл байлығын, өмірін, қандай кәсіптермен шұғылданғанын анықтауға болады.

Осы жүйеде топтастырудың нәтижесінде әдет-ғұрып, салт-дәстүр түрлерін, діни наным-сенімдік көзқарастарын, тарихи оқиғалардың сарынын, ұлттық ерекшеліктері мен игі қасиеттер белігісін байқауға болады. Бұл – тарихтың сара жолдарын, сан қилы замана өткелдерін, этностың өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін тілде сақтау арқылы болашаққа жол салу, келешек ұрпаққа бағыт-бағдар беру деген сөз.

Сонымен III тарауды қорытындылап, ой таразысына салсақ адам өміріне қатысты етістікті фразеологизмдер шартты түрде бес лексика-семантикалық топқа бөлінеді: актив әрекет, іс-қимыл; сөйлеу; қалып және сапа; көңіл-күй етістікті фразеологизмдер. Сондай-ақ Г. Кусимованың жіктеуімен және де діни наным-сенімге, поэтикалық мінез-құлыққа, қоғамдық саяси ұғымды білдіретін

психикалық жағдайға байланысты жасалған фразеологиялық тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеледі.

Әрбір лексика-семантикалық топ мағыналық жағынан, функционалдық, стильдік қызметімен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кеңесбаев І. Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы. Алматы, 1950.

2 Смағұлова Г. Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер / Автореферат/ .

3 Сәрсенбаев Р. Қазақ тілі фразеологиясы. Алматы, Қазақ университеті, 1973.

4 Қожахметова Х. Фразеологизмнің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, Мектеп, 1972.

5 Нұрғазиева Г. Етістік фразеологизмнің қазақ тілі түсіндірме сөздігінде берілуі // Қазақ тілі түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. Алматы, Ғылым, 1989.

6 Смағұлова Г. Адамның көңіл-күйін білдіретін /күлу, жылау/ фразеологизмдері // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 3-4 Алматы, 1997.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЫ

ТЕМІРБОЛАТ Е. Ә., АНВАРБЕК Р. Р.
оқушылар, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Совет адамдарының патриоттық сезімі еселеп арта түскен Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында халық поэзиясы ерекше қарқынмен дамыды. Қаһарман халқымыздың ерлік істерін ұйымдастырушы және жеңіске бастаушы Коммунистік партия бұған идеологиялық жұмыстардың пәрменді бір саласы ретінде үлкен мән берді. Соның нәтижесінде бұқараның творчестволық қабілеті тасқындап, идеялық көркемдік дәрежесі жоғары жырлар туындады. Енді осы тұстағы халық поэзиясының жиналуы, жариялануы және зерттелуі жайына келсек, ең алдымен, бұл жұмыстың барлық мақсат жеңіс мүддесіне бағындырылып, өзге мәселелер екінші – үшінші кезекке ығыстырылған, қауырт – қарбалас кезеңдегі жай – күйі қандай еді соны айтпақпыз.

Соғыс кезіндегі қазақ әдебиетін қалыптастыруға қаламгерлердің барлық ұрпағы қатысты. Бұл кезде елде С. Мұқанов, М. Әуезов,

Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Орманов, А. Тоқмағамбетов, Ә. Тәжібаев, Ж. Хұсайынов, Ә. Әбішев, М. Хакімжанова әдебиет саласында құлшына еңбек етті. Т. Жароков, Ж. Саин, Ә. Сәрсенбаев, Д. Әбілев, А. Жұмағалиев, Қ. Аманжолов, Қ. Әбдіқадыров, Қ. Бекхожин, Б. Бұлқышев, Б. Момышұлы, С. Омаров сынды ақын-жазушылар қолына қару алып, майданға аттанды. Бұлардың қатарына майдан газеттерінің беттерінде жарияланған жауынгер жырларымен танылған жаңа ұрпақ өкілдері С. Мәуленов, Х. Ерғалиев, Ж. Молдағалиев, С. Сейітов сияқты ақындар келіп қосылды. Халық поэзиясының өкілдері Жамбыл, Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Шашубай Қошқарбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, тағы басқалары өздерінің отаншылдық рухтағы жыр-толғауларын шығарды. Қазақ әдебиетінің осы секілді әр тобынан құрылған қалам иелері бір мақсатқа жұмылып, әдебиеттің алдына соғыс шындығы қойған міндетті атқаруға кірісті.

Соғыс мерзімі бес жылға жуық уақытты қамтиды. Оның сұрапыл, алапат күйде өткені болмаса, тарих үшін бұл ұзақ мерзім емес. Оның сыры мен шындығын зерттеп, жаңа көркем туындылар жасау тұрғысында да ол мерзім жеткіліксіз. Сондықтан да соғыстың бес жылы ішінде қазақ әдебиеті іргелі үлкен шығармалар туғыза алған жоқ. Онда соғыстың алғашқы әсерінен туған ұшқыр өлең, публицистика, очерк сияқты шағын жанрлар өрістеді. Соғыс пен оның адам басына түсірген қасіреті жайлы ойлану, оны ерлікпен көтерген адамның жігер-қайратын бейнелеуге ұмтылыс кейін, соғыс шындығын ой елегінен өткізгеннен соң ғана жүзеге асты. 1950-1960 жылдары бұл тақырыпқа үлкен романдар мен поэмалар, жаңа лирикалық туындылар жазылды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап ұшқырлық танытқан әдебиеттің шағын жанрларының да өз алдына қойған міндеттері бар еді. Олар тұтқиылдан шабуыл жасаған фашизмнің екіжүзділігін, соғыста көрсеткен зұлымдығын әшкерелеп, елді оларға қарсы бүкіл халықтық күреске шақыруға үн қосты. Отанға берілгендікті, халықтар бірлігі мен ынтымағын, майдандағы күрес пен тылдағы жанқиярлық еңбекті жырлады. Мазмұны жағынан үгіттік сипатта жазылған ондай туындылардың халықты дұшпанға өшпенділікке тәрбиелеуге маңызы зор болды. Сөйте жүріп қазақ өлеңі азаматтық лириканың жаңа үлгілеріне бет бұрды. Ол кеңес адамдарының бойындағы азаматтық сезімнің шыңдалуын, майдандағы ерлікті нақты материалдар негізінде жырлау саласында жаңа ізденістер жасады. Бұл тектес шығармалардың бәрінде, әрине, әдебиеттің

көркемдік міндеті мен талабы сақтала берген жоқ. Қаламгердің көбі бұрын әбден зерттеп, жазып жүрген етене тақырыптарын тоқтатып, төтенше тақырыпқа ден қоюға мәжбүр болды. Алайда мұның өзі де үлкен сабақ, тарих сабағы еді. Әдебиет қоғам мен дәуір алға тартқан осы міндеттер мүддесінен шығуға ұмтылып, жаңа бағытта ізденістер жасады.

Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі, әсіресе, Мәскеуді қорғау кезінде 1941 жылдың күзінде Волоколамск тас жолы бойындағы ұрыста қазақстандық Панфиловшылар дивизиясының ерекше көзге түсуі қазақ әдебиетінің майдан тақырыбын жырлауына тың, мол мәліметтер берді. Қазақ ақындары Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің, Төлеген Тоқтаровтың, Мартбек Мамраевтың, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, тағы басқа панфиловшы 28 батырдың ерліктерін нақты деректерге сүйене жырлауға тырысты. Мұның өзі соғыс тақырыбын жалпылама жазбай, жеке адамның іс-әрекеті, ой парасаты, жеке басының сезім күйі арқылы көрсетуге бетбұрыс болды. Майдан өмірінің шындығын терең бейнелеуі, солдаттың ішкі сезім күйіне еркін де батыл үңіле алуы жағынан соғыстың ауыртпалығын бастан кешкен майдангер ақындардың шығармалары ерекше бағалы.

Сол кездің өзінде Отанға, атамекенге деген сағынышқа, ерлік, батырлыққа арналған өлеңдер жарық көріп жүрді. Баубек Бұлқышевтың 1942 жылы «Комсомольская правда» газетінің 1 май күнгі номерінде «Өмір мен өлім туралы» деген әңгімесі жарияланды. Әңгімеде қазақ жасының, жүрек сыры, жан күйі тербелді. Отанға деген ыстық махаббаты құйылды, ал «Шығыс ұлына хат» атты шығармасын «Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ; ол зерттеушілер біз осы арпалыста жүргенде қайғыра да, жылай да, қуана да, күле де, кектене де білгенімізді ұғынса болды», – деп аяқтаған еді. М. Хакімжанова өзінің сүйікті кейіпкері Мәншүк жайында, оның ерлік көрсеткен «Мәншүк» поэмасы 1945 ж. жазылған. Соғыс тақырыбына Мүсірепов «Қазақ батырын (қазіргі – «Қазақ солдаты») жазса, Ұлы Отан соғысының ерлік істерінен бір топ поэма туып жатты. Қасым Аманжоловтың «Абдолласы», Диқан Әбіловтің «Майданбек» поэмасы, Мәриям Хакімжанованың «Мәншүк» деген поэмасы; Қапан Сатыбалдиннің «Әлия» деген поэмасы; Ілияс Есенберлиннің «Айша», «Сұлтан» деген поэмасы;

Нұрлыбек Баймұратовтың «Ер Төлеген» деген поэмасын мысал етіп атауға болады.

1943 жылдың желтоқсанында, Мәскеуде «Ұлы Отан соғысы – халықтар творчествосында» деген тақырыпта бүкілодақтық мәслихат өткізіліп, бұл мәселеге айрықша маңыз берілгені мәлім. Ол мәслихатқа Қазақстанның белгілі халық ақыны әрі композитор Кенен Әзірбаев қатысып, өзінің тыл еңбеккерлері арасында атқарып жүрген зор қызметімен ғалымдарды таныстырды. Е. Ысмайылов қазақ халық поэзиясының жайынан хабарлама жасады. Мәслихат фольклористердің соғыс кезіндегі жұмысында жетекшілік роль атқарды.

СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтында халық творчествосымен айналысатын санаулы қызметкер майдан мен тылдан бірлі-жарым хат арқылы келген, біреулер әкеп тапсырған материалдарды тіркеп, сақтаумен ғана айналысты. Солдат жырлары мен тылдағы еңбекші бұқарамен өлең-толғаулары облыстық, республикалық газет редакцияларына түсіп жатты. Бірақ, олардың көпшілігін жариялауға мүмкіндік болған жоқ. Халық поэзиясының тәуір үлгілері ел арасына ауызекі тарап жүрді. Сөйтіп, қыруар материал халық аузында, редакция архивіне қалды. Бұларды бір ғылыми орталыққа жинау кезінде қолға алынбады.

Халық поэзиясының көп үлгілері мерзімді баспасөзде жарияланды, радио, эстрада арқылы айтылды, кітап болып та басылды. Алайда, мұнын бәрі де сол кездің мүмкіндігіне карай еді. Мысалы, кітаптарды саусақпен санап шығуға болады. Жамбылдың «Болат тонды батырлар» (1941), «Майдан жырлары» (1942), «Отан әмірі» (1942) және т.б.

Бұлармен қатар халықтың патриоттық, ерлік тақырыптағы бейнелі, нақыл сөздерінің («Қаһарлы сөз қамал бұзады», 1941) және ән текстерінің («Көтеріл, ер халық», 1942) жинақтары да жарық көрді. Олардың бәрі де «Отан үшін» деген жалпы рубрикамен шығарылды. Аталған кітаптардың көлемі тым шағын, тиражы өте аз болды. Сондай-ақ, аудандық, облыстық, республикалық газеттерде, көп тиражды өндірістік және майдандық мерзімді баспасөзде ел ақындарының, солдаттардың өлең-жырлары жарияланып тұрды.

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы бүкіл совет халқы жойқын соғысқа аттанған шақта, партиямыз: «Барлығы майдан үшін! Барлығы қас жауды талқандап жеңу үшін!» деп ұран көтерген шақта қазақ фольклористері, халық ақындары өздерін майданның алдыңғы шебіндегі солдатпыз деп есептеді. Мұхтар

Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаев, Әлкей Марғұлан, Әмина Мәметова сияқты әдебиетші фольклорист ғалымдар, Жамбыл бастаған халық ақындары соғыстың алғашқы күні-ақ партия көтерген ұранға үн қосып, халықтың патриоттық рухын көтеру ісіне белсене араласты. Бұл жөнінде олар халықты ерлікке шақыратын өткір мақалалар жазды, жалынды жырлар шығарды. Жергілікті жерлерде халық ақындарының айтыстары өткізілді. Олардың тақырыбы біреу ғана: фашистерді жеңу үшін күш аямай, майданға көмекті көп беру.

Фольклористика тұрғысынан қарағанда қазақ ауыз әдебиеті жөнінде соғыс кезінде жазылған мақалалар мен ғылыми зерттеулердің біразыныңкөтерген негізгі бір тақырыбы – халықтың ерлік дәстүрін баяндау болғанын байқаймыз. Мұндай еңбектерде «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қарасай – Қази» және т.б. сияқты жырлардағы эпостық батырлардың ел қорғау жолында жасаған ерлікті істері зерттеледі.

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы тұсындағы халық поэзиясын жинау, жариялау және зерттеу ісі соғыс жылдарынан басталып, күні бүгінге дейін жалғаса жүріп келе жатқан өзекті жұмыс. Әйтсе де осы шолудан байқалып отырғандай қазақ фольклористерінің бұл салада тындырған ісінен атқарар жұмысы көп. Олай дейтініміз, бірінішіден, әлі де жинап алынбай жатқан материалдар аз емес. Сол дәуірдің бар қиыншылығын, ыстық-суығын көзімен көріп, қолымен атқарған ардагер адамдарымыз арамызда жүргенде олардың есінде сақталған асыл мұраны қағазға түсіріп алу парыз. Бұл асыға қимылдайтын абыройлы ісіміз. Екіншіден, азды-көпті жиналған материалдардың өзі жүйеленіп, сараланып болған жоқ. Олардың тәуірлері іріктеліп, ғылыми түсіндірмелермен айқындалып, қалың бұқараның қолына тимей жатыр. Үшіншіден, бұл тақырыпты әр қырынан, жан-жақты, тыңғылықты терең зерттеу әлі де кезегін күтіп тұрған игілікті ісіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ фольлкористикасы», Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы,1981.

2 http://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/24064/

3 http://kazorta.org/1941-1956-zhyldarda-y-aza-debieti/

ҰЯЛШАҚТЫҚТЫҢ ТІЛДІ МЕҢГЕРУДЕГІ КЕДЕРГІСІ

ТЕМІРҒАЛИЕВА А.
9 сынып оқушы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.
КУШЕРБАЕВА Г. П.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Қазіргі таңда Қазақстанда санақ бойынша 15 миллион [1], шет елдерде 3,5 миллион [2] қазақ бар. Осы сандарды қоссақ, 18,5 миллион адам болып шықты. Сол адамдардың ішінде қаншамасы қазақ тілінде сөйлейді деп ойлайсыздар? Ойланарлық сұрақ.

БҰҰ-ның мәліметі бойынша әлемде әр екі апта сайын бір тіл жоғалып кетеді екен. Мамандардың пікіріне сүйенсек, тілдің сақталуы үшін бізге кем дегенде сол тілді қолданатын 100 мыңдай адам керек. Тарих мысалына сүйенсек, 70 мыңдық тарихы бар Бо тілі жоғалып кетті. Бұл оның соңғы сөйлеушісі қайтыс болып, өзімен бірге Бо тілін де алып кеткенін көрсетеді. Қандай өкініште?! Осы жағдайға лингвист-профессор Анвит Абби: «Бо тілінің жоғалуымен Үндістан өз мәдени мұрасының едәуір бөлігінен айырылып қалды» [3] – деген пікірді білдірді. Міне, біз, қазақстандықтар осы мәселеге өз назарымызды аударуымыз қажет. Кез келген тіл бір күнде немесе бір жылда жойылмайды. Сондықтан біздің де тіліміз Бо тілінің жағдайын бастан кешпеуі үшін осы кезден бастап, ойланғанымыз жөн.

Біріншіден, біз тілдің жоғалу сатыларын анықтауымыз қажет. Лингвист Майкл Краустың бөлуіне сүйенсек, бірінші саты – қауіп төне бастаған тілдер. Олар әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қажетсіз деп табылған, үлкен тілдердің қыспағына түскен тілдер. Басты белгісі – алдымен бұл тілдерде сөйлейтін жастар азая бастайды. Екіншісі, қауіп-қатер төнген тілдер. Бұл халықтың жас ұрпағы өз тілінде сөйлегісі келмесе, онда оған қатер төнді деп есептей беріңіз. Үшіншісі, қатер тым төнген тілдер. Бұл тілде жақсы сөйлейтіндер – жасы елуден асқандар. Төртіншісі, өле бастаған тілдер. Бұл тілде тек қартайған адамдар сөйлейді. Бесіншісі, жойылған тілдер. Бұл сол тілде сөйлейтін бірде-бір адам қалмаған тіл [4]. Ойланып көрейікші, біздің тіліміз қай деңгейде?

Диаграмма – Тілдердің жойылу сатылары

Менің ойымша, біз бұл күнде осы сатылардың екіншісінде тұрған сияқтымыз. Себебі қазіргі күнде қазақ жастарының көбі түрлі себептермен ана тілінде сөйлегісі келмейді. Атап айтсақ:

– отбасындағы ата-аналардың ана тілінде сөйлемеуі, олардың тілді білмеуі;

– өзге (орыс) тілді ортада болуы;

– жастар арасында орыс тілінде сөйлеудің сәнге айналуы;

– жастар мен жасөспірімдер арасында қазақ тілінде сөйлеу – ауыл тілі деп ойлау, артта қалғандық деп ойлау тенденцияларының белең алуы;

– қазақ тілінің бай сөздік қорын меңгермегендіктен сол тілде өз ойларын толыққанды жеткізе алмауы;

– тілді шала білгендіктен сол тілде сөйлеуге ұялу, қысылу;

– сол тілдің болашағы жоқ деп есептеу;

– сол тілде сөйлеу қажеттілігінің жоқтығы;

– болашақта қазақ тілді қажет етпейді – деген пікірде болуы;

– өз тілдерінен жеріну.

Осыдан біз өзіміздің назарымызды әуелі жастардың қазақ тілінде сөйлеуіне аударуымыз керектігін байқай аламыз. Екіншіден, тілдің дамуына қандай факторлар әсер ететінін қарастыруымыз қажет. Тілдің дамуына орта, отбасында қанша адам қазақ тілде сөйлесетіні, адамның ұялшақтығы, тілдің қиындылығы және тағы басқа факторлар әсер етеді. Бұлардың әрқайсысы бір зерттеудің тақырыбы болуы мүмкін. Мен бұл жұмысымда ұялшақтықтың кедергісі деген факторға тоқталғым келеді.

Жалпы, ұялшақтық сезімі деген не? Ғаламторда көрсетілген анықтамаларға қарасақ: «Ұялшақтық – адамның өз қылықтарының немесе қайсыбір даралық көріністерінің сол қоғамда қабылданған және оның өзі де қостайтын нормаларға, мораль талаптарына іс жүзінде сәйкеспеуін ұғынуы не сәйкеспеді деп білуі нәтижесінде пайда болатын сезім» [5] екен.

Бұл ғаламтордан алынған анықтама, ал енді сізге біздің мектептегі психологтардан алынған анықтамаға назар аударайық. «Ұялшақтықтың бір қабылданған психологиялық термині жоқ. Негізінде, ұялшақтық – адамның сенімсіздігінен туындайтын ұғым. Адам өзінің мақсатына жетуде тіпті өзінде де сенімді емес. Психологиялық тұрғыдан оның бұлшық еттері қысылады. Ол бір бұрышта жай отырып, жай қарағысы ғана келеді, өзін ешқалай көрсеткісі келмейді.

Осы анықтамалардан біз осындай тұжырымға келе аламыз: Ұялшақтық – адамның өз-өзіне деген сенімсіздіктен туатын, басқа адамдардың арасында қысылуға және өзін адамдар арасында ыңғайсыз сезінуге бой алдыратын сезім. Осының арқасында адам өз-өзіне сенбей, өз пікірін еркін айта алмайды және коммуникациялық дағдысын дұрыс дамыта алмайды. Осы ұялшақтақ болашақта психолог маманның пікірі бойынша, адамның қауымнан оқшалануына, таныс және таныс емес адамдармен қатынас жасау мен коммуникация дағдысын дамыта алмауына әкеледі. Өмір барысында олар тек бір немесе екі дос табады. Жұмыста ол биіктікке жете алмайды, тіпті жеткісі де келмейді, себебі оның алдында кедергілер тұрады, солардың кесірінен ұялшақ адам топтық жұмыстарға көп араласқысы келмей, тек жеке жасалатын жұмыстармен айналысады. Ал тіл адамға не үшін керек? Әрине, қарым-қатынас жасау үшін керек. Егер басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудан, олардың алдында сөйлеуден қысылсақ, онда тіліміз дами ма? Сөздік қорымыз кеңейе ме? Тіл қолданысқа түспесе, меңгеріле ме? Әрине, жоқ! Демек, көпшілік аса көп елей бермейтін ұялшақтық та тіл меңгерудегі кедергілердің бірі екен. Сол ұялшақтықтың кесірінен көп адамдар тілдік ортада «Қате айтып қоярмын», «Басқалар менен жақсы сөйлейді», «Кішкене үйреніп алмай, қатарластарымның алдында қалай сөйлеймін» деп, өз-өзіне тығылып, тілді меңгеру ол адам үшін үлкен қиындыққа, тіпті азапқа айналуы мүмкін. Демек, бұл – тілді меңгеруге – үлкен кедергі деп айта аламын.

Осы қауіпті салдарға қарамастан, көптеген адамдар ұялшақтық тілге әсер ете алмайды деп ойлайды. Осыған менің НЗМ-інің ішінде жасаған сауалнамам дәлел бола алады. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің 35-сінен тек 9 адам ғана ұялшақтықты мәселе деп санайды. Қалғандары жалқаулық пен жігерсіздік сияқты сезімдерге бөлінген.

Сурет 1

Көріп тұрғанымыздай, мұғалімдер ең басты сезімді жалқаулық деп айтып тұр, бірақ барлық оқушылар жалқау емес қой! Бұған өз еркімен тілді үйрену үшін ақша төлеп, тіл үйрету орталықтарына өз ниетімен барып жүрген үйренушілерді қосыңыз. Олар да бірден сөйлеп кетіп жатқан жақ. Жалқаулықты жеңіп шығуға болады, ал ұялшақтық, психологтардың пікірі бойынша, толықтай жоғалмайды екен. Сондықтан да бұл сезіммен күресу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі дер едім. Егер біз оны мәселе деп қарасақ қана, оны шешу жолдарын да іздестірер едік. Сонда біз осы сезім құрсауында жүргендерге арнап әдістемелік көмекші құралдар ойлап табар едік, пайдалы кеңестер берер едік.

Әзірге оқушыларға ұсыныстарым:

– психологтармен бірлесе жұмыс жасау;

– айнаның алдында көрініс жасау немесе ата-аналырдың адында монолог айту;

– адамдардың алдында көрініс жасауға көбірек қатысу;

– сахнаға көбірек шығу;

– әртүрлі шараларға белсенді қатысу;

Ата-аналарға ұсыныстарым:

– тіл меңгеруде мәселелердің түйіні үйден, отбасынан басталады. Сондықтан ата-аналар балаларымен көбірек сөйлесіп, оларды жастайынан өзін еркін ұстауға үйретулері қажет;

– балаларға назар аудару;

– олар кезіккен түрлі мәселелерді бірігіп шешуге тырысу;

Ұстаздарға ұсыныстарым:

– ұялшақ оқушылармен сабақтан кейін сөйлесіп, олардың сеніміне кіру;

– оларды ашылуға жетелеу, ашуға тырысу, қажет болғанда мектеп психологтарымен бірлесе жұмыс жүргізу;

– оларды сабақ барысында белсенді шараларға қатысуға итермелеу, мотивация тудыру;

Психолгтарға ұсыныстарым:

– ұялшақ оқушылардың көбісі психологтармен жұмыс істеуге қорқады, сондықтан сіз өзіңіз оларды тест немесе сыныптардың арасында жүріп анықтау;

– ұялшақ оқушыларға мұғалімдер назарын бөле алатындай болу үшін ондай оқушылардың тізімін ұстаздарға беру, тоқсан сайын сырттай болса да бақылауда ұстап, нәтижелерін қадалап отыру;

– сыныптардың әрқайсысын аралап, сабақтарына қатысып, ұялшақ оқушыларды анықтау, олармен жұмыс жасау.

Қорытындылай келе айтарым, тілді меңгеруде кез келген кедергіні ұсақ-түйек деп қарауға болмайды. Олардың бәріне түйінін шешу керек мәселе деп қарағанда ғана тілді меңгеру жеңілірек болмақ деп ойлаймын. Тәулсіздік алғанымызға 25 жыл болса да қазақ тілінің құлашын еркін сермеп, қанат жаюына басқа айтылып жүрген кедергілермен қоса, осындай кедергілерді елемегендіктің де зардабы тиіп жатқандай. Бұларға бүгін бейжай қарасақ, ертеңгі күні кеш болуы мүмкін. Тіліміздің жойылу сатыларының келесі сатысына өтпей, керісінше дамуына, қолданушыларының санының артуына әрбіріміз міндетті сияқтымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 N.,a, (March 02, 2010), Жалпы әлем бойынша қазақтың саны қанша?, Азаттық радиосы, Retrived from http://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_abroad_kazakhs_demography/1972146.html

2 http://www.kazaitys.kz/ar/article/view?id=101

3 http://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_kazakh_language/1962926.html

4 http://old.abai.kz/node/9677

5 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%B0%D1%8F%D0%BB%D1%88%D0%B0%D2%9B%D1

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ СӨЙЛЕУ ТҮРЛЕРІ

ТЛЕКТЕС А. Д.
оқушы, «Дарынды қыз балаларға арналған облыстық Білім-Инновация лицей-интернаты» КММ, Павлодар қ.
ЖУМАБЕКОВА А. С.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Дарынды қыз балаларға арналған облыстық Білім-Инновация лицей-интернаты» КММ, Павлодар қ.

Мен Мұхтар ағаны сөз өнерінің Рембрандты, шешендіктің Пикассосы, прозаның Леонардо Да Винчиі дер ем. Олай деуге негіз де бар. Осындай зор бағаны әдебиет зерттеушісі, академик З. Қабдоловтың: «Абай – қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы шыңы болса, Әуезов – XX ғасырдағы заңғар биігі» деген сөзі дәлелдейді.

«...Мұхаңды ең алғаш сөзінен танығам, ал сөзді ең алғаш Мұхаңнан танығам», – деп Ілияс Омаров сөз қадірі туралы толғанғанда айтты. Менің де сөз қадірінің қасиетін терең түйсінгенім Әуезовтің, Абай айтқандай, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген», «теп-тегіс, айналасы жұмыр» сөзін оқығанымда болды. Қазақтың орамды, айшықты тілінің нәрі мен сөлін сарқа таусып, маржан сөздің марғасқасы болған Мұхтар ағаны қандай теңеумен теңесе де, алып тұлғасын толық ашпас... Ал Мұхтар ағамыздың тастан ойып жасаған мүсіндей, қылқаламмен салған көркем портреттей сөз өнерінің құдіретімен тудырған образдары мен бейнелері қаншама!

Қазақ халқының кемеңгер ойшылы, ұлы суреткері М. Әуезовтің портрет жасау, пейзаж жасау, адам жанының нәзік иірімдерін тебірентер детальдарды, штрихтарды таба білуі өз алдына бір бөлек тақырып екендігі дау тудырмас. Қаламгердің «Абай жолы» романының көркемдік ерекшелігін автордың сөз шеберлігі, нақтырақ, романдағы сөйлеу түрлерінің берілу жолдары мысалдары негізінде қарастырсақ. «Абай жолы» романының 4 томында сөйлеу түріне қатысты 50-ден аса сөзді кездестіруге болады. Мысалы: *көкіп сөйлеу, күбірлесіп, кеңкілдесу, кекетті, күңкілдеп, кәрленіп, көсіле сөйлеу, күпілдесу, көпіртіп сөйлеу, қақылдап, қазып сөйлеу, қақпақылдау, қалжыңдап, қыңқылдап, қағытып, қиястана, қадай сөйлеу, қылқылдасу, қағыта қалжың ету, мәлім етті, саудырай сөйлеп, саңқылдап, саулатып сөйлеу, сатырлатып, суырыла, сыбырлап, сұңқылдап, созбалап, сарнай сөйлеу, сапырлап, сығырлап айту, сапылдап, серпе, суырылып сөйлеу, сусылдап, жамырап, желілеп, жекіп, жағалатып, жіңішкелеп сөйлеу,*

жабырлап, даурыға, дабырлап, дабдырлап, зіркілдеп, айғайлап сөйлеу, ақыра сөйлеу, ашық сөйлеу, әкіреңдеп, зекіп сөйлеу, есіле сөйлеу, орағытып сөйлеу, оттап сөйлеу, шегелей айту, шұңкілдесу, шүлдірлеген, шаңқылдасу, шүйіркелесу, шапылдасу, шаттанып сөйлеу, балағаттап сөйлеу, салғыласу, бұрқылдап сөйлеу, мыяулау, мыңқылдап сөйлеу, мәймөңкелеп, міңгірлеп, орағытып, былш еткізгенде, сақ етіп, тақылдап, түйдектетіп айту, тіл қағысу, тіл қатты, тұспалдап, түйреп, тақылдап сөйлеу, баж ету, былдырақтап, бастырмалатып сөйлеу, былш ету, бажылдау, баян етті, гу-гу ету, т.б.

Сөз сырына зер салсақ. Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде «қылқылдап» сөзінің мағынасы былай берілген: қайта-қайта қоймай сұрап, әбден мазаны алу [1, 534 б.]. «Бастырмалатып – тоқтаусыз тез-тез сөйлеу, үсті-үстіне, үздіксіз айту, екінші адамның сөйлеуіне мұрша бермеу» [2, 79 б.]. «Көсіле шалқып-шешіліп, желпініп сөйлеу, шешендікке салу» [3, 379 б.]. «Көпіртіп – тынбай, дамылсыз сөйлеу» [3, 327 б.]. «Қылқылдап – қайта-қайта қоймай сұрап, әбден мазаны алу» [1, 534 б.]. «Бұрқылдайды – іштегі ренішті, ашу-ызаны сыртқа барынша шығаруға қаймыға, имене сөйлеу» [2, 733 б.]. «Күбірлеп – төмен дауыспен ақырын сөйлеу, дауысты естілер-естілмес етіп бәсеңдетіп айту» [3, 420 б.] – деп анықтама берілген.

Қазақ халқының бай, көркем тілі М. Әуезов шығармаларында нысанына дәл тиер алдаспанға айналып, жазушының сөз шеберлігін айқындатып тұрғанын нақты мысалдармен дәлелдесек: «Атау кереңді ішкір, саумал ішсең жетпей ме, сауғаныңнан бұрын қымызды өзің құртасың» деп, қақылдап тұрғаны [4, 57 б.]. Ербол да «сол бір ән» деп қадай сөйлеп, тілек етіп отыр [4, 41 б.]. Шық та, қасымда отырып же! – деп қақылдап отыр [5, 79 б.]. Шүкіман соны айтып, қыңқылдап жүр еді [4, 33 б.]. Берілген мысалдардан *қыңқылдап, қақылдап, қадай* сөздері кейіпкерлердің мінезіндегі шыдамсыздық, қырсық қырларын, қадалған жерден қан алуды аңғартады. (*«Қылқылдап – қайта-қайта қоймай сұрап, әбден мазаны алу» [1, 534 б.]).

Адамдардың сөйлеу әрекетіндегі шешендік, сөз өнеріне деген машықтың болуы, тоқтаусыз сөйлеу, сөзбен қағу әрекеті де автор қолданысында бар: Өзі қайратты, қырағы, турашыл әйел болғандықтан, еркектердің осындайда жорғалатып, созбалап, мәймөңкелеп сөйлегіш әдетін Зейнеп ұнатпайтын [5, 323 б.]. Байтас Абайды құрбысындай қағытып: – Жарайсың, «ғайыпқа бұйырмаңыз»... [6, 6 б.]. Содан тағы бірақ орағытып кеп: – Жаман

айтады... Сені мына кеміңнді жаман атқа тағады! – деп былш еткізгенде, Қодар: – Ой, жаным, не шатып отырсың? – деп, Бектен көсені таптап тастардай балады [6, 31 б.]. Жақыппен сөйлескен сөздің аяғында Абайдың тұспалдап, түйреп өткені осындай ескі жара болатын [6, 301 б.]. «Оспанды сайлаушылар оң жаққа, аққа салсын!» деп, елубасылардың өздері білетін жайды онан сайын еске сала тақылдап, көп Ырғызбай құжынан тұр [5, 48 б.]. Балғаз енді түзеліп ап, сатырлатып сөйлеп, суырыла жөнелді [6, 328 б.]. Маған несіне кісі салып, жіңішкеленіп сөйлесіп отыр [4, 52 б.] ? Ол қыңыр мінезіне басып, қиястана сөйледі [5, 54б.].

Адамның ашулы, долы, сұсты қалпын сипаттауда жазушы қолданған сөйлеу түрлері де әсерлі: Енді үнін қатайтыңқырап, мына топтан Құнанбай мен Майбасардың қысылып тұрғанын байқап, әдейі даурыға сөйледі [4, 13 б.]. Тыста бір нәрсеге қатты ашуланып ақыра сөйлеп, аттан түсіп келе жатқан Құнанбай үні естілді [6, 246 б.]. Қазір жауап беріп отырған Оразбайға о да зіркілдеп, аяғымен жер теуіп қойып, кәрленіп сөйлейді [4, 160 б.]. Бірен-саран, Ырсай сияқты босаң қарттар жылайын деп еді, Құнанбай зекіп: – Көрсетпе, түгел, көз жасыңды! Қолыңнан келер болса, ақыл қос! Көмек айт! – деді [6, 207 б.].

Автор қолданысында көпшіліктің, топтың бір мезгілде сөйлеу әрекетін сипаттайтын сөйлеу түрлері де кездеседі. «Ырзамын!», «Наразымын!», «Бұл қалай боды, жол емес» деген сияқты бұндайда кейде дабырлап, жамырап шығатын үндер қазір болған жоқ [4, 384 б.]. Бастығы Еренай боп, жиылып тұрған кедейлер жапырлап сөйлей бастады: – Мазақ емей немене, жазалаған кісісін салатып абақты қылам деп бір үйлерімізді алды [4, 150 б.]. Дәл осындай жүдеу күйінде келе жатқан Абайға, бүйір жағынан дабдырлап сөйлеп: – Абай ғой! – Осы Абайдың өзі ғой!.. [4, 360 б.].

Сөйлеу түріне қатысты сөйлеу әрекетінің не қатты, не ақырын сөйлеуді сипаттайтын сөз қолданыстары да бар. Зере сөзін бітіргенде, Майбасар қасындағы Ұлжан жеңгесін түртіп қойып, ақырын күңкілдеп: – Қап, мына тентек кемпір ме! Исі Ырғызбайдың ақсақал, қарасақалын жиып ап, қылып отырғанын қарашы [6, 254б.]. Ол өзінің артындағы жігітпен күбірлесіп, ақылдасып ап, кейіндей берген [6, 347 б.]. Аз уақытта Ербол қайта кеп, мұның қолын алып, сыбырлап: – Құдай берді! Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз! – деді [6, 222 б.]. Екі саудагер екі жақтан сапылдап сөйлеп, бұрын әзірлеп алған жаттанды сөздерімен, қалтаң-құлтаң қаққан кәрі қазіретті қамауға алды [7, 63 б.]. Қатқыл, батыл үнмен,

сапылдап сөйлеп кетті [4, 365 б.]. Тосып тұрған жұрттың ішінен бірен-саран дәті шыдамағаны сусып кетейін деп еді, Құнанбай – Ей, тарқама түге! Тоқта былай! – деп саңқ етіп, зілді бұйрық берді [6, 37 б.]. Үйден саудырай сөйлеп, аңсағай байлы, қылаң жүзді, қара мұрт жігіт Әбен шықты [7, 87 б.]. – Мұсылмандар, біліңіз, о ағаһ болыңыз, шәһит дағуасында өткен қадіріміз Сармелланың бәрімізге шафағаты тисін! – деген сөздерді дәрет алып жүріп Шәріпжан, Самұрат, соқыр қари үшеуі, әсіресе, саңқылдап айтады [7, 68 б.]. Балғаз енді түзеліп ап, сатырлатып сөйлеп, суырыла жөнелді [6, 328 б.]. Бұ не айтады екен деп, тақап барып тыңдасам, сұңқылдап соғып отыр [5, 309 б.]. Оның осындай айнадай ашық, таза мөлдір жүзбен шұңкілдеп**,** қатты сөйлейтін және бар шынымен үнемі ашық сөйлейтін мінездерін Абай ерекше сүйеді [4, 417 б.].

Масаттанып, мақтанып сөйлеген адамның әрекетін беруде М. Әуезов «көку» сөзін қолданады: – Не дейді?! Не көкиді мынау әңгі соқырлар?.. – деп қатты ашуланды [6, 351 б.].

Сөйлеудің түрінің ең қарапайым түрледі де «Абай жолы» романында көрініс тапқан: Бұған шейін «ләм» деп тауаптаспай келген Қамысбай енді ғана **тіл қатты** [6, 35 б.]. Кешелер осы жиын басынан қайтқан Шәке өзінің болыс інісі Шұбардан естіген жайын жаңа мәлім етті [4, 338 б.]. Сол үш кісі Абай Ералыға келісімен сиязға тігілген үйден оңаша алып шығып, жайды баян етті [4, 155 б.].

Сонымен қатар, мынадай сөйлеу түрлері де кездеседі: ...Шүленнен шөл туғызған мен деп пе едің? – деп кейіспен бір кекетті [4, 76 б.]. «Өзді-өз ортасында анық күйлі дәл солар бопты! – деп, Дәрменбай жа шаттанып сөйледі [6, 307 б.]. Оспан жеңгесін қағыта қалжың етті: – Жә, жә! Құдай жолымен шариғатты үйреткен әкеңдей молданы былай қойып, жаман- жәутік тілмашты мақтаған немелең [4, 331 б.].

Жазушы «Абай жолы» романында кейіпкер характерлерін, ішкі жан-дүниесін беруде сөйлеу әрекетін шебер әрі ұтымды пайдаланады. Кейіпкерлер арасындағы екеуара сөйлеуде кейіпкердің сөйлеу әрекетін сипаттау кейіпкерге автор берген баға ретінде көрінгенмен, әрі көркемдік деталь, әрі кейіпкер мінезін жасауда автор қолданған көркемдік тәсіл, образ ашудағы шешуші фактор ретінде қызмет етеді. Кейіпкерлердің өзара диалогқа түсуінде тек коммуникативтік қарым-қатынас жүзеге аспайды, өмірде кездесетін сан қилы қарым-қатынас жүзеге асады, ал кейіпкерлер репликалары арқылы кейіпкер мінезі танылады. Себебі кейіпкер жалғыз өзі тұрғанда ашылмайды, кейіпкер мінезін ашу үшін оны

басқа кейіпкерлермен қарым-қатынаста, тартыста, іс-әрекет үстінде көрсету керек.

Азаттық рухының алтын адамы Мұхтар Әуезовтей заңғар тұлғаның 120 жылдық мерейтойын бар қазақтың ұлы тойы деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені бір адам – бір әлем, Әуезов – бір әлем. Нұрлан Оразалин сөзімен айтсақ, «Француздар – Бальзакты, орыстар – Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Өйткені, Әуезов әлемін қазақ әлемінен, қазақ өмірінен еш бөле-жара қарауға болмайды». Себебі «Абай», «қазақ» сөздерін тұтас бір әлемге айналдырған Әуезов – ұлы тұлға. Ал ғаламды көріктендіріп, ұлы тауды биіктетіп, ұлы мұзарттарды тек ұлы тұлғалар ғана асқақтата алады!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том /Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.

2 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том /Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.

3 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. 2-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.

4 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. 3-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 430 б.

5 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 382 б.

6 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. 4-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 399 б.

7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том /Құраст. Б. Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ МҰРАЛАРЫ МЕН ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ЖИНАЛУЫ

ТЛЕН А.
оқушы, Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі, Ақтоғай ауданы
ТЛЕН С.
оқушы, Қ. Ыдырысов атындағы орта мектебі, Ақтоғай ауданы

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ әдебиеттану ғылымына ғана емес, әлемдік әдебиет қорына өшпейтін мұра қалдырды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев халық ауыз әдебиетінің көптеген түрлерін: тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ пен ертегілер, эпикалық жырлар мен шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер мен айтыстар, тарихи жырлар мен шежірелер т.б. жинаған. Бір сөзбен айтқанда, фольклордың үлкенді-кішілі барлық түрлерін түгел қамтыған. Мол мұра жинақтаумен қоса қабат, ұрпақтарына берерлік тәлім-тәрбиелік мәніне баса назар аударған.

Мәшһүр Жүсіп мұралары – маржан сөздері мол, тағылымды философиялық ой-толғаныстарға толы асыл қазына. Халық ауыз әдебиетінің мол қорын эпостан бастап мақал-мәтелге дейін, ертегіден, шешендік сөзден бастап жаңылтпашқа дейін тірнектеп хаттай берген ғұлама: «Қазақ тілінен асқан бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында, әулиешілік те осында» деп адамгершілік ұғымының тіршілік мәнін ана тілінің құдіретінен, қасиетінен, қазақ халқының даналық, ұлттық ойлау жүйесі мен ерекшелігін көре білді. Ақын шығармаларының мазмұны халықтың әлеуметтік-рухани болмысын терең де шынайы сипаттауымен, адам баласының жақсы-жаман қасиеттерінің жан-жақты жырлануымен ерекшеленеді.

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Бұқар, Ташкент, Түркістанға сапарға шығады. Білім мен ғылымның нұры болған Орта Азия Шығыс мәдениетіне иек артады. Мақсаты – білімнің қыр-сырымен терең сусындау. Дамолда, Хамза хазіреттерден 9 ай сабақ алады. Осы сапарында ақын түркі тілдерінің бірсыпырасын меңгеріп, еркін сөйлеп, жаза білетін халге жетеді. Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Иассауи басына барып, тәу етеді. Сыр өңірін аралап, Майлықожамен кездесіп, жеті атасынан ақындық үзілмеген Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Осының барлығы ғалымның ауыз әдебиетін жинауға деген қызығушылығын ұштай түседі.

Ақынның шабытына келіп, шығармашылығын жандандыратын кезеңі – 1889-1890 жылдар аралығы. Осы кезде «Дала уалаяты» газетіне үзбей мақала жазып, елдің өмірін, халықтың тұрмысын именбей жазады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Рабғұзи, Құтып, Хорезми, Сейф Сарай шығармаларымен үндестік табады. Ақынның еңбектерінен Шығыс философиясын, тарихын, тілін, әдебиетін, мәдениетін өте жақсы меңгергенін көреміз. Осы қабілеті оның халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігін ұштай түседі.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев билер сөздерін жинауға баса ден қойған. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ауыз әдебиеті мұраларын жинауға қатысты «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы» атты еңбегінде Қ. Н. Жүсіпов Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің халық ауыз әдебиеті мұраларын жинауда мынадай принциптерге арқа сүйегендігін атап өтеді:

1) Ғалым фольклор өзгертуге жатпайтын асыл мұра деп түсінген, сол себепті мәтінді сол қалпында жариялау шартын ұстанған;

2) Фольклор – тұрмыстың қажеті, елге білім, тәрбие беретін құрал, – деп түсінген.

3) Фольклор – ауызша тарих, тарихтың көзі деп тану принципі.

4) Фольклорды сөз өнері тұрғысынан қарастырады, яғни филологиялық тұрғыдан қарастырады.

5) Фольклорды этнографиялық мәліметтердің көзі деп қарастыруы.

6) Фольклорды халықтың көзқарасы, дүниетанымның көзі деп қарастыруы [1, 246 б.].

Осындай принциптерді басшылыққа алған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шешендік өрнектерді жинақтауда да берік ұстанымдары мен оңтайлы әдіс-тәсілдері болған.

Ғұлама ғалым, фольклорист халық ауыз әдебиеті мұралары мен тарихи мағлұматтарды көптеп жинаған. Оның ішінде шешендік өнерге де қатты ден қойып, қазақтың сөз саңлақтарының небір кестелі сөз үліглерін жан-жақты қарастырып, жинаған. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында ақынның жинаған мол мұрасы бар. Әулеттік мұрағатта да халыққа пайдасы зор жиналған ауыз әдебиетінің қоры жинақталған. М. Ж. Көпеевтің халық ауыз әдебиетіне деген құштарлығы ерте басталған. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинауға көп еңбек сіңірген Ш. Уәлиханов,

Ы. Алтынсарин, Г. Потанин, В. Радлов, Ә. Диваевтармен қатар есімінің қатар аталуы да көп жайдан сыр береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған халық ауыз әдебиеті мұралары есту арқылы ғана емес, ел аралап, ауыл ақсақалдарынан, шежірелі қарттармен араласу арқылы жинақталған. Ақын мұрасын зерттеуші С. Сүтжановтың мына бір ойына назар аударсақ, көп жайдың беті аңғарылады: «Білімін толықтыру мақсатымен Бұқара, Ташкент шаһарларына шеккен сапарларында Мәшһүр «бұрынғының даналарымен» көзбе-көз кездескенін, «Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың немересі, заманының шежіресі аталған Саққұлақ шешенді» көргенін айтады. Өз заманының шешендері, ақындары, көне көздермен сұхбаттас, айлас болып, қарым-қатынас жасауы да оның парасаттылығын танытады» [2, 69 б.].

«Мәшһүр Жүсіптің фольклорист ғалым ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі бар. Бірі – өз елінің ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерінен тұратын бай мұрасын қабылдауы. Екіншісі – шығыс елінің, оның ішінде орта ғасырлық ғалымдар жетістіктерін игеруі. Үшіншіден, батыс ғалымдары, оның ішінде орыс зиялыларының әсері» [3, 106 б.].

Мәшһүр Жүсіп шешендік сөздерді халық арасынан көп жинаған. Жинаған шешендік сөздерінің қай-қайсысына болмасын қысқаша мәлімет беріп отырған. «Байдалы және Айғаным»деген шешендік сөз үлгісінде мынадай түсінік беруден басталады: Қуандықтан шыққан Байдалы би Абылай ханның Уәлихан деген баласы өлді дегенді естіп: «Өліге бата, тіріге көңіл айтамын!»-деп барғанда, Уәли ханның ханымы Айғаным:

– Түсіріп алып келіңдер! – дегенде:

– Ханым өзі шығып көріспесе, түспеймін! – деген соң, ханым өзі шыққанда, ханымға құшақтасып, көрісіп тұрып айтқаны:

Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледің, Айғаным,
Қатын шайпау, ұл тентек,
Төртеуледің, Айғаным!
Ат арыды, тон тозды,
Жұрт билеген жақсыдан
Жұртқа қайтқан ит озды,
Алтауладың, Айғаным!
Етік тозды, ұлтан жоқ,
Қадір білер сұлтан жоқ
Сегіз болдың, Айғаным!

Кәріптік қатты, жан тәтті,
Тап он болдың, Айғаным!

Шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау түрлерін кездестіруге болады. Шешендік толғауда өмір жайлы мағыналы тұжырымдар, философиялық ой-пікірлер орын алатыны белгілі. Бұрынғы үлгілі билерден қалған сөздің мына жолдары шешендік толғаудың үлгісі болып саналады:

Заман азбас, ел азар,
Ел тозығы жетер сөзден азар!
Ер тозығы жетер көзден азар,
Көп отырған жер азар,
Қатыны жаман ер азар!
Қарашысы жаман хан азар,
Имансыз болса, көр азар! [4, 106 б.].

Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасынан шыққан Досбол би ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен, ел мен елді бітістіріп, әділдігімен, тапқырлығымен, шешендігімен халық арасында зор беделге ие болған адам. Досбол ел тынышын кетіріп, қанау-тонау саясатын жүргізген Қоқан бектерін ашық сынап, жолыққанда сөзбен түйреп отырған екен. Содан қуғынға ұшырап, екі-үш жыл Арқаға барып паналаған. Досбол би ағайын арасындағы араздықтың ел берекесін кетіретінін айтып, бірлік пен ынтымақтықты ту етудің қажеттілігін айтудан бір қажымайды.

Шешендік өнердің хас шебері Досболдың мына нақылдары да нағыз шешендік толғаудың үлгілері:

Ханға бергісіз қара бар,
Қылышқа бергісіз ара бар.
Кей қараның сөздері
Хан сөзіне парапар.
Арамменен жолдас болсаң,
Көңіліңді қаралар.
Жаманменен жолдас болсаң,
Жүрегіңді жаралар.

Енді Мәшһүр Жүсіп ел арасынан жинаған шешендік арнау жолдарына назар аударалық:

Оу, Шоң биім, Шоң биім,
Тұғырға қонған сұңқарсың.
Суытып мінген тұлпарсың,
Судан шыққан сүйріксің.
Топтан озған жүйріксің.

Би Батпадай бақыттысың,
Сүлеймендей тахыттысың,
Дін-мұсылман қазаққа,
Жұрттан озған даңқың бар,
Бәйтеректей бүрлі өткен,

Пайғамбардай нұрлы өткен... [4, 116 б.] – деп, жинаушы шешендік арнау мен шешендік толғаудың небір көркем үлгілерін жинақтаған. Мәшһүр жинаған шешендік сөз үлгісінің бірі – «Қазыбектің 3 сұраққа жауабы». Тұнып тұрған философия, толған парасатты ой, ғажап тәлім-тәрбие. Кез келген адам оқыған сайын өзіне тарта береді. Қазыбектің «Жақында не жақын?» сұрағына жауабы: – Тату болса, ағайын жақын. Ақылшы болса, ағаң жақын. Бауырмал болса, інің жақын. Инабатты болса, келінің жақын. Адал асын алдыңа тартқан қимас жақын. Қарындасың, сыбайлас болса, нағашың жақын. Адал болса, досың жақын. Еркелеткен немерең жақын, өз ұрпағың шөберең жақын. Жас кезіңнен жан серігің – бәрінен де әйелің жақын! – депті. Екінші сұраңы: «Қымбатта не қымбат?». Қазыбектің жауабы: – Алтын ұяң – отауың қымбат, мейірімді апаң қымбат. Құт-береке атаң қымбат, аймалаған анаң қымбат, асқар таудай әкең қымбат. Туып-өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат. Ұят пенен ар қымбат. Бәрінен де осының – өзің сүйген жар қымбат! «Дүниеде не қиын?» сауалына хас таланттың жауабы:

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмаған дау қиын.
Шанышқылаған сөз қиын!
Дәл осындай жағдайда
Пана болмас өз ойың.
Жазылмаса, дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын,
Ақылынан адасып,
Өзің түскен өрт қиын!
Тентек болса, ұл қиын,
Не істеріңді білмей,
Ашиды-ау сонда бас-миың! [4, 203].

Осындай шешендік сөз үлгілерінің небір керемет үлгілерін жинақтаған Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиетін жинаудағы ерекшеліктері туралы ғалым Н. Қ. Жүсіпов былай дейді: «М. Ж. Көпеев жазбалары жинаушыларға қойылатын басты-басты талаптарға сай келеді. Біріншіден, материалдарды кімдерден қандай

жағдайда алғанын үнемі дерлік көрсетіп отырады. Екіншіден, халықтың ұғымын, ауызекі сөйлеу тілі ерекшелігін сақтап, қағазға түсірген. Үшіншіден, белгілі бір аңыздың тарихилығы, шындығын дәлелдерлік деректерді қоса келтірген» [1, 29 б.].

Шын мәнінде шешендік өнер әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар, замананың көкейтесті мәселелерін көтеретін, көпшілікке сол кезеңдегі басты міндеттерді аңғартып, саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып беретін сөз мәйегі. Шешендік сөз белгілі бір күннің, белгілі бір дәуірдің тарихын сол күннің, сол дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарасымен байланыстыра отырып жасалады. Ол қоғамдық мәселелерді сырттай емес, өмірмен, тәжірибемен ұштастыра отырып баяндайды. Шешендік өнер – заман тарихы, дәуір тынысы, өмір шежіресі. Шежіре болғанда да күнделікті тіршіліктің рухани бейнесі, жанды көрінісі. Шешендік сөз – бұл бәрінен де бұрын шығармашылық процесс. Осы келелі де бай өнерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қажымай-талмай көп зерттеп, бай мұра етіп қалдыруының бүгінгі ұрпақтары үшін мән-маңызы ерекше болып отыр.

Қазыналы да қатпарлы тарихымыздың тамыры тым тереңде. Сан ғасырлық тылсым да сыршыл тарих өзінің құпиялы, беймәлім әлеміне оқырманын тарта отырып, ой тұңғиығына шомдырады. Шешендік сөз дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезіміңді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдыңа алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз [5, 16 б.].

Шешендік өнер – қазақтың бойындағы дара ерекшелік, халық даналығының бір биігі. Шешендік сөз кез келген нақтылы бір ойды айта отырып, сөзді айтушыға да, тыңдаушыға да жоғары талап қойған. Қазақ би-шешендері адамгершілік қасиеттерді қалыптастарған. Олар: үлкенді сыйлау; сәлемдесу, үлкенге кішінің қамқорлығы; туысқандық мейірім; дос-жолдасты құрметтеу; кедей-кепшікті, жоқ-жітікті, дене мүшесінде кемістігі бар адамдарды қорламау; қайырымдылыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Шешендік өнердің негізгі көздеген мақсаты – әлеуметтік санаға ықпал ету. Мысалы, Цицерон шешен-діlмарлардың міндетін былайша анықтайды: «Кімде-кім өзінің сөзімен тыңдаушыларына әрі білім бере, әрі көңілін көтерсе, әрі оларға күшті әсер етсе – ең жақсы шешен

сол. Білім беру шешеннің міндеті, көңілін көтеру, тыңдаушыларға көрсеткен құрмет және күшті әсер ету қажет [6]. Сол сияқты шешендік өнер мәселелерін көп зерттеген ғалым Б. Адамбаевтың мына пікіріне назар аударатын болсақ: «Шешендік өнер қай қоғамда болса да халыққа, қалың көпшілікке әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, жігерін тасытатын қуатты құрал болып келген, ол өнер күні бүгінге дейін сол күшін, қасиетін жойған жоқ» [6].

Мәшһүр Жүсіп шешендік сөздерді жинаумен қоса қабат, өзі де шешен болған. Мәшһүр жинаған шешендік сөздері ой-толғамдардың мағыналылығымен, өзектілігімен, ой тереңдігімен ерекшеленеді.

Ұлт мәдениетінің қамқоршысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ мәдениеті тарихында би-шешендердің қоғамдық-әлеуметтік мәртебесін, даналық мектебін терең игерген. Ақын халқымыздың әдебиеті мен фольклорын, тарихын шексіз көп білген, Шығыс елдері әдебиеттерімен кең таныс болған. Осы себептен де зерттеуші жазбаларында аса құнды рухани-мәдени деректер қамтылған. Ақын өзінің поэзиялық шығармаларында би-шешендердің өнеріне, талантына тәнті болып, үнемі өзіндік пікірлерін келтіріп отырған. Шешендер – мәуелі ағаш, сөз – бір жеміс («Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі» шығармасында; Шешеннің көпке ортақ – қой тіл мен жағы, Жүйрік ат, шешен жігіт – елдің бағы («Мұқаш Жұпарұлы»); Үйсінде би Төле өткен тілге шешен, Уақытында би Едіге болған көсем (Жетпіс бап»).

Ақынның ел арасынан жинаған шешендік өнер үлгілері өте мол, атап айтқанда Жиренше шешен, Қазыбек би, Байдалы шешен, Едіге би, Бөлтірік, Тайкелтір би, Жәуке шешен, Тәйтеке би, Досбол шешен, Торайғыр шешен, Шоң би, Шорман билердің нақыл сөздері, шешендік өнерлері, тапқыр сөз өрнектері жиналады. Тәуелсіздік жолында талмай еңбек еткен арыстан жүректі ерлері, мемлекет қайраткерлері Қазыбек, Төле, Әйтеке бидің әрбір шешендік сөзі – қанатты сөзге айналып кеткен бағалы қазына. Осы сөз жауһарларының басын топтастырып, жинақтап, бір желіге, арнаға түсіріп, ұрпағының үлгі алуына бар жанын салған – қазақ сөз өнерінің қайталанбас тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Тұжырымдайтын болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларындағы ауыз әдебиеті мұраларының, оның ішінде шешендік өнердің жиналу барысы арқау болды. Халық ауыз әдебиеті мұраларын жинауда ғалымның сүйенген принциптері арқау болды. Фольклорист ретінде қалыптасуының үш қайнар көзі атап

өтілді. Сол сияқты ғалымның жинаған ауыз әдебиеті мұраларының тәлім-тәрбиелік ықпалы, әсері қарастырылды. Ұлағатты, үлгілі шешендік сөз шиырларына Мәшһүр Жүсіп жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінен нақты мысалдар келтірілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жүсіпов Н. Қ. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы. Монография. – Павлодар, 2003. – 246 бет.

2 Сүтжанов С. Мәшһүртану курсы. Дәрістер жинағы. Оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2009. – 85 бет.

3 Негимов С. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы би-шешендер мұрасы. «Жұлдыз» журналы, 2009 жыл, №10. 182-191-беттер.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалар жинағы. –Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 220-бет.

5 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері (Оқу құралы). – Алматы, «Білім», 2003. – 260-бет.

6 Адамбаев Б. Шешендік өнер. Алматы, 1999. – 54-б.

ЖЕТІ АТАСЫН БІЛМЕГЕН ЖЕТІМДІКТІҢ АТАСЫ

ТӨЛЕУЛЫ Ғ.
оқушы, № 20 лицей мектебі, Павлодар қ.

Әлем халықтарының салт-саналарымен салыстырғанда ұлттық мәдениетімізде мақтанышпен айтатын қасиетті дәстүрлеріміз баршылық. Соның бірі – ата-бабамыздан жалғасқан, бүгінгі күндегі озық медицинаның дәлелдеуінен өткен жеті аталық ұстаным, жеті атаға толмай қыз алыспайтын қазақи шежірелік жүйе. Ол – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында ата-тектің жалғасуын реттейтін қасиет. Осыған байланысты ежелден бері қазақ халқында өзінің жеті атасын білуі әрбір азаматтың борышы болып саналады. Сонымен бірге бұл – ата-ана үшін отбасылық үлгі-өнегенің әліппесі. Тек ата-анасынан жастай айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден мақұрым қалатын. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген сөз де осыдан шыққан болса керек [1, 14 б.].

Қазіргі уақытта әр елдегі қазақ қаламгерлері мен тарихшыларының жеті атаны баяндауында үлкен алшақтық жатыр. Олардың кейбірінде ғана ұқсастықтар байқалады. Біз мұны ұқсас

бір дерек көзінен алынған деп қараймыз. Сондықтан да, жеті атаны жеті ұрпақпен шатастырып жүрген тарихшылардың пікірі қате деген тоқтамға келеміз. Кей ғалымдар жеті атаны санамалауда қате атаулар қолданған. Атап айтсақ, үшінші атаны – үлкен әке, алтыншы атаны – чоң баба деп атап келеді. Дегенмен, жеті ата туралы қай түсініктемеге де назар салсаң, бәріне ортақ ата-баба деген атауды кездестіре аламыз. Мұндағы ата-баба ұғымы қазірде қосарланып келеді. Алайда, баба деген төртінші атаға сәйкес айтылады. Осы тұрғыда Нығмет Мыңжанидың жеті аталық ұстанымына бағынғанымыз жөн. Ол қазақтың жеті ата атауын былайша: бірінші – өзің, екінші – әкең, үшінші – атаң, төртінші – бабаң, бесінші – арғы атаң, алтыншы – түп атаң, жетінші – тек атаң деп санамалайды.

Зерттеуші ғалым Ясиын Құмаруұлы өзінің «Қазақ шежіресін зерттеу» атты еңбегінде: «Өберенің ел ішінде «немене», «шөпшек» деген нұсқалары бар. Бұл атаулар кей деректерде бір-бір атау болып, төртінші және бесінші ұрпақ атауы ретінде қолданылады. Сонымен қоса, кейде шөберенің баласын «немене» десе, ал немеренің баласын «немелтай» және «мүдежәт» дейді», – деп жазып осы атаулардағы тұрақсыздықтарға тоқталып өткен [2, 25 б.]. Барлық деректерге көз жүгіртер болсақ, төртінші ұрпаққа дейінгі атауларда көптеген ғалымдардың дәлелдеулері бір-біріне сәйкес келеді. Бәрінде де төртінші ұрпақ шөпшек деп аталады. Тек бірен-саран ғалымдар төртінші ұрпақ өбере, кейін барып шөпшек болуы тиіс дейді. Бірақ, біз өбере атауын шөпшектің бір нұсқасына балап, екеуін бөліп-жармай бір ұғымға сыйдырдық.

Сондай-ақ, Мақсұтбек Ниязбекұлы өз зерттеуінде жеті ұрпақ жүйесінде ұрпақ атауы бесеуден аспауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адамның өзінің бел баласы − ұлы мен қызы, ұлдан туған баласы − немере, қыздан туған баласы − жиен, немереден туған баласы − шөбере, жиеннен туған баласы – жиеншары болады. Осылайша үшінші ұрпаққа дейін санамалай келіп, шөбере мен жиеншардан туған төртінші ұрпақты − немене, шөпшек және туажат деп атаған болатын. Ал, одан кейінгі бесінші, алтыншы тағы сол сияқты ұрпақтардың атауы жоқ. М. Ниязбекұлы бұған себеп ретінде, қаншалықты ұзақ өмір сүрсе де бесінші ұрпағын көруге адамның ғұмыры жете бермейтінін айтады [3, 5 б.]. Бұл ғалымның мұндай зерттеуін жеті ұрпақ жүйесіне қосқанымыз ағаттық. Себебі, аты айтып тұрғандай, мәселе бес ұрпақ емес, жеті ұрпақ жүйесіне қатысты болып отыр.

Осы жеті ұрпаққа келгенде көбіне төртінші және бесінші ұрпақ атауында тұрақсыздық байқалып жатады. Әрине, бұған белгілі

объективтік жағдай себеп болса керек. Десе де, туыстық қатынас мәдениеті атауларының мұндай шатастықтары тіліміздің өрелігіне кері әсер етері сөзсіз. Тіпті, ұрпақтардың туыстық атауларының тиянақтылығына, ұғымдылығына кесірін тигізбей қоймайды .

Қазақ әрқандай затқа, құбылысқа ат қойғанда өте ыждахатпен қараған. Сондықтан да, қойылған аттардың өзіндік қисыны, дәлелі бар. Ұрпақ атауы да осындай. Мәселен, бала, немере, шөбере, шөпшек атаулары тұрақты, бұлар – етене жақындықты көрсетеді. Туажат – бірге туысқан, бірақ аралығы алшақтап, жат болып бара жатқан ұрпақ болса, жүрежат атауы да аты айтып тұрғандай, түбі бір болса да тұрмыстары бөлектеніп, жүрістері де жаттаса бастаған дегенді білдірсе керек. Әйткенмен, жүрежат – жүре-жүре жатқа айналып барады дегенді, туажат – туғаннан-ақ жат дегенді білдіреді деп жүрежатты туажаттың алдына қоятындар бар.

Қазақ рулары жеті атаға толғаннан кейін ғана қыз алысады. Енді «жеті ата толғаннан соң сегізінші атадан қыз алысу керек пе, әлде жетінші атадан бастап рұқсат етілген бе» деген мәселе төңірегінде ой өрбітейік. Кейбір көнекөздеріміздің жекжат деген атауды құда-құдағилықтан келген атау дегенін ескерсек, сегізінші атаның жекжат, тоғызыншы атаның жұрағат (құда-жұрат) аталуының сырын білгендей боламыз. Демек, бұл сегізінші буын бір-бірімен құдаласып, жұраттаса алатынын білдірсе керек. Аталас рулар жеті атаға тола салып емес, қайта жетінші атаны толтырып, сегізінші ұрпаққа жеткенде ғана құдаласады [4, 25 б.].

Жеті ұрпақ атауларындағы ендігі бір басын ашып алуға тиісті ісіміз бесінші ұрпақ атауы. Барлық санамалауда бесінші ұрпақ – немене деп аталады. Дегенмен, «немене» деген сөздің түп мағынасы қандай? Бұл сөз сұраулы мағынада, көбінесе ұнамсыз күйде қолданылады. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады», – деген қазақ осындай мағынасыз сөздерді айтса керек. Бұл сөзден ешқандай жүйе байқай алмағанымызды жасыра алмаймыз. Немене атауы туыстық атауға сіңіп кеткенімен, біздің көзқарасымызша бұл ешқандай қандастықты, туыстықты бейнелемейді және басқа ұрпақ атауларымен қабыспайды да, яғни, жаңсақ қолданылған атау болмақ. Бәлкім бұл атау «түсіндірме сөздікке» жаңсақ берілуі де мүмкін. Сондықтан да, «немене» сөзінің орнына бейнелі ұғым – «көгенжат» атауын қолдансақ болады. Көген дегеніміз – шаруашылық тұрмысынан туындаған қазақтың төл сөзі. «Көк лағым көгенде жатып семіреді», – деген жұмбақты бәріміз білеміз [5, 33 б.]. Демек, мұндағы көген сөзі арқылы туыстық

байланысты сипаттасақ, жат деген алыс, бөлек не болмаса, көгені бөліне бастаған деп қарастыруға болады. Ең бастысы, мұндай жаңа атауды санаға сіңіру керек. Кейін, бұл атау сөйлеу дағдымызға түседі де, қолайлы әрі бейнелі атау болып басқа ата атауларымен қабысады. Олай болса, қазақтың жеті ұрпақ атауын былай: бірінші – бала, екінші – немере, үшінші – шөбере, төртінші – шөпшек, бесінші – көгенжат, алтыншы – туажат, жетінші – жүрежат деп топтастырайық [6, 26 б.].

Бұл күнде ата жолын ұстанған әр қазақтың баласы өз тегін ата-баба шежіресінде көрсетілгендей, өзінен бастап қазаққа немесе қазақтан бастап өзіне дейін атап бере алады. Бірақ, жеті ата ұстанымы туралы бұл күнде көптеген ғалымдар жағынан теріске шығарылып, шындығына, ғылымилығына күмәнді көзқарастар сақталып жүрген «Шипагерлік баян» еңбегінде құнды деректер сақталған. Бұл дерек, жеті ата ұстанымының қазақта қашаннан пайда болғандығын білуімізге анық бағдар сілтейді. Аталған кітаптың 11-бетінде: «Жеті атадан ілгері қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт. Егер, олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайларды тең бас қылыштамақ керек», – деген сөз бар. Кітапта келтірілген бұл жарлық Жәнібек хан жағынан түсірілген екен. Жарлық болғанда да – қатаң жарлық. Бүкіл қазақтың бұлжытпас заңына айналған осы қағиданың бір кездері қолында заңдық күші болған, қаһарлы хан жағынан қарар қылынып, қалт жібермей атқарылғаны шындыққа жанасымды әрі қисынды [7, 11 б.].

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», әз Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» хабардар екенін білдірген ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген екен. Сонымен қоса, тағы бір сөзінде: «қазақты ақылды етіп түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: әуелі – бек үкімет, яғни қолында жарлығы болмақ керек; екіншіден, ол адам есепсіз бай болуы қажет», – дейді. Жәнібек хан міне, осындай қолында заңдық күші бар, бек үкіметтің иесі болған [8, 55 б.]. Сөйтіп, қатаң жарлық арқылы жеті ата ұстанымын бүкіл қазақ халқына дәріптеген, тек дәріптеп қана қоймай іске асырған деп қорытынды шығаруымызға әбден болады.

Пайымдағанымыздай, қазақтың бүгіні, ата-бұтар шежіресі қазақ хандығынан кейін бастау алса, жеті ата ұстанымы да сол кезден бастап іске қосылған. Әр екеуінің мақсаты да – халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру болған. Сол арқылы тұтастықты сақтап, халықтың сапасын көтерді.

Мейлі «жүз» құрамына кірсін, кірмесін, қазақ атына ұйысқан әрқандай ру мен ұлыс осы ұлттың тең дәрежелі мүшесі ретінде қаралуы керек. Өкінішке орай, ұлт шежіресінің бірлік үшін екені қаншама дәріптеліп жатқанына қарамастан, осы ұстанымды берекеге емес әрекеге пайдаланғысы келетіндердің болғаны адамды ашындырады. «Үш жүзде» жоқ деп төре мен қожаны қазақтан бөлектегісі келетіндер осы айтқанымызға дәлел болмақ. Қазақтың бұрын-соңды тарихының төре мен қожасыз қаншалықты тұл дүние болатынын біле ме екен солар? Қазақ хандығы құрылғаннан тартып, құрдымға кеткенге дейінгі ел тізгінін ұстап, елім деп еңіреген Керей ханнан Кенесарыға дейінгі хандарды бөлектеп біз кіммен тарих жасамақпыз? Сондықтан да, «жүз» дегенге қаншама қазақы тұқымдық, генетикалық сипат бергенімізбен, онда аталық негіз жоқ. Бұл – атты көшпенділердің әскери құрылымынан шыққан құбылыс. Мәселен, ғұндар мен скифтердің үш құрамдас болғанын білеміз. Сәбетқазы Ақатаев: «Жүз» сөзінің мәні – «жақ», «бөлік», яғни соғыс ұғымы. Бұл ұғым әз Тәуке ханның құрылымынан бері қарай қолданылып келеді», – деп анықтама береді. Жүзіне қарай ешкімді де «қазақ емессің» деп айтуға еш адамның негізі, құқығы жоқ екенін осы анықтамадан-ақ байқауға болады [9, 62 б.].

Мәңгілік ел болу үшін бұрынғының бәрін елеп-екшеп, бүгінгіге қажет тұстарын қабыл алып, барынша пайдаға асыра білуіміз қажет. Ата-бабаларымыздың бойындағы ең жақсы қасиеттер мен үлгі алардық істерін бүгінгі ұрпақ жалғастыруға тиісті.

Жеті ата — қазақ халқының салт-дәстүріне тән адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Бүгінде кейбіреулер жеті атамды білемін деп аталарының есімдерін тізбектеп шығады. Одан әрі таратып жатпайды. Әрине, бұл түк білмегеннен жақсы. Бірақ жеті адамның атын үш жасар балаға да жаттатуға болады емес пе? Сонда оның қаншалықты мәні бар?

Жеті атасын білу дегенді жеті атаңа дейінгі туыстарды толық, жүйелі таратып, олардың туып-өскен жерлерін, өмірбаяндарын біліп, елге елеулі, адал қызмет еткен бабаларын ұрпақтарына насихаттап жеткізу деп түсінген жөн. Ең басты қағида жеті атаның ішінен қыз алуға болмайды. Бүгінде осы тәртіпті қатаң сақтағанымыз жөн. Осы арқылы дені сау, текті ұрпақты өрбіте аламыз. Мұны медицина да толығымен құптайды [10, 50 б.].

Медициналық тұрғыдан себебін сұрасақ, көбіміздің тосылып қаларымыз анық. Бұл қағиданың сырын адамның тұқым қуалаушылық қасиеттерін зерттейтін генетика ғылымының антропогенетика саласы ашып береді екен [11, 10 б.].

Медициналық-генетикалық тілмен айтсақ, адамның денесі миллиондаған жасушалардан тұратындығы белгілі. Әрбір дене жасушасында 46, ал жыныс жасушасында 23 хромосома болады. Ұрықтану кезінде ер мен әйел адамның жыныс жасушалары қосылып, яғни 23 хромосомаға 23 хромосома қосылып, дене жасушасындағы толық хромосома жиынтығы қалыптасады [12, 16 б.]. Гәп осы жерден басталады. Биолог ғалымдардың айтуынша әр адамның генотиегінде жағымсыз рецессивті гендер болады, яғни қарапайым тілмен айтсақ, жыныстық жасушадағы хромосома саны 23 емес, одан көп немесе аз болуы мүмкін.

Бұндай жағдай кез-келген адамның дене жасушаларында болады. Егер ердің де, әйелдің де жыныстық жасушалардағы хромосомалар саны 23-тен аз не көп болса, екеуі де бұзылған ген болғанымен сәйкестендіріледі де, бірі қабыл алынады. Міне, осы жерден адамның денесінде бұрыс жасуша қалыптасады. Адамның ауру болатын да себебі осы деп тұжырымдайды сала мамандары. Бір әке, бір анадан тараған адамдардың ағзасында бір-біріне сәйкес келетін гетерозигота күйіндегі жасушалар жиі кездеседі. Сондықтан гетерозиготалы ата-анадан ауру ұрпақ тууының ықтималдығы жоғары. Тіпті еш ұрпақ та болмай қалуы мүмкін.

Туыстық неке бойынша гетерозиготалы ата-анадан ауру бала тууының ықтималдығы [13, 14 б.]:

Кесте 1

Ұрпақ	Гомозиготалы және гетерозиготалы даралар	Гомозигота АА,аа	Гетерозигота(ата-ана) Аа х Аа
I ұрпақ	1АА+2Аа+1аа	50%	50%
II ұрпақ	6АА+4Аа+6аа	75%	25%
III ұрпақ	28АА+8Аа+28аа	87.5%	12.5%
IV ұрпақ	120АА+16Аа+120аа	93.75%	6.25%
V ұрпақ	496АА+32Аа+496аа	96.87%	3.13%
VI ұрпақ	2016АА+64Аа+2016аа	98.47%	1.53%
VII ұрпақ	8128АА+128Аа+8128аа	99.222%	0.78%

Әр қазақ баласына қазақ деген ғайыптан пайда болмаған, ертеден ата-мұраға қалған қасиетті қара қонысында отырған ежелгі ел екенін, кемелді тарихы бар, түбі тереңнен бастау алатын марка мәдениеті бар өне жұрт екенін білу парыз.Ол үшін, қазіргі ұрпақтың өз тегін, ұлт мәдениетінің салт-дәстүрінің түп-төркінін, туған халқының тарихын білуі шарт [14, 9 б.].

«Тарихсыз халық жоқ, халықсыз тарих жоқ» – дейді халық даналығы. Әлемдегі халықтың қайсысы болса да ғасырлар бойы

табиғи заңдылықтың тарихи туындысы. Ежелгі Мысыр, Үндістан, Иран, Грек тарихтары сияқты қазақ халқының тарихи да тарихи аңыз, ертегілерден басталады; озық ойлы қайраткерлері, білікті адамдары ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата-бабалар шежіресін – өзінің ұлттық тарихын жасап қалдырған

Шежіре – құрғақ хронология немесе адам аттарының жалаң тізім емес, ол қазақ тарихының айқындамасы, туыстық-қандастық байланыстарды үш жүрт (өз жұрты, ағашы жұрты, қайын жұрты) бойынша саралауға негізделген [15, 99 б.].

Сонымен қатар, шежірешілдік көшпелі қоғамдағы компас сияқты қажеттіболған. Әрбір көшпелі қазақ туыстық-қандастық жүйені тарата білуді өмірсүрудің өлшемі, моральдық-этикалық критерийі деп білген. Бұған жеті аталықүрдіс ұйтқы болған.

«Жеті ата» ұғымына тереңдетіліп, шежіреміздің қаншалықты пайдалы екенін аңғарып, қазіргі замандағы осы тақырыптың бар өзектілігін білдік. Оған қоса біз мектептегі оқушылар және жалпы Павлодар тұрғындарымен сыр-сұхбаттастық. Осы тәжірибе нәтижесінде біз осындай ойға келдік.

Диаграмма 1



ӘДЕБИЕТТЕР

1 Арғынбаев Х және басқалары Қазақ шежіресі хақында, «Атамұра», 2000 ж., 14 б.

2 Қазақ тарихынан. Құрастырған: Н.Құлмұхамбетова. «Жалын», 2004 ж., 25 б.

3 М.Ж. Көпейұлы. Шығармалары. 1-11 томдары, Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 5 б.

4 Марко Поло о разнообразии мира кітабы. Алматы, 2001 г, 33 б.

5 Еңсебаев Т.А. «Қанжығалы шежіресі» Павлодар, «ЭКО», 2004 ж., 26 б.

6 Жолдыбайұлы Қайрат. Имани гүл. Алматы., 2011 ж.

7 Ата-тек шежірелерінің қолжазбалары, 11б.

8 Ерофеева И.В«Родословные казахских ханов и кожа XVIII – XIX в.в.» Алматы, 2003 ж., 55 б.

9 Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы, 2000 ж., 62б.

10 Қайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре) – Алматы: « Дейк - Пресс», 2004, 50 б.

11 Муканова М.С,Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и история Алматы: Ғылым,2001 ж., 10 б.

12 Арғынбаев Х.А. Қазақ және орыс халықтарының тарихи-мәдени байланыстары. – Астана: « Алтын кітап», 2007 ж., 16 б.

13 Сейдимбек А. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление: Қосымша оқулық Алматы: Рауан 2008 ж., 14 б.

14 Ақселеу Т. Күй шежіресі – Алматы: «КРАМДС - Яссауи» 2002 ж., 9 б.

15 Олжабай Ә. «Жалаулы - жүрегімнің жыры сенсің» Павлодар, 2011ж., 99 б.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – ПОЭЗИЯ ТҰЛПАРЫ

УТЕПОВА С.
8 «А» сынып оқушысы, Тіленшин атындағы орта мектебі, Қожамжар ауылы

«Дүниенің ағын да, қарасын да,
Мың етпейсің, қабылдап аласың да.
Қарасымен шамаң жоқ таласуға,
Ей, өмірім, зымырап барасың ба?»
М. Мақатаев

Қазақ поэзиясында өзіндік жарқын із қалдырған дарынды ақындардың бірі Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі сұрапыл соғыста қаза тауып, анасы мен кәрі әжесінің тәрбиесінде өсті. Ол – қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайық бағасын ала алмаса да өзінен кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын. Ақынның

соңында көптеген өлеңдері мен поэмалары, баллада, новелла, ішінара прозалық шығармалары баға жетпес қазына болып қалды. Оның жазып кеткен күнделіктері мен хаттары да автордың өмір жолындағы алуан сырларын жеткізеді.

Мұқағали – өзіне дейінгі өлең өру мен жыр сомдаудағы қазақ халқының ұлттық мектептері мен дәстүрлерін жалғап қана қоймай, оны жан-жақты дамытқан, тереңдеткен, қазақтың өлең-сөзін жаңа заңғарларға көтерген, жаңа кеңістіктерге алып шыққан жиырмасыншы ғасырдың санаулы саңлақтарының бірі. Мұқағали Мақатаев өлеңдерінен байқалатын көркемдік ерекшеліктердің бірі – ырғағы ешбір кедергісіз мәнерлі болып тұруы,сөз сыңғырының шынайы табиғилығы. Өлеңі толқыған сәтте кім-кімнің де көкірегінен сыр болып сыңғырлап төгілетін немесе қамыққанда шыңыраудан еріксіз шымырлап шығатын,күйзелгенде өзекті күйдіріп,көкіректі отқа орап,жалындап шалқитын шынайы тебіреніс рухтың мөлдірлігін,тереңдігін танытады.

Ақын ойын жасырмай айтса,айтарын ашып айтқан Махамбет, Абайлардың еркіндігіне қызықпаса керек еді ғой. Ақын өмір сүрген кезеңде, ешкім де бар ойын жасырмай, ірікпей түгел түгесіп айта алмайтын. Сондықтан ақынның «жасырмай» дегенін шартты түрде сол дәуірдің ерекшелігіне бейімделуден туған деп ұғыну керек.

Мұқағали-жыр еліне ауыз әдебиетінің мөлдірінен сусындап, ұлы Абайдың тереңіне бойлап, өзіне дейінгі ақындарды пір тұтып, орыс пен Еуропа, Шығыс әдебиеттерінен тәлім алып келген ақын.

Оқырман ақынның кез келген өлеңін бейтарап,салқын оқи алмайды. Сөз жоқ, Мұқағали шығармалары оқушысының жүрегіне сәуле түсіреді. Себебі, ақын туған жерін, туған халқын, ана тілін жанындай сүйді. Оның кез келген шығармаларынан жердің,елдің биік рухы сезіледі.

Поэзия!
Менімен егіз бе едің
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан
Сені іздедім жоғалған замандардан...
Сені іздедім.

Іздеймін тағат бар ма?
Сені маған егіз ғып жаратқан ба?

Осы өлең жолдарын оқыған кезде алып жырдың жаратылысын, жаңа қыры мен сипатын танығандай күй кешесіз. Ақын өзінің қысқа ғұмырында өзіне-өзі сенген. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлары мен көркем дастандары сол сенімінің жемісі. Ақын жаңа ғасыр қақпасын ентікпей, еркін ашып, жаңа мыңжылдық айдынына шығып отыр.

«Үш бақытым» атты өлеңінде ақын үш бақытты «Халқым,Тілім, Отаным» деп нақты айқындайды. Осы үш бақыт қолда тұрғанда өмірдің сәттік мұң-шері түкке тұрмайды деген тұжырым жасайды. Азамат ақын, ең алдымен, Елдің елдігін, Тілдің мәңгілігін, Отанының гүлденгенін ойлайды. Ақын осы үшеуін бәрінен де жоғары ұстап бағалайды.

Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда» және біршама жыр жинақтары жарыққа шығып, халыққа танымалдығының арқасында асыл қазынамызға айналды. Аққуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейді, әрі киелі құс төресі санап, оған ешуақытта оқ атпайды. Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігінің белгісі болып есептелінеді. Халқымыздың ауыз әдебиетінде аққуға байланысты даналық ұғымдар, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, теңеулер жиі кездеседі: «Аққу – құстың төресі, жалғыз жатып оттамас», «Сүйіктей аққу мойын», «Аққудай ару», т.б. Қазақтар аққуды киелі құс деген:

Аққу құсы әдемі құс болғандықтан,жалпы ақ түсті болып келеді, оны сұлулыққа теңеген. Қазақтың әдемі қыздарын аққуға теңеген. Құстардың ішінен жұптасып өмір сүретін бірден-бір құс. Егер жұбынан айырылып қалса, не біреуі қаза болса, екіншісі адамша қайғырып,ауырып өлуге барған. Осы жағдайдан кейін екіншісі аққуға қосылмайтын болған. Осыдан қазақ халқы «Аққуды атуға болмайды», «Махаббаттарың айдында жүзген қос аққудай болсын» – деген дана сөздер қалдырған.

«Ғасыр ақыны» атанған Мұқағалидың барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс-күйін, арман-мүддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыншылдықпен хаттаған асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртінде өтті. «Жүрегінің түбіне кір жасырмай» айтып кетті, армансыз ақтарылып кетті.

Мұқағали Мақатаев-қазақтың қарапайым тілінің нәрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен ақын. «Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында өкпесіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырғағыннан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашты,өлеңнің сырлы құпияларын жария етті. Ақын жырларының қай-қайсы болмасын ән тілеп тұрғандықтан, өлеңдеріне қазақ композиторлары ән жазды, халыққа кеңінен таныла түсті.

Мұқағалидың «Қарлығашым, келдің бе?», «Дариға жүрек», «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің», «Соғады жүрек», «Шолпан», «Жырлайды жүрек», «Өмір-өзен» және біршама жыр жинақтары жарыққа шығып,халыққа танымалдығының арқасында асыл қазынамызға айналды. Себебі, жылда өтетін аудандық, облыстық, республикалық «Мұқағали оқулары» байқауының кең көлемде өтуі айғақ. Мектеп оқушыларынан бастап,студенттер, жастар, үлкендер, өнер иелерінің қатысуымен жылда әдеби-кеші кең көлемде аталуда. Өлеңдері асқақтап, жырлары шарықтап, адамға демеу бола білген ақын қалдырған қазына еш алтынға теңдесіз. Соңғы кездері Жүргенов атындағы өнер институтының студенттері асқақтатып жырлап, әндетіп, өлеңдеріне түсірілім қойып жүрген әдеби-кеш музыкалы бағдарламалары Мұқағали Мақатаевты ғасыр ақыны екендігін дәлелдейді. Ақын жырларын ұлықтап келешек ұрпағы өнеге алып,мақтана бағалайтын қол жетпес қазынасы боларына үлкен сенімдемін.

Мұқағали ақынның баласы Жұлдыз Мұқағалиұлы әкесінің балалық шағы туралы сыр шертуінде «Бала күнін еске түсіру әкеме өте ауыр еді. Кәдімгідей мұңайып қалатын. Бізде балалық жоқ, соғыс жалмап кетті дейтін».

Бақтырам деді бастығым.
Бағасың, – деді, жетпегір
Сонымен біраз жас күнім
Қысырақ қуып өткен бір.
Бірде інім Айбарға:
Жаман қазақ жалпақбас,
Тамақ десе жан таппас, – деп әзілдеді. Өзі жасаған қателіктерін қайталамауымызды қалапты.
Тағы да сен бе тентек,тілін алмай,
Анамды өкпелетіп тастаған кім?

Байқа,тентек!
Сен емес, Ана алдында
Мына тұрған құдайың жасқанатын».

Ақын баласы: «Әкем әжесі Тиынның қолында өскен.Ол кісі қайратты болған. Әкемнің ақындығы ең бірінші-табиғи дарын, сосын соның дамуына туған жері, Тиын әжеміз қатты әсер еткен. Өзі көп нәрсені әжемнен үйрендім дейтін. Әр адамнан тереңдік іздейтін, әңгімелескен адамы көңілінен шықпаса кәдімгідей мұңайып,таяз екен дейтін.

Мұқағалидың жары Лашын: «Мұқағали өлеңді жеке бөлмесінде отырып жазатын. Көк шапанын жамылып,үстелге кеудесін тіреп отыратын еді. Жазып болғасын жайраңдап келіп, анамызға оқып беретін де, Лашын, қалай болыпты? деп күлетін. Кейде бізге сырын айтып, өлең құрудың өзі тұнып тұрған математика. Математика амалға бағынса, өлеңнің де бағынатын өз заңдылықтары бар дейтін. Мен ақын жылдың қай мезгілін ұнатады деп сұрақ қойғанда, «Ол күз мезгілін айрықша ұнататын. Жапырақ түсіп, жауын құйып тұрған түндерде қолынан қаламын тастамайтын. Көктемде сайрандадық, жасардық, күз-енді жазатын мезгіл деп әзілдейтін. Ол көп жағдайда қолдау таппай қалатын. Бәріміз басу айтқан соң қайта еңсесін көтеріп ерсілі-қарсылы адымдап, әй, мені түсінгісі келген адам өлеңдерімді оқиды. Ничего, 4 миллион қазағым болса, мен ешқашан өлмеймін дейтін. Әбдімүтәліп деген нағашымызды көбірек тыңдайтын. Әбділдә Тәжібаев ақсақалды қатты сыйлады. Кеңшілік Мырзабеков, Нұрғиса Тілендиевпен жақсы дос болды».

Бауырластықтың жалауын біз де көтеріп, жарқын өмірден дауласпай жүріп өтелік, – деген өлеңдері Мұқағалидың дархан мінезін танытады [2, 41-42 б.].

Таң! Түн! Осы екі құбылыстың құпиясы жайлы ұлы Абайдан бастап арғы-бергі ақындар қалам тартқан. Әр ақын өзіндік ерекшелігімен, өз мақамымен жырлайды.

Осы орайда мен Мұқағали Мақатаевтың жоғарыдағы тақырып төңірегінде топтастырылған біраз өлеңдерін әдебиет теориясы тұрғысынан талдауға талпыныс жасадым.

«Қайырлы түн!» және «Қайырлы таң!» атты екі өлеңінің мән мағынасына тереңірек үңіле түсейікші. Екі өлеңде де ақынның айтайын деген ойы бір арнаға саяды. Ол – тыныштық.

Қайырлы түн!
Жер-Анам,
Көк аспанда жамыл да,

Таңға дейін дін аман,
Тәтті ұйқыда дамылда.
Қайырлы түн,тыныштық!
Қайырлы түн,тіршілік! – деп түн тыныштығын тілесе:
Арқалап ап ырыс-құт,
Келеді әне күн шығып,
Қайырлы таң Тыныштық!

Қайырлы таң, Тіршілік! – деп таң нұрына боялған жер бетінің тыныштығын суреттейді. Жәй ғана суреттемейді,таң атқанда «орманым да шуламай,ақ басты ата тауларым да жыламай ұйқысынан оянса,шашу болып жұлдыздарың шашылды, айың келіп ақ мойыңа асылды» деп әдемі кейіптеулермен келтіреді.

Таң мен түнді қарама-қарсы қоя шендестіріп,көз алдымызға үшінші бір әдемі «тыныштық» деп аталатын суретті ұсынады. Яғни, антитезаның әдемі үлгісі бар.

Енді ақын жырында ауыл түні мен жазғы таңның бейнесі қалай-қалай құбылады екен?

Ауыл түні бозғыл,торғын,мақпалдай,
Аспан жерге таңырқап тұр ақ маңдай.
Бір-біріне ғашық екі дүние
Сырласа алмай,мұңдаса алмай жатқандай.

Ақын ағаның өз қаламына ғана тән теңеу мен кейіптеудің кереметін байқайсыз.

Түнгі жайлаудың сырына қанықкан,жеңгесі мен қайнысының диалогына құрылған өлеңін алып қарайық. Әдемі әзілге езу тартқызар өлеңге «қарағай дулығасын лақтырып, жапырақ, құрақ күліп» мәз болысады. Аға-орман, іні-торғай паналаған жолдарды метафора ажарландыра түссе,қайнысының пұшайман болған халін «Сауға сұрап қашанғы күнелтемін, балаша балықшыны жағалаған» деген келісті теңеулер түйіндеп тұр.

Ақиық ақын өмірінің соңғы кездерінде ауру меңдеп,жаны қиналғанда да таң мен түннің құпиясын трагедиялық ахуалда суреттеуге арнаған. «Көрдің бе таң мен түннің соғысқанын?» деп сұрақ қоя отырып, «мен көрдім, бірақ болыспадым» деп өзі жауап береді. Лирикалық кейіпкер:

Түн деген-шашын жайған албасты екен,
Апыр-ай,таң кешігіп қалмас па екен? – деп дегбірсізденеді, өйткені қараңғылықты үрейдің, өлімнің нышаны етіп суреттейді. Таң-үміттің, жақсылықтың нышаны.

Жарық жеңді-ау, әйтеуір алаулатып,
Түнді асырды батысқа талауратып.
Қолына алып пышақты сан мың найза,
Жауынгер-Күн келеді жалаулатып!

Таң атты. Жауынгер-Күн жеңді. Оның өмірі тағы бір күнге ұзарды,ақын үміті тағы бір күнге жалғанды.

«Несіне асығады?» деген өлеңінде:

О, жарық дүнием-ай!
Қуатым-ай!
Несіне асығасың,тұра тұрмай.
Өмірді басқа арнаға бұратындай
Түннен қорқам...
Мәңгілік тұратындай.
Тоқташы!

Тоқтай тұршы, қуатым-ай! – деп күнді жанына қуат, тірек көреді.

«Қызарып соңғы сәуле шашырады.
Күн түйе алмай барады шашын әлі».

Жанды, бейнелі құбылыс!

Түн дүниесі адамды тонап бір-ақ жұтатындай «тірлікте қара түннің керегі не, кетпей ме онан-дағы күнге айналып» деп армандайды. Мұндай түн тақырыбы Мағжан шығармашылығына да тән. Үндестік бар. Олай болса,түн-дамыл,күн-өмір.Ақын жаны өмірдің тәтті елесіне елігіп:

Күміс қанат бір құсқа мініп алып,
Кетсем бе екен артынынан күнді қуып, – дейді.

Солай бола тұрса да, қара түнді ылғи кінәләудан аулақ. «Қар ақ болса да қол тоңдырады, жер қара болса да қарын тойдырады» демекші, қара түннің қасиетін былай жеткізеді:

Қап-қара, ғажап, сиқырлы
Қашпаңдар қара бояудан!
Қандырып уыз-ұйқымды
Қап-қара түннен оянғам.
Қап-қара түнді көрдім де,
Жап-жарық таңға кездестім.
Қарасыз, сірә мен мүлде,
Аппақтың нарқын сезбеспін.
Қап-қара көзді бір қыз бар,
Қашпаңдар қара бояудан.
Аспанда жарық жұлдыздар
Қап-қара түннен оянған.

Аллитерация тәсілімен жазылған осы бір өлеңнен қара түннің жақсылығын танимыз [1, 93-95 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2006 ж. №9
2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» 2004 ж. №2
3 «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясы. Алматы 2016 ж
4 «Қазақ әдебиеті» газеті 2003 ж

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БЕЙНЕШІЛДІК

ХАСЕНОВА Д. О., ЖАНЖИГИТОВА А. М.
9 «Ә» оқушылары, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Мағжан поэзиясының көркі мен сұлулығы, сыршылдығы мен жыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы талай рет оқырманын тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатын иелендіріп, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырын оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен. «Мағжан-культурасы зор ақын. Сыртқы кестесінің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай», – деген еді Мұхтар Әуезов. Өз замандастарынан тума таланты мен білім деңгейі жағынан, жарты ғасыр алға жылжып кеткендіктен, оның сырға толы астарлы ойларын түсінуге төңірегіндегі шала сауаттылар қауқарсыз болды. Бұдан Мағжан қолданған әдеби әдіс тек Европа мен орыс әдебиетіне ғана тән жетістіктер екен, ол қазақ топырағына жат болған деген пікір тумауы тиіс. Мысалдап сөйлеу, ойын астарлап, бірдемеге меңзеп, тұспалдап айту қазақтағы шешендік ділмарлық өнердің ежелден келе жатқан көнігі тәсілі болған. Мағжан қазақтың шешендік өнерін әлем әдебиетіндегі озық үлгілермен толықтырып, жетілдіріп, жаңа әдеби тәсілдерді енгізді.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік бейнешілдік стилімен дараланған Мағжанның жаңашылдығы әлем әдебиетіндегі символизмнің пайда болуымен де байланысты. Символизм әдеби ағым ретінде ерекшеленбестен бұрын рәміздік

мәні, философиялық астарымен дараланған. Әуелгіде символ ұғымы құпиялы, шартты мағынаға ие кез келген заттық белгіні білдірген. Қазіргі уақытта символ ұғымы философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифпоэтика, фольклористика, мәдениеттану, лингвистика, т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Символдар осы уақытқа дейін аталған ғылым салалары тұрғысынан жан-жақты зерттеліп келеді. Зерттеушілер символды мәдениетке тән тұрақты құбылыс деп таниды: «Символ ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелді кешіп өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, символ-мәдениеттің тұрақты элементі».

Әдебиеттану ғылымында символ троптың бір түрі ретінде танылып, оған мынадай анықтама беріледі: «Бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу». Әдебиеттанудың терминдер сөздігінде «Символ-әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Мысалы, гүл-жастықтың символы, ал көгершін – бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ тұспалдауға (аллегорияға) өте жақын келеді» деген тұжырым берген.

Символизм алғаш әлем әдебиетінде романтизммен бірге болды. Кейін романтикалық сарын өршіл және кері тартпа болып екіге бөлінгенде, ойды бейнелеп жеткізуде шындық пен жалғандықтың ара салмағын өлшеп көрсететін әдеби құралға айналып, XIX ғасырдың ортасында әдебиетте романтикалық сарын мен реалистік шындыққа қосымша – жаңа әдеби әдіс болып, Европа және орыс әдебиетінде қалыптасады.

Қоғамдағы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, бірде күшейіп, бірде жоғалып отырады. Оны пайдаланушылардың да көзқарастары әр түрлі болады. Өмірдің шындығын шығармада ашып жазудың қажеті жоқ, оқыған адам қалай қабылдаса солай болуы керек дегендер, сөз сиқыры арқылы айтпақ образды ойларын оқырман санасына сендіру арқылы жеткізіп, қайғыртып, қуантып, түрлі көңіл күйге бөлеуі керек деушілер де табылды. Сиволизмге: «Оқырман мен суреткерді жақын табыстыратын тәсіл», – деп А. Толстой жоғары баға береді.

Символизм күш ала келе әдеби стиль ғана емес, қоғамда өзгерістер жасайтын саяси қару, экономикасы тұралап жатқан елдердің, ішкі ынтымағын ыдыратып, төңкеріліс жасап, басып алу мақсатындағы соғыс тәсіліне де айналады. Ол мақсаттарды іске асыру үшін мағынасыз қимыл мен жекелеген сөздерді пайдалану арқылы санаға әсер етіп, адамдардың ашу-ызасын қоздырып, қытығына тиген. Сондай-ақ символизм – қоғамдық басқару жүйесіндегі кемшіліктер мен көзқарасы келіспегендерді қоғамнан аластаудағы, қоғамдық бәсекелестік күшейгенде, тәртіп сақшыларының қолданған қаруы да болған. Бұдан символизмнің үлкен күрделі процестерді бастан кешіп, дамып келе жатқандығы, оның өміршеңдігі ғана емес, тағдырының да көп жағдайда қоғамдық билікпен тікелей байланысты болғандығына дәлел. Себебі ашық айтылған ой бақылауға алынып қудаланса, баспасөзде жазылған пікірлерді цензура жібермеді. Осыдан келіп мағынасы сырғымалы, ойы екі ұшты, тұманды тұйыққа тірейтін, абстрактылы, философиялық шығармалар пайда болды. Ол бастапқыда поэзияда көрініс берсе, кейін прозаға ауысты.

Мағжан – Батыс әдебиетінде XIX ғасырда, орыс әдебиетінде XX ғасырдың басынан гүлдене бастаған символизмді, қазақ әдебиетінің топырағында түрлендірген ақын. Бейнешілдікті халықтың әлеуметтік тұрмысымен байланыстырған қазақ әдебиетіндегі символизм мектебінің іргетасын қалады. Ұлттың ұйықтап қалған сезімін ояту үшін жазылған өлеңдерінде қатаң дауысты дыбыстарды іріктеп пайдаланды. Оған «Түркістан» және «Қазақ тілі» өлеңдерін мысал етуге болады. Онда буындарды үндестіру арқылы азамат соғысының салдарынан әлсіреп, иықтары түсіп кеткен этностың намысын оятып, мақтанышын қоздырып, жанына жігер, бойына ерік пен күш дарытып, ұлттық рухын оятып жігерлендіруге әрекет жасағаны өте сәтті шыққан. Осы өлеңдегі сөздердің сиқырлы күші оқырмандарының бойына қуат беріп, делебесін қоздырып, көкірегінде ыстық қанын ойнатып, ұлттық рухын динамикалық қозғалысқа келтіреді. Мағжан оны ашаршылық пен азамат соғысының қасіретіне ұшыраған қазақтың сезімін сергітіп, намысын оятып, бойына қуат, ойына от беріп, жасыған жанын жадырату үшін пайдаланған. «От» өлеңінде қанында оттай ойнаған қуатты екпін мен жігерлі сөз нөсерінен отты құйын ойнатады. Сол арқылы, халықтың белсенділігін арттырып, жігерлендіріп, бойына күш-қуат құюға ұмтылады. Олардың өліп жатқан санасындағы қорқынышты отпен аластап қуалап, қатердің алдына тосқауыл ретінде алып

шықпақшы болады. Өлеңнен оттай қуатты сөз нөсері мен өршіл екпін байқалатыны содан. Үнді, ұяң дыбыстарды пайдалану арқылы, жігіт пен қыздың бір-біріне деген ішкі құштарлық сезімдерін өлең шумақтарындағы үзіліп бара жатқан дыбыстардың нәзік жаңғырығы арқылы образдауы – «Шолпы» өлеңінде. Адам тағдырындағы өзгерістер «Толқын» өлеңінде толқындардың бірін-бірі жуып кетіп жатқан қозғалысы арқылы бейнеленген.

Қазақ символизмінің кульминациялық апогейі (шарықтау шегі) Мағжанның отты жырлары болып табылады. Мағжан тызетпе сезімнің емес, бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны. Бұл тұрғыдан Мағжан өлеңдері де сол жүйенің кірпіші болып қаланады. Мағжан лирикасының жұлын-жотасына айналады. Сондықтан ол ұлт апатын елден ерек бұрын сезіп, өз бояуында бейнелеп беруге мүмкіндік алды. Ақиқатты ол өз уысына шеңгелдеп қан ұстап тұрып айтудан еш тайсалмайды.Сөйтіп, ақын уақыттың үніне, өзіне айналды. Сондықтан Абайдың «улы сия, долы қол» Мағжанда мүлде басқа рең алады. Ақынның жан-тән күйзелісі лирика шеңберін үзіп, ұлы трагедияға ұласқандай. Мағжанның жан түкпіріндегі жүрек сөзі боямасыз ақтық сөзі болып ақтарылады.

Мағжан поэзиясында «бала» символының қолданылу жиілігі еріксіз назар аудартады. «Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған, Жан сусынын көз жасымен қандырған» немесе «Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсымды, Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған» деп келетін жолдарда ақынның «Жұмбақ» өлеңіндегі астарлы ойдың бір ұшығы жатқан тәрізді. Тұтас символға құрылған «жұмбақ» өлеңдегі «Дала – жұмбақ, Бала – жұмбақ, Шешусіз» деген астарлы ойдың негізінде жаңа заманға тап келген «дала» бейнесіндегі қазақ пен «бала» бейнесі арқылы саяси ой берілген деуге негіз бар.

«Өмір – дала, Ақын – бала қаңғырған» деп жырлаған Мағжанның әйгілі өлеңіндегі «бала» образы-ақын болмысының символы. «Ақын – бала» бейнесі бір-бірімен тектес, болмысы жақын, егіз ұғым. «Бала» – ақыл мен сезім күресінің бейнесі.

Символдың көркемдік мәні, символдық поэзия мен оқырман арақатысынан туатын әсер табиғаты жайлы пікірлерден символизмнің шығыстың сопылық дүниетанымымен үндестігін сезінгендей болдық. Мағжан поэзиясындағы кейбір символдардың мәні сопылық поэзиямен байланыс тұрғысынан зерттелгенде ашыла түсетін секілді. Жас ғалым А. Әбдірәсілқызы «Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі» атты монографиясында пернелеу (символ) сопылық поэзияның ең айшықты көркемдік құралдарының

бірі екендігіне тоқтала келіп, «...«көңіл адамы» саналған сопы ақынның ең басты мақсаты – «жүректі қозғау, жүрек сезіміне әсер ету болып табылатындықтан, хикметте баяндалатын ой мен оқиға аста-төк сезімдермен астасып отырады. Қарапайым тіркестердің өзінде тұнып тұрған эмоция аңғарылады» [5] дейді. Сопылық поэзияға тән символдардың Мағжан поэзиясында көрініс беруі тек қана тәжірибелік ізденістің көрінісі емес екендігі даусыз. Керісінше, әуел бастан қанға сіңген ұлттық, әрі шығыстық поэзияның бұл асыл сипаты Мағжан поэзиясында жаңғырып, жаңаша мазмұнға ие болды. Мағжан символизмінің даралық сипаты да осы тұстан зерделей түскенде барынша ашыла түспек Мағжан символизмінде ұлттық, батыстық-шығыстық символдың ақын жүрегінен қорытылып шыққан синтезі мен ешкімге ұқсамайтын даралығы бар.

Сондай-ақ Мағжан поэзиясы елді сүюге, өз Отанының тарихымен мақтануға үйретеді. Мағжанды ақын еткен қасиетті шындық пен жанды-жансызға деген айрықша махаббатты сездіретін жүрек еді. Расында, Мағжан – бауыры кең тұлпардай көсілетін арналы жүйеліліктің ақыны, эстетика – философиялық тұжырымдамасы қалыптасқан ақын, қара өлең құдіретін биік деңгейге көтерген ақын. Абайдың шексіз шеберлігінің кілтін іздеуден жалықпаған ақын.

Мағжан символизмі қазақ әдебиетін Абайдан соң тағы бір белеске көтергені дау туғызбайтын ақиқат. Абай көп қолданған «жүрек» символымен табиғи байланыстағы «жан» ұғымының заман шындығын, Мағжан поэзиясының астарлы мәнін ашар көркемдік қызметі бар.

Символизм ұғымын орыс әдебиетінен (А. Блок, В. Бальмонт шығармашылығынан) сусындап, қазақ әдебиетіне енгізген романтик ақын ақиқат пен шынайы өмір суреттерін жырлап, өлеңдеріне жаңа түр беріп, жүрек түбінен шыққан жан сырын, жан азабы мен жан тебіренісін суреттеген. Ақын өлеңдеріндегі «Арыстан» қуаттылық пен күш – қайраттың символы ретінде

«Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Алаштың арыстаны – Абылай ері... («Түркістан»)

Арыстандай айбатты – («Мен жастарға сенемін») – өлеңдерінде қолданылады.

Мағжан қазақ поэзиясының саздылығын, әуезділігін арттырған, соған көңіл бөле отырып, арғысы француз, бергісі орыс символистерінің өлеңдерінен дәстүр тапқан ақын. Европа ақындарының шығармашылығындағы мөлдір бұлақтан сусындай

отырып, оны қазақ поэзиясының сұлулығымен үндестіре білген ақын. Мағжан қазақ поэзиясының жарық жұлдызы – ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанымен, өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп іздеген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары, ақын көңіл күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Атап айтсақ, ақын қолданған «тұлпар» символы сарқылмас күш – қуатқа ие жастардың бейнесін береді.

Мағжанның оптимистігін оның қолданған символдарының тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік рімңздерінен көрініс табуымен дәлелдеуге болады. Елдіктің белгісі – Елтаңбадағы ең маңызды әрі басты деталь – бұл тұлпар, жай жылқы емес, қос қанатты пырақ. Көшпенді философиясында үлкен мәнге ие бұл мифологиялық бейне символикалық жүк арқалап тұр.

Елтаңба композициясындағы тұлпар – ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі. Фольклористикада «қасарыса біткен қос мүйіз» деп сипатталатын пырақтағы ай мүйіз – ерліктің, қайсарлықтың белгісі еді. Мүйіз – киелілік. Ел мұрасында «Ескендірдің мүйізі», «Өтеген батырдың қос мүйізі» деген тіркестердің бар екенін білеміз. Мүйіз – қазақ халқының жауынгерлік рухын, қайсарлық қуатын, қайратты қабілетін айқындап тұр. М. Жұмабаев та «Ескендірдің екі мүйізі» өлеңінде сол ел аузындағы танымды негізге алған.

Жылқы – қазақтың егізі. Ал қанат – бұл жаңашылдық та емес. «Ер қанаты – ат» демеп пе еді атам қазақ?! Қанат – бұл жебеуші, құтқарушы, сиқырлы күш.

Халық мұрасында қанаты бар тұлпар бұл – арғымақтың мистикасын айқындай түсетін элемент, оның ерекшелігін, қандай да бір тылсым күшке ие екенін білдіретін деталь. Ал Елтаңбадағы қанатты арғымақ биікке ұмтылу, дамудың төменгі сатысынан жоғарғысына дейін көтерілу – әлемдік өркениетке жетуді білдіріп тұр. Асқақтық, самғау, биік мақсаттарға жету біздің халықтың жаңа заманда игерген жаңа танымы. Қанаттың өзі алтын түстес болуы – молшылықты білдіреді. Аңызға айналған ай мүйізді тұлпар – қазақтың киесі.

ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының ең басты жүгін көтеріп, оған негіз болып тұрған – шаңырақ. Ол – елтаңбаның жүрегі.

Шаңырақ – «Отан – от басынан басталады» деген киелі ұғымға ие. Шаңырақ бейнесі – бүкіл қазақ елі үшін тіршіліктің, шексіз өмірдің нышаны.

Елтаңбаның маңдайшасына бес бұрышты жұлдыз салынған. «Жұлдыз» сөзін ақын бағалы, болашақ күндердің еншісіндегі құндылық ретінде жырға қосқан:

Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.
(«Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін»).

Өлеңде қымбат адам да, асыл мұраттар да жұлдыз символына айналған. Жұлдыз қазақы дүниетанымда адам жанының көктегі көрінісі ретінде танылады да, «Жұлдызым жоғары» деп сыйынады. Бұл санадағы тәңіршілдіктің бір белгісі деуге де болады. Әр адамның өміріне байлаулы өз жұлдызы болады. Осындай жұлдыз мемлекетке де қажет. Біз де өз мемлекетіміздің жұлдызы жарық әрі биік болып, Қазақ Елінің әрбір азаматы сол жұлдыздың салған жолына сеніп, қиын уақытта оны бағдарға алып әрқашан жаңа жолға, болашаққа жетелейтініне сенім артуымыз қажет. Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі «күн», «барыс», «тұлпар», «қыран», «жұлдыз» т.б. символдардың тәуелсіз Қазақ Елінің мемлекеттік рәміздері мен ел болашағын айқындайтын мемлекеттік маңызды бағдарламалардың нышанына айналуы оның ұлттық дүниетанымы мен көрегендігін, философиялық ой тереңдігімен қоса, елінің жарқын болашағына сенген оптимистік рухын да айқындап тұр. Олай болса, Мағжан поэзиясы елімнің ертеңіне баруға лайықты қазынамыздың бірі деп айтуға толық негіз бар. Біздер үшін Мағжантану мәңгіге жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ю.М. Лотман. Структура художественного текста. М, «Искусство», 1975, 45-б.

2 З. Қабдолов. Сөз өнері. II томдық таңдамалы шығ. жин., 2-том. А., 1983, 244 –б.

3 З. Ахметов. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1993, 29-б

4 М. Жұмабаев. Шығармалары(өлеңдер, поэмалар, қара сөздер) А., «Жазушы», 1989, 56-б.

5 М.Әбдірәсілқызы «Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі», - автореферат- 239 б.

6 Қанарбаева Б. Мағжан символист: Зерттеу.- Алматы: Экономика, 2007.- 288 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БЕЙВЕРБАЛДЫ СИНОНИМДЕР

ХАСЕНОВА Ә.
7 сынып оқушысы, № 23 ЖОББМ, Екібастұз қ.
ТЕМІРХАНОВА А.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 23 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Адамның қарым – қатынас кезіндегі мәртебесі мен қатысы, оған тән сан алуан эмоциялық күйлерінің көрсеткіші және оны жеткізуде таптырмайтын құрал – тілдік емес бейвербалды амалдар.

Қарым – қатынастың вербалды түрі қаншалықты әмбебап болғанымен, оның мағынасы сөзден тыс бейвербалды (ым, ишара, денекалыбы, адамдардың кеңістікте орналасуы т.б.) құралдармен толықтырғанда ғана ашылады.

Бейвербалды құралдар әр түрлі таңбалар жүйесінің жиынтығы болып табылады. Тілші Б. Ю. Норманның пікірінше: «Таңба дегеніміз – ақпаратты жеткізу немесе оның көмегімен бір-бірімізбен ақпарат алмасу үшін қолданылатын материалды нысан» [1, 10 б.] делінсе, «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы» атты жинақта «Таңба – басқа заттың, қасиеттің немесе қатынастың объективті сыңары ретінде көрініс табатын және хабарды (ақпаратты, білімді) игеру, сақтау, қайта өңдеу және жеткізу үшін пайдаланылатын материалдық зат (құбылыс, оқиға)» [2, 5-6 б б.], – деген тұжырымдама жасалған. Аталған жинақта ғалымдар таңбалық жүйелерді жан – жақты зерттеп, оның басты бес түрін анықтаған. Олар: табиғи, қызметтік, конвенциялық (келісімді), вербалды және жазу жүйелері. Бейвербалды амалдар таңбалық жүйелердің ішіндегі конвенциялық түріне жатады.

Соңғы кездері бейвербалды амалдардың аталуы мен топтастырылуы бойынша екі бағытта зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Біріншісі паралингвистикалық бағыт, екіншісі – бейвербалды семиотикалық бағыт. Паралингвистикалық көзқарастағы ғалымдар қатарына Г. В. Колшанский, З. З. Чанышева, И. Н. Гореловтарды атасақ, соңғысына Дж. Трейгер, Г. Е. Крейдлин, Т. М. Николаева, Б. Момынаова, С. Бейсембаеваларды жатқызуға болады.

Бүгінгі күні бейвербалды амалдар семиотикалық таңбалардың бірі ретінде қарастырылып, ғылыми жаңа атауға ие болып, бейвербалды семиотика ғылымы болып қалыптасты.

Табиғаты жағынан таңбалық болса да, тілдік қатынаспен ұласатын, сондай-ақ жағдаятқа қарай әрекет пен коммуниканттардың

айналасындағы көздеріне көрінетін жағдайлар бейвербалды амалдар болып табылмақ.

Х ғасырда бейвербалды қатынас құралдары жайында алғаш зерттеу жасаған шығыстың ұлы ойшылы әл-Фараби өзінің «Риторика» атты ғылыми трактатында: «Әңгіме айтатын адамның бет әлпетінің кейпі, оның денесінің тұрақты мен мүшелерінің қалпы сол адамның қылығы болып табылады. Мәселен, осы жағдай тыңдаушыға төніп келе жатқан үрейлі оқиға туралы хабарлаған кезде болады. Бұл сәтте оның бет әлпетінен зәресі ұшу, қорқыныш нышаны аңғарылуға тиіс, немесе ол әлдебір затқа қимыл – қозғалыс арқылы нұсқап, не арттырады...» [3, 70-71 б.], – дей келе, қарым – қатынасқа түскенде адамға тән мінез – құлықтың қаншалықты маңызды екендігін көрсеткен.

XI ғасыр ғұламасы М. Қашқаридың «Түркі сөздерінің жинағында»: «...Кісі ымдалды: кісіге көзбен немесе басқа мүшелердің көмегімен ишара жасалды» немесе ...белгі, ым, нышан... Ілмелді, ымдалды... – Кісі ымдалды. Кісіге көзбен не басқа мүшелердің көмегімен ишара жасалды» [4, 394 б.], – деген жолдарды кездестіреміз. Сөздікте әдеп, моральды – психологиялық сипаттағы әртүрлі ойлар, адамның жағымды, жағымсыз қасиеттері айтылып, дәріптелген. Демек, М. Қашқаридың «ым» мен «ишара» ұғымдарының негізін қалаған ойшыл деп тұжырымдауға болады.

Қазақ тіл білімінде бейвербалды қатынас құралдарына зерттеу жасап, алғашқы ұғымдарды қалыптастыруда Ж. Аймауытовтың «Психология» атты оқулығында қазақ тілінде мимикаға «беттің ымы», «келбет ілімі» деген атау беріп, оны былайша түсіндіреді: «Кісінің қылығын қимылына қарап сыйлаймыз, көзге өте көп көрінетін беттікі» [5, 447 б.].

Қазақ тіл білімінде бейвербалды амалдардың маңыздылығы туралы толыққанды мағлұматтарды XX ғасырдың 30 жылдары айтылған профессор Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектерінен кездестіруге болады. Қ.Жұбанов: «Ым тілі дегеніміз не, ол адамзат өмірінде қандай қызмет атқарады және оның танымдық әрекет ретіндегі өзгешелігін қалай сипаттауға болады», – деген мәселелерді зерттеуге ден қойды.

Қазақтың көрнекті психологі және педагогі, профессор Т. Тәжібаевтың бейвербалды амалдарды саралауға үлесі зор. 1952 жылы шыққан «Абайдың психологиялық көзқарастары» атты мақаласында Абай өлеңдерінен эмоциялық көңіл-күй жағдайында адамның бет-әлпетінен байқалатын қимылдар мен оның өзгерістерге

көп көңіл бөлгенін байқауға болады және Абай өлеңдері арқылы қуаныш, күлкі, қайғы, ұят т.б. сияқты эмоциялық сезімдерге сараптама жасаған.

Тілші – ғалымдар Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев: «Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншылықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептейді. Адамның ойлаған ойын, көңіл күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді» [6, 111 б.], – дей келе синонимдерді қолданудың негізгі тәсілдерін көрсетеді. Осы тәсілдерді негізге ала отырып, бейвербалды синонимдердің мәнмәтіндегі қолданысы төмендегідей анықталды:

1 Алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған мәтінде бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін қолданылады. Мысалы: Ол басын тұқыртқан күйде *өңі бұзылып, сұрланып* өне – бойы дір-дір етіп, менің білегімнен тастай қып ұстап алды да, мелшиіп отырды да қойды (С. Мұратбеков); Оның ұялғанда құлағына дейін *қызарып кететін* әдеті еді, – қазір құлағы түгіл бүтін мойнына дейін *қара күрең тартып кетті* (Х. Есенжанов).

2 Белгілі бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттап көрсету үшін синонимдер бір-біріне қарсы қойылып та, салыстырылып та, ыңғайластырылып та кете береді. Мысалы: Ақтамақ *жымиса,* ол *ыржияды,* Ақтамақ *мырс етсе,* ол *қарқылдап күледі* (Ғ. Мұстафин); Божқара *мырс* етті де: «Сен даланың бөрісісің, мен адамның арланымын. Байқа!» – деді *кеңк-кеңк күліп* (Ш. Күмісбайұлы).

3 Белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету мақсатымен, бірнеше синоним қатарма-қатар қолданылады. Мысалы: – Сенікі ме... – Әжібек *қақырынып ап,* асыққа *түкірді* де: – Мә, асығың,- деп Сәметке қайтып берді (С. Мұратбеков); Тек Меңтай ғана сыр бермеуге тырысып, ернін тістеп, бір *қызарып, бір бозарып,* қолын ұшын ғана берді де, үнсіз қалды (Ә. Нұршайықов); *Жымыңдап, жылмиып, маймаңдап* басып, бізге қарай ұмтылды (Ә. Нұршайықов).

4 Синонимдердің жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданылатыны сияқты, қосарлап та пайдаланылады. Мысалы: – А, ну,шаңдатпаңдар! – деді ақырып. Көзін *алақ-жұлақ, еткізіп алартып-алартып қойды,* иығына асынған мылтығын жөндеді, қынай буынған әдемі жалпақ белдігін дұрыстап, жейдесінің етегін кейін қарай ысырып сәнденді де, онан соң жолдың тақ-тақтау жиегімен әскери тәртіпте екі қолын сермеп тастап, сарт-сұрт

адымдап жүріп кетті (С. Мұратбеков); Зибаш шашын жайып жіберіп, көл-көсір жылап, Эмманы *қарғап-сілеп* қала берді (С. Мұратбеков).

5 Мағыналас екі сөз қатар келіп, алдыңғысы соңғысын анықтап, мағынасын күшейту үшін қолданылады. Мұндай сөз қолданылысын тіл білімінде *плеоназм* немесе *плеонастикалық сөз тіркесі* деп атайды. Мысалы: Хан ием, – деді ол *басын иіп, дүзесін бүгіп* (І. Есенберлин); Базаралы орнынан тұрғанда, оны кезек-кезек *құшақтап, төс соғыстырып* амандасып жатқандар: Көкбай, Шұбар, Ақылбай, Мағаш, Ербол сияқты кісілер болатын (М. Әуезов).

6 Синонимдер жеке сөздер ғана емес, фразалық тіркестерде де жиі ұшырасады. Мысалы: Осы қыз аспаннан түсті ме, жерден шықты ма дегендей, Қанат *біресе жоғары, біресе төмен қарап, желкесін қасыды (*М. Ғұмар); «Егер ұлының тұтқында отырғанын білсе, қандай күн кешеді екен?» деп, келіні жүрегі сыздаған қалпы *ерсілі-қарсылы ас бөлмеде айналшықтады* да қалды. Біресе *кесені қолына алады, қайта орнына қояды. Біресе түрегеледі, біресе отырады (*Ә. Ыбырайымұлы).

7 Синонимдер жеке сөз бен жеке сөз,қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, бір-бірімен араласқан күйінде де жұмсалады. Мысалы: ...Мені өлтіру өз еркіңде, қазір өлтірсең – өзіңнің басыңа қауіп, өлтімесең – артыңдағы ұрпағыңа қауіп, – деді де, одан әрі *ызыға булығып, шашалып ештеңе айта алмады* (Ә. Кекілбаев*); - Өңі түтігіп, ашудан тұла – бойы дірілдеді* (Ә. Ыбырайымұлы).

8 Синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі – парафраза. Бұл сөздің мәнісі – жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру. Мысалы:

– Пішту, сіз бе сол да! – деп Жақан сирек *тістерінің арасынан шырт еткізіп қойды* (С. Мұратбеков); Меңтай кеудесін көтеріп отырды да, Майра жаққа қарап, маған *екі саусағын көрсетіп, зерніне басты.* Онысы «Ақырын, Майра оянып кетеді» дегені деп ұқтым (Ә. Нұршайықов). Келтірілген мысалдардағы *түкірді* деудің орнына *тістерінің арасынан шырт еткізіп қойды, тыныш* тіркесінің орнына *екі саусағын көрсетіп, реніне басты* деп қолдануы тілдік тіркестердің орнына оның түсінігін бейвербалды кинемалар арқылы сипатталып тұрғанын байқаймыз.

Бейвербалды синонимдер қосымша эмоционалды – экспрессивтік мәнді білдіру үшін, бір ишаратты ретсіз қайталамау үшіп қолданылып, мәнмәтіндегі ойды күшейтіп не бәсеңдетіп, сөз оралымын арттыратын амалдар деуге болады.

Қорытындылай келе, бейвербалды амалдар да синонимдік қатар түзуге қабілетті. Демек, бейвербалды синонимдер мәнмәтінде эмоционалды-экспрессивтік мәнді үстемелеп, сөздерді ретсіз қайталамау үшін қолданылып, тілді нақтылап, мәнерлілігін арттыруда үлесі зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық/Құрас. С.Абақан, А.Салқынбай. Тіл мен мәдениет сериясы.-Алматы:Жазушы,2005 – 6 т.-568 б.

2 Психология. Адамзат ақыл ойының қазынасы. 10 томдық:Қазақтың психологиялық ой – пікірлері. – Алматы: Таймас, 2006. – 10 т. – 480 б.

3 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.

4 Аханов Қ. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. – Алматы: Санат, 1993 – 496 б.

5 Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер мен бағалауыштық лексиканың рөлі// Тілтаным. – 2003.-№1-14-20 бб.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКА

ЧАЙЗАТОВА П. Ж.
9 сынып оқушысы, Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназия-интернаты, Павлодар қ.

Әдебиеттану ғылымында азаматтық лирика мәселесі ертеден қозғалып келе жатқаны мәлім. Әдебиеттегі азаматтық лирика мәселесі туралы көптеген зерттеу еңбектері бар. «Жалпы, қай дәуір ақындарын алсақ та, негізінен өлеңіне өміршең қуат, сөнбес от беріп тұратын тағы да осы азаматтық әуен, ақынның дүниетанымдық позициясы. Оларды ғасырлар қойнауларынан табыстырып, жалғастырып жататын дәстүр өзектері де сол төңіректен туындайды» [1, 143 б.].

Азаматтық үн бірлігі ақынның даралығына нұқсан келтірмейді. Азаматтық жырлар саяси тақырыпқа да, махаббат, табиғат тақырыбына да жазылатынын көріп жүрміз. Бұл күмәнсіз. Кей-кейде айтылып жүретін азаматтық әуенге тек күн талабына, болмаса, саяси тақырыпқа публицистикалық леппен жазылып жүрген жырларды

еншілеп айдар тағып қоятынымыз өрескел. Тіпті, әрі-беріден соң, азаматтық әуен мен публицистикалық өлең дегендердің теориялық, түрлік ұғымдары, сипаттары екі басқа.

Азаматтық лирикаға ғалым З. Ахметов былайша анықтама береді: «Азаматтық лирика – лирикалық поэзияның әлеуметтік мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Өмір жөнінде, халықтың тағдыры туралы ой-толғамдар ақынның өз көңіл-күйімен терең ұштасып, өзінің өмірге қатынасын суреттеу арқылы көрінеді. Адамның белгілі бір дәуірге байланысты ой-арманын, мақсатын жырлайды, жалпы әлеуметтік мәселелерді толғайды. Сондықтан азаматтық лириканы кейде саяси-әлеуметтік лирикаға қосады. Әлеуметтік тақырып, саяси сарындар, әрине лириканың барлық түрінде кездеседі. Халық қамын, оның қоғамдық халін шығармасына арқау еткен әрбір ақын лирикасында азаматтық сарын басым болмақ. Тақырыпты көтеру арқылы ақын заман сырын ашады. Әсіресе оның қайшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, алға, болашаққа жол сілтегендей ой қозғайды» [2, 32 б.].

Қазақ әдебиетінде ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлы шығармалары хақында жазылған еңбектер баршылық. Дегенмен ақын шығармаларындағы азаматтық лирика арнайы қарастырылған жоқ. Міне, біздің осы мақаламызда ақын шығармаларының азаматтық үні, ұлттық болмысы, өз заманының өрелі де келелі мәселелерін көтерген шығармашылығы қарастырылмақ.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жаңа жанрларда ізденістер жасаған ол туған халқын отаршылдық пен ұлттық езгінің екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылды. Қоғамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау еткен ақын көп жабының бірі болып қалмай, от боп жанды, құйрықты жұлдыздай ағып өтті. Рахманқұл Бердібайша айтсақ: «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі ең биік асқары. Ол қазақ өмірінің шындығын жырлаған нағыз ұлттық ақынымыз еді. Өзімен тұстас ақынның ешқайсысы да дәл Сұлтанмахмұт Торайғырұлындай поэзиясын жалпыхалықтық дәрежеге көтере алған жоқ. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы – өз заманының рухын мейлінше кең көрсете білген классик ақын.» [3, 94 б.].

С. Торайғыровтың шығармашылық мұрасын әдеби тұрғыдан зерттеу XX ғасырдың 30-жылдарынан басталды. Сұлтанмахмұт

Торайғырұлы жайлы алғашқы мақалалардың авторлары І. Жансүгіров, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, А. Адалис, И. Маслова, Қ. Дәукенов, С. Айтмұқанов және т.б. болды.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармаларының тілін алғаш сөз еткен профессор Б. Кенжебаев еді. Ол қазақ халқының XX ғасыр басындағы бұқарашыл ақын – жазушылары туралы зерттеуінде Сұлтанмахмұт поэтикасы жайында талдау жасап көрді. Онда көбінесе ақын қолданған мақал-мәтелдермен шектелді. Бірлі-жарым рет өзге тілдерден енген сөздерге назар аударды. Сөйтіп, күрделі теориялық талдау жасалмады. Дәлірек айтсақ, «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы өзінің шығармаларында қазақ тілінің негізгі сөздік қорын қабілеті жеткенше көп, дұрыс, шебер пайдаланған. Соның негізінде өзі бірсыпыра сөздер, сөйлемдер, идиома, синоним, омоним, метафора сөздер, сөйлемдер жасаған», – деп жазды /Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – А. 1958. 175-бет/.

Кенжебаевтан кейінгі Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармаларының тіліне тоқталған әдебиетші – Ы. Дүйсенбаев. Ол шығармашылығын түр /жанр/, тақырып жағынан зерттей отырып, көркемдік ерекшеліктерінің ішінде ақын тіліне тоқтай кетеді. Бірақ бұл ғалым да толық қисындық түрде емес, сөз арасында қысқаша, шола талдау жасаған. Бұл еңбек 1965 жылғы «Қазақ әдебиеті тарихының» II томының екінші кітабында басылған.

Ы. Дүйсенбаев Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармаларының көркемдігін сөз ете отырып, тілінің жалпыға түсінікті, таза, қарапайым, жатық, бейнелі, көркем, өткір, уытты, жалынды шешен екендігін айтады. Кейде құлаққа ерсілеу естілетін сөздер де кездесіп қалатындығын, бірақ оны мінге санамайтынын айтады. Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармаларында араб, парсы, орыс, татар сөздерінің мол ұшырасатынына көңіл аударды. Б. Кенжебаев сияқты, бұл зерттеуші де мақал-мәтел, нақыл сөздерді көп қолданғанын айтып өтеді.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлының поэзиясының көркем тілдік тұрғыда зерттелуінің қысқаша жайы осындай. Қарап отырсақ, ақын шығармаларының тілі не толық әдеби-теориялық талдау, зерттеу осы күнге дейін болашақ күннің міндеті болып қала беріпті. Ал жоғарыда аталған ғалымдар еңбектері бүгінгі күн талабына жауап бере бермейді.Біз жоғарыда 50-60 жылдар аралығында жасалған зерттеулерге тоқталдық. Сұлтанмахмұт Торайғырұлын зерттеу тоқтаған емес. Бұл игі жұмыс қазірде де жүріп жатыр. Мысалы,

А. Еспембетовтың «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы» деген 1992 жылғы монографиясы соңғы зерттеулер ішіндегі көлемдісі болды.

Монография бес тараудан тұрады. Оның «Өлең – сөздің патшасы» деген екінші тарауында Сұлтанмахмұт Торайғырұлының ақындық дәстүрі, өлеңдерінің мұраты, шығармаларының текстемесі жайлы көбірек сөз болып, шығармаларының тілі қағас қалған. Мысалы, автор ақынның астарлауды (символ) көп қолданғанын «Жаңбыр», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген өлеңдері арқылы көрсетеді. «Кеше түндегі түс, бүгінгі іс» өлеңі арқылы кейіптеуге тоқтала кетеді. Ал бұдан басқа бейнелеу құралдарын жай ғана атап өтіп, бірақ мысалдар келтірмеген.

Демек, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы шығармашылығын зерттеу жалғаса бермек, зертеу арқылы біз ақынның XX ғасыр басындағы әдеби тілге қосқан үлесін біле аламыз. Ақынның азаматтық лирика тақырбына жазылған өлеңдерін жеке талдай отырып, тағы бір қырынан танимыз.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлының шығармаларының тақырыбы – өз заманының шынайы көріністері, қазақ халқының сол бір аласапыран кездегі тұрмысы, ой-арманы. Ол өмір шындығын Абай Құнанбайұлының үлгісінде бейнеледі. Сыншыл көзбен қарады. Өйткені өмірді жақсарту мен адамды түзеу, ең алдымен, ондағы кемшіліктерді әшкерелеп, сын тұрғысынан бағалап, одан арылудың жолын іздеуден басталады.

Ақынның шоқтығы биік жырының бірі – «Шығамын тірі болсам адам болып» деп аталады. Бір шумақ келтірелік:

Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам туған айдай балқып туған [4, 14 б.].

XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, қазақ, жеріндегі өзгерістерге өзінің азаматтық, ақындық үнін қосқан талантты қазақ ақындарының бірі – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы болды. Ақын өмір сүрген тарихи кезең патшалық Ресей жеріндегі алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті де Сұлтанмахмұт Торайғырұлының ойсанасы ерте оянды. Жасынан жетімдік пен жоқшылықтың қиындығын көп көрген ол айналасына сергек қарады. Алдына биік-биік мақсаттар қойды. Соған жетуді ойлады. Ілгері ұмтылды. Оқуға, білуге құштар болды. Мақсатын, жүрек қалауын қашанда ашық айтты:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын, не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ бір табамын деп көңілім сонда, – деп өзі айтқандай, ақынның барлық саналы өмірі шындыққа, әділетті заманына жетсем, жақсылықты көрсем, халқыма осы жолда қызмет етсем деген ізгі арманның жетегінде өтті. Сол жолда өзінің қиналатынын, шаршайтынын, адасатынын сезсе де, қайраткер ақын оның бәріне көнуге өзіне-өзі серт береді. Ойымызды Жүсіпбек Аймауытов сөзімен толықтырар болсақ: «Сұлтанмахмұт Торайғырұлы жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай, мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай, қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай, от-жалындай лаулаған болат қайрат, құрыш ердің, кекті жүректің ақыны еді.» –дейді жазушы.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы өзінің шығармаларынан кедей тақырыбына, қазақ халқының өміріне мол орын берген. Ол – кедей тақырыбына ең алғаш айрықша тоқталған адам. Ең алғаш кедей бейнесін сомдаушы да – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы.

Жалпы алғанда халықтың бай, кедей болып жіктелуі – тарихи құбылыс. Қазақ әдебиетінің тарихына көз жіберсек, XV ғасырдағы Қазтуған жыраудың жырларында кездеседі:

...Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең....
/Ай, заман-ай, замае-ай...1991. 29-б./

Қазтуғанның заманындағы кедейлер байымен тең болған екен. Мүмкін, байлары қайырымды, кедейлерге қамқор болған шығар.

Қазақ жері Ресейдің қол астына қарап, отарлаудың қамытын киген заманда өмір сүрген Ақтамберді жырау енді жоқшылыққа наразылығын білдіреді:

Жамаулы киім кегенім
Жарлылық, сеннен көремін...
/Сонда, 58-бет/

Сұлтанмахмұт Торайғырұлының лирикалық өлеңдерінің көбінде әлеуметтік теңсіздікті, кедейлер өмірін суреттейді. Әр өлеңде кедей өмірінің бір эпизоды жүреді. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы 1910 жылғы «Байлық» атты өлеңінде:

Байлық-ай, сенің ызаң өтті-ау маған,
Не қылдым өшігерлік, жаным, саған?

Мені көрсең жирендің, теріс қарап,
әкеңнің менде құны бардай жаман.
Кедейлікті жіберіп аяқ, қолды,
Байлаттың ерік бермей көсілетін.
Сен келсең бар қиным шешілетін,

Сен жоқта аяқ-қолым көсілетін, [5, 28 б.] – деп, байлық пен кедейліктің адамзат өміріне тигізер ықпалын айтады. «Сананы тұрмыс билейді» дегендей, байлық пен молшылық барда ешқандай қиындық, кедергі болмас еді дейді. Астарлап айтудың тағы бір түрі тұспалдау /аллегория/. Ақынға бұл да жат болған жоқ. Өйткені тұспалдау арқылы адамдар арасында болатын қарым-қатынастарды, мінез-құлықты, жақсы-жаманды, қаскөйлік пен ізгілікті жан-жануар немесе өсімдіктер іс-әрекеті, қасиеті ретінде көрсетуге мүмкіндік бар.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы тұспалау арқылы көбінесе қазақ қоғамындағы кемшіліктерді сынап, халық санасын оятуда болды. Тек қана бұлай емес, әрине. Кемшілікті бетін аша көрсету - өзгені одан жирендіру. Демек, ақын халқын, жұртын жаманаттан қорғай отырып, жақсылық жолына қарай бағыттады. Ықпал етті. Сөз жоқ, ол кезде ақынның ойлағандары бола да берген жоқ. Ондай жағдайда ақын өкпе, реніш те білдірді. Оның кейіпкерлеріне ауыр тиетін сын-сықақ шумақтары осылай туған.

«Бір адамға» өлеңінде (1914) байлығына, халық қолындағы қазынаны жинап алғандығына асып-тасыған, сол үшін отаршыл өкімет алдында қадірлі болған ақсақалды сынайды. Оны мақтағандай бола отырып, қолындағысының бәрі зорлықпен, күш көрсетумен келген дүниелер деп бетіне басады. Ақсақал сандығынан шығып жатқан алтын-күміс, жалт-жұлт еткен ыдыс, саудыраған шең, сусылдаған шекпен, дұрысын айтса, халықтікі, бейшараның дүниесі дейді. Сонымен бірге ақын үй иесі байдың өзіне тікелей айып-күнә тағады.

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз!
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Бұдан артық қандай жазғыру болмақ. «Құтты болсын!» – алғыс емес, қарғыс. Оны үй иесі ақсақал да түсініп отыр. Нағыз жеріне жеткізе кекету деген осы! Ақынның мұндай өлеңдері баршылық. Өйткені өз кезіне ашу-ызалы өткен Сұлтанмахмұт Торайғырұлы әлді-ауқаттыларға айтпақ пікірінің көпшілігі уытты, зілді сөздермен жеткізуге тырысқан .

«Пушкин өзі өлгенен кейін аты өлетін адам емес, мәңгі жасайтын, қоғам санасында үнемі дами беретін адам. Ол жөнінде әр дәуір тағы да жаңа, тағы да орынды пікір тауып айтпақ. Алайда, ешқайсысы үдесіне шықпақ емес...», – дейді В. Г. Белинский.

Данышпан сыншының осы сөзімен айтқанда, С. Торайғырұлы да қазақ халқының санасында мәңгі жасамақ, ол туралы әр дәуір өз сөзін айтса, әрқайсысы жаңалық тауып айтпақ. Мұны ақын қайтыс болғаннан бері өткен уақыт айқын көрсетіп отыр.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы өзінің саналы, саяси, жазушылық өмірін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын, не көрсемде осы жолда
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда,-деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді: жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, өз халқына өнер, білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы өнер, ғылым, техникаға, мәдениетке қарсы емес, өнер ғылымның, техниканың, мәдениет жемістерінің капитализм тұсында адам баласы көпшілігін қанауды күшейтуге, адам баласын қыруға, сөйтіп оны бақытсыз етуге жұмсалуына қарсы.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы халықты, жастарды, дүниелік оқуға, өнер, кәсіп үйренуге, мәдениетке жетілдіруге, өркениетті елдерден үлгі алуға, сөйтіп, ілгері өркендеуге, басқалармен теңелуге шақырды.

Ұмтыл, ілгері аяқ басқан қандай,
Фән оқып, тараққиға асқан қандай!...
Қарасақ басқалардың жастарына,
Өнер, ғылым, толып тұр бастарында.
Өзіне от, жел, суды, жалын қылып,
Алланың сайран етер аспанында!...

Бізде солардай болайық, жабыла ғылым үйренейік; елді ілгері бастыруға, басқалармен теңелдіруге қызмет етейік дегенді айтады. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы «Оқудағы мақсат не?» деген өлеңінде оқудағы мақсат:

Өнер, білім алуға
Алға қарай баруға,
Намыстанып, қорланып,
Құқықтан мақрұм қалмауға,
Милләт көзін ашуға.

Терістіктен қашуға,
Отанымызды сақтауға,
Ақиқатты жақтауға.
Бізде басты көтерсекс

Қалай бермей таптауда,-дейді. Осы сияқты, шығармашылығының көпшілігі қазақ халқын ояту, өнер, ғылым, мәдениетке шақыру, бостандық, теңдік алу үшін ұмтылуға үгіттеу болып келеді.

Сонымен Сұлтанмахмұт Торайғырұлы шығармашылығы несімен бағалы, несімен құнды? Туған халқын надандық құрсауынан құтқаруға ұмтылып,әділет пен шындық жолын шақ ұра іздеген демократтығымен, парасатты патриоттығымен бе? Әрине! Әлеуметтік теңсіздіктің бетпердесін ашып, тұтас бір кезеңнің келбетін жасаған сыншыл реализмді дамытып-орнықтыруымен, азаттық тұғыры биік, белсенділігі жоғары ақындығымен бе? Әлбетте! ...Бүгінгі замандас,болашақ ұрпақ, бүкіл адамзат үшін ше? Меніңше,...адамды Адам болуға үндеген ұлы азаматтық лирикаға толы жырларымен құнды!

1926 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақынын қандай ел қастерлемесін!» – деген екен.

Иә, жас ақын, өр ақын, өжет ақын- Сұлтанмахмұт Торайғырұлын халқы қашанда қадірлеп, шоқтығы биік тұлғалардың қатарында көріп келді. Және солай бола бермек. Азаматтық лирикаға толы құнды жырлары бүгінгі ұрпақтың, келешек буынның мәңгі есінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылық өмірбаяны. –Алматы: Ғылым, 1992

2 Аймауытов Ж. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. / Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том.–Алматы: Ғылым, 1999

3 Кенжебаев Б. Асау жүрек/ құрастырған, алғы сөз жазған Б.Адырбекова. –Алматы, 1995

4 Естеліктер. / Торайғыров С. Шығармаларының үш томдық жинағы. 3- том– Алматы: «Алаш баспасы», 2005

5 С.Торайғырұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. – А. І-том.1993.28-бет

ЕЛДІК ПЕН ЕРКІНДІК ЖАРШЫСЫ, ДУАЛЫ АУЫЗДЫ ДУЛАТ АҚЫН. (ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ 215 ЖЫЛДЫҒЫНА)

ШАКЕНОВА К.
10 «А» сынып оқушысы, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасындағы әлеуметтік және тәрбиелік мәселелерін қозғаған, ұлттық руханиятқа қосқан сындарлы ой-пікірлерінің бүгінгі таңдағы маңыздылығын таныту.

Ақынның шығармаларын зерделей отырып, руханилық ілімінің тұлғаның дамуында алатын орнын пайымдау, ақын философиясын тануға талпыныс жасау.

Егер Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасындағы руханилық ілімін тарихи және ғылыми сабақтастықта қарай отырып, қосқан сындарлы ой-пікірлеріне жан-жақты талдау жасай алсақ, онда ақынның философиясын терең пайымдап, бүгінгі таңдағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты ағартушылық (педагогикалық) ой-пікірлерін жүйелеуге мүмкіндік аламыз.

1 Дулат Бабатайұлының шығармаларындағы зар заманның кезінде болған әлеуметтік теңсіздік мәселесіне көзқарасын анықтау;

2 Ақынның ағартушылық бағыттағы ой-пікірлерін жүйелеу;

Философтардың, педагогтардың еңбектері, Дулат Бабатайұлының шығармашылық еңбектері мен Дулат Бабатайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге арналған әдебиет зерттеушілерінің еңбектері.

Дулат Бабатайұлының еңбектеріне талдау,жинақтау, әдеби-теориялық тұрғыдан талдау жасау. Жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-тарихи тұрғыда талдау жасау, алдағы уақытта ағартушының ұрпақтарымен әңгімелесу, ауызша, жазбаша сұхбат алу.

Ақындар мен ел ауызынан жиыстырған мәліметтер

Дулат ақынның өмірі жайлы мәлімет өте аз. Туған елінің тарихи бір кезеңін өз болмысымен жырлап өткен ақынның шығармашылығы туралы ұсынылып отырған мәліметтер оқырмандардың рухани айнасына айналар деген ойдамын.

Халық ақыны Шәкір Әбеновтің және ел аузынан жиыстырған мәліметтерге қарағанда, ол 1802 жылы Семей облысы, Аягөз ауданында туған, руы Найман, оның ішінде Қаракерей. Дулат жасынан – ақ өнер қуған адам деседі. Шығармаларына қарағанда,

мұсылманша хат білген, түркі таныған, молдалар арқылы сол кездегі қазақ даласына тараған діни көзқарастардың шеңберінде дін туралы да біршама түсінігі бары байқалады.

Дулат жырларының негізгі тақырыптары – әлеуметтік және тәрбиелік мәні зор мәселелер: қазақ халқының бір алуан руларының оңтүстіктен Арқаға қоныс аудару, патша өкіметінің отарлау саясаты, заман ағымы, қазақ даласындағы өз кезіндегі ел басқарудағы, тұрмыс салттарындағы өзгерістер, жастарға тәлім – тәрбие беру мәселелері, т.б. сөз болады.

Шығармашылығындағы бірінші ерекшелігі

Дулаттың өзіне ғана тән ерекшелігі – поэзияда бірінші рет қазақ жұртын тұтас алып қарай отырып, оны езушіге, езілушіге жіктеп, ел басшысынан бұқара халықты айыра бөліп алып сөз етуі.

Екінші ерекшелігі

Осы айыра қарауы Дулатты, екіншіден, патша өкіметінің отыршылдық езгісін қоса сынау дәрежесіне дейін көтере алды. Болмаса отаршылдықтың салқынын Бұқар да көріп, бұл жөнінде ол да сөз айтты. Бірақ ол қазақ хандарына дәл Дулатша көзқараспен қарай алған жоқ.

Үшінші ерекшелігі

Дулатқа тән үшінші ерекшелік – ол сыпыра жамандап, түңілудің ақыны емес әрі көзсіз дақпыртпен мадақтауға да жоқ.

Дулат қазақтың сол кездегі үстем тап өкілдеріне олардың отыршылыққа көзқарасы тұрғысынан келіп баға берді әрі жоғарғы тап өкілдерінің бұқара халықты езушілігін де олардың осы көзқарасы тұрғысынан келіп сынады. Бірақ Кеңесбай бастаған аға сұлтан, төре, билерді, батыралар мен бектерді сынағанда, Дулат сендер халықты жат жұртқа талаттың, жат жұртпен қосыла таладың, ездің деп сынады.

Сол өз кезіндегі қоғамдық ойдың жеткен биігінен келіп, сол кездегі тарихи жағдайдан, тарихи жағдайдың талаптары тұрғысынан топшылай келіп, ел басы, жұрт басы деген Кене ханды, оның әрекетін өз кезінде Дулат қана сөз ете алды. Қоғамдық пікір келесінде, әдебиетте Кене ханды бірінші рет тілге тиек еткен Дулат болды...

Төртінші ерекшелігі

Дулатқа тән төртінші ерекшелік – ол бұқара халықты, езгідегі момын жұртты көріп, солардың мұңын мұңдап, жыртысын жыртты. Жылауды көпшілікті танып, солардың тұрмысын сөз етті.

Міне, осы төрт ерекшелік Дулатты өзіне дейінгі ақындардан өте жоғары биікке көтерді. Басқа емес, дәл осы ірі – ірі төрт тақырып

арқылы қазақ поэзиясы прфессионал әдебиеттерге тән сипатқа ие болды.

Қазақстандағы Дулат Бабатайұлының шығармаларын жаңадан зерттеу

Дулат шығармашылығы еліміз егемендік алғаннан бергі жерде оқу бағдарламаларына енгізіліп, мектеп пен жоғары оқу орындарында кеңінен оқып-үйретіле бастады. 2002 жылы республикалық деңгейде атап өтілген туғанына 200 жыл толу мерейтойы қарсаңында ақын шығармашылығын жаңаша зерттеп, тану, кітаптарын шығару жөнінен бірталай жұмыстар істелді.

Зар заман көріністері

Дулат – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс қалпын өктем зорлықпен бұзған XIX ғасырдың ақыны. Отарлық озбырлықтың күшейгенін халықтың бұрынғы еркін өмірінің еткенін, адамдардың мінез-құлқы мен психологиясында, ойсанасында сахара салты мен түсінігіне жат өзгерістер орын алғанын – бәр-бәрін тумысынан жаны сергек Дулат көзімен көріп, жүрегімен сезініп өсті. Барлық билікті патша қолына алып, қазақтан қойылған билеушілер оның қолшоқпарына, шабарманына айналғаны, ел жайлы қоныс, құнарлы жерлерінен ығыстырылып, бағыныштының кейпіне түскені азамат Дулаттың ойынан шықпайтын қайғы-шері болды. Сахараның ергіндік сүйініш рухы мен даналығын бойына молынан дарытқан, жаратылысынан ерекше дарынды Дулат, міне, осы тарихи жаңа дәуірдің жыршысына, отаршылдықтың айыптаушысына, еркіндік, ынтымақ-бірлігін жоғалта бастаған халқының жоқшысына айналды. Дулат мұндай масқара жағдай ел басшыларының жағымпаздығынан, өз ойлап, халықты ұмытқандығынан болды деп, соларға катты шүйлікті. «Тегімді менің сұрасаң» – деген өлеңінде:

Аға сұлтан, қазының
Ел сілкінді ісінен.
Ауылдың атқа мінері –
Жемтікке қонған күшіген...
Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады.

Ұлығының бұйрығын алысымен, құйрығын борбайына қысып, безіп бара жатқан ит сияқты пысықтың күлкілі де жексұрын сұрқы оқырман (тыңдаушылар) көз алдына айқын елестейді. «Өзі елді қорқытып, одан өзі қорқатын» бейшараның қылығы кісі жиренетіндей.

Бұл тарихи шындыққа сай типтік бейне екендігін кейін 80-жылдары ұлы Абай күлкі еткен.

Қорытынды: Дулат Бабатйұлы халқы үшін қауіп батыстан , оның ішінде орыстан келетінін, сол қауіптің ел арасын бүлдіріп, жақсылық әкелмейтінін көрегендікпен жырларының арқауы еткен.

1 Дулат Бабатайұлы әлемі ілім,таным дүниесінің сабақтастығынан туған рухани үндестіктің мынадай сипаттарын даралап көрсетуге болады: біріншіден, дүниетаным, адамгершілік мұрат бірлігі;екіншіден, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді,заман тынысын нақты сезіну;үшіншіден, ой толғап отырған жайлардың ортақтығы;төртіншіден, поэтикалық табиғатының үндестігі (ойшылдық, суреткерлік қисын, афоризм, нақыл);

2 Ағартушының ғылым-білім туралы ой-пікірлерін саралай келе түйіндегеніміз: өзін-өзі танып білген адам басқалармен, өзін қоршаған табиғатпен ынтымақта үйлесімді өмір сүре алатыны; адам үнемі өзінің ішкі дүниесіне үңіліп жан дүниесінің жасырын жатқан қасиеттері мен дарынын ашу арқылы жетілетіндігі, үздіксіз білім алу адам дамуының қажетті алғышарты ретінде пайымдалды.

3 Ақын шығармаларында белсенді іс-әрекеттің иесі болу – жеке тұлға үшін ең басты қажеттілік екені; рухани білімалу барысында жүрек тазарып, көкірек көзі ашылып, оны имандылыққа жеткізетіндігі ,адам салауатты өмірге жақындау Арқылы тән мен жан саулығын реттей алатынын және жалпы адамзат үшін игілікті істерге бара алатыны жайлы қорытындылары жасалды.

4 Адамның тұтыну мәдениеті жайлы ой-пікірлері ағартушы тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды мәселе ретінде қажеттілікті , нені болсын тұтыну мәдениетін игеру керектігін насихат ете отырып, нысапшылдық, қанағатшылдық мәселелеріне баса мән бергенін пайымдадық.

5 Ақынның сөз өнері жайлы ой-пікірлерін түйіндей отырып, жеке адам өміріндегі маңыздылығы, адамның адам болып тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған рөлі; сөздің адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-тұқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы екенін мән берілген. Сөзді тегін дүние көріп, оңды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайтыны жайлы ақынның реалистік сыншылдықпен ашып көрсеткеніне көз жеткіздік .

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Дулат Бабатайұлының шығармашылығын қазіргі таңдағы ғылыми және адами көзқарастар тұрғысынан қарастыру. Оны бүкіл адамзаттық гуманизм қағидалары

мен имандылық , адамгершілік идеялармен үндестігін тығыз байланыстылықта саралау. Қазақ халқының тарихында қалған мұрасының алатын мән-маңызын ғылыми тұрғыда пайымдау.

Менің ұсынысым.

Мектептерде Республика көлемінде Дулат Бабатайұлының шығармашылығын тереңдетіп оқу, оған зерттеу жұмыстарын жасау. Дулат Бабатайұлының шығармаларын мектеп бағдарламасына кеңінен енгізу.

Қазақстандағы Дулат Бабатайұлының шығармаларын жаңадан зерттеу. Дулат шығармашылығы еліміз егемендік алғаннан бергі жерде оқу бағдарламаларына енгізіліп, мектеп пен жоғары оқу орындарында кеңінен оқып-үйретіле бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ Энциклопедиясы 560 бет

2 «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық». – Алматы: 2010 жыл, 223 бет.

3 Ақын-жыраулар кітабы -Алматы, 1979 ж. – 295 бет

4 М. Қашқари “Сөздік” кітабы 79-80 бет

5 “Дулат Бабатайұлы. Шығармалары” кітабы 156 бет.

«ҚҰСБЕГІЛІК» – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТӘН ДӘСТҮР

ШАНТЕКОВ С.
ученик 9 «А» класса, СОШ № 18, г. Павлодар
ИМАНГАЛИЕВА Б. К.
учитель казахского языка и литературы, СОШ № 18, г. Павлодар

Әр халықты өзгелерден ерекшелендіріп тұратын, өзіне ғана тән мәдениеті, өнері бар десек, тарихы тереңде жатқан қазақ халқының да ұлттық құндылықтары жетерлік. Соның ішінде, өскелең заманның өміршең талабына сай ұлттық спорттың бір түрі – саятшылық, қыран құс салу өнері. Оның ғылыми негізі тереңнен басталса да, теориялық тұрғыда зете зерделеніп, зерттелмесе, болашағы да бұлыңғыр болатыны сөзсіз. Алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдардың, айтулы мамандардың басын қосып отырған бүгінгі ғылыми-тәжірибелік кеңестің өткізілуі де осы мәселенің дер кезінде қолға алынуын қадағалау.

Тәуелсіз еліміздің көк Туында қанат қаққан киелі Қыран – ұлтымыздың мұқалмас рухы. Еркіндік белгісі. Бүркіт – биік мақсаттарға еркін қанат қағу нышаны, ерен қайрат иесі. Тәуелсіздік алып, қанатын қомдаған қазақ елінің әлемдік өркениет биігіне талмай ұмтылып, талассыз жетуін тілеген игі ниеті. Ендеше «қыран» ұғымы, «Құсбегілік» өнері бізге жат емес. Бабаларымыз бүгінге жеткізіп отырған бекзат өнерді еліміз тек қана өнер деп емес, ұрпақ денсаулығына, салауатты өмір салтын сақтауға, ел ертеңі үшін дені сау ұрпақ тәрбиелеуде басты құрал еткенін байқауға болады. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, отанымыздың ортақ игілігі жолында берекелі еңбекке тәрбиелеуге ат салысу – баршамыздың міндетіміз, азаматтық асыл ісіміз.

Менің бала кезден арманым – құсбегі болу. Қыран құстарды қолға үйретіп, ежелден келе жатқан ата дәстүрімізді жалғастыру. Құсбегі болу үшін құсбегілік өнерінің қыр-сырын меңгергім келеді. Сол себепті зерттеу тақырыбымды Құсбегілік өнері жайында алдым. Ежелден келе жатқан ұлттық өнеріміздің барлық қыр сырын бойыма сіңіріп, Қазақ халқының құсбегілерінің бірі болу – арманым.

Қыран құстармен таныстыру, жыртқыш құстардың табиғатқа тигізетін пайдасы туралы, құсбегінің қыран құстарды қалай баулитынын, құсбегіге қажет құралдар туралы түсіндіру. Қыран құстарды қорғауға, әсемділікке баулу. Қыран құстар туралы мол мағлұмат беру, дүние танымын кеңейту Құсбегіге қыранды баулу үшін қажетті құрал-саймандар.

Томаға. Бүркіт сән үшін томағаланбайды. Дұрыс үйретіп, баптап баулау үшін оның бала-шағаға, малға, итке, құсқа, қызылға ұмтыла бермеуі үшін және шап беріп ұстап алу қауіпінен сақтау үшін томағалайды. Сондықтан қолдағы бүркіт өз төңірегіндегі қызылды-жасылдан өз ортасынан азда болса бөлектелінеді. Бүркіттің екі көзін саңлаусыз жауып тұратын бас киімді құсбегілер «томаға» деп атаған. Томаға құстың басын қыспайтын, қажымайтын, басынан өздігінен түсіп қалмайтын етіп жасалады. Томағаны осы шарттарды толық білетін пішуге тігуге машықтанған томағашылар ғана тігеді. Томағаның олпы-солпы болмай, мінсіз шығуы үшін қалың былғарының тегіс жерінен үлгі салып, ойып алады. Пішуші шебер өз қалағанынша біртұтас немесе екі-үш бөлек кейде төрт бөлік етіп ояды да құрастырады. Тамақ баумен кейде бірге, кейде бөлек ойылады. Томаға шарттары бойынша әрі нәзік, әрі сұлу тігілген былғарының өзінен әдемі ою-өрнек шығарып, безендірілген томағаларды қазақ құсбегілері бір бестіден кем бағалаған емес.

Жезтұяқ. Бүркіт қасқыр, түлкіге түскен кездегі арпалыста абайсыздан саусағын жыртқыштардың аузына түсіріп алады да,

ызалы аң ауызына түскен саусақты қыршып тастайды. Бүркіттің осы кемтарлығын толықтыру мақсатымен шеберлер оған жезден немесе темірден тұяқ жасап кигізеді. Қолдан жасалған осы тұяқты құсбегілер «жезтұяқ» деп атаған. Жезтұяқтардың қозғалысы өз тұяғындай болмаса да аңды ұстағаннан кейінгі қысу қимылында кемтарлығы көп білінбейді.

Аяққап. Бүркіттің саусақтарын түлкі шайнап тастаудан сақтау үшін әр саусаққа жеке-жеке кигізілетін саусақ қапты құсбегілер «аяққап» деп атаған. Аяққап саусақтың үстін жабады, бауыры ашық болады. Бауырында екі жерден жіңішке таспамен жалғастырып қояды. Аяққап таутеке мен елік терілерінің иін қандыра жұмсартылған қалың ұлпасынан ғана жасалады.

Сүзу. Құс әуелегісі келгенде өз құйрығының көмегімен тар аяда айналып, тез көтеріледі. Тез қашықтағысы келсе екі қанатын тең қағып, самғай жөнеледі. Сондықтар құсбегілер әлі етене бауыр баспаған құстардың тіленіп, ұшқанда қашып кетпеуінен сақтанып, кейде қанатын, кейде құйрығын сүзіп қояды. Қанат, құйрықтың табиғи әрекетін тосу үшін, сыңар шалғының түбінен жеңішке жіппен қатырып тастайды. Қолдан жасалған осы кемтарлықты – сүзу деп атайды.

Балақ бау. (Білезік) құстың екі жіліншігіне (балағына) бірдей тағылатын бау. Мұны құстың аяқ бауы деп атайды.

Балақ баудың іші жұмсақ киіз сырты былғары немесе жұмсақ иленген қайыс. Киізбен қайыс қабатталып тігіледі. Ен 2 елідей, ұзыны жіліншікті бір орап түйіліседі. Түйіліскен екі үшін біріктіріп, шолық аяқ бау тағылады. Демек құс аяғынан әр жіліншігіне балақ бау мен шолақ аяқ бау екеуі бірдей тағылады.

Шолақ аяқ бау. Бүркіттің жіліншігіне тағылған балақ бауды – бау деп атағанымен онда қолға ұсталатын ештеңе жоқ, тұлдыр білезік. Ал қолға ұстау үшін балақ бауға жалғанған екінші бөлігін шолақ аяқ бау деп атайды. Шолақ аяқ бау құсты қолға қондырғанда, жем тартылғанда, әсіресе ат үстінде алып жүргенде құс аяғын еркін қозғалтуынағ құсбегілердің аяқ баудан ұстап отыруына мүммкіндік береді. Құс аңға ұшқанда да осы шолақ аяқ баумен кетеді. Құсқа қол аяғының байлауы екін ұдайы сездеретін де балақ бау мен шолақ аяқ бау. Өйткені бұл екі бау аяғынан мәңгі түспейді.

Шолақ аяқ баудың ұзындығы бір қарыс болады. Оны жұмсақ иленген теріден түлеп алады. немесе ішкі терісінің таспасынан өреді, ширатады. Шолақ аяқ баудың бірі ұшы балақ бауға бекітіледі. Ал екінші ұшында металлдан, не қайыстан жасалған шығырық болады.

Ірге бау. Бүркіттің аяқтарына тағылған балақ бауда, шолақ аяқ бауда аты бау болғанымен олар құсты байлауға келмейтін баулар. Құсбегілердің құсты бір орынға қондырып байлағысы келсе немесе бірер жағдайда аяқ бауды ұзартып ұстағысы келсе, шолақ аяқ баудан екі ұшындағы шығыршықтан құлаштай қайыс өткізіп ұзартады. Ол қайысты бірде күрмеп, бірде шешіп, жатудың қолайсыздығын білетін құсбегілер қайыстың бір басына тиек бекітеді. бір басында тиегі бар құлаштай қайысты қаласа тез суырып қалады, қаласа шығырықтан өткізе салады. Шолақ аяқ бауды ұзартуға арналған, бір басында тобыршығы бар осы қайысты құсбегілер ірге бау дейді.

Тобыршық. Ұзындығы бармақ елідей ағаш тиектің ортасы қыналып, ірге баудың бір ұшына тігіледі. Құсбегілер осы тиекті тобыршық деп атайды.

Шыжым. Жаңа үйретіліп жүрген құсты шырға тартып, баулығанда шолақ аяқ баудың ұшындағы шығырыққа ұзындығы бес, алты құлаштай жіңішке арқан жалғанады. Бұл арқанды түйе, ешкі жүнінен еседі. Құстың қашып кетпеуі үшін тағылатын осы арқанды құсбегілер шыжым деп атайды.

Биялай. Бүркітшінің оң қолына киетін қолғап. Бүркітті қолға қондырғанда алып жүргенде бүркіт тұяғы қолды зақымдамау үшін және бүркіттің де қолды мықты қысып, орнықты отыруы үшін лайықты жасалған. Оның іші киіз, сырты жұмсақ иленген тау ешкі, елік терісінің қалың мойнағынанн алынған қолғапты бас бармағы бар да, қалған төрт саусағы тұтас тұйықталған. Жеңінің сыртынан сұға салатын болғандықтан жеңі әрі кең, әрі ұзын жасалады.

Балдақ. Құстың үстінде алып жүруге арналған құстың салмағынан талмауы үшін оң қолдың білегін сүйеп, отыратын ашасында жұмсақ төсеніші бар тіреу. Төсеніші былғарыдан не қайыстан жасалады. Ол балдақ ашасының ішіне түсіп тұрады. Балдақ таяғының екінші басы бүлдіргелі, ердің қамшылар жақ алдындағы қапталындағы шөттікке бекітіледі.

Ат пен құйындата шапқанда балдақ көп толқымауы үшін балдақ таяғының орта шеңінен жеңішке қайыс бау өткізіп, ердің алдыңғы қасынан маңдайындағы бұжыралы шығырыққа байланады. Балдақ ағаштан не тау текенің мүйізінен жасалады.

Тұғыр. Құсты қондырып қоятын орын. Көшпелі тұрмысқа лайық жасалады. Тұғырдың ұзыны екі қарыс сынық сүйемдей. Көлденеңі сүйемдей жұмыр ағашқа үш не төрт талтақ сирақ бекітіледі. Биіктігі екі сүйемдей орнықты әрі жатаған келеді.

Жем саптыаяқ. Бүркітке жем беретін ыдыс. Оны кейде құс аяғы, жем тостағаны, құс саптыаяқ деп те атайды. Ағаштан ойып жасалады. Бұл ыдыстың сыйымы екі-үш литрден кем болмайды. Бір жағы құс тұмсықтау сопақ келеді. Бір жағында тұтамдай бабы болады. Сабына қайыс бүлдірге өткізіледі, ол байлап қоюға, салбурында қанжығалауға лайықталған.

Жем қалта. Аңға шыққанда құстың шақыру жемін салатын қалта. Тіленіп ұшқан құс кейде әр жағдаймен аңға түспей бір қиырға барып қонып қалады. Кейде құсты, аңды өзі қағып, өз алуға үйретілген бүркіттің иесінен шалғайлап ұшатын кездері де кездесіп тұрады. Осындай жағдайда құстың дереу қолға қондыру керек болса, жем қалтада алынып жүрген «қызылды» көрсету арқылы ғана шақырылады. Сондықтан жем қалтада қашанда қойдың таларсық еті, қояннның бөксесі, кекілік, үйрек әйтеуір шақыру үшін арналған қол басындай қызыл жем қалтада әр кезде де болғаны жөн. Құс аңшылығы көбіне қыс маусымында болатындықтан аязда «қызылдың» қатпауын еске алып, жем қалта киізден жасалады. Киіздің қыл қыбыры «қызылға» жұқпауы үшін қалтаның іші шүберекпен астарланған, әдемілік, сәнділік, талғамды да ескерген құсбегілер қалтаның сыртын оюлатып, зерлетеді. Жем қалта көлемі жағынан ұзын 25-30 ам, көлденеңі 20 сам мөлшерінде болады. Қалтаның бір жақ ішкі қырында түтік қыстыратын орын жасалған. Қалтада белбеуге ілетін бау бар.

Түтік. Бұл құстың ішіне су және басқа сұйықтық құюға арналып, әдейі жасалған аспап. Құсбегілер қалыңдығы саусақтай тал таяқшаны жарып, оның ішін ояды да қайта қапсырып, түтік жасайды. Ұзындығы 25-30 см. Түтікшені немесе ұзын сирек құстардың жіліншігінен пайдаланады. Түтік құстың көмейіне жүгіртілетін болғандықтан оның ұшы мен сырты өте майда, жып-жылтыр әрі жұп-жұмыр келеді.

Ырғақ. Түзден түскен асау құсты алғашқы аптығын басып, біршама ырыққа көндіруге арналған орнықсыз тұғыр. Ырғақтың түрі көп. Ал оның көбірек пайдаланылатын түрлерінің бірі – қажетіне қарай екі ұшын екі жағына шығара қалдырып, шумақталған арқан. Ұқыпты шумақталған арқанның екі жағындағы артық екі ұшін шумақтың екі басынан бір жергеп шалып, тартады да арнайы қағылған (құстың құйрығы жерге тимейтіндей) екі қазыққа немесе қолайлы деп тапқан орынға керіп байлайды. Егер арқанның орнына ағашты пайдаланғанда бүркіттің шеңгеліне толарлықтай таяқшаның (ұзындығы 4-5 қарыс) екі басынан жіп байлап, арқан ырғақ сияқты

оны да керіп тастайды. Бұл тәсілмен жасалған ырғақтар (тұғырлар) өте мазасыз қалтқы секілді қалтылдақ келеді.

Оңды-солды бұлтылдап ойнақшыған ырғақта отырған асау құс жығылып түсуден сескенеді де тұяғымен шеңгелден қармап, бойын ұдайы теңеп ұстауға тырысады. Құс ұйқыдан қалжырап жығылып түскен кезінде оны күндіз-түні аңдып отырған құсбегі дереу орнына қайта қондырып қояды. Осылай басталған мазасыз ырғақ күн озған сайын құсты ұйқыдан қылдырып, тез қажытып, қолға тез көндігеді.

Қоя. Ит пен құста болатын ішкі кінараттың бір түрі. Жыртқыш аң мен жыртқыш құстар өз қорегін қыл-қыбырмен қылғи салады да содан ішке дерт байланады. Іште жиналған осы ласты хайуанаттар өзін-өзі табиғи емделу жолымен алды-артының бірінен сыртқа шығарып тастайды. Соны қазақ тілінде қоя дейді. Құсбегілер бүркіт пен тазының қоясын қолдан тастатады. Ал қоя тастату үшін салынған не берілген заттың өзін де қоя деп атаған.

Қоя салу. Құсбегілер құс бабын жан-жақты іздегенде құстың жалпы қоңына еті мен майына, қауырсыны мен жүніне, мінез-құлқына, көңіл-күйі, ажарына, ертелі-кеш шабытына, ұйқысы мен қалғуына, дауыс-дыбысы мен шақыруына, қанат қағуы мен желпінуіне, айнуы мен шүйіліне, аңды алу мен басуына, жемге ашқарақтығы мен тоқмейілдігіне, тағы да басқаларына қарай құстың бабын бақылап біледі.

Мұндай күрделі жұмысты бақылаудың өзі өте қырағылықты, жалықпауды талап етеді. Құс бабына келген келмегенін, әбден бабына түскен түспегенін, егер құс бабына жетпеген болса, несі жетпей тұрғанын, бабы бұзылған болса неден бұзылғанын егжей-тегжейлі білудің сыртында бабын табудың ендігі шарасын іздеп табуды да білу керек. Мұндай сәттерде мол тәжірбиелі білгір құсбегідер ғана баб шарасын дөп айта алады. Ал осыған орай айтқында құстың кейбірін бабына келтірудегі көп істердің бір түрі – қоя салу.

Бүркіт қоясы.Құста болатын ішкі кінаратқа қарай бүркітке салатын қояның түрі көп. Төменде соның бірнешеуін атауға болады.

Киіз қоя. Бүркіт ішінде қыл-қыбыр бар деп шешіліп, құсқа қоя салғанда ол құсқанда өзіне көптеген қыл-қыбырды жабыстырып ала шықса, онда қоя өз міндетін орындағаны. Киіз қояның жебесі бір тұтам. Еттілігі бас бармақтай. Оны таза киізден жұмырлап тігіп жасайды да, сыртын әбден сыптығырлайды.

Тал қоя. Бүркіттің ішкі кінаратына қарай талдан да жасап салады. Тал қояның да ұзындығы бір тұтам, жуандығы бас

бармақтай. Бірақ тал қояның сыртын таза ақ шүберекпен орап, тігіп тастайды.

Сүйек қоя. Бүркіт іші майлы деп болжаған құсбегілер ол құсқа сүйек қоя жұтқызады. Сүйек қояның құсқа зияны көптеу. Сондықтан оны өте сирек және салмаса болмайды деген кезде пайдалана алады.

Бұл қояны жасағанда алдымен сүйекті отқа күйдіріп, оны үгітіп, ұсақтап таза ақ шүберекке жымырлап, үш-төрт қабат етіп орайды да тігеді. Оның да өлшемі жоғары да айтылған қоялар тәрізді.

Зерде. Кейде құс аңға түспей айнымалы бола берсе, оған зерде салады. Зерде дегеніміз, түйенің шуласына орап құсқа салған түз. Түз бен шула бүркітті дереу құстырады. Ішін айдайды. Бұл құстың ішін тазалаудың бір тәсілі.

Томыртқа. Құстың күнделікті бабына тән өлшеп берілетін жемнен сәл артық кетсе, құстың шабыт бабы дереу бұзылады. Ал сол күні бапты қайта қалпына келтіру үшін, уақытша болса да құсқа томартқа береді.

Томыртқа дегеніміз күртік қарды қолымен сығымдап, мұзға айналдыру. Бүркіттің әліне қарай осы мұз сықпадан бір екісін немесе бірнешеуін құсқа асатып жібереді. Кейде томыртқаға қант та бүркеді.

Мұсатір салу. Кейде құсбегілер бүркіт ішін мұсатір мен ғана тазалауды қосады. Мұсатір дегеніміз халық тұрмыста пайдаланып жүрген химиялық ерітінді. Содан белгілі мөлшерде суға салады да сол суды түтік арқылы құс аузына құяды.

Мұсатір құсты дереу құстырады. Ішін айдайды. Бүркіт ішін тазалаудың бұл да бір түрі. Жалпы алғанда бүркіт ішін тазартудың түрі аз емес. Бірақ мұның қай-қайсысы болса да құстағы кінаратқа және құстың күйіне қарай салынады.

Егер қоя, мұсатір, зерде, томыртқа сияқтылар дұрыс қолданылмаса, құстың бабын мүлдем бұзып жіберуі мүмкін. Мәселен еті өте ояң құстың қояны көтере алмауы да мүмкін. Ал өте семіз құсқа салған қоя оны «майын бөліп» жіберуі де мүмкін жәйт. Майы бөлінген құстың сол жылы бапқа келетіні де, келмейтіні де болады.

Сондықтан да қоя, зерде, мұсатір, томыртқаларды қай құсқа салу керек қай құсқа салмау керектігін ажырата білген жөн демекпіз. Құсқа қояны білгір сыншылар мен құсбегілер ғана бере алады. Бұл іске тәжірбиесіз адамдар қатыстырылмайды. Қояны өз мөлшерінде бермей құсты өлтіріп немесе мүгедек етіп алғандар да өмірде бар. Бұл іске өте сақ болғанымыз жөн. Есте мұқият сақтайтын бір жәйт

– тазалауға отырғызылатын құс қашан құлантаза бабына келгенше аңға салынбайды.

Халқымыз ежелден өзінің табиғатпен табыса алатын, тілдесе білетін қасиетімен танылған. Сондай табысудың бір түрі – жабайы құстарды, соның ішінде қырандарды баулып, баптай білу.

«Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданғалы бері қазақтың дәстүрлі саятшылық өнеріне көңіл бөліне бастады. «Қансонарда салатын бүркіт қайда, Құмай тазы, жүйрік ат жанға пайда» деп қиқулайтын ата-баба ісін жалғастырушылар қатары соңғы кезде көбейіп келе жатқандығы – қуанышты жайт.

Ел ішінде әлі де бар көнекөз қариялардың, осы өнерді ұмытпай жүрген адамдардың көмегімен, талап-тілегімен жастарды құсбегілікке баулитын «Жалайыр Шора» орталығының жұмыс істей бастағанына да ширек ғасыр уақыт өтіпті.

Осы ұлттық өнеріміздің жоғалып, көрінген көк аттының қолында кетпеуіне бір адамдай ат салысайық, – деп өз зерттеу жұмысымды қорытындылай келе мынадай

Ұсыныстарым

1 Мектеп оқулықтарына құсбегілік тақырыбында шығармалар, туындылар көбірек енгізілсе,

2 Ақын – жазушыларымыз құсбегілік өнерінің ғажайып сырларын паш етерліктей шығармалар жазса,

3 Мектептерде «құстар күні» аталып өтетіндей, ежелгі дәстүріміз құсбегілік, атбегілік өнері жайындада әдеби кештер, сайыстар көптеп өткізілсе,

4 Мектеп әкімшілігі, оқушылар мен «құсты қолына қондырған» құсбегі ағаларымызбен кездесу ұйымдастырса немесе жылына 1 рет қыран құстардың жыртқыш аңдарды қалай алатынын тамашалауға экскурсияға апарса, – бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Алаш айнасы» газеті

2 Қырандар [Мәтін] / Ж. Бабалықұлы, А. Тұрдыбаев. - Алматы : Жазушы, 2009.-224 б

3 http://www.otuken.kz

4 http://1referat.kz

5 http://massaget.kz

АБАЙДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИРИКАЛАРЫНДАҒЫ «ҰЛЫ ОЙЛАР» ТОПТАМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕБЕПТЕРІН АНЫҚТАУ

ШЕРИКБАЕВА Ш. А
10 сынып оқушысы, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.
МИРЗАЕВА И. М
мұғалім, М. Қашғари атындағы мектеп-лицей, Кентау қ.

Тақырыптың өзектілігі: қазақ әдебиетінде Абайдың лирикалық өлеңдерін топтарға бөліп қарастыру кең үрдіс алып келеді. Абай өлеңдерінің ішінде әлеуметтік тақырыпта жазылған өлеңдерінің орны бөлек екенінің сөз етілуі. Ғылыми жұмыс Абайдың әлеуметтік лирикаларында «улы ойлар» топтамасының сөз болуы мен оның әлеуметтік себептерін ашуға бағытталған.

Абайдың әлеуметтік лирикаларындағы «улы ойлар» топтамасының әлеуметтік себептерін анықтау.

«Абайдың әлеуметтік лирикаларындағы улы ойлар» топтамасының сөз етілуі. Абай лирикасында әлеуметтік тақырыпта жазылған өлеңдерін «у» ақынның трагедиялық ойларының түп темірқазығы екенін дәлелдеу.

Абай Құнанбайұлы өзінен бұрын өмір сүрген зар заман ақындарының ойын жалғастырушы ретінде әдебиеттен алатын орны ерекше.

Кезінде зар заман ақындарының бірі Д. Бабатайұлы да бұл тақырып төңірегінде терең ой толғаған болатын.

Дулаттың өмір сүрген уақыты қазақ халқы үшін ең киын заман болды. Сондықтан ол шаттық өлең емес, «зар заман» жырын тудырды. Оның жөнін ұлы жыраудың өзінен артық ешкім де айтып бере алмайды. Дулат өзінің «Ақындық туралы» тамаша толғауында «Сары алтынның буындай, тұманың тұнық суындай... сорғалаған нөсердей» жырын:

Қайырсыз, сараң байыңды,
Еріншек, есек жарыңды,
Халыққа емес сыймды,
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіргіш бегіңді
Улы тілмен улаттым.
Сана беріп ойына,
Қуат беріп бойына,
Аққан жасы сел болған,

Етегі толып көл болған,
Беріш боп шері байланған,
Ұйқы беріп, қайғы алған,

Қайғылыны уаттым... – деп сипаттайды. Дулат сол дәуірдегі өзінің ақындық мұратын – ел бүлдірушіні «улы тілмен улату», «қайғылы қалын елін уату» деп, әбден анықтап алған. Кемеңгер жыраудың бүкіл шығармашылығы осы екі арнаның тоғысуынан тұрады.

Абай шығармашылығын зерттей келе, оның Дулаттың айтқан ойларын өмірмен байланыстырып, ол да әлеуметтік лирикаларында «улы ойлар» топтамасы жайлы терең ой толғағандығын түсіндім.

Абайдың әлеуметтік лирикаларын сөз еткенде «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіне соқпай кету мүмкін емес.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың, – деген жолдарында, қазақ халқының бүкіл трагедиялық өмірі жатқандай. Ақынның жоғын жоқтап, мұңын мұңдап отырғаны «Қалың елі, қазағы». Оны «Қайран жұртым» деп бар жанымен ынтыға сүйген ақын, анық артта қалған қараңғы надандығын «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» деген сөзбен бейнелеп жеткізеді. Мұрттың ауызға түсіп, ішер асқа тиюі – ол харам. Мұны білген мұсылман неге мұртын қырқып, басып жүрмеске. Бірақ, ауызға түскен мұртты қырқатын ұстара жоқ. Мұртты қырқып басу үшін кім көрінгеннің қалтасында жүретін ұстараның, қазаққа табылмауы – қазақтың артта қалған надандығының белгісіндей.

Ал, жақсы менен жаманды айырмайтын оқуы жоқ сауатсыз, надан халықтың «бір ұрты май, бір ұрты қан» болатыны, яғни жақсылығы мен жамандығы бірдей жүретіндігі ежелден белгілі.

Абайдың ақындық ұлылығы сонда – ол бір шумақ өлеңге халықтың бүтін тарихын, бүкіл болмыс-бітімін сыйғызып тұр.

Міне, осындай тағдыры ауыр елді жарқын болашаққа жеткізетін ел басшылары емес пе еді?! Бірақ, олардан үміт аз. Тіптен жоққа тән.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінекей, бұзған жоқ па, елдің сиқын, – деген ақын, ел билеушілерінің елді меңгеріп, басқаруға жараймыз дегендерді білім, мінез, адамгершілік жағынан татымсыз, құнарсыз адамдар деп танытады. Өңкей қиқым. Қиқымда тамыр болмайды. Болса да таяз, жетімсіз. Өнім жоқ.

Таяз «қиқымдар» басқарған елдің трагедиясы әр уақытта терең болмақ. Халық мұңы – ақын Абайдың мұңы. «Қиқымдар» басқарған надан елде қандай болашақ болмақ? Халқының тарихи әлеуметтік жағдайын терең білген ақын:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың, – деп күңіренеді.

Абайға бодан болған елінің болашағы күңгірт еді. Елін еңбекке, өнер- білімге шақырған ақынның өзі де халқына анық күрес жолын, бостандық жолын мынау деп көрсете алмады. Халқы да қараңғы, надан болатын. Ресей империясының отарына айналып, болашағынан айырылған халқының мұңы өз мұңы болған ақын, заманының улы запыранын ішіне жиып, «Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,» – деп күңіренгенде, ақын болашақтан үміті үзілген сол кездегі бодан халқының трагедиясын айтып дерттенеді.

Халқының трагедиясы ақынның жеке жан азабына айналып,

Улы сия ащы тіл, – немесе:

Ішіп терең бойлаймын

Өткен күннің уларын, – болмаса:

Ашуың ашыған у, ойың кермек, – не:

Тағы сене бастаймын,

Күнде алдағыш қуларға,

Есім шығып қашпаймын,

Мен ішпеген у бар ма?, – деген секілді Абай поэзиясында «Улы ойлар» топтамасы басталады. Абай өлеңдерін байыппен оқыған оқушы, ақын өлеңдерінде «у» – дан аяқ алып жүре алмайды. «У» – ақынның трагедиялық ойларының түп темірқазығы секілді.

Ақын поэзиясындағы трагедиялық улы ойлар, – кейбір зерттеушілеріміз айтып жүргендей, көп наданның ортасында, қараңғы, мешеу қоғамда өмір сүрген білімдар, данышпан ақынның ой азабынан туған жалғыздық трагедиясының, өмірінің соңғы жылдарында жақындарынан айырылған ақынның жеке басының трагедиясына ұласуынан туды деп ойласақ, онда бір жақты саяз ойланғанымыз!

Бұл – Абай поэзиясын терең түсінбегеніміз болып табылады!

Егер біз Абай поэзиясындағы трагедиялық улы ойларды ақынның жеке басының трагедиясымен ғана байланыстырсақ, қателесіп адасамыз. Адасқанда да шығандап бір бүйірге бұрыс кетеміз.

Абай:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек.

Ашуың – ашыған у, ойың-кермек, – деп жазғанда 41 ғана жаста болатын және жеке басында ешқандай трагедия жоқ, дегені болып тұрған, басы аман, бауыры бүтін кезі.

Егер, біз Абайдың жеке өміріне жәй пенделік көзбен қарасақ, ол өте бақытты. Абай «Қарадан шығып хан болған» аға сұлтан Құнанбайдың бел баласы. Ол екі шешенің ортасында, әз әже Зеренің құшағында, халықтың рухани қазынасы халық ауыз әдебиеті нұсқаларына уызынан қанып ішіп, бақытты балалық шағын өткізді. Не ішемін? Не киемін? – демеді.

Кейін балалық асып, жігітшілік шаққа жеткенде де шайқап ішті, шалқып жүрді. Бір басындағы байлық пен билікті айтпағанда жігіттік дәуреннің қызығын молынан татты. Таңдап сүйіп, уылжыған сұлудың бал демін рахаттана жұтпаса, Абай:

Ер жігіт, таңдап тауып,

Еппен жүрсін, – деп айтар ма еді? Болмаса «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Көзімнің қарасы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Қызарып, сұрланып» секілді махаббат тақырыбындағы ғажайып лирикалық өлеңдерді жаза алар ма еді?

Ойда орысқа, қырда қазаққа дегені болған, Орта жүзге белгілі би, рубасы Абай, інілерінің ішінен қалағанын еліне болыс етіп сайлатып отырған. Абайдың тірі кезінде де, өлген соң да Совет өкіметі орнағанға дейін Құнанбай балаларынан билік кетпеген. Абайдың өз кіндігінен тараған балалары қандай! Шетінен оқымысты, талантты! Орыс оқуын бітірген офицер баласы Әбдрахманды айтпағанда елдегі талантты ақын балалары Ақылбай, Мағауия Тобықты елінде аузы дуалы би болса, Әйгерімнен туған жазушы- аудармашы баласы Тұрағұл совет өкіметі орнағанға дейін елінде болыс болған.

Замандас шәкірт ақыны Көкбайдың естелігіне қарағанда, Абай өмірінде ақша санап, ақшаның бетіне қарамаған. Абайдың бар ақшасы атқосшысының қалтасында болады екен. Керегін алған, белден басып жүрген. Атқосшысы ақша таусылды десе, қайтадан ақша тауып, қалтасына салып беріп отырған. Ақшаның есебін өмірінде сұрамаған. Абайдың аңшылық серілігі, оның қонақжайлылығы, жеке басының мәрттігі туралы аңыз осы күнге дейін халық арасында айтылады.

Міне, осылай өмір сүрген ақын Абайдың жеке өміріне жәй пенделік көзбен қарасақ, ол өте бақытты. Абай, «Өлсем орным қара жер» өлеңінде:

Ой түскелі тимеді ерік өзіме,

Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме, – деп жазбап па еді?

Өздігінен оқыған оқу-білімнің арқасында, ойшыл-философ дәрежесіне жеткен ақын Абайдың трагедиялық улы ойларының түп негізгі себебі-отаршылдық езгіден хұқы, діні, рухы тапталған, еңбекке, білім мен өнерге шақырған ақын өсиетін керек қылмай теріс кеткен, надан да қараңғы халқының орыс империясына бодан болып, орыстанып, қазақ халқының ұлт ретінде болашағынан айрылуы еді.

Білімдар, хакім Абай сол кездегі дүниежүзілік геосаяси жағдайды да, орыс өкіметінің отаршыл империялық саясатын да терең түсінді.

Сондықтан да ақын:

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолымнан кеткен соң енді өз ырқың, – дей отырып:
Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып, – деп зар төгіп, ызалана жазуында түпсіз терең ой жатқан жоқ па?!

Терең білім иесі, ұлт ұстазы хакім дәрежесіне көтерілген ақын Абай, «Қалық елім қазағым», «Біріңді қазақ бірің дос» деп жырласа да, тарихи диалектикалық тұрғыдан келгенде, ақын өмір сүрген сол кезеңде рулық-патриархалдық қоғамда өмір сүрген, ұлттық санадан гөрі рулық санасы басым әр түрлі рулардан құралған қазақ халқы тұтас бір ұлт дәрежесіне көтеріле қойған жоқ еді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқын алғаш рет, ең бірінші болып, «Қалың елім қазағым», – деп атай отырып, саналы түрде қазақ халқына тұтас бір ұлт ретінде қараған тұңғыш ұлт ақыны Абай болғанын біз ұмытпауымыз керек.

Сол дәуірде, қазақ халқына тұтас бір ұлт ретінде қарау керек деген сапалы ой Абайдан өзге қазақ ақындарына орала қоймаған кез. Өзіне дейінгі рулық санадағы ақындардан Абайдың ең негізгі басты айырмашылығы сол, ол қазақ халқына тұтас бір ұлт ретінде қарады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап күрт алға басқан ағартушылық ой сананың өрістеуі Абай арқылы қазақ поэзиясына азаматтық ой толғанысты әкелген талантты ақын жазушылардың бірі Шәкәрім Құдайберді болатын. Шәкәрім де ұлы ұстаз ұстаған осы бағытты дамытты. Шәкәрім сыршыл поэзия арқылы адамдық болмысты тануға ұмтылған азаматтық ірі мақсаттың бірі – ұлтының бойына бөле болып жабысқан осы бір жағымсыз қасиеттерден арылту.

Ақын адамның ішкі әлемінің күрделілігі және құндылығын ішкі сапа мәселелерімен бірлестіре көрсетеді:

Дұрыс деме құры ойлап,
Ақылға сынат, сабыр қыл.
Жығылмайтын дәлел тап,
Бірезу болма өзімшіл.

Мініңді тапса кім сынап,
Аяғына бар, жығыл.
«Қап, бәлем» деп кекті ұнап,
Сақтай көрме ойға зіл.

Осындағы «бірезу», «кекті» болу сынды жағымсыз ұғымдар арқылы, аз сөзге көп мағына сыйғыза білген. Адам мінезіне қатысты әртүрлі бейнелі образдарды ақын шығармаларынан көптеп кездестіруге болады:

Сөз, мінезі құбылса,
Ар, иманы жоқ деп біл.
Аулақта жемтік сыдырса,
Оны ойыңмен айуан қыл.

Дұспанға да бол әділ,
Түсірме ойға тат пен ніл.
Ұмытпа болсаң біздің ұл,
Осы өлеңді құлаққа іл.

Бірінші шумақта сөз бен мінездің құбылуын арсыздықпен, имансыздыққа балаған ақын, арсыз, имансыз жандарды айуанға теңейді. Досың түгіл, дұспаныңа әділ болу керектігін үлгі тұтқан ақын оқырманына өз өсиетін көркем жеткізе білген. Бұл – қазақ поэзиясындағы өсиет өлеңдердің жаңаша түрге енуі.

Шәкәрім шығармашылығында адамгершілік, ізгілік мәселелері халқымыздың ғасырлар бойы келе жатқан ұлттық құндылықтарымызбен тамырластықта алынып, көркемдік-эстетикалық мәні мен өлең өрнегіндегі өзіндік үні айқын айшықталады.

БАУЫРЖАН ЖАҚЫПТЫҢ ӨМІРІМЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ШРАХМЕТОВ Б. Е.
5 сынып оқушысы, «№ 32 ЖОББМ» КММ, Семей қ.
ИСКАКОВА М. Т.
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, «№ 32 ЖОББМ» КММ, Семей қ.

Ақын, ғалым, филология ғылымдарының докторы – Жақып Бауыржан Өміржанұлы 1963 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында Аққора ауылында дүниеге келген. Қаз МУ-ді (қазіргі Қаз МҰУ) бітірген. Қазақ теледидарында, «Жалын» баспасында қызмет еткен жылдары ақынның «Жұлдызды шақ» (1987 ж.) «Ақ лақ» (1997 ж.) жыр жинақтары жарық көрген. 1986 жылдан КазҰУ-де оқытушы, аға оқытушы, 1992 жылдан деканның орынбасары, 1995 жылдан кафедра меңгерушісі, 2001 жылдан декан қызметтерін атқарады. 1997 жылы «М. Әуезов-публицист» ғылыми зерттеу кітабы жарық көрген. 1996 жылы жарық көрген «Айдындағы аспан» жыр жинағында Бауыржанның лирикалық өлеңдері мен сюжетті балладалары, сондай-ақ, «Жан дауысы» атты өзгеше формада жазылған поэмасы енгізілген. Ал ақынның 2004 жылы жарық көрген «Уақыт ұршығы» атты жыр жинағында кейінгі жылдар бедерінде жазған өлеңдері, балладалары мен поэмалары енгізілген. Бауыржан Жақып 1984 жылы «Жігер» фестивалінің, 1990 жылы Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының, 1998 жылы Қазақстан журналистер одағының сыйлығын, 1998 жылы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанған.

Бауыржан Жақып-ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор, республикаға танымал ақын Бауыржан Жақыптың «Публицистикалық шығармашылық негіздері» деп аталған оқулығы 2007 жылы «Қазақ унивеситеті» баспасынан шықты. Оқулық төрт бөлімнен тұрады. Б. Жақыптың ғылыми жетекшілігімен 20 кандидаттық дисертация қорғалды. Бауыржан Жақып творчестволық жастардың «Жігер фестивалінің лауреаты (1984), «Дарын мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1999), 2004 жылы Бакуде өткен Бүкіл Түрік дүниесі ақындарының 11-ші «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің лауреаты. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігінің «Мәдениет қайраткері» құрметті атағымен марапатталған. (2006) Түркияда Елазығ шаһарында өткен әйгілі жазушы Ш. Айтыматовқа арналған бүкіл түрік дүниесі ақындарының 15–ші «Хазар шеир ақшамдары» фестивалінің дипломанты (2007) Македонияның Скопье, Косованың Приштина қалаларында өткен Бүкіл түрік дүниесі ақындары фестивалінің лауреаты (2007) «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының жеңімпазы (2009). Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Тақырыптың өзектілігі: бұл жобада жергілікті ақын Бауыржан Жақыптың өмірі мен шығармашылығын зерттей отырып, оның халыққа белгісіз болып келген нағыз суреткерге тән шынайлығын, өзіне тән даралық сипатын ашу, көтерген тақырыптың өміршендігін дәлелдеу.

Тақырыптың мақсаты: Ақын Бауыржан Жақыптың бұрын соңды зерттелмеген шығармаларын зерттеп, оның суреткерлік шеберлігін, көтерген тақырыптың өміршеңдігін, шығармаларының шынайлығын танытқымыз келді. Өз елінде ғана емес, бүкіл түрік дүниесіне танымал көрнекті ақын екендігін дәлелдеу.

Бұл жұмыста ақын шығармаларына талдау жасалынып, авторға тән даралық қасиетін ашу, өлеңдерін зерттеу, насихаттау.

Зерттеу жұмысының дерек көздері:

Ақынның «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» және «Публицисикалық шығармашылық негіздері» кітабын З. Қабдолов «Сөз өнері» кітабын оқыдым. Сонымен қатар ақынның кітабын басшылыққа алдым.

Жақып шығармаларындағы кейіпкердің ұлттық сипаты мен ерекшеленген мінез бітімі, оның тек қана қазақ халқына тән ерекшеліктерін танытатын қасиеті өз алдына салмақты орын алады. Ақын. Гогольдің: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбылыстай сезініп, толғанғанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін»,-деп айтқанындай шығармаларында қазақ халқының дүние танымын, психологиясын, әдет ғұрыптарын т.б қасиетін айырықша сезіне отырып жырлайды. Жақып жырлары дала иісіне, қазақ иісіне құмарынды қандырарлықтай. Лирикалық өлеңдерін оқып отырып қымыздың дәмін татқандай боласың.

Ақын балалық шағына сапар шегеді, алыс-алыс армандарына ат басын шалдырады [1].

Көз алдымызда Қасқабұлақ қасқайып ағып жатыр.
Қойтасқа қойды өргізіп,
Қой бүлдіргенді тергізіп,
Қою шай ішкен кездер-ай,
Қайқаңдап атты желгізіп.

Бұл кәдімгі барлық «қара домалақ» бала білетін, барлық ауылда өскен қара бала жүрген жол. Туған жердің тікені табанына талай қалдырып, қолымен суырып алынған, яғни тікен тағдыры мен ақын тағдырына тікелей байланыс бар. Ауылда өскен әр баланың жанына сурет, көңілінде қалып қойған көріністен ақын батыл байлам жасайды.

«Домбыра» өлеңдерінде ақын кәдімгі қара домбыраға «Пернелеріне үн толытып», «Дауларды шескізіп тастады», «Ғасыр сырын сақтатып», «кең байтақ жерді қорғатады», «Серілер мен салдарға еріткізіп», «Үкісін үлпілдетіп, жыр еткізеді», «жігіт боп қызға сөз айтқызып», «аттың шабысын қондыра» келе:

Азаттық күнін күткен домбыра,
Қазаққа ғана біткен домбыра! – деп қасиет тұтады.

Бауыржан Жақып шығармаларында ерекше орын алатын, терең идеялы, салмақты проблемалы туындысының бірі-«Жан дауысы» поэмасының тақырыбы-ядролық жарылыстан зардап шеккен табиғат мұңы. Әсем табиғаттың ядролық жарылыстар әсерінен тозып, құрып кетуі ақын жанын күйзеліске ұшыратпай қала алмайды. Поэманың эпиграфынан-ақ бұл шығарманың салмағы байқалатындай. Эпиграф ретінде ақын алдымен Абайдың

«Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзі
Көрінбей жердің топырағы

Құлпырған жасыл жер жүзі» деген өлең шумағын алған. Мұнан соң Қасым Аманжоловтың «Хан, Орда, Дегелең мен Құндызды, Арқат дейтін жер-шіркін көңіл құмар тартқан», – деген жолдарын да эпиграф ретінде пайдаланған. Абай сұлу өлке табиғатын Қасым жолдарымен атын атап толықтырды да, сол Абай, Қасымдар жырлаған сұлу, бүгінгі күнде аянышты халдегі өлкенің төл перзенті Төлеужан Ысмаилов ақынның

«Армысың жырлаған атақоныс – Абыралы,
Басыңнан бағың қайда жамырады», – деген өлең жолдары мен шебер үйлесім табады [2].

Поема «Дегелең тауының зары», «1949 Тамыздың жиырма тоғызы», «Құраған тоғайдың соңғы сөзі, «Боз даланың қасіреті», «Тартылған өзеннің мұңы», «Желдің жоқтауы», «Ей, адам!» деген бірнеше бөлімдерден тұрады. Шығармадағы оқиға-дала суретінен басталады:

Құлпырған құлан жазық, құмай белің,
Шыңғыстау, Абыралы шырайлы едің.

«Сол шағың қайда кеткен бастан ұшып,
Сол шағың қайда кеткен?» – сұрайды елің. Ақын киелі туған жердің күл болып кеткен сұлу табиғатын іздеп

Туған жер тек өзіңсің-шын ұлылық,
Сен тұрсың бәрінен мұңын ұғып,
Қараймын келер күндер тізбегіне,
Шұрқырап көкірегімде құлын-үміт, – дейді.

Ендігі жерде ақын «бұрын гүл таққан төсін» бүгінде қайғы басып, мұң таппаған», «тозған жер, тозған өлке, сырқат дала» болып толғанады:

Жазығың бұрынғыдай гүл тақпаған
Төсіңді қайғы басып, мұң таппаған,
Менде енді өзің болып толғанайын
Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам [3].

Шығарманың идеясы-табиғат тірі екендігін, оның жанды екені, оны аялау керектігін айқындайды. Ақын шығармасының шебер құрылған композициясында шығарма идеясы мұң-шерге табиғат сөзі мен ашылады. «Дегелең тауының зары» бөлімінде «Сарыарқа перзенті-қарт Дегелең тауы» ұлдары –шоқыларын, қыздары қарағайларын, немересі жақпар тасын жоқтайды. «Құраған тоғай», «боз дала», тартылған өлең мұңы» оқиғаны шарықтау шегіне жеткізеді. «Құраған тоғайдың соңғы сөзі» бөлімінде «Сарғалдақ» селосынан күнбатысқа қарай, Шаған өзенін бойлай өскен бұрынғы қалың жыныс тоғай тұтасымен қуарып қалған, ал бір кездегі Құсақ өзенінің маңайын құлпыртқан ну шілікерден белгі де қамалған табиғаттың зары суреттеледі:

Тұла бойым-күрт өзгерген,
Тоғаймын мен қуарып қалған.
Оянушы ем бір кезде,
Жапырақтарым шулап таңнан.

Осы зұлматтың бәрін адамдардың өз қолымен жасағанына күйінішін де ақын табиғат тілімен білдіреді:

Қарғыс айтам адамдарға,
Қурай-қурай көрге кірсем,
Сонау өткен замандарда,
Туған жерге әр беруші ем [4].

Ақын «Боз даланың қасіреті» бөлімінде туған табиғаттың жан түршігерлік мүшкіл халінің өте ауыр жағдайда екенін оқырманға анық түсіндіруге мүкіндік береді:

Мен-боз даламын!
Жылайын десем жасым жоқ,
Тарайын десем шашым жоқ
Әлдекімдердің қолымен
Көкірегімде басылды от.

Адамдар қолымен көлдері тартылып, құраған шөлге айналған, «Атом итке таланып» амалы құрыған боз дала аяушылық сезімді Күннен, Жұлдыз бен Айдан күтеді:

Туғаннан бері қабаған,
Атом-ит мен талаған.
Күн айтшы, жұлдыз, Ай атшы.
Сау жерім бар ма жарадын?

Аллитерация құбылысының көмегімен жасалған мына өлең жолдарында боз даланың аянышты халі айқындала түседі.

Сұп-сұрмын, тағдыр тонаған,
Сұсымды көрсін бар адам:
Сұр селеу, сұр ши, сұр көде,
Қан жоқ, сөл жоқ қарағаң.

Ал «Тартылған өзеннің мұңы» өзгеге құрылған біріңғай үйқаспен беріледі:

Құдайға жылап, табындым:
«Қайтар,-деп,-титтей жұрнағын қуатты ағынның!»
Бітеліп қалған көздері ашылар ма еді
Мені тұс-тұстан демейтін бұлақтарымның.

«Жайқалған жасыл тоғайын, естілмей кеткен жапырақ сыбдырын, шөлін қандырғысы келетін елігін, шаттанған шағала шаңқылын» сағынған өзен «өткен дәуренін есіне алады»:

Мен бір жоғалсам мәңгілік бір болмайтынымды
Түсінбей жүрген ғалымдар несіне ғалым?!-деп күрсінеді.

Бауыржан Жақыптың шығармашылығын зерттей келе төмендегі ұсыныстарды келтіреміз:

– Бауыржан Жақып шығармашылығы ғалымдар тарапынан жүйелі түрде зерттелсе;

– Тиісті орындар Бауыражанның өлеңдерін жеткілікті тиражбен томдап шығарса;

– Ақынның шығармаларын мектеп программаларына енгізуді қарастырса:

Туған жерінің төсінде дүниеге келген жергілікті талант иелерін тани білмеу-азаматтық арыңа үлкен сын.

Туған жерім!
Қымбат сенің әр кешің, қымбат таңың,
Тал бесікке тәнімді құндақтадың,
Сен деп соққан жүректе көп сыр жатыр,

Тауыса алмай келемін жырлап бәрін, – деп Бауыржан ағамыз жырлағандай, туған елінің, жерінің тарихын білу, ақын-жазушыларын дәріптеу-жастардың мойынында деп ойлаймын.

МАЗМҰНЫ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ректоры, с.ғ.д., А. Өрсариевтің алғы сөзі 3

2 Секция. Қазақ филологиясы
2 Секция. Казахская филология

Абдумаликов Ф. М., Шарипова Г. Б.
Қазақ тіліндегі сиыр малына қатысты тұрақты
сөз тіркестерінің қолданылуы 5
Абишева А., Ниязбекова Г. М.
М. Әлімбаевтың шығармашылығы 10
Абишева К., Абдуллаева Қ. М.
Қазақ жұмбақтарының жанрлық сипаты 17
Айтмухамбетова А., Тұрғанбек А., Копеев А. Ж.
«Көшбасшы» ұғымының тарихи-концептуалдық сипаты 23
Ақтас А., Көшербаева М. С.
Жергілікті ақын Самат Мәнәнұлының поэзиясының
бастау бұлақтары мен әдеби көркемдік жолы 28
Алгужинова А., Рахметова Л. Б.
Мағжан Жұмабаевтың маржан жырларының құдіреті 36
Алина М., Баяганова Г. А.
Қазақ мифологиясындағы «бөрі» символикасы 43
Алтаева А. А., Амирсана Г. Б., Курманбаева Ж. К., Мақсұтова А. М.
Мақал-мәтелдер – ұлттың рухани құндылығы 51
Амангелді Б., Бекқызы З., Шакарман А Қ., Теміржанова М. Ә.
Шәкәрім өлеңдерінде қозғалатын рухани-адамгершілік қағидалар 58
Амренова А., Мусатаева А.
Абай – қазақ поэзиясының асқар биігі 67
Аубакирова А. Қ.
Шыңғыс Айтматов шынайы талант иесі 73
Ауталипова Д. Қ., Аушенова С. Қ.
Абай танымындағы адамгершілік концептісі 76
Байзакова А., Теміржанова М. Ә.
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы
рухани-адамгершілік мәселесі 82
Батрачина А., Жакупова Г. М., Имангалиева Б. К.
Қазақ халқының жан-жануарлардың жәндіктердің құбылыстарына
байланысты ауа райын болжауы 87
Бектемірқызы Д.
Мұхтар Шаханов поэмаларының мәні 91
Бергенева А. А., Теміржанова М. Ә.
Абай Құнанбаев шығармаларының қазіргі жастарға әсер етуі 97

Биарстанова А., Аманбаева А.
Ақылы – асыл, аты – аңызға айналған ақын – Дулат 101
Бокенов Д. Р., Хасен А. А.
Сұлтанмахмұт Торайғыров – көрнекті қазақ демократ-ақыны 106
Болат Д. Е., Шалбай Т. А., Бакбаева З. С.
Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларындағы
діни-ағартушылық сарын 109
Деккер И., Қабасова М. М.
Талқан және ұлттық тіл танымы 114
Елемесова А. Д., Кушербаева Г. П.
Ғаламтордағы қазақ тілінің жағдайы 120
Ерболатқызы Б., Шаймерденова Ә.
М. Жұмабаев, Бернияз Күлеев лирикаларындағы символизм 126
Әбдіқами Қ., Жәлімбетова И.
Көркем туындылардағы «Асандар көтерілісінің» тәрбиелік мәні 133
Жағыпарова Ж. С., Оразғалиева А. С., Қадырова Е. Қ.,
Қонысбекова Қ. Қ.
Қазақ баспасөздерінің тәуелсіздік жолындағы қызметі 140
Жакупов С., Зейноллаев Е.
Сәбит Дөнентаев – қазақ ақыны 146
Жансакбаева А., Қанат І.
Жаһандану және қазақ менталитеті 151
Жаркумбаева А. Е., Дюсембаев Д. А.
Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы 157
Жармуханова К. А., Кайдарова С. Е.
Қазақ ертегілерінің ерекшелігі 160
Жеңісбек Ә., Қайрат А.
Кірме сөздердің стильдік қыры 168
Жәнібек Л., Амангелді Д., Мұхаметжанова Р. Ж.
Ұлттық құндылық шежіресі – әдебиет әлемінің көркемдік өрнегі 174
Жолдаспаева Д., Егінбай А. Қ.
Қазақ поэзиясындағы заман шындығының суреттелуі 178
Жұмажан Н. М.
2050-стратегиясы Латын Әліпбиі - болашақтың - ұлт болып шешілетін
негізі... 183
Зинлқобиден Т., Муликов Е.
Жыраулар шығармашылығындағы «жұрт» пен «заман» концептілері ..193
Изюмская Ж. С., Мұхаметжанова Р. Ж.
І. Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы
прецеденттік есімдердің қолданысы 197
Иманқұл А., Жакиенова К. К.
Физикалық терминдер 203
Искакова А. К., Кульмаганбетова Р. А.
Үш тұғырлы тілдің дамуы – елдігіміз бен бірлігіміздің тірегі 207

Искакова Д., Тайман І., Джакипова М. А.
Күн тәртібіне байланысты оқушылардың үлгерімін зерттеу 214
Кадирханов Э. Э., Пазилова Д. С.
Тұрақты тіркестердегі төрт түлік мал атауының
этнолингвистикалық сипаты 221
Карашашева Б., Мусаипова Г. К.
М. Әлімбаев шығармаларындағы туған жер тақырыбы 225
Ким К. А., Слямбекова К. С.
Ертіс-Баян өңірінің әдебиетшілері 230
Көкен Б.
Қазақ ертегілеріндегі халық даналығы 236
Ксембай М., Әденова Б. О.
М. Жұмабаевтың ақындық шеберлігі 244
Кузкенова А.
Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі 249
Кулышева А. С., Уныйбаева Ә. Ж.
Аманжол Шамкеновтің аударма шеберлігі 252
Куспекова Д., Шыныкулова К. А.
Төлеген Айбергенов жырларындағы тілдік ерекшелік 258
Қадырбаева Ғ. М.
Мұқағали «Қап-қара, ғажап, сиқырлы...» өлеңіндегі қара түстің
көркемдік ерекшелігі 265
Қайрулла Н. Б., Жантемиров Ғ. Қ.
Санақ пен табалдырыққа байланысты қалыптасқан
ырымдар мен тыйымдар 269
Құттыбаева А., Абдуллаева Қ. М.
Қ. Кемеңгерұлы әңгімелеріндегі теңеулердің стильдік қызметі 275
Қыдырбаева К., Абдуллаева Қ. М.
Ы. Алтынсарин әңгімелерінің тәрбиелік мәні 280
Мағзұм М. Қ., Жұмабекова Р. Т.
І. Жансүгіров поэзиясындағы етістік тұлғаларының
көркемдік сипаты 285
Маженова З., Аулабаева Г. Ж., Какеева С. Т.
Мағжан Жұмабаев «От», «Мен кім?» өлеңдеріндегі ақындық «мен» 290
Манапова А., Мукина А.
Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармашылығы 296
Мержакыпова А., Сүлейменова Д., Асанбаева Е. Б.
Қазақ тіліндегі тыйым сөздердің танымдық мәні 301
Мотовильник А., Мусалинова С. Р.
Қазіргі кезде қазақ тілінің рөлі 306
Неъматова Б., Шарипова Г.
Қазақ тіліндегі сиыр малына қатысты тұрақты сөз тіркестерінің
қолданылуы 310

Нурсагатова А. М., Ондабаева А. Е., Акимжанова Г. Б., Далбина Ж. Қ.
Мен де бір Абайдың ұшқынымын (Мерғали Ибраевтың өмірі
мен шығармашылығының оқушылардың бойында ұлтжандылық
құндылықтарды қалыптастырудағы маңызы) 314
Нуртазина Б.
Халық ертегілерінің бала дүниетанымын қалыптастырудың маңызы 319
Нүркенова Ә. С., Жантемиров Ғ. Қ.
Сын есімнің жасалу ерекшелігі 327
Оразбекқызы М., Каиргелді А. Е., Бакбаева З. С.
Мұхтар Шаханов лирикасының көркемдік шеберлігі 332
Оразханова А. М., Иманқалиева Ә. Б.
Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама оқиғасына
байланысты тілдік қолданыстардың лингвотарихи негізі 340
Өміртай Д., Әуесбаева Х.
Аңызға толы ақиқат 345
Рамазан Ж. А., Жумагулова А. Қ., Калиева А. С.
Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Бұқар жырау
шығармаларының мәтіндемесі 351
Рамазанова Д. Т.
Тәуелсіз елім – тірегім 358
Ротемерь, Мусалимова С. Ж.
І. Жансүгіров поэзиясындағы сөз-символдар 361
Сайлау Д., Кенжебекова Б. М.
Қаныш Сәтбаевтың «Едіге» жырын жазудағы тарихы 365
Салиханов У. И.
Абайдың қара сөздерінде бала тәрбиесі 375
Самсенова А., Кабдылкаримова К.
Есең Ермембет бидің бидің шығармашылығы 379
Сапарбек И., Елемесова Г. Н.
С. Елубаев әңгімелерінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері 386
Саримова А., Карканова Н. Ж.
Қан мен тер романындағы кейіпкер характерін
ашудағы автор қолданған тәсілдер 394
Сарсен Ж., Абдрахманова Г. С.
Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы 399
Сейдильдаева Л. М., Мусаева Д.
Қоғам және тіл 404
Серіков Ә., Алибаева З.
Шәкәрімнің философиялық өлеңдері 409
Сәрсенбаева А. А.
Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі Желтоқсан тақырыбы 414
Смаилова Д. С., Ахметова Қ. Т.
Ертегі поэмалардағы фольклорлық сюжеттер мен мотивтер 421

Суйндик И. Р., Зейнулина А. Ф.
Алаш қайраткерлерінің қазақ тілі біліміне қосқан үлесі 425
Суннатуллаева Ш. И., Асаева Б. В.
Етістікті фразеологизмдердің тақырыптық-мағыналық топтары 432
Темірболат Е. Ә., Анварбек Р. Р.
Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қазақ халқының фольклоры 437
Темірғалиева А., Кушербаева Г. П.
Ұялшақтықтың тілді меңгерудегі кедергісі 442
Тлектес А. Д., Жумабекова А. С.
М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы сөйлеу түрлері 447
Тлен А., Тлен С.
Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы халық ауыз әдебиеті
мұралары мен шешендік өнердің жиналуы 452
Төлеулы Ғ.
Жеті атасын білмеген жетімдіктің атасы 459
Утепова С.
Мұқағали Мақатаев – поэзия тұлпары 466
Хасенова Д. О., Жанжигитова А. М.
Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы бейнешілдік 473
Хасенова Ә., Темірханова А.
Қазақ тіліндегі бейвербалды синонимдер 480
Чайзатова П. Ж.
Сұлтанмахмұт Торайғырұлы шығармаларындағы азаматтық лирика ..484
Шакенова К.
Елдік пен еркіндік жаршысы, дуалы ауызды Дулат ақын.
(Дулат Бабатайұлының 215 жылдығына) 492
Шантеков С., Имангалиева Б. К.
«Құсбегілік» – қазақ халқына тән дәстүр 496
Шерикбаева Ш. А., Мирзаева И. М.
Абайдың әлеуметтік лирикаларындағы «Ұлы ойлар»
топтамасының әлеуметтік себептерін анықтау 504
Шрахметов Б. Е., Искакова М. Т.
Бауыржан Жақыптың өмірімен шығармашылығы 510

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XVII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

2 ТОМ

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаеваа
Корректорлар: Б. Б. Ракишева, А. Р. Омарова
Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы
Басуға 31.03.2017 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 × 42 1/4. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 30,0. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 2974

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.